

Тақуалардың бақтары Хадистер жинағы

كازاخي > қазақ тілі – Kazakh –<



имам Мухйиддин ан-Науауи



Орыс тіліне Владимир Абдуллаһ НИРША
аударған «Сады праведных» кітабынан, қазақ
тіліне аударылған нұсқасы.

«Науан Хазрет» атындағы орталық мешіт,
Көкшетау қаласы.

Эл. нұсқасы: Islamic.kz

رياض الصالحين



محي الدين النووي



ترجمة: ترجم من اللغة العربية إلى اللغة الروسية

عبدالله نيرشا

ترجمة: من اللغة الروسية إلى اللغة الكازاخية الجامع


المركزي "حضرة نوان" في مدينة كوكشيپاو

مراجعة: الجامع المركزي "حضرة نوان" في مدينة

كوكشيپاو

Islamic.kz النسخة الإلكترونية :

ՄԱԿՅԱՂԱՐԳՆԵՄ ԾԱԿՄԱՐՆԸ



имам Мухйиддин ан-Науауи

Қамқор, Мейірімді Аллаһтың атымен!

Барлық мақтау Өзінен басқа сыйынуға лайықты Құдай болмаған, Аллаһ Тағалаға ғана тән! Соңғы Пайғамбар Мухаммадқа, оның жанұясы мен туған туысқандарына және оның сахабаларына, Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Имам ан-Науауидің «Тақуалардың бақтары» (арабша, «Рийад ас-салихин») атты хадистер жинағы, мұсылмандар арасында көп танымал, әрі сүйікті кітап болып табылады. Бұның таң қаларлық ештеңесі жоқ. Өйткені, біріншіден бұл кітап, Ислам әлемінде Құраннан кейін екінші орында тұратын Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннеті жайлы болса, екіншіден бұл кітапты жазған адам, мұсылмандар арасында абыройымен және тақуалығымен сүйіктісі болған, өзінің өмірін Исламға қызмет етуге арнаған ғалым болып тұр.

Бұл кітаптың мәнділігін айтсақ, Пайғамбар Мухаммадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Сүннетінің мәнін айтқан боламыз. Хадистерден құралатын Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетінен аз

болса да хабардар болмай, Ислам дінін және осы діндегі адамдарды түсіну мүмкін емес. Сонымен мұсылмандар үшін Сүннетті білу, міндет болып табылады.

Ал енді осы кітап жайлы ан-Науауидің өзі былай деген:

Бұл кітапты жазғанда, мен тек сенімді және белгілі мұхаддистердің шығармаларынан алынған хадистердің жиынтығын жасағым келді. Ал ол хадистердің мән-мағынасы оқырманды, мәңгілік өмірдің рахатына жетелейтін, сондай-ақ оған дінді жан дүниесімен ұстана алатын жолды көрсететін, сондай-ақ адамға қорқыныш пен үміт ұялататын, сондай-ақ адамның жанын пәктік пен көркем мінезділікке тәрбиелейтін, сондай-ақ адамның жүрегін кеселдерден емдеп, бүкіл қисықтықты түзететін және де білім іздеушінің басқа да талпынатын нәрселері туралы болса деп қаладым.

Егер бұл кітап, жазылып бітсе, Онда бұны дұрыс көңіл бөліп оқыған әр адамды, бұл кітап игілікке жетелейді және оны барлық пасықтық пен жамандықтан ұстайды, ал мен осы кітапты оқып өзіне пайда алған әр-бір мұсылман бауырымнан, Аллаһтан мен үшін, менің ата-анам үшін, менің ұстаздарым үшін, басқа да өзіміз жақсы көретін адамдар үшін, сондай-ақ бүкіл мұсылмандар үшін Аллаһтан (Оның жәннәтін) сұрап (және Оның тозағынан құтқаруын сұрап) дұға етуін өтінемін. Жомарт Аллаһқа артынамын және оған өзімнің ісімді тапсырамын, маған Аллаһ жеткілікті, ол Керемет Қамқоршы және Ұлы Аллаһ Тағаланың күш-қуатына жететін ешқандай күш-қуат жоқ!

Құрметті оқырман! Сіздің қолыңыздағы кітапша, сол ан-Науауидің «Рийад ас-салихин» кітабінің, орыс тіліне Владимир Абдуллаһ НИРША аударған «Сады праведных» кітабынан, қазақ тіліне аударылған нұсқасы. Кітаптағы Құран аяттарының аудармасында, Халифа Алтайдың Құранды арабшадан қазақшаға аударған «Құран Кәрим қазақша мағына және түсінігі», атты еңбегі қолданылды. Осы кітапты кез-келген түрде басып шығаруға, көбейтуге, материалдарын қолдануға, сатуға, тегін таратуға толығымен рұқсат беріледі.

Құдіретті Ұлы Аллаһ Тағаладан, Оның көркем есімдерімен және Оның ұлы сипаттарымен бұл еңбегімізді тек Оның жолына ғана арналуын және осы кітапты оқыған немесе жарық көруіне себепші болған кісілерге, бұл кітаптың осы дүниеде де, мәңгілік дүниеде де пайдалы болуын сұраймыз.

Пайғамбарға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Аллаһқа сансыз мақтаулар!

**«Науан Хазрет» атындағы орталық мешіт,
Көкшетау қаласы.**

islamic.kz

Камқор, Мейірімді Аллаһтың атымен!

1 ТАРАУ

**Құпия болсын, жария болсын - әрдайым
және кез келген уақытта, барлық амалында**

**және сөзінде адал (ықыласты) болу және
ізгі ниетті ұстану жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар; ғибадатты, нағыз Аллаһқа шынайы ынтымақпен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы тұп-тура дін» **«Бәйіна» сүресі, 5 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаһқа үлгермейді (жетпейді) Бірақ сендердің тақуалықтарың үлгереді (жетеді).» **«Хажж» сүресі, 37 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мухаммад,) оларға: "Көңілдеріңде бір нәрсені жасырсаңдар Аллаһ оны біледі. Әрі Аллаһтың барлық нәрсеге толық күші жетуші", - де» **«Аль-Имран» сүресі, 29 аят**

1. Хабар бойынша, діндарлардың басшысы (халифа) Омар бин аль Хаттаб¹ оған Аллаһтың

¹ Толық есімі - Омар бин аль Хаттаб бин Нуфайл бин Абд-аль Узза бин Рийах бин Абдуллаһ бин бин Курт бин Раззақ бин Ади Ибн Қаъб, бин Луайй бин Галиб аль-Кураши аль-Адауи

ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шын мәнінде, әр амалдың ниетімен байланысы бар, шындығында адамға бұйыратыны, (сол амалдан) тек қана қалаған ниеті. Егер адамның көші² Аллаһ және Аллаһтың елшісі үшін болса, онда ол Аллаһқа және Аллаһтың елшісіне көшеді, ал оның қалағаны дүние рахаты не болмаса бір әйелге үйлену мақсатында болса, онда сол көштің мақсатына көшеді. **аль-Бухари, Муслим**

2. Хабар бойынша, мұсылмандардың анасы, Умм Абдаллаһ Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

(Бірде) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Қағбаға қарай жасақ аттанады, олар жердің шөлді жеріне жеткенде, жер оларды біріншісінен соңғысына дейін (бәрін) жұтады". Мен: "Я Аллаһтың елшісі, қалайша жер олардың бәрін жұтады, олардың арасында, жәй оларға қатысы жоқ адамдар да болады емес пе?", - деп

² Алғашында мұсылмандар, Мекке кәпірлерінің қысымшылығынан, өздерінің дінін сақтап қалу үшін, Мәдине қаласына көшеді. Сол көшті хижра, деп атайды.

сұрадым. Ол: "Олар біріншісінен соңғысына дейін (бәрі) жұтылады, ал сосын қайта тірілгенде, оларға ниеттеріне қарай тиістісі беріледі", - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

3. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Жеңістен³ кейін көшудің (хижраның) керегі жоқ, бірақ ізгі ниет және Жихадқа⁴ қатысудың міндеті тоқтаған жоқ, егер сендерді (оған) шақырса, онда оған асығыңдар."

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл дегеніміз, Мекке төңірегі Ислам тараған мекен болғандықтан, одан көшудің қажеттілігі тоқтаған.

4. Хабар бойынша, Абу Абдаллаһ Жабір бин Абдаллаһ аль-Ансари, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге қатысқан бір жорықта, ол былай деді: "Шын мәнінде, сендер қай жолмен жүрсеңдер де, қандай қырдан ассаңдар

³ 630 жылдың 12-қаңтарында мұсылмандардың Меккені алуы.

⁴ Жихад – дін жолындағы соғыс.

да, Мединалықтардың арасында ауырып жорыққа шыға алмағандар, бәрібір сендермен бірге болды.

Бұл хадистің басқа хабарында оның былай деп айтқаны келтіріледі:

"...әрдайым сендермен бірге сауабты бөлісіп отырды". **Муслим.**

Аль-Бухаридің Анастан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген хабарында, оның былай деп айтқаны келтіріледі:

Біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук соғысынан қайтып келе жатқанымызда, былай деді: "Шындығында, біздің артымызда, Мединада орынды себептермен қалған адамдар бар, бірақта олар біз қайсы бір таулы жолмен жүрсек те, қай бір қырдан ассақ та олар бізбен бірге болды⁵.

5. Хабар бойынша, өзінің әкесі және атасы өзі сияқты сахаба болған, Абу Йазид Маън бин Йазид бин аль-Ахнас, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

⁵ Бұл хадистің мағынасы, артта қалған Мединеліктер ізгі ниетте, яғни мүмкіншілігі болса соғысқа қатысу ниетінде болғандықтары үшін, оларға соғысқа қатысқандардың сауабы жазылған, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана - **аударушыдан.**

Бірде менің әкем Йазид, садақа тарату ниетімен, қалтасынан бірнеше динар алып, мешіттің қасындағы адамның (ол оны мұқтаждарға берсін, деп) жанына қойып кетті. Сосын ол жерге мен келдім де, ол ақшаны алып⁶ әкеме әкеліп бердім. Ол: "Аллаһтың атымен ант етемін, мен ол ақшаны саған беру үшін қойған жоқпын!", - деді. Бұдан кейін мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, біздің дауымызға төреші болуын сұрадым. Ол: "Я Йазид, - саған сенің тапқың келген ниетің, ал саған – сенің алғаның, я Маън", - деді. **Аль-Бухари.**

6. Хабар бойынша, жәннәт жайлы қуанышты хабар естіген онның бірі, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Абу Исхақ бин Абу Ваккас Малик бин Ухайб бин Абд Манаф Ибн Зухра бин Қиляб бин Мурра бин Қаъб бин Лууайй аль-Кураши аз-Зухри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

"Қоштасу қажылығы болған жылы, мен қатты ауырып, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған көңіл айтып келгенде, мен одан: "Шындығында, мені мына аурудың қандай жағадайға жеткізгенін, сен көріп

⁶ Сол адамның келісімімен.

тұрсың! Мен баймын, менің қызымнан басқа еш мұрагерлерім жоқ, сондықтан мен байлығымның үштен екі бөлігін кедейлерге таратсам болады ма?”, - деп сұрадым. Ол: “Жоқ”, - деді. Мен: “Ал жартысын ше, я Аллаһтың елшісі?”, - дедім. Ол: “Жоқ”, - деді. Мен: “Үштен бірін ше?”, - деп сұрадым. Ол: “Үштен бірін, бірақ үштен бірі де көп болады, шындығында, саған мұрагерлеріңді дүниесіз, адамдарға мұқтаж етіп қалдырғаныңнан, оларды бай етіп қалдырғаның жақсы. Шындығында, сен Аллаһ жолында жаратқаныңның барлығы үшін сауаб табасың, керек десең, әйеліңнің аузына салған асың үшін де сауаб бар”, - деді. Сонда мен: “Я Аллаһтың елшісі, мені менің жолдастарым осы жерден кеткеннен кейін мұнда қалдырады ма?”¹, - деп, сұрадым. Ол: “Сені бұл жерде ешқашан қалдырмайды. Сен қайбір сауабты амал жасасаң, ол сені әлбетте жоғарылатады. Бәлкім сен арқылы біреу жақсылық табу үшін және сен арқылы біреу соққы алу үшін, әлі көп өмір сүресің². Иә Аллаһ, менің сахабаларымның көшін аяқта³ және оларды шегінуге мұқтаж еткізбе! Иә бейшара, Саъд бин Хауля!”, - деп,

¹ Саъд басқаша айтқанда, Меккеде өлмеймін бе?, - деп сұрап жатыр.

² Осыдан кейін Саъид расында қырық жыл шамасында өмір сүрді.

³ Аллаһтан сахабаларын Меккеге қайтармауын сұрап жатыр.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол адамның Меккеде өлгеніне өкініштерін білдіріп жатты. **Аль-Бухари, Муслим.**

7. Хабар бойынша, Абу Хурайра Абд Ар-Рахман бин Сахр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шындығында, Аллаһ Тағала сендердің денелеріңе, не сырт көріністеріңе қарамайды, бірақ Ол сендердің жүректеріңе қарайды. **Муслим.**

8. Хабар бойынша, Абу Муса Абдуллаһ бин Каис аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “мыналардың қайсысы Аллаһтың жолымен жүрген болады: оның батырлығы жайлы айтуы үшін шайқасушы ма, әлде ашу-ыза ықпалымен шайқасушы ма, не болмаса көрер көзге шайқасушы ма?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жауап берді: "Кім

Аллаһтың сөзі жоғары болу үшін шайқасса, сол Аллаһтың жолында соғысқан болады." **Аль-Бухари, Муслим.**

9. Хабар бойынша, Абу Бакр Нуфайъ бин аль-Харис ас-Сакафи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Егер екі мұсылман қылыштарын айқастырып соғысса, онда өлген де, өлтірген де тозақта болады". Мен: "(Тозаққа) өлтірген түссе әділ болады, ал өлген неліктен түседі?!", - деп сұрадым. Ол: "Өлген де өзінің жолдасын өлтірмекші болған жоқ па", - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

10. Хабар бойынша, Абу Хурайра Абд Ар-Рахман бин Сахр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамның жамағатпен оқыған намазы, үйінде, не базарда оқыған намазынан жиырма дәреже жоғары. Өйткені мұсылмандардың кез келгені, дұрыстап дәрет алса, ал одан кейін мешітке тек қана намаз оқу ниетімен ғана, одан

басқа ешбір ниетпен келмеген болса, онда ол мешітке кіргенге дейінгі әр қадамы үшін міндетті түрде бір дәреже көтеріледі және одан кішігірім бір күнәдан түсіп отырады. Ол мешітке кіргеннен кейін, егер де ол онда тек қана намаз үшін қалса, онда ол сол жердегі болған барлық уақытында намаз үстінде болған есептеледі⁷¹, және періштелер, намаз орнында болған кез-келгенің үшін былай: "Иә Аллаһ оған рахым көрсет, иә Аллаһ, кешір оны, иә Аллаһ оның тәубесін қабыл ал!", - деп жалбарынады және бұл жағдай, ол үшін, сол жерде ешкімді ренжітпегенше және дәреті бұзлмағанша жалғасады. **Аль-Бухари, Муслим.**

11. Хабар бойынша, АбулАббас Абдуллаһ бин Аббас бин Абд аль-Мутталлиб, ол екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің Тәңірі Мәртебелі Аллаһ Тағаланың сөздерінен, былай деп айтқанын жеткізген:

Шындығында, Аллаһ Тағала жаман және жақсы амалдарды жазып, оны түсіндірді²: "Кімде-кім, бір жақсы амал орындамақшы болса

¹ Ол кісі намаз оқымаса да, намаз күткені үшін.

² Періштелерге түсіндірді.

(ниеттенсе), бірақ оны орындамаса (орындай алмаса), Мәртебелі Аллаһ Тағала Өзінде (ол адамға, сол амалды орындағанындай) толық бір амалдың сауабын жазады. Егер адам жақсы амалды орындамақшы болып, оны орындаса, Аллаһ Өзінде ол адам үшін, оннан жеті жүзге дейін, және одан да көп жақсы амалдың сауабын жазады. Егер адам бір жаман іс жасамақшы болып, бірақ оны жасамаса³, Аллаһ Өзінде ол адам үшін толық бір жақсы амалдың сауабын жазады. Егер адам бір жаман іс жасамақшы болып, оны орындаса, Аллаһ (ол адамға) бір күнә жазады." **Аль-Бухари, Муслим.**

12. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Абдуллаһ бин Умар бин аль-Хаттаб, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Бір кездері сіздерге дейін өмір сүрген үш адам жолға шығып, түнемекке бір үңгірге тоқтайды. Олар сол үңгірге кіргенде таудан бір үлкен тас құлап, үңгірдің шығар тесігі жабылып қалады. Сонда олар: "Шындығында, бұл тастан

³ Яғни, райынан қайтса.

бізді, Аллаһ Тағалаға жақсы амалдарымызды айтып, жалбарыну ғана құтқара алады⁴", - десті.

Одан кейін, олардың бірі былай деді: "Я Аллаһ, менің қартайған ата-аналарым болды, мен кешке оларға сүт бермейінше, не үй ішіндегілерге, не құлдарға сүт бермейтінмін. Бірде мен ағаштарды⁵ іздеп жүріп үйден алысқа кетіп қалыппын, ал сосын үйге қайтып келсем, олар ұйықтап жатыр екен. Мен сүт сауып болған соң, олардың ұйықтап жатқанын көріп, оларды оятқым келмеді, және де олардан бұрын үй іші мен құлдарға да сүт бергім келмеді. Сонымен мен таң атқанша олардың оянғанын қолымдағы ыдыспен күтіп тұрдым. Сол уақыт бойы аяғымның жанында балаларым қарындары ашып жылап жатты. Сосын менің ата-анам оянып өздерінің кешкілік ішетіндерін ішті. Иә Аллаһ, егер осының бәрін мен Сенің ризалығың үшін істеген болсам, бізді осы тастың кесірінен болған жайымыздан құтқар!" Осыдан кейін тас орнынан кішкене қозғалды, бірақ олардың өтуіне әлі де орын босамады.

Басқасы былай деді: "Иә Аллаһ, менің адамдардың ішінен бәрінен де артық жақсы

⁴ Тек Аллаһ ризалығы үшін жасалған амалдар жайлы айтылып жатыр.

⁵ Малға азық іздеп

көретін (ғашық болған) бөле қарындасым болды..."

Бұл хадистің басқа нұсқасында оның былай деп айтқаны хабарланады:

"...еркектер әйелдерді қалай жақсы көреді, мен де оны сондай қатты жақсы көретінмін және қалайтынмын, бірақ ол маған қарсылық көрсететін. Бұл жағдай құрғақшылық жылы келгенше болды. (Сол жылы) ол маған келген кезде, мен оған менің еркіме көнуі үшін, жүз жиырма динар бердім. Сонымен ол менің дегеніме көнетін болды; ал мен болсам онымен жақындасуға мүмкіншілік алдым..."

Бұл хадистің басқа нұсқасында оның былай деп айтқаны хабарланады:

"... мен оның екі аяғының ортасына отырғанымда, ол: "Аллаһтан қорық, хақысыз бұл пердені бұзба", - деді. Сол кезде мен оны қанша бәрінен де артық сүйсем де, берген алтынымды қалдырып, оған тиіспей кетіп қалдым. Иә Аллаһ, егер мен осыны, сенің ризалығыңды табу үшін істеген болсам, онда бізді қазіргі душар болған жағдайымыздан құтқар!" Осыдан кейін тас тағы да орнынан кішкене қозғалды, бірақ әлі де олардың өтуіне орын босамады.

Үшіншісі былай деді: "Иә Аллаһ, шындығында, мен жұмыскерлерді жұмысқа жалдап, олардан өзі қалдырып кеткен біреуінен басқасының бәріне еңбек ақыларын төледім. Ал мен болсам алмағанның ақшасын пайдаланып оны көбейттім. Сосын күндердің күнінде ол маған келіп: "Иә Аллаһтың құлы, менің ақымды бер", - деді. Сонда мен оған: "Сенің ақың мына көріп тұрған бүкіл түйе, сиыр, қой және құлдар", - дедім. Ол болса: «Сен менімен қалжыңдама, иә Аллаһтың құлы!», - деді. Мен: «Мен саған қалжыңдап тұрған жоқпын», - дедім. Содан соң ол маған ешнәрсе қалдырмай, соның бәрін алып, айдап кетті. Иә Аллаһ, егер мен осыны, Сенің ризалығыңды табу үшін істеген болсам, онда бізді қазіргі душар болған жағдайымыздан құтқар!" Содан кейін тас, олар өте алатындай қашықтықта орнынан жылжып, олар сыртқа шығып кетті. **Аль-Бухари, Муслим.**

2 ТАРАУ

Тәубе жайлы.

Ислам ғұламалары әр-бір жасалған күнәға тәубе келтіру керек, деген. Егерде жасалған

күнә тек қана Аллаһ Тағаланың алдында ғана болып, ол күнәсінен басқа адамдар зардап шекпесе, онда тәубе мына үш жағдайды қанағаттандыруы керек:

біріншіден, адам ондай күнә жасаудан бас тартуы керек;

екіншіден, сол жасаған күнәсі үшін өкінуі керек;

үшіншіден, ондай күнәні ендігәрі қайталамауға бекем бел байлауы керек.

Егер тәубеге келуде, осы жоғарыда айтылған шарттардың бірі орындалмаса онда тәубе қабыл болмайды.

Егер жасалған күнәдан, басқа бір адам зардап шеккен болса, онда тәубеге келу, төртінші жағдайды қанағаттандыру керек.

Төртіншісі, ол зардап шеккен адамның алдында айыбын жууы. Күнә ұрланған, не болмаса тартып алынған және осыларға ұқсас түрде хақысыз алынғын ақша, не басқа да бағалы заттармен қатысы болса, онда ақысыз алынған дүние, зардап шеккен адамға қайтарылуы тиісті. Ал егер де жағдай жала жабу, не болмаса басқа, барлық Құранға және Сүннетке байланысты жазаға тартылуға тиісті күнәләр жайлы болса, онда айыпкер өзін, өз

еркімен жазаға беруі керек, не болмаса зардап шеккен адамнан кешірім сұрауы керек. Ал егер күнә, біреудің артынан ғайбаттау жайлы болса, онда айыпкер сол адамнан, сондай сөздер айтуға рұқсат алуы тиісті¹. Үлкен-кішісіне қарамай барлық жасалған күнә үшін таубе жасалуы керек. Егер адам жасалған күнәлерінің бір бөлігіне ғана таубе келтірсе, онда Пайғамбарымыздың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетімен жүрушілердің ойынша, қабыл деп есептелінеді². Дегенмен ол күнәлерінің басқа қалған бөлігі үшін де таубе келтіруі тиісті, неге десеңіз таубеге келудің міндеттілігіне, Құран мен Сүннет және ғұламалардың ойы дәлел.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Әй мүминдер, түгел Аллаһқа таубе қылыңдар! Әрине құтыласыңдар.» **«Нұр» сүресі, 31 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

¹ Яғни, егер ол адам сондай айыпқа сәйкес келетін болса, онда оған сыртынан оның айыбын айтып жүргенін хабарлауы тиісті, ал бәрін білуші бір Аллаһ – **аударушыдан.**

² Әрине, сол таубеге келген күнәлерінің бөлігі үшін – **аударушыдан.**

«Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Сонан соң оған тәубе етіңдер....» **«Һұд» сүресі, 3 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Аллаһқа шынайы тәубе қылыңдар...» **«Тахрим» сүресі, 8 аят.**

13. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: "Аллаһтың атымен ант етемін, мен Аллаһтан күніне жетпістен астам рет кешірім сұраймын³ және тәубеге келемін" **Аль-Бухари.**

14. Хабар бойынша, аль-Агарр бин Йасир аль-Музани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Иә адамдар, Аллаһқа тәубе келтіріңдер және Одан кешірім

³ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күнә жасаудан Аллаһтың құдіретімен қорғалған. Ол кешірім сұрағанда, күнәсі үшін емес, өзінің құлшылығын Аллаһ алдында жеткіліксіз және толық емес деп санап, кешірім сұраған.

сұрандар, мен болсам, Аллаһқа күніне жүз рет тәубе келтіремін." **Муслим.**

15. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызметшісі Абу Хамза Анас бин Малик аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

«Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Расында, Аллаһ, Өзінің құлының тәубесіне, сендердің, шөлде жоғалтқан түйесін кенеттен тапқан, кез келегеніңнен де артық қуанады"» **Аль-Бухари,**
Муслим.

Муслимнің нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

«Сендерден біреу, шөл далада мініп келе жатқан, үстіне бүкіл тамағы және суы бар түйесі жұлынып қашып кетіп, ол оны табуға үміті үзіліп, бір талдың көлеңкесіне келіп жатты. Сондай жағдайда жатқанда кенеттен, оның түйесі, жоғалтқан бүкіл азығымен жанынан табылады, сонда ол түйесінің жібінен ұстап: "Иә Аллаһ, Сен – менің құлымсың, ал мен – сенің Тәңіріңмін!", - деп қуанғанынан бүкілін қалай

шатастырып алғанын білмей қалған құл, қалай қуанса, шындығында, Аллаһ Өзінің құлының тәубесіне одан да артық қуанады.»

16. Хабар бойынша, Абу Муса Абдулла бин Кайс аль-Ашъри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала, күндіз қай бір жамандық жасағанның тәубесін қабыл алу үшін, оған түнде Өзінің қолын созады. Ал түнде қай бір жамандық жасағанның тәубесін қабыл алу үшін, оған күндіз Өзінің қолын созады². Және бұл, күн бататын жағынан шықпайынша жалғасады³ **Муслим.**

17. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

«Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Аллаһ, күн,

² Бұл дегені, Аллаһ Тағала кез келген уақытта тәубені қабыл алуға дайын.

³ Бұл дегені, Аллаһ Тағала тәубені Қиямет басталғанша қабылдайды.

бататын жағынан шыққанша тәубеге келіп үлгергеннің, тәубесін қабыл алады”. **Муслим.**

18. Хабар бойынша, Абу абд ар-Рахман Абдуллаһ бин Омар бин аль-Хаттаб, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Мәртебелі Аллаһ Тағала Өзінің құлының тәубесін, ол өлер алдындағы соңғы қырылы шыққанша қабылдайды. **Бұл хадисті жеткізуші ат-Тирмизи бұны «Жақсы хадис», деген.**

19. Хабар бойынша, Зурр бин Хубайш былай деді:

«Бірде, мен аяқ киімге⁴ масих тарту жайлы сұрайын, деп Саффан бин Ассалға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келдім. Ол: "Сені алып келген не, иә Зарр?" -, деп сұрады. Мен: "Білімге деген талпыныс" – дедім. Ол: "Шындығында, өздерінің ризашылығын білдіру үшін періштелер, білім іздегендерге сол

⁴ Бұл қонышы қызыл асықты жауып тұратын былғарыдан тігілген (мәсі), не болмаса басқа бір кездемеден (материалдан) тігілген аяқ киім (хуфф) жайлы айтылып тұр.

іздегендері үшін, қанаттарын тигізеді!", - деді. Одан кейін мен: "Мені, үлкен дәрет пен кіші дәретті сындырғаннан кейінгі, масих тарту жайлы сұрақ, тыным бермей жүр, сен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларының бірі болдың ғой, сондықтан мен сенен осы туралы бір нәрсе естідің бе, деп сұрағалы келдім?", - дедім. Ол: "Иә, егер біз сапарда болған болсақ, ол бізге, аяқ киімді үш күн ішінде тек қана жүніп¹ болған жағдайда ғана шешу керектігін, ал қалған жағдайда, яғни үлкен және кіші дәрет сындырғанда және ұйқыдан кейін шешудің керегі жоқтығын², айтқан", - деді. Одан кейін мен: "Сен оның сүйіспеншілік жайлы айтқанын естідің бе?", - деп сұрадым. Ол: «Иә, бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарда болғанда, оған бір бәдәуи келіп: "Иә Мухаммад!", - деп дауыстады. Аллаһтың елшісі де, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған қатты дауыспен: "Мен мұндамын", - деп жауап берді. Мен: "Аллаһ саған рахым етсін, сен Аллаһтың елшісінің

¹ Бұл ер кісі мен әйел кісінің төсектегі қарым-қатынасынан кейін, не әйел адамының етек кірі біткеннен кейін, не әйел кісі босанғаннан кейін және т.б. осы сияқтылардан кейін ғұсыл құйынуды (яғни толық жуынуды) қажет ететін жағдай.

² Яғни, сапарда үш күн ішінде аяқ киімді (мәсіні) шешпей масих тартып, дәрет алуға болады.

алдында тұрған жоқсың ба, даусыңды бәсеңдет, саған олай сөйлеуге тыйым салынады", - дедім. Бірақ ол: "Аллаһтың атымен ант етемін, мен ақырын сәлемеймін!", - деді де, ол бәдәуи Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: "Адам бұл адамдарды жақсы көреді, бірақ әлі оларға қосылған жоқ³". Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "Қайта тірілетін күні ол адам, жақсы көрген адамдарымен бірге тіріледі", - деді».

Зурр бин Хубайш сөзін былай жалғастырды:

"Сосын ол сөзін, батыстағы енін аттылы қырық жыл, не жетпіс жыл шауып өтетін қақпалар жайлы айтқанша жалғастырды."

Бұл хадисті жеткізушілерінің бірі, Суфйан былай деді:

"Бұл қақпалар Шам бағытында (яғни батыста). Аллаһ Тағала оларды, көк пен жерді жаратқан кезде-ақ, тәубелерді қабыл алу үшін ашық қылап жаратқан, және олар сол жақтан (яғни батыстан) күн шықпайынша жабылмайды"». **Ат-Тирмизи және басқа да**

³ Бәдәуи өзінің Пайғамбар мен оның сахабаларын жақсы көретіндігін, бірақ олар сияқты әлі исламның парыздарын орындамайтындағын айтып меңзеп тұр.

мухаддистердің риуаяты бойынша. Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы әрі сенімді хадис», деген.

20. Хабар бойынша, Абу Саъид Саъда бин Малик бин Синана аль Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Сендерге дейін өмір сүрген адамадардың ішінен, тоқсан тоғыз адамды өлтірген біреу, жер бетіндегі ең білгір адамды іздепті. Оған Исрайл ұрпақтарынан бір машайық (монах) туралы айтыпты. Сонда ол, оған келіп, мен тоқсан тоғыз адамды өлтірдім, енді менің тәубеге келуімнен пайда бар ма?, - деп сұрапты. Ол (машайық) оған: "Жоқ", - деп жауап берген кезде, ол оны өлтіріп, өлтірген адамдарының санын жүзге жеткізіпті. Сосын ол тағы да жер бетінде білгір адамды іздепті. Сонда оған бір білгір адамды көрсетіпті. Ол онымен кездесіп, оған өзінің жүз адам өлтіргенін айтып, енді маған тәубеге келудің пайдасы бар ма?, - деп сұрағанда, ол оған: "Иә. Тәубеге келушіге, кім тәубеге келуіне кедергі жасай алады? Осындай да осындай жерге бар, сол жерде Аллаһ Тағалаға құлшылық етушілер тұрады, солармен бірге

Аллаһқа құлшылық ет те, одан кейін өзіңнің жеріңе қайта оралушы болма, бұл жерде залымдық жасалып жатыр", - деп айтыпты. Сонымен ол сол жерге аттанады, бірақ жарты жолда ол баратын жеріне жете алмай ол қаза табады. Сол себепті мейірім періштелері мен қинау періштелері өзара тартыса бастайды. Мейірім періштелері: "Ол Аллаһ Тағалаға жүрегімен тәубе етуге келе жатты", - дейді. Ал қинау періштелері: "Шындығында, ол өмірінде бірде-бір ізгілік (жақсылық) жасамаған", - дейді. Сол кезде оларға адам кейіпінде бір періште келіп, оны олар өздерінің тартысына төреші етіп тағайындайды. Ол оларға: "Екі жердің¹ арасын өлшендер, ол қай жағына жақын болса сол жердіңкі болып табылады", - дейді. Екі жақты өлшеп қарағанда, оның бара жатқан жағының жақын екені анықталып, оны² мейірім періштелері өздерімен алып кетеді.» **Аль-Бухари, Муслим.**

Муслимнің "Сахихындағы" бұл хадистің басқа хабарында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

¹ Шыққан жері мен бара жатқан жерінің

² Яғни, оның жанын – аударушыдан.

«Ол тақуалардың тұратын жеріне бір қарыс жақын болғандықтан оны сонда тұратындардың қатарына қосады».

Аль-Бухаридің "Сахихындағы" бұл хадистің басқа хабарында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Сонда Аллаһ Тағала жердің бір бөлігінің ұзаруына, ал екінші бөлігінің кемуіне әмір берді де: "Екі жақтың ара-қашықтығын өлшеңдер", - деді. Сонда олар оның бұл жағының³ қарысқа қысқа екендігін анықтап, оның бүкіл күнәләрі кешірілді».

Муслимнің "Сахихындағы" бұл хадистің тағы бір хабарында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«...ол жүрегімен соған⁴ тырмысты»

21. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Қаъб бин Малик, Қъабтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, көзі көрмей қалғанда оған жетекші болған баласы, ол әкесінің Табук жорығына пайғамбармен, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,

³ Яғни, тәубеге бара жатқан жолы.

⁴ Яғни, тәубеге

бармай Мединада қалғаны жайлы әңгімесінде былай дейді:

Қаъб айтты:

«Мен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қатысқан Табуктан басқа бірде бір жорықты қалдырған емеспін. Дегенмен, мен Бадр⁵ соғысына қатысқан жоқпын, бірақта ол жорыққа Пайғамбар басқа мұсылмандармен, соғыс үшін емес, құрайыштардың саудаға шыққан керуенін басып алу ниетімен аттанғанымен, Аллаһ оларды соғысуға шарттаспаған жауларымен кездестірді, сондықтан Пайғамбар ол соғысқа қатыспағандарды сөккен емес. Мен Исламға толығымен мойынсұнуға ант берген, Ақаба түнінде болғанмын. Бадр шайқасы адамдар арасында көп даңққа ие болғанымен, мен Ақабаны Бадр шайқасына айырбастамас едім. Ал енді менің Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук жорығына бармаған хикаямды айтатын болсам, ол кезде мен дәл сол кездегідей еш уақытта күшті әрі толығымен қамтамасыз етілген емес едім. Аллаһтың атымен ант етемін, менің сол кезге дейін еш уақытта екі түйем болған емес,

⁵ Мұсылмандардың құрайыш кәпірлерімен бірінші соғысы. Онда олар сан жағынан өздерінен өте көп болған кәпірлерді күл талқан етіп жеңеді. Өте маңызы зор, үлкен соғыс.

ал жорық алдында менің екі түйем болды. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, ол жорыққа шығар алдында қайда баратынын міндетті түрде жасыратын.⁶ Бұл жолы да жорыққа аттанатын уақыт жеткенше, дәл солай болды. Жорыққа Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аптаған ыстықта аттанды, әрі жорық жолы өте ұзақ, сусыз дала және көптеген жауларға толы еді. Мұсылмандардың жорыққа дайындалуына мүмкіншілігі болуы үшін, ол істің мәнін түсіндірді, ал сонан соң қайда баратынын жариялады. Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жиналған мұсылмандардың санының көптігі соншама, оның есебін білу қиын еді.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Сол барғысы келмеген азын-аулақ жұрт, өздерінің жоқтығын ешкім байқамайды деп есептеді. Бірақ бұл жағдай Аллаһ Тағаладан уахи түскенше ғана жалғасты. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл жорыққа жемістер пісіп, ағаштардан мені қызықтыратын тамаша көлеңкелері түсетін

⁶ Жауларына қапелімде, күтпеген жерде бару үшін қолданылатын әскери айла.

уақытта аттанды. Сонымен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басқа мұсылмандармен жорыққа дайындалып жатты, ал мен болсам олармен бірге таң ертең дайындалу ниетімен шығып, ал кешке қарай өз-өзіме: "Мен бұны кез-келген уақытта істегім келсе істеймін", - деп ештеңе істемей құр оралатын болдым. Басқалар дайындалып жатқанда мен осы ниетімнен таймадым. Сонымен ақыр аяғында бір күні таңертеңгілік Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басқа мұсылмандармен бірге жолға аттанды, ал мен болсам сол дайындалмаған күйде қала бердім. Сол кезде мен тағы да таңертең шығып кешке жақын еш нәрсе жасамай қайта оралдым. Мен осындай ду-дамал күйде жүргенімде, жорықшылар жылдам қозғалған күйде алысқа кетіп қалды. Ал мен болсам, жолға шығып оларды қуып жетпекші болдым. Шіркін солай істей алсам еді! Бірақ та бұл маған нәсіп етілмеді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жорыққа аттанып кеткеннен кейін, екі жүзді, деп айып тағылатындар мен Аллаһ Тағаланың Өзі ақтаған әлсіздерден басқа, адамдардың арасынан өзім сияқтыларды⁷

⁷ Яғни, жорыққа қатыспағандарды.

кездестірмедім, мінеки осы жәй мені бәрінен де қатты өкіндіретін.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, ол Табукқа жетпейінше мені есіне алмады. Ал ол сол жерге жетіп адамдардың арасында отырғанда: "Ал Қаһб бин Малик не істеп жүр?", - деп сұрады. Бану салим руынан бір адам: "Ия Аллаһтың елшісі, оны онда екі киімі мен тәкәппарлығы ұстап қалды", - деді. Сол кезде Муъиз бин Жабал, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: "Сен нендей жаман сөз айттың! Аллаһтың атымен ант етемін, ия Аллаһтың елшісі, біз оның тек жақсылықтарын білеміз!", - деді. Аллаһтың елшісі ештеңе айтпады және сол уақытта түскілік күннің ыстығындағы сағымда ақ киімді бір адамды көріп: "Бұл Абу Хайсам болса керек", - деді. Шынымен-ақ, бұл екіжүзділердің, оның бір саъ¹ құрма садақа бергені үшін, мазақ қылған² Абу Хайсам аль-Ансари еді.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

¹ 1 саъ - 4,2125 литр.

² Екі жүзділер, Табукқа шығар алдында аз ғана садақа бере алған мұсылмандарды, сенің бұл бергенің кімге жетеді, деген сияқты сөздер айтып мазақтаған.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табуктан келе жатқанын естігенімде, менің бойымды қатты қайғы биледі. Мен сасқанымнан: "Ертең оның ашуынан қалай құтылсам екен?", - деп өзімнің жанұямның әрбір ақылды адамынан көмек сұрап, түрлі өтірік ақтаулар іздей бастадым. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Мединаға жақындап қалды дегенде, менің бойымдағы өтіріктің дымы да қалмады, жалғанмен оның ашуынан құтыла алмайтынымды біліп, тек қана шындықты айтуға бел будым.

Таңертеңгілік ол Мединаға оралды, ол әдетінше қай бір сапардан оралмасын ең бірінші мешітке кіріп екі ракағат намаз оқып, сонда адамдармен сұқбаттасатын. Ол осының бәрін орындап болған соң, оған өздерінің ақтауларын айтып және ақтауларын анттарымен растап, Мединада қалған адамдар келе бастады. Ол болса олардың ақтауларын қабыл алып, олар үшін Аллаһтан кешірім сұрап, ал олардың бүкіл ішкі жан дүниесіндегі ниетін Аллаһтың Өзіне тапсырп жатты. Мұндай адамдар саны сексеннен артық жиналды. Сосын оған мен келіп онымен амандастым, ол ашуын жасырған адамның жүзімен жымыып: "Кел!", - деді. Мен оның жанына жақындап келіп

отырдым, ол менен: "Сен түйелерді сатып алмап па едің, сені мұнда қалдырған не?", - деп сұрады.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Мен: "Ия Аллаһтың елшісі! Аллаһтың атымен ант етемін, егерде мен қазір басқа адамның алдында отырсам, жалған ақтаулармен құтылар едім, олай айтатыным, менің шешендігім бар. Бірақ, Аллаһтың атымен ант етемін, егер қазір мен сенен жалған сөйлеп құтылсам, Аллаһ бәрібір жақын бір күндері сені маған ашуландырар еді. Ал егер саған шындықты қазір айтсам, онда сен маған қазір ашуланасың, бірақ осы арқылы Ұлы Аллаһ Тағала, бұның соңын игілікке әкеледі ме деген үмітім бар! Аллаһтың атымен ант етемін, мен қалған кезімде еш уақытта сондай күшті әрі бүкілімен жақсы қамтамасыз етілген емес едім, менің ақталатын ешқандай сылтауым жоқ!", - дедім.

Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "Бұл жайлы айтатын болсақ, ол шындықты айтты. Тұр, енді Аллаһтың Өзі сен жайлы шешім қабылдағанша күт", - деді. Осыдан кейін маған абу Салима руынан адамдар келіп: "Біз сенің күнәлі істер істегеніңді көрген емеспіз, ал сен болсаң

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдында ақтала да алмадың. Сен үшін Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ұлы Аллаһ Тағаладан қалғандарына кешірім сұрағанындай кешірім сұраса, саған жеткілікті болар еді!", – деп, айта бастады.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Аллаһтың атымен ант етемін, олардың мені осылай кінәләй бергені соншалық, менің ойыма, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайта оралып, мен өтірік айттым деп айтқым келген кездер де болды. Сондай кездердің бірінде, менің: "Мен сияқты халде жүрген біреулер бар ма екен?", - деген сұрағыма олар: "Иә, сен сияқты айтқан екеу бар, саған айтылған жауап оларға да айтылды", - деді.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Мен: "Ол екеуі кім?", - деп сұрадым. Маған: "Олар Мурара бин Рабиъа аль-ЪАмири және Хиляль бин Умаййа аль-Уакифи" -, деді.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Олар осылай маған, Бадр соғысына қатысқан екі тақуа адамның атын атады. Мен

болсам өз-өзіме: "Маған осылардан үлгі алу керек", - дедім.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Маған осы екеуінің атын айтқан соң, мен бәрін сол қалпында қалдыруға бел байладым. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса, Мединдағы қалғандардың ішінен осы үшеумізбен ғана адамдарға бізбен сөйлеспеуге әмір берді.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Сонымен адамдар бізден қашқақтайтын болды, керек десеңіз жер де мен үшін бөтен болып кетті, өйткені бұл мен білетін жер емес еді. Осындай жағдайда біз елу күн өткіздік. Мен сияқты халдегі екеуі мойынсұнып үйлерінен шықпай жылап отырды. Ал мен болсам олардан гөрі жасырақ едім, сондықтан жамағатпен намаз оқуға қатысып және базарға барып жүрдім, бірақ менімен ешкім сөйлеспеді! Мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаздан кейін отырған уақыттарында сәлем беріп жақындап жүрдім. Сол кездері, мен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің сәлемімді қабыл алғанын білу үшін: "Ол еріндерін жыбырлатты ма екен?", - деп қарайтынмын. Сосын мен оған тығылып қарап

қасында намаз оқитынмын, ол мен намаз оқып жатқанымда маған қарайтын да, ал мен оған қарағанымда бұрылып кететін.

Сонымен осылай мұсылмандар менен қашқақтап жүрген кезінде, мен өзімнің адамдар арасында ең жақсы көретін бөле бауырым, Абу Қатадтың бағына қарай тарттым. Мен бақшасын қоршаған дуалына шығып онымен амандастым, Аллаһтың атымен ант етемін, ол менің сәлеміме жауап бермеді! Сонда мен оған: "Иә Абу Қатада, Аллаһтың атымен сұраймын, сен менің Аллаһты және Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақсы көретінімді білесің бе?", - дедім. Ол үндемеді, сонда мен одан тағы да Аллаһтың атымен сұрай бастадым, бірақ ол сонда да сол үндемеуін жалғастыра берді. Мен өзімнің сөзімді тағы да қайталадым, сонда ғана ол маған: "Аллаһ пен Аллаһтың елшісі бұл туралы бәрінен жақсы біледі", - деді. Сол кезде менің көзім жасқа толып, сол шарбақтан қайта өтіп оралдым.

Біраз уақыт өтісімен, Медина базарының жанынан өтіп бара жатып: "Кім мені Каъб бин Маликке алып барады?", - деп сөйлеп келе жатқан Шамдық, Мединаға азық-түлік сатуға әкеліп жүрген христиан шаруаны естідім. Ол, гассаниттердің көсемінің сәлемдеме хатын

маған тапсырғанша, адамдар мені көрсетіп отырды. Мен жазғыш (яғни сауатты) едім, сондықтан оның сәлемдемесіндегі хатты оқып шықтым, онда: "Содан соң¹, шындығында, маған сенің досыңның сені оқшаулатып жатқаны жетті, шындығында сені жәбірлеуге Аллаһ жол бермейді, бізге қосыл, біз сені жұбатамыз!", - деп жазылыпты. Бұл сәлемдемені оқып болған соң өзіме: "Бұл да бір сынақ", - деп пешке от салып хатты жағып жібердім.

Аллаһтан уахи әлі келген жоқ болатын. Айтылған елу күннің қырық күні өткенде, Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір хабаршы келіп: "Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саған әйеліңе жоламауыңа әмір берді!", - деді. Мен: "Мен әйеліммен ажырасуым керек пе, әлде басқа бір жолын табуым керек пе?", - деп сұрадым. Ол: "Жоқ, одан алшақта және міндетті түрде онымен жақындасушы болма", - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің екі жолдасыма да осыны әмір етіпті. Сонда мен әйеліме: "Әкешешеңе бар және Аллаһ осы іс жайлы Өзінің шешімін жібергенше, сонда бол", - дедім.

¹ Олардың әдеті бойынша, бұл сөз Аллаһқа мақтаулар айтып, игілік тілеген соң жазылады.

Содан соң Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хилял бин Умайдың әйелі келіп: "Ия Аллаһтың елшісі, Хилял бин Умай – қаусаған шал, менің оған жәрдем беруіме қарсы болмайсың ба?", - деді. Ол: "Сен оған қызмет ете аласың, бірақ ол саған жақындамауы керек", - деді. Ол (әйел) бұл айтылғанға: "Оның ешбір жаман ойы жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін, осы жай басталғалы ол жылағаннан тыным таппайды!", - деді.

Осыдан кейін менің жан ұямнан біреуі маған: "Сен де Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сенің әйеліңе саған қызмет етуіне рұқсат сұрасайшы, анау Хилял бин Умайдың әйеліне рұқсат берілді ғой", - деді. Мен: "Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мұндай өтініш жасамаймын, өйткені Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұған не дейтінін білмеймін, мен әлі жас емеспін бе!", - деп жауап бердім.

Мінеки, осындай жағдайда мен тағы да он күн өткіздім. Адамдардың бізбен сөйлеспеуіне әмір берілген уақытынан елу күн өтті. Сонымен елуінші түннің аяқталып келе жатқанында, мен үйлеріміздің бірінің шатырына шығып таң намазын оқып бітіріп, тура Аллаһ Тағала

(Құранда) айтқандай жаным қысылып, жер өзінің кеңдігіне қарамай мен үшін тарылып, отырғанымда, мен бір адамның Сальъа тауына шығып бар даусымсен: "Ия Қаъб бин Малик қуана бер!", - деп, айқайлағанын естідім. Осыны ести салысымен мен жеңілдіктің келгенін біліп, дереу сәждеге құладым². Шынымен-ақ, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң намазының уақытында адамдарға, Аллаһ Тағаланың біздің тәубемізді қабыл алғанын жариялапты. Осыдан кейін адамдар бізге қуанышты хабар жеткізу үшін асығыпты. Олардан біразі менің екі жолдасыма қарай асықса, маған қарай аттылы шауып шығыпты. Бірақта маған қарай Аслама руынан және бір адам жүгіріпті. Ол бір таудың үстіне шығып айғайлағанда, оның даусы аттылының шабысынан ертерек жетті. Даусын естіген адамым маған қуанышты хабарымен өзі келген кезде, оған сүйіншісіне үстімдегі екі киімімді шешіп оның үстіне киіндірдім. Аллаһтың атымен ант етемін, сол кезде менің екі киімімнен басқа киім болмады, сондықтан мен екі киімді одан кие тұруға сұрап алып, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарай тарттым. Жол бойы адамдар мені топ-тобымен

² Адамның Аллаһтан сұрағаны орындалса, Аллаһқа ризашылық ретінде сәжде жасау бар.

жиналып: "Аллаһтың сенің тәубенді қабыл алғаны, сенің игілігіңе!", - деп қуанып қарсы алып жатты. Мешітке кіре Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың ортасында отырғанын көрдім. Тальха бин Убайдуллаһ болса орнынан атып тұрып қолымнан қысып, мені құттықтай бастады. Аллаһтың атымен ант етемін, одан басқа мұхаджирлерден ешкім тұрмады, Қаъб, Убайдуллаһқа ол әрекетін ешқашан ұмытпайды!¹

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Ал мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сәлемдесіп болған соң, оның жүзі күннің көзіндей күлімдеп былай деді: "Шешең сені туғаннан бергі ең қуанышты күніңе қуана бер!" Мен: "Бұл сенен бе ия Аллаһтың елшісі, әлде Аллаһтан ба?", - деп сұрадым. Бұл сұрағыма ол: "Бұл Ұлы Аллаһ Тағаладан!", - деп жауап берді. Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір нәрсеге қуанған уақытында, оның жүзі айдың бір бөлігінше жарқырайтын, бұл бәрімізге мәлім еді. Оның алдына отырып: "Ия Аллаһтың елшісі, тәубемнің қабыл болғанының ризашылығы ретінде, бүкіл дүниемді Аллаһ

¹ Яғни, ризашылығымды ұмытпаймын

және Аллаһтың елшісі үшін кедейлерге таратқым келеді!", - дедім. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "Оның бір бөлігін өзіңе қалдыр, бұл сен үшін жақсы болады", - деді. Сонда мен: "Мен өзіме Хайбардағы бөлігімді² қалдырамын", - дедім. Сол уақытта мен және былай дедім: "Ия Аллаһтың елшісі, Аллаһ менің тәубемді, мен шындықты айтқаннан кейін қабыл алды, сондықтан мен соған ризашылығым ретінде, енді өлгенімше шындықтан басқа ештеңке айтпаймын!"

Аллаһтың атымен ант етемін, осыны Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқалы бері, мен Аллаһ Тағаланың маған көрсеткен игілігінен артық игілікті басқа бір адамға көрсетті дегенін естіген емеспін³. Аллаһтың атымен ант етемін, осыны Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқалы бері, мен осы күнге дейін біле тұра өтірік айтқан емеспін, және бұдан кейін де, Аллаһ Тағала мені өтірік айтудан сақтайды, деген үмітім бар!.

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

² Хайбардағы меншікті жері.

³ Өтірік айтпауға Аллаһтың жәрдемі болған.

Аллаһ Тағала мына аяттарды түсірді:

«Шынында Аллаһ, бір топтың жүректері ауытқуға таяған ауыршылықтан кейін Пайғамбарға ерген мұхажірлер мен ансардың, Пайғамбардың тәубелерін қабыл етті. Қалдырылған үшеуінің де тәубесін қабыл етті. Тіпті оларға жер кең бола тұра тар келген еді. Өздерінен өздері тарылып, Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін Аллаһ оларға тәубе нәсіп етті. Шынында, ол Аллаһ, тым тәубе қабыл етуші, өте мейірімді. Әй мүминдер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар» **«Тәубе сүресі» 117-119 аяттар.**

Қаъб сөзін былай жалғастырды:

Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһтың мені Исламға кіргізген нығметінен кейінгі үлкен нығметі, ол менің Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шыншыл болып, оған өтірік айтпағаным. Егер өтірік айтқанымда, онда өтірік айтқан қалғандары секілді құрыр едім. Олар жайында Аллаһ Тағала бұрын-соңды ешкімге айтпаған сөздерді айтып аян түсірді.

Аллаһ Тағала айтты:

«Қашан олардың жанына қайта оралсаңдар, олар(ды айыптаудан) бет бұруларың үшін Аллаһтың атымен ант ішеді. Онда олардан бой тартыңдар. Өйткені, олар арам істегендерінің жазасы түрінде олардың орны тозақ. Олар сендердің өздерінен қош болуларың үшін ант-су ішеді. Егер сендер олардан қош болсаңдар да, расында Аллаһ бұзық елден разы болмайды.»

«Тәубе» сүресі, 95-96 аяттар.

Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ атымен ант беріп, олар үшін Пайғамбар Аллаһ Тағаладан кешірім сұралғандардан бөлек, біз қалдырылған едік. Біздің ісімізді Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Тағаланың Өзі шешім түсіргенше шегере берді.

Аллаһ Тағала былай деді:

«Қалдырылған үшеуінің де тәубесін қабыл етті...» **«Тәубе сүресі» 118 аят.**

Бұл аяттағы қалдырылғандар делінгені, жорыққа қатыспай Мединада қалғандықтары жайлы емес, ол Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ атымен ант беріп, олар үшін пайғамбар Аллаһ Тағаладан кешірім сұралғандардан бөлек, шешім қабылдау Аллаһ Тағалаға тапсырылып

қалғандандары жайлы болып тұр. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында Қаъбтың былай деп айтқаны хабарланады:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук жорығына бейсенбі күні аттанды және ол бейсенбі күндері сапарға шығуды жақсы көретін.

Бұл хадистің үшінші бір нұсқасында Қаъбтың былай деп айтқаны хабарланады:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сапарынан тек қана күндіз, ал дәлірек айтатын болсақ таңертеңгісін оралатын.

22. Хабар бойынша, Абу Нуджайда Имран бин аль-Хусайна аль-Хузаъи, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Джухайн руынан, ойнаспен жүкті болған бір әйел келіп: “Ия Аллаһтың елшісі, мен жазаға лайықты күнә жасадым, сондықтан мені, менің күнәмә сәйкес жазала!”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол әйелдің қамқоршысын өзіне шақырып: “Онымен жақсы қарым-қатынаста бол, ал ол босанғаннан кейін маған алып кел”, - деді. Қамқоршысы солай істеп, ол босанғаннан кейін алып келді. Пайғамбар керек нұсқауларды беріп, киімінің шеттерін байлап⁸⁰, тас боранмен жазалаған соң, оған өзі жаназа намазын оқыды. Осыдан кейін Омар: “Ия Аллаһтың елшісі, ол әйел ойнас жасаса да сен оның жаназасын шығардың ба!?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: “Егер оның тәубесін Медина жұртының жетпісінің арасында бөлсе, ол тәубе солардың бәріне жетер еді! Сен сол әйелдің, өзін Аллаһ Тағалаға құрбан қылғаннан артық бір нәрсе істей алады деп ойлайсың ба?!”, - деп жауап берді. **Муслим.**

23. Хабар бойынша, Ибн Аббас және Анас бин Малик, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Егер адам іші алтынға толы бір сайды тапса, онда ол сондай сайдың екеуін тілер еді. Адам баласының ішін, топырақтан басқа еш нәрсе

⁰ Құлағанда киімдері ашылып қалмас үшін.

толтыра (қандыра) алмайды, ал Аллаһ Тағала тәубеге келушілердің тәубесін қабыл алады¹.

Аль-Бухари, Муслим

24. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Ұлы Аллаһ Тағала біреуі екіншісін өлтіріп, сосын жәннәтқа кіретін екі адамға жымияды. Өлгені Аллаһ жолында соғысып өледі, екіншісі (өлтірушіні) Аллаһ кешіреді, (өйткені) ол да (артынан) Ислам қабылдап, дін үшін шайқаста өледі. **Аль-Бухари, Муслим**

3 ТАРАУ

Сабыр (шыдамдылық) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Әр нәрсеге сабырлы, жауға шыдамды және қорғанысқа дайын болыңдар.

¹ Бұл дегеніміз, Аллаһ Тағала адамның тойымсыздығына қарамай, оның тәубесін қабыл етеді, егер ол, сол тойымсыздығы үшін кешірім сұрап тәубе етсе.

Сондай-ақ Аллаһтан қорқындар әрине құтыласыңдар.» **«Аль-Имран» сүресі, 200 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әрине сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан сондай-ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз, (Мухаммад, сондай жағдайларда) сабыр етушілірді қуандыр!» **«Бақара» сүресі, 155 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Шын мәнінде сабыр етушілерге сыйлықтары есепсіз орындалады...» **«Зүмәр» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы.» **«Шура» сүресі, 43 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Сабыр және намазбен (Аллаһтан) жәрдем тілеңдер, күдіксіз Аллаһ сабыр етушілермен бірге» **«Бақара» сүресі, 153 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әлбетте сендерден жауынгерлер мен сабырлыларды анықтағанға дейін сынаймыз.

Сондай-ақ хабарларыңды да байқаймыз»
«Мухаммад» сүресі, 31 аят.

Сабыр сақтаудың міндеттілігі жайлы және оның құндылығы жайлы басқа да көптеген аяттар бар.

25. Хабар бойынша, Абу Малик аль-Хариса бин Асима аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тазалық – діннің жартысы, «Әль-хамду ли-Ллаһи», - деген сөз Таразыны толтырады, «Субхана-Ллаһи уал-хамду ли-Ллаһи», - деген сөз көк пен жердің арасын толтырады, намаз – нұр, садақа – дәлел, сабыр – жарқырау, ал Құран – сен үшін жақтаушы не қаралаушы дәлел. Барлық адамдар таңертең үйлерінен жандарын жақсылыққа, не қапасқа сату үшін шығады¹. **Муслим.**

26. Хабар бойынша, Абу Саъид Саъд бин Малик бин Синана аль-Худри, ол екеуіне де

¹ Аллаһ Тағала «Тәубе» сүресінің, 111 аятында былай дейді: «Күдіксіз Аллаһ мүминдердің жандарын, малдарын жәннәтпен айырбастап (сатып) алды....»

Аллаһтың ризашылығы болсын, ол мына әңгімені айтады:

Бірде ансарлардың ішінен адамдар Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір нәрсе сұрады, ол оларға сұрағанын берді, сосын олар тағы да бір нәрсе сұрады, ол оларға сұрағандарын және берді, олар сосын тағы да бір нәрсе сұрады, ол оларға сұрағанын тағы да берді, соңында ол оларға өзінде барының бәрін берді. Сонымен ол өзінде барының бәрін таратып болған соң былай деді: “Маған не берілсе де, мен оны сендерден еш уақытта жасырмаймын. Дегенмен, естерінде сақтандар, кімде-кім ұстамдылыққа² тырысса, Аллаһ оны ұстамдылыққа алып келеді, кімде-кім өз күшімен ғана істеуге тырысса, Аллаһ оны басқа адамдарға жалбарынуудан сақтайды, ал кім сабыр сақтаса, Аллаһ оған сабыр береді және ешкім сабырдан артық сый алған емес.

Аль-Бухари, Муслим.

27. Хабар бойынша, Йахйя Сухайб бин Синан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

² Яғни, кімде-кім адамдардан еш нәрсе сұрамауға тырысса.

Мұсылманның жайына таң қаласың! Шындығында, оның кез-келген жайында игілік бар, және бұл, мұсылманнан басқа ешкімге берілмеген: егер оған бір жақсылық келсе ол Аллаһқа шүкірлік айтады және оның сол айтқанында игілік бар, ал егер оған бір қайғы келсе, ол оған да сабыр етеді, оның бұл ісі де өзіне игілік болып оралады. **Муслим.**

28. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қатты қиналып (өлер сәтінде) есінен тана бастағанда, Фатима (қызы), оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Менің әкем қалай қиналып жатыр!”, - деп қысылды. Сонда Пайғамбар: “Осы күннен кейін сенің әкең еш уақытта қиналмайды”, - деді. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін, Фатима: “Менің әкем, Өзіне шақырған Раббына жауап берді! Енді әкемнің тұрақтаған жері жәннәт бақтары болды! Әкемнің қазасын Жебірейілге хабарлаймыз!”, - деді. Ал оны жерлеген кезде, Фатима: “Иә халайық, сендер Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жерлегеннен көңілдерің жай тапты ма?!”, - деді.

Аль-Бухари.

29. Хабар бойынша, оның өзін де, әкесін де жақсы көрген Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, босатқан құлы Абу Зайд Усама бин Зайд бин Хариса, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сол кездері Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызы оған өзінің (қызының) баласының өлім аузында жатқанын хабарлап және оның келуін өтініп хабаршы жібереді. Бірақ, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол адамға, олар үшін: “Расында, Аллаһтың бергені де, алғаны да Өзіне тиесілі және Ол бәріне өзінің өлшемін берді, сондықтан сабыр сақтап Аллаһтың жәрдемінен үміттерін үзбесін”, - деп сәлемдеме айтып кері қайтарады. Бірақта қызы арада біраз уақыт өтісімен және адам жіберіп тағыда келуін сұрайды, сонда Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге орындарынан Саъд бин Убада, Муъаз бин Жабаль, Убай бин Қаъб, Зайд бин Сабит және басқа да адамдар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, тұрады. Қызының үйінде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, соңғы қырылы шығып жатқан баланы береді. Ол баланы кеудесіне қысып,

көзіне жас алады. Бұны (жасты) көрген Саъд: “Иә Аллаһтың елшісі, бұл не¹?”, - деп сұрады. Ол: “Бұл – Аллаһтың құлдарының жүрегіне салған рахымшылығы”, - деп жауап берді.

Бұл хадистің басқа хабарында оның былай дегені айтылады:

...Өзінің қалаған құлының жүрегіне салғаны, шындығында, Аллаһ Өзінің рахымды құлдарын кешіреді. **Аль-Бухари, Муслим.**

30. Хабар бойынша, Сухайба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге дейін өмір сүрген бір патша болды, оның қарамағында оған қызмет еткен бақсы болды. Ол қартайып, патшаға: «Расында, мен қартайыппын, маған бір жас жігіт жібер, мен оны бақсылыққа үйретейін», - дейді. Патша оған бақсылықты үйрету үшін бір жігітті жібереді.

Бақсыға барар жолдың бойында жігітке бір машайық (монах) кездеседі. Ол оның жанына отырып оның әңгімесін тыңдайды да, оның

¹ Яғни, өзі сабыр сақтағандар деп, енді жылап жатқанына таңырқап жатыр.

айтқаны оған ұнайды. Осыдан кейін жігіт әр күні бақсыға бара жатып оның қасына әңгімесін тыңдау үшін отырып бөгелетін болды, ал бақсы болса жігіт кешіккен сайын ұрғанды шығарды. Жігіт осыны айтып машайыққа шағымданғанда, машайық оған: «Егер сен бақсыдан қорқатын болсаң оған: «Мені үйдегілер бөгеді», - де, ал үйдегілеріңнен қорқатын болсаң, оларға: «Мені бақсы бөгеп қалды», - де», - дейді.

Осындай жағдайда жүргенінде², бір күні адамдарға өтулеріне жол бермей жатқан үлкен бір хайуанға жолықты. Сонда ол, өз-өзіне: «Мен бүгін кімдікі рас екенін білемін – бақсы ма әлде машайық па?», - деді. Осыдан кейін ол қолына тас алып: «Иә Аллаһ, егер сен машайықтың ісін, бақсының ісінен гөрі жақтырсаң, онда адамдардың жолын босату үшін мына хайуанды өлтір!», - деді. Сонда ол тасты лақтырып хайуанды өлтірді, ал адамдар болса ары-бері өтулеріне мүмкіншілік алды. Сосын ол болған жайды машайыққа айтып бергенде ол: «Балам, сен бүгін менен де асып түстің, ақиқат, енді сені сынақтар күтіп тұр, саған сол сынақтар жеткенде мен туралы айтушы болма», - дейді.

Осыдан кейін жігіт соқырлар мен алапесті және басқа да ауруларды сауықтыра бастады.

² Яғни, бақсыдан да машайықтан да сабақ алып жүргенінде.

Ол туралы сөз патшаның қарамағындағыларының бірі болған соқырға да жетеді. Ол жігітке көптеген сый-сыйапаттарымен келіп: «Егер сен мені сауықтырсаң, осының бәрі сенікі болады», - деді. Сонда ол оған: «Расында, мен ешкімді сауықтыра алмаймын. Сауықтырушы – Аллаһ Тағала ғана. Егер сен Оған иман келтірсең, онда мен сен үшін Аллаһтан сұраймын, сонда Ол сені сауықтырады», - деп жауап берді. Ол Аллаһқа иман келтірді, ал Аллаһ Тағала оның көзіне нұр берді. Сонан соң ол әдетінше патшаның алдына келіп отырды. Патша: «Сенің көзіңнің жанарын қайтарған кім?», - деп сұрады. Ол: «Менің Раббым», - деді. Патша одан: «Сенің менен басқа Раббың бар ма еді?», - деп сұрады. Ол: «Менің де Раббым, сенің де Раббың – Аллаһ», - деп жауап берді. Сонда патша оны тұтқындауға әмір беріп, ол жігітті айтқанша қинайды. Жігітті алып келіп, патша одан: «Иә балам, сен бақсылығыңның биіктеріне жетіп, алапестер мен соқырларды емдейтін болыпсың», - деді. Бұған жігіт: «Мен емдеуші емеспін, емдеуші Аллаһ Тағала ғана», - дейді. Сонда патша оны да тұтқындауға әмір беріп, машайық жайлы айтқанынша қинайды.

Сосын оған машайықты алып келіп: «Дініңнен қайт!», - деп бұйырады. Бірақ ол

бұдан бас тартады. Сонда патша ара әкелдіріп машайықтың басына араны қойып, денесінің екінші жағы құлап түскенше әрелейді. Сосын патшаға соқырлықтан айыққан қарамағындағысын шақырып оған да: «Дініңнен қайт!», - деп ұсынады, бірақ ол да оны істеуден бас тартады. Сонда оның да басының ортасына араны қойып, денесінің екінші бөлігі жерге құлап түскенше әрелейді. Осының бәрінен кейін жігітті алып келіп, оған да: «Иманыңнан қайт», - делінеді. Бірақ ол да оны істеуден бас тартады. Сонда патша өзінің қызметшілеріне: «Бұны пәленше деген тауға апарып, өзімен бірге көтеріліңдер, ал таудың шыңына жеткенде, егер ол дінінен қайтса, оны босатыңдар да, ал дінінен қайтпаса, сол шыңнан төмен қарай лақтырыңдар!», - дейді.

Олар сол жерге жеткенде, жігіт: «Иә Аллаһ, мені бұлардан Өзіңнің қалауыңша құтқар!⁹», - деді. Сол кезде тау тербеліп, олар таудан құлайды, ал жігіт патшаға қайтып келеді. Патша: «Сенімен болғандар не істеді?», - деп сұрайды. Жігіт: «Аллаһ Тағала мені олардан құтқарды», - деп жауап береді. Сонда патша басқа қызметшілеріне: «Бұны теңіздің ортасына апарыңдар, егер иманынан қайтса босатыңдар,

⁹ Осы дұға араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітапшасында №132 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

ал егер қайтпаса, онда теңізге лақтырыңдар!», - деп әмір береді. Сонымен олар оны жеткіз деген жеріне жеткізгенде, жігіт: «Иә Аллаһ, мені бұлардан Өзіңнің қалауыңша құтқар!», - деді. Содан кеме төңкеріліп патшаның қызметшілері суға батады, ал жігіт болса патшаға қайта аман-есен оралады. Патша: «Сенімен болғандар не істеді?», - деп сұрайды. Жігіт: «Аллаһ Тағала мені олардан құтқарды», - деп жауап береді. Сосын жігіт патшаға: «Шындығында, сен мені өлтіре алмайсың, егер менің айтқанымды орындамасаң!», - дейді. Патша: «Ол не?», - деп сұрады. Жігіт: «Адамдарды бір жотаның үстіне жина да, мені бір ағашқа байла, сосын менің садағымды алып, қорамсағымнан бір оқты садақтың ортасына қойып: «Мына жігіттің Раббы – Аллаһтың атымен», - деп мені ат, сонда сен, шындығында осының бәрін істесең ғана мені өлтіре аласың», - дейді.

Сонымен патша адамдардың бәрін бір жотаның төбесіне жинап, жігітті сондағы бір ағашқа байлап, оның қорамсағынан бір оқты садағының ортасына қойып: «Осы жігіттің Раббы – Аллаһтың атымен!», - деп оқты жіберіп қалғанда, оқ жігіттің дәл маңдайының ортасына тиеді. Ол өзінің маңдайынан ұстап өледі. Сонда жұрт: «Мына жігіттің Раббына иман келтірдік», - дей бастайды. Осыдан кейін патшаға оның

жанындағылары келіп: «Сен өзіңнің қауіптенгенің орындалғанына не дейсің? Аллаһтың атымен ант етеміз, сенің қауіптенгенің орындалды, олай дейтініміз, адамдар Аллаһқа иман келтіріп жатыр!», - дейді. Сонда патша, қаланың қақпаларының жанында терең орлар қаздырып олардың ішіне от жағып: «Кімде-кім дінінен қайтпаса, отқа тастаңдар!», - деп әмір береді. Қызметшілер отқа балалы бір әйелге жақындағанша, бәрін отқа лақтырып патшаның әмірін орындап жатады. Балалы әйел отқа түсуге қорқып шегіншектегенде, баласы оған: «Анашым, шыда, сенің дінің ақиқат!», - деді.

Муслим.

31. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қабірдің басында жылап тұрған бір әйелді көріп оған: “Аллаһтан қорық және шыдамды бол!”, - деді. Ол әйел Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түрін білмейтін, сондықтан: “Мені жайыма қалдыр, саған мұндай қайғы келген жоқ қой!”, - деп дауыстады. Содан кейін оған: “Бұл болған Пайғамбар ғой!”, - дейді. Сонда ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын, есігінің алдына келіп, оның есігінің алдында қызметші жоқтығына таң қалды. Сосын әйел оған: “Мен сені танымай қалдым!”, - дегенде ол: “Шындығында, сабырды күйзелістің басында сақтау керек”, - деді. **Аль-бухари, Муслим.**

Муслимнің хабарында Анастің былай деп айтқаны келтіріледі:

...баласын жоқтап жатқан әйел...

32. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: «Егер Мен иманды құлымның жақсы көретін бір адамын алсам, ал ол Менің сыйымнан үміттеніп сабыр сақтайтын болса, онда Менің оған Жәннәттан басқа сыйым болмайды». **Аль-Бухари, Муслим.**

33. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бірде ол Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жұқпалы ауру (чума) туралы сұрағанда ол былай деп жауап берді:

Ол Аллаһ Тағаланың қалаған құлына жіберетін азабы. Оны Аллаһ Тағала имандыларға Өзінің рахымы ретінде жібереді, сондықтан ол ауру келген қаладағы мұсылман барлық жақсылық пен жамандық Аллаһтың жазуымен болады деп, Аллаһтың сауабынан үміт етіп еш жаққа қашпай отырған мұсылманға, Аллаһ жолындағы соғыста шаһид болғанның сауабындай сауаб жазады. **Аль-Бухари.**

34. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шындығында, Аллаһ Тағала айтты: «Егер Мен құлымның екі сүйіктісін алып сынасам, ал ол оған сабыр етсе, онда Менің тарапымнан ол үшін оның сауабы, жәннәт болады.» **Аль-Бухари.**

«Екі сүйіктісі», - дегені - ол екі көзі.

35. Хабар бойынша, Ата бин Абу Рабах, былай деді:

Бірде Ибн Аббас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, маған: “Мен саған жәннәттық болған әйелді көрсетейін бе?”, - деді. Мен: “Иә”, - дедім. Ол: “Бұл қара әйел,

кезінде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: Мен ауруым қозғанда есімнен танып құлап, денем ашылып қалады, мен үшін Аллаһқа дұға жасашы”, - деді. Оған ол: “Егер қаласаң шыда, бұл үшін саған жәннәт бар, ал егер қаласаң Аллаһтан, сені сауқтырсын деп дұға жасайын”, - деді. Ол: “Мен сабыр сақтаймын”, - деді де: “Шындығында, мен (құлаған кезде) ашылып қаламын, Аллаһтан мен ашылмас үшін дұға жасашы”, - деп өтінді. Сонда ол Аллаһқа сол өтінішпен ол әйел үшін дұға жасады. **Аль-Бухари, Муслим.**

36. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Оны руластары қаны шыққанша ұрып, ал ол болса: “Иә Аллаһ, оларды кешір, олар не істеп жатқанын білмеді”, - деп, пайғамбарлардың, оларға Аллаһтың игілігі болсын, бірі туралы айтып жатқан Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дәл кәзір де көз алдымда көріп тұрғандаймын. **Аль-Бухари, Муслим.**

37. Хабар бойынша, Абу Сағид және Абу Хурайра, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманға не кездіксе де, ол мейлін шаршау болсын, ұзақ ауру болсын, мазасыздану болсын, қайғы болсын, қолайсыздық болсын, керек десеңіз тікенектің шаншығаны болсын, Аллаһ Тағала ол үшін міндетті түрде күнәләрінің бірін кешіреді. **Аль-Бухари, Муслим.**

38. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, безгектің күштісінен қиналып жатқанын көріп: «Иә Аллаһтың елшісі, безгегің неткен ауыр!» -, дедім. Ол: «Мен безгегімнен сендер безгегтен қиналғандарыңнан екі есе қатты азаптанамын», - деді. Мен: «Бұл, саған берілетін сый да біздікінен екі есе жоғары болғандықтан ба?», - деп сұрадым. Ол: «Иә, ол солай», - деп жауап берді. Содан соң ол сөзін былай жалғастырды: «Тікенектің шаншығаны үшін де, не болмаса бұдан да жаман бір нәрсеге жолыққан

мұсылман үшін, Аллаһ міндетті түрде, оның жаман амалын кешіреді, және (күзде) ағаш жапырақтарынан қалай арылса, ол да солай (көрген азабы үшін), күнәлерінен арылады.
Аль-Бухари, Муслим.

39. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған сынақтар (қиындықтар) жібереді. **Аль-Бухари.**

40. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім еш уақытта келген бақытсыздықтан өзіне өлім тілемесін, ал егер өлімнің келуі айқын болса, онда ол былай десін: «Иә Аллаһ, менің өмірімді мен үшін өмір сүру жақсы болғанға дейін ұзарт, ал мен үшін өлім жақсы болғанда мен үшін өлім жібер».

/Аллаһумма, ахйи-ни ма қянат аль-хаййату хайран ли, уа тауаффа-ни иза қянат аль-уафату хайран ли./ **Аль-Бухари, Муслим.**

41. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Хаббаб бин аль-Аратт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуы бойынша:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Қағбаның көлеңкесінде шапанын басына қойып жатқан уақытында, біз келіп оған: «Біз үшін көмек сұрамайсың ба? Біз үшін Аллаһқа дұға жасамайсың ба?», – дедік. Ол бізге былай деп жауап берді: «Сендерге дейін өмір сүргендердің арасында адамды ұстап алып, оған жерден шұңқыр қазып, оны оған көметін де, басына ара қойып оны екіге бөліп әрелейтін, ал оның денесін сүйектеріне дейін бататын темір тырнамен бөлшектеген жағдайлар болса да, олар діндерінен қайтпаған! Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһ бұл істі аяғына дейін жеткізеді және де Саннан шыққан аттылы Хадрамутқа дейін еш қаперсіз тек қана Аллаһтан және қойлары үшін қасқырлардан ғана қорқатын болады, ал сендер тым асығыстық жасап жатырсыңдар!» **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің басқа бір хабарында былай делінеді:

„, басына шапанын қойып. Осы кезде біз көпқұдайшылдардан көптеген қыспақтар көріп үлгергенбіз.

42. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Хаббаб бин аль-Араат, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Хунайн шайқасынан кейін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, соғыстан кейінгі олжаны бөлгенде кейбір адамдарға көбірек көңіл бөліп оларға олжаны артығымен берді, мысалыға ол Акраъ бин Хабисқа және Уйайн бин Хиснға жүз түйеден берді және кейбір атақты арабтарға да олжаны молымен берді. Сонда бір адам: «Аллаһтың атымен ант етемін, мұндай бөлісте әділдік жоқ, бұл Аллаһ жолындағы бөліс емес!», - деді. Мен: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен бұл жайында әлбетте Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткіземін», - дедім де, оған келіп сол адамның айтқанын айттым. Менің сөзімді естігенде оның түсі өзгеріп, беті қызарып кетті, сосын: “Аллаһ пен Оның елшісі әділ болмаса, онда кім әділ?”, - деді де: “Мұсаға Аллаһтың рахымы жаусын, ол бұдан да үлкен жәбірлерден өтіп сабыр сақтаған!”, - деді. Мен болсам өзіміе-өзім:

“Шындығында, бұдан былай мен оған бұндай сөздерді жеткізбеймін”, - деп сөз бердім!” **Аль-Бухари, Муслим.**

43. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер Аллаһ Өзінің құлына игілік қаласа, онда оның күнәлерінің жазасын осы дүниеде береді, ал егер жамандақ қаласа, онда оның күнәлерінің жазасын Қияметте толығымен беру үшін бұл дүниеде бермейді.

Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын және былай деп айтқанын жеткізді:

Шындығында үлкен сынаққа, үлкен сауаб бар, Егер Аллаһ Тағала адамдарды жақсы көрсе, Ол оларды сынақтарға салады да, одан кейін оларға ризалығы ретінде игілік жібереді, ал сол кезде наразылық білдіргендер Оның ашуына ұшырайды. **Бұл хадисті Ат-Тирмизи «жақсы» хадис деп келтіреді.**

44. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Абу Тальханың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ауырып жатқан баласы, Абу Тальханың өзі үйінде болмағанда өлді. Оралысымен, Абу Тальха: “Баламның жағдайы қалай?”, - деп сұрады. Баланың шешесі Умм Суляйм: “Ол әбден тынышталды (жағдайы жақсы)”, - деді де, күйеуіне кешкілік тамағын берді. Ол тамағын ішіп, әйелімен қосылып болған соң оған: “Баланы жерлеңдер”, - деді. Таң ертеңгісін Абу Тальха Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп болған жайды айтып берді. Ол: “Осы түнде сендер қосылдыңдар ма?”, - деп сұрады. Абу Тальха: “Иә” - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ия Аллаһ, бұларға игілік бер”, - деп дұға айтты, артынан Абу Тальханың әйелі бала туды.

Анас сөзін жалғастырды:

Абу Тальха маған: “Туған баланы Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, апарып бер”, - деп менен бірнеше құрма беріп жіберді.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (мен баланы алып келісімен): “онымен бірге бірнәрсе бар ма?”, - деп сұрады.

Мен: “Иә, құрма бар”, - дедім. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құрманы алып шайнап, оны аузынан алып баланың аузына салды да, оның атын Абдуллаһ, деп қойды. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бухаридің келтірген хадисінің бір хабарында Ибн Убай былай дейді:

Ансарлардың ішінен бір адам, артынан сол Абдуллаһ жайлы: «Мен оның әр-қайсысы қари болған тоғыз баласын көрдім», – дегенді айтады.

Муслимнің келтіретін хадисінің хабарында былай делінеді:

Абу Тальханың Умм Суляймнан туған баласы өлгенде, ол өзінің жақындарына: «Абу Тальхаға баласы жайлы мен өзім айтпайынша айтпаңдар», - деді де оған кешкілік тамағын берді. Ол тамағын ішіп-жеп болған соң, әйелі оның алдында өзін әдемілеп, жанына жатты. Әйелі күйеуінің қарны тойып, көңлі көншігеннен кейін оған: «Абу Тальха, маған мынаны айтшы, егер бір отбасына бір нәрсе қарызға берілсе, одан ол нәрсені қайтарып беруін талап етсе, оны сол

отбасының мүшелерің қайтармай қарсыласуы керек пе?», - деп сұрады. Ол: «Жоқ», - деп

жауап берді. Әйелі оған: «Онда сабыр сақта да, Аллаһтың сыйынан үміттен, сен балаңнан айрылдың», - деді.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Ол ашуланып әйеліне: «Сен маған ұлым туралы сенімен қосылып болғаннан кейін айтып тұрғаның не!», - деді. Сосын Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барып, болған жайды баяндап берді, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендердің өткізген түндеріңе Аллаһ игілік әкелсін!”, - деп дұға жасады.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Осыдан кейін Умм Сулейма жүкті болды. Содан біраз уақыт өтісімен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір сапарға шықты, сол сапарға бірге шыққандардың ішінде Умм Суляйма да болды. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, ол ешқашан Мединаға түнделетіп оралмайтын. Олар Мединаға жақындағанда Умм Суляйманың толғағы басталып, Абу Тальха әйелімен сол жерде қалады да, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ары қарай жылжиды. Сол кезде Абу

Тальха: “Иә Раббым, шын мәнінде, Сен менің Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарға шыққанда да, оралғанда да, бірге болуды жақсы көретінімді білесің және Сен менің сол ісіме, не бөгет болып тұрғанын көріп тұрсың”, - деді. Бұны естіген Умм Салаяйма: “Иә Абу Тальха, менің толғағым басылған тәрізді жүре берейік”, - деді. Сонымен олар ары қарай жылжыды да, Мединаға жеткен кезде толғақ қайтадан басталып ол ұл туды. Сонда шешем¹ маған: “Иә Анас, сен таң атқанда, оны Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, апарғаныңша балаға ешкім емшек бермесін!”, - деді. Мен таң атысымен сәбиді Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, апарып бердім.

45. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көпті жығып жеңген мықты емес, ашуланғанда сабыр сақтай білген мықты. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹ Анас жаңа туылған балаға шешесі жағынан ағасы болып келеді.

46. Хабар бойынша, Сүлеймен бин Сурад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған көпшіліктің ішінде отырғанымда екі кісі бір-бірімен ұрсыса бастады да, біреуінің мойнындағы қан тамырлары адырайып беті қызарып кетті. Бұны көрген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Мен бір сөз білемін, ол оны айтса, оның ашуы басылар еді. Егер ол: “Аллаһқа қуылған шайтаннан пана сұраймын” /Аъузу би-лЛаһи мин аш-шайтани-р-ржиим/, - десе. Сол кезде оған: “Саған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қуылған шайттаннан Аллаһқа сиын”, - деп жатыр деді.

47. Хабар бойынша, Муъаз бин Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахирет күні Аллаһ Тағала, Ұлық Ол, Өзінің жаратылыстарының ішінде, мүмкіншілігі бола тұра, сабыр сақтап, ашуын төкпегендерге: «Хор

қыздарының ішінен қалағаныңды ал», - дейді.
**Бұл хадисті Абу Дауд пен Ат-Тирмизи
 «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

48. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бір адам Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Маған кеңес бер”, - деді. Ол: “Ашуланба”, - деді. Осыдан кейін ол адам өзінің өтінішін үш рет қайталады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның әр-бір қайталағанына: “Ашуланба”, - деп кеңес беріп отырды.

49. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман еркек пен мұсылман әйел, Аллаһ Тағаламен күнәсіз пәк болып кездескенше, өзіне байланысты, өзінің балаларына байланысты және өзінің дүниесіне байланысты сыналады. **Ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис» деп, келтіреді.**

50. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтады:

Кезінде Убайна бин Хисн Мединаға келіп, өзінің ағасының баласы аль-Хурра бин Қайсаның үйінде тоқтайды. Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мәжіліс жасағанда үлкен-кішісіне қарамай Құран қариларын өзіне жақындататын. Аль-Хурра солардың бірі болатын. Убайна інісіне: «Иә ағамның баласы, сен қазіргі өкімет басшысының жанында жақсы орындасың ғой, маған онымен сұхбаттасуға рұқсат алып берші», - дейді. Ол ағасына Омармен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездесуге рұқсат алып беріп келгенде, Убайна Омарға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Иә Ибн аль-Хаттаб, сен бізге аз беріп, бізбен әділсіз басқарасың», - деді. Бұны естіген Омар ашуланып оны жазаламақшы болды. Сонда Аль-Хурра: «Иә діндарлардың басшысы, шындығында Аллаһ Тағала Өзінің елшісіне: «Кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр.»¹, - деді, ал менің бұл ағам туралы айтатын болсақ,

¹ «Ағраф» сүресі, 10 аят

ол сол білместерге (надандарға) жатады», - деді. Аллаһтың атымен ант етемін, ол осы аятты оқысымен Омар сол аятқа сәйкес келмейтін еш нәрсе істемеді (яғни райынан қайтып оны ұрғызбады), өйткені ол әр уақытта Аллаһтың Кітәбіне сүйенетін. **Аль-Бухари.**

51. Хабар бойынша, ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шындығында, менен кейін басқаларды жоғары тұтады және сендердің жақтырмайтын істеріңді істейтін болады. Адамдар: «Сол кезде біз не істеуіміз керек?», - деп сұрады. Ол: «Сендер өздеріңе жүктелгенді орындауларың керек болады, және Аллаһтан өздеріңе тиесілісіне дұға жасауларың керек». **Аль-Бухари, Муслим.**

52. Хабар бойынша, Муъаз бин Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Ансарлардың бірі Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, пәленшені басшы еткеніңдей мені де басшы етіп тағайндамайсың ба?”, - деді.

Жауап ретінде ол: “Шындығында, менен кейін, менен басқаларды көбірек бағалайтын болады, сол кезде менің көлімнің жанында¹ менімен кездескенше сабыр сақтаңдар”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

53. Хабар бойынша, Муъаз бин Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жауларды кездестіргенде, ол күн батуға таянғанша күтті, содан кейін орнынан тұрып былай деді: “Иә халайық, жаумен кездесуді қаламаңдар және Аллаһтан барлық жамандықтан құтылуды сұраңдар. Ал егер кездесуге мәжбүр болсаңдар, онда сабыр сақтаңдар. Жәннәт қылыштардың көлеңкесінде екенін біліңдер”. Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын былай деп дұға айтты: “Иә Кітапты түсірген, бұлттарды қимылға келтіретін және одақтас руларды жеңген Аллаһ, олардың күл-талқанын шығарып бізді жеңіске алып кел!”

¹ Жәннәттағы Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көлі, “Каусар” жайлы айтылып жатыр.

/Аллуһумма, мунзилял китаби, уа муджрийа-с-сахаби, уа хазими-ль-ахзаби, хзимхум уансур-на ьалейһим!/² **аль-Бухари, Муслим.**

4 ТАРАУ

Шыншылдық (сыддық) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Аллаһтан қорқындар және шыншылдармен бірге болындар.» **«Тәубе» сүресі, 119 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сөз жоқ, мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер, мүмин ерлер және мүмин әйелдер, бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және ұятты жерлерін қорғаушы әйелдер, Аллаһты көп зікір етуші ерлер және

² Осыған ұқсас дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасында №131 дұғасында араб әріптерімен келтірілген – **аударушыдан.**

әйелдер; Аллаһ бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі.» «**Ахзап**» сүресі, 35 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Бой ұсыну және дұрыс сөз керек еді. Іс бекіген сәтте, егер Аллаһ оға қылса, әрине олар үшін хайырлы болар еді.¹» «**Мухаммад**» сүресі, 21 аят.

54. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, шыншылдық тақуалыққа апарады, ал тақуалық Жәннәтқа апарады. Адам тек қана шындықты сөйлеп, соңында Аллаһ алдында шыншыл деп жазылады. Шындығында өтірікшілік күнәһарлыққа апарады, ал күнәһарлық тозаққа апарады. Адам өтірік сөйлеген сайын, соңында Аллаһ алдында суайт өтірікші деп жазылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹ «...әрине олар үшін Аллаһпен шыншыл болса өздеріне хайырлы болар еді.»

55. Хабар бойынша, Абу Мухаммад аль-Хасан бин Али бин Абу Талиб², олардың екеуіне де Аллаһтың игілігі болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Саған күмән келтіретінді таста да, күмәнсіз нәрселерге ұмтыл, расында шындық ол тыныштық та, ал өтірік ол күмән. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Дұрыс хадис”, деп келтіреді.**

Бұл дегеніміз; рұқсат етілген нәрселерден саған күмән келтіретінінен басыңды тарт та, көңіліңе күмән туғызбайтынына ұмтыл, деген сөз.

56. Хабар бойынша, Абу Суфиан Сахра бин Харба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол ұзын хадис келтіреді, сол хадистегі ол Византияның императоры Ираклимен әңгімесінде, Ираклий одан: “Ол сендерге не істеуді бұйырады?”, - деп, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, туралы сұрағанда, Абу Суфиан былай жауап береді:

Ол бізге: “Бір Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеңдер және сендердің ата-

² Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, 625 жылы туылған алғашқы немересі.

бабаларыңның айтқандарынан бас тартыңдар”, - дейді және бізге намаз оқуға, шындықты айтуға, ізгілікті болуға және туған-туысқандармен жақсы қарым-қатынас ұстаныңдар”, - деп бұйырады. **Аль-Бухари, Муслим.**

57. Хабар бойынша, Бадр шайқасының қатысушысы Абу Сабит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһ Тағаладан, шын ниетімен дін жолындағы соғыста шайқасып өлуін (мүмкіншілік беруін) сұрап дұға жасаса, Аллаһ Тағала оны, ол өзінің төсегінде өлсе де, дін жолында өлгендердің дәрежесіне көтереді. **Муслим.**

58. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Пайғамбарлардың бірі, оларға Аллаһтың игілігі болсын, әскери жорыққа аттанып жатып өзінің руластарына: «Үйленіп бірақ әйелімен

қосылмаған, және үй салып төбесін жауып үлгермеген және қой не түйе алып олардан төл күтіп отырған адамдар менімен ермесін», - деді де, жорыққа шығып кетті. Жаулап алатын қаласына бесін уақыты кезінде, не сол шамада жақындап Күнге: «Сен Аллаһтың әміріне бой ұсынасың, мен де Аллаһтың әміріне бой ұсынамын, (иә Аллаһ) оны біз үшін тоқтат!», - деді. Сонда Аллаһ оларға жеңіс нәсіп еткенше, күн батпады. Осыдан кейін ол бүкіл олжаны жинаған соң, көктен олжаны күйдіру үшін от түсті, бірақ олжаны от шалмады¹. Сонда Пайғамбар өзінің әскеріне: «Расында, сендерден біреуің өтірік іске барды, сендердің әр-бір руларыңнан бір адам (менің қолымды ұстап) маған ант берсін», - деді. Олар солай істеді де бір адамның қолы, оның қолына жабысып қалады. Сонда ол: «Расында, өтірікке барған сендердің араларыңда, сондықтан сенің руластарыңның бәрі маған ант берсін!», - деді. Бұл жолы оның қолына екеуінің не үшеуінің қолы жабысады, сонда ол: «Өтірікке барған сендерсіңдер!», - деді. Осыдан кейін олар алтыннан жасалған сиырдың басындай басты алып келеді. Содан кейін барып көктен түскен

¹ Пайғамбарлар, оларға Аллаһтың сәлемі болсын, жорықтан кейін олжаны жинайтын, сонда егер олжаны көктен от шалса, онда олжа Аллаһ тарапынан қабыл, демек жорықшылардан ешкім олжадан өзіне ештеңке алмаған болып табылатын.

от олжаны шалып, (олардың құрбандары) қабыл болады. Сендерге дейін ешкімге олжа рұқсат етілмеген еді, бірақ Аллаһ бізге олжаны алуға рұқсат етті. Аллаһ сендердің әлсіздіктеріңді, шарасыздықтарыңды көріп оны рұқсат етті². **Аль-Бухар, Муслим.**

59. Хабар бойынша, Абу Халид Хахим бин Хазим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сатушы мен сатып алушы бірі-бірімен айырылысқанша өздерінің қалауларында ерікті болады. Егер олар (саудада шыншыл әрі бір-біріне заттарының ақауларын көрсетіп) түсіндірсе, онда олардың саудаларының берекесі болады. Ал егер олай істемей, бір-бірінен заттарының ақауларын жасырып алдаса, онда саудаларының берекесі жойылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

² Сендердің ол әмірді орындай алмайтындарыңды біліп, рахым етті.

5 ТАРАУ

Бақылаушылық (байқаушылық) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ол, сені тіке тұрған сәтте, көріп тұрады. Сәжде қылушылардың арасында айналып жүргенінді де. Түңгі (Таһажжут намазына тұруыңды да, басқа да таһажжут намазына тұрғандарға айналуыңды да немесе жеке не жамағатпен тіке тұрып, рукуғ, сәждеге көшіп, намаз оқуыңды Аллаһ көреді)³» **«Шұғара» сүресі, 218-219 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Ол (Ааллаһ), қайда барсаңдар да, сендермен бірге...» **«Хадид» сүресі, 4 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде Аллаһқа жердегі, көктегі еш нәрсе жасырын емес.» **«Аль-Имран» сүресі, 5 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде Раббың әлбетте бақылаушы» **«Фажір» сүресі, 14 аят.**

³ ...Ол сен тұрғанда да, сәжде жасаушылардың арасындағы қимылыңды да көреді...

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһ көздердің қиянатын және көктердегі құпияны біледі» **«Ғафыр» сүресі, 19 аят.**

Бұл тақырыпқа байланысты аяттар көп және белгілі.

60. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

«Біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отырған бір күні, біздің алдымызға ерекше ақ киімді және ерекше қара шашты кісі шықты. Оның үстінде сапар шеккен адамның ешбір ізі болмады, бірақ та біздің арамызда да оны танитын ешкім болмады. Ол Пайғамбарымыздың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдына келіп отырды. Тізелерін оның тізелеріне тигізіп және қолдарын өзінің аяғына қойып: «Иә, Мұхаммад, маған Ислам жайлы айтшы», деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ислам дегеніміз – ол Аллаһтан басқа Құдай жоқ екендігіне және Мұхаммад Аллаһтың елшісі екендігіне нану, намаз оқу, зекет төлеу, Рамадан айында ораза ұстау және мүмкіншілігің болса қажыға бару», -

деп айтты. Ол (келген адам): «Сен дұрыс айттың», - деді. Біз оның Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сұрағанына және оның дұрыс айттың дегеніне таң қалдық. Ол (келген адам): «Енді маған Иман жайлы айт», - деді. Бұл: «Ол дегеніміз Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның кітаптарына, Оның елшілеріне, Қияметке, барлық жақсылық пен жамандық Аллаһ тарапынан жазмыш екендігіне сену», - деді. Ол: «Сен дұрыс айттың», - деді. Ол (келген адам): «Маған Ихсан жайлы айтшы», - деді. Бұл: «Ол дегеніміз, Алланы көріп тұрғанындай құлшылық ету, өйткені, Оның сені көріп тұрғаны ақиқат», - деді. Ол (келген адам): «Енді маған Қиямет жайлы айтшы», - деді. Бұл: «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деді. Ол: «Енді маған оның белгілерін (алдында не болатыны) айтып берші», - деді. Бұл: «Күң өзіне ханымын туады, сен аш-жалаңаш, бейшара қойшылардың биік ғимраттар салып жатқанын көресің», - деді. Содан соң ол (келген кісі) кетті, ал мен бірер уақытқа бөгелдім. Сонда ол: «Иә, Омар, сен кімнің сұрақ қойғанын білесің бе?», - деді. Мен: «Аллаһ және Аллаһтың елшісі бәрінен жақсы біледі», - дедім. Ол: «Бұл болған сендерді, сендердің діндеріңе үйретуге келген, Жебірейіл (періште)», - деді. **Муслим**

Мұндағы «Күң өзіне ханымын туады» деген ол күндердің саны көбейіп өздерінің қожайындарынан қыздар туа бастайды, ал қожайынның қызы ханшайым болып табылады. Бұл туралы басқа да ойлар бар⁰.

61. Хабар бойынша, Абу Зарр Жундуб бин Жунад және Абу Абд ар-Рахман Муъаз Ибн Жабал, екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қайда болсаң да Аллаһтан қорық, жаман (күнәлі) істен кейін жақсылық (игілік) жаса, жаман ісінді өшірсін және адамдармен қарым-қатынаста биязы (көркем мінезді) бол. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

62. Хабар бойынша, ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен көлік үстінде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артында отырғанымда ол маған былай деді: «Иә

⁰ Солардың бірі, балаларының ата-аналарына қатыгездік таныта бастауы, ал бәрін білуші бір Аллаһ – **аударушыдан.**

балақай, мен саған бірнеше сөздер үйретемін (ұғып ал): «Аллаһты (әрдайым) есінде сақта, (сонда) Ол сені қорғайды. Аллаһты (әрдайым) есінде сақта, (сонда) Оны алдыңнан көресің¹. Егер бір нәрсе сұрағың келсе, Аллаһтан сұра, егер көмек сұрағың келсе, көмекті Аллаһтан сұра және біл, егер бүкіл адамзат жиналып саған бір жақсылық істегісі келсе, олар саған Аллаһтың пешенеңе жазған жақсылығынан артық жақсылық істей алмайды және де бүкілі жиналып саған бір жамандық істегісі келсе, олар Аллаһтың сенің пешенеңе жазған жамандағынан артығын істей алмайды, өйткені Аллаһтың жазғанының сиясы әдлдеқашан кеуіп үлгерген²» **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

Ат-Тирмизидің риуаят етпеген хадисінің хабарында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһты есінде ұста, сонда Оны алдыңнан табарсың, Аллаһты сәтті уақытыңда ізден, Ол да сені сәтсіздікке душар болғанда табады және де саған жолықпағанның саған жолығуының, ал саған жолыққанның саған жолықпауының мүмкін еместігін біл. Және де біл, көмек -

¹ Яғни, Оның жәрдемі мен қолдауын сезінесің.

² Ол дегеніміз, дүниеде бәрі жазылған және оны өзгерту мүмкін емес.

сабырдан кейін, қуаныш – қайғыдан кейін, ал жеңілдік – қиындықтан кейін келеді.

63. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Расында, сендер сондай амал жасайсыңдар, ол сендердің көздерінде шаштан да жіңішке, ал біз Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уақытында ондай күнәға өлім күнәсіндай қарайтынбыз. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистегі өлім күнәсі жайлы аль-Бухари, ол апатқа апаратын күнәләр деген.

64. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағалада қызғаныш сипты бар, Аллаһ әсіресе Өзінің харам еткен нәрселеріне қызғанышпен қарайды.

65. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір кездері Аллаһ Тағала Исраил ұрпақтарынан алапеспен ауырғанды, басы тақыр тазды және соқырды - осы үшеуін сынамақ үшін оларға бір періштені жібереді. Періште алапеспен ауырғанға келеді де одан: «Сен бәрінен де нені қалайсың?», - деп сұрайды. Ол: «Мен ауруымнан жазылып, келбетімнің түсі кіріп, терімнің оңалуын қалаймын», - дейді. Сонда періште оның денесін қолымен сипап, ол бүкіл ауруынан жазылып, келбетіне түс еніп, терісі оңалады. Содан соң періште: «Саған дүниенің ішінен не ұнайды?», - деп сұрайды. Сонда ол: «Түйелер (не сиырлар)», - деп жауап береді. Оған буаз түйе беріліп, періште: «Аллаһ оны саған игілікті етсін!», - деп дұға айтып кетеді. Сосын періште басы тақыр тазға келіп: «Сен бәрінен де не қалайсың?», - деп сұрайды. Ол: «Мен ауруымнан жазылып, жақсы шашты болуды қалаймын», - деп жауап береді. Сонда періште оның денесін қолымен сипап, ол бәз баяғы қалпынша шашты болып шыға келеді. Содан соң періште: «Саған дүниенің ішінен не ұнайды?», - деп сұрайды. Сонда ол: «Сиырлар», - деп жауап береді. Сонымен оған буаз сиыр беріліп періште : «Аллаһ оны саған

игілікті етсін!», - деп оған да, дұға айтып кетеді. Сосын періште соқырға келіп: «Сен бәрінен де не қалайсың?», - деп сұрайды. Ол: «Аллаһ менің жанарымды қайтарып, адамдарды көрсем», - деп жауап береді. Сонда періште оны қолымен сипағанда Аллаһ оның көзіне нұр беріп жанары кіреді. Содан соң періште: «Саған дүниенің ішінен не ұнайды?», - деп сұрайды. Сонда ол: «қойлар», - деп жауап береді. Сонда оған буаз қой беріледі. Осыдан кейін олардың малдары көбейіп бірінде бүтін табын түйе, екіншісінде бүтін табын сиыр, ал үшіншісінде үлкен қора қой болады. Содан соң періште бұрынғы алапеспен ауырғанға, соның бұрынғы түріне (яғни алапеспен ауырған адамның түсіне) еніп келеді де: «Мен – кедеймін, жолда бүкіл дүниемнен айрылдым. Бүгін Аллаһтан басқа, одан кейін сенен басқа сұрайтын ешкімім жоқ. Саған жақсы келбетті түр мен тері берген және байлық берген Аллаһтың атымен сұраймын, маған сапарымды аяқтауым үшін бір түйе берші», - дейді. Ол: «Менің қарызым көп», - деп оған ештеңе бермейді. Сонда періште одан: «Мен сені білетін секілдімін. Сен емес пе ауру болып, одан адамдар қашатын және сен емес пе кедей болып оны Аллаһ байытқан?», - деп сұрайды. Сонда ол: «Расында, бұл байлық, менің ата-бабаларымның қалдырған мұрасы», - деп жауап берді. Сонда періште: «Егер сен

өтірік айтсаң, онда Аллаһ сені баяғы қалпыңа келтірсін!», - деп дұға айтады. Сосын періште бұрын шашы жоқ таз болғанға, соның бұрынғы кейпінде келіп, оған бұның алдындағы бұрынғы алапеспен ауырғанға айтқанын айтады. Ал ол болса дәл соның берген жауабындай жауап береді. Сонда періште оған да: «Егер сен өтірік айтсаң, онда Аллаһ сені баяғы қалпыңа келтірсін!», - деп дұға айтып кетеді. Сосын періште бұрын соқыр болғанға, соның бұрынғы кейпіне еніп келеді де, оған: «Мен – кедеймін, жолда бүкіл дүниемнен айрылдым. Бүгін Аллаһтан басқа, одан кейін сенен басқа сұрайтын ешкімім жоқ. Саған сенің жанарыңды қайтарған Аллаһтың атымен сұраймын, маған сапарымды аяқтауым үшін бір қой берсең жеткілікті болар еді», - дейді. Ол: «Расында мен, соқыр болдым, ал Аллаһ менің жанарымды қайтарды, не алғың келсе ал, нені қалдырғың келсе қалдыр және Аллаһтың атымен ант етемін, Ұлы Аллаһ Тағала үшін бүгін менен не алсаң да, сенен оны қайтарып беруіңді талап етпеймін!», - дейді. Сонда періште: «Дүниеңді өзіңе қалдыр, расында Аллаһ сендерді сынады да, Аллаһ саған риза болды, ал сенің екі жолдасыңа ашуланды», - дейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Аль-Бухаридің хадисінің хабарында бұрынғы соқырдың былай деп айтқаны келтіріледі: «...мен сені мақтамаймын...», яғни сен менен қалағаныңды алмасаң сені мақтамаймын, дегені.

66. Хабар бойынша, Абу Йаъля Шаддад бин Аус, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің жанынан (нәпсісінен) есеп алып отыратын және өлгеннен кейінгі қамын ойлап амал жасайтын - ақылды болып саналады. Ал Аллаһқа сеніп¹⁰, өзінің жанын нәпсісінің құлы еткендер - нашарлар болып табылады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы хадис», деп келтіреді¹¹.**

67. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰ Яғни, бәрі кешіріледі, деп ойына келгенін істей беретіндер, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан**

¹¹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

Ислам дінін жақсы ұстанғанның бір белгісі болып, адамның өзіне қатысы жоқ нәрселерге араласпауы жатады. **Ат-Тирмизи және басқа мұхаддстер бұл хадисті «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

68. Хабар бойынша, Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ер кісіден еш қашан, әйелін не үшін ұрғандығы жайлы сұрауға болмайды. **Бұл хадисті Абу Дауд және басқа да мұхаддистер келтіреді.**

6 ТАРАУ

Тақуалық (Құдайдан қорқушылық) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мұминдер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде өліңдер.»
«Аль-Имарн» сүресі, 112 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондықтан шамаларың келгенше Аллаһтан қорқыңдар» **«Тағабун» сүресі, 16 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Аллаһтан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер» **«Ахзап» сүресі, 70 аят.**

Аллаһтан қорқуды нұсқайтын аяттар көп әрі бәріне белгілі.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Кім Аллаһтан қорықса. Оған бір шығар жол пайда қылады¹. Оған Аллаһ ойламаған жерден ризық береді...» **«Талақ» сүресі, 2-3 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Егер Аллаһтан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы, жаманды айыратын қабілет береді, әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды. Аллаһ зор кеңшілік иесі.» **«Әнфал» сүресі, 29 аят.**

69. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, адамдардың ішіндегі ең құрметтісі кім?”, - деп

сұрады. Сонда ол: "Олардың ішіндегі ең құрметтісі ме?", - деді. Адамдар: "Біз сені олар туралы сұрап жатқан жоқпыз", - деді. Ол: "Онда - ол Йусуф, Аллаһтың елшісі, Аллаһтың елшісінің баласы, Аллаһтың елшісінің баласының баласы, Аллаһтың сүйіктісінің баласының баласының баласы¹", - деді. Адамдар тағы да: "Біз сенен олар туралы сұрап жатқан жоқпыз", - деді. Ол: "Демек сендер менен арабтардың ата-бабалары туралы сұрап жатсыңдар ма? Жахилия² кезінде жақсы болғандар, егер олар діннің міндеттерін жақсы түсінген болса, онда Исламда да жақсылар болып қала береді", - деді. **Аль-Бухар, Муслим.**

70. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, бұл дүние тәтті әрі көк, Аллаһ сендерді қайтер екен деп, жер бетінде Өзінің уәкілі етті. Бұл дүниеден сақ болыңдар және әйелдерден сақ болыңдар, өйткені Исраил

¹ Йъакуб, Исхақ, Ибраһим жайлы айтылып тұр, Олар Йусуфтың шыққан тегі.

² Жахилиә – Исламға дейінгі надандық дәуірі.

ұрпағының бірінші азғырылуы әйелдермен байланысты болған. **Муслим.**

71. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатынын естіген:

Иә Аллаһ, расында, мен Сенен Сенің басшылығыңды, тақуалықты, ұстамдылықты және баршылықты сұраймын. /Аллаһумма, инни асъалюкаль-худа, уа тақуа, уаль-ъафафа уальғина/ **Муслим.**

72. Хабар бойынша, Абу Тариф Ади бин Хатим ат-Таъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құлшылық етуші бір амал істеп, одан кейін тақуалыққа жақын бір амалды көрсе, онда ол соны (яғни тақуалыққа жақын амалды) істесін.

Муслим.

73. Хабар бойынша, Абу Умам Судайй бин Ажлян аль-Бахили, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қоштасу қажылығы кезінде былай деп айтқанын естідім: “Аллаһтан қорқыңдар, бес уақыт намаздарыңды оқыңдар, (ораза ұстайтын) айларыңда ораза ұстандар, дүниелеріңнен зекет төлеңдер, басшыларыңа бой ұсыныңдар, сонда Раббыларыңның Жәннәтіна кіресіңдер. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

7 ТАРАУ

Терең сенім және тәуекел (тәуәккәл) ету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мүминдер жау топтарын көрген сәтте: «Міне бізге Аллаһтың да, Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Аллаһ та Елшісі де рас айтқан» – десті. Сондай-ақ олардың сенімдерін, бой ұсынуларын одан ары арттыра түсті». **«Ахзап» сүресі, 22 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Оларға адамдар: «Сендер үшін ел жиналды, сондықтан олардан қорқындар», - деді. (Бұл сөз) олардың иманын арттырды да олар: «Бізге Аллаһ жетіп асады, Ол нендей жақсы Ие», - деді. Сондықтан олар Аллаһтың нығметі және кеңшілігімен бір сәтсіздікке ұшырамай Аллаһтың ризалығына бөленіп, қайта оралды. Аллаһ зор кеңшілік иесі». **«аль-Имран» сүресі, 173-174 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай еш өлмейтін тірі Аллаһқа тәуекел ет. Оны дәріптей мақта. Ол, құлдарының күнәлерінен хабар алуға жетіп асады». **«Фұрқан» сүресі», 59 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Мүминдер Аллаһқа ғана тәуекел етсін...» **«Ибраһим» сүресі, 11 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда қашан қарар берсең, Аллаһқа тәуекел ет. Негізінен Аллаһ тәуекелшілерді жақсы көреді». **«аль-Имран» сүресі, 159 аят.**

Аллаһқа тәуекел ету жайлы аяттар көп, әрі белгілі.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Ал кім Аллаһқа тәуекел қылса, сонда Ол, оған жетіп асады...» **«Талақ» сүресі, 3 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сөзсіз мұминдер; Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады». **«Әнфал» сүресі, 2 аят.**

74. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған бүкіл халықтар көрсетілген болатын, сонда мен жанында бірнеше ғана адам болған пайғамбарды көрдім және жанында екі не болмаса бір ғана адам болған пайғамбарды да көрдім, және жанында бірді-бір адам болмаған пайғамбарды да көрдім. Бір кезде маған көптеген адамдарды көрсетті. Мен оларды менің үмметім екен деп ойладым, бірақ маған: «Бұл Мұса мен оның халқы, бірақ басқа жаққа қара», - деді. Мен қара деген жағына қарап едім, онда көптеген адамдарды көрдім. Одан соң маған: «Ал енді мына жағыңа қара», - деді. Ол жақта да көптеген адамдар болды. Содан соң

маған: «Бұл сенің үмметің және бұлардың ішінде есепсіз және азапсыз Жәннәтқа кіретін жетпіс мың адам бар», - деді. Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрды да үйіне кіріп кетті, ал біз болсақ Жәннәтқа есепсіз және азапсыз кіретіндер жайлы сөйлесе бастадық. Арамыздан біреу: “Бәлкім бұл Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары шығар”, - деді. Басқасы: “Бәлкім олар ислам дінінде туылып Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпегендер”, - деді. Осылай әр қайсысы өз ойын айтып жатты. Арада шамалы уақыт өтісімен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: “Сендер не жайлы әңгімелесіп жатырсыңдар?”, - деп сұрады. Біз не жайлы сөйлесіп жатқанымызды айттық. Сонда ол: “Олар - өздері дем салмайтын және өздеріне де дем салдырмайтын¹², Құстың ұшқанымен ырымдамайтын және өздерінің Раббыларына тәуекел ететін адамдар», - деді. Осы кезде өзінің орнынан Уккяша бин Михсан аль-Асади тұрды да: «Аллаһтан мені солардың қатарына қосуын сұрашы», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сен

¹² Негізінде Құранмен дем салып, дем салдыру шарифатта рұқсат етілген, ал бұл жерде ол рұқсат етілген амалға да бармай, тек Аллаһ Тағалаға тәуекел еткендер жайлы айтылып жатыр, ал бұл жайлы Аллаһ жақсырақ біледі – **аударушыдан.**

солардансың”, - деді. Сонда орнынан басқа бір адам тұрып: “Аллаһтан мені солардың қатарынан қылуын сұрашы”, - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл сұраумен Уккяш сенен озып кетті”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

75. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатын деді:

Иә Аллаһ, Саған берілдім, Саған иман келтірдім, және Сенен үміттенемін, Саған ықылас білдіремін және Сенің арқаңда талас жүргіземін. Иә Аллаһ Сенің даңқыңа сүйеніп - Сенен басқа Тәңір жоқ, – деп Өзіңе адасып кетуден сыйынамын. Сен –Тірісің, Өлмейсің, ал жындар мен адамдар өледі. /Аллаһумма, ля-ка аслямту, уа бика аманту, уа ьалейка тауаккальту, уа иляй-ка анабту уа бика хасамту. Аллаһумма, аьузу би-ъиззати-ка, -ля иләһа илла Анта, - ан тудылля-ни, Анта-льХаййу аллязи ля ймуту, уа-ль-жинну уа-ль-инси йамутуна./ **аль-Бухари, Муслим.**

76. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

«Ибраһимді, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отқа тастағанда ол: «Бізге, Тамаша Қамқоршы болған, Аллаһ жеткілікті!», - деген. Бұл сөздерді Мухаммад та, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан. Оған: “Расында, сендерге қарсы адамдар жиналды, олардан қорқыңдар!”, - дегенде, олардың имандары артып: «Бізге, Тамаша Қамқоршы болған, Аллаһ жеткілікті!»¹³, - деген.

Аль-Бухари.

Осы хадистің аль-Бухари келтірген басқа хабарында, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Ибраһимді, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отқа тастағанда, оның соңғы сөзі мынау болды: «Бізге Тамаша Қамқоршы болған, Аллаһ жеткілікті!»

77. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

¹³ Араб әріптерімен бұл дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №128 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәтқа кіретіндер олар жүректері, құстың жүректері сияқты болған адамдар. **Муслим.**

Жүректері құстың жүрегі сияқты, дегенді біреулер Аллаһқа тәуекел еткен жүректер десе, енді біреулері жұмсақ жүректер, дейді.

78. Хабар бойынша, Жабірдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуы бойынша:

Ол Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге Надж жорығында болған. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сол жорықтан артқа қайтқанда да онымен бірге болған. Түскілікті демалыс уақытында олар қалың тікенмен бұталанған ағаштар өскен жазықтыққа жолығып, әрқайсысы ағаштардың көлеңкесін іздеп жайылып кетті, Аллаһтың елшісі де, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, демалуға асықты. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір қара ағашқа өзінің қаруын іліп, соның көлеңкесіне орналасты. Кішкене ұйықтаған соң, біз Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізді

шақырып жатқанын естіп келсек, оның жанында бір бадауи тұр екен. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Мына адам, мен ұйықтап жатқанда менің ілулі тұрған қылышымды қынабынан суырып алды да, маған көтерді, ал мен оянған кезде ол жалаңаштанған қылышты қолында ұстап тұрып: “Енді сені менен кім құтқарады?”, – деді ал мен болсам үш қайтара: “Аллаһ!”, – дедім”, - деді де оны жазаламай отыра кетті. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа хабарында Жабір былай дейді:

Бір кездері біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Зат ар-Рика жорығына қатыстық. Қалың көлеңкесі түсіп тұрған бір ағашқа жетісімен, ол орынды Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұсындық. Содан кейін көпқұдайшылдардың ішінен біреуі келіп, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қылышының ілулі тұрғанын көріп, оны қынабынан суырып алып: “Менен қорқасың ба?”, - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жоқ”, – деді. Ол адам: “Енді сені менен кім құтқарады?”, – дегенде, ол: “Аллаһ!”, - деп жауап берді.

Бұл хадистің Абу Бакр аль-Исмаил «Сахихіндегі» нұсқасында былай делінеді:

Сонымен ол адам: «Сені менен кім қорғайды?», - деп сұрады. Аллаһтың елшісі: «Аллаһ!», – деген кезде, ол адамның қолынан қылыш құлап түсті. Аллаһтың елшісі қылышты қолына алып: «Ал енді сені менен кім құтқарады», - деді. Ол адам: «Қайырым ет!», - деп өтінді. Оған Аллаһтың елшісі: «Аллаһтан басқа Тәңір жоқтығына және менің Аллаһтың елшісі екендігіме, куәлік бересің бе?», - деді. Ол: «Жоқ, бірақ мен сенімен ендігәрі соғыспаймын және сенімен соғысатындарға да қосылмаймын, деп уәде беремін», - деген соң, оны босатып жібереді. Ал ол адам өзінің жолдастарына қайтып келгенде: «Мен сендерге адамдардың ішіндегі ең жақсысынан келдім!», - деді.

79. Хабар бойынша, Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Егер сендер Аллаһқа дұрыс тәуекел етсеңдер еді, онда Ол сендерді, таңертең аш кетіп кешке қарындары тойып қайтатын құстарды қалай ризықтандырады, сендерді де

солай ризықтандырар еді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

80. Хабар бойынша, Абу Омар аль-Бар бин Азиб, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адамға былай деп айтқанын естіген:

Иә пәленше, егер төсекке жатқың келсе: «Иә Аллах! Нәпсімді Саған бойұсындырдым және ісімді Өзіңе тапсырдым. Әрі жүзімді саған қараттым және (сауабыңды) үміт етіп, әрі (азабыңнан) қорқып, Саған арқа сүйедім. Сенен қашып өзгеден пана табу мүмкін емес, тек Саған қашып Өзіңнен ғана пана тілейміз. Түсірген Кітабыңа әрі жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім», - де, сонда егерде, расында осы түнде өлсең, онда жаңа туған баладай (күнәдән пәк) күйінде өлесің, ал егер таң атқанша тірі қалсаң онда үлкен игілік табасың. /Аллаһма әсләмту нәфсий иләйк, уә фәуәдту әмри иләйкә, уә уәж-әһту уәжһий иләйкә, уә әлжаһату зоһрий иләйкә роғбәтән уә роһбәтән иләйкә, ләә мөлжә-ә уә ләә мәнжәә минкә иләә иләйкә, әмнтә би китәбикәл-ләзий әнзәлтә уә

би нәбий-икәл-ләзий әрсәлт/⁰ **Аль-Бухари, Муслим.**

81. Хабар бойынша, әкесі де шешесі де сахаба болған Абу Бакр ас-Сиддик¹, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Біз үңгірде тығылып жатқан кезімізде², мен көпқұдайшылдардың аяқтарын көріп: “Иә Аллаһтың елшісі, егер олардың біреуі аяғының астына қараса, олар бізді әлбетте көріп қояды”, – дедім. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің абыржуыма: “Абу Бакр, үшіншісі Аллаһ болған екеу жайлы сен не дейсің?”, – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

82. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйден шығарды әдетте былай дейтін:

⁰ Араб әріптерімен бұл дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №111 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

¹ Толық есімі – Абу Бакр ас-Сиддик Абдуллаһ бин Усман бин Амр бин Амр Ибн Қаъб бин Саъд бин Тайм бин Мурра бин Қаъб бин Луъайй бин Галиб аль-Кураши ат-Тайми

² Олардың Мекке кәпірлерінен Мединаға қашып хижра жасап жатқан кезіндегі паналап кірген үңгірлері.

Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел етемін, расында, мен адасудан, не болмаса адастырылудан, және де қателесуден, не болмаса қателестірілуден, және де әділсіз болудан не болмаса маған біреудің әділсіздік көрсетуінен және де надан болудан, не болмаса мені біреудің надандықта ұстауынан Саған сыйынамын. /Би-сми-Плаһи, тауаккальту ъля-Плаһи, Аллаһумма, инни аъзу би-ка ан адылля ау удалля, ау азилля ау узалла ау азлима ау узлима, ау ажһаля ау йуджһаля ъляйһа./¹⁴ **ат-Тирмизи бұл хадисті Абу Давд Арқылы “Жақсы хадис” деп келтіреді.**

83. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім үйінен шығар кезде: “Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһтың күш-қуатына жететін ешқандай күш қуат жоқ” /Бисмилляһи, тәуәккәлтү ъләллаһу, уә ләә хаулә уә ләә қууатә иллә билләһи/¹⁵ - десе.

¹⁴ Араб әріптерімен бұл дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №16 және №17 дұғаларында келтірілген – **аударушыдан.**

¹⁵ Араб әріптерімен бұл дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №6 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Оған: “Сен тура жолмен жүргізілудесің, (екі дүниенің жамандағанан) құтқарылдың және (кез-келген жаудың зұлымдығынан) қорғауға алындың” – делінеді¹ де, шайтан одан алыстайды. **Бұл хадисті Абу Дауд, ат-Тирмизи, ан-Насаъи және басқа да мұхаддистер келтіреді. Және де ат-Тирмизи бұны “Жақсы хадис” деген.**

Абу Даудтың келтірген хабарында былай делінеді:

Бір шайтан екіншісінен: “Сен қалайша дұрыс жолға салынған, құтқарылған және қорғалған адамды өз дегеніңе көндіре аласың?!” , - дейді екен.

84. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмір сүрген уақытында Мединанда екі ағайынды жігіт тұратын, солардың біреуі әрдайым Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп тұратын, ал екіншісі өзінің кәсібімен нан табатын. Бірде кәсібімен нан табушы Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, өзі

¹ Тәпсірлерде, Аллаһ не періште айтады делінген,

ғана жұмыс істейтіндігі жайлы айтып шағымданады. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: “Бәлкім, саған сенің ризығың сол сенің бауырың үшін келіп жатыр”, – деді. **Ат-Тирмизи риуаяты бойынша. Муслимнің хадистерінің иснадына қоятын шарты бойынша “Сенімді хадис” болып табылады.**

8 ТАРАУ

Туралық жайлы (истикама)

Аллаһ Тағала айтты:

«Бұйырылғанындай туралықты ұстан (тура бол)!...» **«һуд» сүресі, 112 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында: «Раббымыз Аллаһ» деп, сосын мықты (туралықты ұстанғандар) тұрғандар, оларға періштелер түседі де: «Қорықпандар, кейімеңдер! Сендерге уәде етілген жәннәт арқылы қуанышқа бөленіңдер» дейді. «Біз дүние тіршілігінде де Ақыретте де достарыңбыз. Сендерге ол жәннәтта көңілдерің көксеген нәрселер бар. Сондай-ақ сендерге не

тілесендер бар». Бұл аса Жарылқаушы, тым Мейірімді Аллаһ тарапынан бір сыйлық.»
«Фұссилат» сүресі, 30-32 аяттар.

85. Хабар бойынша, Абу Амр Суфйан бин Абдаллах, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: “Иә Аллаһтың елшісі, маған өзіңнен басқа ешкімнен сұрамайтындай Ислам жайлы бір сөз айтшы”, - дедім. Сонда ол: «“Аллаһқа иман келтірдім”, – де, де сосын туралықты ұстан», – деді. **Муслим.**

86. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын: “Дұрыстыққа жақындаңдар әрі оны ұстаныңдар. Және де біліңдер, сендердің ешқайсыларың тек қана амалдарыңмен құтыла алмайсыңдар”, - деді. Адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, сенде ме?”, – деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын: “Мен де, егер маған Аллаһ Өзінің рахымшылығын білдіріп, Өзінің

мейірімін жасамаса”, - деп жауап берді¹⁶.
Муслим.

Хадистегі сөздерге түсінік. Жақындау (мукараба) деген сөз, ол біркелкі, шамадан тысы да жетіспейтіні де жоқ, деген болып табылады. Дұрыстық (садад) деген сөз туралық және табысқа жету деген мағынаны білдіреді. Исламдаға ғалымдар: “Дұрыстық, Аллаһ Тағалаға біркелкі бағынуды білдеріді”, - дейді. Олар және: “Ол сөз, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дарыған аз сөйлеп көп мағына сыйдыратын сөздер жайлы болып тұр және дұрыстық бүкіл істі реттейді”, – деп те айтады.

9 ТАРАУ

Аллаһтың жаратуда ұлылығы жайлы, бұл дүниенің кетпелігі жайлы, мәңгілік өмірдегі күтіліп тұрған азаптар және екі өмірдің басқа да мәселелері жайлы, жанның

¹⁶ Бұны біз басқа де хадистерге сүйеніп: “Ешкім Аллаһтың Жәннәтінә, жасаған амалымен лайық бола алмайды, адамдар Жәннәтқа Аллаһтың Мейірімі мен Рахымы арқылы ғана кіреді”, - деп түсінеміз, сондықтан қолыңнан келетін, яғни Аллаһ Тағаланың саған жеңіл еткен амалдарын жасап Аллаһтың Мейірімі мен Рахымын ізден, дейміз, ал бәрін білуші бір Аллаһ Тағала ғана – аударушыдан.

болашаққа көп үміттенуіне болмайтындығы және рухты тәрбиелеп оған туралықты ұстауға бейімдеу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мухаммад,) оларға: «Шын мәнінде сендерге бір үгіт беремін; Аллаһ үшін екі-екіден, бір-бірден тұрындар да сосын ойланындар...»

«Саба» сүресі, 46 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шексіз көктердің және жердің жаратылуында түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте ақыл иелері үшін дәлелдер бар. Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып (әр халде) Аллаһты еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: «Раббымыз Сен мұны босқа жаратпадың, Сен пәксің, бізді от азабынан сақта!»». **«аль-Имран» сүресі, 190-191 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар, түйеге қарамай ма, қайтіп жаратылған? Олар аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген? Олар, тауларға қарамай ма қайтіп тігілген? Олар жерге қарамай ма қайтіп төселген? (Мухаммад,) ал енді насихат ет;

негізінен сен бір насихатшысың». **«Ғашия» сүресі, 19-21 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме?...»

«Юсуф» сүресі, 109 аят.

Бұл жөнінде аяттар жетерлік. Ал хадистер жайлы айтатын болсақ осы кітаптағы **66-хадисте** келтірілген Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын келтіруге болады:

Өзінің жанынан (нәпсісінен) есеп алып отыратын және өлгеннен кейінгі қамын ойлап амал жасайтын - ақылды болып саналады. Ал Аллаһқа сеніп өзінің жанын нәпсісінің құлы еткендер - әлсіздер болып табылады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

10 ТАРАУ

Игілікке асығу және игілікке қарағандарды оған мүлтіксіз және бар ынтасымен талпынуға шақыру жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда жақсылыққа жарысындар...»
«Бақара» сүресі, 149 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жәннәтқа жарысындар...». **«аль-Имран» сүресі, 133 аят.**

87. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сауабты істер істеуге асығындар, әлбетте сендерге қараңғы түннің бөлігіндей сынақтар уақыты келеді, ол кезде адам таңертең иманды болып ал кешке жақын иманынан айрылады, ал кешке жақын иманда болса, онда таң ертең имансыз болып өзінің дінін осы дүниенің игілігіне сататын болады. **Муслим.**

88. Хабар бойынша, Абу Сирваъа Укба Ибн аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Мединада Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артынан

бесін намазын оқыдым. Сол намазда ол екі жағына сәлем беріп болған соң тез орнынан тұрды да асығып адамдардың қатарынан өтіп әйелдерінің бір бөлмесіне кіріп кетті. Адамдар оның бұл асығыстығынан шошыды, ал ол болса біраз уақыт өтісімен қайтадан арамызға келді де, біздің, оның асығыстығына таңырқағанымызды көріп былай деді: “Мен үйде алтын бар екені есіме түсіп, бұдан былай да оның мені алаңдатпауы үшін таратып жіберуіне әмір бердім”. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің басқа хабарында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Мен үйде садақаның (зекеттің) бір бөлігі болған алтынды қалдырғанмын, мен оның үйде қала беруін қаламадым».

89. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ухуд соғысында бір адам Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы маған, егер мені өлтірсе, мен қайда боламын?», - деп сұрады. Ол: «Жәннәтта», – деді. Сол кезде ол адам қолындағы жеп тұрған құрмасын лақтырып

жіберді де, соғысқа кіріп жан тапсырғанша шайқасты. **Аль-Бухари, Муслим.**

90. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келген бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, кандай садақаға үлкен сауап бар?”, – деп сұрады. Ол оған былай деп жауап берді: “Сенің денің сау болып және байимын деп, сараң күйде жүрген уақытыңдағы берген садақаң. Садақа беруді, жаның қысылып өлер алдында: “Мұншасы мынаған, аншасы анаған”, – деген уақытқа дейін созба, өйткені сен олай айтпасаң да өлгеніңнен кейін дүниең солардіке болады.” **Аль-Бухари, Муслим.**

91. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ухуд соғысы болған күні, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолына қылыш алды да: «Кім менен мынаны алады?», – деді, сонда адамдардың бәрі: «Мен, мен», – деп, қолдарын соза бастады. Сонда ол: «Менен бұны кім дұрыстап алады?¹», - дегенде, адамдар толғанып қалды. Ал Абу Дуджана, оған

¹ Яғни, жеңіске жеткенше, не өлгенше шайқасады.

Аллаһтың ризашылығы болсын, болса: «Мен оны дұрыстап аламын»,– деді де, қылышты алып, көпқұдайшылдардың басын шаба бастады. **Муслим.**

92. Хабар бойынша, Абу Зубайр бин Ади айтты:

Кезінде біз Анас бин Малікке, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келіп аль-Хажаждің басынушылығына шағындық. Ол бұған: «Шыдаңдар, қандай заман келмесе де, оның артынан одан да жаман уақыттар келеді және бұл өздеріңнің Раббыларыңды кездестіргенше жалғасады. Мен бұны сендердің Пайғамбарларыңнан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естідім. **Аль-Бухари.**

93. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге жеті бәле жолыққанша, сауабты амалдарыңды жасап алыңдар. Сендерге бәрін ұмыттыратын кедейлік, не болмаса азғындырушы байлық, не болмаса қапыда қалдыратын кесел, не болмаса сөздеріңнің

мәнін кетіріп алжытантын кәрілік, не болмаса бәлелердің үлкені болып табылатын мәсіх Джалдің келуі, не болмаса бұл дүниенің барлық бәлесінің бәрінен де ащы да ауыр болатын Қияметтен артық не жолығуы мүмкін. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

94. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хайбар шайқасында болған күні былай деп айтқанын естіген:

Мен осы туды Аллаһ пен Оның елшісін жақсы көретін және сол арқылы Аллаһ бізді жеңіске алып келетін адамға тапсырамын!

Омар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын:

Осы күнді санамағанда мен ешқашан, басқаруға ынтам болмап еді, ал бұл жолы туға мені шақырар ма екен деген үмітпен одан дәмелендім, бырақ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзіне Али бин Абу Талибты, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, шақырды. Туды оның қолына ұстатып: «Аллаһ саған жеңіс жібергенше еш нәрсеге

көңіл бөлме (алаңдама)!» Али біраз жерге ұзады да, сосын тоқтап, бірақ бұрылмай: «Иә Аллаһтың елшісі, бұл адамдармен мен не үшін шайқасайын?», – деп айқайлады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олар, Аллаһтан басқа Тәңір жоқ және Мухаммад – Оның елшісі екендігіне куәлік бергенше соғыс. Егер олар куәлік берсе, онда онысымен сенен өздерінің жандарын және дүниелерін сақтап қалады да, одан кейін олардың жандары да дүниелері де басқаларға тек қана хақыларымен ғана тиесілі бола алады¹, ал Аллаһ олардың есебін толық береді².

Муслим.

11 ТАРАУ Ынталылық жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

¹ Шарифат заңы бойынша, олар Ислам дінін қабылдағаннан кейін олардың дүниелері мен жандарына ешкім хақысыз нұқсан келтіре алмайды.

² Олардың куәлік бергендегі ниеттерін Аллаһ біледі, соңынан Аллаһ ниеттеріне қарай есептерін толық береді.

«Сондай жолымызда күрескендерді әлбетте тура жолдарымызға саламыз. Рас Аллаһ жақсылық істеушілермен бірге» **«Ғанкабут» сүресі, 69 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа, саған өлім келгенге дейін құлшылық қыл» **«Хыжыр» сүресі, 99 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңның атын дәріптеп, әр нәрседен аулақ болып, Оған нағыз (толығымен) жөнел. **«Мүззәміл» сүресі, 8 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді.» **«Зілзал» сүресі, 7 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Және өздерің үшін, алдын ала хайыр істесеңдер, оның Аллаһтың қасында жақсы, зор сыйлық түрінде табасыңдар....» **«Мүззәміл» сүресі, 20 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сендер не қайыр берсеңдер, Аллаһ оны біледі...» **«Бақара» сүресі, 273 аят.**

95. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала айтты: Кімде-кім Менімен жақын болған адаммен¹⁷ жауласса Мен оған соғыс жариялаймын. Маған жақындамақшы болып істеген амалдардың ішінде маған ең ұнайтыны, ол Менің оған міндеттеген амалдарым. Менің құлым Менің міндеттеген амалдарымнан бөлек одан артық амалдар жасап, Мен оған ғашық болғанша жақындай береді. Ал Мен оған ғашық болғанда, оның еститін құлағы боламын, көретін көзі боламын, ұстайтын қолы боламын, жүретін аяғы боламын. Егер ол Менен бір нәрсе сұраса, оған сұрағанын міндетті түрде беремін, ал егер Менен қорған сұраса, оған міндетті түрде қорған боламын. **Аль-Бухари.**

96. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁷ Өте такуа адамдар жайлы.

Расында, Аллаһ Тағала айтты: Егер құлым Маған бір алақан жақындаса, Мен оған бір білек жақындаймын, егер ол Маған бір білек жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындаймын, ал егер ол маған ақырын жүрсе, онда Мен оған қарай жүгіре жөнелемін. **Аль-Бухари.**

97. Хабар бойынша, Ибн Аббас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көп адамдар екі қайырымнан құр қалған, олар денсаулық пен бос уақыт¹⁸. **Аль-Бухари.**

98. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Әдетте Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнгі намазды ұзақ оқығандығы соншалық тобықтары жарылып кететін. Бірде мен одан: «Иә Аллаһтың елшісі, сен неліктен сонша құлшылық етесің, сенің өткен әрі алдағы күнәләріңінің бәрін Аллаһ кешпеп пе еді?», – дедім. Ол маған: «Мен

¹⁸ Осы екеуін қайырымды амалдар жасауға жұмсамайды дегені.

Аллаһқа ризашылығын білдіретін құл болуым керек емес пе?», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

99. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

(Рамаданның) соңғы он күндігінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі ұйықтамай және үй ішіндегілерді оятып ерекше ынта (ықылас) білдіріп, изарын¹⁹ бекем байлайтын²⁰. **Аль-Бухари, Муслим.**

100. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мықты діндар, Аллаһ алдында әлсіз діндардан жақсы әрі Аллаһқа сүйкімді, дегенмен екеуінде де хайыр (игілік) бар. Өзіңе пайда әкелетінге талпын да, әлсіз болмай Аллаһтан көмек сұра. Егер саған бір қайғы

¹⁹ Изар – белге байланатын, адамның белінен төменгі жағын жауып тұратын матаның бөлігі.

²⁰ Мұндағы меңзеліп тұрғаны, бәлки оның бұл уақытта әйелдеріне жақындамағаны, не болмаса Аллаһқа құлшылық етуде ерекше ынталық білдіргені.

келсе: «Әттеген-ай осылай да осылай істесем еді..» – деме, бірақ: «Бұл Аллаһтың жазмышы, Аллаһ қалағанын істеді», - де. Өйткені «егер де..», деген сөзің шайтанның ісіне жол ашады.

Муслим.

101. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

От (тозақ) құмарлықтың артына жасырынған, ал Жұмақ – (сен) жақтырмайтын (қиындықтардың) артында. **Аль-Бухари,**
Муслим.

Муслим келтірген хадистің нұсқасында «жасырынған», деген сөздің орнына «қоршалған», деген сөз қолданылады. Одан хадистің мағанасы өзгермеді. Ол деген, адамды жәннәтан не болмаса тозақтан сол шегара бөледі, егер қайсысының жанындағыны орындаса сонда тап болады (жәннәт не тозақ).

102. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жазғышы ретінде танымал болған, Абу Хузаифа

бин аль-Йаман аль-Ансари, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде бірге (нафіл) намаз оқыдым. Сонда ол (намаздың бірінші ракағатында) “Бақара” сүресін оқи бастады. Мен өз-өзіме: “Ол (осы сүренің) жүз аятын оқып рукуғқа барады”, – дедім, бірақ ол одан кейін де оқуын жалғастыра берді. Сонда мен өзіме: “Ол (сүрені) (намаздың бірінші ракағатында) толығымен оқып шығады», - дедім. Сосын мен өзіме: «Оны оқып бітірісімен рукуғ жасайды», – деп тұрғанымды, ол «Ниса» сүресін оқып бастап оны толығымен оқып шықты, сосын Аль-Имран» сүресін оқуға кірісті де, оны да толығымен әр әріпін шығарып мәнерлеп оқып бітірді. Сол кезде ол аяттың ішінде Аллаһты мақтау туралы сөздерді оқығанда, ол Аллаһты мақтады, ол аяттың ішінде Аллаһқа дұға жасау туралу аятты оқығанда, дұға жасады, ал Аллаһтан пана сұрау жайлы аятты оқығанда, ол Аллаһтан пана сұрады, содан соң ол иіліп рукуғқа кетті. Сол кезде: «Менің Ұлы Раббым кемшілік атаулыдан пәк!» /Субхана Раббийль-Азым!/ - деп айта бастады да, оның рукуғы, қыям кезінде қанша тұрса сонша уақытты алды. Сосын ол: «Аллаһ

Тағала Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естиді. Раббым саған мақтау!» /Сами Аллаһу лиман хамидаһ. Раббана уалакль-хамд!/, - деп бойын түзеді де, осы күйде рукухта қанша болса, соншама уақыт аралығында тұрды. Ал сосын ол: «Аса Жоғары Раббым пәк!» /Субхана Роббиль Аъля!/- деп сәждеге жығылды да, сол қалпында, тік тұрған кезінде қаншама уақыт өткізсе, соншама уақыт болды. **Муслим.**

103. Хабар бойынша, бірде Ибн Масъудтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде бірге (нафіл) намаз оқығанымда, оның (көп) тұрғаны соншалық, мен бір жағымсыз іс жасай жаздадым». Адамдар одан: “Ол жасай жаздағаның ісің не?”, – деп сұрады. Оларға ол: “Менің оны қалдырып отыра кеткім келді”, – деп жауап берді. **Аль-Бухари. Муслим.**

104. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

(Қабірге) өлген адамның артынан үшеуі ереді, олар: от басы мүшелері, оның дүниесі және амалдары. Олардың екеуі қайтады да, ал біреуі өзімен қалады. Қайтатындары, от басы мүшелері мен дүниесі, ал амалдары болса өзімен қалады. **Аль-Бухари, Муслим.**

105. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге Жәннәт аяқ киімдеріңнің баулрынан да жақын және Тозақ та әр қайсысыңа сондай жақындықта болып табылады. **Аль-Бухари.**

106. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызметшісі болған және перденің артында тұрғандардың бірі болған²¹ Абу Фирас Рабиъа бин Қаъб аль Аслами, оған Аллаһтың

²¹ «Ахль ас-суфа» - перденің артында тұрғандар, кедей баратын жерлері жоқ, тұратын үйлері жоқ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары, оның үйінің жанында мешітте перде артында тұрғандарды айтқан. Солардың бірі Абу Хурайра. Онда тұрғандардың тоқсанының аты мәлім.

ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, дәрет алуы үшін су әкеліп және де басқа керекті нәрселерін әкеліп түндерді Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, алдында өткізетінмін. Сондай күндердің бірінде ол маған: “Менен бір нәрсе сұрашы”, – деді, сонда мен: “Мен сенен, сенімен Жәннәтта бірге болуды сұраймын!”, – дедім. Ол: “Бәлкім сен менен басқа нәрсе сұрайсың?”, – деді. Мен: “Жоқ, тек қана осыны қалаймын!”, – дедім. Сонда ол: “Онда сенің нәпсіңмен күресте, көп сәжде жасап, маған көмектес²²”, – деді.

107. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, босатқан құлы Абу Абдаллаһ Саубан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сен көп сәжде жасауың керек, расында, Аллаһ үшін жасаған әр сәждеңе, Аллаһ сені бір

²² Көп намаз оқы дегені, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – аударушыдан.

сатыға көтереді және сенің мойныңнан бір (кіші) күнәні түсіреді. **Муслим.**

108. Хабар бойынша, Абу Сафуан Абдуллаһ бин Бусра аль-Аслами, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың ішіндегі ең жақсылары болып саналатындар, олар көп өмір сүріп амалдары жақсы болғандар. **Ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

109. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде менің Бадр соғысына қатыспаған нағашым (не болмаса әкеснің бауыры), Анас бин ан-Надр, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, мен сенің көпқұдайшылдармен соғысқан бірінші шайқасыңа қатысқан жоқпын, бірақ Аллаһтың атымен ант етемін, егер Аллаһ маған олармен шайқасуды нәсіп етсе, менің олармен не істейтінімді Аллаһтың өзі көреді”, - деді.

Артынан Ухуд соғысында, мұсылмандар өздерінің орындарынан кете бастағанда, ол (нағашым), орындарынан кетіп жатқандар жайлы: “Иә Аллаһ, бұлардың осылай істеп жатқандары үшін кешірім сұраймын және Менің олардың істеп жатқандарына қатысым жоқ екендігіне, Сені куәлікке шақырамын!”, – деп айқайлады. Ол осыны айтты да алдыға қарай жылжып, алдынан кезіккен Саъд бин Муъзға: “Иә Саъд бин Муъз, Мен Жәннәтқа және Қағбаның Раббына және ан-Надырдың Раббына асығамын! Ақиқат, мен оның аңқыған жұпар иісін Ухуд жақтан сезінемін. Артынан (бұл жайында) Саъд: “Иә Аллаһтың елшісі, мен оның істегенін істей алмадым!”, – деді.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Ал соғыстан соң біз оны, көпқұдайшылдардың оның түрін қатыгездікпен бұзып тастаған өлі күйінде таптық. Сонда оның денеснен қылыш, найза және садақтың оғынан болған жетпістен астам жараны санап шықтық. Оны бұл күйінде апасы ғана саусақтарынан таныды.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Жоғарыдан түсірілген мына аят сол және соған ұқсас адамдар жайлы болды деп ойладық: «Мүминдерден, Аллаһқа деген

уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады.» («Ахзап» сүресі, 23 аят) аль-Бухари, Муслим.

110. Хабар бойынша, Абу Масъуд Укба бин Амр аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Қайыр-садақа жайлы аят түскеннен кейін біз, жүктер таси бастадық²³. Бір адам келіп қайыр-садақа ретінде көп ақша берді. Сол кезде екі жүзділер: «Ол бұны көрер-көзге (мақтанып) істеп жатыр», - десе, артынан келіп бір саъ құрма қайыр-садақа берген адамға: «Расында, Аллаһ сенің бұндай қайыр-садақаңа мұқтаж емес!», - деп мазақтай бастады. Сол кезде осыған байланысты мынадай аят түсті: «Сондай мүминдерден садақаларда, ынталы болушыларды айыптағандар, тағы тырысып тапқанын ғана бергендерді тәлкектегендерді, Аллаһ мазаққа ұшыратады. Әрі олар үшін жан түршігерлік қинау бар.» («Тәубе» сүресі, 79 аят) аль-Бухари, Муслим.

²³ Қайыр-садақа беруге мүмкіншілік табу үшін, жүк тасып ақша тапқан.

111. Хабар бойынша, Абу Зарра аль-Гифари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала айтты:

Иә Менің құлдарым, расында мен Өзімді әділсіздіктен тыйдым және сендерге оны рұқсат етпеймін, сондықтан бір-біріңе қысымшылық көрсетпеңдер! Иә Менің құлдарым, Мен дұрыс жол көрсетпегендерімнен басқаларыңнан барлығың адасуда едіңдер, сондықтан Менен дұрыс жол сұраңдар, Мен сендерді дұрыс жолға саламын! Иә Менің құлдарым, Мен тамақ бермегендерімнен басқаларыңның барлығың аш қаласыңдар, сондықтан менен тамақтандыруды сұраңдар, Мен сендерді тамақтандырамын! Иә Менің құлдарым, Мен киіндіргендерден басқаларыңнан барлығың жалаңаш қаласыңдар, сондықтан менен киіндіруді сұраңдар, Мен сендерді киіндіремін! Иә Менің құлдарым, сендер күндіз-түні күнә жасайсыңдар, ал Мен барлық күнәләрді кешіремін, сондықтан Менен кешірім сұраңдар, Мен сендерді кешіремін! Иә Менің құлдарым, сендер Маған ешбір жамандық та, ешбір

жақсылық та жасай алмайсыңдар! Иә құлдарым Менің, егер адамдарың бар жындарың бар, бәрің араларыңдағы ең тақуаның жүрегінің тақуалығындай тақуа болсаңдар, одан Маған келіп-кетер еш нәрсе болмас еді! Иә Менің құлдарым, егер адамдарың бар жындарың бар, бәрің араларыңдағы ең нашардың жүрегінің нашарлығындай нашар болсаңдар, одан да Маған келіп-кетер еш нәрсе болмас еді! Иә Менің құлдарым, егер адамдарың бар жындарың бар, бәрің бір жерге жиналып Менен бір нәрсе сұрасаңдар, ал Мен болсам Сендердің бәріңнің сұрағандарыңды берсем, теңізге түскен ине ондағы судың көлемін қалай азайтпайтын болса, Менің де байлығым бергенімнен азаймас еді! Иә Менің құлдарым, ақиқат, сендердің жасаған амалдарың тек өздерің үшін ғана, оны мен артынан есептеп сауабын өздеріңе толығымен беремін, сол кезде кім игілік тапса²⁴, Аллаһқа мақтау айтсын, ал кім бұдан басқасын тапса, өзінен басқа ешкімді кінәләмай-ақ қойсын! **Муслим.**

Саъид былай деп айтты: «Абу Идрис бұл хадисті жеткізгенде тізерлеп тұрып айтты. Біз бұл хадис жайлы: «Шам тұрғындары үшін бұл хадистен құрметтісі жоқ», – деген, **Ахмад**

²⁴ Яғни, кім Аллаһтың сыйына кенеліп Жәннәтқа кірсе.

бин Ханбалдің²⁵, оған Аллаһтың рахымы болсын, айтуымен жеткіздік.

12 ТАРАУ

Әсіресе өмірдің соңында көп сауапты істер жасау жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар тозақта: «Бізді тозақтан шығар! Істеген амалдарымыздан басқа жақсы амал істейік», - деп шыңғырады. «Сендерге үгіт алғысы (ойланғысы) келген кісі (үшін), үгіт алатын (ойланатын) өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді татыңдар, залымдар үшін ешбір көмекші жоқ»
«Фатыр» сүресі, 37 аят.

Ибн Аббас және басқа да тәпсірлешілер бұл аят жайлы былай деген: «Бұл дегеніміз: Біз саған алпысқа дейін өмір сүретін уақыт бермеппе едік?» Бұл түсіндірменің дұрыстығын төменде келтірілген, Аллаһ жазса соңынан біз келтіретін (және сіз оқитын) хадис дәлел. Бұл

²⁵ Төрт мазхаб имамдарының бірі – аударушыдан.

жайында: «Бұл қырық жас» не болмаса: «он сегіз жас», - деп те ойлағандар болған. Бұлай деп аль-Хасан, аль-Кальби және Масрук айтқан, делінеді. Және де бұлай ибн Аббас та айтқан делінеді. Егер Мединалық тұрғындардың бірі қырық жасқа жетсе, ол өзін құлшылық ісіне толығымен арнаған, деген хабарлар да бар. Және де: «Бұл жас кәмлет жасы», - деген ойлар да бар.

Аллаһ Тағаланың: **«Әрі сендерге ескертуші де келген еді»**, - сөзі жайлы Ибн Аббас және басқа да ғалымдар: «Бұл – Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын», – деген. Ал Икрима, Иьн Уйаййна және басқалары: «Бұл – ақ шаш», – деген. Ал Аллаһ бұл туралы жақсы біледі.

112. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ адамға, алпыс жасқа жеткенінше кешірімін созып отырады. **Аль-Бухари.**

Ғалымдар бұл жайлы: «Аллаһ оның, осыншама уақытқа шегергендіктен, оның ақталуына мүмкіншілік бермейді», - деген.

Арабтар: «Ақталу белгілі бір уақытқа дейін қабыл», - дейді.

113. Хабар бойынша, Ибн Аббас, екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Омар мені Бадр шайқасына қатысқан ақсақалдармен бірге өзіне²⁶ шақыратын. Соңында бұл солардың біреуінің ашуын туғызса керек, ол: «Бұл бала неге саған бізбен бірге кіреді, ол біздің балдарымыздан да жас қой?!», - деді. Жауап ретінде Омар: «Сендер оның жайын²⁷ (тегін) білесіңдер ғой!», - деді. Бірде ол мені сол қарттармен бірге тағы да өзіне шақырды. Бұл жолы ол мұны әдейі істеді деп ойлаймын. Өйткені Омар: «Сендер Аллаһтың былай деп айтқанына не дейсіңдер: «Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде; Адамдардың, Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ, тәубені өте қабыл етуші²⁸», - деді. Сонда отырғандардың бірі: «Бізге жәрдем беріліп жеңіске жеткен кезде Аллаһқа мақтау айтыңдар, деп әмір берілген

²⁶ Түрлі мәселелерді шешетін жиналысқа.

²⁷ Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, туысқан болып келеді және өзінің діни білімімен көзге түскен.

²⁸ «Насыр» сүресі

еді», - деді, ал қалғандары еш нәрсе айтпай үндемеді. Сонда ол маған қарап: «Сен де осынын айтасың ба, иә Ибн Аббас?», – деді. Мен: «Жоқ», – дедім. Ол: «Онда сен не айтасың?» – деп сұрады. Мен: «Бұл жерде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірінің өлшемі, яғни соңының таяп қалғандығы жайлы Аллаһ хабарлап жатыр. Аллаһтың: «Аллаһтың көмегі мен жеңіс келген кезде», - дегені, Ол сенің өміріңнің соңы таяп қалды (осы уақыт саған белгі): «...енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ тәубені өте қабыл етуші», - дейді.», - дедім. Менің айтқандарымды тыңдап болып, Омар: «Мен де бұл сүре жайлы, сенің айтқаныңнан басқа еш нәрсе білмеймін», - деді.

Аль-Бухари.

114. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтың көмегі мен жеңісі келген кезде...», – деген сүре түсісімен, ол бірде-бір намазында былай деп айтпай сәжде жасамайтын: «Раббымыз, Сен пәксің, Саған мақтау, иә Аллаһ кешір мені.»

/Субханака, Раббана, уа бихамдика,
Аллаһумма-ғфирли!²⁹ **Аль-Бухари, Муслим.**

«Сахихтердің» екеуінде де келтірілген нұсқалардың бірінде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын; былай деп айтқаны хабарланады:

Өзінің рукуғы мен сәждесінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Раббымыз, Сен пәксің, Саған мақтау, иә Аллаһ кешір мені», - деп Құранда көрсетілген әмір бойынша, көп қайталайтын.

Құранда көрсетілген әмір бойынша делінгені, онда Құрандағы Аллаһ тағаланың деп айтқан әмірі жатады: былай «...Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле...»

Бұл хадистің Муслим ұсынған хабарында, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Өлер алдында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен ризашылығы болсын, былай деп жиі айтатын: «Аллаһ, Сен пәксің, Саған мақтау, иә Аллаһ, Сенен кешірім

²⁹ Араб әріптерімен бұл дұға «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №42 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

сұраймын және Сенің алдыңда тәубе келтіремін!» /Субхана-ка Аллаһумма, уа бихамдика, астағфирука уа атубу илайка./

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, сенен естіп жүрген бұл неғылған жаңа сөздер?», – деп сұрадым. Ол: «Маған бір белгі нақтыланған еді, соны көріп, мен осыны айтатын болдым. Нақтыланған белгісі Аллаһтың: «Аллаһтың көмегі мен жеңісі келген кезде...», - дегені және осы сүренің аяғына дейінгі айтқандары еді.

Муслимнің келтірген бұл хадисінің таға бір нұсқасында, Айшаның былай деп айтқаны келтіріледі:

Бір кездерден бастап, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына сөздерді жиі айтатын болды: «Аллаһ, Сен пәксің, Саған мақтау, Аллаһтан кешірім сұраймын және оның алдында тәубе келтіремін» /Субхана-Ллаһи уа бихамдиһи, асағфируллаха, уа атубу илай-һи/

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, сен: «Аллаһ, Сен пәксің, Саған мақтау, Аллаһтан кешірім

сұраймын және Оның алдында тәубе келтіремін», - деп жиі айтатыныңды естіп жүрмін?, - дедім. Ол былай деп жауап берді: «Менің Раббым, менің үмметіме байланысты бір белгі көресің, сол белгіні көрісімен: «Аллаһ, Сен пәксің, Саған мақтау, Аллаһтан кешірім сұраймын және оның алдында тәубе келтіремін», - деп айтуым жайлы аян берді, ал мен болсам сол белгіні көрдім. «Аллаһтың көмегі мен жеңісі келген кезде...», - деген сөздер - бұл Меккені жаулап алғанымыз – Адамдардың, Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ, тәубені өте қабыл етуші».

115. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Расында, Ұлық Аллаһ Тағала, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлерінің алдынан сәл бұрын, аяндарын бірінің артынан бірін түсіріп жатты. Ол аяндардың басқа уақыттарға қарағанда, ең жиі түсіп жатқан уақытында көз жұмды. **Аль-Бухари, Муслим.**

116. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың әр бір құлы қандай күйде өлсе, сол күйде тірілттіріледі. **Муслим.**

13 ТАРАУ

Игілікке апаратын жолдың көптігі жалы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Хайырдан не істесеңдер, күдіксіз Аллаһ оны біледі...» **«Бақара» сүресі, 215 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Не хайыр істесеңдар Аллаһ оны біледі...» **«Бақара» сүресі, 197 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әлдекім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін...» **«Жасия» сүресі, 15 аят.**

Бұл жайында белгілі аяттар көп, ал Хадистер жайлы айтатын болсақ көп-ақ және оның бәрін

айтып тауыса алмаймыз. Төменде біз солардың бір бөлігін ұсынып отырмыз:

117. Хабар бойынша, Абу Зарр Жундуб бин Жунада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, амалдардың ішіндегі ең жоғары бағаланатыны қайсысы?», - деп сұрадым. Ол: «Аллаһқа иман келтіру және Аллаһ жолындағы соғыс», - деп жауап берді. Мен: «Ал құлдардың ішіндегі жақсысы қайсы?³⁰», - деп сұрадым. Ол: «Қожайындарының ең жоғары бағалаған құлы және қайсысы оларға қымбатқа түскен болса, солар», - деп жауап берді. Мен: «Ал егер мен бұларды істей алмасам³¹?», - деп сұрадым. Ол: «Онда (айтылған) қай бір іспен шұғылданғандарға көмектес, не болмаса істей алмағандардың орнына өзің істе». Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, егер мен айтылғандардың бірін істей аламасам?», - деп сұрадым. Ол: «Онда адамдарға жауыздық жасауды тоқтат,

³⁰ Ол: «Қандай құлды, Аллаһ жолында босатқан жақсы?», - деп сұрап тұр

³¹ Ол, егер мен соғыса аламасам және құл босата алмасам, деп сұрап жатыр.

осы сен үшін өзіңе берген садақа болып табылады». **Аль-бухари, Муслим.**

118. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн шыққан әр күні әр қайсысың денелеріңде неше буын болса сонша садақа беруге тиістісіңдер. Әр бір айтылған: «Субхана-Ллаһ», садақа болып табылады және: «Әлхамду ли-Ллаһ», садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Лә иләһә ила-Ллаһ» садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Аллаһу акбар», садақа болып табылады, және жақсылыққа шақыру садақа болып табылады, жамандықтан тыйу садақа болып табылады, бірақ осының бәрін таңертiңгiлiк оқыған екі бас нәфіл намаз /ад-духа/³² ауыстыра алады.

Муслим.

119. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

³² Ад-Духа намазы күн найза бойы көтерілгеннен, түске дейін оқуға болады. Оның ракат саны екіден сегіз бас аралығында.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Менің үмметімнің бүкіл жақсы амалдары маған көрсетілген болатын, мен солардың ішіндегі жақсы амалдардан, жолдың бойынан бүкіл, адамдарға кедергі келтіретін затты алып тастағандарына дейінгісін көрдім, ал жаман амалдардан мешіттің ішінде түкіріп оны көмбегендеріне дейінгісін де көрдім³³. **Муслим.**

120. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, дүниесі мол байларға бүкіл сауаб бұйырады, олар біз сияқты намаз оқиды, біз сияқты ораза ұстайды, бірақ (олардың бізден артықшылығы) дүниелерінен садақа береді!» - деді. Бұған жауап ретінде ол былай деді: «Сендерге де Аллаһ неден садақа берудің жолын көрсетті емес пе? Расында әр бір айтылған «Субхана-Ллаһ» садақа және әр бір айтылған «Аллаһу акбар» садақа және әр бір айтылған «Әлхамду ли-Ллаһ» садақа және әр бір айтылған: «Лә иләһә ила-Ллаһ» садақа және жақсылыққа шақыру садақа, жамандықтан тыйу садақа және

³³ Бұрынғы мешіттердің едендері топырақ болған.

керек десеңдер әр қайсысыңның әйелдеріңмен қосылғандарың садақа!» Олар: «Иә Аллаһтың елшісі, егер бізден біреу өзінің құмарын қандырса, сол үшін де сауап табады ма?», - деп сұрады. Ол: «Маған айтыңдаршы, егер біреу құмарын (шариғат) рұқсат етпеген жолмен қандырса (яғни ойнас жасаса), ол күнә табады епес пе? Сол сияқты барлық рұқсат етілген жолмен құмарын қандырса, оған сауап бар!», - деп жауап берді. **Муслим.**

121. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ешуақытта шариғаттың рұқсат еткенін елемеуші болма, керек десең, ол бауырыңды күлімдеп қарсы алу тұрғысында болса да. **Муслим.**

122. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн шыққан әр күні әр қайсысың денелеріңде неше буын болса сонша садақа беруге

тиістіңдер: егер сен екеудің таласын әділ шешіп берсең садақа берген боласың, егер адамды көлігіне мінгізіссең, оған оны мінгізіп апарсаң, не болмаса көлікке оның затын көтеріп салсаң, садақа берген боласың, жақсы сөз - садақа және намазға бара жатқан әр бір қадамың үшін, садақа берген боласың және де жолда жатқан адамдарға кедергі жасайтын затты алып тастағаның, садақа бергенің болып табылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұдан бөлек Муслим, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізуімен бұл хадистің басқа бір нұсқасын келтіреді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Әр бір, Адам атадан тараған адам, үш жүз алпыс буынды мүшеден құралған. Кімде-кім күн ішінде: «Аллаһу акбар», «Әлхамду ли-Ллаһ», «Лә иләһә ила-Ллаһ» және «Субхана-Ллаһ» - десе, не болмаса Аллаһтан кешірім сұраса, не болмаса адамдар жүретін жолдан, тас, тікен, сүйекті алып тастаса, не болмаса адамдарды жамандықтан тыйып жақсылыққа шақырса, оның осындай жақсы амалдары үш жүз алпысқа жетсе, онда ол осы күнге Отты өзінен алыстатады».

123. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мешітке барғанға, не болмаса мешіттен қайтқанға Аллаһ, ол адам үшін, сонысын (яғни мешітке барып келуін) қайталаған сайын, Жәннәтта оған тәтті сыйлық дайындайды.

124. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Мұсылман әйелдер, ешбір көрші, қойдың тұяғы тұрғысында болса да, көршісіне жақсылық жасауды арсынбасын (не болмаса ұмытпасын) (Яғни оған қойдың тұяғын берсе де). **Аль-Бухари, Муслим.**

125. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иманның жетпістен /не алпыстан/ астам тармағы бар. Оның ішіндегі ең жақсысы: «Аллаһтан басқа Тәңір жоқ» /Лә иләһә иләл-Ллаһ/, - деу, ал ең кішісі жолдың бойынан адамдарға кедергі жасайтынды алып тастау және ұялшақтық – иманның бір тармағы болып саналады. **Аль-Бухари, Муслим.**

126. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Бірде өзінің жолымен келе жатқан адам қатты шөлдей бастайды. Ол бір құдық тауып, онда түсіп шөлін қандырып шыққанда, шөлдегеннен лай топырақты жеп жатқан бір итті көреді. Осыны көрген ол өзіне-өзі: «Бұл ит мен шөлдегендей қатты шөлдеп жатыр», - дейді де, қайтадан құдыққа түсіп аяқ киіміне су толтырып, оны тісімен тістеп сыртқа көтерілгенше тісінен түсірмейді. Сосын сыртқа шығысымен иттің шөлін қандырып су береді. Осы амалы үшін Аллаһ, ол адамның бүкіл күнәлерін кешіріп алғысын білдіреді». Сонда адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, бізге хайуандар үшін де сауап беріледі ме?», - деп сұрады. Ол: «Сауап барлық

тірі жан үшін беріледі», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Аль-Бухари келтірген хадистің нұсқасында былай делінеді:

...осы амалы үшін Аллаһ ол адамға алғысы ретінде, бүкіл күнәлерін кешіріп Жәннәтқа кіргізді.

Аль-Бухаридің және Муслимнің келтірген хадистің тағы бір нұсқасында былай делінеді:

Шөлден құдықты айналып өлермен болған итті көрген израйль халқының зинақор әйелі, өзінің аяқ киімін шешіп суға толтырып, онымен иттің шөлін қандырғаны үшін, бүкіл күнәләрі кешірілді.

127. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Жәннәтта, осы дүниеде мұсылмандардың жүруіне кедергі жасағандығы үшін, кесіп тастаған ағашының көлеңкесінде рахаттанып жатқан адамды көрдім. **Муслим.**

Осы хадистің Муслим келтірген нұсқасында былай делінеді:

Бір адам жолда жатқан бұтақтың жанынан өтіп бара жатып өз-өзіне: «Аллаһтың атымен ант етемін, бұның мұсылмандарға кедергі жасамауы үшін жолдан алып тастаймын», – деді (де, оны жолдан алып тастады), сол үшін ол Жәннәтқа кіргізілді.

Аль-Бухаридің және Муслимнің келтірген хадистің тағы бір нұсқасында былай делінеді:

Жол бойымен келе жатқан бір адам, жол үстінде тікен басқан бір бұтақты көрді де, оны жолдан алып тастады, осынынсы үшін, Аллаһ алғыс ретінде оның бүкіл күнәлерін кешірді.

128. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім дұрыстап дәрет алып, жұма намазына келіп (имамның айтқан құтпасын) үндемей отырып тыңдайтын болса, оның екі жұма арасындағы және сонан кейінгі үш күндік кішігірім күнәләрі кешіріледі. Ал кімде-кім осы

уақытта (мешіттегі) тастарды теріп, ермек қылса, онда ол уақытын бос өткізгені. **Муслим.**

129. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың иманды құлы, дәрет алып бетін жуған кезде, оның бетінен судың соңғы тамшысымен көзімен көрген күнәләрі түседі, ал қолын жуған кезде, сумен бірге, оның қолымен ұстаған күнәләрі түседі, ал аяғын жуған кезде, сумен бірге оның аяғымен барған күнәләрі түседі, осылай барлық күнәләрінен арылғанша жалғасады. **Муслим.**

130. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күнделікті орындалған бес уақыт намаз, әр бір жұма намазына қатысу, Рамадан сайын ұсталған ораза, осы аралықта, үлкен күнәдан басқа жасалған кіші күнәләрдің бәрінің кешірілуіне себеп болады. **Муслим.**

131. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: «Сендерге Аллаһ не арқылы кішігірім күнәләрді кешіріп, дәрежелерді көтеретінін³⁴ айтайын ба?», – деп сұрады. Олар: «Әрине, иә Аллаһтың елшісі!», – деді. Сонда ол: «Бұл – кейбір ыңғайсыздықтарға³⁵ қарамай дәретті толық алу, Мешітке қарай жасалған көптеген қадамдар және намаздан кейін келесі намазды күту және бұл сендер үшін – рибат (яғни нәпсіңе қарсы жихад)», - деді. **Муслим.**

132. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

³⁴ Жәннәтта.

³⁵ Суық су секілді.

Салқын уақытта екі рет намаз оқыған
Жәннәтқа кірді³⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

133. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың құлы ауырса не болмаса сапарда болса, оған әдетінше үйінде болып сау кезінде орындайтын бүкіл амалдары жазылады (яғни ол орындай алмаса да). **Аль-Бухари, Муслим.**

134. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шариғаттың бүкіл рұқсат етілген (ұнатқан) амалдарына сауап бар. **Аль-Бухари және Муслим. Абу Хузейфаның жеткізуімен келтіреді.**

³⁶ Таң намазы мен екінді намазы жайлы. Ислам дінінің құрылуының алғашқы жылдары екі рет намаз оқу парыз болған. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бес уақыт намаз парыз болмаған уақытта өлген мұсылмандар жайлы айтып жатыр.

135. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман бір ағаш отырғызса, одан желінгеннің бәрі оған міндетті түрде садақа есебінде жазылады, егер одан бір нәрсе ұрланса ол да міндетті түрде оған садақа есебінде жазылады және де ол ағашқа бір зақым келтірілген болса ол да оған міндетті түрде садақа есебінде жазылады. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа хабарында былай делінеді:

Егер мұсылман бір ағаш отырғызса, содан кейін оның өнімінен адам, жануар, не құс жейтін болса, бұл оған Ахиретке дейін садақа ретінде жазылады.

Бұл хадистің үшінші хабарында былай делінеді:

Егер мұсылман, ағаш отырғызса, не болмаса егін ексе, содан кейін одан өскенін адам, жануар, не болмаса тағы басқа біреу жесе, оның бәрі оған садақа есебінде жазылады.

136. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Кезінде абу салима руынан адамдар мешітке жақын жерге көшпекші болады. Бұл хабар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткен кезде ол: «Маған седердің мешіттің жанына көшпекші болып жатқандарың жайлы хабар келді», - деді. Олар: «Иә Аллаһтың елшісі, біз солай істемекшіміз», - деді. Сонда ол: «Иә бану салама, үйлеріңде қала беріңдер, өйткені сендердің басқан іздерің жазылып жатыр, иә бану салама, үйлеріңде қала беріңдер, өйткені сендердің басқан іздерің жазылып жатыр!», - деді. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа хабарында былай делінеді:

... расында, әр бір қадам үшін – дәреже!

137. Хабар бойынша, Абу-ль-Мунзир Уьайй бин Қаъб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мединада бір адам тұратын, мен ол адамнан мешіттен алыс тұратын адамды білмейтінмін. Бірақ ол соған қарамай ол мешітте жамағатпен

оқылатын бірде-бір намазды жібермейтін. Бірде мен оған: «Сен өзіңе түнде жүруің үшін және ыстық жермен жүрмеуің үшін бір есек алсаң еді!», - дедім. Сонда ол маған жауап ретінде: «Менің үйім мешіттің жанында болса, мен оған қуанбас едім. Расында, менің үйден мешітке және мешіттен үйге жүргенімнің жазылуын қалаймын!», - деді. Сол кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ саған (сауабыңды) толығымен жинап қойды!», - деді. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Ақиқат, саған сенің үміттенгенің беріледі.

138. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қырық түрлі жақсы амал бар, солардың ішіндегі ең жақсысы мұқтаж адамға сауынды ешкіні қарызға бере тұру. Аллаһтың сауабынан үміт етіп және оны істегенге берілетін уәденің

толық орындалатынына бекем сенген мұсылманды, Аллаһ әлбетте Жәннәтқа кіргізеді. **Аль-Бухари.**

139. Хабар бойынша, Ади бин Хатим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құрманың жартысымен болса да, өздеріңді Оттан қорғаңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

«Сахихтердің» екеуінде де келтірілген бұл хадистің басқа бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сендердің араларыңда өзінің Раббысымен түсіндірушісіз³⁷ сөйлесетін ешкім болмайды. Сонда ол оң жағына қарағанда өзінің жасаған амалынан басқа еш нәрсе көрмейді, сол жағына қарағанда өзінің жасаған амалынан басқа еш нәрсе көрмейді, ал алдына қараған кезде көз алдында тозақтың жалынынан басқа еш нәрсе көрмейді, сондықта өздеріңді құрманың жартысымен болса да құтқарыңдар, ал егер

³⁷ Бұл жарде Аллаһтың сөзін жеткізген пайғамбарлар жайлы болып тұр

оны да таппаса, онда – жақсы ақыл айту арқылы.

140. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, әр бір жеген тамағына және әр бір ішкен суына Аллаһқа мақтау айтқан құлы үшін, Аллаһ Өзінің ризалығын білдіреді. **Муслим.**

141. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Әр-бір мұсылман садақа беруі керек», - деді. Сонда бір адам: «Маған айтшы, егер адам садақа беруге еш нәрсе таппаса ше?», - деді. Ол: «Онда ол өзінің қолымен еңбек етіп, өзіне-өзі пайда келтірсін де, садақа берсін», - деді. Ол адам: «Егер адам оны жасай алмаса ше?», - деп сұрады. Ол: «Онда ол қиындыққа тап болғанға көмектессін», - деді. Ол адам: «Ал егер ол бұны да істей алмаса ше?», - деп сұрады. Ол: «Онда жақсылыққа шақырсын», - деді. Ол адам: «Маған мынаны айтшы, егер ол

оны да істей алмас ше?», - деп сұрады. Ол: «Онда ол жамандықты істеуден өзін тисын, бұл да садақа болып табылады», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

14 ТАРАУ

Құлшылықтағы біріңғайлық (орташалық) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Та-ха. Саған Құранды машақат үшін түсірмедік.» «**Та-ха**» сүресі, 1-2 аяттар

Аллаһ Тағала айтты:

«...Аллаһ сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды...» «**Бақара**» сүресі, 185 аят.

142. Хабар бойынша, Абу-ль-Мунзир Уьайй бин Қаъб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, онда бір әйел болған кезде кіріп:

«Бұл кім?», - деп сұрады. Ол (Айша): «Бұл пәленше», - деп оның өзін-өзі шаршатып, жалығып намаз оқитындығы жайлы айтты. Ол: «Бұны тоқтат! Сендер тек қана өздеріңнің әлдерің жететінін ғана орындауларың керек! Аллаһтың атымен ант етемін, сендер өздерің қажымасандар Аллаһ қажымайды, ал Аллаһтың, діни амалдардың ішінен бәрінен де жақсы көретіні, ол амал жасаушының (кішкене болса да) әрдайым жасайтын амалы», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

«Аллаһ қажымайды», дегені ол: Аллаһ сендерге сауап жазуды қажып тоқтатпайды және сендер өздерің қажыған секілді, сендер қажып істеріңді тоқтатқанша, Ол сауап жазуын қажып тоқтатпайды. Сондықтан сендерге Аллаһ Өзінің мейірімін көрсетуі үшін, өздерің әрдайым орындап жүре алатын амалдарға ұмтылыңдар.

143. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің үйінің жанына, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қалай құлшылық ететіндігі жайлы сұрап үш адам келді. Оларға оның қалай

құлшылық ететіндігі жайлы айтқанда, олар оны аз санап былай деді: “Алдыңғы және өткен күнәләрі кешірілген Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ілесу бізге қайда”. Содан олардың бірі: “Мен болсам түнімен тынымсыз намаз оқимын”, - деді. Екіншісі: “Ал мен болсам үздіксіз ораза ұстаймын”, - десе, ал үшіншісі болса: “Ал мен болсам әйелдерден алшақтап ешқашан үйленбеймін”, – деді. Біраз уақыт өтісімен оларға Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: “Осылай да осылай деген сендер ме? Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендерден гөрі Аллаһтан көбірек қорқамын, бырақ мен кейбір күндері ораза ұстаймын да, ал басқа күндері ораза ұстамаймын, мен түнде намаз да оқимын және ұйықтаймын да, және де әйелдермен некелесемін, ал кім менің сүннетіммен жүргісі келмесе, оның маған қатысы жоқ!”, – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

144. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, онымен бір әйел болған кезде кіріп

Шамадан тыс қатаңдық көрсеткендер опат болады – деп үш рет қайталады. **Муслим.**

Шамадан тыс қатаңдық дегеніміз – ол бір нәрсені шамадан тыс зерттеу және бір іске орынсыз қаталдықпен қарау.

145. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, бұл дін оңай, бірақ кімде-кім онымен жарысатын болса, онда дін оны сөссіз жеңеді, сондықтан дұрысын ұстаныңдар да (дінге неғұрлым) жақындаңдар, қуаныңдар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұрандар. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің бақа бір нұсқасында былай делінеді:

... сондықтан дұрысын ұстаныңдар да (дінге неғұрлым) жақындаңдар, қуаныңдар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұрандар, сонда көздеген мақсаттарыңа жетесіңдер.³⁸

³⁸ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «..онда дін сендерді сөссіз жеңеді...», дегені, Аллаһ Тағала Өзі

146. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітке кіріп, онда екі тіректің арасында жіп ілулі тұрғанын көріп: “Бұл неғылған жіп?”, - деп сұрады. Адамадар оған: “Ол намаз кезінде шаршағанда ұстап тұруы үшін ілген Зайнабтың жібі”, - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Шешіңдер оны, сендерден кім намаз оқығысы келсе, ол тың кезінде оқысын, ал егер шаршаса ұйықтасын (демалсын)”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

147. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

жаратқан адам баласының шама шарқын жақсы біледі, Ол дінді адамның сол шама шарқына сай етіп түсірді. Оны дұрыс түсініп ұстанған адам үшін, ол адамға қуат беріп, оны көздеген мақсаты Жәннәтқа жеңіл әрі қуандырып жетелейді. Ал адам баласы діннің бұйырмаған нәрсесінен артық амалдар жасаймын деп, онымен жарысатын болса, онда адам соңында қажып, істеген ісі оған қуаныш әкелмей керісінше реніш әкеледі. Сондықтан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «...дұрысын ұстанындар да (дінге неғұрлым) жақындандар, қуанындар да Аллаһтан таңертең, түсте, кешке және түннің бір бөлігінде көмек сұрандар, сонда көздеген мақсаттарыңа жетесіндер», - дейді. Ал бәрін білуші бір Аллаһ ғана – **аударушыдан..**

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кез келгенің намаз уақытында қалғи бастасаңдар, онда ұйқыларың қанғанша ұйықтап алыңдар, өйткені егер бірің қалғып отырып намаз оқысаңдар, онда Аллаһтан кешірім сұраудың орнынан өзіне қарғыс айтып жатқанын сезбей де қалуы мүмкін. **Аль-Бухари, Муслим.**

148. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намазының және құтбасының өте ұзын да емес, әрі өте қысқа да емес намаздарына жиі қатыстым. **Муслим.**

149. Хабар бойынша, Абу Жухайфа Уахб бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Салман мен Абу Дарда бір бірімен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арқасында ағайындас болды³⁹.

³⁹ Мухажирлер, Меккеден бүкіл дүниесін тастап Мединаға хижра жасап келген кезде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен

Бірде Абу Сальман Абу Дардаға келген кезде, ол Умм ад-Дарданы (яғни Абу Дарданың әйелін) тозған киіммен жүргенін көріп одан: «Саған не болған?», - деп сұрады. Ол (әйел) болса: «Сенің бауырың Абу Дарда бұл дүниенің сәнін керек қылмайды», - деп жауап берді. Сол уақыт аралығында Абу Дарда Салманға тамақ дайындап ұсынады. Салман болса оның өзіне: «Же», - дейді. Абу Дарда: «Расында, менің аузым берік», - дейді. Салман болса: «Сен жемейінше, мен де жемеймін», - дейді. Сосын ол жеді, ал түн түсісімен, Абу Дарда намазға тұрды. Салман оған: «Ұйықта», - деді, сосын ол жатып ұйықтады. Біраз уақыт өтісімен ол тағы да намазға тұрды, бұл жолы да Салман: «Ұйықта», - деді, ал түннің соңында: «Енді тұр», - деп екеуі бірге намаз оқыды. Содан соң Салман оған: «Расында, сенің Раббыңның, сенде хақы бар және сенің жаныңның да сенде хақы бар, және сенің жанұяңның да сенде хақы бар, сондықтан әр кімнің өзіне тиесілі хақысын беріп отыр!», - деді. Артынан Абу Дарда Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп болған жайдың бәрін айтып берді, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

сәлемі болсын, оларды жергілікті халық ансарлармен, (әр қайсысын) ағайындастырады. Сонда ансарлар, көшіп келген мухажирлерді туған бауырындай көріп, олардан көмектерін аямаған.

болсын: “Салман саған шындықты айтты”, - деді. **Аль-Бухари.**

150. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Кезінде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің: “Аллаһтың атымен ант етемін, мен міндетті түрде, өмірімнің соңғы күніне дейін тоқтаусыз күндіз ораза ұстап, түнді намаз оқып өткіземін!”, – деп айтып жүргенімді жеткізеді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менен: “Осылай айтып жүрген сенсің бе?”, - деп сұрады. Мен: “Расында, оны айтып жүрген менмін, иә Аллаһтың елшісі, менің ата-анам сенің төлемің болсын”, – дедім. Ол: “Расында, сен оған төзе алмайсың, сондықтан ораза ұста да оразаны ұстамайтын кездерің болсын, түнде намаз оқы да, ұйықта. Айына үш күннен ораза ұста, расында әр-бір игі амал үшін он есе сауап жазылады, сондықтан оның (яғни айына үш күн ораза ұстау) үздіксіз оразаның дәрежесіне көтереді”, - деді. Мен болсам: “Мен одан да жақсысына қабілеттімін!” -, дедім. Ол: “Онда үш күнде бір ораза ұста”, - деді. Мен болсам: “Мен одан да жақсысына қабілеттімін!”, - дедім. Ол:

“Онда күнәрә ораза ұста, бұндай оразаны Дауд, оған Аллаһтың сәлемі болсын, ұстаған және бұл – ең әділетті ораза”, - деді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

«... және бұл – ең жақсы ораза», - деген кезінде, мен тағы да: “Мен одан да жақсысына қабілеттімін!”, - дедім. Сонда ол: “Бұдан жақсысы жоқ!”, - деді.

Абдуллаһ бин Амр сөзін былай жалғастырды:

Егер де мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үш күніне келісем ғой, расында, қазір ол мен үшін менің жанұямнан да, дүниемнен де артық болар еді!

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Абдуллаһ бин Амр дің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Иә Абдуллаһ, маған сенің күндіз ораза ұстап, түнде намаз оқитындығыңды жеткізді», – деді. Мен: «Солай, иә Аллаһтың елшісі», – дедім. Ол: «Олай істеме, ораза ұста, бірақ ұстамайтын күндерің

де болсын, түнде намаз оқы және ұйықта да, өйткені сенің денеңнің сенде хақы бар және сенің көзіңнің сенде хақы бар және әйеліңнің сенде хақы бар және қонағыңның сенде хақы бар. Расында, сен үшін ай сайын үш күн ораза ұстау жеткілікті болады, әр бір жақсылық үшін он есе сауап жазылады, сондықтан бұл үзбей ораза ұстағанмен тең болады. Бірақ мен, дегенімде тұрамын деп, артынан жазамды алдым. Мен: «Аллаһтың елшісі, мен өзімде күш сезінемін!», - дедім. Ол: «Онда Аллаһтың пайғамбары Дауд, оған Аллаһтың сәлемі болсын, секілді ораза ұста, бірақ одан асырма!», - деді. Мен: «Ал Аллаһтың пайғамбары Дауд, оған Аллаһтың сәлемі болсын, қалай ораза ұстаған?», - деп сұрадым. Ол: «Күнәрә», - деп жауап берді.

Ал Абдуллаһ қартайған шағында: «Шіркін мен сонда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шешімін қабылдасам еді!», - деп жиі айтатын.

Бұл хадистің үшінші бір нұсқасында Абдуллаһ бин Амр дің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Маған, сені күнде аузын

бекітеді және түн ішінде Құранды толығымен оқып шығады, деп жеткізді, сол рас па?», – деді. Мен: «Рас, иә Аллаһтың елшісі, мен бұл ісіммен тек қана игілікке ұмтыламын», - дедім. Ол: «Оразаны адамдардың ішіндегі Аллаһқа ең көп құлшылық еткен, Аллаһтың пайғамбары Дауд, оған Аллаһтың сәлемі болсын, секілді ұста да, Құранды бір айдың ішінде оқитын бол», - деді. Мен болсам: “Иә Аллаһтың елшісі, мен одан да жақсысына қабылеттімін!”, - дедім. Ол: “Онда оны жиырма күннің ішінде бір реттен оқып отыр”, - деді. Мен болсам: “Иә Аллаһтың елшісі, мен одан да жақсысына қабылеттімін!”, - дедім. Ол: “Онда оны он күннің ішінде бір реттен оқып отыр”, - деді. Мен болсам: “Иә Аллаһтың елшісі, мен одан да жақсысына қабылеттімін!”, - дедім. Ол: “Онда оны жеті күннің ішінде бір реттен оқып отыр, бірақ одан басқа жиілетпе”, - деді. Бірақ мен тағы да айтқанымда тұрып қайталай бердім де, артынан сол үшін жазамды алдым, өйткені Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Сен білмейсің ғой, бәлкім сен әлі көп өмір сүресің!⁴⁰», - деді. Түбінде дәл Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқандай болып шықты,

⁴⁰ Яғни, қартайып оны істеуге шамаң келмей қалады.

қартайған уақытта оның рұқсат бергеніне
көнбегеніме өкіндім!

**Бұл хадистің төртінші бір нұсқасында
Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:**

...расында балаларыңның сенде хақы бар...

**Бұл хадистің бесінші бір нұсқасында
Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:**

Үздіксіз ораза ұстаған, еш ораза ұстамаған
болып саналады.

**Бұл хадистің алтыншы бір нұсқасында
Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:**

Аллаһ Тағаланың сүйікті оразасы Дауыдтың
оразасы, ал Аллаһ Тағаланың сүйікті намазы
Дауыдтың намазы. Дауд түннің жартысын
ұйықтап, үштен бірінде намаз оқитын, сосын
алтыдан бірінші бөлігінде ұйықтайтын, ал
оразаны күнәрә ұстайтын және жауымен
кездессе қашпайтын.

**Бұл хадистің жетінші нұсқасында
Абдуллаһ бин Амрдің, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, былай дегені
келтіріледі:**

Кезінде мені әкем бір қадірлі әйелге үйлендірді, сосын ол өзінің келініне келіп, оның күйеуі (яғни мен) туралы сұрайтын болды, ал ол (әйелім мен туралы): «Ол – тамаша адам, бірақ менімен әлі төсекке жатқан жоқ, керек десеңіз маған қарамайды да!», - деді. Осы әңгімені көп уақыттан бері естіп жүрген әкем, бір күні бәрін Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтып береді, ал ол оған: «Оған айт, менімен кездессін», – дейді. Арада шамалы уақыт өтісімен мен онымен кездескен кезде, ол менен: «Сен қалай ораза ұстайсың?», – деп сұрады. Мен: «Әр күні», – дедім. Ол менен: «Ал Құранды қанша уақытта оқып шығасың?», - деп сұрады. Мен: «Бір түн ішінде», – дедім.

Бұдан кейін бұл нұсқада да, алдыңғы нұсқадағыдай айтылады. Соңынан оның Құранның әдетінше түнде оқитын бөлігінің жетіден бірін күндіз отбасы мүшелеріне оқитындығы, ал оразаны шаршаған уақытта күш жинап алу үшін аузын ашып ұстамаған күндерін санап артынан ұстамаған күндері үшін ораза ұстап, өзінің Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, онымен қоштасқаннан кейін айтқан сөздерінен басын тартпау үшін амал жасағандығы хабарланады. Бұл нұсқалардың барлығы сенімді саналады және олардың көпшілігі

«Сахихтердің» екеуінде де кездеседі де, кейбіреуі ғана біреуінде келтіріледі.

151. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жазғыштарының бір болған Абу Рибъи Ханзала бин Рабиъ аль-Усайди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде мен Абу Бакрді, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездестіргенімде ол менен: «Иә Ханзала, жағдайың қалай?», – деп сұрады. Мен оған: «Ханзала екі жүзді (мунафиқ) болды», - деп жауап бердім. Бұны естіген ол: «Субхана-Ллаһ! Сен не деп тұрсың?!», - деді. Мен: «Біз Жәннәт пе Тозақ туралы айтып жатқан Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында болған кезде, оның айтып жатқан екеуін көргендей боламыз, ал одан кетісімен балаларымызбен, әйелдерімізбен және дүние тіршілігімен шұғылданып көбін ұмытамыз!», – дедім. Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Аллаһтың атымен ант етемін, біздің де сезінетініміз сол!», – деді. Содан соң біз Абу Бакр екеуіміз Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп мен: «Иә Аллаһтың елшісі, Ханзала екі жүзді

болды!», - дедім. Ол: «Оның қалай білінеді?», – деп сұрады. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, біз Жәннәт пен Тозақ жайлы айтып жатқан сенің жаныңда болған кезде, сен айтып жатқан екеуін де көргендей боламыз, ал сенен кетісімен балаларымызбен, әйелдерімізбен және дүние тіршілігімен шұғылданып көбін ұмытамыз!», - дедім. Менің айтқандарымды тыңдап шығып, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жаным қолыңда Болғанның атымен ант етемін, егер сендердің күйлерің әрқашан менің жанымда болған кездеріндегідей болып, Аллаһты әрдайым есте ұстаған болсаңдар, онда сендер қайда болсаңдар да, төсекте де, жол үстінде де періштелер қолдарыңды қысар еді, бірақ әр нәрсенің өзінің уақыты бар⁴¹, иә Ханзала!» , - деп, соңғы сөздерін үш қайырды. **Муслим.**

152. Хабар бойынша, Ибн Аббас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уағыз айтып жатқан кезінде, тұрып тұрған адамды көріп, ол туралы сұрады.

⁴¹ Басқаша айтқанда уақыттың бір бөлігін құлшылыққа, ал бір бөлігін дүние ісіне арна, дегені.

Адамдар: «Бұл – күні бойы отырмай, көлеңкеге жасырынбай, сөйлемей және ораза ұстап күнде тұруға серт берген Абу Исрайль», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оның отыруына, сөйлеуіне және көлеңкеде болуына әмір бер, ал оразасын соңына жеткізсін» – деді. **Аль-Бухари.**

15 ТАРАУ

Ізгілікті амалдарды әрдайым орындау және бұндай істерде бостық көрсетпеу жайлы

Аллаһ Тағала айтты:

«Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсап әрі түскен хақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар. **«Хадид» сүресі, 16 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сосын олардың артынан жалғасты түрде елшілерімізді жібере отырып, Мариям ұлы Исаны жібердік; оған ілескендердің жүректеріне

жұмсақтық мейірімділік салдық. Дүниеден безушілікті олар өздері шығарды. Оны оларға жазбадық. Бірақ олар Аллаһтың ризалығын іздеу үшін (шығарды). Сонда олар оны да шын мәнінде меңгере алмады...» **«Хадид» сүресі, 27 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Бір топты басқа топтан үстем деген сылтаумен араларыңдағы анттарыңды бұзып, жібін мықтап иіргеннен кейін тарқатқан әйел сияқты болмаңдар...» **«Нахыл» сүресі, 92 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа саған өлім келгенге дейін құлшылық қыл.» **«Хыжыр» сүресі, 99 аят.**

Бұл тақырыпқа қатысты хадистер туралы айтатын болсақ, онда алдыңғы тарауда келтірілген Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын келтіруге болады:

«...ал Аллаһ діни амалдардың ішінде, оны орындаушының оны әрдайым орындайтынын жақсы көреді.»

153. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім әдетінше түнде оқитынының бәрін, не бір бөлігін оқй алмай ұйықтап кетсе, бірақ онысын (алдағы күннің) таң намазы мен бесін намазының арасында оқып шықса, онда оның бұл амалы түнде жасаған ретінде жазылады.

Муслим.

154. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі маған: «Иә Абдуллаһ, алғашында түнде намаз оқып, соңынан онысын қойғандар секілді болма» – деді.

155. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ауырып, не болмаса басқа да себептермен түнгі намазын жіберіп алған

болса, онда ол күндіз он екі ракаттан тұратын қосымша намаз оқитын. **Муслим.**

16 ТАРАУ

Сүннәтті әрдайым ұстану

және оның әдебі жайлы

Аллаһ Тағала айтты:

«Ол (яғни Пайғамбар) өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана» **«Нәжім» сүресі, 3-4 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәләріңді жарылқайды. Өйткені Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді», - де» **«Аль-Имран» сүресі, 31 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, сендер үшін, Аллаһты, Ахирет күнін үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың елшісінде көркем өнегелер бар.» **«Ахзап» сүресі, 21 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін, мүмин бола алмайды.»

«Ниса» сүресі, 65 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, Пайғамбарға ұсыныңдар...».

«Ниса» сүресі, 59 аят.

Ғалымдар бұның мағынасын: «Бұны: Құранға және Сүннетке сүйеніңдер, деген сөз», - дейді.

Аллаһ Тағала айтты:

«Кім Пайғамбарға бағынса, расында Аллаһқа бағынған болады...»

«Ниса» сүресі, 80 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Расында сен тура жолға бастайсың.»

«Зухруф» сүресі, 52 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сонды оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан

түршігерлік азап келуінен сақтансын.» **«Нұр» сүресі, 63 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Үйлерінде оқылған Аллаһтың аяттары мен хикметтерін еске алыңдар...» **«Ахзап» сүресі, 34 аят.**

Және бұл тарауға қатысты көптеген аяттар бар.

156. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен сендерді қалдырмайынша, сендерге айтпаған нәрселер жайлы⁴² сұрап мені мазалай бермеңдер. Расында, сендерге дейінгі өмір сүргендердің түбіне, пайғамбарларына көптеген сұрақтар қою мен онымен

⁴² Басқа бір халисте былай делінеді: Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «**Иә адамдар, Аллаһ сендерге Хажді орындауды парыз етті, сондықтан оны орындандар**» - деген уақытында, бір адам: «Жыл сайын ба, иә Аллаһтың елшісі?» - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын жауап бермеді, сонда ол адам сұрағын қайталай берген соң: «**Егер мен сендерге қазір: «Иә» -, десем, сендерге бұл (яғни жылда хаж жасау) парыз болып қалар еді!**» -, деді. Сосын ол: «**Мені (олай) мазаламандар (ондайдан сақтандар)...**» -, деді

келіспеушілік жеткен (яғни содан опат болған). Сондықтан менің тыйым салған нәрселерімнен қашыңдар да, ал менің істе дегенімді, шамаларың жеткенше орындаңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

157. Хабар бойынша, Абу Наджих аль-Ъибрад бин Сарйиа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уағызы уақытында біздің жүрегімізге қорқыныш ұялап, көздерімізге жас келді. Сонда біз: “Иә Аллаһтың елшісі, сенің бұл уағызың қоштасатын адамның уағызы секілді, сондықтан бізге насихат айтшы!”, – дедік. Ол былай деді: “Менің насихатым мынау: Ұлық Аллаһ Тағаладан қорқыңдар, егер сендерге құл әмір болса да, оны тыңдаңдар және оған бойұсыныңдар. Расында, араларыңдағы көп өмір сүргендер, әлі көп ұрыскеріске (фитнаға) тап болады, сондықтан сендерге еш ауытқымай менің Сүннетімді және дұрыс жолмен жүрген діндар халифалардың сүннетін ұстану керек болады және сендерге бүкіл (діндегі) жаңалықтан (бидғаттан) қашу керек болады, өйткені әр бір (діндегі) жаңалық адасу болып табылады!” **Бұл хадисті Абу Дауд**

**және ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”,
деп келтіреді.**

158. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Менің үмметімнен бас тартқандардан басқаның бәрі Жәннәтқа кіреді», - деді. Сонда адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі кім бас тартады?», - деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: «Маған бойұсынғандар Жәннәтқа кіреді де, ал маған бағынбаған (Жәннәттан) бас тартқан болып табылады.» **Аль-Бухари.**

159. Хабар бойынша, Абу Муслим Салама бин Амр бин аль-Аква, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бір адам Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында сол қолымен жей бастады, бұны көрген ол: «Оң қолыңмен же!», - деді. Бұған ол: «Жей алмаймын», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «Жей алмай қал! Оған такаппарлықтан басқа еш нәрсе кедергі жасамайды!», - деді. Осыдан

кейін ол сол қолын аузына апара алмайтын болды. **Муслим.**

160. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендер міндетті түрде (намазға тұрарда) қатарларыңды түзеулерің керек, олай істемесеңдер Аллаһ сендердің жүздеріңді өзгертеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Түсіндірмелерде «...жүздеріңді өзгертеді...», дегенді: «аралрыңа түсінбеушілік (фитна, қиғаштық) салып қояды», - деп түсіну керек, делінеді.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында былай делінеді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның бізден не талап етіп жатқанын түсінгенімізше біздің сабымызды, садақ оғының түзулігін тексеретіндей тәптіштеп туралайтын. Бірде ол біздің алдымызға шығып өзінің орнынан енді “Аллаһу акбар”, деп такбір айтайын деп жатқанда, біреуіміздің кеудеміздің алдыға шығып тұрғанын көріп: “Аллаһтың

құлдары, сендер міндетті түрде саптарыңды түзетулерің керек, олай істемесеңдер Аллаһ сендердің жүздеріңді өзгертеді», - деді.

161. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Мединанда, ішінде тұрған адамдарымен бірге бір үй жанып кетті. Осы хабар Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткенде, ол: «Расында, бұл от сендерге жау, сондықтан жатар алдында (одан өздеріңді қорғау үшін) сөндіріңдер. **Аль-Бухари, Муслим.**

162. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың менімен адамдарға жіберген басшылығы мен білімі жерге түскен жаңбыр секілді. Ол жердің бір бөлігі құнарлы болды да, ол өзіне түскен суды сіңіріп алып, оның үстінде көптеген өсімдіктер мен шөптер өсті. Ал басқа бір жер қатты болды да, ол өзінің үстінде суды ұстап қалып, одан адамдар ауыз

су алып, малдарын және егістерін суғара бастады. Жаңбыр жердің тегіс бөлігіне де түсті, онда су не тұрмады, не оның үстінде еш нәрсе өспеді де. Бұл (мысалдағы) жердің бөліктері, Аллаһтың дінін қабылдаған адамдар секілді, олар Аллаһтың менімен жібергенін сіңіріп, өздері пайда тапты және өзгелерді үйретті, ал басқа бөлігі (жердің тегіс су тоқтамаған бөлігі секілді) не дінді өздері қабылдамады және Аллаһтың менімен жіберген басшылығын да мойындамады. **Аль-Бухари, Муслим.**

163. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен және сендер, от жағып, онда көбелектер мен шегірткелер түсіп жатқан және оны одан қуып жатқан адамдар секілдіміз. Мен сендерді отқа секірмеулерің үшін, белдеріңнен ұстап жібермей тұрмын, ал сендер болсаңдар менің қолымнан сыдырылып шығып (өздеріңді отқа лақтырып) жатырсыңдар. **Муслим.**

164. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тамақтан кейін саусақтарды және ыдысты жалауға бұйыра отырып былай

деді: “Расында, сендер берекенің /баракат/ тамақтарыңның қайсы бөлігінде (жасырын тұрғанын) білмейсіңдер”. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

Егер біреуіңнің тамақтарыңның бір бөлігі жерге түсіп кетсе, ол оны шайтанға қалдырмай, жерден көтеріп бүкіл ілінгенді алып тастап жеп қойсын және қолын жаламайынша орамалмен сүртпесін, өйткені, расында, ол тамақтың берекесінің, оның қай бөлігінде екендігін білмейді.

Бұл хадистің Муслим келтірген үшінші бір нұсқасында пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

Расында, әр қайсысыңның жандарыңда, тамақ жесеңдер де, не істесеңдер де шайтан тапжылмай тұрады. Егер біреулерің тамақтарыңның бір бөлігін жерге түсіріп алсаңдар, оны шайтанға қалдырмай оған ілінгенді алып тастап жеп қойсын.

165. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә халайық, расында сендер Аллаһ Тағаланың алдына жалаңаш, жалаң аяқ және сүндеттелмеген күйде жиналасыңдар, өйткені Аллаһ Тағала айтты: «...әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл Бізге бір міндет. Шынында Біз орындаймыз.» (**«Әнбия» сүресі, 104 аят.**) Және Ахирет күні жаратылыстардың ішіндегі ең бірінші болып киім киіндірілетін Ибраһим, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болады, одан кейін менің үмметімнен адамдардың бірін алып келіп оларды солға (яғни тозаққа) қарай айдай жөнеледі. Сол кезде мен: «Иә Раббым, (бұлар –) менің сахабаларым!», – деймін. Ал маған: «Расында, бұлардың сенен кейін қандай жаңалықтар (бидғат) енгізгенін сен білмейсің!», - делінеді. Сонда мен, діндар құлдың⁴³ айтқанын айтамын: «Олардың ішінде болғанымда, оларға байқаушы болдым. Сен мені алған шақта, оларға Өзің бақылаушысың. Негізінде Сен әр нәрсені толық білушісің. Егер оларды азаптасаң да олар құлдарың, егер оларды жарылқасаң да күдіксіз Сен аса үстем

⁴³ Иса, оған Аллаһтың сәлемі болсын, жайлы меңзеліп тұр.

хикмет иесісің.» (**«Маида» сүресі», 117-118 аяттар.**) Сол кезде маған былай делінеді: «Сен олармен қоштасқаннан кейін, олар (діннен) шегінуін тоқтатпады!» **Аль-бухари, Муслим.**

166. Хабар бойынша, Абу Саъид Абдуллах бин Муғафаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге шертіп тас атуға тыйым салып былай деді: “Расында, бұлай аң аулай алмайсың, жауынды өлтіре алмайсың, бірақ біреудің көзін шығарып және тісін сындыруың мүмкін”. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында былай делінеді:

Бірде Ибн Муғафальдің бір туысы тас шертіп атуға кіріскенде, ол оны істеуге тыйым салып: «Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұны істеуге рұқсат етпей: «Расында бұлай аң өлтіре алмайсың», - дейтін», - деді. Бірақ ол адам өзінің ісіне тағы да кірісті, сонда Ибн Муғафаль (ашуланып) былай деді: «Мен саған бұны Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жасауға тыйым салды десем, ал сен болсаң

шертуңді тағы бастадың! Мен сенімен енді
ешқашан сөйлеспеймін!”

**167. Хабар бойынша, Ыабис бин Рабиъа
былай деді:**

Мен Омардың (Қағбадаға қара) тасты сүйіп:
«Расында, сенің – пайда да, зиян да әкеле
алмайтын тас қана екеніңді білемін, егер сені
Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, сүйгенін көрмегенімде, мен де
сені сүймес едім^{44!}», – деді. **Аль-Бухари,
Муслим.**

17 ТАРАУ

**Аллаһтың әміріне бой ұсынудың
міндеттілігі жайлы және осыған шақырып
жатқан және жақсылыққа талаптандырып,
шариғаттың рұқсат етпеген нәрселерінен
тоқтатқан адамдарға не айту керектігі
жайлы.**

⁴⁴ Бұл дегеніміз, имандылыр осындай жағдайда, осылай деулері
керек, деген сөз.

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонан-соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды». **«Ниса» сүресі, 65 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде мүминдер, араларына үкім беруге шақырғанда, олардың сөздері: «Естідік, бой ұсындық», деу болады. Міне бұлар құтылушылыр». **«Нұр» сүресі, 51 аят.**

Алдыңғы тараудағы Абу Хурайраның айтқан хадисін, осы таруға да келтіруге болады және одан да басқа хадистер бар.

168. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аят түскенде: «Көктердегі және жердегі нәрселер Аллаһтікі. Іштеріңдегілерді жарияласаңдар да жасырсаңдар да Аллаһ сендерден оның есебін алады. Сонда кімді қаласа жарылқайды да, кімді қаласа азаптайды. Сондай-ақ Аллаһтың барлық нәрсеге толық күші жетеді.» **(«Бақара»**

сүресі, 284 аят), - оның сақабаларына бұл сөздер ауыр келді. Сонда олар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп тізерлеп тұрып: “Иә Аллаһтың елшісі, бізге алдымен қолымыздан келетін намаз, жихад, садақа (сияқты) істер жүктеліп еді, ал енді саған біздің қолымыздан келмейтін істер жайлы аят түсті!” Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: “Шынымен-ақ сендер алдарыңдағы екі кітап иелерінің де: “Біз естідік, бірақ бағынбаймыз!”, – дегені секілді айтпақсыңдар ма?” Жоқ, сендер былай деңдер: “Біз естідік те, бағындық! Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың!” Адамдар осы аятты оқып ондағы айтылғанға бағынған соң, Аллаһ Тағала артынша басқа аят түсірді: “Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүминдер де барлығы: “Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді. “Елшілердің араларын айырмаймыз, естідік те бой ұсындық. Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың”, - деді.” (**“Бақара” сүресі, 285 аят.**) Олар осылай істеген кезде (яғни соны айтқан кезде) Аллаһ Тағала алдыңғы аяттың орнына мына аятты түсірді: “Аллаһ Тағала кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз

пайдасына да, жамандығы зиянына. (Олар былай дейді:) “Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді қолға алма (кіналама) (Ол: “Иә”, - деді). Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! (Ол: “Иә”, - деді) Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мархамет ет(Ол: “Иә”, - деді). Сен Иемізсің! Бізге көпір қауымға қарсы жәрдем бер! (Ол: “Ия”, - деді)” (“Бақара” сүресі, 286 аят.) Муслим.

18 ТАРАУ

(Дін мәселесінде) **Жаңалақ енгізу мен жаңалық ойлап табуға (бидғат) рұқсаттың жоқтығы жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Шындықтан кейін адасудан басқа не бар?...» «Иунус» сүресі, 32 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Жазуда (яғни осы кітапта) ешнәрсені кенде етпедік (яғни қалдырмадық)...» «Анғам» сүресі, 39 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, Пайғамбарға ұсыныңдар...» **«Ниса» сүресі, 59 аят.**

Бұл тарауға байланысты көптеген аяттар бар.

Ал хадистер жайлы айтатын болсақ, онда хадистер көп, әрі олар бағалы, біз болсақ олардың кейбіреуіне ғана тоқталамыз.

169. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Біздің іске (яғни Исламға) қатысы жоқ амалды кіргізгеннің амалы қайтарылады (яғни қабыл болмайды). **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұд хадистің Муслим келтірген басқа бір нұсқасында былай делінеді:

Біздің іске сәйкес келмейтін кез келгеннің амалы, қайтарылады.

170. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға құтпа (дағуат) айтқанда: «Жау сендерге таң ертең шабады!», не болмаса «Жау сендерге кешке шабады!», - деп жаудың келіп қалғанын хабарлайтын жаушы секілді, көздері қызарып, даусы көтеріліп ашуланып сөйлейтін. Және Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен адамдарға, мына екеуі қалай жақын болса, Ахирет те сондай жақын болған уақытта жіберілдім!», - деп сұқ саусағы мен ортан саусағын көрсететін. Және ол: «Содан соң, расында, ең жақсы сөздер болып Аллаһтың Кітабы саналады, жақсы басшалақ – ол Мухаммадтың басшылығы, амалдардың ең жаманы болып жаңадан ойлап табылған амалдар болып табылады, ал барлық жаңадан енгізу адасу болып табылады!» Және ол былай дейтін: «Мен әр бір имандыға оның жанынан да жақынмын⁴⁵, егер біреу өзінен кейін бір дүние қалдыратын болса, ол оның жанұясына қалады, ал өзінен кейін қарыз және кедей туыстарын қалдыратын болса, онда оның қамын ойлау маған тиесілі болады.» **Муслим.**

⁴⁵ Оған менің хақым оның өз-өзінен де артық.

19 ТАРАУ
Жақсы немесе жаман (әдет)-ғұрыптың
басын бастағандар жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар: «Раббымыз! Бізге
жұбайларымыздан, ұрпақтарымыздан
көзайымдық⁴⁶ бер. Сондай-ақ бізді тақуалардың
алды қыл», - дейді.» **«Фұрқан» сүресі, 74 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Оларды әміріміз бойынша, тура жол
көрсететін басшы қылып, оларға жақсылық
істеуді, намазды орындауды, зекет беруді уахи
қылдық...» **«Әнбия» сүресі, 73 аят.**

171. Хабар бойынша, Абу Амр Жарир бин
Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын,
ол былай деді:

Бірде біз таңертеңгілік Аллаһтың елшісінде,
оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,
болған кезде, оған жүннен тоқылған матаның
ортасынан тесіп, оны бастарынан өткізіп киіп
алаған, одан басқа киімі жоқ, жалаңаш,

⁴⁶ Қарағанда қуанатын, ләззәт алатын.

белдеріне қылыштарын асынған адамдар келді, олардың көбі, ал шындығында олардың бәрі мудар руынан еді. Олардың бейшара, мүшкіл халдарын көріп, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түрі бұзылып кетті де үйіне кіріп кетті. Содан соң үйінен шығып Билалға әмір берді. Ол бірінші азан шақырды да артынан қамат түсірді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқыды да, сосын адамдарға дағуат айтып былай деді: «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шексіз Аллаһ сендерді бақылаушы. (**«Ниса» сүресі, 1 аят**)» Ал содан кейін ол «Хашыр» сүресінің соңғы аяттарынан және бір аят оқыды: «Әй мүминдер! Аллаһтан қорқыңдар. Әркім ертең үшін не жібергеніне (өзірлегеніне) қарасын. Және Аллаһтан қорқыңдар. Шәксіз Аллаһ не істегендеріңді толық біледі. (**«Хашыр» сүресі, 18 аят.**)» Осыны айтып болған соң: «Әркім өзінің динарын, не болмаса дирхемін, не болмаса киімін, не болмаса бір уыс бидайын, не болмаса бір уыс құрмасын», - деп осылай айтып келіп сөзінің соңын: «..құрығанда жарты

құрмасын садақаға берсін»,- деп аяқтады. Осыдан кейін ансарлардың ішінен біреуі зорға көтеріп бір қоржын күміс (ақша) алып келді, оның артынан бірінен кейін бірі (садақаларын) әкеле бастады. Соңында бірі киім болған ал екіншісі тамақ болған екі үйге жиналды. Мен сонда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жүзінің алтынша жарқырағанын көрдім. Сонда ол былай деді: «Кімде кім Исламда бір жақсы (қайталанатын) әдетті бастаса ол осының және оның артынан сол әдетті жалғастырушылардың сауабын табады және олардың өздерінің (сол істі жасағандағы) сауабын еш азайтпайды. Ал енді, кімде-кім Исламда бір жаман (қайталанатын) әдетті бастаса ол осының және оның артынан сол әдетті жалғастырушылардың күнәсіндей күнәні арқалайды (табады) және олардың өздерінің (сол істі жасағандағы) күнәсін еш азайтпайды!» **Муслим.**

172. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім біреуді хақысыз өлтірсе оның күнәсінің бір бөлігі Адам атаның баласының

мойнына жазылады, өйткені қан төгудің басын сол бастаған. **Аль-Бухари, Муслим.**

20 ТАРАУ

Игілік көрсету мен жақсылыққа не болмаса жамандыққа шақыру жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Оларды Раббыңа шақыр...» **«Қасас»**
сүресі, 87 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр...» **«Нахыл»**
сүресі, 125 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер. Аллаһтан қорқыңдар! Күдіксіз Аллаһтың азабы қатты.» **«Мәйда»**
сүресі, 2 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерден жақсылыққа шақыратын сондай-ақ дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне солар құтылушылар.» **«Әль-Имран» сүресі, 104 аят.**

173. Хабар бойынша, Абу Масъуд Укба бин Амр аль-Ансари аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жақсылыққа шақырушыларға, соны жасағандардың сауабындай сауап жазылады.

Муслим.

174. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жақсылыққа шақырушылар, өздерінің артынан ерген бәрінің сауабындай сауап табады, және олардың сауаптарын азайтпайды, ал адасу жолына азғырушылар, өздерінің артынан ергендердің бәрінің күнәсіндай күнә мойнына жүктейді және онысымен олардың күнәлерін азайтпайды.

Муслим.

175. Хабар бойынша, Абуль Аббас Сахль бин Саъд ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Хайбардағы (шайқас) болған күні Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Мен мына туды, Аллаһты және Аллаһтың елшісін жақсы көретін және оны да Аллаһ және Аллаһтың елшісі жақсы көретін және де ол арқылы Аллаһ (бізге) жеңіс әкелетін адамға беремін”, - деді. Осыдан кейін адамдар түнді, туды кімге берер екен, деген әңгімемен өткізді. Ал таңертең олар Аллаһтың елшісіне келді, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сонда әркім тудың өзіне берілуін қалап тұрды, дегенмен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Али бин Абу Талиб қайда?”, – деп сұрады. Оған: Иә Аллаһтың елшісі, оның көзі ауырып жатыр.” – деді. Ол: “Оған адам жіберіңдер”, - деді. Оған оны алып келгенде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның көзіне түкіріп ол үшін Аллаһтан сұрап дұға жасады. Содан кейін оның көзінің ауырғаны жазылды. Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған туды ұстатты, ал Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, одан: “Маған олармен, олар біз сияқты болғанша шайқасайын ба?”, – деп сұрады. Пайғамбар,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Олармен кездескенше асықпай жылжып отыр, содан кейін оларды Исламға шақырып олар үшін Аллаһ тарапынан не міндет екендігін хабарла. Аллаһтың атымен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы олардың біреуін тура жолға салса, ол сен үшін қызыл түйелерді⁴⁷ иеленгеннен де артық болар еді!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

176. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде аслам руынан бір жас жігіт Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, расында мен жорыққа қатысқым келеді, бірақ менің оған керекті жабдықтарым жоқ”, - деді. Ол: “Пәленшеге бар, ол (жорыққа) дайындалған, бірақ (қазір) ауырып қалды”, - деді. Содан кейін (жігіт) оған келіп: “Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саған бүкіл жабдықтарыңды маған берсін, деп жатыр”, - деді. Сонда ол адам (әйеліне): “Иә пәленше, менің дайындаған бүкіл жабдықтарымды ештеңесін қалдырмай мынаған бер, Аллаһтың

⁴⁷ Бір қызыл түйе – ол қазіргі күнгі бір мерседес автокөлігі секілді болса керек, ал бәрін білуші бір Аллаһ - **аударушыдан.**

атымен ант етемін, ештеңесін қалдырма, ал бұл үшін Аллаһ сені игілікке кенелтеді!”, - деді.

Муслим.

21 ТАРАУ

**Бір-біріне көмек көрсету жайлы,
тауықтылық және тақуалық жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер. Аллаһтан қорқыңдар! Күдіксіз Аллаһтың азабы қатты.» **«Мәида» сүресі, 2 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Заманға серт. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттескендер; олар зиянға ұшырамайды» **«Аср» сүресі, 1-3 аяттар.**

Имам Шафи, оны Аллаһ рахымына бөлесін, мынадай мағыналы сөздер айтты: Расында, адамдардың көбі осы сүре жайлы ойлануға көп көңіл бөлмейді.

177. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Зайд бин Халид аль-Джухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жауынгерді соғысқа қару-жарағымен қамтамасыз еткен, сол соғысқа қатысқан саналады және жауынгердің жанұясының, ол соғыста болған кезінде қамын ойлап көмектескен де, сол соғысқа қатысқан саналады. **Аль-Бухари, Муслим.**

178. Хабар бойынша, Абу Сағид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бану лихайын тайпасындағы хузейіл руына қарсы жорық дайындап жатып былай дегенін естіген:

Сауабты өзара бөлісіп алатын, екеудің бірі барсын. **Муслим.**⁴⁸

⁴⁸ Бұл хадистің мағынасы, жорыққа еркектердің жартысы барсын, ал қалған жартысы оларды жорыққа керек жарағымен қамтамасыз етсін, не болмаса олардың жанұясының қамын ойлап көмектессін, сонда олар сауабты өзара бөліседі, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

179. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ар-Рухта аттылы адамдарды көріп олардан: “Сендер кімдерсіңдер?”, – деп сұрады. Олар: “Мұсылмандармыз”, - деп жауап берді де, олар да: “Ал сен кімсің?”, – деп сұрады. Ол: “Аллаһтың елшісімін”, - деді. Сонда бір әйел оған өзінің жас баласын көтеріп: “Мынау үшін Қажылық қабыл болады ма?”, – деп сұрады. Ол: “Иә, ал сауабы саған тиесілі”, - деп жауап берді.

Муслим.

180. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қожайынының дүние-мүлкін қорғайтын, айтқанын орындайтын, тапсырылған аманатты шын ықыласымен жеткізетін және адалдығымен ерекшеленетін мұсылман,

садақа беруші екеудің бірі болып табылады⁴⁹.
Аль-Бухари, Муслим.

**Бұл хадистің басқа бір нұсқасында
 Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен
 сәлемі болсын, былай деп айтқаны
 келтіріледі:**

...жеткіз деп тапсырылғанды, орындаушы...

22 ТАРАУ

Насихат жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде мұминдер туыс қой...»
«Хұжрат» сүресі, 10 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерге Раббымның жібергендерін
 жалғастырып, сендерді үгіттеймін...» **«Ағраф»**
сүресі, 62 аят.

⁴⁹ Басқаша айтқанда қожайынының апарып бер, деп тапсырған садақасының сауабына ортақ болады.

Аллаһ Тағала Худ пайғамбардың, оған Аллаһтың сәлемі болсын, былай деп айтқанын айтты:

«...Және Аллаһтан сендер білмегенді білемін» «Ағраф» сүресі, 62 аят.

181. Хабар бойынша, Абу Рукайя Тамим бин Аус ад-Дари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Дін дегеніміз – ол адалдық көрінісі”, - деді. Біз: “Ол кімге қатысты (адалдық көрінісі)?”, - деп сұрадық. Ол: “Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның елшісіне, мұслмандардың басшыларына, және де бүкіл мұсылмандарға қатысты”, - деді. **Муслим.**

182. Хабар бойынша, Жарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намазды орындаймын, зекет төлеймін және әр-бір мұсылманға адал жүрегіммен қарым-қатынас

жасаймын, деп ант бердім. **Аль-Бухари,
Муслим.**

183. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендер өздеріңе не қаласаңдар, соны (Исламдағы) бауырларыңа қаламайынша, ешқайсысың иман келтірген болмайсыңдар (яғни иманы толық болмайды). **Аль-Бухари,
Муслим.**

23 ТАРАУ

Сауабты істерге ынталандыру

және күнәлі істерден тыйу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерден жақсылыққа шақыратын сондай-ақ дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне солар құтылушылар.» **«Әль-Имран» сүресі, 104 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тиятын сондай-ақ Аллаһқа сенетін хайырлы бір үммет болып, шығарылдыңдар...»

«Әль-Имран» сүресі, 110 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр.»

«Ағраф» сүресі, 199 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мүмин ерлер мен мүмин әйелдер, бір-біріне көмекші. Олар дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосады...»

«Тәубе» сүресі, 71 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай Израйл ұрпақтарынан қарсы болғандарға, Дауыт және Марйам ұлы Исаның тілі арқылы лағынет етілген. Ол қарсы келулері, шектен шығуы салдарынан. Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында олардың істегендері нендей жаман.»

«Мәида» сүресі, 78-79 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

««Бұл ақиқат (Құран) Раббыларыңнан», де. Сонда кім қаласа сенсін, кім қаласа қарсы келсін...»

«Кеһф» сүресі, 29 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Саған берілген бұйрықты ашық ұқтыр...»
«Нахыл» сүресі, 94 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Өздеріне берілген үгітті ұмытқан кезде, жаманшылықтан тосқандарды құтқардық. Сондай зұлымдық қылғандарды; бұзақылық істеулері себепті қатты қинауға ұшыраттық.»
«Ағраф» сүресі, 165 аят.

184. Хабар бойынша, Абу Сағид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім біреудің күнәлі іс істеп жатқанын көрсе, оны қолымен тоқтатсын, ал егер олай істей алмаса, онда оны тілімен (сөзімен) тоқтатсын, ал егер оны да істей алмаса онда оны жүрегімен тоқтатсын (яғни жүрегімен істеген ісін қаламасын), ал бұл (соңғысы) иманның ең әлсізі болып табылады.

Муслим.

185. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған дейін қай бір пайғамбарды Аллаһ қайсы бір елге жібергенде, ол пайғамбарлардың оның сүннетімен және оның бұйырғанымен жүретін сахабалары болған. Ал олардан кейін өздерінің айтқандарын өздері амал етпейтін және амалдары өздеріне айтылғанға сай келмейтіндер келетін. Сондай адамдармен қолдарымен күресетіндер имандылар, және тілдерімен күресетіндер имандылар және жүректерімен күресетіндер имандылар, ал бұның артында дәнектей де иман жоқ. **Аль-Бухари, Муслим.**

186. Хабар бойынша, Абуль-Уалид Убада бин ас-Самит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таршылықта да кеңшілікте де, қиындықта да жеңілдікте де, (басшыларымызды) тыңдап, керек десеңіз олар бізді құр қалдырса да, олар күпірлікке кіргені жайлы Аллаһтан (яғни, Құраннан және Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетінен) айқын дәлелдер таппайынша билігінен тайдырмай бағынамыз,

деп және де, теріске шығарушының сөгуінен қорықпай, әр уақытта шындықты айтамыз деп, ант бердік. **Аль-Бухари, Муслим.**

187. Хабар бойынша, Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың харамы мен халалінің арасындағы шекараны күзетушілер мен сол шекараны бұзушыларды, садақтың оғымен жеребе тарту арқылы кемеңің үстіңгі қабаты мен төменгі қабатын иемденген адамдармен салыстыруға болады. Кемеңің төменгі қабатындағылар су алу үшін, үстіңгі қабаттағы адамдар арқылы өту керек болды да, күндердің күнінде олар: «Біз үстіміздегілерді мазалай бермеу үшін кемеңің түбін тесіп суды сол жерден алсақ болмай ма?» - дейді. Егер сонда оларды өз еріктеріне қоя берсе, онда бәрі опат болады, ал егер олардың қолдарынан ұстап райларынан қайтарса, онда өздері де, қалғандары да құтылады. **Аль-Бухари.**

188. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Умм Саяяма Хинд бинт Абу Умайя Хузайфа,

оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендерге басшылар қойылады, ал сендердің бірің оларды мойындайсыңдар да, ал енді бірің мойындамайсыңдар⁵⁰. Жиреніш білдіргендердің оларға қатысы болмайды және оларды мойындаудан бас тартқандар да, оларды мойындап артынан ергендерден бөлек құтылады. Сонда адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, біз олармен күресуіміз керек пе?» – деп сұрады. Ол: «Жоқ, олар сендердің араларыңда намаз оқып жүргенше (күресуге болмайды)», – деді. **Муслим.**

Бұл дегеніміз олардың істеріне не қолдарымен, не тілдерімен қарсылық білдіре алмай, бірақ жүрегітерімен келіспей жиреніш білдіргендердің олардың күнәләріна қатысы болмайды және өздерінің міндеттерін орындаған саналады; кім де кім, мүмкіншілігіне қарай өзінің қарсылығын білдірсе ол да оның күнәсінан құтылады. Ал кім де кім олармен келісіп артынан ерсе онда ол күнәға батады.

⁵⁰ Яғни, олардың істеріне байланысты, егер олар Шарифатқа сай келсе мойындайды да, ал оған сай келмесе мойындамайды.

189. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Умм аль-Хакам Зайнаб бинт Жахш, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуымен:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздің үйге үрейленіп кіріп: «Аллаһтан басқа Құдай жоқ! Жақындап қалған бәледен арабтарға қайғы төніп тұр! Бүгін Йаджуж бен Маджуж қамалған қапаста мынандай тесік пайда болды», - деп бас бармағы мен сұқ саусағын қосып көрсетті. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, біздің арамызда діндарлар болса да, бәріміз өлеміз бе?», – дедім. Ол: «Иә, егер бұзықтық көбейсе!», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

190. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Сендерге еш уақытта жол бойында отыруға болмайды!» Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, біз жол бойында жиналуға мәжбүрміз, өйткені онда біз бір- бірімізбен сұхбаттасамыз!», – деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер сендер онда жиналуға мәжбүр болсаңдар, онда жолдың ақысын өтендер!», – деді. Адамдар: «Иә

Аллаһтың елшісі, жолдың ақысы деген не?»), – деді. Ол: «Бұл дегеніміз адамдарға сұқтанып қарамау және оларға зиян тигізбеу, сәлем бергенге жауап беру, жақсылыққа ынталандыру және жамандықтан қайтару», - деді. **Аль-Бухари, Муслим..**

191. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір (ер) адамның қолында алтын сақинаны көріп, оны қолынан шешіп жұлып алып жерге лақтырды да: «Сендерден біреуің тозақтың шоғына тырмысып, оны өзінің қолына алады!», – деді. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол жерден кеткенде, бір адам оған: «Сақинаңды ал да оны керегіңе жарат», – деді. Оған ол: «Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі алып тастағандықтан оны мен ешқашан қайта алмаймын!», – деді. **Муслим.**

192. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Хасана аль-Басри айтуымен:

Бірде Ыаиз бин Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Убайдуллаһ бин Зайдқа келіп былай деді: «Иә балам, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бақташылардың ең жаманы қаттылары (мейірімсіздері)», – деп айтқанын естідім, сондықтан солардың бірі болудан сақтан». Убайдуллаһ оған: «Отыр, сен Мухаммадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларының арасындағы қалдығысың ғой», - деді. Сонда Ыаиз: «Олардың арасында қалдықтар болып па еді? Расында, қалдықтар олардың кезінде емес, олардан кейін пайда болды!» – деді. **Муслим.**

193. Хабар бойынша, Хузейфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолыңда Болғанның атымен ант етемін, сендер міндетті түрде жақсылыққа шақырып жамандықтан тыйуларың керек, олай істемесеңдер Аллаһ сендерді міндетті түрде Өзінің жазасына алады, содан кейін сендер Одан сұрайсыңдар, бірақ дұғаларыңа жауап ала алмайсыңдар!. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис” деп келтіреді.**

194. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жихадтың ең жақсысы болып, әділетсіз басшының көзінше әділ сөздерді айту, болып табылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи және Абу Дауд “Жақсы хадис” деп келтіреді.**

195. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Тарик бин Шихаб аль-Баджали аль-Ахмаси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде (жорыққа аттанғалы тұрған) бір адам, аяғын үзеңгіге салып, Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қайсы жихад ең жақсы болып табылады?”, – деп сұрады. Сонда ол: “Әділетсіз басшының көзінше айтылған ақиқат сөз”, - деді. **Бұл хадисті ан-Насаи сенімді иснаддтармен келтіреді.**

196. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Исраил ұрпақтарының діні мына кезден бастап құлдырай бастаған: бір адам бір адамды кездестіргенде: «Әй пәленше, Аллаһтан қорық және істеп жатқан ісіңді қой, өйткені оны істеуге саған рұқсат жоқ», - деп, ал ертеңіне оның, сол ісін жалғастырып жатқанын көре тұра, оның бұл ісі оған жайбарақат тамақ ішіп, ұйықтап өмір сүруіне кедергі болмаған.

Одан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аяттарды оқыды:

«Сондай Израил ұрпақтарынан қарсы болғандарға, Дауыт және Марйам ұлы Исаның тілі арқылы лағынет етілген. Ол қарсы келулері шектен шығуы салдарынан. Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында, олардың істегендері нендей жаман. Олардан көбінің көпірлерді дос тұтқанын көресің. Аллаһтың ашуына жолығып, азапта мәңгі қалатындықтан ол олардың ілгері жіберген нәрселері нендей жаман. Егер олар Аллаһқа, Пайғамбарға, Құранға иман келтірген болса, оларды дос тұтпас еді. Бірақ олардың көбі бұзақылар.» (**«Мәида» сүресі, 78-81 аяттар.**)

Одан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін, сендер әлбетте дұрыстыққа бұрып, терістіктен тосуларың керек, жәбірлеушінің қолынан қағып оны ақиқатқа баулуларың керек, және ақиқат мөлшерінде ауыздықтауларың қажет. Ал олай істемесеңдер Аллаһ сендердің жүректеріңді бір-біріңе қағыстырып қояды да, артынан сендерді оларды қарғағандай қарғайды!» **Бұл хадисті ат-Тирмизи және Абу Дауд “Жақсы хадис” деп келтіреді⁵¹.**

Бұл жерде Абу Дауыдтың нұсқасы келтіріледі, ал ат-Тирмизидің нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

Исраил ұрпақтарынан күнәлі істер істеушілер шыға бастағанда, араларындағы білім иелері оларға олай істеуге тыйым салды, бірақ олар істеп жатқан істерінен қайтпаса да, білгерлері олармен араласуын, яғни олармен бірге ішіп-жеп жиналыстарда бірге болуын жалғастыра берді. Сонда Аллаһ олардың жүректеріне ұрыс керісті салып және олар

⁵¹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

бағынбаған салдарынан Даудтың және Марйам ұлы Исаның тілімен қарғысқа ұшыратты.

Осы тұсқа келгенде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шынтағына жантайып жатқан кейіпін өзгертіп отырды да былай деді:

Жоқ, жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, сендердің істерің, оларды ақиқатқа бұрмайынша дұрысталмайды.

197. Хабар бойынша, Абу Бакр Сыддық, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Иә халайық, расында сендер мына аятты оқыңдар: «Әй мүминдер! Сендер өздерінді түзетулерің керек. Өздерің тура жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды...» (**«Мәида» сүресі, 105 аят**) – ал біз болсақ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідік: «Расында, сендер жәбрлеушіні көрсендер, оны қолдарыңмен тоқтатпайынша, олар Аллаһтың жазасына жақын болады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи, ан-Насаи және Абу Дауд сенімді иснадтармен келтіреді.**

24 ТАРАУ

Өздері сауабты істерге шақырып және күнәлі істерден тыйып, бірақ сөздері мен амалдарының арасында айырмашылығы барларға қатты азап бары жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Елді игілікке бұйырып. өздерінді ұмытасыңдар ма? Кітапты оқисыңдар ойламайсыңдар ма?» **«Бақара» сүресі, 44 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер істемейтін істерінді неге айтасыңдар? Істемейтін істерінді сөйлеулерің Аллаһтың қасында зор ашуға себеп болады.»
«Саф» сүресі, 2-3 аяттар.

Аллаһ Тағала Шұғайыптың былай деп айтқанын айтты:

«...сендерді тыйған нәрсемді өзім істеп, сендерге қарсы келуді қаламаймын...» **«Худ» сүресі, 88 аят.**

198. Хабар бойынша, Абу Зайд Усама бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ақірет күні бір адамды алып келіп отқа тастайды да, оның ішек-қарны сыртқа ақтарылып, ол ішектерне есек, диірменнің тасын айналған сияқты, орала бастайды. Оның жанына Тозаққа түсірілгендер жиналып: «Саған не болған? Сен бізді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тоспап па едің?!», - дейді. Сонда ол: «Иә мен сендерді жақсылыққа шақыратынмын, бірақ оны өзім орындамадым және сендерді жамандықтан тостым, бірақ оны өзім жасайтынмын!», - дейді. **Аль-Бухари.**

25 ТАРАУ

Сеніп тапсырылған затты қайтару жайлы.

(аманатты орындау)

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді...»

«Ниса» сүрес, 58 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Рас аманатты (дінді), көктер мен жерге және тауларға ұсындық; сонда олар оны жүктелуден бас тартып, одан қорықты. Оны адам баласы (өз мойнына) жүктеді. Өйткені ол өте залым, тым білімсіз...» **«Ахзап» сүресі, 72 аят.**

199. Хабар бойынша, Абу Хурайры, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі жүздіні үш белгісімен айыруға болады: ол бір нәрсе айтса - өтірік айтады; бір нәрсе уәде етсе – оны орындамайды; ал оған сеніп тапсырылса - ол опасыздық етеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында былай делінеді:

...керек десеңіз ол ораза ұстап, намаз оқып және өзін мұсылманмын, деп есептесе де.

200. Хабар бойынша, Хузейфа бин аль-Йаман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге екі нәрсе туралы хабар берді, олардың бірін артынан мен өз көзіммен көрдім, ал енді екіншісін көруді күтіп жүрмін. Ол бізге аманаттың жүректердің ең негізіне түсірілгенін хабарлады, ал артынын Құран түсірілді, адамдар болса бұны Құраннан және Сүннеттен білді. Одан кейін ол бізге аманаттың қалай алынатынын, былай деп айтып берді: “Адам кішкене уақытқа қалғып кетеді де оның жүрегінен аманат алынады, сонда оның жүрегінде аманаттың тек қана жеңіл ізі қалады. Содан соң ол тағы да аз уақытқа ұйықтап оның жүрегінен аманаттың қалған бөлігі алынады, сонда оның жүрегінде күлдіреген із ғана қалады. Бұл аяғыңа қызып тұрған шоқ түсіп, оның орнында іші қуыс кішкене ісіктің пайда болғанын көргенің секілді” – осыны айтып тұрып ол аяғына бір тасты алып, түсірді де: «Сонда адамдар бір-бірімен шарттасады да, бірақ олардың еш қайсысының, ойында мойындарына алған аманатты орындауға ниеттері болмайды! Керек десеңіз іс: “Пәленше рудың ішінде сенімді адам бар!”, – деуге дейін барады. Адам жайлы, оның жүрегінде өсімдіктің дәніндей де дін бомағанына қарамастан: “Бұдан артық мықты, ақылды және турашылды табу мүмкін емес”, – дейтін болады!»

Хузейфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Мен кіммен сауда ісін жүргізетініме қам жемейтін уақытқа дейін өмір сүріп жеттім, өйткені егер ол мұсылман болса аманатын оның діні қайтаратын, ал егер христиан не иудей болса аманатын оның басшылары қайтаратын⁵². Ал бүгін мен пәленше мен пәленшеден басқа ешкіммен шарттаса алмаймын! **Аль-Бухари, Муслим.**

201. Хабар бойынша, Хузейфа мен Абу Хурайраның, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала Ақыретте адамдарды жинайды, ал адамдар өздеріне Жәннәт жақындатылғанша тұрады. Сонда олар Адамға, оған Аллаһтың игілігі болсын, келіп: «Иә біздің атамыз, Жәннәттің бізге ашылуын сұрашы!», - дейді. Сонда ол: «Сендердің Жәннәттан қуылуларыңа себепші болған сендердің Аталарың (яғни мен) емес пе?! Бұл менің

⁵² Яғни, басшылары мұсылман болып келісім шарттарда шарифат үкімдерінің орындалуын қадағалайтын – **аударушыдан**

қолымнан келмейді, сендер менің ұлым (яғни ұрпағым) Ибраһимге барыңдар, ол Аллаһтың сүйікті досы!», - деді. Сосын олар Ибраһимге келеді, ал ол болса: «Бұл менің қолымнан келмейді, мен Аллаһпен соншалық жақын болған жоқпын! Аллаһпен сөйлескен Мұсаға барыңдар!», – дейді. Сонда олар Мұсаға келеді, ол: «Бұл менің қолымнан келмейді, Аллаһтың сөзі және рухы болған Исаға барыңдар!», – дейді. Иса: «Бұл менің қолымнан келмейді!» – дейді. Сонда олар Мухаммадқа, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келеді. Ол (Аллаһтың күрсісінің алдында) тұрады да, оған рұқсат беріледі. Содан кейін Сират көпірінің екі жағына аманат пен туысқандық қарым-қатынас келіп тұрады. Сонда сендерден алғашқыларың көпірден найзағайдай өтеді.

Мен: «Менің әкем мен шешем сен үшін төлем болсын, найзағайдай деген не?», – деп сұрадым. Ол: «Сендер оның көз-қағым сәтте жылдам көрініп жоғалатынын көрмеп пе едіңдер?», – деді.

Содан соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Одан кейінгілер жел сияқты өтеді, одан кейінгілер құс сияқты өтеді, Сираттан тез

өткендердің бәрін олардың амалдары алып өтеді⁵³. Ал сендердің Пайғамбарларың жайлы айтатын болсақ, ол Сиратта тұрып: «Менің Раббым, құтқар, құтқар!» – деп, кезек амалдары әлсіз адамдарға жеткенше және ең соңғы адам бауырымен жорғалап өткенге дейін қайталаумен болады. Ал Сираттың екі жағында, өздеріне ұста, деп әмір берілген әркімді ұстаған ілгіштер болады. Сонда жай тырналғандар құтылады да, ал құлағандары Тозаққа түседі!»

Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын сөзін былай жалғастырды:

Абу Хурайраның жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, Тозақтың түбіне жету үшін жетпіс жыл керек!» **Муслим.**

202. Хабар бойынша, Абу Хубайб Абдуллаһ бин аз-Зубайр бин аль-Аууам аль-Кураши аль-Асади, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аз-Зубайр «Бура соғысы» болған күні, саптағы өзінің орнына тұрып жатып, мені өзіне шақырды да: «Иә балам, расында бүгін

⁵³ Бұл дегеніміз, адамның жақсы амалдары неғұрлым көп болса, ол соғұрлым тез өтеді.

жәбірлеуші, не жәбірленуші қаза болады және, расында мен бүгін әлбетте әділетсіз түрде өлтірілетін сияқтымын, дегенмен мені қазір көбірек мазалайтын менің қарыздарым! Сен қалай ойлайсың біз қарыздарымызды өтеп болған соң, дүниемізден бір нәрсе қалар ма екен?» – деді. Артынан: «Біздегі бар нәрсенің бәрін сат та, менің бүкіл қарызымды бер!» – деді.

Содан соң қалғанының үштен бірінің үштен бірін балаларына өсиет етіп қалдырды.

Аз-Зубайр: «Қарыздарды өтеп болған соң одан бір нәрсе қалса, оның үштен бірін – сенің балаларыңа» – деді.

Абдуллаһ бин аз-Зубайр сөзін былай жалғастырды:

Осыдан кейін ол өзінің қарыздары жайлы маған үкімдерін айтып былай деді: «Иә балам, егерде менің қарызымның қай бір бөлігін өтей алмай жатсаң менің Қамқоршымнан көмек сұра деді». Аллаһтың атымен ант етемін, мен одан: «Әкетайым, сенің қамқоршың кім?», – деп сұрамайынша түсінбедім. Бұл сұрағыма ол: «Аллаһ», – деп жауап берді.

Абдуллаһ сөзін былай жалғастырды:

Аллаһтың атымен ант етемін, осы қарыздарды өтеп жүрген кезде үмітсізденіп қажі бастасам: «Иә аз-Зубайырдың Қамқоршысы, оның қарызын ол үшін Өзің өте!», – дейтін болдым. Ал сол кезде, Ол (Аллаһ) түрлі-түрлі жағдайлармен қарыздарды төлеп отырды.

Абдуллаһ сөзін былай жалғастырды:

Аз-Зубайр (өлгеннен кейін өзінің) артынан жер бөліктерін қалдырды, оның ішінде Габадағы жер бөлігін және Мединада он бір үй, Басрда екі үй, Куфада екі үй, Мысырда екі ұй қалдырды, ал бұдан басқа оның не динары, не дирхемы болмады. Ал оның қарыздары жайлы айтатын болсақ, олардың пайда болу себебі мынада: адамдар оған, менің ақшамды сақтап бер деп жиі келетін, ал ол болса оларға: «Бұны мен қарызға алған болайын, әйтпесем оларды құрып кетеді ме, деп қорқамын!»⁵⁴, – деп, алуға келісетін. Оның қаржысына келетін болсақ, ол еш уақытта не басшы, не салық жинаушы, не салық таратушы болып істеген емес, ондағы бар дүниенің бәрін ол жорықтарда, алдымен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен

⁵⁴ Ол, жомарт адам болғандықтан сақтап бер, деп берген ақшаны мұқтаж адамдарға беріп қойып, не болмаса басқа да жағдайлармен жоғалтып алудан қорқатын, ал қарызға алынған ақшаның қайтарылуы мойнына парыз болып жүктелетін.

сәлемі болсын, артынан Абу Бакрмен, Омармен, Османмен, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, қатысқан кездегі өзіне бөлінген олжалар болатын.

Абдуллаһ сөзін былай жалғастырды:

Сонымен есептей келе оның екі миллион екі жүз мың дирхем қарыз екенін білдім.

Біраз уақыт өтісімен Абдуллаһ бин аз-Зубайрды Хакам бин Хазим кездестіріп одан: «Ия ағамның баласы менің ағам қанша берешек екен?», – деп сұрады.

Абдуллаһ сөзін былай жалғастырды:

Мен одан шындықты жасырып: «Жүз мың», - деген кезімде Хакам: «Аллаһтың атымен ант етемін, бұны өтеуге сендердің дүниелерің жетпейді, деп ойлаймын», – деді. Сонда мен: «Ал екі миллион екі жүз мың болса не дейсің!?», – дедім. Ол: «Сендерді (осының бәрін) өтей алады, деп ойламаймын, бірақ осының бірін өтей алмасаңдар, менен көмек сұраңдар», – деді.

Кезіндегі аз-Зубайр Габудағы жерін жүз мың дирхемге сатып алған болатын, ал Абдуллаһ

болса, оны бір миллион алты жүз мыңға сатты⁵⁵, артынан ол: «Бізге Габаға, аз-Зубайр кімге берешек болса сол келсін», - деп жариялады. Оған, өзіне төрт жүз мың тиесілі болған Абдуллаһ бин Жаффар келіп Абдуллаһқа: «Егер қаласаңдар мен бұл ақшаны сендерде қалдыра аламын⁵⁶», - деді. Абдуллаһ: «Жоқ!» – деді. Ол: «Егер қаласаңдар қарыздың уақытын қазір өтей алмағандықтан шегере аламын», - деді. Абдуллаһ: «Жоқ!», – деді. Ол: «Онда бұл жердің бір бөлігін маған бөліңдер», - деді. Абдуллаһ: «Сенің жер бөліктеріңнің шекарасы мынау», - деді. Сонымен Абдуллаһ Габаны сатып, қарыздардан толығымен құтылды. Осыдан кейін де Габада оның он алты бөліктен әлі төрт бөлігі қалды. Біраз уақыт өтісімен ол Муъавиймен⁵⁷ оның жанында, Амр бин Усман⁵⁸, аль Мунзир бин аз-Зубайр⁵⁹ және ибн Замъа болған кезде келді. Муъавийа одан: «Габты қаншадан саттың?», – деп сұрады. Ол: «Бөлігіне жүз мыңнан», – деді. Ол: «Енді қаншасы қалды?», – деп сұрады. Ол: «Төрт жарым бөлігі», – деп жауап берді. Сонда, аль

⁵⁵ Абдуллаһ оны, он алты бөлікке бөлді де, оның әр бөлігін жүз мыңнан сатты.

⁵⁶ Яғни, қарызыңды кешіремін, дегені

⁵⁷ Сол кездегі халиф.

⁵⁸ Халиф Османның баласы.

⁵⁹ Өзінің туған бауыры.

Мунзир бин аз-Зубайр: «Мен сенен бір бөлігін жүз мыңға алдым», - деді. Амр бин Усман да: «Мен сенен бір бөлігін жүз мыңға алдым», - деді. Осыны Ибн Замаъа да айтты. Сол кезде Муавййа: «Енді қаншасы қалды?», – деп сұрады. Абдуллаһ: «Бір жарым бөлігі», – деді. Сонда Муавййа: «Мен оны жүз елу мыңға алдым», – деді. Біраз уақыт өтісімен Муавййа мен Абдуллаһ бин Жаффар өздерінің Габадағы бөліктерін алты жүз мың дирхемге сатты. Абдуллаһ бүкіл қарыздарынан құтылғаннан кейін, оған балалары келіп: «Біздің мұрамызды бөліп бер», – деді. Бірақ, Абдуллаһ оларға: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен төрт жыл ішінде Хаж уақытында: «Кімге аз-Зубайр берешек болса, бізге келіңдер, біз оның бүкіл қарызын толығымен өтейміз», - деп жариялағаннан кейін оны сендерге бөліп беремін», – деді. Шынымен-ақ ол төрт жыл қатарынан айтқанын орындады, да одан кейін аз-Зубайрдың өсиет еткен, үштен бір бөлігін балаларына бөліп берді. Аз-Зубайрдың артынан қалған төрт әйелі бір миллион екі жүз мыңнан (өздерінің мұрадан бөліктерін) алған. Ал бас аяғы барлығы елу миллион екі жүз мың дирхемге дүниесі болған⁶⁰. **Аль-Бухари.**

⁶⁰ Бұл хадисті тәпсірлеушілер, бұл бағалауды қате деп ойлайды.

26 ТАРАУ

Әділсіздікті тыйу және хақысыз алынған нәрсені қайтару жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Залымдарға дос та, көмекші де жоқ.»
«Шура» сүресі, 8 аят.

203. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әділсіздіктен қорқыңдар, өйткені әділсіздік Қияметте қараңғы түнек болып келеді және сараңдықтан қорқыңдар, өйткені сендерге дейін өмір сүргендерді сараңдық, бірі-бірінің қанын төгуге және тыйым салынған нәрселерді орындауға түрткі болып, құртқан. **Муслим.**

204. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қйяметте әр бір хақы бардың хақы орындалады, керек десеңіз мүйізсіз қойдың (тоқал), мүйізді қойдың алдындағы хақысы орындалады (алынып беріледі). **Муслим.**

205. Хабар бойынша, ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздің арамызда болған кезде, біз қоштасу қажылығы жайлы, оның мәнін білмей айта бастадық⁶¹. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдымен Аллаһты мақтап, ардақтады да содан кейін масих Дәжәл туралы былай деп көп әңгіме айтып, солардың ішінде мынаны айтты: «Адамдарға Аллаһ жіберген әр бір елші, ол туралы өзінің үмметін ескертіп мәлімдеген: ол туралы Нұһ және одан кейінгілер де ескерткен. Расында, егер ол сендердің араларыңда пайда болса, ол сендердің көздеріңнен таса бола алмайды, өйткені сендердің Раббыларың қисық емес, ал Дәжәл болса бір көзге қисық, және көзі

⁶¹ Қоштасу қажылығының, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлер алдындағы соңғы қажылығы екендігін түсінбеген, бірінен ол неге олай аталды, деп сұрастырғандары.

жүзім секілді томпайған⁶². Расында Аллаһ сендердің қандарыңды және дүниелеріңді бір-біріңе, осы күндерің осы қалада осы айда⁶³ қандай қасиетті болса сондай қасиетті етті. Мен осыны сендерге жеткіздім бе?» Адамдар: «Иә!» – деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Аллаһ Сені куәлікке шақырамын! Қайғы сендерге (сақ болыңдар), менен кейін бір-бірінің басын шапқан кәпірлерден болмаңдар!» **Аль-Бухари бұл хадисті толығымен келтіреді, ал Муслим болса – бір бөлігін ғана.**

206. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қарыс жерді хақысыз алғанның мойнына Қияметте жеті жердің үстіндегі оралады (жүктеледі). **Аль-Бухари, Муслим.**

⁶² Дәжәл өлтіріп-тірілте аламын, деп Құдайдың сипаттарын айтып, (мен сендердің Раббыларыңмын дей бастайды – **аударушыдан**)

⁶³ Мұнда әңгіме зұльхиджа айындағы құрбан шалу күні жайлы болып тұр.

207. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ әділсізге (тәубеге келуге) уақыт береді, ал бірақ оны бір қолға алса жібермейді⁶⁴.

Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай сөзін жалғастырды:

Одан кейін ол мына аятты оқып шықты: «Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп қолға алады; күдіксіз Оның соққысы қатты күйзелтеді.»⁶⁵ **Аль-Бухари, Муслим.**

208. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі мені Иеменге жіберіп жатып былай деді: «Расында, сен адамдардың ішіндегі Кітап түсірілгендерге барасың, оларды Аллаһтан басқа Құдай жоқ екендігіне және менің – Аллаһтың елшісі екендігіме шақыр, егер олар осыған бой ұсынса, оларға Аллаһ, күндіз

⁶⁴ Яғни, жазалау жайлы айтылып тұр.

⁶⁵ «Худ» сүресі, 102 аят.

түні бес уақыт намаз орындауды жүктегенін хабарла. Егер олар бұған да бой ұсынса, онда оларға Аллаһ араларындағы байларының, кедейлерге садақа беруін міндеттегенін хабарла. Ал егер олар осыған да бой ұсынса, онда олардың дүниелерінің ең қымбатына тиіспе (яғни зекет ретінде алма) және жәбір көргеннің қарғысынан сақтан (қорық), расында онымен Аллаһтың алдында перде болмайды!»,
Аль-Бухари, Муслим.

209. Хабар бойынша, Абу Хумайд Абд ар-Рахман бин Саъд ас-Саъид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ибн аль-Лютбийя деген аль-азд руынан бір адамға, садақа жинау ісін тапсырған. Ол (садақа жинаудан) оралып: «Мынау - сендерге, ал мынаны маған сыйлады», – деді. Бұны естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінберге шығып, алдымен Аллаһты мадақтап және Оны ардақтап, сосын былай деді: «Осыдан кейін, расында, сендердің кейбіреулеріңе мен, маған Аллаһ тапсырған істі тапсырамын, ал ол болса келіп: «Мынау – сендерге, ал мынаны маған сыйлық ретінде

берді!», - дейді. Егер ол шындықты айтса, онда ол әкесінің не шешесінің үйінде осы сыйлықты күтіп неге жатпайды?! Аллаһтың атымен ант етемін, егер кімде-кім, өзіне хақысыз бір нәрсе алатын болса, Қиямет күні ол міндетті түрде Аллаһты, оны (алған нәрсесін) көтеріп кездестіреді! Расында, Қияметте Аллаһты өкірген түйені, мөңіреген сиырды, маңыраған қойды көтеріп кездестіргенді мен мойындамаймын (жақтамаймын)!», - осыдан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолын аспанға көтергені соншалық, оның қолтығының ағы көрінді, сосын: «Иә Аллаһ, мен (бұларға) хабарламадым ба?» – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

210. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің бауырының ары не болмаса одан да басқа бір нәрсесіне әділетсіздік жасаған, динарлар мен дирхемдер жоғалғанша⁶⁶, одан құтылсын⁶⁷. (Егер олай істемесе) оның жасаған

⁶⁶ Яғни, Қиямет келгенше.

⁶⁷ Яғни, кешірім сұрап, айыбын жусын.

зұлымдығының көлеміне қарай сауабтары алынады, ал егер сауабтары болмаса (не жетпей қалса), онда жәбірленгеннің күнәлі істері алынып, оның (яғни жәбірлеушінің) мойнына артылады. **Аль-Бухари.**

211. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман деп, оның тілінен және қолынан басқа мұсылмандар жәбір көрмеген адамды айтамыз, ал мухаджир дегеніміз – ол Аллаһтың тыйым салған нәрселерін тастағандар (яғни оған жоламағандар). **Аль-Бухари, Муслим.**

212. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Каркира атты, оның жан ұясының шаруашылығын жүргізген қызметшісі болған. Ал ол өлген кезде, Аллаһтың елшісі оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол Отта», - деді. Адамдар оған барып қараған

кезде, үйінде(олжадағы бөліс кезінде) жасырып қалған тері шапанды тапты. **Аль-Бухари.**

213. Хабар бойынша, Абу Бакр Нуфайъ бин Аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Уақыт өзінің бәз баяғы, Аллаһ жер мен көкті жаратқандағы, қалпына келді. Жыл, төртеуі тыйым салынған⁶⁸, он екі айдан тұрады. Оның үшеуі – зуль-қаъда, зуль-хиджжа және мухаррам – бірінің артынан бірі келеді, ал төртіншісі жумада сани мен шаъбанның ортасынан орын алған раджаб мудара. Осыдан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл неғылған ай?” – деп сұрады. Біз: “Аллаһ пен оның елшісі жақсырақ біледі”, - дедік. Осыдан кейін оның үндемей отырғаны соншалық, біз ол айды басқаша атайды ма екен деп қалдық, бірақ ол бізден: “Бұл зуль хиджа емес пе?”, – деп сұрады. Біз: “Иә” – дедік. Сонда ол: “Ал ол неғылған қала?”, – деді. Біз: “Аллаһ пен оның елшісі жақсырақ біледі”, - дедік. Осыдан кейін оның үндемей отырғаны соншалық, біз ол қаланы басқаша

⁶⁸ Исламға дейінгі бұл айларда соғыстар тоқтатылатын болған.

атайды ма екен деп қалдық, бірақ ол бізден: “Бұл қасиетті қала емес пе?”, – деп сұрады. Біз: “Иә” – дедік. Сонда ол: “Ал ол неғылған күн?”, – деп сұрады. Біз: “Аллаһ пен оның елшісі жақсырақ біледі”, – дедік. Осыдан кейін оның үндемей отырғаны соншалық, біз ол күнді басқаша атайды ма екен деп қалдық, бірақ ол бізден: “Бұл құрбан шалатын күн емес пе?”, – деді. Осының бәрінен кейін ол: “Расында, сендердің жандарың, дүниелерің, арларың, осы қаладағы осы айдағы осы күн секілді сендерге қасиетті. Сендер әлбетте Раббыларыңды кездестіресіңдер де, Ол сендердің амалдарың жайлы сұрайды! Абай болыңдар, менен кейін бір-бірінің басын шапқан кәпірлер секілді болмаңдар! (Қазір айтылғанды) осында барларың, жоқтарыңа хабарласын, кім біледі бәлкім айтылғанды өзінің құлағымен естіген жеткізушіден, сендерден естіген жақсырақ түсінер”, – деді де: “Мен сендерге жеткіздім бе? Мен сендерге жеткіздім бе?”, – деп сұрады. Біз: “Иә” – дедік. Сонда ол: “Иә Аллаһ куә бол!” – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

214. Хабар бойынша, Абу Уамама бин Саъляб аль-Хариси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім хақысыз басқа бір мұсылманның дүниесін жалған антпен иемденсе, онда оны Аллаһ тозаққа тастайды және оған Жәннәтті харам етеді. Осы кезде біреу: «Иә Аллаһтың елшісі, егер де оның (иемденген нәрсесі) түкке тұрмайтын болсада ма?», – деп сұрағанда, ол: «Керек десең, ол арака талының шыбығы болса да», – деді. **Муслим.**

215. Хабар бойынша, Ади бин Амир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер біз араларыңнан біреуіңе бір істі тапсырсақ, ал ол болса бізден бір инені, не болмаса одан басқа бағалырақ бір нәрсені жасырса, ол оған Қияметте кісен болып оралады. Бәрі тура қазір көз алдымда болып жатқандай (елестейді), (Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыны айтқаннан кейін ансарлардың ішінен қара жүзді бір адам келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, менен, бұйырып тапсырғаныңды ал!», – деді. Ол: «Саған не болған?» – деп сұрады. Адам: «Мен сенің осылай да осылай айтқаныңды естідім», –

дейді. Сонда ол: «Мен және қайталаймын: біз кімге қай бір істі тапсырсақ ол үлкенін де кішісін де алып келсін⁶⁹, ол (біз өзіне) бергенді алсын да, ал харам нәрселерден өзін ұстасын!»

Муслим.

216. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Хайбар шайқасы кезінде, сахабалардың бірнешеуі, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Пәленше шаһид болды және пәленше шаһид болды”, - деп айтып жатып бір адам туралы: “Пәленше шаһид болды”, - деген кезде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Әсте олай емес! Расында, мен оны Отта, жымқырған шапанын киіп тұрғынын көрдім!”, – деді.

Муслим.

217. Хабар бойынша, Абу Катада аль-Харис бин Рибъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁶⁹ Ол дегеніміз, зекет жинаушы, өз еркімен менің хақым деп, одан алуына болмайды.

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздің алдымызда ең жақсы амалдар - ол Аллаһ жолындағы күрес және Аллаһқа иман екендігін құтпасының арасында айтып өтті. Бұны естіген бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы, егер мені Аллаһ жолында өлтірсе, бұл менің күнәләрімнің кешірілуіне себеп болады ма?», – деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, егер сен сабыр сақтап, Аллаһтың сыйынан үміт етіп және артқа шегінбей тек қана алға ұмтылып, Аллаһтың жолында өлген болсаң», - деді. Біраз уақыт өткеннен кейін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әлгі адамнан: «Сен не дедің?», – деп сұрады. Ол тағы да: : «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы, егер мені Аллаһ жолында өлтірсе, бұл менің күнәләрімнің кешірілуіне себеп болады ма?», – деді. Бұл жолы Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, егер сен сабыр сақтап, Аллаһтың сыйынан үміт етіп және артқа шегінбей тек қана алға ұмтылып, Аллаһтың жолында өлген болсаң, бірақта сенің қарызың болмау керек, расында бұл жөнінде маған Жабірейіл хабар берді», - деді. **Муслим.**

218. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: «Сендер кімнің жарлы екенін білесіңдер ме?», – деп сұрады. Олар: «Біздің арамызда жарлы деп, не ақшасы жоқ, не дүниесі жоқ адамды айтады», – деді. Сонда ол: «Расында, менің үмметімнен жарлы боп табылатын адам Қиямет күнінде білінеді. Ол өзімен бірге оқыған намаздарын, тұтқан оразаларын, берген зекеттерін Есеп күніне алып барады, бірақ онда оның біреуге қорлық көрсеткені, біреуді ғайбаттағаны, кісі ақысын жегені, адам қанын мойнына жүктегені, әлдекімді ұрып-соққаны анықталады да, олардың әрқайсысына жиған сауаптарын үлестіруге мәжбүр болады. Егер өзі ренжіткен адамдармен есептескен кезінде жиған-терген сауабы таусылып қалатын болса, онда ол сол адамдардың күнәлерінің бір бөлігін өз мойнына жүктейді де тозаққа итеріледі»⁷⁰. **Муслим.**

219. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁷⁰ Демек, осы дүниеде ренжіткен адамдарыңнан кешірім сұрап үлгер, ал егер сені біреу ренжіткен болса сабыр сақта, Әділ Алла Тағала сенің ақынды қайтарып береді, ал бұл жайлы Аллаһ жақсырақ біледі – **аударушыдан.**

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, мен – тек қана адаммын, ал сендер болсаңдар маған дауларыңмен келесіндер. Бәлкім біреулеріңнің дәлелдерің мен үшін сенімдірек көрініп, мен оның пайдасына дауды шешуім мүмкін, бірақ дау өз пайдасына шешілгеннің, шын мәнінде бұйымтайы оның бауырына тиесілі болса, онда оған, тозақтан от бергенімді білсін. **Аль-Бухари, Муслим.**

220. Хабар бойынша, Ибн Омар, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүмин өзінің дінінде қысымшылық көрмейді⁷¹, егер тыйым салынған қанды төкпесе⁷². **Аль-Бухари.**

221. Хабар бойынша, Хамзаның әйелі, Хауля бин Самир аль-Ансарийа, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

⁷¹ Яғни, үлкен күнә жасаса да Аллаһтың мейірімінен үмітін үзбейді.

⁷² Яғни, хақысыз біреуді өлтірмесе.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, адамдардың арасында, Аллаһтың байлығын⁷³ дұрыс қолданбайтындар бар, бірақ Ахиретте оларға От бұйырады! **Аль-Бухари.**

27 ТАРАУ

**Мұсылмандардың тәуелсіздігін
құрметтеу, олардың хақыларын
түсіндіру және оларға аяушылық,
рахымшылық көрсету жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...кім Аллаһтың ардақтағандарын жоғары бағаласа; сонда оған Раббыларының қасында хайырлы...» **«Хаж» сүресі, 30 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол жүректің тақуалығынан.» **«Хаж» сүресі, 32 аят.**

⁷³ Бұл көпшілікке бөлінген дүние жайлы болып тұр.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Мұсылмандарға қанатыңды жай⁷⁴.»
«Хыжыр» сүресі, 88 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса), барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық.»

«Мәйда» сүресі, 32 аят.

222. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, мүминдер бір-бірін байланысымен мықтаған бүтін құрылыс секілді, - деп екі қолының саусақтарын бір біріне кіргізіп айқастырды. **Аль-Бухари, Муслим.**

223. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁷⁴ Мұсылмандармен қарым-қатынаста жұмсақ бол – аударушыдан.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім біздің мешіттерге, базарларға өзімен бірге садақ оғын алып келетін болса, онда біреуді жаралап алмас үшін, оғының (жебесінің) ұшынан ұстап жүрсін. **Аль-Бухари, Муслим.**

224. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүмин бір-біріне жан ашырлығымен және рахымшылығымен бір дене секілді: егер дененің бір жері ауырса, онда бүкіл дене онымен бірге ыстығы көтеріліп, ұйқыдан қалып мазасызданады. **Аль-Бухари, Муслим.**

225. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын аль-Акраъаның көзінше (немересі) аль-Хасан бин Алиді сүйді, сонда аль-Акраъа: «Расында, менің он балам бар, бірақ мен олардың ешқайсысын сүйген

емеспін», - деді. Сол кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсан оған қарап: «Өзі рахымшылық көрсетпегенге рахымшылық болмайды!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

226. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бадауилердің ішінен Аллаһтың елшісіне келген адамдар: «Сендер өздеріңнің балаларыңды сүйесіңдер ме?», – деп сұрады. Оларға: «Иә», - деп жауап берді. Олар: «Аллаһтың атымен ант етеміз, біз болсақ оларды сүйеміз», - деді. Бұл сөзді естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер Аллаһ сендердің жүректеріңе мейірімділік бермесе, мен оны сендерге қалай ендіре аламын?!», – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

227. Хабар бойынша, Жарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзгелерге рахымшылық етпегендерге, Аллаһ та рахымшылық етпейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

228. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім намаз кезінде имам болатын болса, онда намазды жеңіл оқысын, өйткені (жамағаттың) ішінде әлсіздер, аурулар, қарттар, болуы мүмкін. Ал егер жалғыз болса, онда қанша ұзақ оқығысы келсе, сонша оқысын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай делінеді:

...және шаруасы барлар...

229. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі сауабты істерді жасауды жақсы көрсе де, оларды орындаудан бас тартатын⁷⁵. Өйткені ол істерді басқалар да

⁷⁵ Мысалыға, Рамадан кезіндегі тарауық намазы және т.б. осы секілді құлшылық істері.

орындап, ол оларға парыз болып қалады ма деп қорқатын⁷⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

230. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілі мен сәлемі болсын, рахымшылық көрсетіп адамдарға үздіксіз ораза ұстауға тыйым салғанда, олар: «Бірақ сен өзің солай істейсің ғой!», – дегенде, ол: «Расында, мен сендер секілді емеспін, мені менің Раббым тамақтандырады және сусындатады!», – деді.

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл дегеніміз: маған тамақ және су арқылы жеткілікті күш береді, дегені.

231. Хабар бойынша, Абу Катада аль-Харис бин Рабъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷⁶ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі орындауына қиын болмаса да, оларға парыз етілген амалдардың бәрін орындай алмайды, деп қорқатын.

Расында, намазға тұрғанда мен оны ұзақ өткізгім келеді, бірақ баланың жылағанын естісем, оның шешесіне, қиындық туғызбас үшін намзды қысқартып (тезінен аяқтауға тырысамын). **Аль-Бухари.**

232. Хабар бойынша, Жундуб бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Таң намазын орындаушы⁷⁷ Аллаһтың қорғанында болады және Аллаһ Өзінің қорғаны үшін сендерден еш нәрсе талап етпейді. Егер Ол Өзінің қорғаны үшін бір нәрсе талап ететін болса, Ол жібереді де, одан кейін оны тозақтың отына етбетімен тастайды! **Муслим.**

233. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷⁷ Бұл жерде осы хадистің Муслим келтірген нұсқасында, жамағатпен оқылған таң намазы делінеді.

Мұсылман мұсылманның бауыры және олар бір-біріне қысымшылық және сатқындық жасамау керек. Кім өзінің бауырына ол мұқтаж болған кезде көмек көрсетсе, Аллаһ ол мұқтаж болған кезде көмектеседі. Ал кім мұсылманды қайғысынан құтқарса, Аллаһ оны Қияметтің бір қайғысынан құтқарады. Ал кім мұсылманды бүркесе (қорғаса, жақтаса) Аллаһ оны Қияметте бүркейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

234. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман мұсылманға бауыр, оған оны, алдауға, жебеусіз қалдыруға және оған сатқындық жасауға болмайды. Әр-бір мұсылманға басқа мұсылманның ары, дүниесі және өмірі қасиетті (яғни тиіспеуі керек), ал тақуалық болса мына жерде жасырынған (жүректе). Адамға Исламдағы бауырын жақтырмау, өз-өзіне жасаған зияндықта жетіп асады! **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

235. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірі-біріңе көре алмаушылық пиғылда болмандар, бағаларды көтермеңдер, бір-біріңе арқаларыңды қаратпаңдар, жақтырмаушылықтан бас тартыңдар, бір-біріңнің саудаға нұқсан келтірмеңдер және бір-біріңе бауыр болыңдар. Ия Аллаһтың құлдары, мұсылман мұсылманға бауыр емес пе, сондықтан бір мұсылман басқа мұсылманға қысымшылық көрсетпеу керек, не оған жаман пиғылмен қарамау керек, не оны көмексіз қалдырмау керек, ал тақуалық мына жерде, - деп Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын кеудесін қолымен үш рет көрсетті де, сосын: «Адамға Исламдағы бауырын жақтырмау, өз-өзіне жасаған зияндықта жетіп асады және әр-бір мұсылманға басқа мұсылманның өмірі, дүниесі және ары қасиетті болуы керек (яғни қол тигіізбеуі)!»

Муслим.

Бағаларыңды көтермеңдер дегені, ол сол затты алғысы келмесе де сол заттың бағасын басқаларды алдау үшін көтеруі. Бір-біріңе арқаларыңды қаратпаңдар, дегені – ол

бір-біріңнен теріс айналып, тастап кетпеңдер, дегені.

236. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзіне не қаласа, Исламдағы бауырына соны қаламайынша, сендерден ешкім иман келтірмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

237. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Жәбірлеуші ме, әлде ол жәбірленуші болады ма, бауырыңа көмек көрсет». Бұны естіген біреу: «Иә Аллаһтың елшісі, егер ол жәбір шегіп жатса оған мен көмек көрсетемін, ал жәбірлеушіге көмекті қалай көрсетпекпін?!», – деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оны жәбір жасаудан тоқтат, расында, осы ісің, сенің оған жасаған көмегің болады», – деп жауап берді. **Аль-Бухари.**

238. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылмандардың бір-біріне қатысты бес міндеті бар, олар: сәлемге жауап беру, аурғанның көңілін сұрау, өлгенде қабірге шығарып салу, қонаққа шақырса бару, түшкірсе игілік тілеу. **Аль-Бухари, Муслим.**

Осы хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Мұсылмандардың бір-біріне қатысты алты парызы бар, олар: егер мұсылманды кездестірсең оған сәлем бер, егер сені шақырса бар, егер сенен ақыл сұраса, ақылыңды айт, егер ол түшкіріп Аллаһқа мақтау айтса, оған игілік тіле, егер ауырса, көңілін сұра, ал егер өлсе, онда оны соңғы сапарға шығарып сал.

239. Хабар бойынша, Абу Омар аль-Барабин Азиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге жеті затты орындауды міндеттеді де, ал жеті затты орындауға тыйым салды. Міндеттегені – ол ауырғанның көңілін сұрау, жерлеу кезінде шығарып салу, түшкіргенге игілік тілеу, ант бергеннің антын орындау⁷⁸, жәбірленушіге көмек көрсету, шақырған жерге бару және адамдарға сәлем беру. Ал тыйым салған нәрселері – ол алтын жүзік тағу, күміс ыдыстардан ішу, қызыл жастық және аль-қасси қолдану, және де жібек, истибрак және дибаж⁷⁹ киюі.⁸⁰

Бұл хадистің басқа бір хабарында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірінші міндеттеген жетінің біріне: «...және жоғалтқанды іздеу...» – деп қосқанын жеткізеді.

Мұндағы айтылып жатқан жастықтар – ол атқа ердің үстіне, не түйенің ерінің үстіне төсеп отыру үшін жібек матадан тігілген іші мақтамен не басқа затпен толтырылған жастықтар жайлы болып тұр.

⁷⁸ Мұндағы айтылып тұрғаны, мысалығы адам: «Аллаһтың атымен ант етемін, сен маған қонаққа келуің керек!», - деген кездері жайлы болып тұр.

⁷⁹ «Истибрак және Дибаж» – ол жібек маталарының түрі.

⁸⁰ Мұндағы тыйым салынғанның бәрі ер кісілер үшін.

«Аль-Қасси» – зығыр мен жібектен
тоқылған мата.

28 ТАРАУ
Мұсылмандардың кемшілігін жасыру
және олар туралы қажетінсіз
мағлұматтар таратуға тыйым жйлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, сондай мұминдердің ішінде
арсыздық жайылуын жақсы көргендерге; дүние,
ахиретте күйзелтуші азап бар...» **«Нұр» сүресі,**
19 аят.

240. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған
Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың
елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі
болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер бір құл басқа құлды осы дүниеде
бүркесе (қамқорлық, қорғау), Аллаһ оны
әлбетте Қияметте бүркейді. **Муслим.**

241. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Менің үмметімнен, күнәләрін өздері жария ететіндерден басқалары құтылады⁸¹. Олар түнде бір күнә істеп, Аллаһ оны жасырады, ал олар болса: «Әй пеленше, түнде мен осындай да осындай істедім», – деп жар салады. Сонда ол Аллаһтың бүркенішімен ұйықтайды да, ал таңертең ол бүркенішін өзі ысырып тастайды.

Аль-Бухари, Муслим.

242. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер күң ойнас жасаса, онда оны қожайыны Шариғаттың үкіміне сай жазаласын⁸², бірақ сөкпесін. Егер ол екінші рет ойнас жасаса, онда оны және сөкпей Шариғаттың үкіміне сай жазаласын. Ал егер ол үшінші рет ойнас жасайтын болса, онда оны шаштан өрілген

⁸¹ Екі дүниенің жамандығынан құтылу жайлы айтылып жатыр.

⁸² Елу рет таяқпен ұру

арқанға айырбастаса да сатып жіберсін⁸³. **Аль-Бухари, Муслим.**

243. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арақ ішкен адамды алып келді, сонда ол: «Ұрындар оны!», – деді. Абу Хурайра олардың ол адамды бірі қолымен, бірі аяқ киімімен, ал енді бірі киімімен ұра бастағанын айтты. Осының бәрі басылғанда бірі: «Аллаһ сені масқараласын!», – деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олай айтып шайтанға көметеспендер!» – деді. **Аль-Бухари.**

29 ТАРАУ

Мұсылмандардың қажетін қанағаттандыру жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

⁸³ Басқаша айтқанда, тезірек одан құтылсын.

«...және хайыр қылыңдар, әрине құтыласыңдар.» «Хаж» сүресі, 77 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Хайырдан не істесеңдер, күдіксіз Аллаһ оны біледі.» «Бақара» сүресі, 215 аят.

244. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман мұсылманның бауыры және олар бір біріне қысымшылық және сатқындық жасамау керек. Кім өзінің бауырына ол мұқтаж болған кезде көмек көрсетсе, Аллаһ ол мұқтаж болған кезде көмектеседі. Ал кім мұсылманды бір қайғыдан құтқарса, Аллаһ оны Қияметтің бір қайғысынан құтқарады. Ал кім мұсылманды бүркесе (қорғаса, жақтаса) Аллаһ оны Қияметте бүркейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

245. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім мұминнің осы дүниедегі бір қайғысынан құтқарса, Аллаһ Қияметті оны бір қайғысынан құтқарады. Кім мұршасы жоқ қарызгердің жағдайын жақсартса, Аллаһ оның жағдайын осы дүниеде және ол дүниеде жағдайын жақсартады. Ал кім мұсылманды бүркесе, оны Аллаһ осы дүниеде және мәңгілік дүниеде бүркейді. Аллаһ өзінің құлына, ол бауырына көмегін көрсеткенше көмектеседі. Білім іздеп жолға шыққанға, Аллаһ Жәннәтқа баратын жолды жеңілдетеді. Егер адамдар Аллаһтың үйлерінің ішінен бір үйде жиналып Құран оқып оны үйренетін болса, оларға әлбетте тыныштық түседі және оларды рахымшылық бүркеп періштелер қоршауына алады және Аллаһ оларды Өзінің алдындағылардың көзінше еске алады⁸⁴, ал кімді амалдары ұстайтын болса⁸⁵, оның тегі оған алға тез жылжуына көмек көрсете алмайды⁸⁶. **Муслим.**

⁸⁴ Бұл дегеніміз, Аллаһ періштелерге мақтанып, оларды мақтайды және амалдарын қабылдап дәрежелерін көтереді.

⁸⁵ Яғни, амалдары аз болып, жоғарғы сатыға көтеріле адмағандар.

⁸⁶ Яғни, оның тектілігі, оның жіберіп алған сауабты істерінің орнын толтыра алмайды.

30 ТАРАУ Қолдау (болысу) жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Кім жақсылықты қолдаса, одан оған несібе бар...» **«Ниса сүресі, 85 аят.**

246. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кім өтінішімен келетін болса, ол әр кезде жанындағыларға бұрылып: «Сұраушыларға болысыңдар, сонда сендер сауап табасыңдар, Ал Аллаһ Өзінің шешімін Өзінің пайғамбары арқылы хабарлайды». **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында:
«...қалағанын хабарлайды....», **делінеді.**

247. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Барира мен оның күйеуі жайлы былай дейді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Барирадан: «Сен оған қайтар ма

едің?», – деп сұрады. Ол: «Ия Аллаһтың елшісі, сен маған бұйырып тұрсың ба?», - деп сұрады. Ол: «Мен тек қана болысып жатырмын», – деді. Сонда ол: «Оның маған керегі жоқ!», – деді.
Аль-Бухари.

31 ТАРАУ

Адамдарды татуластырудың міндеттілігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олардың өзара күңкілдерінің көбінен хайыр жоқ. Бірақ, кім бір садақаны, не бір игілікті, немесе адамдардың арасын жарастыруды әмір етсе, ол хайырлы...» **«Ниса» сүресі, 114 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сондай-ақ жарасу жақсы...» **«Ниса» сүресі, 128 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Аллаһтан қорқып араларыңды жарастырыңдар...» **«Әнфал» сүресі, 1 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде мұминдер туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар.» «Хұжрат» сүресі, 10 аят.

248. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн шыққан, әр-бір күн үшін, адамның денесінде неше буын болса, сонша садақа беру керек: егер екі адамның арасына әділ төрелік жасасаң, бұл сен үшін садақа, егер сен адамды көлігіне мінуіне демеп жіберсең, оны онымен алып жүрсең не болмаса көлікке оның заттарын көтеріп салыссаң, бұл сен үшін садақа, жылы сөз – садақа және намазға қарай жасаған әр бір қадамың, сен үшін садақа және жолдағы адамдарға кедергі болатынды алып тастау, сен үшін садақа. **Аль-Бухари, Муслим.**

Екі адамның арасына әділ төрелік жасасаң, деген сөз ол екі адамды жарастырсаң, деген сөз.

249. Хабар бойынша, Умм Кулсім бинт Укба бинт Абу Муъайт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Игілік айтып екі адамның арасын жарастырушы өтірікші емес⁸⁷. **Аль-Бухари, Муслим.**

Муслим риуят еткен хадисінде мыналар қосылған:

Умм Күлсім, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді: «Оның үш түрлі жағдайдан басқа, еш уақытта өтірік айтуды рұқсат еткенін естіген емеспін – ол соғыс кезінде⁸⁸, адамдарды жарастыру үшін және әйелі күйеуіне сөйлеген кезде және күйеуінің әйеліне сөйлеген кезінде⁸⁹».

250. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің есігінің алдында бір-бірімен ұрсысып, бірі екіншісінен қайырым етіп, қарызының бір бөлігін кешруін сұрап жатқанда, екіншісі оған: «Аллаһтың атымен ант етемін,

⁸⁷ Екі адамды жарастыру үшін, игі ниетпен өтірік айту.

⁸⁸ Яғни, соғыстағы қарсыластарын жеңу үшін оларға өтірік айту.

⁸⁹ Мысалыға, ерлі-зайыптылардың бірі екіншісіне: «Сен бәрінен де әдемісің», - деп айтуы.

олай істемеймін!», - деп айтып жатқанын естіп: «Аллаһтың атымен ант етіп, жақсылықты істемеймін деп жатқан қайсысың?», - деп сұрады. Сонда ол адам: «Бұл менмін, иә Аллаһтың елшісі, ал оған оның сұрағаны болсын (яғни оның қарызын кешірдім)», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

251. Хабар бойынша, Абуль-Аббас Сахл Саъд ас-Саъид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бану амр бин ауф руының адамдары бір-бірімен жанжалдасып қалды дегенін естісімен, жанына бірер сахабаларын ертіп оларды татуластыру үшін, сол жаққа кетті. Онда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірер уақытқа бөгеліп қалды, ал сол уақыттың арасында намаздың уақыты кірді де Билял Абу Бакрге, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын: «Намаз оқитын уақыт келді, сен адамдармен намаз өткізесің бе?», - деп сұрады. Абу Бакр: «Иә, қаласаң өткізейін», - деді. Биляль намаздың басталуын хабарлап қамат түсірді. Абу Бакр алдыға шығып «Аллаһу акбар» деп, адамдар да оны қайталап «Аллуһу акбар» десімен-ақ, Аллаһтың елшісі,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оралып, адамдардың саптарының арасынан өтіп, бірінші сапқа келіп тұра қалды. Оны көрген адамдар алақандарын бір-біріне соғып шапалақтай бастады, бірақ Абу Бакр намаз уақытында жан жағына қарамайтын. Дегенмен, адамдар шапалақтағанын қоймағаннан кейін, ол артына бұрылып Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрді де, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған қолымен ымдап намазды өткізе беруін бұйырды. Бірақ Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, екі қолын жоғары көтеріп Аллаһқа мақтау айтып, артқа қарай жылжып бірінші сапқа келіп тұрды. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдыға шығып намазды өткізіп болысымен, адамдардан: «Сендермен бір нәрсе болғанда, сендер неге алақандарыңды соға бастадыңдар, намаз кезінде әйелдер ғана алақан соғады, ал сендер «Субанал-Ләһ», деулерің керек, өйткені «Субханал-Ләһ», деп айтқандарыңды естіген (имамдарың) сендерге әлбетте бұрылып қарайды. Иә Абу Бакр, саған мен ымдап белгі бергеннен кейін, саған намазды өткізе беруге не кедергі болды?», - деді. Бұған Абу Бакр: «Аллаһтың елшісі

тұрғанда Абу Кухафқа⁹⁰ намаз өткізу жараспайды», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

32 ТАРАУ

Әлсіз, кедей және оларды көбі танымайтын мұсылмандардың абыройы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарынғандармен бірге өзің де сабыр ет...» **«Кеһф» сүресі, 28 аят.**

252. Хабар бойынша, Харис бин Уахб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге Жннәттық болғандардан хабар берейін бе? – Ол әр-бір әлсіз және танымсыз⁹¹, бірақ ол бір нәрсемен ант етсе, Аллаһ оның

⁹⁰ Абу Кухаф – Абу Бакрдің лақаб аты. Ол өзін Кухафтың баласы екенін айтып, дәрежесінің төмендігін меңзеп тұр.

⁹¹ Яғни, оның кедейлігінен оны ешкім білмейді және онымен ешкім санаспайтын адам.

антын орындайды. Сендерге Отта болатындардан хабар берейін бе? – Ол әрбір дөрекі, сараң және өр-көкірек. **Аль-Бухари, Муслим.**

253. Хабар бойынша, Абуль-Аббас Сахл Саъд ас-Саъид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанынан бір (бай) адам өтті де, ол туралы, жанында отырған адамнан: «Сен осы адам туралы, не айтасың?», – деп сұрады. Ол: «Бұл құраметті адамдар қатарында, Аллаһтың атымен ант етемін, егер ол бір әйелге құда түссе, оны ол әйелге үйлендіруге, ал егер ол біреуге болысса (қорғаса), онда оның болысуын қабыл алуға лайық адам», – деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үндемеді, ал бірер уқыттан кейін жанынан басқа бір адам өтті де, ол: «Ал мына адам туралы сен не ойлайсың?», – деп сұрды. Ол: «Бұл – кедей мұсылмандар қатарынан, және оған ол құда түсіп үйленгісі келеген әйеліне үйлендірмеуге, және оның болысуы қабыл болмауға және ол сөйлегенде сөйлегенін тыңдамауға лайық адам», – деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол кедей, барлығы мынау сияқты (байлармен) толтырылған жерден артық!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

254. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Тозақ пен Жұмақ бір-бірімен тартысып, Тозақ былай деді: «Менде мейірімсіз және өр-көкірек адамдар болады», ал Жұмақ: «Ал менде - әлсіз және кедейлер», - деді. Сонда Аллаһ Тағала былай деп араларына төрешілік айтты: «Иә Жұмақ, расында сен Менің қалағаным көрсететін мейірімім боласың, ал сен болсаң, иә Тозақ, Менің қалағаным көрсететін жазалауым боласың және Мен екуіңді де толтыруым керек болады!» **Муслим.**

255. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Қиямет күні маңғаз сұсты адам келеді де, оның Аллаһ алдында масаның

қанатынан да жеңіл екендігі анықталады. **Аль-Бухари, Муслим.**

256. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Кезінде қара жүзді бір әйел мешіттің еденін сыпыратын, бірде ол әйел көрінбей қалғаннан соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол туралы сұрады. Сонда оған: “Ол бұл дүниеден өтіп кетті” – деді. Бұны естіген ол: “Маған неге хабар бермедіңдер” – деді. Оның өліміне олар көп мән бермей, олар үшін бұл уақиға кішігірім мәселе көрінген секілді болды. Содан кейін ол: “Маған оның қабірін көрсетіңдер!”, – деді. Оған оның қабірін көрсетіп ол оған жаназа намазын оқыды да: “Расында бұлардың қабірлері қараңғы бір түнек секілді және ондағылардың бәрі соған (түнекке) оранған, расында, енді Аллаһ Тағала менің дұғам арқылы оларға оны нұрландырады”, – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

257. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бәлкім шашы жалбыраған, үсті шаң болған және адамдардың есігінің алдынан қуылатын адамдардың Аллаһтың атымен айтылып жатқан антын, Аллаһ міндетті түрде орындайды. **Муслим.**

258. Хабар бойынша, Усама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Жәннәттің қақпасының алдында тоқтадым да, оған кіргендердің көпшілігі кедейлер екенін байқадым, ал байлар болса (есеп беру үшін) тоқтатылды, бірақ Тозақ тұрғындарын Тозаққа тасталуына әмір етілді. Мен және тозақ алдында да тоқтатылдым, онда түскендірдің көпшілігінің әйелдер екенін байқадым. **Аль-Бухари, Муслим.**

259. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үшеуден басқа ешкім бесігінде сөйлеген емес, олардың бірі Иса бин Марйам. Ал екіншісі жайлы айтатын болсақ, ол Журайж сөйлескен нәресте. Журайж өзін Аллаһқа құлшылық етуге арнаған адам болатын. Ол өзіне құлшылық ететін үйшік салып алып, сонда құлшылық ететін. Бірде ол намаз оқып жатқан уақытында оған шешесі келіп: «Иә Журайж!», – деді. Ол: «Иә Раббым менің, менің шешем және намазым!»,⁹² – деді, де намазын жалғастыра берді, ал шешесі болса кетіп қалды. Келесі күні шешесі ол намаз оқып жатқан кезінде тағы да келіп: «Иә Журайж!», – деді. Ол тағы да: «Иә Раббым менің, менің шешем және намазым!», – деді, де намазын жалғастырып оқи берді. үшінші күні шешесі ол намаз оқып жатқан кезінде тағы да келіп: «Иә Журайж!», – деді. Ол тағы да: «Иә Раббым менің, менің шешем және намазым!», – деді, де намазын жалғастырып оқи берді. Сонда шешесі: «Иә Аллаһ, ол жезөкшелердің жүзіне қарамайынша, оны өлтірме!», – деді. Осыдан кейін Исраил ұрпағының адамдары Журайж жайлы және оның құлшылығы жайлы айта бастады. Олардың ішінде оның әдемілігін әңгіме ететін

⁹² Басқаша айтқанда Журайж не істерін білмей: «Намазымды жалғастыра берейін бе әлде шешеме жауап берейін бе?», - деп Аллаһтан сұрап жатыр.

бір жезөкше болды. Ол әйел: «Қаласандар мен оны азғырып жолдан тайдырамын», – дейді де, оған келеді, ал ол болса оған қарамады да. Сонда ол әйел оның бөлмесінде тұратын бір қойшыға келіп оны азғырып жүкті болады да босанған кезінде: «Нәресте Журайждан», – деп жар салады. Сонда адамдар, оған келіп оның төмен түсуін талап етіп, оның құлшылық ететін үйшігін бұзып, ал өзін ұра бастады. Ол олардан: «Сендерге не болған?», – деді. Олар: «Сен мына жезөкше әйелмен ойнас жасадың, ал ол болса сенен бала туды», - дейді. Сонда ол: «Ол бала қайда?», - деп сұрайды да, олар оған баланы алып келеді. Журайдж оларға: «Маған дұға жасауға рұқсат беріңдер», – дейді. Ол дұғасын жасап болған соң баланың ішінен қағып: «Иә балақай, сенің әкең кім?», – деп сұрайды. Нәресте: «Пәленше қойшы», – деп жауап береді. Бұны естіген адамдар, Журайжға келіп оны сүйіп оған қолдарын тигізе бастап былай дейді: «Біз саған алтыннан құлшылық ететін үй салып береміз!». Бірақ ол: «Маған лайдан Өзімнің құлшылық ететін үйімді салып беріңдер!», - дейді, ал олар болса оның айтқанын орындайды.

Ал үшінші нәресте туралы айтатын болсақ, бірде ол шешесінің омырауын еміп жатқан кезінде олардың жанынан тамаша аттың

үстінде, әдемі жүзді бір кісі өтіп бара жатып нәрсетенің шешсі: «Иә Аллаһ менің баламды осы аттылы секілді ет!», – деді. Сонда бала еміп жатқан омырауын тастап аттылыға бұрылып қарап: «Иә Аллаһ, мені ол секілді етпе!», – деді де, емуін одан ары жалғастырды.

Абу Хурайра сөзін былай жалғастырды:

Осы әңгімені айтып жатқан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осы күнге дейін көз алдымда, ол (баланың емгенін көрсетпекші болып) өзінің сұқ саусағын аузына салып сора бастады. Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Біраз уақыт өтісімен олардың жанынан бір күнге: “Сен зина жасадың! Сен ұрлық қылдың!”, – деп, оны ұрып-соғып алып өтті. Ал ол күң болса: “Маған Аллаһ жеткілікті, Ол тамаша қамқоршы!”, – деп айтып жатты. Осының бәрін көрген ана: “Иә Аллаһ, менің баламды осы күң сияқты ете көрме!”, – деді. Сонда бала тағы да емуін қойып, оған (күңге) қарады да: “Иә Аллаһ, мені сол секілді қыл”, – деді. Сонда олар бір-бірімен сөйлесе бастады да, шешсі баласына: “Сен неге біздің жанымыздан тамаша кейіпті адам өтіп бара жатып мен:«Иә Аллаһ менің баламды осы аттылы секілді ет!», - дегенімде

сен: «Иә Аллаһ, мені ол секілді етпе!», - дедің, ал, жанымыздан: «Сен зина жасадың! Сен ұрлық жасадың!», – деп күнді ұрып соғып алып өткенде мен: “Иә Аллаһ, менің баламды осы күң сияқты ете көрме!”, – дегенімде, сен: “Иә Аллаһ, мені сол секілді қыл”, – дедің?” – деп, сұрайды. Сонда нәресте: “Расында, ол адам, жәбірлеуші сондықтан мен: «Иә Аллаһ, мені ол секілді етпе!», - дедім, ал күң жайлы айтатын болсақ, ол туралы: «Сен зина жасадың!», – дейді, ал ол болса оны жасамаған және ол туралы: «Сен ұрлық жасадың!», - дейді, ал ол болса оны да жасамаған, сондықтан мен: “Иә Аллаһ, мені сол секілді қыл”, – дедім”, – деп жауап береді. **Аль-Бухари, Муслим.**

33 ТАРАУ

Жетімдермен, қыздармен, басқа да әлсіз жарлы және шарасыздармен мейірімді пейілде болу, оларға аяушылық, жұмсақтық танытып және де оларды мойындап, игілік көрсету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мұсылмандарға қанатыңды жай»⁹³
«Хыжыр» сүресі, 88 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарынғандармен бірге өзің де сабыр ет. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді басқаға аударма...» **«Кеһф» сүресі, 28 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Ендеше жетімді қорлама. Сұраушыны зекіме.» **«Зуха» сүресі, 9-10 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай дінді өтіріксігенді көрдің бе? Міне сол жетімді қақпайлағанды, Міскінді тамақтандыруға қызықтырмайды.» **«Мағұн» сүресі, 1-3 аяттар.**

260. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Уаккас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз алтауымыз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған

⁹³ Яғни мұсылмандармен жұмсақ бол, деген сөз, ал бәрін білуші бір Аллаһ – аударушыдан.

кезімізде, көпқұдайшылдар оған: «Бұларды бізге қыр көрсетпеулері үшін жаныңнан қу⁹⁴», - деді. Ал бұл алтаудың ішінде менен басқа Ибн Масъуд, хузайл руынан бір адам, Биляль және тағы мен атын атамай жатқан екі кісі болды. Ал Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ойына келгені Аллаһтың қалағаны болды да, ол өзінің жан дүниесіне үңілді, ал Аллаһ Тағала оған мына аятты түсірді: “Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді құма...”⁹⁵ **Муслим.**

261. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Хубайр Аиз бин Амр аль-Музани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһ риза болған антты бергендердің бірі, ол былай деді:

Абу Суфйан өзімен ілескен бірнеше адммен бірге Сальманға, Билялге және Сухайбке келген кезінде, олар: «Аллаһтың қылышы, Аллаһтың жауларынан өзіне тиесілісін алған

⁹⁴ Бұл бір кәпірлермен шарттасып жатқан кезде на басқа бір келісім кезінде болса керек. Олар Пайғамбардың жанындағылардың, бұрынғы құлдар және кедей-кепшіктерден болғаннан кейін менсінбей жатқандары болса керек, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

⁹⁵ «Әнғам» сүресі, 52 аят.

жоқ!»⁹⁶, - деді. Бұны естіген Абу Бакр: «Сендер бұны құрайыштардың мырзасы мен басшысына айтып жатырсыңдар ма?!», – деді,⁹⁷ де Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп болған жайдың бәрін оған айтып берді. Бұны естіген ол: “Иә Абу Бакр, сен оларды ашуландырып алмадың ба? Расында, егер сен оларды ашуландырсаң, онда Раббыңды аушуландырғаның”, – деді. Осыдан кейін Абу Бакр оларға келіп: “Иә бауырларым, мен сендерді ашуландырып алған жоқпын ба?”, – деп сұрады. Олар: “Жоқ, сені Аллаһ кешірсін!”, – деді. **Муслим.**

262. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Мен Жәннәтта жетімді асырағанмен мынадай бірге боламын», – деп, сұқ саусағы мен одан кейінгі саусағының арасын ашып көрсетті. **Аль-Бухари.**

⁹⁶ Олар Абу Суфианның осы күнге дейін мұсылмандармен қанша шайқасса да тірі болғанына өкініштерін білдіріп жатыр.

⁹⁷ Абу Бакрдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бұлай айтып жатқаны, ол оның көңілін аулап, жүрегін Иламға тартпақшы болып жатқаны.

263. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Туысқандарының ішінен не болмаса басқа адамдардан жетімді асыраушы, Жәннәтта менімен осы екеуі секілді жақын болады.

Осыны айтып, бұл хадисті жеткізуші Малик бин Анас, сұқ саусағымен одан кейінгі саусағының арасын көрсетті. Муслим.

264. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір-екі құрма не болмаса бірлі-жарым тамақ тиген кедей емес, нағыз кедей ол төзімділік көрсеткендер.» **аль-Бухари**

265. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жетім мен жесірдің қамын ойлаған, Аллаһ Тағаланың жолында соғысқандармен тең.

Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

... және де мен, ол былай айтты деп есептеймін: «... және де ол, түнімен тынымсыз намаз оқып, күнімен үздіксіз ораза ұстағанмен тең.» **Аль-Бухари, Муслим.**

266. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сый-құрмет көрсетіп тамақтандырудың ішіндегі ең жаманы - ол, үйлену тойына барғысы келгендерді шақырмай⁹⁸, келуден бас тартатындарды⁹⁹ шақыру болып табылады. Ал шақырғаннан бас тартқандар жайлы айтатын болсақ, онда олар Аллаһ пен Оның елшісін тыңдамағандар (бағынбағандар) болып табылады. **Муслим.**

Бұл хадистің екі «Сахихте» де келтірілген басқа бір нұсқасында, Абу Хурайрадан, оған

⁹⁸ Мұнда әңгіме, тойға келіп, тамақ ішпекші болған кедейлер жайлы болып тұр.

⁹⁹ Тойынған байлар жайлы айтылып жатыр.

Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Нашар тамақ болып, оған байлар шақырылып, ал кедейлерді шақырудан бас тартылған үйлену тойында берілген тамақ саналады.

267. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Екі қызға бой жеткенше қамқоршы болған адам, Қияметте менімен осындай жақын болады», - деп, ол саусақтарын біріктіріп көрсетті. **Муслим.**

268. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде қайыр сұрап жүрген бір әйел, өзінің екі қызымен маған кірді. Ал менде оған беретін бір құрмадан басқа еш нәрсе болмағандықтан, оған оны бердім. Ол әйел өзі ол құрманың дәмін де татпай қыздарына бөліп берді де, тұрып шығып

кетті. Артынша Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйге келіп, мен оған болған оқғианы айтып бергенімде ол: «Бұл қыздар кімге сынақ ретінде жіберілген болса, оны олар тозақтың отынан қорғайды», - деді.

Аль-Бухари, Мслим.

269. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде маған қолына екі қызын көтеріп бір кедей әйел кірді. Мен оған үш құрма бердім, ал ол болса құрманың екіуін бір-бірден екі қызына берді де, үшінші құрманы өзі жемекші болып аузына апара бергенде, қыздары тағы да оған қарап тамақ сұрай бастады, сонда ол қолындағы құрманы қыздарына бөліп берді. Мен бұл оқиғаға таңырқап, болған жайды Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқанымды ол: “Расында, бұл үшін Аллаһ оған жәннәтті кәміл етті /немесе: ...

оны тозақтың отынан босатты!” **Муслим.**

270. Хабар бойынша, Абу Шурайха Хувайлид бин Амр аль-Хъузаъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Аллаһ, мен екі әлсіздің: жетім мен әйелдің ақысына қысымшылық көрсетуге тыйым саламын. **Ан-Насай жақсы иснадпен, «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

Тыйым саламын (ухариджу) деген сөз, ол осы екеуінің хақысына қысымшылық көрсеткендерді күнә жасады деп айыптаймын және ондай іс істеуден өздерін ұстауға шақырамын, дегені.

271. Хабар бойынша, Мусъаб бин Съад бин Абу Ваккас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Саъд өзін басқалардан жақсы санайтын¹⁰⁰. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендерге әлсіздеріңнің арқасында жеңіс пен ризықтарың сыйланады емес пе?¹⁰¹”, – деді. **Аль-Бухари.**

272. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

¹⁰⁰ Яғни, басқа өзі сияқты батырлығымен көзге түспегендерге жоғарыдан қарайтын.

¹⁰¹ Яғни, олардың дұғалары арқасында.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған әлсіздерді іздеңдер, өйткені сендерге көмек пен ризық, сол араларыңдағы әлсіздеріңнің арқасында беріледі. **Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснадпен келтіреді.**

34 ТАРАУ

Әйелдерге жақсы қарым-қатынас көрсету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сондай-ақ олармен жақсы шығысыңдар...» **«Ниса» сүресі, 19 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Қаншалық тырыссаңдар да әйелдердің арасына әсте әділдік істей алмайсыңдар. Ендеше (біреуіне) мүлде ауып кетіп. өзгесін жіпсіз байлағандай етіп қоймаңдар. (күйеусіз әйелге ұқсатып, дел-салда жүрмесін) Егер түзеліп сақсынсаңдар, негізінен Аллаһ тым жарылқаушы, ерекше мейірімді.» **«Ниса» сүресі, 129 аят.**

273. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әйелдермен жақсы қарым-қатынаста болыңдар, өйткені, расында, әйел (Адам атаның) қабырғасынан жаралған, ал оның ең қисық жері жоғарғы жағында¹⁰², егер сен қабырғаны түзеткің келсе, онда оны сындырасың, ал егер оны өз жөніне қойсаң, онда ол сол қисайған күйінде қала береді¹⁰³, сондықтан әйелдермен жақсы қарым-қатынаста болыңдар. **Аль-Бухари және Муслим.**

Бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Әйел қабырға секілді: егер оны түзеткің келсе, онда сындырасың, ал егер одан ләззәт алғың келсе (оны жақсы көргің келсе), онда

¹⁰² Әйел баласының тілі меңзеліп тұрса керек.

¹⁰³ Бұл дегеніміз, егер әйелдің туа біткен жаратылысын өзгерткің келсе, онда бұл әреке қарым-қатынастың бұзулуына әкеліп соғады.

оның қисықтығына қарамай ләззәттана бер
(жақсы көре бер)

Ал бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, әйел қабырғадан жаратылған, ол сен үшін ешқашан түзу болмайды, сондықтан егер сен оны жақсы көргің келсе, оның қисықтығына қарамай жақсы көре бер. Ал егер оны түзеткің келсе, онда оны сындырасың, (ал) сындыру дегеніміз онымен ажырасу.

274. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Замаъа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға хұтпасы кезінде түйе жайлы және оның сіңірін кескен адам жайлы айтып өтіп, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: «Оның ең жауызы қарсы шыққанда». Бұл дегеніміз, адамдардың ішінде аз кездесетін, бой бермейтін, өз халқының қорғанышында болған бір адам, түйеге қарай, оны өлтірмек ниетте бет бұрды.

Содан соң ол әйелдер жайлы айтып, олар туралы хұтпасында былай деді:

Сендердің араларыңдағы кейбіреулерің әйелдеріңді құлдарың секілді ұрасыңдар, ал содан кейін, түнде олармен бір төсекке жататын шығарсыңдар.

Содан соң ол оларға, араларыңдағы біреулері жел шығарып, оған бәрі күлетіндігі жайлы айтып былай деді:

Сендерден кейбіреулерің неге өздерің жасайтын іске күлесіңдер? **Аль-Бухари, Муслим.**

«Бой бермейтін» (ъарим) – залым, жамандықты жаюшы.

275. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүмин еркек, мүмин әйелді жек көрмеу керек, өйткені оның мінезінің бір көрінісіне қапа болса, онда басқа-бір көрінісіне риза болады.

Муслим.

276. Хабар бойынша, Амр бин аль-Ахвас аль-Джушам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

игілігі мен сәлемі болсын, қоштасу хажылығы кезінде бірінші Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтып Оған шүкірліктер айтып болған соң былай деп айтқанын естіген:

Әйелдеріңмен әр қашан жақсы қарым-қатынаста болыңдар, өйткені, расында, олар сендердің – тұтқындарың. Сендер оларға, айтарлықтай ұятсыз іс жасамаса, тисулеріңе хақыларың жоқ. Ал егер олар сондай бір жаман іс жасаса онда оларды төсектеріңнен алыстатыңдар да, оларды ақырын ұрыңдар. Сонда сендерге бағынса, онда оларға қарсы еш нәрсе жасамаңдар. Расында, сендердің әйелдеріңде хақыларың бар және әйелдеріңнің сендерде хақылары бар. Сендер олардан, жақтырмаған адамдарыңды төсектеріңе отырғызбауларың талап етулеріңе және сендердің көргілерің келмеген адамдарды (үйлеріңе) кіргізбеулерің талап етулеріңе хақыларың бар. Ал әйелдерің сендерден өздеріне жақсы тамақ пен жақсы киім талап етулеріне хақылары бар. **Ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис» деп келтіреді.**

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелді ерінің билігінде болған тұтқынға теңеп жатыр. Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «...оларға қарсы еш нәрсе жасамаңдар» –

дегені, ол олар туралы жамандықты тіміскілеп, оларды ренжітпеңдер, - дегені. Ал, Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

277. Хабар бойынша, Муъавийа бин Хайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, біздің әр қайсысымызда, әйелдеріміздің қандай хақысы бар?», – деп сұрадым. Ол: «Сен өзің тамақ ішсең оны тамақтандыруың керек, өзің киінсең оны киіндіруің керек және де сен оны жүзінен ұруыңа, жаман сөздер айтуыңа, үйден тыс жерде (сұрағына жауап бермей) одан теріс айналып кетуіңе болмайды. **Абу Дауд бұны «Жақсы хадис» деп, жаман сөз айтуға болмайды дегеніміз, ол: «Аллаһ сенің түріңді бұзсын!»**, - деп айту, дейді.

278. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иманы толық мүмин болып, мінезі көркем мүмин саналады, ал мінезі көркем мүмин болып, әйелімен жақсы қарым-қатынаста

болған мұмин саналады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы әрі сенімді хадис» деп келтіреді.**

279. Хабар бойынша, Ийяс бин Абдуллаһ бин Абу Зубаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтың әйел құлдарын ұрмаңдар!», – деді. Біраз уақыт өтісімен, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келді де: «Әйелдер шектен шығып барады», – деді, сонда ол әйелдерді ұруға рұқсат берді. Осыдан кейін көптеген әйелдер Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдеріне келіп, өздерінің күйеулеріне шағымдана бастады. Сонда ол: «Мухаммадтың үйіндегі әйелдерге көптеген әйелдер өздерінің күйеулеріне шағымданып келді, олар (сол еркектер) сендердің араларыңдағы жақсыларың емес!», - деді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

280. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл дүние сендерге уақытша бір қолдануларыңа берілген, сол берілгеннің ішіндегі сендер үшін ең хайырлысы діндар әйел.
Муслим.

35 ТАРАУ

Еркектің әйелге хақысы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Еркектер әйелдерді билеуші. Өйткені Аллаһ, бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар, малдарынан да пайдаландырады. Ал енді жақсы әйелдер, бой ұсынушылар, Аллаһ қоруға берген көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар...» **«Ниса» сүресі, 34 аят.**

281. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер еркек өзінің әйелін төсекке шақырып, ал ол болса келмей, күйеуі оған ашуланып ұйықтаса, онда першіте оны таң атқанша қарғап шығады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Егер әйел ерінің төсегінен бөлек жерде түн өткізсе, онда оны періштелер таң атқанша қарғап шығады.

Ал бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, егер еркектің бірі, әйелін төсегіне шақырып, ал әйелі оған келмесе, ол әйелдің күйеуі әйеліне риза болмайынша, онда көктегі болған¹⁰⁴, ол әйелге ашулы болады!

¹⁰⁴ Періште жайлы айтылса керек.

282. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әйел адамға күйеуінің рұқсатынсыз, оның жанында ораза ұстауына болмайды¹⁰⁵ және оның үйіне оның рұқсатынсыз ешкімді кіргізуіне болмайды. **Аль-Бухари, Муслим, мұнда Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.**

283. Хабар бойынша, Ибн Омар, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендердің әр-қайсыларың бақташысыңдар және сендердің әр-қайсыларың баққандарыңа жауап бересіңдер: әмірші бақташы саналады, еркек өзінің жанұясының бақташысы, әйел да күйеуінің үйі мен балаларының бақташысы саналады. Сонымен әр-қайсысың бақташысыңдар және әр-қайсысың баққандарыңа жауапкерсіңдер. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁰⁵ Бұл жерде өз еркімен ұсталынатын нәфіл ораза жайлы айтылып жатыр.

284. Хабар бойынша, Абу АлиТалька бин Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер еркек өзінің әйелін, бір қажеті үшін шақырса, әйелі пештің жанында тұрса да ерінің шақыруына келуі керек. **Ат-Тирмизи және ан-Насай келтіреді. Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы хадис» дейді.**

285. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер мен, біреудің біреуге сәжде жасауына әмір беруіме мәжбүр болған болсам, онда мен әйелдің күйеуіне сәжде жасауына әмір берген болар едім!¹⁰⁶ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақса сенімді хадис» деп келтіреді.**

¹⁰⁶ Бұл хадис Ауб Даудтың «Сунанында» келтірген ұзын бір хадистің бөлігі болып табылады. Ол хадисте Қайс бин Саъад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді: «**Хираға (қаланың аты) барып келіп, оның тұрғындарының марзубанға (елдерінің әміршісі) сәжде жасайтынын көріп өзіме-өзім: «Аллаһтың елшісі оған қарағанда сәжде жасауға лайығырақ!»**, - дедім. Сосын Аллаһтың елшісіне келіп:

286. Хабар бойынша, Умм Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кез келген әйел¹⁰⁷, күйеуі риза болып өлген болса, ол жәннәтқа кіреді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді¹⁰⁸.**

287. Хабар бойынша, Муъаз бин Жабал, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Осы дүниеде әйел өз еріне қысмшылық көрсеткен сайын, оның (жәннәттағы) хор қыздарының ішіндегі әйелдерінің бірі әлбетте: «Аллаһ сені жойғыр, қинама оны! Ол жақын бір

«Расында Хирада болып, оның тұрғындарының марзубанға сәжде жасайтынын көрдім, бірақта сен, иә Аллаһтың елшісі, оған қарағанда сәжде жасауға лайығырақсың!», – дедім. Бұған ол: «Сен менің мазарымның жанынан өтіп бара жатып маған сәжде жасар ма едің?», – деп сұрады. Мен: «Жоқ», – дедім. Ол: «Олай істемендер де, ал егер мен, біреудің біреуге сәжде жасауына әмір беруіме мәжбүр болған болсам, онда мен әйелдің күйеуіне сәжде жасауына әмір берген болар едім!», – деді.

¹⁰⁷ Әрине бұл жерде мұсылман әйелі жайлы айтылып жатыр.

¹⁰⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

күндері сені тастап бізге аттанатын, сенің қонағың ғана ғой!», – дейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

288. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен өзімнен кейін ерлерге, әйелден артық зиян келтіретін нәпсі қалдырмаймын. **Аль-Бухари, Муслим.**

36 ТАРАУ

Өзінің қарамағындағы асырап жатқан адамдарына қаржы жұмсау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Ананың тиісті керегі мен киімі, баланың әкесіне міндет...» **«Бақара» сүресі, 233 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Кеңшілік иесі бай кісі, өзіне Аллаһтың бергені бойынша нафақа берсін. Аллаһ біреуге оған бергенінен артық жүктемейді. Аллаһ

ауыршылықтан кейін жеңілдік береді. **«Талақ» сүресі, 7 аят.**

289. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолына динар жұмсасаң¹⁰⁹, құл (азат) етуге динар жұмсасаң, кедейге садақа ретінде динар жұмсасаң және жанұяңның керегіне динар жұмсасаң, сонда сол жұмсаған динарларыңның ішіндегі ең сауабтысы - ол жанұяң үшін жұмсаған динарың. **Муслим.**

290. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Саубана бин Будждуда, Аллаһтың елшісінің оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, азат еткен құлы, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамның жұмсаған динарларының ішіндегі ең жақсысы болып: өзінің асырап жатқан адамдарына жұсаған динары, Аллаһ жолында

¹⁰⁹ Аллаһ жолындағы соғысқа садақа беру.

мініп жүрген көлігіне жұмсаған динары және Аллаһ жолындағы жолдастарына жұмсаған динарлары жатады. **Муслим.**

291. Хабар бойынша, Умм Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, менің Абу Саламның баларына, оларды осындай да, осындай жағдайда қалдырмай жұмсағанымнан, олар менің балаларым болса да маған тиетін сауабы бар ма?¹¹⁰», – деп сұрадым. Бұл сұрағыма жауап ретінде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Иә, сенің оларға жұмсағаныңнан, саған сауап бар». **Аль-Бухари, Муслим.**

292. Бірінші кітабтың басында келтірілген Саъд бин Абу Ваккас келтірген ұзын хадисте (№6), Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

¹¹⁰ Умм Салам, Абу Саламның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, әйелі болған. Күйеуі (Абу Салам) өлгеннен кейін, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күйеуге шыққан. Ал әңгіме болып жатқан балалар оның өзінің де балалры болған, (яғни Умм Саламның Абу Саламадан туған балалары).

мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, сен Аллаһ жолында жұмсағаныңның барлығы үшін сауаб табасың, керек десең, әйеліңнің аузына салғаның үшін сауап бар. **Аль-Бухари, Муслим.**

293. Хабар бойынша, Абу Масъуд аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам Аллаһтың сауабынан үміттеніп өзінің жанұясына қаржы жұмсаса, онда ол оған садақа ретінде жазылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

294. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам қол астындағы асырауына тиістілі жандарын өлтіріп алса, онда бұл ісі ол үшін

күнәсінде жетіп асады. **Абу Дауд және басқа мухаддистер.**

Муслим өзінің «Сахихінде» осыған ұқсас хадис келтіреді. Онда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Егер адам қол астындағы асырауына тиістілі жандарына тамақ беруін тоқтатса, онда бұл ісі ол үшін күнәсінде жетіп асады.

295. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әр күні, Аллаһтың құлдары оянатын уақытында, көктен екі періште түсіп, оладың бірі: «Иә Аллаһ, ақшасын (сауабты істерге) жұмсағандардың ақшасын толықтыр!», – десе, екіншісі: «Иә Аллаһ, сараңның ісін опат қыл!», – дейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

296. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Төмендегі қолдан жоғарыдағы қол жақсырақ¹¹¹. Беруді өзіңнің қол астыңдағы асырауға тиістілеріңнен баста, ал садақаның ең жақсысы өзінде мол болған кезде берген садақа. Ұстамдылыққа (төзімділікке) талпынғанды, Аллаһ ұстамдылыққа (төзімділікке) алып келеді, ал кімде-кім өзінің күшімен ғана¹¹² әрекет ететін болса, ондай адамды Аллаһ адамдарға мұқтаж болудан сақтайды. **Аль-Бухари.**

37 ТАРАУ

Өзінің жақсы көрген нәрсесінен беру.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар...» **«Әль-Имран» сүресі, 92 аят**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің

¹¹¹ Алушы қолдан беруші қол жақсырақ.

¹¹² Яғни, адамдардан еш нәрсе сұрамай

жақсылықтарынан, тиісті орынға жұмсаңдар. Ал және өздерің көздеріңді жұмып әрең ғана алатын сапасыз нәрсені Аллаһ жолында беруді ойламаңдар...» **«Бақара» сүресі, 267 аят.**

297. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Ансарлардың ішінде пальма ағаштарын ең көп иемденген Абу Тальха болатын, ал дүниелерінің ішіндегі оған ең қатты ұнайтыны мешіттің алдында орналасқан Байрақа (атты пальмалы тоғай) болатын. (Ол тоғайға) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таза суынан ішуге жиі келіп тұратын.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Ал мына аят түскен кезде: «Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұсамайынша, есте жақсылыққа жете алмайсыңдар...», - Абу Тальха, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, Ұлы Аллаһ Тағала: «Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұсамайынша, есте жақсылыққа жете алмайсыңдар...», - деді», – ал менің ең сүйген нәрсем, ол Байраха,

сондықтан ол Аллаһ жолындағы берген садақам болсын, ал мен болсам онымен жақсылыққа жетіп, о дүниеге дайындаған сауабым болсын деп үміттенемін», – деді. Бұған Аллаһтың елшісі, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Тамаша! Бұл дүние табыс әкеледі, әлбетте табыс әкеледі! Мен сенің айтқан сөздеріңді естідім, расында, мен оны туысқандарың мен жақындарыңа беруің керек, деп ойлаймын», – деді. Осыдан кейін ол оны туысқандары мен әкесімен (не шешесімен) ағайындас ағасының баларына бөліп берді.

Аль-Бухари, Муслим.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «...саған табыс әкеледі...», - дегені, ол миңгілік өмірде оның саған пайдасы тиеді, дегені.

38 ТАРАУ

Мұсылманның өзінің әйеліне, кәмілетке жеткен балаларына және үй ішіндегі барлық асырап отырған адамдарына, Аллаһқа бағынуды әмір етуінің міндеттілігі және оларға Аллаһтың әміріне қарсы келуге тыйым салу, оларды тәрбиелеу және де харам нәрселерді жасаудан ұстау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Үй ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл...» **«Та-ха» сүресі, 132 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Өздеріңді әрі үй іштеріңді отыны адамдар мен тастар болған оттан қорғаңдар...» **«Тахрим» сүресі, 6 аят.**

298. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде аль-Хасан бин Али¹¹³, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, садақа ретінде жиылған құрманың бірін аузына алған кезінде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Болмайды, болмайды, таста оны! Сен біздің садақадан жиналғанды жемейтінімізді білмеймісің?¹¹⁴», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹¹³ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алғашқы немересі.

¹¹⁴ Мұнда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанұясының мүшелері жайлы айтылып жатыр.

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

...расында, садақа бізге рұқсат етілмеген.

299. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өгей ұлы Абу Хафс Умар бин Абу салам Абдуллаһ бин Абд аль-Асад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді:

Мен кішкентай кезімде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, асырауында болдым. Ас ішкен уақытта мен қолымды тамақтың әр шетіне созатынмын, бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «(Тамақ жердің алдында): «Аллаһтың атымен!», – деп айт та, өзіңнің жаныңдағысынан ғана оң қолыңмен же», - деді, содан бері мен тек қана солай жейтін болдым.

Аль-Бухари, Муслим.

300. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Сендердің әр-қайсыларың бақташысыңдар және сендердің әр-қайсыларың баққандарыңа жауап бересіңдер: әмірші бақташы саналады және өзінің баққанына жауапкер, еркек өзінің жанұясының бақташысы және өзінің баққанына жауапкер, әйел де күйеуінің үйі мен балаларының бақташысы саналады және өзінің баққанына жауапкер, қызметші өзінің иесінің дүнесінің бақташысы және өзінің баққанына жауапкер. Сонымен әр-қайсысың бақташысыңдар және әр-қайсысың баққандарыңа жауапкерсіңдер. **Аль-Бухари, Муслим.**

301. Хабар бойынша, Амр бин Шуъайб өзінің әкесінен атасының былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Балаларыңа намаз оқуды жеті жасынан әмір етіңдер және сол үшін он жасынан бастап ұрыңдар (жазалаңдар)¹¹⁵ және оларды ұйқыға бөлек жатқызыңдар. **Жақсы хадис, жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

¹¹⁵ Яғни, намаз оқымаса ұрыңдар.

302. Хабар бойынша, Абу Сурайа Сабр бин Малик аль-Жухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұл баланы намазға жеті жасынан тұрғызыңдар да, оны ол үшін он жасынан орындамаса ұрыңдар. **Абу Дауд, ат-Тирмизи “Жақсы хадис”** деп келтіреді.

Бұл хадистің Абу Дауд келтірген нұсқаында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізіледі:

Ұл балаға жетіге толғанда, оған намаз оқуды бұйырыңдар.

39 ТАРАУ

Көрші хақысы жайлы және соған байланысты үкімдер¹¹⁶ жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

¹¹⁶ Мұнда шариғатта құран аяттарымен және хадистермен бекітілген үкімдер жайлы айтылып жатыр.

«Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және ата-анаға, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар...» **«Ниса» сүресі, 36 аят.**

303. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жебірейіл маған көршімен жақсы қарым-қатынаста болу керектігі жайлы өсиет айтқаны сонша, мен керек десеңіз көршіге мұра қалдыру керек пе, деп қалдым. **Аль-Бухари, Муслим.**

304. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Иә Абу Зарр, ет пісірген кезде, көршіліеріңнің қамын ойлап көбірек су қос», – деді. **Муслим.**

Бұл хадистің Мұслим келтірген тағы да бір нұсқасында, Абу Заррдың былай деп айтқаны келтіріледі:

Менің сүйікті досым, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деп өсиет етті: «Ет пісірген уақытыңда көбірек су қос та, одан кейін көршілеріңе барып оларды өзінің ретінше үлестіріп бер.».

305. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Аллаһтың атымен ант етемін, иман келтірмейді, Аллаһтың атымен ант етемін, иман келтірмейді, Аллаһтың атымен ант етемін, иман келтірмейді!» Одан: «Кім, иә Аллаһтың елшісі!» – деп сұрады. Ол: «Көршісі оның залымдығынан тыным таппаған адам» – деді. **Аль-Бухари, Мұслим.**

Және осы хадистің Мұслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Көршісі оның жәбірінен тыным таппаған адам, Жәннәтқа кірмейді.

306. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Мұсылман әйелдер, ешбір көрші, қойдың тұяғы тұрғысында болса да, көршісіне жақсылық жасауды арсынбасын (не болмаса ұмытпасын). **Аль-Бухари, Муслим.**

307. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер көрші көршісінің үйінің қабырғасына тақтай орнатқысы келсе, оған көршісі қарсы болмасын (яғни рұқсат етсін)

Осыны айтты да, Абу Хурайра өзін тыңдап отырған адамдарға былай деді:

Неге мен сендердің, осыны орындаудан бас тартатындарыңды көремін?! Аллаһтың атымен ант етемін, бұдан былай да мен осыны сендерге айтудан жалықпаймын! **Аль-Бухари, Муслим.**

308. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда өзінің көршісіне жамандық жасамасын. Кім де кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда қонағын жақсы қарсы алсын. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда жақсылықты сөйлесін не болмаса үндемесін.

Аль-Бухари, Муслим.

309. Хабар бойынша, Абу Шурейха аль-Хазаъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда өзінің көршісіне жақсылық жасасын. Кім де кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда қонағын жақсы қарсы алсын. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда жақсылықты сөйлесін не болмаса үндемесін. **Осы күйінде бұл хадисті Муслим келтіреді, ал аль-Бухари болса жартылай келтіреді.**

310. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, менің екі көршім бар, олардың қайсысына сый беруім керек?¹¹⁷» – дедім. Ол: «Қайсысының есігі саған жақын болса, соған» – деді. **Аль-Бухари.**

311. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағаланың алдында жолдастардың ішіндегі ең жақсысы, жолдасымен жақсы қарым-қатынаста болғаны жатады, ал Аллаһ Тағаланың алдында көршілердің ішіндегі ең жақсысы, көршісімен жақсы қарым-қатынаста болғаны жатады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

¹¹⁷ Бұл жерде оның сыйлыққа бір ғана заты бар, не болмаса аз ғана бір кісіге жетерлік қана тамағы бар, сонда көршімнің қайсысына беруім керек, деп тұр.

40 ТАРАУ

Ата-ананы құрметтеу және жақсы қарым-қатынаста болу және туысқандық байланысты үзбеу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және ата-анаға, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар...» **«Ниса» сүресі, 36 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) қорқыңдар...» **«Ниса» сүресі, 1 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар, Аллаһтың жалғастырылуын әмір еткен нәрсесін жалғастырып,...» **«Рағыз» сүресі, 21 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Адам баласына әке-шешесіне жақсылық жасауды нұсқадық...» **«Ғанкабут» сүресі, 8 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әкешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де кәрілікке жетсе: «Түһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мархамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мархеметіңе бөлей көр!», - де.» **«Ісра» сүресі, 23-24 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Адамдарға: ата-анасына қайырласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік (көтергені) үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әкешешеге шүкір ет...» **«Лұқман» сүресі 14 аят.**

312. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтың, бәрінен де жақсы көретін амалы қайсы?», – деп сұрадым. Ол: «Өз уақытында оқылған намаз», – деп жауап берді. Мен: «Одан кейін ше?», – деп сұрдым. Ол: «Ата-анаға құрмет көрсету», – деді. Мен: «Одан кейін ше?»,

– деп сұрадым. Ол: «Аллаһ жолындағы күрес»,
- деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

313. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Баласы әкесінің құлшылықта жүргенін есітіп оны одан сатып алып, босатып жіберген кезде ғана (әкесінің алдындағы балалық) борышын өтей алады. **Муслим.**

314. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда қонағын жақсы қарсы алсын. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда туысқандарымен қарым-қатынасын үзбесін. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда жақсылықты сөйлесін не болмаса үндемесін.
Муслим, аль-Бухари.

315. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ бүкіл жаратылысты жасады, ал осыны бітірген кезде орындарынан туысқандық байланыстар тұрды да: «Бұл – саған айырылушылықтан сыйынатындардың (пана іздейтіндердің) орны», – деді. Бұл айтылғанға Ол: «Мен сендерді ұстанатындарды сыйлап, ал сендермен үзетіндерді үзсем, сендер осыған риза боласыңдар ма?», – деді. Олар: «Иә», – деді. Сонда Ол: «Бұл сендерге сыйланады», - деді. Осыдан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қаласаңдар былай деп айтылған аятты оқыңдар: «Егер іс басына келетін болсаңдар (немесе бет бұрсаңдар) сендерден жер жүзінде бұзақылық істеу, жақындық байланысын үзу үміт етілмей ме (яғни солай істер едіңдер)? Олар, Аллаһ, лағынет етіп, саңырау және көздерін соқыр қылғандар»». Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһ Тағала айтты: «Сендерді ұстанғандарды марапаттаймын да, ал сендермен қатынасын үзгендермен Мен де үземін».

316. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір кісі келді де: «Иә Аллаһтың елшісі, адамдардың ішінде жақсы қарым-қатынас жасауыма ең лайықтысы кім?», – деп сұрады. Ол: «Сенің шешең», – деді. Ол адам: «Одан кейін ше?», - деп сұрады. Ол: «Сенің шешең», – деді. Ол адам: «Одан кейін ше?», - деп сұрады. Ол: «Сенің шешең», – деді. Ол адам: «Одан кейін ше?», - деп сұрады. Сонда ғана ол: «Сенің әкең», – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, ол адам:

«Иә Аллаһтың елшісі, адамдардың ішінде жақсы қарым-қатынас жасауыма ең лайықтысы кім?», – деп сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сенің шешең, одан соң шешең, одан соң әкең, одан соң жақын туыстарың», – деп жауап берді.

317. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әке-шешесінің бірінің қартайғанын көріп Жәннәтқа кірмегенге нендей масқара және де нендей масқара¹¹⁸. **Муслим.**

318. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, менің туысқандарым бар. Мен олармен туысқандық байланысымды үзбеймін, ал олар болса араласқысы келмейді, мен оларға жақсылық жасаймын, ал олар болса маған залымдық жасайды, мен оларды сыйлаймын, ал олар болса менімен надан адамдар секілді сөйлеседі», – деді. Бұған ол: «Егер жағдай, шынымен-ақ сен айтқандай болса, онда сен олардың аузын ыстық күлмен толтырып

¹¹⁸ Мұнда әке-шешеге жақсы қарым-қатынас көрсеткенге Жәннәт бар екендігі белгілі болғандықтан, сондай мүмкіншілікке ие болған адамдардың, яғни әке-шешесінің қартайған кезінде жақсы қарым-қатынас таныта алмағандарға «масқара», деп айтылып жатыр.

жатырсың, және Аллаһтан саған оларға қарсы көмекші болады!», – деді. **Муслим.**

«Олардың ауыздарын ыстық күлмен толтырасың», деген сөз, ол «сен оларды ыстық күлмен тамақтандырасың», дегені. Сонымен оларға сол істеген күнәләрі үшін жіберілетін жаза, ауызға салынған ыстық күлмен тең болғаны. Және де оларға біреу жақсылық жасағаннан жақсылық жасаушыға ештеңе болмайды, ал олар болса оны ренжіткені үшін үлкен күнәға батады, ал Аллаһ болса бұл туралы жақсырақ біледі.

319. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім ризығының көбеуін және өмірінің ұзаруын қаласа, туған туысқандарымен қарым-қатынасын үзбесін. **Аль-Бухари, Муслим.**

320. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Ансарлардың ішінде пальма ағаштарын ең көп иемденген Абу Тальха болатын, ал

дүниелерінің ішіндегі оған ең қатты ұнайтыны мешіттің алдында орналасқан Байрақа (атты пальмалы тоғай) болатын. (Ол тоғайға) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таза суынан ішуге жиі келіп тұратын.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Ал мына аят түскен кезде: «Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұсамайынша, есте жақсылыққа жете алмайсыңдар...» - Абу Тальха Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, Ұлы Аллаһ Тағала: «Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұсамайынша, есте жақсылыққа жете алмайсыңдар...», - деді», – ал менің ең сүйікті нәрсем, ол Байраха, сондықтан ол Аллаһ жолындағы берген садақам болсын, ал мен болсам онымен жақсылыққа жетіп, о дүниеге дайындаған сауабым болсын деп үміттенемін», – деді. Бұған Аллаһтың елшісі, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Тамаша! Бұл дүние табыс әкеледі, әлбетте табыс әкеледі! Мен сенің айтқан сөздеріңді естідім, расында, мен оны туысқандарың мен жақындарыңа беруің керек, деп ойлаймын», – деді. Осыдан кейін ол оны туысқандары мен әкесімен (не шешесімен)

ағайындас ағасының баларына бөліп берді.
Аль-Бухари, Муслим.

321. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен көшіп келемін (хижра жасаймын) және жихадқа қатысамын, өйткені мен Аллаһ Тағаланың сауабын алғым келеді», – деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сенің ата-анаңнан тірісі бар ма?», – деп сұрады. Ол: «Иә олардың екеуі де тірі», – деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан: «Сен Аллаһ Тағаланың сауабын алғың келеді ме?», – деп сұрады. Ол: «Иә», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда кері орал да, ата-анаңмен жақсы қарым-қатынаста болып (құрметте де, оларға қызмет ет)!», – деді. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп отыр.**

Бұл хадистің екі «Сахихте» де келтірілген нұсқасында, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келіп:

**«Мен Жихадқа қатысқым келеді» – дегеніне,
ол:**

«Сенің ата-анаң тірі ме?», – деп сұрады, ол адам: «Иә», – деді, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда бар күшіңді соларға жұмса!», – деді.

322. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Туысқандық қарым-қатынсты үзбейтін, (- ол оған қандай қарым-қатынас жасаса) сонымен ғана жауап беретін емес, шындығында, туысқандық қарым қатынасты үзбейтін - ол туыстарының онымен қарым-қатынасын үзгеніне қарамастан, олармен араласын тоқтатпайтын! **Аль-Бухари.**

323. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың Күрсісіне ілулі тұрған туыстық байланыстар былай дейді: «Аллаһ бізді ұстанғандарға суап береді де, бізді ұстанбағандарды Өзінен алыстатады.» **Аль-Бухари, Муслим.**

324. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Маймун бинт аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бір кездері Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, рұқсатынсыз бір күнді босатып жібереді. Ал оның кезегі болған бір күні Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келген кезінде, оған былай дейді:

“Иә Аллаһтың елшісі, мен күнімді босатып жібергенім саған мәлім бе?”, – деді. Ол: “Сен шынымен-ақ солай істедің бе?”, – деп сұрады. Мен: “Иә” – деп жауап бердім. Сонда ол: “Егер сен оны ағаңның балаларына берсең, сауабың көбірек болар еді¹¹⁹”, – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹¹⁹ Бұл хадисті түсіндірушілердің көбі, құлды босатқаннан гөрі туған-туысқандарға көмек көрсеткенің сауабы көбірек, дейді. Ал кейбір тәпсірлеушілер болса олай емес, бұл хадисте, ол сөздер, сол кезде Маймунның туысқандары көмекке өте мұқтаж боландақтан айтылған, дейді.

325. Хабар бойынша, Асма бинт Абу Бакр ас-Сиддик, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде маған Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде көпқұдайшыл болған шешем келді. Сол кезде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ақыл сұрап: «Маған, менен бір нәрсе сұрап шешем келді, онымен қарым-қатынас жасауым керек пе?», – дедім. Ол: «Иә, сен солай істеуің (араласуың) керек», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Біреулер оны туған анасы дейді, ал кейбіреулер сүт анасы, деді, ал дұрысы алғашқысы.

326. Хабар бойынша, Зайнаб ас-Сакафийа, Абдуллаһ бин Масъудтың әйелі, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Иә әйелдер, үстеріңдегі әшекейлерді берсеңдер де садақа беріңдер».

Зайнаб сөзін былай жалғастырды:

Осыдан кейін мен Абдуллаһ бин Масъудқа қайта келдім де: «Сен бай адам емессің, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге садақа беруді әмір етті, сондықтан оған барып мен үшін осы жағдайым жеткілікті ме¹²⁰, ал егер де олай болмаса, онда мен сендерге емес басқаларға (қаржымды) жұмсаймын», - дедім. Абдуллаһ: «Жоқ, оған өзің бар», - деді. Мен барғанымда, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, есігінің алдында ансарлардың ішінен менің сұрағым сияқты сұрағымен келген бір әйелді көрдім. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға өзіне деген терең құрмет сезімін оятатын, (сондықтан) біз, аз уақыт өтісімен бізге шыққан Билялдан: «Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіріп екі әйел есігіңнің алдына келіп: өздерінің қаржыларын күйеулеріне және өздерінің асырап отырған жетімдеріне жаратады екен, сол оларға садақа ретінде есептеледі ме екен, деп сұрап жатыр деші, бірақ біздің кім екенімізді айтпа», - деп өтіндік. Осыдан кейін Билял Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кірді

¹²⁰ Зайнаб өзінің балаларына, асыранды балдарына және күйеуіне ақшасын жарататын. Осыны садақа ретінде есептеуге жарайды ма, деп сұрап жатыр.

де, біздің қойған сұрағымызды айтты, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олар кімдер?», – деп сұрады. Билял: «Ансарлардың ішінен бір әйел мен Зайнаб», – деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қай Зайнаб?», – деп сұрады. Билял: «Абдуллаһтың әйелі», – деді, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл үшін оларға екі сауап бар, бірі – туысқандық байланысты ұстанғаны үшін, екіншісі – садақа бергені үшін», – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

327. Хабар бойынша, Абу Суфиан Сахр бин Харб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген ұзын хадисте, ол Ираклмен¹²¹ кездескенінде, Иракл Абу Суфианнан:

«Ол сендерге не істе, деп бұйырады?», - деп Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы сұрағанда. Абу Суфиан: «Ол бізге, Тек бір Аллаһқа ғана құлшылық етіндер, Одан басқа ешкімге құлшылық етпеңдер және ата-бабаларыңның айтқанынан бас тартыңдар, намаз оқыңдар, тек шындықты сөйлеңдер, ізгілікті болыңдар және туаған-

¹²¹ Ираклий немесе Гераклий 1 – Византияның императоры, 610-641 жылдары басқарған.

туысқандарыңмен байланысты үзбеңдер, дейді», - деп жауап берген. **Аль-Бухари, Муслим.**

328. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендер әлбетте карат жайлы жиі айтылатын елді жаулап аласыңдар¹²².

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сендер әлбетте карат жайлы жиі айтылатын, Мысыр елін аласыңдар, сол кезде олармен жақсы қарым-қатынаста болыңдар, өйткені олар, расында, сендермен туыс болып келеді де, сондықтан олардың сендерден қамқорлық талап етулерінде хақылары бар. **Бұл хадистің үшінші бір нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:**

¹²² Карат – салмақ өлшемі.

...сендер ол жерді жаулап алған кезде, тұрғындарымен жақсы қарым-қатынаста болыңдар, өйткені олар, расында, сендермен туыс болып келеді де, сондықтан олардың сендерден қамқорлық талап етулерінде хақылары бар /немесе ол былай деді:/ сендермен нағашы туыстарың болып келеді де, сондықтан олардың сендерден қамқорлық талап етулерінде хақылары бар. **Муслим.**

Ғалымдар былай дейтін:

Туыс болып келеді дегені ол, Исмаил пайғамбардың, оған Аллаһтың сәлемі болсын, шешесі (Ибраһим пайғамбардың, оған Аллаһтың сәлемі болсын, әйелі) Хаджар Мысырлық қыз. Ал нағашы туыстарың болады дегені ол, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, баласы Ибраһимнің шешесі Мариам да Мысырлық қыз болғаны болса керек.

329. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

«Жақын ағайындарыңа ескерт!», – деген аят түскеннен кейін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзіне құрайштарды шақырып алып, олар жиналған

кезде, келгендердің бәріне және олардың кейбіреуіне тікелей былай деді: «Иә бану қааб бин луайш¹²³, оттан сақтаныңдар! Иә бану мурра бин қаъб, оттан сақтаныңдар! Иә бану абд манаф оттан сақтаныңдар! Иә бану хашим, оттан сақтаныңдар! Иә бану абд муталлиб оттан сақтаныңдар! Иә Фатима¹²⁴, оттан сақтан! Расында, мен сендерді Аллаһтан еш қорғай алмаймын, бірақта менің сендермен туыстық байланысым бар, сондықтан мен оны әрқашан ұстанамын!» **Муслим.**

330. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ашық та жасырмай былай дегенін естігенмін: «Расында, бұл жанұяның¹²⁵ мүшелері менің қамқоршым емес. Менің қамқоршым тек Аллаһ және мүмин мұсылмандар, дегенмен мені олармен туысқандық қатынастар байланыстырады, сондықтан мен ол қатынастарды болашақта да

¹²³ Бұдан былай қарай хадисте құрайш руларының аттары аталды.

¹²⁴ Бұл жерде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызына айтып жатыр.

¹²⁵ Абу Талиб жайлы, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әкесімен ағайындас ағасы жайлы айтылып жатыр.

үзбеймін!» **Аль-Бухари, Муслим. Мұнда аль-Бухаридің нұсқасы беріліп отыр.**

331. Хабар бойынша, Абу Айнуб Халид бин Зайд аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Маған Жәннәткә кіруіме көмектесетін бір амал айтшы», – деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Алаһқа құлшылық ет те Одан басқа ешкімге құлшылық етпе, намаз оқы, зекет төле және туысқандық қарым-қатынсты ұстан», – деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

332. Хабар бойынша, Сальман бин Амір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім аузын ашса құрмамаен ашсын, өйткені онда хайыр бар, ал егер құрма таппаса онда – сумен, өйткені, расында, ол тазартады.

Және де Сальман бин Амір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кедейге садақа беру ол тек қана садақа, ал туысқанға көмектесу ол екі нәрсе – садақа және туысқандық қарым-қатынасты ұстану¹²⁶. **Ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

333. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде менің жақсы көретін бір әйелім болды, бірақ ол Омарға (әкесіне), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ұнамайтын¹²⁷. Ақыр аяғында ол маған: «Ажырас!», - деді, бірақ мен көнбедім. Сонда Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, болған жайдың бәрін айтып берді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онымен ажырас!», – деді. **Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис» деп келтіреді.**

¹²⁶ Демек, туысқанға көмектескеннен адам екі сауап табады.

¹²⁷ Бұл дегеніміз әкесі баласын, сол әйелінің әсерімен, діни борыштарына немғұрайлы қарайды, деп қорыққан.

334. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған бір бір адам келіп:

«Менің әйелім бар, ал шешем болса онымен ажырас, дейді!», – деді. Абу Дарда болса: «Мен, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ата-ана ол Жәннәттің ортаңғы (ең жақсы) қақпасы, қаласаң сен сол қақпаны сақтай аласың не жоғалта аласың¹²⁸», - деп айтқанын естідім.», - деді. **Ат-Тирмизи «Жақсы хадис», - деп келтіреді.**

335. Хабар бойынша, аль-Баръа бин Азиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Нағашы апаның дәрежесі шешенің дәрежесіндей. **Ат-Тирмизи «Сенімді хдис» деп келтіреді.**

Бұл тарауға байланысты көптеген «Сахих» хадистер келтіруге болады. Мысалыға, бұның алдында айтылып кеткен үнгірде жабылып қалған үш адам жайлы

¹²⁸ Бұл дегеніміз, сен ата-анаңа жақсы қарым-қатынас жасап сол қақпа арқылы Жәннәтқа кіре аласың, не болмаса одан айрыласың, деген сөз.

хадисті¹²⁹, Журайдж жайлы хадисті¹³⁰ келтіруге болады. «Сахих» кітабында бұдан да басқа осы тақырыпта көптеген хадистер бар, бірақ мен оның бәрін кітаб шілі ұзақ және қалың болып кетпесін, деп келтірмедім. Олардың ішіндегі маңыздысы болып Амр бин Аъбас келтірген ұзын хадис жатады. Ол хадисте, діннің басты шарттары мен ислам өнегесінің басты қағидалары келтіріледі. Аллаһ қаласа мен ол хадисті «Үміт жайлы тарауда» келтіремін, ал сол хадистің бір бөлігінде былай делінеді:

Мен пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кірдім де: «Сен кімсің?», - деп сұрадым. Ол: «Пайғамбармын», – деп жауап берді. Мен: «Пайғамбар, деген кім ол?», - деп сұрадым. Ол: «Мені Аллаһ Тағала жіберді», – деді. Мен: «Ол саған не деп жіберді?», – деп сұрадым. Ол: «Ол мені адамдарға мына әмірлерін: туған-туыстарымен байланысты үзбеулерін, бұттарды жаруларын және тек қана Аллаһқа құлшылық етулерін, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеулерін, баянда деп жіберді», – деді.

¹²⁹ № 12 хадис.

¹³⁰ № 259 хадис.

Амр бұл хадисті ары қарай соңына дейін баяндайды, Аллаһ Тағала бұл жөнінде жақсырақ біледі және күш беруші және көмек көрсетуші Аллаһ қана.

41 ТАРАУ

Ата-анаға құрметсіздік көрсетуге рұқсат жоқтығы және туысқандық қатынасты үзуге рұқсат жоқтығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Егер іс басына келетін болсаңдар (немесе бет бұрсаңдар) сендерден жер жүзінде бұзақылық істеу, жақындық байланысын үзу үміт етілмей ме (яғни солай істер едіңдер)? Олар, Аллаһ, лағынет етіп, саңырау және көздерін соқыр қылғандар.» **«Мухаммад» сүресі, 22-23 аяттар**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай, Аллаһқа берген серттерін бекіткеннен кейін бұзғандар және Аллаһтың, бірлесуін бұйырған нәрселерді бөлгендер әрі жер жүзінде бұзақылық істегендер, міне лағынет осыларға. Сондай-ақ мекеннің жаманы солардікі.» **«Рағыз» сүресі, 25 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әкешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де кәрілікке жетсе: «Туһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мархамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мархеметіңе бөлей көр!», - де. **«Ісра» сүресі, 23-24 аяттар.**

336. Хабар бойынша, Абу Бакр Нуфайъ бин аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: «Сендерге ауыр күнәлерға не жататынын айтайын ба?» – деп үш рет сұрады. Біз: «Әрине, иә Аллаһтың елшісі!» – дедік. Сонда ол: «Бұл – көпқұдайшылық және әке-шешеге құрметсіздік таныту», - деді, осыны айтқанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шынтағына жантайып жатқан, сосын (шынтағын алып) отырды да: «Және де, расында, ол - өтірік айту және жалған куәлік беру!» – деп, қайталап айта бергені соншалық, біз: «Айтуын қойса

екен!» – дегенше айта берді¹³¹. **Аль-Бухари, Муслим.**

337. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үлкен күнәләрдің қатарына, көпқұдайшылдық, ата-ананы құрметтемеу, адам өлтіру, және жалған ант¹³² беру жатады. **Аль-Бухари.**

Мұндағы жалған ант беру, ол беруші адамның біле тұра әдейіге берген анты жатады, өйткені ант беруші адамды ондай ант күнәға батырады.

338. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

¹³¹ Бұл күнәләрдің ауырлығын меңзегені соншалық, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан сөздеріне үлкен мән беріп, тыңдап отырған адамдардың көңілін бөлу үшін, өзінің тебіренгенін көрсеткен. Ол мәнділігі ерекше заттарды айтқанда, жиі осындай күйге түсетін болған, ал бұл жолы оның тебренгені соншалық, отырған адамдар оған аяушылық танытқан.

¹³² Дәлме-дәл аудармасы – опат ант.

игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Адамның ата-анасына тіл тигізуі ауыр күнәләрдің қатарына жатады». Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, адамдар өзінің ата-анасына тіл тигізе алады ма?», – деп сұрады. Ол: «Иә солай болуы мүмкін, егер адам біреудің әкесін сөксе, ал ол болса жауап ретінде оның әкесін сөге бастайды, егер адам біреудің шешесін сөксе, ал ол болса жауап ретінде оның шешесін сөге бастайды!¹³³» - деді. **аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Расында, ата-анасын қарғаған, үлкен күнәләрдің біріне батады!» Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, адам өз ата-анасын қарғайды ма екен?», - деп сұрады. Ол: «Иә солай болуы мүмкін, егер адам біреудің әкесін сөксе, ал ол болса жауап ретінде оның әкесін сөге бастайды, егер адам біреудің шешесін сөксе, ал

¹³³ Сонымен тікелей тіл тигізуден бөлек және ата-анаға тіл тигізуге алып келетін кез-келген амал күнә болып табылады.

ол болса жауап ретінде оның шешесін сөге бастайды!», - деді.

339. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Жубайр бин Мутъим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үзуші Жәннәтқа кірмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Осы хадисті айтып жатып, Суфйан (бин Ыуйайн: «(Үзуші) дегеніміз, ол – туысқандық байланысты үзуші», - деді.

340. Хабар бойынша, Абу Иса аль-Муъира бин Шуъба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала сендерге аналарыңа құрметсіздік көрсетулеріңе, қол қайтаруларыңа (бас тарту), «Бер!» - деп айтуларыңа, және қыздарыңды тірідей көмуге¹³⁴, тыйым салды.

¹³⁴ Исламға дейін арабтар қыз туса намыс санап не болмаса тамақ жетпейді, деп қорқып, тірідей көметін.

Және Ол сендердің даттаумен айналысуларыңды, адамдарға мұқтаждарыңмен және сұрақтарыңмен көп баруларыңды және де дүниелеріңді (бостан-бос) ысырап етулеріңді қаламайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

«Қол қайтару», дегені ол – беруге мүмкіншілігі бар затты немесе беру керек затты бермей қол қайтару; «Бер!» деу, ол – сұрауға хақысы жоқ нәрселерді сұрау; «Даттаумен айналысу», ол – біреуден естігенін, оның анық-қанығына жетпей: «Анау былай деп жатыр, мынау былай, деп жатыр», - деп сөз тасу жатады, өйткені, адамға, біреуден естігенін жеткізу, күнәдә жетіп асады, емес пе¹³⁵; «Дүниені ысырап ету», дегеніміз, ол – дүниені рұқсат етілмеген жерге жұмсау және оны сақтауға мүмкіншілік бола тұра сақтамау; «Адамдарға мұқтаждарыңмен және сұрақтарыңмен көп бару», дегеніміз, ол – орынсыз мазалау.

Бұл тақырыпқа, бұның алдындағы тарауда былай деп айтылған: «...Сендерді үзгенмен

¹³⁵ Бұл да хадис.

үземін»¹³⁶, «...бізді үзгенмен үзеді»¹³⁷,
хадистерді де келтіруге болады.

42 ТАРАУ

Әкенің, ананың, туысқандардың, жұбайдың (осылардың бәрінің) достарына және одан да басқа сыйлауға лайықты адамдарға құрмет көрсету жайлы.

341. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әкесінің жақсы көрген адамдарымен қарым-қатынсты жалғастыру, құрмет көрсетудің ең жоғарғы сатысы болып табылады. **Муслим.**

342. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Динар, ол былай деді:

Бірде бір бәдәуи Меккеге бара жатқан жолында Абдуллаһ бин Омарды, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездестіреді. Сонда Абдуллаһ бин Омар, оған Аллаһтың

¹³⁶ №315 хадис

¹³⁷ №323 хадис

ризашылығы болсын, оған сәлемін беріп, оны өзінің есегіне отырғызып, өзінің киіп жүрген сәлдесін береді.

Ибн Динар сөзін былай жалғастырды:

Сонда біз оған: «Аллаһ саған ақыл салсын, бұлар азға да риза болатын бәдәуилер ғой!», – дедік. Бұған Абдуллаһ бин Омар: «Расында, бұл адамның әкесін (менің әкем) Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жақсы көрген және де расында, мен, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Құрмет көрсетудің ең жоғарғы түріне, адамның әкесінің жақсы көрген адамдарымен араласуы жатады», - дегенін естідім», – деп жауап береді.

Муслим.

Бұл хадистің ибн Динардың айтуы бойынша Муслим келтірген бсқа бір нұсқасында былай делінеді:

Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, әдетте Меккеге жолға шыққанда өзімен бірге, түйеде отырып шаршаған кезде мінетін есегін ала шығатын және басын сәлдемен орайтын. Бірде сол есегін мініп келе жатқан кезде, жанынан бір бәдәуи өтіп одан: «Сен пәлше дегеннің баласы емессің бе?», - деп сұрайды. Ол: «Иә», - деп жауап береді. Сонда ол оған өзінің есегін беріп: «Мынаған отыр» –

дейді, және оған Өзінің сәлдесін беріп: «Мынаны басыңа ора», – дейді. Сонда оның жанында бірге келе жатқан жолдастары: «Сені Аллаһ кешірсін, сен оған өзіңнің демалғанда мінетін есегіңді бердің, басыңа орайтын сәлдеңді бердің!», – дей бастайды. Жауап ретінде ол, оларға: «Расында, мен, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Құрмет көрсетудің ең жоғарғы түріне, адамның, әкесі өлгеннен кейін де, әкесінің жақсы көрген адамдарымен араласуы жатады», - дегенін естідім, ал бұл адамның әкесі Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, досы болған», - деді.

343. Хабар бойынша, Абу Усайд Малик бин Рабиъ ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған кезде, оған бану салима руынан бір адам келді де: «Иә Аллаһтың елшісі, мен ата-анамның өлгенінен кейін де, оларға құрмет көрсете аламын ба?», – деп сұрды. Ол: «Иә, егер оларға дұға жасасаң, Аллаһтан олар үшін кешірім сұрасаң, олардың артынан уәделерін орындасаң, өзің ата-анаңның туысқандарымен

байланысты жалғастырсаң және олардың достарын құрметтесең.» **Абу Дауд**¹³⁸.

344. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Мен Хадишаны, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, өмірімде көрмесем де, одан басқа Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, еш бір әйелінен, Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қатты қызғанған емеспін! Бірақта ол, оны жиі еске алып отыратын және де қой сойған кезде етін бөлшектеп оның етінен Хадишаның достарына да жіберіп отыратыны жиі кездесетін. Сонда мен: «Хадишадан басқа ешбір әйел болмап па!» – дейтінмін. Ал ол болса: «Расында, ол осындай да осындай болатын және менің одан балаларым болған», – дейтін. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

¹³⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Ал ол қой сойған кезде, оның достарына сыйлық ретінде жеткілікті түрде ет бергізетін.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Ал қой сойған кезде ол: «Хадишаның достарына ет жіберіңдер», - дейтін.

Бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірген нұсқасында Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Бірде Хдишаның апасы Халя бинт Хувайлид, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіруге рұқсат сұрады, сонда оның рұқсат сұрағаны оған Хадишаның осылайша рұқсат сұрайтынын есіне салып жіберді де, ол: «Иә Аллаһ, бұл Халя бинт Хувайлид қой!», - деп қуанып кетті.

«Сахихтердің» кейбір нұсқасында, «қуанып кетті», деген сөздің орнына «тебіренді», деген сөз келтіріледі.

345. Хабар бойынша, Анас бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен Жарир бин Абдуллаһ аль-Бажалимен сапарға шықтым. Ол жол бойы маған қызмет көрсетумен болды. Мен оған: «Бұлай істеме!», - дедім. Ал ол болса: «Расында мен, ансарлардың Пайғамбармен бірге үлкен бір істің істегенін көрдім, сонда мен өзіме-өзім, егер де мен осылардың бірімен сапарлас болсам, онда әлбетте оларға құрмет көрсетемін, деп ант бердім!»¹³⁹, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

43 ТАРАУ

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанұясына құрмет көрсету жайлы және олардың абыройларын түсіндіру.

Аллаһ Тағала айтты:

¹³⁹ Жарирдің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олай істеймін деп ант бергені, ол Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен оның жанындағыларға, деген сүйіспеншілігінің белгісі.

«...Әй Пайғамбардың үй-іші! Шын мәнінде, Аллаһ сендерден арамдықты аулақ қылып, өздеріңді тап-таза қылуды қалайды.» **«Ахзап» сүресі, 33 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Міне осы. Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан» **«Хаж сүресі» сүресі, 32 аят.**

346. Хабар бойынша, Йазид бин Хаййан былай дейді:

Бірде мен Хусайн бин Сабир және Амр бин Муслиммен бірге Зайд бин Аркамға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бардым. Біз оның жанына барып отырған кезде, Хусайн оған былай деді: «Иә Зайд, сен көп игілік таптың: сен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрдің, сен оның сөйлегенін естідің, сен онымен бірге жорықтарға қатыстың және оның артында тұрып намаз оқыдың! Расында, иә Зайд, сен көп игілікке жетістің, сондықтан бізге Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан сөздерін жеткізші!» Жауап ретінде оған Зайд: «Иә менің бауырымның баласы, мен қартайдым және бұл дүниеде көптен бері өмір сүремін,

сондықтан мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естігенімнің бір бөлігін ұмытып қалдым, сондықтан білетінімді ғана қабыл алыңдар да, ал айтпаған нәрсем жайлы сұрамаңдар!»¹⁴⁰, - деді.

Ал содан соң ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меке мен Мәдинаның арасындағы судың бастауы Хумда болған уақытта, ол орнынан тұрды да бізге хұтпа айта бастады. Ол Аллаһқа мақтау айтып, оған шүкірлік айтып болған соң, адамдарға уағыз айтып естеріне сала бастады!¹⁴¹ Сосын ол былай деді: «Содан соң: «Иә адамдар, расында, мен - тек адам ғанамын, жақын бір күндерде маған менің Раббымның елшісі келеді де мен оны қабыл аламын!¹⁴² Сендерге артымнан екі асылды қалдырамын. Олардың біріншісі өзіне басшылық пен нұрды сіңірген Аллаһтың Кітабы, сондықтан оның айтқанымен жүріңдер және оны мықты ұстаныңдар!», - деді

¹⁴⁰ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көптеген сахабалары қартайған шақтарында өздерінің Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естіген хабарларында шатасудан қорқып сақтанатын болған.

¹⁴¹ Олардың естерінен шығып кеткен жайлар жайлы және көңілдеріне ала бермейтi жайлар жайлы айта бастады, дегенi.

¹⁴² Өлім періштесі келіп, мен бұл дүниеден кетемін, дегені.

де адамдарды Аллаһтың Кітабымен жүру керектігіне шақырып, оларды оған ынталандыра бастады. Содан соң ол: «Ал екінші асыл ол, менің жанұямның мүшелері болып табылады, мен сендерге Аллаһтың, менің жан ұямның мүшелеріне қатысты айтқан әмірлерін естеріңе саламын!», - деді.

Хусайн Зайдтан: «Иә Зайд, оның жанұясының мүшелеріне кім жатады? Оның әйелдері оның жан ұясының мүшелеріне жатады емес пе?», – деп сұрады. Ол: «Иә, оның әйелдері оның жанұясы мүшелеріне жатады, бірақта бүтіндей оның жан ұясының мүшелері болып, оның өлімінен кейін садақа жеуге кімге рұқсат жоқ, солардың бәрі жатады», - деді. Хусейн: «Олар кімдер?» – деп сұрады. Зайд: «Алидің жанұясының мүшелері, Акиляның жан ұясының мүшелері, Жафардың¹⁴³ жан ұясының мүшелері және Аббастың¹⁴⁴ жан ұясының мүшелері!» – деді. Ол: «Осылардың бәрінің садақаға тисуге хақысы жоқ па?» – деп сұрады..

Ол: «Иә» – деп жауап берді. **Муслим.**

¹⁴³ Акиль мен Жафар – Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күйеу баласы және әкесінің бауырының баласы Алидің бауырлары.

¹⁴⁴ Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің әкесімен ағайындас.

Ал бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, мен сендерге екі асылды қалдырдым, олардың бірі Аллаһтың Кітабы, ол – Аллаһтың жібі!¹⁴⁵ Оны ұстанғандар тура жолда болады, ал бас тартқандар, жолдан таяды!

347. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Абу Бакр Сыддықтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұхаммадқа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оның жан ұясын құрметтеу арқылы, құрмет көрсетіндер. **Аль-Бухари.**

44 ТАРАУ

Ілім иелеріне, қарт кісілерге және басқа да абыройлары бар адамдарды құрметтеу

¹⁴⁵ Мұнда Ислам меңзеліп тұр. Құранда былай делінген: «Түп-түгел Аллаһтың жібіне (дініне) жабысыңдар...» «аль-Имран» сүресі, 103 аят.

**және де оларды басқалардан ерекшелеп,
жоғары орындарды ұсыну жайлы және
олардың жайын түсіндіру.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Оларға: «Білгендер мен білмегендер тең болады ма?», - де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады.» **«Зүмәр» сүресі, 9 аят.**

348. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Жубайр бин Мутъим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Намаз кезінде араларыңнан имам болып алдарыңа Аллаһтың Кітабін көп оқитын адам¹⁴⁶ шығу керек. Егер бұл жағдайда олар өзара тең келетін болса, онда олардың ішінен Сүннәтті көп білетін адам. Ал егер бұнда да олар өзара тең келетін болса, онда олардың арасынан ерте көшкені¹⁴⁷. Ал егер мұнда да олар өзара тең

¹⁴⁶ Әрине бұл жерде Құранды тек қана көп оқитын адам емес, оның мағынасын да жақсы білетін адам жайлы айтылып жатыр.

¹⁴⁷ Бұл жерде тек қана Меккеден Мәдинаға Пайғамбарға, оған Аллаһың игілігі мен сәлемі болсын, қарай жасалған көш жайлы ғана айтылып жатқан жоқ бұл жердегі айтылып жатқан көшке, кез-келген кәпірлер елінен мұсылмандар еліне жасалған көш жатады.

болатын болса, онда олардың ішінен Исламды ерте қабылдағаны шықсын. Үй иесінің жастығына, оның рұқсатынсыз ешкімнің отырмауы рұқсат болмағаны қандай анық болса, сол секілді ешкім де өзіне бір істерге байланысты әмірші болған адамының алдына имам болып шықпасын¹⁴⁸. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында:

“Исламды басқаларынан ертерек қабылдағаны...”, - делінеді.

Ал бұл хадистің Муслим келтірген үшінші бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Адамдарға имам болып олардың арасынан Аллаһтың Кітабін көп оқитын және оқуды бәрінен ертерек бастағаны шығуы керек. Ал егер бұнда өзара тең болатын болса, онда – ерте көшкені. Ал егер олар мұнысында да өзара тең болатын болса, онда имам болып арасынан жас шамасында ең үлкені шықсын.

¹⁴⁸ Мысалыға қонақ үй иесіне имам болуына болмайды, борышты – борыш берушінің алдына, қызметші – басшысының (не кожайынының) алдына және де т.б.осы секілді жағдайлар.

«Бір істерге байланысты әмірші болған», - деген сөздің мағынасы, бұл жерде адамның әмірі жүрген ісі, не болмаса тек қана сол адамның алатын орны ғана жайлы айтылып жатыр¹⁴⁹. «Үй иесінің жастығы», - деген сөз, ол сол үйдегі үй иесінің ғана орны жайлы айтылып жатыр, мысалыға оның төсегі, сәкісі және т.б. сол секілді орындар.

349. Хабар бойынша, Абу Масъуд Укба бин Амр аль-Бадри аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Жамағатпен оқылатын намаздың алдында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте бізді иығымыздан ұстап¹⁵⁰ былай дейтін: «Түзеліңдер, араларыңда өзгешелік болмасын, әйтпесем жүректерің бірлікті білмейтін болады және менің артымнан ақылы кірген үлкендерің тұрындар одан соң - кейінгілерің, одан соң – кейінгілерің.»¹⁵¹ **Муслим.**

¹⁴⁹ Мысалыға, имамның мешіттегі орны немесе үйіндегі бір орны.

¹⁵⁰ Өз қолымен намазға сапты түзейтін.

¹⁵¹ Яғни, менің артымнан жастары үлкен, ақылы кіргендер, ал одан кейін олардан жасырақтарың тұрындар, дегені.

«Үлкендерің», - дегені ол - жасы толған және абыройлы адамдар, деп айтады.

350. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп үш рет айтқанын естіген:

Менің артымнан ақылы кірген үлкендерің тұрыңдар, ал оның артынан - кейінгілерің және өздеріңді (намазда) базарда жүрген секілді ұстанбаңдар!¹⁵² **Муслим.**

351. Хабар бойынша, Абу Йахйя Сахль бин Абу Хасма аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Бірде Абдуллаһ бин Сахль мен Мухаййиса бин Масъуд Хайбарға аттанды, ол кезде мұсылмандар мен ол жердің тұрғындарының арасында тыныштық келісім-шартының күші бар болатын. Олар онда бір-бірімен қоштасады да артынан Мухаййиса Абдуллаһ бин Сахльге

¹⁵² Яғни, шуламандар, тартыспаңдар, бір-бірінді итермелемеңдер

келген кезде, оны өзінен аққан қанның көлшігінде өліп жатқанын көреді. Сонда ол оны жерлеп Мәдинаға қайта оралады. Содан соң Абд ар-Рахман бин Сахль¹⁵³, Мухаййиса бин Масъуд және Хуваййса бин Масъуд¹⁵⁴ Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді, сонда онымен Абд ар-Рахман сөйлескісі келді, бірақ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жас үлкені сөйлесін, жас үлкені сөйлесін!», - деді. Абд ар-Рахман жайлы айтатын болсақ, ол араларындағы ең жасы кішісі еді, сондықтан ол үндемеді, ал қалған екеуі сөйлей бастады. Олардың айтқандарын тыңдаған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Өлген адамның қанына хақылы айыбын өтеу үшін сендер өлтіргенге қарсы куәлік ант бере аласыңдар ма?», - деді. **Аль-Бухари.**

Ал содан соң Сахль бин Абу Хасма хадисті соңына дейін айтып шықты.¹⁵⁵

¹⁵³ Өлгеннің бауыры.

¹⁵⁴ Олар өлген адамның туыскандары болатын.

¹⁵⁵ Сонымен айтылып өткен хадис, үлкен хадистің бір бөлігі болып табылады. Ан-Науауидің ол хадисті толығымен келтірмей отырғаны, оның басқа бөлігінің бұл тарауға қатысы болмағаны.

352. Хабар бойынша. Жабірдің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтуы бойынша:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ухуд соғысынан кейін өлгендерді екеуден жинауға, яғни қабірге екеуден салуға әмір берді¹⁵⁶: «Бұлардың қайсысы Құран аяттарын көбірек жатқа білетін?», - деп сұрайтын, ал олардың бірін көрсеткен кезде, ол оны бірінші көмуге әмір беретін. **Аль-Бухари.**

353. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен түсімде тіс тазалағышпен тісімді тазалап жатқанымда маған екі кісі келді, олардың бірі екіншісінен үлкен болатын. Мен тіс тазалағышты кішісіне берген кезімде маған: «Үлкеніне!», - делінді¹⁵⁷ де, мен оны үлкеніне бердім. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁵⁶ Бұл адамдарды не бір матаға орап, не болмаса бір матаны екіге бөліп орап, бір қабірде жерлеген. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұлай әмір беруінің себебі, Ухуд соғысында жетпістен астам мұсылман қаза тауып және көп адам жарақаттанған, сондықтан қабір қазатындар саны аз болған.

¹⁵⁷ Бұны айтқан Жебірәйіл періште, оған Аллаһтың сәлемі болсын.

354. Хабар бойынша, Абу Муса, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, шашы ағарған (қарт) мұсылманға және шектен шықпайтын Құранды есінде жатқа ұстайтын мұсылманға құрмет көрсету, ол Аллаһ Тағалаға құрмет көрсетудің белгісі болып табылады. **Абу Дауд.**

355. Хабар бойынша, Амр бин Шуъайб өз әкеснен, оның атасы, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Біздің арамыздағы жастарға аяушылық көрсетіп, үлкендерді силамаған, бізге жатпайды. **Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

Ал бұл хадистің тек қана Абу Дауд келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...арамыздағы үлкендерге тиесілі (құрметін) көрсетпеген.

356. Хабар бойынша, Маймун бин Абу Шабиба, Аллаһ оны мейіріміне бөлесін, айтуы бойынша:

Бірде Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жанынан бір қайыршы өткен кезде ол оған бір үзім нан берді, ал жақсы киімді бір адам өткен кезде оны дастарханға отырғызуға әмір берді де, ол жеп алды. Сосын одан мұның мәнісін сұрағанда, ол былай деді: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейтін:

«Адамдарға олардың жайына (құрметіне) байланысты орын бөліңдер». **Хадисті Абу Дауд келтіреді, бірақта ол: Маймун, Айшаны, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, тірі кезінде көрген емес, дейді.**

Бұл хадсті өзінің «Сахихінің» басында Муслим келтіреді. Оның нұсқасында Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсы, былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге адамдарға олардың

жайына (құрметіне) байланысты орын бөлуімізді талап ететін.

Және де бұл хадисті аль-Хаким Абу Абдуллаһ өзінің кітабы «Маърифат ʔулюм аль-хадисте» «Сенімді хадис», деп келтіреді¹⁵⁸.

357. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Кезінде Убайна бин Хисн Мединаға келіп, өзінің ағасының баласы аль-Хурр бин Қайсаның үйінде тоқтайды. Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мәжіліс жасағанда үлкенкішісіне қарамай Құран қариларын өзіне жақындататын. Аль-Хурр солардың бірі болатын. Убайна інісіне: «Иә ағамның баласы, сен қазіргі өкімет басшысының жанында жақсы орындасың ғой, маған онымен сұхбаттасуға рұқсат алып берші», - дейді. Ол ағасына Омармен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездесуіне рұқсат алып беріп келгенде, Убайна Омарға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Иә Ибн аль-Хаттаб, сен бізге аз беріп, бізбен

¹⁵⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

әділ басқармайсың”, - деді. Бұны естіген Омар ашуланып оны жазаламақшы болды. Сонда Аль-Хурра: “Иә діндарлардың басшысы, шындығында Аллаһ Тағала Өзінің елшісіне: «Кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр.»¹, - деді, ал менің бұл ағам туралы айтатын болсақ, ол сол білместерге (надандарға) жатады», - деді. Аллаһтың атымен ант етемін, осы аятты оқысымен Омар, сол аятқа сәйкес келмейтін еш нәрсе істемеді (яғни райынан қайтып оны жазалатпады), өйткені ол әр уақытта Аллаһтың Кітабіна сүйенетін. **Аль-Бухари.**

358. Хабар бойынша, Абу Саъид Самур бин Жундуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде мен жас едім, сондықтан мен көп нәрсені есімде сақтап қалдым, бірақ маған қазір сөйлеуге арамыздағы үлкен кісілердің үлкендігі ғана кедергі болып тұр. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹ «Ағраф» сүресі, 10 аят

359. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естіген:

Егер жас жігіт қартқа оның жасы үшін құрмет көрсететін болса, онда Аллаһ оған ол қартайған шағында құрмет көрсететін біреуді әлбетте жібереді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Белгісіз хадис», деп келтіреді.¹⁵⁹**

45 ТАРАУ

Игілікке жетіскендермен барысып-көрісіп тұру, олармен жақындасу, сөйлесу, оларға деген сүйіспеншілік, олармен кездесуге талпыну және олардың Аллаһтан сұрап жасаған дұғасына іліну жайлы және де құрметті жерлерді зиярат ету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сол уақытта Мұса жігітіне (қызметшісі): «Екі теңіздің қосылған жеріне дейін тоқтамаймын¹⁶⁰».

¹⁵⁹ «Белгісіз хадис», деп бір нұсқада ғана және хабарлаушысы бір адам болған кезде ғана аталады. Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған,- **аударушыдан.**

¹⁶⁰ Хадистердің бірінде мынандай оқиға жайлы айтылады:

Немесе жүріспен жылдар өткіземін» деді. Екеуі екі теңіздің құйғанына жеткен кезде, балықтарын ұмытты. Сонда балық сырғып барып теңізден жол алды¹⁶¹. Екеуі ілгерілеп барған кезде, Мұса жігітіне: «Азығымызды әкелші; әрине осы сапарымызда шаршадық» деді. «Көрдің бе? Тасқа дем алғанда, балықты ұмытқан екенмін. Маған оны айтуды шайтан-ақ ұмыттырды. Ол таңғажайып түрде теңізде жол алды» деді. (Мұса): «Міне іздегеніміз осы» деп, екеуі ізінше қайта қайтты. Сонда екеуі, Өз тарапымыздан игілік беріп, Өз қасымыздан ғылым үйреткен құлдарымыздан бірін тапты. Мұса, ол кісіге: «Саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін саған ерейін бе?, - деді.

«Қеһф» сүресі, 60-66 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

Бірде Мұса, оған Аллаһтың сәлемі болсын, израил жұртшылығына уағыз айтып тұрғанында, одан: «Адамдардың ішінен ең көп білімі бар кім?», - деп сұрағанда, ол: «Ең көп білетін менмін» – дейді. Сонда Аллаһ оған, ең көп білгір Қыдыр, деп уахи түсіреді. Бұны білген Мұса, одан үйрену үшін, оны іздеп жолға шығады.

¹⁶¹ Аллаһ Мұсаға, Қыдырмен кездесетін жерлерің, өздеріңмен жолға алып шыққан балықтарыңды жоғалтатын жер болады, деп уахи түсіреді. Ал олар сол жерге жеткенде, Аллаһ балықты тірілтіп, ол секіріп суға түсіп жүзіп кетеді.

«Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарынғандармен брге өзің де сабыр ет...» «**Кеһф**» сүресі, 28 аят.

360. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайтыс болғанына біраз уақыт өткеннен кейін Абу Бакр Омарға, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын келіп: «Бізбен бірге Умм Айманға¹⁶² жүр оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, секілді барып қайтайық», - деді. Олар Умм Айманға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келген кезде, ол жылай бастады да олар: «Сен неге жылайсың? Сен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың жанындағы ол үшін жақсы екенін білмейсің бе?», – деді. Ол: «Расында мен, ол үшін Аллаһтың жанындағы жақсы екендігін білмегеннен жылап жатқаным жоқ, менің жылап

¹⁶² Умм Айман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Эфиопия жерінен болатын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бала кезінде оның қызметшісі (қызметші күң) әрі тәрбиешісі болған. Есейе келе ол оны босатып, Зайд бин Хариске тұрмысқа береді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны құрметтейтін және: «Умм Айман – ол менің анам», - дейтін.

жатқаным, Көктен уахидың тоқтағанына жылап жатырмын?» – деп еді, олар да оның айтқан сөзінің әсерінен жылай бастады. **Муслим.**

361. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде бір адам басқа ауылда тұратын бауырымен¹⁶³ көрісу үшін жолға шығады, ал Аллаһ Тағала оған жолда кездесетін бір періштені жібереді. Ол адаммен жолда кездескенде: «Қайда бара жатырсың?» – деп сұрайды. Ол: «Мен ана ауылда тұратын бауырыммен жолығуға бара жатырмын», - деп жауап береді. Періште: «Сен оған бір жақсылық жасаған шығарсың, ал енді сол жақсылығыңнан бір пайда тапқың келіп бара жатқан шығарсың?», - дейді. Ол адам: «Жоқ, расында, мен оны Аллаһ Тағала үшін жақсы көремін», - деп жауап береді. Сонда періште: «Мен болсам, шындығында: «Сен ол адамды Аллаһ үшін қалай жақсы көрсең, Аллаһ та сені солай жақсы көреді!», - деп айту үшін саған Аллаһтан жіберілдім», - дейді. **Мувлим.**

¹⁶³ Әрине әңгіме дін жолындағы бауыр жайлы болып тұр.

362. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім аурудың көңілін сұрауға барса, не бауырымен көрісуге барса және де осының бәрін Аллаһ үшін істесе, онда оған екі хабаршы періште түсіп: «Сен риза бол, сенің жолың игілікті болсын және де Жәннәттан тұрақ табасың!» – деп айтады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы хадис», деп келтіреді. Кейбір жазбаларда бұлхадис белгісіз деп те айтылады.**

363. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, діндар жолдас пен нашар жолдас, иіс май сататын адам мен ұстаның торсығымен отты желпіп жатқан адамға ұқсас. Иіс май сатып жатқан адам жайлы айтатын болсақ, ол саған не иіс майын сыйлайды, не оны сатып аласың, не оның иіс майының тәтті иісін сезінесің. Ал От желпитін адам жайлы айтатын болсақ, ол не

сенің киіміңді күйдіреді, не одан шығып жатқан сасық иіске тұншығасың. **Аль-Бухари, Муслим.**

364. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әйелге төрт қасиеті үшін үйленеді: оның байлығы үшін, оның шыққан тегі үшін, әдемілігі үшін және діндарлығы үшін, ал сен болсаң діндарын қала, әйтпесем ұтыласың. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл дегеніміз адамдар әйелінде осы қасиеттерінің бірі болса екен дейді, ал сен болсаң діндар болуын қала, соған ұмтыл.

365. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Жебірейілден: «Саған бізге қазіргі келіп жатқаныңнан гөрі жиірек келуіңе не кедергі болады?», - деп сұрағаннан кейін мына аяттар түсірілді: «Раббымның әмірімен ғана түсеміз.

Алды-артымыздағы және екі арадағы жағдайларды білу оған тән...»¹⁶⁴ **аль-Бухари.**

366. Хабар бойынша, Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Діндарлардан басқа ешкіммен араласпа және сенің тамағыңнан тақуалардан басқа ешкім дәм татпасын. **Бұл хадистің иснады жаман емес деп, Абу Дауд пен ат-Тирмизи келтіреді.**

367. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамның жақын досы қай дінде болса, ол да сол дінде болғаны, сондықтан адам достасайын деп жатқан адамына мұқият зер салсын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи келтіреді, ат-Тирмизи «Жақсы хадимс», деген.**

¹⁶⁴ «Мариам» сүресі, 64 аят.

368. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам өзінің жақсы көрген адамдарымен бірге болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген нұсқасында, Абу Мусаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Бірде бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Адам (діндар) адамдарды жақсы көреді, бірақта ол оларға әлі қосылған жоқ¹⁶⁵,» – деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның бұл салауына: «Адам өзінің жақсы көрген адамдарымен бірге болады.» – деді.

369. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде бір бәдәуи Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ақырғы

¹⁶⁵ Бұл сөзімен ол оларды жақсы көргенімен, әлі тақуалығымен сауабты істерімен олардан алыс екендігін айтып жатыр.

күн қашан болады?», - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан: «Сен ол күнге не дайындадың?», - деп сұрады. Бәдәуи: «Аллаһ пен Оның елшісіне деген сүйіспеншілікті», – деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен жақсы көргендеріңмен бірге боласың!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим. Мұнда Мұслмнің нұсқасы беріліп отыр.**

Ал бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірілген басқа нұсқасында, бәдәуидің былай дегені келтіріледі:

Мен ол күнге көп ораза, намаз, садақа дайындаған жоқпын¹⁶⁶, бірақ та мен Аллаһ пен Оның елшісін жақсы көремін.

370. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, егер біреулерді жақсы көріп, бірақ та өзі әлі оларға қосылмаған адам туралы

¹⁶⁶ Мұнда қосымша (нәпіл) амалдар жайлы айтылып жатса керек - аударушыдан

не дейсің?», - деді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол адам жақсы көрген адамдарымен бірге болады», - деді. **Муслим, аль-Бухари.**

371. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар алтын не күміс қазбалары секілді, қазбалар болып табылады. Олардың ішінен жахил¹⁶⁷ дәуіріндегі жақсылары, егер олар дінді жақсы меңгерген болса, онда Исламда да жақсылары болып қала береді. Ал рух жайлы айтатын болсақ, олар әскерге шақырылған жауынгер секілді, бір-бірін танитындар бірігеді де, ал танымайтындар, ажырайды¹⁶⁸. **Муслим.**

Аль бухари бұл хадисті Айшаның айтуымен жеткізіп «рухтар», деген сөзден бастайды.

¹⁶⁷ Ислам қабылдамай тұрған кездегі надандық дәуірі.

¹⁶⁸ Рухтарға о бастан не тақуалық, не надандық сіңірілген, сондықтан тақуалар тақуалармен жағысып араласады да, ал надандар – надандармен араласады.

372. Хабар бойынша, Усайр бин Амр
(немесе: ибн Жабір) былай деді:

Омар бин аль-Хаттабқа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, қосымша әскери күш Иемендіктердің ішінен келіп отырған кезде, ол: «Сендердің араларыңда Увайс бин Амір бар ма?», - деп әрдайым сұрастыратын. Ол сол сұрастыруын Увайспен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездескенше тоқтатпады. Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, одан: «Сен Увайс бин Амірсің бе?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Омар және: «Мурад руы қаран қауымынансың ба?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап қайырды. Омар және: «Сен алапеспен ауырып, дирхем көлемндей бір жерінді санамағанда, толығымен жазылып кеттің бе?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деді. Омар және: «Сенің шешең бар ма?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Сонда Омар: «Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Сендерге Иеменнен келген жасақтың ішінде мурад руы қаран қауымынан алапеспен ауырып, одан денесінде дирхемнің көлеміндей жерін санамағанда түгел айыққан, Увайс бин Амір келеді. Оның шешесі бар, ол шешесін құрмет көрсетіп (күтеді), егер ол ант беретін болса, Аллаһ оның антын орындайды,

қолыңнан келсе одан өзің үшін Аллаһтан кешірім тілеуін сұра!», деді. Омар: «Сондықтан мен үшін кешірім сұрашы!», - дейді. Увайс ол үшін Аллаһтан кешірім сұрап дұға жасайды. Содан соң Омар одан: «Сен қайда барғың келеді?», - деп сұрайды. Ол: «Куфаға», - дейді. Омар: «Сен үшін Куфаның басқарушысына хат жазып берейін бе?¹⁶⁹», - деп сұрайды. Увайс оған: «Маған кедейлердің арасында болу ұнайды», - деп айтады.

Ал келесі жылы Куфаның белгілі бір адамы қажылық кезінде Омарды кездестіреді. Ол одан Увайс жайлы сұрастыра бастайды. (Куфалық): «Соңғы рет мен оны көргенімде оның ештнеңесі болмады және үйінде де ештнеңесі болмаған болатын», – деді. Сонда Омар оған былай дейді: «Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Сендерге Иеменнен келген жасақтың ішінде мурад руы каран қауымынан алапеспен ауырып, одан денесінде дирхемнің көлеміндей жерін санамағанда түгел айыққан, Увайс бин Амір келеді. Оның шешесі бар, ол шешесін, құрмет көрсетіп (күтеді), егер ол ант беретін болса, Аллаһ оның антын орындайды,

¹⁶⁹ Мұндағы айтылып отырған хат, ол сол хат бойынша Куфаның басқарушысы зекеттің ақшасынан оған күн көрісіне ақша бөліп тұру керектігі.

қолыңнан келсе одан өзің үшін Аллаһтан кешірім тілеуін сұра!»

Сосын ол адам Увайсқа келді де: «Мен үшін Аллаһтан күнәмнің кешіруін сұрашы», – деді. Увайс жауап ретінде: «Сен қажылықты менен кейін жасадың, сондықтан мен үшін сен Аллаһтан күнүнәләрімнің кешіруін сұра!», – деді. Ол адам одан: «Сен Омармен кездестің бе?», – деп сұрады. Увайс: «Иә», - деді де – ол үшін кешірім сұрап Аллаһқа дұға жасады¹⁷⁰. Сосын адамдар бұл жайлы білді де, ал (Увайс) өз жөнімен (ол жерден) кетіп қалды¹⁷¹. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Усайр бин Жәбірдің, былай деп айтқаны келтіріледі:

Кезінде Омарға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ішінде Увайсты жиі келемеждеп күлетін бір адамы бар, Куфадан бір топ кісі келеді. Омар олардан: «Каран руынан адам бар ма?», - деп сұрады. Әлгі адам алдыға шыққанда, Омар былай дейді: «Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай

¹⁷⁰ Увайс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол туралы айтқан сөздерін жеткізгенін түсінді.

¹⁷¹ Оның кеткен себебі, адамдар сондай өтініштерімен, оның құлшылық етуіне кедергі жасап, сұрана бергендерінен болды.

деп айтқанын естідім: «Расында, сендерге Иеменнен, Иеменде шешесінен басқа ешкімі қалмаған, бір адам келеді. Алдында оның үстін ақ (алапес) басқан болатын. Ол Аллаһтан сұрап дұға жасағаннан кейін, оны Аллаһ денесіндегі динардай /...дирхемдей/ жерін санамағанда түгелдей айықтырған болатын. Сендерден кім оны кездестіретін болса, оны сендер үшін Аллаһтан күнәләріңнің кешіруін сұрап дұға жасауын сұраңдар!»

Хадистің Муслим келтірген үшінші нұсқасында Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Расында, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Расында, ізбасарлардың (табиғин)¹⁷² ішінде шешесі бар және үстін ақ басқан, Увайс деген адам болады, одан Аллаһтан сендер үшін кешірім тілеуін сұраңдар!»

¹⁷² Сахаба – Пайғамбарды, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, көрген адамдар, ал табиғин – сахабаларды көрген адамдар.

373. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұмра жасау үшін рұқсат сұрап бардым. Ол Маған рұқсат берді де: «Иә бауырым, өзіңнің дұғаңда бізді де ұмытпа!», - деді. Мен бұл сөздерді бүкіл дүниеге ауыстырмас едім!

Бұл хадистің басқа нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігімен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Иә бауырым, бізді де дұғаңа қос! **Абу Дауд пен ат-Тирмизидің «Жақсы хадис» деп келтірген сенімді хадис¹⁷³.**

374. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Кубаға¹⁷⁴ бірде көлікпен, бірде жаяу жиі

¹⁷³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

¹⁷⁴ Мединаның жанындағы, Исламның тарихындағы бірінші салынған мешіті бар кішігірім ауыл.

келіп екі ракағат намаз оқып тұратын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің аль-Бухари мен ан-Насаи келтірген тағы бір нұсқасында, Омардың, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, не аттылы, не жаяу әр бір сенбі күні Кубадағы мешітке келіп тұратын.

Бұл хадисте ибн Омар да солай істейтін, деп хабарланады.

46 ТАРАУ

Аллаһ үшін жақсы көрудің дәрежесі жайлы және оған талпындыру және ол жайлы жақсы көрген адамыңа хабарлау және хабарлағанда не айту керектігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мухаммад Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан ризалық әрі мәрхәмет тілейді. Олардың жүздерінде сәжденің ізінің дерегі бар.

Олардың Тауратта да сипаттары, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл мысал егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ, олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор силық уәде етті.» **«Фатх» сүресі, 29 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Бұрыннан Мединеде қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне босып (көшіп) келгендерді жақсы көріп...» **«Хашір» сүресі, 9 аят.**

375. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ пен Оның елшісін бәрінен артық жақсы көрген, Аллаһ үшін қай бір адамды жақсы көрген және Аллаһ оны құтқарғаннан кейін¹⁷⁵ отқа қалай түскісі келмейді солай имансыздыққа (дінсіздікке) қайта оралғысы келмеген, міне осы үшеуін бойына сіңірген

¹⁷⁵ Яғни оның жүрегіне иман салғаннан кейін.

болса сол иманның (діннің) тәтті дәмін татады.
Аль-Бухари, Муслим.

375. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан басқа ешкімнің көлеңкесі болмаған күні, Аллаһ Тағала жеті (түрлі) адамды Өзінің көлеңкесіне алады:

1. Әділ басқарушы,
2. Ұлы Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен есейген жас,
3. Жүрегі мешіттерде байланған¹⁷⁶,
4. Тек қана Аллаһ Тағала үшін кездесіп-қоштасатын және бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көргендер,
5. Абыройлы әрі әдемі әйел қалап шақырып, бірақ ол: «Расында, Мен Аллаһтан қорқамын», - деп бармаған еркек,
6. Садақаны жасырын бергені сонша, оның сол қолы оң қолының бергенін көрмейтін,
7. Оңашада Аллаһ Тағалны еске алғанда көзіне жас толатын (адамдар).

¹⁷⁶ Мешітте намаз оқығанды жақсы көретіндер.

Аль-Бухари, Муслим.

377. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Ахирет күні Аллаһ Тағала: «Бірін-бірі Менің ұлылығым үшін жақсы көргендер қайда? Бүгін Менің көлеңкемнен басқа ешкімнің көлеңкесі болмаған Күні, Мен оларды Өзімнің көлеңкеме аламын!», - дейді. **Муслим.**

378. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, сендер иман келтірмейінше Жәннәтқа кірмейсіңдер, ал бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер, сондықтан сендерге бір-біріңе деген сүйіспеншілікке қандай амал алып

келетінін айтайын ба? Араларыңда сәлем таратыңдар!¹⁷⁷ **Муслим.**

379. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде бір адам басқа ауылда тұратын бауырымен¹⁷⁸ көрісу үшін жолға шығады, ал Аллаһ Тағала оған жолда кездесетін бір періштені жібереді. Ол адаммен жолда кездескенде: «Қайда бара жатырсың?» – деп сұрайды. Ол: «Мен ана ауылда тұратын бауырыммен жолығуға бара жатырмын», - деп жауап береді. Періште: «Сен оған бір жақсылық жасаған шығарсың, ал енді сол жақсылығыңнан бір пайда тапқың келіп бара жатқан шығарсың?», - дейді. Ол адам: «Жоқ, расында, мен оны Аллаһ Тағала үшін жақсы көремін», - деп жауап береді. Сонда періште: «Мен болсам, шындығында: «Сен ол адамды Аллаһ үшін қалай жақсы көрсең, Аллаһ та сені солай жақсы

¹⁷⁷ Сәлем таратыңдар дегені, ол бір-біріңмен сәлемдесіп жүріңдер және бір-біріңмен жақсы қарым-қатынаста болып бейбіт жүріңдер, деген мағынаны білдіреді.

¹⁷⁸ Әрине әңгіме дін жолындағы бауыр жайлы болып тұр.

көреді!», - деп айту үшін саған Аллһтан жіберілдім.» - дейді. **Мувлим.**

380. Хабар бойынша, аль-Бари бин Азиб оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тек қана иманды оларды жақсы көреді және тек қана иманды оларды жек көреді. Аллаһ оларды жақсы көргендерді жақсы көреді де, оларды жек көргендерді Аллаһ жек көреді. **Аль-Бухари, Муслим.**

381. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала айтты: «Мен үшін бір-бірін жақсы көргендер үшін нұрдан жасалған мінберлер бар, және оларға пайғамбарлар мен дін үшін мерт болғандар (шаһидтер) қызығады!» **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

382. Хабар бойынша, Абу Идрис аль-Хаулян, оларға Аллаһтың мейірімі болсын, ол былай деді:

Бірде Дамаскідегі мешітке кіргенімде, адамдардың ортасында отырған, тістері жарқыраған ақ тісті жас жігітті көрдім. Оған адамдар сұрақтар қойып, оның айтқанын дұрыс санап, өздерінің істерінде соның жауабына сүйеніп амал қылатын. Мен ол туралы сұрай бастадым да, маған: «Ол Муъаз бин Жабал¹⁷⁹, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын», – деді. Ертеңіне мен мешітке ертерек келсем, ол онда менен де ерте келіп намаз оқып жатыр екен. Мен оның намазын оқып болуын күттім де, ол намаз оқып болысымен, алдына келіп сәлем беріп: «Аллаһтың атымен ант етемін, расында, мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін!», - дедім. Ол: «Аллаһ үшін екеніне ант бересің бе?», - деді. Мен: «Аллаһ үшін екеніне, ант беремін!», - дедім. Ол тағы да: «Аллаһ үшін екеніне ант бересің бе?», - деді. Мен тағы да: «Ант беремін!», - дедім. Сонда ол мені шапанымның шетінен тартып: «Қуана бер, өйткені, расында, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ Тағала айтты: «Мен үшін бір-бірін жақсы көріп, Мен үшін бір-бірімен

¹⁷⁹ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірнеше рет мақтаған схабасы.

кездесіп, Мен үшін бір-бірімен жолығатындарды Мен де міндетті түрде жақсы көремін (сүйемін)!», - дегенін естідім», - деді. **Сенімді иснадтарымен «Сенімді хадисті» Малик «Аль-Муаттада» келтіреді.**

383. Хабар бойынша, Абу Карим аль-Мақдим бин Маъдикари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам өзінің бауырын жақсы көрсе, онда оған жақсы көретіндігін хабарласын. **Бұл хадисті «Жақсы әрі сенімді», хадис деп, Абу Дауд пен ат-Тирмизи жеткізеді.**

384. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның қолынан ұстап былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Муъаз, Аллаһтың атымен ант етемін, расында, мен сені жақсы көремін, иә Муъаз мен саған әр намаздан кейін мынаны айтуды міндеттеймін: «Иә Аллаһ, маған Өзіңді есімде ұстауға, саған шүкіршілік етуіге және дұрыстап құлшылық етуге көмектес». */Аллаһумма аьини*

ъала зикрика, уа шукрика, уа хусни
ъибадатика/ ¹⁸⁰ **Жақсы хадис сенімді
иснадпен Абу Дауд пен ан-Насаи келтіреді.**

**385. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, ол былай деді:**

Бірде Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отырған көпшіліктің арасында бір адам, олардың жанынан өткен бір кісі жайлы: "Иә Аллаһтың елшісі, мен мына адамды, Аллаһ үшін жақсы көремін", - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен ол жайлы оған хабарладың ба?», - деп сұрады. Ол: «Жоқ», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда оған оны айт!», - деді. Ол адам оны қуып жетті де: «Расында, мен Аллаһ үшін сені жақсы көремін!», - деді, ал ол: «Аллаһ сені, Өзі үшін мені жақсы көргеніңе, сені де жақсы көрсін!», - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

¹⁸⁰ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғанының» №59 дұғасында келтірілген - аударушыдан.

47 ТАРАУ

Аллаһ Тағаланың құлын жақсы көргенінің белгілері жайлы және сондай белгілері бар мінезді тәрбиелеу және соған құлшыну жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәләріңді жарылқайды. Өйткені, Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді», - деп айт.»

“Аль-Имран” сүресі, 31 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мұминдер! Сендерден кім діннен шықса, Аллаһ жедел бір қауым әкеледі; Аллаһ оларды жақсы көреді және олар да Аллаһты жақсы көреді. Мұминдерге қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Аллаһ жолында соғысады. Сөгіс берушілердің сөгісінен олар қорықпайды. Осы, Аллаһтың қалағанына беретін ілтипаты. Өйткені Аллаһ Кең, Білуші».

«Мәида» сүресі, 54 аят.

386. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала айтты: “Маған жақын болғанмен жауласқанға Мен соғыс жариалаймын! Құлымның Маған жақындамақшы болып істеген істерінің ішіндегілерінен Мен үшін ең сүйкімдісі, Менің орындауға парыз етіп жүктеген амалдарымды орындағаны және де Менің құлым, Менің парыз еткен амалдарымнан да артық (нәфіл) амалдар жасап Маған, Мен оны Өзім сүйгенімше жақындай түседі (береді). Ал Мен оны сүйген кезімде, Мен оның көретін көзі, еститін құлағы, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын және егер де ол Менен бір нәрсе сұрайтын болса, онда Мен оған (сұрағанын) әлбетте беремін, ал егер Менен қорғау сұраса, онда Мен оны әлбетте қорғаймын!” **аль-Бухари.**

387. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер Аллаһ Өзінің бір құлын жақсы көрсе. Жебірейілге: «Расында, Аллаһ пәленшені жақсы көреді, сен де оны жақсы көр!», - дейді. Содан кейін оны Жебірейіл жақсы көре

бастайды да, аспан тұрғындарына¹⁸¹: «Расында, Аллаһ пәленшені жақсы көреді, сендер де оны жақсы көріңдер!», - дейді. Осыдан кейін оны аспан тұрғындары жақсы көре бастайды да, оған жерде де құрмет көрсете бастайды! **Аль-Бухари, Муслим.**

Ал бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Егер Аллаһ Өзінің бір құлын жақсы көрсе, Жебірейілге: «Расында, Аллаһ пәленшені жақсы көреді, сен де оны жақсы көр!», - дейді. Содан кейін оны Жебірейіл жақсы көре бастайды да, аспан тұрғындарына: «Расында, Аллаһ пәленшені жақсы көреді, сендер де оны жақсы көріңдер!», - дейді. Осыдан кейін оны аспан тұрғындары жақсы көре бастайды да, оған жерде де құрмет көрсете бастайды! Егер Аллаһ Өзінің бір құлын жек көрсе. Жебірейілге: «Расында, Аллаһ пәленшені жек көреді, сен де оны жек көр!», - дейді. Содан кейін оны Жебірейіл жек көре бастайды да, аспан тұрғындарына: «Расында, Аллаһ пәленшені жек көреді, сендер де оны жек көріңдер!», - дейді. Осыдан кейін оны аспан тұрғындары жек

¹⁸¹ Періштелерге.

көре бастайды да, оны жердегілер де жек көре бастайды!

388. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адамды басшы етіп, жорыққа жасақ жібереді. Ол адам жорық кезінде оларға намазда имам болып, намазын әрдайым: «Айт: «Ол Аллаһ Біреу...»¹⁸², - деген сөздермен аяқтайтын. Олар жорықтан оралған кезде, болған жайды Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтты. Ол: «Одан оны неге істегенін сұраңдаршы?», - дейді. Оған сол сұрақты қойған кезде: «Онда (ол сүреде) Қамқоршының (Аллаһтың) сипаттары еске алынады, сондықтан мен оны оқығанды жақсы көремін», - деді. Оның айтқанын естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оған, Аллаһ Тағала да оны жақсы көреді, деп айта барыңдар!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁸² «Ихлас» сүресі.

48 ТАРАУ

Тақуаларға, әлсіздерге және кедейлерге
жәбір көрсетудің қатерлігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай мұмин ер, мұмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Ендеше жетімді қорлама, сұраушыны зекіме.» **«Дұха» сүресі, 9-10 аяттар.**

Егер бұл тарауға байланысты хадистер жайлы айтатын болсақ олар көп-ақ.

Олардың қатарына алдыңғы тарауда айтылып кеткен Абу Хурайраның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген Аллаһ Тағала айтты: «Маған жақын болғанмен жауласқанға Мен соғыс жариалаймын!»¹⁸³, - деген хадис жатады.

¹⁸³ № 386 хадис.

Олардың қатарына «Жетімдерге жақсы қарым-қатынас көрсету», жайлы тарауында, Саъд бин Абу Уаққастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген хадисі¹⁸⁴ және Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, егер сен оларды ашуландырсаң, онда Раббыңды ашуландырдың!», - деп айтылған хадисі¹⁸⁵ жатады.

389. Хабар бойынша, Жундуб бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Таң намазын орындаушы¹⁸⁶ Аллаһтың қорғанында болады және Аллаһ Өзінің қорғаны үшін сендерден еш нәрсе талап етпейді, өйткені, расында, кімнен Ол қорғаны үшін бір нәрсе талап ететін болса, Ол жетеді де (сұлатады да), сосын етбетінен Тозақтың жалынына лақтырылды! **Муслим.**

¹⁸⁴ № 260 хадис

¹⁸⁵ № 261 хадис

¹⁸⁶ Мұнда таң намазын мешітте жамағатпен орындаушы жайлы айтылып жатыр.

49 ТАРАУ

Адамдарды тек қана сыртқы көріністерімен ғана тұжырымдап, ал ішкі жан-дүниесінің жайын Аллаһ Тағалаға тапсыру жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойыңдар...» **«Тәубә» сүресі, 5 аят.**

390. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған бұл адамдармен¹⁸⁷, олар Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік бермейінше және намаз оқып зекет төлемейінше, соғысуға әмір етілді. Ал егер олар бұны орындаса, онда менен өздерінің өмірі мен дүниесін қорғайды және бұдан былай олары тек қана Исламның хақымен ғана

¹⁸⁷ Бұтқа табынушылармен.

адамдарға тиесілі бола алады да, ал содан соң олардан есеп сұрауға тек қана Аллаһ хақылы болады.¹⁸⁸ **Аль-Бухари, Муслим.**

391. Хабар бойынша, Абу Абдаллаһ Тариқ бин Ашһам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Аллаһтан басқа құдай жоқ», - деп айтқан және Аллаһтан басқаға құлшылық еткенге сенбегеннің дүниесі мен жанына қол салуға тыйым салынады, ал олардан есебті тек қана Аллаһ алады. **Муслим.**

392. Хабар бойынша, Абу Маъбад аль-Мақдад бин аль-Асуад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған айтшы, егер де мен бір имансызбен кездесіп,

¹⁸⁸ Яғни, олардың жан дүниесі, олар расында куәлік берді ме жоқ әлде тілімен ғана ма, ол үшін сұраушы бір Аллаһ қана, өйткені олардың жан дүниесін білетін Аллаһ. Біз болсақ олардың сыртқы көрінетін істерімен ғана есептесеміз (бағалаймыз), ал бәрін білуші бір Аллаһ қана - **аударушыдан.**

екеуіміз шайқасып ол менің қолымды қылышпен шауып түсірсе, ал одан кейін менен құтылмақшы болып, ағашқа шығып: «Мен Аллаһқа бығындым!¹⁸⁹», - десе, осыдан кейін, иә Аллаһтың елшісі, менің оны өлтіруге хақым бар ма?», - деп сұрадым. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саған оны өлтіруге болмайды», - деді. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, ол менің қолымды шапты ғой және ол сөздерді соны істегеннен (шапқаннан) кейін айтты ғой!», - дедім. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саған оны өлтіруге болмайды, өйткені егерде сен оны өлтірсең, онда ол, сен оны өлтіргенге дейін қандай күйде болсаң, ол сондай күйде болады, ал сен болсаң, ол сол сөздерді айтқанға дейін қандай күйде болса, сен де сондай күйге түсесің!», - деп айтты. **Аль-Бухари, Муслим.**

«Сен оны өлтіргенге дейін қандай болсаң, ол сондай күйде болады», - дегені, оның өміріне қол салуға болмайды, өйткені оның ісі ислам қабылдаған адамның ісі ретінде қаралуы керек; «Ал сен болсаң, ол сол сөздерді айтқанға дейін қандай күйде болса, сен де сол күйге түсесің», - дегені, оның мұрагерлері сені

¹⁸⁹ Басқаша айтқанда Ислам қабылдағанын айтып жатыр.

адам өлімі тиісінше (қысас) өлтіре алады. Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөзі, сен сол сияқты имансыз болдың, дегенді әрине білдірмейді, ал Аллаһ бұны жақсырақ біледі.

393. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізді жухайн тайпасының аль-хурака руына жорыққа аттандырды да, біз оларға таң ертең бұлақтың жанында шаптық. Олардың бірін мен бір ансармен бірге қуа бастадым, ал біз оған жақындаған кезде ол: «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», - деп айқайлап қалды. Бұны естіген жанымдағы ансар оны қуғанын тоқтата қойды, ал мен болсам оны найзаның соққысына жығып өлтірдім. Біз Мединаға қайта оралғанымызда, бұл оқиға жайлы Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, белгілі болды да ол: «Иә Усама, шынымен-ақ сен оны ол: «Лә иләһә илә-Ллаһу», - дегеннен кейін өлтірдің бе?!», - деп сұрады. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, ол сөздерді ол құтылу үшін ғана айтты ғой!», - деп едім, бірақ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, тағы да: «Шынымен-ақ сен оны ол: «Лә иләһә иля-Ллаһу», - дегеннен кейін өлтірдің бе?!¹⁹⁰», - деп айтуын қайталап айта бергені соншама¹⁹¹, мен Исламды бұдан ерте қабылдағаным өкіндім!¹⁹² **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Усаманың, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол: «Лә иләһә илля-Ллаһу», - деп айтқаннан кейін, сен оны өлтірдің бе не?», - деп сұрады. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, ол бұл сөздерді біздің қаруымыздан қорыққанынан кейін айтты ғой!», - дедім. Бұл сөзіме ол: «Сен онда неге, ол жүрегімен айтып тұр ма әлде жоқ па екендігін білу үшін, оның

¹⁹⁰ Яғни, ол Ислам қабылдағаннан кейін, оның өміріне ешкім қол сала алмайтындығы жайлы айтып жатыр.

¹⁹¹ Усама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ең жақын сахабаларының бірі болғаннан кейін, оның бұл ісіне таң қалып тұр!

¹⁹² Усама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жасаған күнәсінің ауырлығын сезінгені соншама, Исламды бұдан ерте қабылдағанына өкініп тұр, өйткені Ислам, бүкіл алдыңғы күнәләрді өшіреді (қарыздан басқа - аударушыдан), сондықтан егер ол Исламды енді қабылдаған болса, онда бұл жасаған ісінің күнәсі оған кешірілер еді деп, ойлағаны.

жүрегін кесіп қарамадың?!¹⁹³», - деп, қайталай бергені соншама, менде, осы күні ғана Исламды қабылдасам еді, деген құштарлық туды.

394. Хабар бойынша, Жундуб бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көпқұдайшылдарға қарсы жорық аттандырды. Олар біраз уақыт өтісімен бір-бірімен кездесті. Көпқұдайшылдардың арасында біреу болды, ол мұсылмандардың біреуін таңдап алып оны аңдып жүріп өлтіретін, ал мұсылмандардың бірі жайлы айтатын болсақ (оның Усама бин Зайд екенін айтқанбыз), ол оның бір қателік жасауын күтіп жүрді. Сонымен оның бір қателік жасағанын көріп, оған қылышын көтеріп қалғанда, ол көпқұдайшыл: «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», - деп айқайлап жіберді, бірақта Усама оны бәрібір өлтірді. Ал одан кейін Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйіншілеп шабарман

¹⁹³ Бұл дегеніміз Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, иман жүректе ғана болады, оны Аллаһтан басқа ешкім көре алмайды дегені.

келді де, оның бүкіл қойған сұрақтарына жауап беріп соның ішінде, ол адамның істеген ісін баяндады. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны өзіне шақырып: «Сен оны неге өлтірдің?», - деп сұрады. Усама: «Иә Аллаһтың елшісі, ол мұсылмандарға жәбірлік жасады, пәленше мен пәленшені өлтірді!», - деп бірталай адамның есімін атады да: «Мен, расында оған бас салдым, ал ол қылышты көрген кезде: «Лә иләһә иллә-Ллаһу!», - деп айқайлап қалды», - деп жауап берді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сосын сен оны өлтірдің бе?!», - деп сұрады. Ол. «Иә», - деп жауап берді. Сонда ол: «Сен Ахирет күні: «Лә илаһа илля-Ллаһу», - деген сөздермен не істейсің?», - деп сұрады¹⁹⁴. **Муслим.**

395. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Утба бин Масъуд, ол былай деді:

Мен Омар бин аль-Хаттабтың былай деп айтқанын естідім: «Расында, Аллаһтың елшісінің уақытында, адамдардан түсіп отырған аяндар нұсқауымен сұралатын, ал енді

¹⁹⁴ Яғни, сен Аллаһтың алдында, осы сөздерді айтқан адамды өлтіргенің үшін, қалай жауап бересің?, - дегені.

аяндардың түсуі тоқтатылды¹⁹⁵. Енді біз сендерден, сендердің жасаған істеріңнен көргенімізге сәйкес сұраймыз, ал сендерден кім жақсы амалдарымен көрінсе, біз олардың жан дүниесінде не жасырын тұрғанына қарамай оларға сеніп, оларды өзімізге жақындатамыз, өйткені олардың жан дүниесі жайлы есебті, тек қана Аллаһ талап ете алады! Ал өздерін жаман жағынан көрсететіндерге, олар өздерін еш жамандық ойламаймыз, деп сендіргеніне қарамастан, оларға сенім артпаймыз да сенбейміз!» **Аль-Бухари.**

50 ТАРАУ

Қорқыныш жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Әрі Менен ғана қорқыңдар.» **«Бақара»**
сүресі, 40 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

¹⁹⁵ Яғни, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлімінен кейін, аяндардың түсуі тоқтатылды.

«Негізінен Раббыңның қолға алуы орасан қатты.» **«Буруж» сүресі, 12 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп алады; күдіксіз Оның соққысы қатты күйзелтеді. Күдіксіз осыдан Ахирет азабынан қорыққан кісілерге әрине дәлел бар. Қиямет, адамдардың жиналатын күні. Сондай-ақ ол әзір болатын бір күн. Ол Қиямет күнін санаулы мерзімге ғана кешіктіреміз. Ол күн келсе Аллаһтың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар. Ал енді сорлылар тозақта ыңыранып шыңғырады.» **«Һұд» сүресі, 102-106 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһ сендерді Өзі қорқытады»¹⁹⁶ **«Аль-Имран» сүресі, 28 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сол күні кісі туысынан қашады; Шешесінен, әкесінен, Әйелінен және балаларынан. Ол күні әркімнің ісі ауыр. (Әркім өз халімен әлек.)»
«Ғәбәсә» сүресі, 34-37 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

¹⁹⁶ Яғни, Өз-Өзінен сақтандырады /...не ескертеді/ - аударуашыдан.

«Әй адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар. Расында қияметтің сілкінісі үлкен нәрсе. Ол күні, әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Адамдарды мас түрде көресің. Негізінде олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты.» **«Хаж» сүресі, 1-2 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңның хұзырынан шығуға қорыққанға екі пейіш¹⁹⁷ бар» **«рахман» сүресі, 46 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар бір-біріне қарама-қарсы отырып хал сұрасады: «Расында, біз бұрын жанұямызда да қорқушы едік», - деседі. «Сондықтан Аллаһ бізге игілік етті де заһарлы азаптан құтқарды.» «Расында, біз бұрын. Аллаһқа жалбарынушы едік. Өйткені Ол игілік істеуші, ерекше меірімді», - (десед!).» **«Тұр» сүресі, 25-28 аяттар.**

Ал хадистер жайлы айтатын болсақ, онда олар өте көп, біз болсақ солардың бір бөлігін ғана келтіреміз, ал көмек көрсетуші Аллаһ қана.

¹⁹⁷ Пейіш – жәннәттің бағы.

396. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Шынышыл әрі сенімге лайықты Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге былай деді:

Расында, сендердің әрқайсысың әуелі өзінің анасының құрсағында қырық күн ішінде тамшы болып қалыптасады, одан кейін соншама аралықта ұйыған қан ретінде және соншама – кесек ет ретінде, ал содан оған кейін жан үрлеу үшін Аллаһ періштені жіберіп оған төрт нәрсені жазуға әмір береді:

- 1) оның үлесін,
- 2) оның мерзімін¹⁹⁸,
- 3) оның амалдарын,
- 4) және ол бақытты бола ма, әлде бақытсыз бола ма.

Сонымен Өзінен басқа құдай болмағанның атымен ант етемін, сендерден кез-келгенің Жәннәтқа бір білек қалғанға дейін, Жәннәт тұрғындарының амалын жасай аласыңдар, сонда оның пешенесінде жазылғаны Тозақ болса, ол Тозақ тұрғындарының амалдарын

¹⁹⁸ Өмірінің ұзақтығын.

орындай бастайды да, Тозаққа кіреді.¹⁹⁹ Расында, дәл солай сендерден кез-келгенің Тозаққа бір білек қалғанға дейін, Тозақ тұрғындарының амалын жасай аласыңдар, сонда оның пешенесінде жазылғаны Жәннәт болса, ол Жәннәт тұрғындарының амалдарын орындай бастайды да, Жәннәтқа кіреді.²⁰⁰ **Аль-Бухари, Муслим.**

397. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ол күні²⁰¹ үстіне жетпіс мың тізгін тартылған және әр тізгінінен жетпіс мың періште сүйреген, отты алып келеді. **Муслим.**

¹⁹⁹ Егер адамның пешенесіне Тозақтық болу жазылса, оның қаншама сауабты істер жасағанын көргеніңмен, ол өмірінің соңында сондай бір күнә жасайды, сол амалының ауырлығынан Тозаққа кіреді, яғни жазмышы орындалады – **аударушыдан.**

²⁰⁰ Егер адамның пешенесіне Жәннәттық болу жазылса, оның қаншама күнәлі істер жасағанын көргеніңмен, ол өмірінің соңында сондай бір сауабты амал жасайды, сол амалының себебімен Жәннәтқа кіреді, яғни жазмышы орындалады – **аударушыдан.**

²⁰¹ Ахирет күні.

398. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Ахиретте Тозақ тұрғындарының ішінде ең жеңіл жазаға тартылатынның табанына қызуынан миы қайнайтын екі шоқ бастырылады, Сонда ол жазасының ең жеңіл болғанына қарамай, өзінен басқа ешкім олай қатты қиналып жатқан жоқ, деп ойлайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

399. Хабар бойынша, Самур бин Жундуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Олардың арасында отқа балтырына дейін оранғанғандар болады, және олардың арасында отқа тізесне дейін оранғанғандар болады, және олардың арасында отқа беліне дейін оранғанғандар болады, және олардың арасында отқа бұғанасына дейін оранғанғандар болады! **Муслим.**

400. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар бүкіл әлемнің Раббысының алдында тұрады, сонда олардың кейбірі өздерінің терлерінің суы құлағының ортасына жетіп тұрады²⁰². **Аль-Бухари, Муслим.**

401. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұрын мен естімеген хұтпа айтты, сөздерінің арасында былай деді: «Егер сендер мен білетінді білсеңдер еді, аз күліп, көп жылар едіңдер!», - сонда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары қолдарымен беттерін жауып ауыздарын ашпастан жылай бастады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Анастың, былай деп айтқаны келтіріледі:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабалары жайлы бір

²⁰² Бұл дегеніміз, кейбіреулерге есеп берудің алдындағы күту ұзаққа созылады.

нәрсе естіп²⁰³, оларға хұтпа айтып былай деді: “Маған Жәннәт пен Тозақ көрсетілді, мен ешқашан, сол күнденгідей одан жақсы және одан жаман нәрсені көрмедім! Егер сендер мен білетінді білсеңдер еді, аз күліп, көп жылар едіңдер!». Сонда сол күн, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары үшін өте ауыр болды, олар бастарын бүркеп алып ауыздарын ашпай жылаумен болды.

402. Хабар бойынша, аль Микдад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте адамдарға күн жақындатылады да, ол адамдардан бір миль²⁰⁴ ара қашықтықтығында болады.

Бұл хадисті аль Микдатың айтуымен жеткізген Сулайм бин Амр былай деді:

Сонымен, Аллаһтың атымен ант етемін, білмеймін оның миль дегені – ұзындық өлшемі

²⁰³ Өзіне ұнамаған бір нәрсе естіп.

²⁰⁴ Арабша 1 миль = 1920 метр.

ме, әлде көзге сүрме жағатын таяқты айтты ма,
білмеймін²⁰⁵.

**Ары қарай Аллаһтың елшісі, оған
Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзіне
былай жалғастырлы:**

Ал адамдар болса, әр қайсысы өздерінің амалдарына байланысты терлерінің суына батып тұрады, сонда олардың кебіреулері қызыл асығына дейін, кейбіреулері – тізесіне дейін, үшіншісі – беліне дейін, ал кейбіреулері батып кетеді (не терілері оларды өзіне бағындырып алады)²⁰⁶, - деді де Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолымен аузын көрсетті. **Муслим.**

403. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахирет күні адамдардан тер аққаны сонша, олардың терлері жерге, жетпіс білекке дейін сіңеді, ал кейбіреулерінің терлері оларды

²⁰⁵ Араб тілінде миль, деген сөз бен сүрме таяғы, деген сөздің айтылуы бірдей, яғни өзара омонимдес сөздер.

²⁰⁶ Бұл жерде олардың ауыз деңгейіне дейін батып, оны тері бағындырып алағаны соншама сөйлей алмай тұрады, деп айтылып жатыр.

батырғаны соншама, оның суы құлағына дейін көтеріледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

404. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге отырған кезде ол бір заттың құлаған гүрсілін естіді де, бізден: «Сендер бұның не екенін білесіңдер ме?», - деп сұрады. Біз: «Аллаһ пен Оның елшісі бұл туралы жақсырақ біледі?», - дедік. Сонда ол: «Бұл – жетпіс жыл бұрын тозақтың жалынына тасталған тас. Қазір ол тас оттың түбіне жетті де, сендер оның гүрсілін естідіңдер», - деді. **Муслим.**

405. Хабар бойынша, Ади бин Хатим., оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендердің араларында оның Раббысы сөйлеспейтін және (сол уақытта) араларында түсіндіруші болмайтын адам табылмайды. Сосын адам оң жағына қарайды да, өзінің амалынан басқа еш нәрсе көрмейді, сосын сол жағына қарайды да, өзінің амалынан басқа еш

нәрсе көрмейді, сосын алдына караған кезде, бет алдында тозақ отынан басқа еш нәрсе көрмейді, сондықтан өзіңді Оттан құрманың жартысымен болса да қорға!²⁰⁷ **Аль-бухари, Муслим.**

406. Хабар бойынша, Абу Зар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, мен сендер көрмегенді көремін: аспан сықырлады да, оның олай істеуіне хақы болды, өйткені әр бір төрт исбаға²⁰⁸ Аллаһқа сәжде жасап жатқан бір періштеден келеді! Аллаһтың атымен ант етемін, егер сендер мен білгенді білген болсаңдар, онда аз күліп көп жылар едіңдер, әйелдеріңмен төсектеріңде рахаттанып жатпас едіңдер де, көшеге шығып Аллаһқа дауыстап, құтылу үшін дұға жасар едіңдер! **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

Бұл жерде: «Сықырлады», - деген сөз ол араб тілінде ер тоқымның сықырынан шыққан сықырды білдеретін дыбысты айтып тұр.

²⁰⁷ Кішкене ғана садақамен болса да өзіңді қорға, деген сөз.

²⁰⁸ Исба – 3,125 см. тең келетін ұзындық өлшемі.

Яғни, аспан сәжде жасап жатқан
періштелердің көптігінің ауырлығынан
сықырлап жатыр.

407. Хабар бойынша, Абу Барз Надл бин Убайд аль-Аслам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте құл, өмірі жайлы: оны қалай өткізгені? білімі жайлы: оны қалай қолданғаны? ақшасы жайлы: оны қалай тапқаны және қайда жаратқаны? денесі жайлы: оны қалай қолданғаны? - туралы сұралынбайынша орнынан қозғалмайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

408. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына аятты: «Ол күні жер уақиғасын түсіндіреді», - оқыды да: «Сендер оның уақиғасының қандай болатынын білесіңдер ме?»²⁰⁹, - деп сұрады. Біз: «Аллаһ

²⁰⁹ «Зилзәл» сүресі, 4 аят.

және Оның елшісі бәрінен де жақсы біледі», - дедік. Сонда ол: «Оның оқиғасының мәні – Аллаһтың әр бір құлына қарсы оның үстінде не істегені жайлы куәлік беруде болады, ол: «Сен сол күні мынаны және мынаны істедің», - деумен болады. Оның уақиғасы осындай болады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді²¹⁰.**

409. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Сүр ұстаушы²¹¹, (қазір) оны аузына тақап үрлеуге әмір күтіп тыңдап тұр, осы уақытта мен өміріммен қалайша рахаттанамын?» Бұл айтылған сөздер Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ауыр тиген болса керек, сонда ол: «Бізге Аллаһ жетіп асады, Ол нендей жақсы Ие (Қамқоршы)!»²¹², -

²¹⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

²¹¹ Мұнда Исафил періште жайлы айтылып жатыр. Ол Аллаһтың әмірімен сүр үрлегені - Ахирет күнінің басталғанының хабары болады.

²¹² «Аль-Имран» сүресі, 173 аят.

деп айтыңдар. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

Аллаһ Тағала айтты: «Сүр үріліп...»²¹³

410. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қорыққан адам, жолға түннің басында шығуға асығады, ал осыны істеуге асыққан, көздеген жеріне жетеді. Расында Аллаһтың бұйымы қамбат тұрады, ал Аллаһтың бұйымы - ол Жәннәт.²¹⁴ **ат-Тирмизи бұл хадисті «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

411. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінің: «Ахиретте адамдар жалаңаш киімсіз, жалаң аяқ, сүндеттелмеген күйде жиналады.», - дегенін

²¹³ «Кеһф» сүресі, 99 аят., «Йа син» сүресі, 51 аят.

²¹⁴ Бұл хадистің мағынасы: «Қорыққан адам, жолға түннің басында шығуға асығады», - дегені, ол тозаққа түсуден қорыққан адам ғибадатын ертерек бастайды. Ал, «Ал осыны істеуге асыққан, көздеген жеріне жетеді», - дегені, ол ғибадатын ертерек бастаған Жәннәтқа кіреді, дегені. Ал бәрін білуші бір Аллаһ қана - **аударушыдан.**

естідім де: «Иә Аллаһтың елшісі ерлер мен әйелдер бірге жиналып бір-бірін көреді ме?», - деп сұрадым. Ол: «Иә Айша, оларға ол (күн) өте ауыр болып ол жайлы ойлауға (шамалары болмайды)!», - деді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Олардың бірі-біріне қарайтын мұрша болмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

51 ТАРАУ Үміт жайлы

Аллаһ Тағала айтты:

«(Оларға): «Әй өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбеңдер. Аллаһ біртұтас күнәләрді жарылқайды. Өйткені Ол Жарылқаушы, Мейірімді», - де.» **«Зүмәр» сүресі, 53 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Қарсы келгендерді ғана жазаландырамыз» **«Сәбә» сүресі, 17 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Бізді жасынға шығарып, бет бұрғандарға азап болатындығы уахи етілді.» **«Таһа» сүресі, 48 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Менің рахымым әр нәрсені (яғни бәрін) сидырады...» **«Ағраф» сүресі, 156 аят.**

412. Хабар бойынша, Убад бин ас-Самит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім серігі болмаған Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мухаммад - Оның құлы әрі елшісі, Иса – Аллаһтың құлы әрі елшісі және Оның Марйамға сөйлеген сөзі әрі Оның жаратқан рухы²¹⁵, Жәннәт – рас, Тозақ – рас, деп куәлік беретін болса, онда оны Аллаһ оның амалының қандай екендігіне қармай Жәннәтқа кіргізеді.

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың

²¹⁵ Аллаһ Тағала айтты: «...Шынайы түрде Мариам ұлы Мәсих Иса, Аллаһтың елшісі әрі Мариамға жалғастырған сөзі және Аллаһ тарапынан бір рух...» **«Ниса» сүресі, 171 аят.**

игілігі мен сәлемі болсын, былй дегені келтіріледі:

Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мухаммад – Аллаһтың елшісі, дегенді Аллаһ Отқа тигізбеіді²¹⁶.

413. Хабар бойынша, Абу Зар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала Айтты: Кімде-кім бір жақсы амал жасаса оны он сауап күтіп тұр, не болмаса Мен оған және қосамын, ал жамандықты жасағанды соншама жамандық күтіп тұрады, не болмаса Мен оны кешіремін. Кім Маған бір алақанға жақындаса, Мен оған бір білекке жақындаймын, ал кім Маған бір білекке жақындаса Мен оған бір құлашқа жақындаймын. Кім маған қарай жүрсе, Мен оған қарай жүгіре жөнелемін, ал кімде-кім Маған, күнә жасап келсе, ал күнәсінің көлемі бүкіл жерді жауып, бірақ та Менен басқа ешкімге табынбай келген

²¹⁶ Бұл жерде, егер адамның куәлігі шын жүректен болса, онда ол бәлкім күнәлері үшін азапталады, бірақ Тозақта мәңгілік болмайды, деген сөз.

болса, Мен оның бүкіл күнәсін жабатын кешіріммен қарсы аламын. **Муслим.**

Бұл хадистің мәні: кім Маған бой ұсынып «жақындайтын болса» Мен оған рақымшылық көрсетіп «жақындаймын», ал егер ол бұдан да көп жасаса, Мен ол үшін одан да көп жасаймын; Маған бой ұсынып «Маған қарай жүргенге», «Мен жүгіре жөнелемін», яғни оған Өзімнің рақымымды төгемін және оны алдын-ала беріп одан озамын және оны мақсатына қарай ұзақ жүргізбеймін, ал Аллаһ бұл жайында жақсырақ біледі.

414. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір бәдәуи келді де: «Иә Аллаһтың елшісі, маған соңы әлбетте орындалатын екі себеп не?», - деді. Ол: «Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпей өткен Жәннәтқа кіреді де, ал Аллаһпен бірге тағы да басқаға құлшылық етіп өлген Тозаққа түседі». **Муслим.**

415. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көліктің үстінде, ал Муъаз оның артында отырған кезде: «Иә Муъаз!», - деді. Муъаз: «Мен алдыңдамын және қызмет етуге бақыттымын!», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы да: «Иә Муъаз»!, - деді. Муъаз: «Мен алдыңдамын және қызмет етуге бақыттымын!», - деді. Бұл жай үш рет қайталанды. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қай бір құл шын жүрегімен, Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі, деп куәлік берсе, Онда оны Аллаһ Отқа харам етеді²¹⁷», - деді. Муъаз: «Иә Аллаһтың елшісі, адамдарды қуандыру үшін бұны хабарлайын ба?», - деп сұрады. Ол: «Онда адамдар осыған ғана сенім артып қалады», - деді. Бұны Муъаз өлер алдында ғана, бұдан былай бұл жайлы айтпауым күнә болады, деп хабарлаған. **Аль-Бухари, Муслим.**

«Бұл жайлы айтпауым күнә», - деген сөз, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін адамдарға жеткізбей жанында сақтап қалу күнә, деп санаған.

²¹⁷ Яғни, отқа тискізбейді.

416. Хабар бойынша, Абу Хурайра ма әлде Абу Саъид аль-Худри ма (хадисті жеткізуші осы екеуінің қайсысынан естігенін ұмытып отыр, дегенмен одан хадистің құндылығы кемімейді), олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Табук жорығында аштықтан қалжыраған адамдар Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, егер сен бізге түйелерімізді сойуға рұқсат берсең, біз олардың етін жеп, майын қолданар едік», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Солай істеңдер», - деді. Сонда оған Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, егер сен оларға бұны рұқсат етсең, онда бізде көлік аз қалады. Одан да сен оларда қалған тамақтарды алдыр да, одан кейін Аллаһтан оған ол адамдар үшін берекесін сұрап дұға жаса, бәлкім Аллаһ берер оны!», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә», - деді де өзінің теріден жасалған көпшігін алдырды да, оған қалған тамақтарын салуға әмір берді. Адамдар болса кім бір уыс тарысын, кім бір уыс құрмасын, ал енді кім бір бөлік нандарын әкеліп сала бастады. Соңында сол көпшіктің үстінде азынаулақ тамақ жиналды да Аллаһтың елшісі, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол тамаққа береке тіледі, сосын: «Мынаны ыдыстарыңа салыңдар!», - деді. Сосын адмадар бәрі ыдыстары толғанша салып алды және бәрінің қарындары тойғанша жеді және көпшіктегі тамақтан әлі де болса қалды. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһтан басқа құдай жоқ және мен - Аллаһтың елшісімін, деп куәлік беремін, ал Аллаһтың құлдарының ішінен кімде-кім, Аллаһты осы екі куәлікпен (оған нық сеніп) кездестіретін болса, Онда оған Жәннәт, шексіз бұйырады!», - деді. **Муслим.**

417. Хабар бойынша, Ытбан бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Бадр соғысына қатысқандардың бірі, ол былай деді:

Әдетте мен намазды өзімнің руым бану салимнің адамдарымен бірге оқитынмын, бірақта олардың мешіті мен менің үйімнің арасын бір сай бөлетін де, жаңбыр жауған кезде одан өтуге маған қиын болатын. Сонда мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Расында, менің көзімнің жанары әлсіреді, жаңбыр жауған кезде мен үшін руластарыма сай арқылы аққан судан өтіп жету қиын болып барады, сондықтан мен сенің біздің

үйге келіп намаз оқып кетуіңді сұраймын, сонда мен сенің намаз оқыған жеріңді өзімнің намаз оқитын жерім қылар едім», - дедім. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен әлбетте оны істеймін!», - деді. Ал ертеңіне таңертең күн әжептеуір көтерілген кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Бакрмен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бірге келді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйге кіруге рұқсат сұрады да мен оған үйге кіруді ұсындым. Үйге кіріп отырмастан: «Менің намазым үшін, үйіңнің қайсы жерін таңдадың?», - деп сұрады да, мен оның намазы үшін, өзімнің таңдаған орнымды көрсеттім. Содан соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің таңдаған орныма тұрып: «Аллаһу акбар!», - деп намазға кірісіп кетті, ал біз болсақ артынан сапқа тұра қалдық. Сонымен ол екі ракағат намазын екі жағына сәлем берумен аяқтады да, оның артынан біз де айтқандарын қайталадық. Осыдан кейін мен оны, әдейі өзіңе дайындаған хизардың дәмін тат, деп бөгедім. Осы арада адамдар менің үйіме Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келгенін есітіп жинала бастады да, ақыр аяғында көп ер кісілер жиналып қалды. Олардың бірі: «Мен мұнда көрмей тұрған Мәлік ше?», - деп сұрады.

Басқа бірі: «Ол – Аллаһ пен Аллаһтың елшісін жақтырмайтын екіжүзді», - деді. Бұны естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олай деме! Ол сенің көзіңше Аллаһтың дидарына талпынып: «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», - деп айтпап па еді?», - деді. Ол адам: «Аллаһ және Оның елшісі бұл жайында жақсырақ біледі, ал біз жайлы айтатын болсақ, онда Аллаһтың атымен ант етемін, біз оның екіжүзділермен араласып, оларды жақсы көретінін білеміз!», - деді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, Аллаһ, «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», деп Аллаһтың дидарынан үміттеніп айтқан әр бір адамды, Отқа харам (тигізбейтін) етті!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

418. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұтқынға түскендерді алып келді, олардың ішінде біреуді іздеп, одан кейін олардың ішінен бір баланы тапса омырауына апарып емізіп жүрген бір әйел болды²¹⁸. Бұны көрген Аллаһтың елшісі, оған

²¹⁸ Бұл әйел өз баласын жоғалтып алып, соңынан тапқан.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізден: «Сендер қалай ойлайсындар, осы әйел өз баласын отқа тастауға дәрменді ме?», - деп сұрады. Біз: «Аллаһтың атымен ант етеміз, жоқ!», - дедік. Сонда ол: «Ал Аллаһ болса Өзінің құлдары үшін, бұл әйел өз баласына (жақсылық) қалағаннан да көп (жақсылық) қалайды!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

419. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала бүкілін жаратқанда, Өзіне жазмыш етіп Өзінің Аршысындағы Өзінің Кітабына мынаны жазды: “Расында Менің рахымым, Менің қаһарымнан (ашуымнан) үстем болады”. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің “Сахихтардың” екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында: “...Менің қаһарымнан жоғары болады”, - делінсе, ал енді үшінші бір нұсқада: “...Менің ашуымнан озады”, - делінеді.

420. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала мейірімділікті жүз бөлік етіп жасады да, оның тоқсан тоғызын Өзінде ұстап бір бөлігін Жерге түсірді. Сол түсірілген мейірдің әсерімен жаратылыстың бәрі бір-біріне мейір көрсетеді, (керек десеңіз) мініс малдары да, (туған кезде) балларын басып кетпес үшін аяқтарын көтереді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, Аллаһ Тағаланың (қорында) жүз бөлік мейірім бар, солардан Жерге бір бөлігін түсірді де, оны бүкіл жындар, адамдар, хайуандар және құрт-құмырсқалардың арасында бөлді. Сол арқылы бүкіл адамдар бір-бірін аяп мейір көрсетеді және сол арқылы жабайы аң да өзінің баласын жақсы көреді. Ал қалған тоқсан тоғыз бөлігі жайлы айтатын болсақ, оны Аллаһ Өзінің мейірімін, құлдарына Ахирет күні көрсету үшін сақтап қойды. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Сальман Фараси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, хабары бойынша келтірген Муслимнің нұсқасында

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, Аллаһ Тағалада жүз бөлік меірім бар, солардың бір бөлігінің ғана арқасында адамдар бір-біріне мейір көрсетеді, ал тоқсан тоғыз бөлігін Ол Ахирет күніне сақтап қойды.

Бұл хадистің Муслим келтірген үшінші бір бөлігінде, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп йтқаны келтіріледі:

Расында, Аллаһ Тағала жер мен көкті жаратқанда, әр қайсысы жер мен көктің арасында орын алатын жүз бөлік мейірімді де жаратты. Олардан жерге бір бөлігін ғана орналастырды, бірақ та (сол бір) бөлігінің арқасында ана өз баласын жақсы көреді, ал құстар мен айуандар бір-бірін жақсы көреді. Ақірет күні болған кезде, Аллаһ мейірдің сол бөлігіне тоқсан тоғыз бөлігін толықтырды.

421. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің Мәртебелі де Жоғары

Раббысының сөзін жеткізіп жатып, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың құлдарынан бірі күнә жасап: “Иә Аллаһ, менің күнәмді кешір!”, - деген кезінде, Аллаһ Тағала: “Менің құлым күнәләрді кешіруші және күнәләр үшін жаза беруші Раббысы бар екенін біліп күнә жасады”, - деді. Сосын ол тағыда күнә жасап²¹⁹: “Иә Аллаһ, менің күнәмді кешір!”, - деген кезінде, Аллаһ Тағала: “Менің құлым күнәләрді кешіруші және күнәләр үшін жаза беруші Раббысы бар екенін біліп күнә жасады”, - деді. Сосын ол тағыда күнә жасап: “Иә Аллаһ, менің күнәмді кешір!”, - деген кезінде, Ұлы Мәртебелі Аллаһ Тағала: “Менің құлым күнәләрді кешіруші және күнәләр үшін жаза беруші Раббысы бар екенін біліп күнә жасады, ал Мен болсам құлымды кешірдім де, енді не істесе де өз еркінде!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

“...не істегісі келсе өз еркінде!”, - деген сөз, ол: егер ол күнә жасап артынан тәубеге келіп отыратын болса, Мен оны кешіріп отырамын, өйткені, расында, тәубеге келу алдыңғы бүкіл күнәләрді кешіреді, деген сөз.

²¹⁹ Яғни, тәубеге келгеннен кейін.

422. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, егер сендер күнә жасамасаңдар еді, онда Аллаһ Тағала сендерді әлбетте жояр еді де, сендердің орындарыңа, күнә жасап артынан Аллаһ Тағаладан кешірім сұрап отыратын халық жаратып, оларды кешіріп отырар еді!

Муслим.

423. Хабар бойынша, Абу Аййуб Халид бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендер күнә жасамасаңдар, онда Аллаһ әлбетте күнә жасап артынан кешірім сұрайтын халық жаратып, оларды кешіріп отырар еді!

Муслим.

424. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз арасында Абу Бакр мен Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын,

бірнеше адамдармен отырған кезімізде, кенеттен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орнынан тұрды да бізді тастап кетіп қалды. Ол бізге көп уақыт ішінде қайта оралмады да, біз болсақ ешкім жоқта оған біреу қастандық жасады ма екен, деп уайымдай бастадық. Одан кейін бізді үрей биледі де, біз орнымыздан тұрдық. Мен болсам қорқып, бірінші болып оны іздеп шыққан кезімде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ансарлардың бірінің бағында екен.

Сосын ол бұл хадисті сөзбе-сөз былай деп келтірді:

Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бар да осы бақтың сыртында кезіктірген кез келген, Аллаһтан басқа құдай жоқ, деп жүрегімен нық сеніп куәлік берген адамға, Жұмақты хабарлап қуандыр!”, - деді. **Муслим.**

425. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бріде Пайғамбар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Ибраһимнің, оған

Аллаһтың сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізген Аллаһ Тағаланың мынадай сөздерін оқыды: «Раббым, олар²²⁰ адамдардың көбін адастырды. Ал енді біреуі маған ерсе, рас ол менен...»²²¹ және Исаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын, былай деп айтқанын оқыды: «Егер оларды азаптасаң да олар құлдарың, егер оларды жарылқасаң да күдіксіз Сен аса үстем, хикмет иесісің».²²² Осыдан кейін қолын көкке көтерді де: «Иә Аллаһ, менің үмметім, менің үмметім!», - деп жылап жіберді. Сонда Ұла Аллаһ Тағала: «Иә Жәбірейіл Мухаммадқа бар да – ал сенің Раббың бәрін жақсы білуші! – одан: «Сенің жылауыңа не себеп болып жатыр?», - деп сұра», - деді. Жәбірейіл келіп одан сұрағанда, ол Аллаһқа бәрінен де жақсы мәлім сөздерін айтты²²³. Сонда Аллаһ Тағала былай деді: «Иә Жәбірейіл Мухаммадқа бар да: «Расында, Біз сені, сенің үмметіңмен риза еткіземіз және сені ренжітпейміз!», - деп айт.»

Муслим.

²²⁰ Бұл жерде бұттар жайлы айтылып тұр.

²²¹ «Ибраһим» сүресі, 36 аят.

²²² «Мәйда» сүресі, 118 аят.

²²³ «Иә Аллаһ, менің үмметім, менің үмметім!»

426. Хабар бойынша, Муъаз бин Жабіл, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, есегінің артында отырғанымда: “Иә Муъаз, Аллаһтың құлдарында кандай хақысы бар және Оның құлдарының Аллаһтан не үміттенулерне хақылары бар, екендігін сен білесің бе?”, - деп сұрады. Мен: “Аллаһ пен Оның елшісі бұл жайында жақсырақ біледі”, - дедім. Сонда ол: “Расында, Аллаһтың құлдарындағы хақысы, ол олардың Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеулерінде, ал Аллаһтың құлдарының хақысы, ол егерде олар Одан басқа ешкімге құлшылық етпесе, Оның азаптамайтындығына үміттенулерінде”, - деді. Мен: “Ия Аллаһтың елшісі, мен бұл хабармен адамдарды қуандырайын ба?”, - деп сұрадым. Ол жауап ретінде: “Олай істеме, өйткені оны айтсаң олар соған ғана сеніп қалады!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

427. Хабар бойынша, аль Бар бин Ыазиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманға оның қабірінде сұрақтар қойылған кезде, ол Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – оның елшісі, деп куәлік сөзін айтады, оған Аллаһ Тағаланың мына сөздері: “Аллаһ сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де ақіретте де мықты сөзбен бекітеді...”²²⁴, - дәлел деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

428. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер имансыз, бір жақсы амал жасаса, ол үшін үлесін осы дүниеде ғана алады, ал мүмин жайлы айтатын болсақ, расында, Аллаһ оның жақсы амалын мәңгілік өмірге жазады да, осы дүниеде де амалының үлесін береді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, Аллаһ, жақсы амал жасаған мүминді, әрбір жасаған амалы үшін осы дүниеден үлесін беріп және мәңгілік дүниеге

²²⁴ «Ибраһим» сүресі, 27 аят.

сауабын жазып оны ренжітпейді. Ал имансыз жайлы айтатын болсақ, ол әрбір Аллаһ үшін жасаған амалына осы дүниеде үлесін алады да, ал басқа дүниеге барған кезінде, оның сауап алатын еш бір жақсы амалы болмайды.

Муслим.

429. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бес намаз, әр қайсысыңның үйлеріңнің есігінің алдында ағып жатқан және онда бес рет шомылатын суы толық өзен секілді. **Муслим.**

430. Хабар бойынша, ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кез-келген мұсылманның мәйітінің жанында, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеген қырық мұсылман тұратын болса²²⁵,

²²⁵ Яғни, жаназа намазына.

онда Аллаһ әлбетте олардың шапағатын (болысқанын) қабыл алады.²²⁶ **Муслим.**

431. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Брде біз қырық шақты адам Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір шатырда болған кезімізде ол: “Сендер Жәннәтқа кіретіндердің төрттен бірін құрағыларың келеді ме?”, - деп сұрады. Біз: “Иә!”, - дедік. Ол: “Ал сендер солардың үштен бірін құрағыларың келеді ме?”, - деп сұрды. Біз: “Иә!”, - дедік. Сонда ол: “Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, мен сендердің Жәннәтқа кіретіндердің жартысын құрайды деп үміттенемін, өйткені онда бой ұсынушысылар ғана кіреді, ал сендердің қазір жағдайларың, көпқұдайшылдардың ішінде қара бұқаның үстіндегі ақ шашы секілді /немесе: ... ақ бұқаның терісіндегі қара шаш секілді/ (болғандарыңа қарамай бой ұсынушылырдансыңдар)”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

²²⁶ Яғни, мәйіт үшін сұраған дұғаларына жауап береді.

432. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ақыр заман болғанда Аллаһ әр бір мұсылманға бір христианды немесе иудейді беріп: “Мынау – сенің Оттан құтылуың”, - дейді.

Муслим.

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын:

Ахиретте Мұсылмандардың ішінде күнәсі таудай болған адамдар келеді де, Аллаһ оларды кешіреді. **Муслим.**

“Аллаһ әр бір мұсылманға бір христианды немесе иудейді беріп: “Мынау – сенің Оттан құтылуың”, - дейді”,- деген сөздердің мағынасын, Абу Хурайрадан келген басқа хадис түсіндіреді, онда Аллаһтың елшісінің былай деп айтқаны келтіріледі: «Әркімнің Жәннәтта және Тозақта өзінің орны бар, сондықтан мұмин Жәннәттан орын алғанда, имансыз өзімен оның тозақтағы орнын толтырады, өйткені оған ол өзінің имансыздығымен лайық». Сонымен «сенің құтылуың», деген сөздің мағынасы: Сенде

Тозаққа түсу қауіпі болды, бірақта бұл – сенің құтылуың, өйткені Аллаһ Тағала Тозақты белгілі мөлшердегі адамдармен толтыруды шешті, сондықтан имансыз өзінің күнәсі мен имансыздығы үшін Тозаққа түскенде, олар мұсылмандар үшін құтылуы секілді болады, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі.

433. Хабар бойынша, ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте мүмин өзінің Раббына жақындатылып, Ол оны Өзінің қорғанына алады. Сонда Ол оның бүкіл күнәлерін мойындаттырады да: “Сен мына күнәнді мойындайсың ба, сен мына күнәнді мойындайсың ба?”, - деп сұрайды. Ол жауап ретінде: “Мойындаймын, Раббым менің!”, - дейді. Сонда Ол: “Расында, Мен сенің күнәләріңді жердегі өміріңде жаптым (жасырдым), ал бүгін оларды кешіремін!”, дейді де, оған жақсы амалдарының кітабы беріледі.

Аль-Бухари, Муслим.

434. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам бір әйелдің бетінен сүйді²²⁷, сосын Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп болған жайды айтып берді. Сонда Аллаһ мына аяттарды түсірді: “Күндіздің екі жағында²²⁸, түннің күндізге таяу кезінде намазын²²⁹ толық орында. Расында, жақсылықтар жамандықтарды жояды...”²³⁰ Сонда әлгі адам: “Иә Аллаһтың елшісі бұл маған ғана қатысты ма?”, - деп сұрады. Ол: “Бұл – менің барлық үмметім үшін”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

435. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

²²⁷ Бұл адам мұсылмандардың ісіне қарама-қайшы келетін іс жасады, өйткені ол ансарлардан болған ол әйел оның не туысы, не әйелі емес болатын. Ол әйел оған ұнаған соң алдап үйіне кіргізді де, ол әйелді сүйгенін, әйел: «Аллаһтан қорық!», - деп айтқаннан кейін ғана тоқтатты.

²²⁸ Таң намазы мен бесін намазы, не болмаса таң намазы мен ақшам намазы жайлы айтылып жатыр.

²²⁹ Құтпан намазы не болмаса түнгі нәпіл намаздары жайлы айтылып жатыр.

²³⁰ «Худ» сүресі, 117 аят. Бұл жерде кішігірім күнәләр жайлы айтылып жатыр, ал үлкен күнәләр жайлы айтатын болсақ, ол туралы осы кітаптың «Тәубе жайлы» тарауында толығымен тоқтағанбыз.

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келіп: «Мен (Исламның) бір қағидасын бұздым²³¹, сондықтан мені жазаға тартшы!», - деді. Сол екі арада намаздың уақыты келді де, намазды ол адам Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге оқыды. Намаз оқылып бітісімен ол адам тағы да: «Иә Аллаһтың елшісі, расында, мен бір қағиданы бұздым, сондықтан Аллаһтың Кітабының үкіміне сай мені жазаға тартшы!», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен бізбен бірге намазға қатыстың ба?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен кешірілдің», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ол адамның: “Мен бір қағиданы бұздым”, - деп жатқан сөздері, оның ғибратты жазаға лайықты (кішігірім) күнә жасағандығын көрсетіп тұр. Әрине бұл жерде әңгіме шариғаттың үкіміне сай жазаланатын үлкен ойнас үшін, не болмаса маскүнемдік үшін осы сияқты күнәләр жайында болып тұрған жоқ, өйткені олар тек қана намаз оқығанмен

²³¹ Яғни, күнә жасадым.

кешірілмейді, ал имам болса оны ескерусіз қалдыра алмайды.

436. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ, (Өзінің) құлдарының ішінде, әр-бір жеген тамағының үзімі үшін және ішкен суының жұтымы үшін, Өзіне мақтау айтқан құлына риза болады. **Муслим.**

437. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала, күндіз қай бір жамандық жасағанның тәубесін қабыл алу үшін, оған түнде Өзінің қолын созады. Ал түнде қай бір жамандық жасағанның тәубесін қабыл алу үшін, оған күндіз Өзінің қолын созады²³². Және

²³² Бұл дегені, Аллаһ Тағала кез келген уақытта тәубені қабыл алуға дайын.

бұл, күн бататын жағынан шықпайынша
жалғасады²³³ **Муслим.**

438. Хабар бойынша, Абу Наджих Амр бин Абас ас-Сулами, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Жахилия уақытында адамдар бұттарға табынатын, сондықтан мен оларды әр уақытта мардымды еш нәрсе істемеуде және адасуда, деп ойлайтынмын, бірақта мен сол уақытта, Меккеде бір адам өте мәнді әрі таң қаларлық нәрсе айтып жүр деп естідім. Сонда мен түйеге отырып оны іздеп Меккеге келсем, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің руластары жәбір көрсетіп оған байланысты әділетсіздік көрсеткендіктен, ол адамдардың арасында көрінбей (жасырын) жүреді екен. Сонымен оны табу үшін маған бір құрайыштан ол туралы сыпайы түрде сұрау керек болды. Мен оған келгенімде, одан: “Сен кімсің?”, - деп сұрадым. Ол: “Мен – пайғамбармын”, - деді. Мен: “Ал пайғамбар деген кім?”, - дедім. Ол: “Мені Аллаһ жіберді”, - деді. Мен: “Ол сені немен жіберді?”, - деп сұрадым. Ол: “Ол маған адамдарға, туған-

²³³ Бұл дегені, Аллаһ Тағала тәубені Ақыр Заман басталғанша қабылдайды.

туысқандық қарым-қатынасты ұстануға, бұттарды бұзуға және тек қана Аллаһ Тағалаға құлшылық етуге және Онымен қатар ешкімге құлшылық етпеуге, - деген әмірлерін жеткізуге жіберді”, - деді. Мен: “Осы ісінде сені кім қолдайды?”, - деп сұрадым. Ол: “Бас бостандығы бар мен құл”, - деп жауап берді, өйткені ол кезде онымен бірге Абу Бакр мен Билял ғана, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, болатын. Мен: “Расында, мен саған ілесемін!”, - дедім. Бірақ ол менің сөзіме: “Сен қазір бұны істей алмайсың, сен менің қандай жағдайда екенімді және бұлардың маған қарсы қандай әрекеттер жасап жатқанын көріп тұрсың ғой! Өзіңнің жанұяңа орал да, мені жеңіске жетті, дегенді естісімен маған кел!”, - деді.

Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Сонымен мен үйіме оралдым, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса біраз уқыт өтісімен Меккеден Мәдинаға көшті. Осы жай болған уақытта мен адамдардан ол туралы көбірек сұрай бастадым да, бізге Мәдинадан бірнеше адам келген уақытта олардан: “Мединаға көшіп келген адам не істеп жүр?”, - деп сұрадым. Олар: “Адамдар оған асығуда, ал оның руластары оны өлтірмекші болды, бірақта олардың қолынан

ештеңе келмеді”, - деді. Сосын мен өзім Мәдинаға келдім де, одан: “Иә Аллаһтың елшісі, сен мені таныдың ба?”, - деп сұрадым. Ол: “Иә, сен – менімен Меккеде кездескен адамсың”, - деді.

Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

“Сонда мен: “Иә Аллаһтың елшісі, маған Аллаһтың саған үйреткендерінен хабарла және мен білетін намаз туралы маған айтшы”²³⁴, - дедім. Ол былай деп жауап берді: “Таң намазын орында да, одан кейін күн найза бойына көтерілгенше намаз оқыма, өйткені, расында, бұл (уақытта күн) шайтанның мүйізінің арасынан шығады²³⁵, және бұл уақытта оған (шайтанға) имансыздар иіледі (құлшылық етеді). Ал бұдан кейін найзаның көлеңкесі кішірейіп қысқарғанша намаз оқи берсең болады, өйткені ол уақыттағы намаздың куәгерлері мен қатысушылары болады. Осы уақыттан (көлеңкені ең кішкене болған кезінде) намаз оқудан өзінді ұста, өйткені бұл уақытта Тозаққа отын тасталады, ал көлеңке күн шығыс жаққа бұрылғаннан бастап намаз оқи беруіңе болады, бұл намаздың да қатысушылары мен

²³⁴ Бұл жерде парыз намаздары жайлы сұрап жатыр.

²³⁵ Бұл жерде, бұл уақытта шайтан мен оның әскерінің өршіге жұмыс істейтін уақыты жайлы меңзеліп тұр.

куәгерлері болады және бұл уақыт екінді намазының уақытына дейін созылады. Ал одан кейін күн батқанша намаз оқуды тоқтата тұр, өйткені, расында, ол (күн) шйтанның мүйізінің арасында батады және бұл уақытта оған (шайтанға) имансыздар иіледі.»

Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

“Одан кейін мен: “Иә Аллаһтың елшісі, маған дәрет жайлы айтып берші”, - деп сұрадым. Ол: “Егер сендерден біреулерің дәрет алуға су дайындап, одан кейін аузын және мұрнын шайса, онда оның бетінен, аузынан және мұрнынан оның жасаған кішігірім күнәләрі түседі. Ал одан кейін ол Аллаһ әмір еткендей бетін жуса, онда сумен бірге оның сақалының ұштарынан міндетті түрде бетінің кішігірім күнәләрі түседі²³⁶. Ал одан кейін ол қолдарын шынтақтарына дейін жуса, онда оның саусақтарының ұштарынан міндетті түрде оның қолының кішігірім күнәләрі түседі. Ал одан кейін ол басын сұртсе, онда шашының ұштарынан міндетті түрде оның басының кішігірім күнәләрі түседі. Ал одан кейін аяқтарын қызыл асықтарына дейін жуса, онда аяқтарының

²³⁶ Бұл жерде көздің жасаған күнәләрінің түсуі жайлы айтылып тұр.

саусақтарының ұшынан міндетті түрде кішігірім күнәләрі түседі. Егер де осыдан кейін Аллаһқа лайықты түрде, Оған мақтау айтып, Оны мәртебелеп, Оны дәріптеп, жүрегін Аллаһ Тағаладан басқаның бәрінен тазартып²³⁷ намаз оқыса, онда анасынан жаңа туған баладай, (кішігірім) күнәләрінен арылады.”

Амр бин Абас бұл хадисті сахабалардың бірі Абу Умамаға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізгенде, Абу Умама оған: “Иә Амр бин Абас, сен мына бір жеріңде не айтып жатқаныңа қара: шынымен-ақ соны жасаған адамға (кешірілу) бұйырады ма?!”, - деді. Жауап ретінде Амр: “Иә Абу Умама, мен қартайып сүйектерім тозып жіңішкерді және маған өмір сүруге көп уақыт қалған жоқ, сондықтан мен Аллаһ пен Аллаһтың елшісіне жала жауып өтірік айтуға мұқтаж емеспін! Егер мен бұл айтқанымда Аллаһтың елшісінің өзінен бір рет, не екі рет, не үш рет...”, - деп жетіге дейін жетті де – “есітпесем, онда мен бұл сөздерді қайталамас едім, бірақ та мен бұл сөздерді жеті реттен көп естідім!”, - деді. **Муслим.**

439. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын,

²³⁷ Яғни, Аллаһ Тағаладан басқа ешкімді ойламай.

ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер Аллаһ қай бір үмметке жақсылық қалайтын болса, Ол үмметтің Пайғамбарын, оны оларға керек жабдықтарын дайындаушы²³⁸ және кепілі²³⁹ ретінде (үмметі өлгенше) Өзіне алады. Ал егер Ол бір үмметті опат еткісі келсе, онда ол үмметті пайғамбарының өмірі кезінде пайғамбарының әмірін орындамағаны және пайғамбарын олардың жазаланғанын көріп қуандыру үшін, пайғамбарының өмірі кезінде жазалайды. **Муслим.**

52 ТАРАУ

Үміттің дәрежесі жайлы

Аллаһ Тағала айтты:

«Таяуда менің айтқанымды түсінесіңдер. Мен ісімді Аллаһқа тапсырамын. Күдіксіз Аллаһ,

²³⁸ Бұл жерде Пайғамбар, баратын жерге алдын ала келіп, керек нәрселерін және суды дайындап, артынан келуші жолаушыларды қарсы алатын адаммен теңестіріліп тұр.

²³⁹ Бұл жерде, ол үмметтің Пайғамбары өлгеннен кейі сабыр сақтап төзімділік көрсетіп, Пайғамбарының әмірін толығымен орындағандары үшін берілетін сыйы ретінде айтылып тұр.

құлдарын толық көруші» деді. Енді Аллаһ, оны, олар жасаған сұмдықтарынан қорғады...»
«Ғафыр» сүресі, 44-45 аяттар.

440. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала айтты: Менің құлым Мен турлы қалай ойласа сондай боламын²⁴⁰ және ол қай жерде Мені есіне алса, Мен сол жерде онымен біргемін²⁴¹. Аллаһтың атымен ант етемін, расында, Аллаһ Өзінің құлының тәубесіне, шөл далада түйесін жоғалтып одан кейін оны тапқан адамның қуанғанынан да артық қуанады! Кім Маған бір алақан жақындаса Мен (оған) бір білекке жақындаймын, кім Маған бір білекке жақындаса, Мен (оған) бір құлашқа жақындаймын, ал кім Маған қарай жүрсе, онда Мен (оған қарай) жүгіре жөнелемін! **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл жерде Муслимнің “Сахихінде” келтірілген нұсқасы беріліп тұр. Ал “Сахихтердің” екеуінде де былай деп

²⁴⁰ Бұл дегеніміз, Аллаһ Өзінен адам не күтсе соны береді, дегені.

²⁴¹ Яғни, сол уақытта мен оған Өзімнің мейірімімді жәрдем ретінде көрсетіп тұрамын.

айтылған нұсқа келтіріледі: “...Мен ол Мені есіне алып жатқан уақытында жанында боламын” **Бұл екі нұсқада сенімді саналады.**

441. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлер алдында үш күн бұрын былай деп айтқанын естіген:

Сендер кез-келгенің өлімді, Ұлы Аллаһ Тағаладан тек жақсылық күтіп қарсы алуларың керек!²⁴² **Муслим.**

442. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: «Иә Адам баласы, сен Менен үмітінді үзбей кешірім сұрап жүрсең Мен де сенің күнәләріңнің аз-көбіне қарамай кешіріп отырамын! Иә Адам баласы, егер сен аспандағы бұлттарға жететін күнә жасап, одан кейін Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін! Иә Адам баласы, расында, егер сен сонша күнә жасасаң, ол күнәнің көлемі бүкіл

²⁴² Басқаша айтқанда, Оның рахымы мен мейірімінен үміт етіп.

жерді жабатындай болса (қаптаса), бірақ Менің алдыма Маған ешкімді ортақ қоспай²⁴³ келсең, Мен саған әлбетте сол күнәләріңді жабатын кешірім сыйлаймын.» **Ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

“Аспандағы бұлттар” – дегенде, адамның көкке қарағанда көзі жететін ара қашықтық делінеді және де бұлттар деп те айтылады.

53 ТАРАУ

Қорқыныш пен үмітті біріктіру жайлы.

Біл, егер де Аллаһтың құлының денсаулығы жақсы болса, онда ол әрі қорқып әрі үміттенуі жақсырақ, яғни үміт пен қорқыныш тепе-тең болғаны жақсы. Ал егер ауырып қалса²⁴⁴, онда тек қана үміттенуі керек, бұған Құран мен Сүннетте келтірілген Шарифаттың шарттары және ғалымдардың айтқандары дәлел.

Аллаһ Тағала айтты:

²⁴³ Яғни, Аллаһтан басқа ешкімді Құдай деп санамай, ешкімге құлшылық етпей - **аударушыдан.**

²⁴⁴ Яғни, аурудан айығуы екіталай, өліп кетуі мүмкін болған жағдай – **аударушыдан.**

«Сондай-ақ Аллаһтың кәрінен (қулығынан)²⁴⁵ аман бола ала ма? Аллаһтың бейнетінен зиянға ұшырайтын ел ғана қобалжымайды²⁴⁶.»

«Ағраф» сүресі, 99 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Аллаһтың рахметіне қарсы болған (имансыз) қауым ғана күдер үзеді...» **«Йусуф» сүресі, 87 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды...» **«Аль-Имран» сүресі, 106 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, Раббың тез жазалаушы, әрі аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» **«Ағраф» сүресі, 167 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде ізгілер, әлбетте нығмет ішінде болады. Негізінен бұзықтар, тозақта болады.» **«Ынфитар» сүресі, 13-14 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

²⁴⁵ Бұл жерде Аллаһтың жазасы жайлы әңгіме болып жатыр, не болмаса адасқандарды қызықтырып Өзінің құдіретін ұмыттырады.

²⁴⁶ Бұл жерде дұрыс ойлану қабілетінен арылған имансыздар жайлы әңгіме болып жатыр.

«Міне, сонда біреудің таразысы²⁴⁷ ауыр тартса. Онда ол, разы болатын тіршілікте болады. Ал енді біреудің таразысы жеңіл тартса, онда оның орны «һауя» болады. Ол һауяның не екенін білесің бе? Ол, жалындаған от.» **«Қарифа» сүресі, 6-11 аяттар.**

Осы мағынада көптеген аяттар бар. Кей кездері үміт пен қорқыныш жайлы бір-бірімен байланысты аяттарда айтылса, кейде әр түрлі аяттарда айтылады, ал кей жерлерде бір ятта да айтылады.

443. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер мүминдер, Аллаһтың қандай жазаға тарта алатынын білсе еді, онда олар Жәннәтті армандамас та еді. Және де имансыздар Аллаһтың мейірімінң кеңдігін білсе еді, онда олардың ешқайсысы Оның Жәннәтінан күдер үзбес еді. **Муслим.**

²⁴⁷ Бұл жерде таразының жақсы амалдары жағы, жайлы айтылып тұр – аударушыдан.

444. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер жерлеуге дайындалған табытта жатқан мәйіт мүмин болған болса, онда сол табытты жайғастырып, ерлер иықтарына салған кезде ол (мәйіт): «Мені тезірек апарыңдар!», - дейді. Ал егер мәйіт мүмин болмаған болса, онда ол: «Мен құрыдым, мені қайда апара жатырсыңдар?», - дейді де оның даусын адамнан басқаларының бәрі естиді, ал егер ол (адамдар) оны естісе, естерінен танып (құлар) еді. **Аль-Бухари.**

445. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәт сендерден әр кімге аяқ киімдеріңнің бауынан да жақын және От та сендерге сондай жақын. **Аль-Бухари.**

54 ТАРАУ

Аллаһ Тағаладан қорқып жылаудың және Оған ұмтылудың дәрежесі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар жылап етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыласын арттырады.» «Ісра» сүресі,
109 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ал енді сендер осы сөзге таңырқайсыңдар ма? Күлесіңдер, жыламайсыңдар.» «Нәжім» сүресі, 59-60 аяттар.

446. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Маған Құран оқышы”, - деді. Мен: “Иә Аллаһтың елшісі, Құран саған түсірілген болса, оны мен саған қалайша оқимын”, - дедім. Ол: “Расында, мен оны басқа біреуден естігім келеді”, - деді. Сонда мен оған “Ниса” сүресін оқи бастадым да: «Әр үмметке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп

келтірсек қандай болар еді?»²⁴⁸, - деген аятқа жеткен кезімде, - ол: «Енді болды», - деді, ал мен оған қарасам, оның көзі жасаурап жылап жатқанын көрдім. **Аль-Бухари.**

447. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұрын мен естімеген хұтпа айтты, сөздерінің арасында былай деді: «Егер сендер мен білетінді білсеңдер еді, аз күліп, көп жылар едіңдер!», - сонда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары қолдарымен беттерін жауып ауыздарын ашпастан жылай бастады. **Аль-Бухари, Мслим.**

448. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан қорқып жылаған адам, сауылған сүт қайтадан желініне кірмейінше, ол да отқа

²⁴⁸ «Ниса» сүресі, 41 аят.

кірмейді²⁴⁹ және Аллаһ жолындағы шаң мен Тозақ отының түтінінің бір бірімен қосылуы мүмкін емес²⁵⁰. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

449. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан басқа ешкімнің көлеңкесі болмаған күні, Аллаһ Тағала жеті (түрлі) адамды Өзінің көлеңкесіне алады: әділ басқарушы; Ұлы Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен есейген жас; жүрегі мешіттерде байланған²⁵¹; тек қана Аллаһ Тағала үшін кездесіп-қоштасатын және бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көргендер; абыройлы әрі әдемі әйел қалап шақырып, бірақ: «Расында, Мен Аллаһтан қорқамын», - деп бармаған еркек; садақаны жасырын бергені соншалық, оның сол қолы оң қолының бергенін көрмейтін; оңашада Аллаһ Тағланы еске алғанда көзіне жас толатын (адамдар). **Аль-Бухари, Муслим.**

²⁴⁹ Яғни, сауылған сүттің желініне қайта кірмеуі мүмкін болмағандай оның да отқа түсуі мүмкін емес.

²⁵⁰ Яғни, Аллаһ жолында шайқасқан адамның отқа түсуі мүмкін емес, дегені, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

²⁵¹ Мешітте намаз оқығанды жақсы көретіндер.

450. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин аш-Шаххир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайнап жатқан қазаннан шығатын дауысқа ұқсаған дауыспен, сыңсып жылап намаз оқып тұрған уақытында көрдім. **Абу Дәуд ат-Тирмизи «Аш-Шамаъил» кітабында сенімді хадис деп келтіреді.**

451. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Убай бин Қабба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Расында Ұлы Аллаһ Тағала маған мына аятты саған оқы деді: “Кітап иелерінен, мүшріктерден қарсы шыққандар, өздеріне бір ашық дәлел қарсылықтарынан айырылмақшы емес еді”²⁵², - деді. Убай, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Ол саған менің атымды атады ма?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә”, - деді. Бұны

²⁵² «Бәййнә» сүресі, 1-аят.

естіген Убай, оған Аллаһтың ризашылығы болсын жылап жіберді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Мулим ғана келтірген нұсқасында, былай делінеді:

...сонда Убай жылауға кірісті.

452. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жан тапсырғанына біраз уақыт өткеннен кейін Абу Бакр Омарға, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын келіп: «Бізбен бірге Умм Айманға²⁵³ жүр оны Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, секілді барып қайтайық», - деді. Олар Умм Айманға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келген кезде, ол жылай бастады да олар: «Сен неге жылайсың? Сен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың жанындағы жақсы екенін білмейсің бе?» – деді.

²⁵³ Умм Айман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Эфиопия жерінен болатын, ол Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бала кезінде оның қызметшісі (қызметші күң) әрі тәрбиешісі болған. Есейе келе ол оны босатып, Зайд бин Хариске тұрмысқа береді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны құрметтейтін және: «Умм Айман – ол менің анам», - дейтін.

Ол: «Расында мен, Аллаһтың жанындағы ол үшін жақсы екендігін білмегеннен жылап жатқаным жоқ, менің жылап жатқаным, Көктен уахидың тоқтағанына жылап жатырмын?» – деп еді, олар да оның айтқан сөзінің әсерінен жылай бастады. **Муслим.**

453. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кеселі (ауруы) қатайған кезінде, одан намаз туралы сұрады²⁵⁴, да ол: «Абу Бакрге айтыңдар, ол адамдармен намаз өткізсін!», - деді. Бұны естіген Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Расында, Абу Бакр жұмсақ жүректі, сондықтан Құран оқығанда жылауын тоқтата алмайды!», - деді. Бірақта ол тағы да: «Абу Бакрге айтыңдар, ол адамдармен намаз өткізсін!», - деді.

Бұл хадистің Айша жеткізген нұсқасында, оның былай деп айтқаны жеткізіліді:

²⁵⁴ Яғни, ол ауырып тұра алмай жатқан соң кім намазға, имам болу керектігі жайлы, сұрап жатыр.

Мен: “Расында, егер Абу Бакр сенің орныңа тұрса, онда ол адамдарға көз жасынан ештеңке айта алмайды!”, - дедім. **Аль-Бухари, Муслим.**

454. Хабар бойынша, Ибраһим бин Абд ар-Рахман бин Ауф былай дейді:

Бірде Абд ар-Рахман бин Ауф, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ораза ұстап, оған аузын ашу үшін тамақ алып келген кезде, былай деді: “Менен жақсырақ болған Мусъаб Ибн Умайрды, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, өлтірген уақытта оны орайтын шапанынан басқа еш нәрсе табылмады. Шапанымен басын жапқан уақытта аяғы ашылатын, ал аяғын жапқан уақытта басы ашылатын. Ал содан кейін бізге осы дүниенің жақсылығынан берілгендері берілді де, ал біз болсақ біздің сауабты амалдарымыздың сыйы ерте берілді ме деп қорқа бастадық!²⁵⁵” Осыны айтысымен жылағаны соншама, ол тамақ жеуден бас тартты. **Аль-Бухари.**

²⁵⁵ Әскери жорықтардағы жеңістердің салдарынан мұсылмандарға өте көп байлық бұйыра бастады да, Абд ар-Рахман біздің сауабты істеріміздің сыйы осы дүниеде беріліп қойды ма деп, қорқа бстағандығын айтып жатыр.

455. Хабар бойынша, Абу Умама Судаййа бин Ажлян аль-Бахили, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың екі заттан қатты жақсы көретіні жоқ, олар екі тамшы мен екі із. Тамшы жайлы айтатын болсақ, ол – Аллаһтан қорқып аққан жас пен Аллаһ Тағаланың жолында төгілген тамшы қан. Ал екі із жайлы айтатын болсақ, ол – Аллаһ жолындағы із²⁵⁶ бен Аллаһ Тағаланың парыздаған амалын орындағаннан кейінгі қалған із²⁵⁷. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

456. Хабар бойынша, Абу Наджих аль-Ъибрад бин Сарйиа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уағызы уақытында біздің жүрегімізге қорқыныш ұялап, көздерімізге жас келді. Сонда біз: “Иә Аллаһтың елшісі, сенің

²⁵⁶ Аллаһ жолындағы соғыстан кейінгі қалған тыртық.

²⁵⁷ Бұл жерде намаз оқыған кездегі сәждеден қалған із бен дәреттен кейінгі із жайында болып тұр. Менің ойымша намаздан кейінгі барлық із, тіздегі, оң аяқтағы маңдайдағы және т.б. іздер жайлы айтылып жатыр, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

бұл уағызың қоштасатын адамның уағызы секілді, сондықтан бізге насихат айтшы!” – дедік. Ол былай деді: “Менің насихатым мынау: Ұлық Аллаһ Тағаладан қорқындар, егер сендерге құл әмір болса да оны тыңдаңдар және оған бойұсыныңдар. Расында, араларыңдағы көп өмір сүргендер әлі көп ұрыскеріске (фитнаға) тап болады, сондықтан сендерге еш ауытқымай менің Сүннетімді және дұрыс жолмен жүрген діндар халифалардың сүннетін ұстану керек болады, және сендерге бүкіл (діндегі) жаңалықтан (бидғаттан) қашу керек болады, өйткені әр бір (діндегі) жаңалық адасу болып табылады!” **Бұл хадисті Абу Дауд және ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

55 ТАРАУ

Бұл дүниеден бас тартудың дәрежесі, аз нәрсеге қанағат етуге ұмтылдыру, және кедейліктің дәрежесі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Шын мәнінде дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді. Ол арқылы адамдар, малдар жейтін өсімдіктер аралас өсіп,

жер жүзі құлпырып зейнеттенген кезде, жер иесі; пайдалануға күшіміз жетеді деп ойлаған сәтте, түнде не күндіз әміріміз келіп, тіпті кеше болмаған тәрізді түбінен орылғанға айналдырдық. Ойланатын қауымға аяттарымызды осылай айырып баян етеміз.”

“Йунус” сүресі, 24 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Оларға дүние тіршілігінен мысал бер: (Дүние тіршілігі) көктен біз жаудырған жаңбыр арқылы: Жердің өсімдіктері бір-біріне араласып, құлпырып, одан құрғақ үгіндіге айналып, оны желдер ұшырып кеткен тәрізді. Сондай-ақ Аллаһ әр нәрседен үстем күш иесі! Мал мен балалар дүние тіршілігінің сәні. Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында; табыс бойынша да жақсы, әрі үміт тұрғысында да жақсы.” **“Қеһф” сүресі, 45-46 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана. Бұның мысалы: Өсірген өсімдігі кәпірлерді таңыртқатқан жаңбыр тәрізді. Сосын құрап, сапсары болғанын көресің. Содан кейін үгінді болады, Ахиретте қатты азап және Аллаһтан,

ризалық бар. Негізінде дүние тіршілігі бір алданыштың ғана нәрсесі.” **“Хадид” сүресі, 20 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Адам баласы үшін әйелдер, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Аллаһтың қасында.” **“Аль-Имран” сүресі, 14 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй адам баласы! Сөз жоқ, Аллаһтың уәдесі хақ. Ендеше дүние тіршілігі сендерді әсте алдамасын. Сондай-ақ аса алдағыш²⁵⁸ та сендерді Аллаһ туралы алдамасын” **“Фатыр” сүресі, 5 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Сендерді көбейтуде²⁵⁹ бәсекелесу айналдырды. Тіпті қабырларыңа барғандарыңа дейін. Жоқ олай емес тез білесіңдер. Тағы олай емес. Жуырда білесіңдер. Жоқ олай емес, анық

²⁵⁸ Шайтан, оған Аллаһтың лағынеті болсын, жайлы айтылып жатыр.

²⁵⁹ Бүкіл дүние, мал-мүлік көбейтуде – аударушыдан.

білген боласыңдар.” “Тәкәсур” сүресі, 1-5 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

“Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек ғана. Күдіксіз ахирет жұрты анық тіршілік. Өттең! Олар білсе.” “Ғанкабут” сүресі, 64 аят.

457. Хабар бойынша, Амр бин Ауф аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Убай бин аль-Жаррахты Бахрейнге сол жерде жиналған жижианы (салық) алып келуге жіберді. Абу Убайда ақшаны алып келді, оны білген ансарлар, таң нмазына Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге келді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олармен таң намазын өткізгеннен кейін өз істерімен кетпекші болып еді, бірақта олар оның қасына келді. Оларды көрген ол жымып: “Сендер Абу Убайа Бахрейіннен бір нәрсе әкелгенін есітіп келіп тұрсыңдар, деп ойлаймын”, - деді. Олар: “Иә, иә Аллаһтың елшісі”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Онда

сендерді қуандыратын нәрсеге қуаныңдар да үміттеніңдер! Бірақта, Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендер үшін кедейліктен қорқпаймын, менің сендер үшін қорқатыным, сендерге дейін өмір сүргендерге берілгені сияқты сендерге де осы дүниенің жақсылықтарының бәрі беріледі ме деп және олар сияқты бір-біріңмен бәсекелесесіңдер ме деп қорқамын, сонда ол сендерді де оларды жойғандай жояды!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

458. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын мінберге отырды, ал біз болсақ оны қоршай отыра кеттік те, ол: «Расында, мен сендер үшін өлімімнен де қатты қорқатыным ол, сендерге бұйырылатын осы дүниенің жылтырағы мен әшекейлері. **Аль-Бухари, Муслим.**

459. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, бұл дүние тәтті, әрі көк, Аллаһ сендерді қайтер екен деп, жер бетінде Өзінің уәкілі етті. Бұл дүниеден сақ болыңдар және әйелдерден сақ болыңдар! **Муслим.**

460. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә, Аллаһ о дүниедегі өмірден басқа, өмір жоқ! **Аль-Бухари, Муслим.**

461. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

(Қабірге) өлген адамның артынан үшеуі ереді, олар: отбасы мүшелері, оның дүниесі және амалдары. Олардың екеуі қайтады да, ал біреуі өзімен қалады. Қайтатындары, отбасы мүшелері мен дүниесі, ал амалдары болса өзімен қалады. **Аль-Бухари, Муслим.**

462. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Осы дүниеде ең көп молшылықта болған, ал Ахирет күні Отқа кесілгенді алып келіп, біраз уақыт Отта ұстайды да одан: “Иә Адам баласы, сен қашанда болса бір жақсылық көріп рахаттанып па едің?”, - деп сұрағанда, ол: “Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін, иә Раббым”, - деп жауап береді. Одан кейін бұл дүниеде қай бір қиыншылықтар көріп бәлеге душар болып Жәннәтқа шешілгенді алып келеді де, оны біраз уақыт Жәннәтқа кіргізіп: “Иә Адам баласы, сен қай бір жамандық көріп қайғырып көріп пе едің?”, - деп сұрайды. Сонда ол: “Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін, мен ешқашан жамандық көріп және қайғырып көрген емеспін!”, - деп жауап береді. **Муслим.**

463. Хабар бойынша, Аль-Мустаурид бин Шадад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл дүние мен мәңгілік дүниенің айырмашылығын білу үшін, сендерден кез

келгенің саусағын теңізге салсын да, одан кейін одан не алғанын қарасын²⁶⁰. **Муслим.**

464. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оң жағынан және сол жағынан еріп қоршаған адамдарымен базардың ішінде жүргенде, бір өліп жатқан кішкене құлақты лақты көріп, оны көтеріп құлағынан ұстап: «Қайсыларың мынаны дирхемге сатып аласың?», - деп сұрады. Адамдар: «Біз оны ешқандай ақшаға сатып алғымыз келмейді, біз онымен не істейміз?», - деді. Ол: «Сендер осының сендерге бұйырғанын қалар ма едіңдер?», - деді. Адамдар: «Аллаһтың атымен ант етеміз, өлексе түгіл, тірі болса да біз оны қаламас едік, өйткені оның құлағы тым кішкентай?», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "Аллаһтың атымен ант етемін, бұл дүние Аллаһ үшін бұл лақтан да мардымсыз!", - деді. **Муслим.**

²⁶⁰ Бұл дегеніміз адамның саусағы қанша суды алып шықса, ол осы өмір, ал теңіз мәңгілік өмірдің баламасы, ал бәрін білуші бір Аллаһ - аударушыдан.

465. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Медина жерінің қаратасты бөлігінен өтіп бара жатып Ухудқа қарай бұрылған уақытта ол: «Иә Абу Зарр!», - деді. Мен: «Мен мұндамын, Аллаһтың елшісі!», - деп дауыстадым. Сонда ол: «Мынандай ғана жағдайда Ухуд тауының көлеміндей алтынды болған, мені қуантар еді, егерде одан ертеңіне тек қана қарыздарымды өтеуге қалатындай мөлшерін қалдырсам, ал қалғанын осылай да осылай таратсам», - деп Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолдарын оңға, солға және артына сермеп көрсетті. Жолдың біраз бөлігін өтіп болған соң ол: «Расында, байлар Ахирет күні, байлығын осылай да осылай таратпағандарынан басқаларының бәрі кедей болып шығады²⁶¹», - деп Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолдарын оңға, солға және артына сермеп көрсетті де: «Бірақта ондайлар аз болады!», - деді. Содан соң ол маған: «Осы жерде қал да, мен саған оралғанымша орныңнан қозғалма!», - деп өзі ары қарай қараңғы түннің ішіне кіріп (көрінбей) кетті. Ал

²⁶¹ Яғни, сауабы аз болады.

біраз уақыт өтісімен бір қатты дыбыс естідім. Мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біреу тап бердіме, деп қорықтым да, оған бармақшы болдым, бірақ оның: «Мен саған келгенше орныңнан қозғалма!», - деген сөздерін есіме алдым да, ол оралғанша орнымнан қозғалмай тұрдым. Ол оралған соң: «Мені қорқытқан бір дыбыс естідім», - деп оған естігенімді айттым. Ол: «Сен шынымен-ақ оны естідің бе?», - деп сұрады. Мен: «Иә», - дедім. Сонда ол: «Бұл болған Жебірейіл, ол келіп маған мынаны айтты: «Сенің үмметіңнен Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпегеннің бәрі Жәннәтқа кіреді!», - деді. Мен: «Егер ол зина жасап, ұрласа да ма?», - деп сұрадым. Ол: «Ол ұрласа да, зина жасаса да!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

466. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер менде Ухуд тауының көлеміндей алтын болса, үш күннен соң одан қарыздарымды өтейтін мөлшерде ғана қалдырып, қалғанын таратып жіберсем, қуанар едім! **Аль-Бухари, Муслим.**

467. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өздеріңнен жоғарыдағыларға қарамаңдар, өздеріңнен төмендегілерге қараңдар, өйткені бұл сендерге Аллаһтың жасаған мейірімін аз деп ойламауларың үшін жақсы. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп отыр.**

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Егер сендерден кім өзінен байырақ не болмаса әдемірек біреуді көретін болса, онда өзінен төменірек біреуге қарауды да ұмытпасын.

468. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өздеріне бір нәрсе берілгенде риза болып, ал еш нәрсе берілмесе риза болмайтын

динардың, дирхемнің, катифтың, хамистің²⁶² құлдары, жаман жағдайға душар (яғни опат) болсын! **Аль-Бухари.**

469. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен перденің арты тұрғандарының жетпісін көрдім²⁶³, сонда оларда үстеріне киетін киімнен бір изар²⁶⁴, не болмаса ұштарын мойындарына байлап алатын, бір дана ғана киімдері болатын, ал шапан деген олардың ешқайсысында болған емес. Олардың ол киімдері бірінің тізелеріне дейін жетсе, енді бірінің қызыл асықтарына дейін жететін, сонда адамдарға көрінуге болмайтын жерлері²⁶⁵ ашылып қалмас үшін, киімдерінің ұштарын ұстап тұратын. **Аль-Бухари.**

²⁶² Катиф-хамис – бұл киім түрлері, яғни киімнің құлы болғандар.

²⁶³ «Ахль ас-суфа» - перденің арты тұрғандары, кедей, баратын жерлері жоқ, тұратын үйлері жоқ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары, оның үйінің жанында мешітте перде артында тұрғандарды айтқан. Солардың бірі Абу Хурайра. Онда тұрғандардың тоқсанының аты мәлім.

²⁶⁴ Изар – белге оралатан матаның бөлігі.

²⁶⁵ Аурат – егер ер адам жайлы сөз болса, онда көрінуге болмайтын жерлері – ол кіндік пен тізенің арасы, ал әйел адамның аураты – ол екі қолы (білезік тағатын жерден төмен) мен бетінен басқа жерлері.

470. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл дүние – имандыға түрме де, имансызға
Жәннәт. Муслим.

471. Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің иығымнан ұстап: “Бұл дүниеде бөтен елдік, не болмаса сапардағы адам секілді бол”, - деді.

Бұл хадисті жеткізуші Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп жиі айтатын: “Егер сен кешке дейін тірі болсаң онда таң атқанша өмір сүремін деп ойлама²⁶⁶, ал таң атқанда тірі болсаң онда күн батқанша өмір сүремін деп ойлама және деніңнің саулығынан

²⁶⁶ Бұл дегеніміз, әлі де болса көп өмір сүремін, деп дәмеленбе, өйткені өлім кез-келген уақытта келе алады, сондықтан сауабты істерді істеуді не тәубеге келуді кейінге ысыра берме.

ауруыңа (қажетін) ал, ал өміріңнен - өліміңе (қажетін) ал!”²⁶⁷ **Аль-Бухари.**

Бұл хадисті түсіндірушілер былай дейтін, бұл дүниеге сенім артпа, оны өзіңнің отаным деп ойлама және мұнда ұзақ уақытқа қаламын деп қамданба, бұл дүниеге жат елдік кісі қалай үйірленсе сен де солай үйірлен және үйіне оралуға дайындалған жат елдік шетте не ісетемейтін болса, сен де мұнда оны істеме, ал көмек көрсетуші Аллаһ.

472. Аубль-Аббас Сахль бин Саъд ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келді де: “Иә Аллаһтың елшісі, маған мен оны орындасам Аллаһ жақсы көретін және адамдар жақсы көретін бір амал көрсетші”, - деп сұрады. Жауап ретінде оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл дүниеден басыңды тарт, сонда сені Аллаһ жақсы көретін болады, адамдардағы нәрселерден басыңды тарт, сонда сені адамдар жақсы көретін

²⁶⁷ Бұл, сауабты істерді денің сау және тірі кезінде жасап ал, деген сөз.

болады.” Бұл хадисті “Жақсы” хадис деп жақсы иснадпен Мбн Маджаъ және басқа да мухаддистер келтіреді.²⁶⁸

473. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, осы дүниенің игілігі тиген адамдар жайлы айтып жатып былай деді: “Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күні бойы жеуге жаман құрмаларды да таба алмай аштықтан бүгіліп жүргенін көрдім!” **Муслим.**

474. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

²⁶⁸ Бұл хадисті ан-Науауидің басқа кітаптарында былай түсіндіріледі, бұл дүниеден басыңды тарт дегені, ол Аллаһтың барлық тыйым салған нәрселерінен басыңды тарт дегені, сонда егер Аллаһтың барлық тыйым салған нәрселерінен басыңды тартсаң, сонда сені Аллаһ жақсы көреді, дейді. Ал адамдардағы бар нәрселерден басыңды тарт дегені, ол адамдардан еш нәрсе сұрама, сонда адамдар сені жақсы көретін болады, дейді. Ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жан тапсырғанда, менің сөремде сақтаулы тұрған кішкене ғана арпадан басқа жейтін еш нәрсе болмады, мен онымен көп уақыттар бойы тамақтанып жүрдім де, ал оны бірде өлшегенімде ол таусылып қалды!²⁶⁹

Аль-Бухари, Муслим.

475. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелінің бауыры Жуввайрийи бин аль-Хаоис, Амр бин аль-Харис, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Қайтыс болғаннан кейін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артынан өзі мініп жүрген ақ қашары, қару-жарағы және түскен табысының бәрін садақа ретінде таратуға әмір берген жер бөлігінен басқа не динар, не дирхем, не құл, не күң қалдырған жоқ. **Аль-Бухари.**

²⁶⁹ Бұл дегеніміз, Аллаһтың мейірімімен Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеп жүрген арпасына береке болып таусылмайды да, ал оған Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, енді арпа қанша уақытқа жетер екен деп, оны өлшеген уақытында таусылды.

476. Хабар бойынша, Хаббаб бин аль-Апатт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеден Мәдинаға Өзінде біздің сауабымызды жазған Аллаһтың дидарына талпынып көштік. Арамызда кейбіреулер бұл дүниеде сыйын алмай кетті. Олардың арасында Мусъаб бин Умайр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, болды. Ол артынан ала жамылғыш қана қалдырып Ухуд шайқасында өлді. Біз онымен оның басын жапқан кезде аяғы ашылып қалатын да, ал аяғын жапқан кезде басы ашылып қалатын, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге оның басын жауып, ал аяғын тәтті иісті қамыспен жабуға әмір берді. Және де арамызда (осы дүниеде) жемістері пісіп, оны үзіп қазір жеп жүргендер де бар²⁷⁰!

Аль-Бухари, Муслим.

477. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

²⁷⁰ Бұл жерде, Аллаһ оларға сыйларын беруін осы дүниеден бастаған, жағдайлары жақсарғандар жайлы айтылып жатыр.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер Аллаһ үшін бұл дүние масаның қанатына тұрарлықтай болса еді, онда Ол имансызға бір жұтым су да бермес еді! **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

478. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһты еске алғаннан басқа және соған жақын істерден басқа және білуші мен білім алушыдан басқаның бәрі бұл дүниеде лағынеттелген және бұл дүниеге лағынет тиген. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

479. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иемденушіліктің артынан қудаламаңдар, олай істесеңдер бұл дүниені қалап (яғни жақсы көріп) кетесіңдер. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

480. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз лашығымызды жөндеп жатқан кезімізде, жанымыздан өтіп бара жатқан Аллаһтың елшісі, оған Алдлаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізден: “Бұл не?”, - деп сұрады. Біз: “Бұл ескірген соң, біз бұны мықтап жатырмыз”, - дедік. Бұған ол: “Мен бұдан да шұғыл іс бар деп ойлаймын²⁷¹”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим, Абу Дауд, ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

481. Хабар бойынша, Қабб бин Ийад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

²⁷¹ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ахиреттің қамын ойлау, бәрінен де шұғыл іс, өйткені ол кез келген уақытта болып қалуы мүмкін, деп айтып жатыр.

Расында, әр үмметтің өзінің азғырылатын (сынағы) бар, менің үмметімнің азғырылатын (сынағы) байлық болады. Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.

482. Хабар бойынша, Абу Амр Осамн бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам баласы онда тұратын үй, және денесін басқалардың көруіне рұқсат етілмеген жерлерін жабатын киім және су мен үзім наннан басқа еш нәрсеге хақысы жоқ²⁷². **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді²⁷³.**

Ат-Тирмизи былай дейді: “Мен, Абу Дауд Суляйман бин Ас-лям аль-Бахли былай дегенін естідім: “Мен, ан-Надр бин Шумайльдің былай дегенін естідім: “*“аль-Жильф”* деген сөз “қоспасыз нан”, дегенді білдіреді. Басқа біреу: “Бұл кебекті нан”, - десе, ал аль-Харави:

²⁷² Бұл жерде адам не затсыз күнін өткізе алмайтын нәрселер жайлы, не болмаса Ахиретте сұралмайтын нәрселер жайлы айтылып жатыр.

²⁷³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

“Мұнда нан салатын ыдыс жайлы, мысалыға, “қап”, жайлы айтылып тұр”, - дейді.

483. Хабар бойынша, Хаббаб бин аль-Апатт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендерді көбейтуде бәсекелесу айналдырды²⁷⁴”, - деп оқып жатқан кезінде келдім. Ол оқуын аяқтап: “Адам баласы: “Менің байлығым, менің байлығым!”, - дейді, - бірақта, иә Адам баласы, саған сен жеп таусқаннан басқадан, киіп тоздырғаннан басқадан, не болмаса садақа ретінде беріп тамамдағаннан басқасы саған бұйырды ма?!²⁷⁵”, - деді. **Муслим.**

484. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Мутаффаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, Аллаһтың атымен ант етемін,

²⁷⁴ 102 сүре, «Тәкәсүр» сүресі.

²⁷⁵ Яғни, өзінің артынан мәңгілік өмірге қалдырғаны.

мен сені жақсы көремін!”, - деді. Жауап ретінде ол: “Сен не айтып жатқаның жайлы ойлан”, - деді. Ол тағы да: “Аллаһтың атымен ант етемін, расында, мен сені жақсы көремін!”, - деп бұл жолы үш рет қайталады. Сонда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Егер сен мені жақсы көрсең, онда кедейлікке қарсы қаруыңды қамдай бер, өйткені мені жақсы көргенге кедейлік (таудан аққан) ағын су (таудың шетіне) жеткеннен де тез жетеді”, - деді. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді²⁷⁶.**

485. Хабар бойынша, Қазъб бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі қасқырдың бір отар қойға тигізген зияны, адамның байлыққа деген құштарлығының дініне тигізетін зиянынан артық емес. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

²⁷⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

486. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қамыстан жасалған тоқыманың үстінде ұйықтап тұрған кезінде оның денесінде өрменің іздері қалды. Сонда біз: “Иә Аллаһтың елшісі, біз саған бір нәрсе төсеп беруіміз керек еді!”, - дегенімізде – ол: “Бұл дүниені кәйтейін? Мен бұл дүниеде ағаштың көлеңкесіне демалуға келіп, ал одан кейін оны тастап кететін шабандоз секілдімін!”, - деді. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

487. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кедейлер Жәннәтқа, байлардан бес жүз жыл бұрын кіреді. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

488. Хабар бойынша, Ибн Аббас және Имран бин Хусайн, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Жәннәтқа қарап едім ондағылардың көбінің кедейлер екенін көрдім және Тозаққа қарап едім ондағылардың көбісінің байлар екенін көрдім. **Аль-Бухари, Муслим.**

489. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Жәннәттің қақпасының жанында тоқтағанымда, онда көбінше жарлылардың кіргенін көрдім, ал байлар болса бөгелтілді²⁷⁷. Ал Тозаққа кіруге шешілген байлар Тозаққа (тезінен) тасталынды²⁷⁸. **Аль-Бухари, Муслим.**

490. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

²⁷⁷ Байлығын қалай тапқаны және қайда жаратқаны жайлы есеп берулері үшін.

²⁷⁸ Бұл дегені, оларды бөгеместен Тозаққа тастайды.

Ақынның айтқан сөздерінің ең шыншылы болып, Лябид²⁷⁹ ақынның былай деп айтқаны жатады: “Аллаһтан басқаның бәрінің шарқы (шамасы) жоқ²⁸⁰ болып табылмай ма?” **Аль-Бухари, Муслим.**

56 ТАРАУ

Аштықтың, қатаң өмірдің, аста, суда, киімде және басқа да барлық адамның жанына қуаныш әкелетін істерде азға қанағат етудің, және де нәпсінің артынан еруден бас тартудың мәртебесі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Бұл пайғамбарлардан кейін орындарына, намазды қойып, нәпсілеріне ергендер келді. Олар жақында (Қияметте) адасуларының сазайын тартады. Бірақ кім тәубе қылып, иман келтірген түрде түзу іс істесе, міне солар ешбір әділетсіздікке ұшырамай Жәннәтқа кіреді.”
“Марйам” сүресі, 59-60 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

²⁷⁹ Ләбид – Исламға дейін өмір сүрген, артынан Ислам қабылдап ұзақ өмір сүрген ақынның аты.

²⁸⁰ Шарқы жоқ дегені – ол мәңгі емес дегені.

“Ол қауымына сән-салтанат ішінде шықты; дүние тіршілігін қалағандар: “Әттең! Бізге де Қарұнға берілген тәрізді болса; өйткені ол зор ырыс иесі”, - деді. Өздеріне білім берілгендер: “Аллаһтың сыйлығы; иман келтіріп ізгі іс істегендерге тағы жақсы. Ал оған сабырлылар ғана жетеді”, - деді.” **“Қысас” сүресі, 79-80 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Сол күні (дүниеде берілген) әр нығметтен әлбетте сұраққа тартыласыңдар.” **“Тәкәсүр” сүресі, 8 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Кім дүниені қаласа. Біз де қалаған кісімізге дүниеде қалағанымызды береміз. Содан соң оны жаһаннамға саламыз. Ол, оған қорланып, мәрхеметке ұзақ болған түрде кіреді.” **“Ісра” сүресі, 18 аят.**

491. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мухаммадтың қайтыс болған күніне дейін, оның жанұя мүшелері арпадан жасалған нанды екі күн қатарынан тойып жеген емес. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Аль-Бухари келтірген басқа бір нұсқасында Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Мухаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Мединадан көшіп қайтыс болғанға дейін, оның жанұясы бидайдан жасалған нанды үш күн қатарынан тойып жеген емес.

492. Хабар бойынша, Урва, Айшаның оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын естіген:

Иә менің апамның баласы, Аллаһтың атымен ант етемін, мынадай жағдайлар болған, біз жаңа айдың туғанын көрдік, одан кейін тағы да бір жаңа ай туғанын көрдік, екі ай аралығында біз үш жаңа туған айды көріп, сол аралықта Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйлерінде от тұтатпаған күндер болған еді²⁸¹.

Урва былай дейді:

Мен: “Иә апатайым, (сонда) сендер немен қоректендіңдер?”, - деп сұрадым. Сонда ол былай деді: “Құрма мен сумен, дегенмен

²⁸¹ Бұл, сол аралықта Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің үйлерінде от жағып ыстық тамақ жеген емес, дегені.

Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрші болып сауынды түйелері бар ансарлар тұрды да, олар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олардың сүтінен беріп тұратын, ал ол болса оны бізге ішкізетін .” **Аль-Бухари, Муслим.**

493. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Макбуридiң айтуымен, ол бiрде алдарында қуырылған қойдың етi жатқан адамдар, жандарынан өтiп бара жатқан Абу Хурайраны, оған Аллаһтың ризшылығы болсын, шақырды, бiрақ ол тамақтан бас тартып былай дедi:

Аллаһтың елшiсi, оған Аллаһтың игiлiгi мен сәлемi болсын, бұл дүниеден (басқа тұрмақ) арпамен жасалған нанды да тойып жемей өттi.

Аль-Бухари, Муслим.

494. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дедi:

Аллаһтың елшiсi, оған Аллаһтың игiлiгi мен сәлемi болсын, қайтыс болғанынша тамақты тақтайдың үстiнен жеп көрмегендей²⁸², нәзiк

²⁸² Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезінде ондай тақтайлардан (столдардан) тамақты әйгілі адамдар

ұннан жасалған нанды²⁸³ да жеп көрген емес.
Аль-Бухари.

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген тағы бір нұсқасында Ансатың былай деп айтқаны келтіріледі:

...және ол өмірінде толығымен қуырылғын (отқа қақталған) қозыны көрген де емес.

495. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен сендердің Пайғамбарларыңның, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кей-кездері қарнын тойдыру үшін, жаман құрма да таба алмаған күндері болғанын көргенмін. **Муслим.**

496. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ оны (адамдарға) жіберіп және оны Өзіне алғанға дейін ақ нанды көрген емес. Одан: “Сендерде Аллаһтың елшісінің,

жейтін, өйткені олар тамақ үстінде еңкейуді өздерінің беделдеріне сәйкес келмейді, деп санайтын.

²⁸³ Ақ бидайдың ұны.

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде елек (елкезер) болды ма?”, - деп сұрады. Сонда ол: “ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ оны (адамдарға) жіберіп және оны Өзіне алғанға дейін елек көрген емес”, - деді. Одан: “Онда сендер еленбеген (електен өткізбеген) арпаны қалай жедіңдер?”, - деп сұрады. Ол: “Біз оны бірінші ұнтақтайтынбыз, сосын оған үрлейтінбіз, сонда одан ұшқаны ұшып, ал қалғанына су құйып қамыр илейтінбіз”, - деп жауап берді.

Аль-Бухари.

497. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде күндіз /не:...түнде/ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйінен шыққан кезінде ойламаған жерден Абу Бакр мен Омарды көрді де, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олардан: «Сендерден осындай уақытта үйлеріңнен шығуларыңа не себеп болды?», - деп сұрады. Олар: «Аштық, иә Аллаһтың елшісі», - деді. Бұны естіген ол: «Жаным қолыңда Болғанның атымен ант етемін, менің де үйден шығуыма себеп болған аштық. Менімен бірге жүріңдер», - деді де бәрі бірге бір ансардың үйіне барды. Олар оған

келсе ол үйінде жоқ екен. Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрген ол адамның әйелі: «Қош келдіңіз!», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан: «Пәленше қайда?», - деп сұрады. Ол әйел: «Ол бізге жақсы су алып келуге кетті», - деген уақытында әлгі ансар кіріп келді де, Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және оның екі жолдасын көріп, одан кейін²⁸⁴: «Субхан Аллаһ (Аллаһқа мақтау), бүгін ешкімде менің үйімдегідей қадірлі қонақтар болмайды!», - деді. Содан соң ол барып оларға көктей, піскен, және үлбіреп піскен құрманың бір шоғын алып келді де: «Жеңіздер!», - деп, өзі қолына пышағын алды. (Бұны көрген) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сауындысын бауыздаушы болма!», - десе де, ол барып сол қойды бауыздады. Сосын олар ет жеп, құрма жеп, су ішіп тойған соң, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Бакр мен Омарға, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын: «Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, Ахиретте сендер бүгінгі (тойынып) рахаттанғандарың үшін әлбетте жауап бересіңдер! Аштық сендерді үйлеріңнен

²⁸⁴ Яғни, амандасып болып.

шығуларыңа мәжбүр етті, ал сендер рахат алмай (яғни тойынбай) үйлеріңе оралмадыңдар!"» - деді. **Муслим.**

Рахаттану жайлы сұраулар, ол рахаттарды тізіп естеріне салу ретінде болып, ол үшін жазаланып айыпталмайды (деп ойлаймыз), ал Аллаһ бұл жайында жақсырақ біледі. Ал әлгі ансар жайлы айтатын болсақ, ол ат-Тирмизидің және басқа мухадситердің келтірген риуаяттарында Абуль-Хайсам бин ат-Тайхан, делінеді.

498. Хабар бойынша, Халид бин Омар аль-Адауи, ол былай деді:

Бірде Баср қаласының басшысы болған Утба бин Газуан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бізге былай деп құтпа айтты. Алдымен ол Аллаһқа мақтауларын айтты да, сосын: “Ал содан соң, расында бұл дүниеге оның ақыры жайлы хабар берілді, оның ақыры жақындап қалды, расында, одан оны иесі жинап алып, ыдыста қалған қалдықтай қалдық қалады. Расында, сендер бұл дүниеден, басқа таусылмайтын дүниеге көшесіңдер, сондықтан оған өздеріңмен бірге алып кете алатын игілікті (істеріңмен) көшіңдер. Расында, бізге мынау айтылды, Жаһаннамның жағасынан тасталған

тас жетпіс жыл бойы құлап оның түбіне жете алмайды, бірақта Аллаһтың атымен ант етемін, ол толығымен толтырылады, ал сендер неліктен бұған таңырқамайсыңдар?! Және бізге мыналар айтылды, Жәннәт қақпаларының жарма²⁸⁵ арасының ұзындығы қырық жылдық сапарға тең, бірақта әлбетте солардың бәрі адамдармен толтырылатын күн болады! Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге жеті адам болып, оның ішінде мен де бармын, бізге ағаштың жапырағынан басқа жейтін еш нәрсе болмай, оны жеп аузымыздың ұштары жарамен қаптаған күндер де болған. Бірде маған ойламаған жерден шапан бұйырып, оны екіге бөліп жартысын Саъд бин Маликке бердім, сонда оның жартысын мен, ал екінші жартысын Саъд (белге орайтын) изар ретінде қолдандық. Ал қазір болса біз әр қайсысымыз кем дегенде бүтін бір қаланың басшысымыз, бірақта расында, мен Аллаһқа Оның алдында бишара бола тұра өзімді ұлы (мәртебелі) санаудан сыйынамын (яғни сақта деймін)! **Муслим.**

²⁸⁵ Жарма дегеніміз, ол қақпа орнатылатын бұғана - аударушыдан.

499. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын бізге қиса²⁸⁶ мен дәрекі изар алып шығып²⁸⁷ былай деді: “Аллаһтың елшісің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Өзіне алғанда үстінде осы киімдері болды.”
Аль-Бухари, Муслим.

500. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Уақас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Расында, мен Аллаһ жолында жебесінен оқ атқан арабтардың ішінде біріншісі болдым. Біздердің Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тікенді бұтаның және әлгіні жегеннен қиы қойдың құмалағы секілді араласпай түсетін, қарағанның жапырағынан басқа жейтін еш нәрсе болмаған жорықтарда, бірге болған кездер болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

²⁸⁶ Шапан секілді киімнің түрі.

²⁸⁷ Яғни, көрсету үшін.

501. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Аллаһ, Мухаммадтың жанұясының ризығын күндізгі қоректену қыл!²⁸⁸ **Аль-Бухари,**
Муслим.

502. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Өзінен басқа құдай болмаған Аллаһтың атымен ант етемін, расында, менің аштықтан бауырыммен жерге жатып не болмаса оның қиындығын жеңілдету үшін ішіме тас байлап жүрген кездерім болды да, бірде мен олардың²⁸⁹ жүретін жеріне отырып алдым. Біраз уақыт өтісімен менің жанымнан Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өтіп бара жатып, менің түрімді көріп жан дүниемде не болып жатқанын түсініп жымыып, маған: “Абу Хирр^{290!}”, - деді. Мен: “Мен мұндамын, иә

²⁸⁸ Яғни, өмір сүруге жетерлік қана, аз ғана қорек бер, дегені.

²⁸⁹ Бұл жерде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен оның сахабалары жайлы айтылып тұр.

²⁹⁰ Абу Хурайра («мысықтың әкесі») – осы хадисті жеткізуші Абд ар-Рахман бин Сахрдың лақаб аты. Оны бұлай атауларының себебі, ол әрдайым киімінің жеңінде мысықты алып жүреді екен.

Аллаһтың елшісі!”, - дедім. Ол: “Менің артымнан жүр”, - деді де, мен оның артынан жүріп отырдым. Сосын ол үйіне кірді де, ал мен болсам одан кіруге рұқсат сұрадым, ол маған рұқсат берді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйге кіріп бір ыдыстағы сүтті көріп: “Мынау қайдан келген сүт?”, - деп сұрады. Оған: “Оны саған пәленше сыйлады?”, - деді. Сонда ол: “Абу Хирр!”, - деді. Мен: “Мен мұндамын, иә Аллаһтың елшісі!”, - деп үн қаттым, ол болса: “Перденің арты тұратындарына бар да, оларды маған шақырып кел!”, - деді.

Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Перденің артында тұратындар жайлы айтатын болсақ, олар Исламның қонақтары еді, олардың Мединада көмектесетін ешкімі болмағаны секілді, олардың жанұялары да, ақшалары да жоқ еді, ал Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, садақа әкелетін болса, ол оның бір бөлігін соларға беретін, ал өзі болса оған тиіспейтін, ал егерде оған бір сый беретін болса, онда да

Ал бұл хадисте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын «Абу Хирр» («еркек мысықтың әкесі»), деп атап жатыр.

оларды ұмытпай соларға бір бөлігін беретін де, ал бір бөлігін өзіне қалдыратын. Оның бұл сөздері мені қапаландырып мен ішімнен: “Бұл ыдыстағы (сүт) перденің артында тұратындар үшін не болады?!²⁹¹ Бұл сүтті мен ғана ішіп, қуаттанып алуға лайықтымын. Ал егер олар мұнда келсе, онда ол маған ыдыстағы сүтті оларға беріп, сосын кезек маған жеткенше бұл сүттен не қалады!”, - деп ойладым, - бірақта Аллаһ пен Оның елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмірін орындамау жайлы сөз де болуы мүкін емес, сондықтан мен оларды барып шақырып келдім. Олар оның үйінің жанына келді де, кіруге рұқсат сұрады, ол оларға рұқсат бергенде, олар ішке кіріп отырды. Сонда ол: “Абу Хирр!”, - деді. Мен: “Мен мұндамын, иә Аллаһтың елшісі!”, - дедім, ол: “Ыдысты алып әр қайсысына бер!”, - деді.

Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Мен ыдысты алдым да, әр қайсысына бере бастадым, олар тойғандарынша ішіп, ыдысты маған қайтарып отырды. Кезек Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткенше, осылай қайталанып отырды, сосын

²⁹¹ Ол кезде перденің артында 50 -70 шақты адам тұратын.

ол ыдысты қолына алды да маған күлімдеп қарап: “Абу Хирр!”, - деді. Мен: “Мен мұндамын, иә Аллаһтың елшісі!”, - дедім, сонда ол: “Біз екеуіміз ғана қалдық”, - деді. Мен: “Сен дұрысын айтып тұрсың”, - дедім. Ол: “Отыр да іш!”, - деді. Мен отырдым да ыдыстағыны ішіп қойдым, сосын ол тағы да: “Іш!”, - деді, - мен тағы да іштім. Ол Маған: “Іш!”, - деп айтуын, мен: “Сені ақиқатпен Жібергеннің атымен ант етемін, бұдан басқа іше алмаймын”, - дегенімше жалғастыра берді. Ол: “Онда оны маған бер”, - деп, Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтты²⁹² да: “Аллаһтың атымен /Бисми-Лләһи/”, - деп қалғанын ішіп қойды. **Аль-Бухари.**

503. Хабар бойынша, Мухаммад бин Сирин, ол Абу Хурайраның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінбері мен Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, үйінің арасында талып құлаған кездерім болды. Сол кезде мені жынданды деп, адамдардың ішінен бірі келіп мойнымнан аяғымен басатын,

²⁹² Сүттің, Аллаһтың мейірімімен бір ыдыстан соншама адамға жеткені үшін.

ал мен болсам жыңды емес едім, ал құлайтын себебім, аштық еді. **Аль-Бухари.**

504. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайтыс болғанда оның сауыт-сайманы бір саъ²⁹³ арпа үшін, яһудиде кепілдікте еді. **Аль-Бухари, Муслим.**

505. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сауыт-сайманын арпа үшін кепілдікке берді, ал мен оған арпадан жасалған нан мен ащылау шыжғырылған май алып келгенімде оның былай деп айтып жатқанын естідім: “Не таң ертең, не кешке ешуақытта Мухаммадтың жанұясында тоғыз үйге²⁹⁴ бір саъдан артық тамақтанатын еш нәрсе болған емес.” **Аль-Бухари.**

²⁹³ Көлем өлшемі, 1 саъ = 4,2 литр.

²⁹⁴ Аллаһтың елшісінің әйелдерінің үйі.

506. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен перденің арты тұрғандарының жетпісін көрдім²⁹⁵, сонда оларда үстеріне киетін киімнен бір изар²⁹⁶, не болмаса ұштарын мойындарына байлап алатын басқа, бір дана ғана киімдері болатын, ал шапан деген олардың ешқайсысында болған емес. Олардың ол киімдері бірінің тізелеріне дейін жетсе, енді бірінің қызыл асықтарына дейін жететін, сонда адамдарға көрінуге болмайтын жерлері ашылып қалмас үшін, киімдерінің ұштарын ұстап жүретін. **Аль-Бухари.**

507. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төсегі - ол іші пальманың қылымен толтырылған теріден иленген көрпеше болатын. **Аль-Бухари.**

²⁹⁵ «Ахль ас-суфа» - перденің артында тұрғандар, кедей баратын жерлері жоқ, тұратын үйлері жоқ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары, оның үйінің жанында мешітте перде артында тұрғандарды айтқан. Солардың бірі Абу Хурайра. Онда тұрғандардың тоқсанының аты мәлім.

²⁹⁶ Изар – белге оралатын матаның бөлігі.

508. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге отырған кезімізде, ансарлардың ішінен бірі келді де, сәлем беріп артқа қарай кетті. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан: “Иә ансар бауырым, менің бауырым Саъд бин Убаданың халы қалай²⁹⁷?”, - деп сұрады. Ол адам: “Жақсы”, - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орнынан тұрып жатып: “Қайсысың оған кіріп шығасың?”, - деді. Біз де онымен бірге тұрдық. Біз оннан көп адам болдық, сонда біздің еш қайсысымызда не сандалымыз, не мәсіміз, не бас киіміміз, не жидеміз болмады, және біз сор жермен үстімізде барымызбен оған жеткенше жүріп отырдық. Сонда аурудың жанындағылар (бізге орын беріп) шығып кетті де, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанындағыларымен оған жақындады. **Муслим.**

509. Хабар бойынша, Имран бин аль-Хусайн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

²⁹⁷ Ол кезде Саъд ауырып жатқан болатын.

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Араларыңдағы жақсыларың менің замандастарым болады, одан кейін – олардан кейінгілер, одан кейін – одан кейінгілір. **Имран айтты:**

Бұл сөздерін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, неше рет қайталағанын екі рет пе, әлде үш рет пе білмеймін, әйтеуір сосын былай деді: “Ал одан кейін олардың орнына куә беріп, бірақ куәсінен тайып (сатып) кететін, сондықтан сенімсіз болып куәлікке оларды қатыстырмайтын адамдар келеді. Олар ант беріп бірақ анттарын орындамайды және олардың арасында дөкейлері көп болады²⁹⁸. **Аль-Бухари, Муслим.**

510. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

²⁹⁸ Бұл жерде дөкейлері деп жатқаны, тамақты көп жеп семіз болатындар жайлы, не болмаса байлыққа құмар адамдар жайлы айтылып жатыр.

Иә Адам баласы, сен үшін артық затты жұмсау оны жаныңда ұстап қалғаннан жақсы, өйткені сен өзіңе керектіні қалдырғаннан айыпталмайсың (яғни жазаланбайсың). Ал жұмсауды өзіңнің қарамғыңдағыларға беруден баста²⁹⁹. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

511. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Михсан аль-Ансари аль-Хатми, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Араларыңнан таңертең жүрегі тыныштықпен, дені сау және күндізге жетерлік тамағымен тұрғандарыңа, бүкіл дүние бұйырды деп айтуға болады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

512. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оғларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

²⁹⁹ Яғни, жанұяңа беруден баста.

Ислам дінін қабылдап, өзінің несібесіне жеткіліктісі³⁰⁰ бұйырып және Аллаһтың қалауымен Оның бергеніне риза болатын адам, мол табысқа кенеледі. **Муслим.**

513. Хабар бойынша, Абу Мухасммад Фадали бин Убайда аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рахат (не бахыт) сонда, кім Ислам дінін қабылдап жеткілікті тамағы болып және барына қанағат етсе. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

514. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірнеше күн қатарынан Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аш ұйықтауға тура келетін кездері болатын және оның жанұясына да кешкілік тамақтарына еш нәрсе табуға мүкіншіліктері болмайтын, ал жейтін нандары көбінше арпадан жасалған нан болатын. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

³⁰⁰ Яғни, адамдарға мұқтаж болмай күн көрісіне жеткілікті болып.

515. Хабар бойынша, Фадаля бин Убайд, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдармен өткізген намаздарында, қатарда ұйып намаз оқып тұрған еркектердің ішінен, ал турасын айтатын болсақ перденің арты тұрғындары аштық салдарынан естерінен танып құлауы жиі болып тұратын да оларға бәдәуилер: “Бұл адамдардың есі дұрыс емес!”, - дейтін. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса намаздан кейін оларға келіп: “Егер сендер Аллаһ Тағала сендер үшін не дайындап қойғанын білсеңдер еді, онда бұдан да ауыр кедейлік пен мұқтаждықты қалар едіңдер!”, - дейтін. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

516. Хабар бойынша, Абу Карима аль-Микдам бин Маъдикариб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам өзінің қарнынан артық жаман ыдыс толтырған емес! Адам баласына өзінің денесін ұстап жүру үшін бірнеше үзім тамақтан артық керек емес, ал егер де көп жеуге мәжбүр болса, онда асқазанының үштен бірін тамаққа толтырсын, үштен бірін - суға, ал қалған үштен бірін – жеңіл демалу үшін қалдырсын. Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

517. Хабар бойынша, Абу Умам Ийас бин Саъляб аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары бұл дүниенің игіліктері жайлы әңгіме айтып жатқан кезінде, ол : “Сендер естімеп пе едіңдер? Сендер естімеп пе едіңдер? Расында, тозу – иманнан, тозу – иманнан!”, - деп, ауыр өмірдің ізін меңзеді. **Абу Дауд.**

“Тозу”, деп тозған киімді (айтады) және сәнді киімнен бас тартуды айтады. Ал катаң өмірдің ізі, дегеніміз ол ауыр өмірден терісі кеуіп (жарылып), рахат өмірден бас тартқан адамның халінде өмір сүрген адамның өмірі жайлы айтуға болады.

518. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Жабір бин Абдуллаһ, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жасақтың әміршісі етіп Абу Убайданы, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, тағайындап, құрайыштардың азық-түлік тиеген көшін басып алу үшін, жорыққа аттандырды. Сонда бізге теріден жасалған қапқа құрма ғана салып берілді, ал Абу Убайда, оны күніне әрқайсысымызға бір-бірден беріп отырды.

Сонда Жәбірден: «Сонда сендер онымен не істедіңдер?», - деп сұрады. Ол: «Біз оны нәресте секілді сорып, артынан су ішіп отырдық та ол бізге күні бойы қараңғы түскенше жететін және бұдан бөлек, біз талда өсіп тұрған түйелер жейтін жапырқты таяғымызбен қағып түсіріп, оны суда жібітіп жейтінбіз. Теңіздің жағасына жетісімен үлкен құмды қыр сияқты төбені көрдік те, оның жанына жақындап келсек, ол «анбар³⁰¹», деп аталатын жануардың тұтас тушасы болып шықты. Алдымен Абу Убайда: «Бұл өлексе», - деді де, артынан: «Жоқ, біз Аллаһ жолындағы Аллаһтың елшісінің, оған

³⁰¹ Кашалот.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, елшілеріміз және біз бұны істеуге мәжбүрміз, сондықтан – жеңдер!»), - деді. Біздің санымыз шамамен үш жүз адам болды да ол жерде оның етін жеп күйленгенімізше толығымен бір ай болдық. Сонда біз оның көзі орналасқан үңгірінен көз майын құмандап, ал етін бір бүтін бұқаның тушасының көлеміндей көлеммен кесіп алып отырдық. Бір күні Абу Убайда арамыздан он үш адамды таңдап алып, бәрімізді сол жануардың көз үңгіріне отырғызды, сосын оның бір қабырғасын алып құмның үстіне бекітіп астынан үлкен бір түйенің үстіне мініп өтті³⁰². Және біз оның қақталған етінен қорек жинап алдық. Артынан Мединаға оралған кезімізде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп болған жайды айтып бергенімізде ол: «Ол - Аллаһтың сендерге жіберген ризығы! Сол еттеріңнен бізге де қалды ма?», - деді. Сонда біз оған еттің бір бөлігін жібердік те, ол одан жеді. **Муслим.**

519. Хабар бойынша, Асма бинт Йазид, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

³⁰² Оның былай істегені, артынан оның көлемін басқаларға айтып түсіндіру үшін.

Аллаһтың елшісінің көйлегінің (жейдесінің) жеңі білегінің ортасына дейін жететін³⁰³. **Абу Дауд, ат-Тирмизи “Жақсы хадис” деп келтіреді.**³⁰⁴

520. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ор соғысы кезінде, біз сол орды қазып жатқан кезімізде бізге бір қатты, кетпен өтпейтін жер кезікті, сонда адамдар Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Бізге орда, осындай да осындай жер кезікті”, - деді. Ол: “Ол жерге өзім түсемін”, - деп орнынан тұрғанда, ішіне тас байлап алғанын көрдік, өйткені сол күнге дейін біз қатарынан үш күн еш нәрсе жемеген болатынбыз. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолына кетпенді алды да сол жерді ұрған кезінде ол үйіме құмға айналды. Сонда мен одан: “Иә Аллаһтың елшісі, маған үйге барып келуіме рұқсат бер”, - деп сұрандым да, үйге келісімен әйеліме: “Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

³⁰³ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барлық істе органы қалайтын. Егер көйлегінің жеңі тым ұзын болса іске кедергі жасар, ал тым қысқа болса суық күндері суықтан сақтамас, күн ыстықта ыстықтан қорғамас еді.

³⁰⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

игілігі мен сәлемі болсын, халінің мүшкілдігі соншама, енді шыдауға болмайды деп ойлаймын! Сенде бір нәрсе табылады ма?”, - деп сұрадым. Ол: “Менде арпа мен лақ бар”, - деп жауап берді. Сонда мен лақты бауыздадым да, ал ол болса арпаны үгітті. Сосын мен етті қазанға салдым, ал қамыр иленіп, қазан отқа қойылып бәрі дайын бола бастаған кезде, мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оралып: “Иә Аллаһтың елшісі, менде азын-аулақ тамақ бар, өзіңмен бір-екі адамды ерт те жүр!”, - дедім. Ол: “Сенде қанша тамақ бар?”, - деп сұрады да, мен (қанша тамақ барын айтып) жауап бердім. Менің айтқанымды естіп ол: “Жақсы, көп екен! Әйеліңе айт, мен келгенше қазанды оттан түсірмесін және нанды ошақтан алмасын!”, - деді де адамдарға: “Тұрыңдар!”, - деп бұйырды, ал мухажирлер мен ансарлар орындарынан тұрды, ал мен болсам әйеліме келіп: “Пайғамбар мухажирлер мен ансарларды және сонда жанында болғандардың бәрімен келді!”, - дедім. Әйелім: “Сен (бізде қанша тамақ бар екенін) айттың ба?”, - деді, мен: “Айттым”, - дедім. Біздің үйдің жанына келісімен, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға: “Кіріңдер де қысылспаңдар!”, - деді де, қазан мен ошақтан, одан бір нәрсе алып жатқан кезде қалқалап жауып нанды бөліп үстіне ет қойып

өзінің сахабаларына бере бастады, сосын қайтадан қазаннан ет алып отырды. Сосын бәрі тойынғанша, солай нанды бөліп ет алуын жалғастырып отырды. Сонда әлі де тамақ қалып, менің әйеліме ол: “Өзің же де, қалғанын адамдарға тарат, расында адамдар аштыққа ұрынды!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің “Сахихтердің” екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында Жәбірдің былай деп айтқаны келтіріледі:

Ал бұл ор қазылып болған соң мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аштықтан қиналып жүргенін байқадым да, мен әйеліме оралып: “Сенде бір нәрсе бар ма? Расында, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аштықтан қиналып жүргенін көрдім!”, - дедім. Сонда ол ішінде бір саъ арпасы бар қапты алып шықты және біздің қолымызда кішігірім лақ болатын. Мен оны бауыздадым, ал әйелім болса мен етті мүшелеп біткенімше арпаны илеп болды. Сосын мен етті бөліп қазанға салдым да, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарай тарттым. Ал шығар алдымда әйелім маған: “Сен мені Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және онымен бірге келетіндердің

алдында ұялтпа³⁰⁵», - деген соң, мен ақырын ғана ешкімге естіртпей: “Иә Аллаһтың елшісі, біз лағымызды бауыздадық та, мен бір саъ арпа илеп қойдым, өзіңмен бірге біраз адам ертіп, біздіңкіне кел!”, - дедім. Бірақта бұны естігіен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айқайлап: “Иә ор қазғандар, Жәбір (бізге) тамақ дайындапты, асығыңдар!», - деп жар салды да, маған: «Мен келгенше қазанды оттан түсіруші болма және нанды пісіруші болма!», - деп қатаң нұсқаулар берді. Сонымен мен үйге оралдым, артымша соңынан адамдар ерген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді, ал мен үйге келген кезімде әйелім маған: «Осының бәрі сенің кесірің!³⁰⁶», - деді, мен болсам: «Мен бәрін сен айтқандай істедім!», - деп (шырылдадым). Осыдан кейін әйелім біздің илеп қойған нанымызды³⁰⁷ алып шықты, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол иленген нанға түкіріп оған береке шақырып дұға жасады, сосын отта тұрған етке де жақындап түкіріп береке тіледі, осыдан кейін менің әйеліме: «Сенімен бірге нан пісіру үшін бір әйелді шақыр да қазаннан ет алып отыр, бірақта оны оттан

³⁰⁵ Яғни, адам көп келіп, тамақ жетпей ұят болып жүрмесін, дегені.

³⁰⁶ Яғни, күйеуіне, сен бізде тамақтың көп еместігін ескертпедің, деп айыптағаны.

³⁰⁷ Яғни, қамырды

түсіруші болма!», - деді. Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге мыңға жуық адам келді, бірақта Аллаһтың атымен ант етемін, олардың бәрі тамақ жеп кетті және содан кейін де біздің қазанның (ет пісірген) үні тоқтамады³⁰⁸, ал иленген нан кемімеді.

521. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Абу Тальха Умм Суламге³⁰⁹: “Мен Аллаһтың елшісінің даусының әлсірегенін есітіп, оның ашығып жүргенін түсіндім! Сенде жейтін бір нәрсе бар ма?”, - деді. Ол: “Бар”, - деді де, арпадан жасалған нанды алып шықты, сосын өзінің жаялығын (орамалын) алып, оның бір бөлігімен нанды орап менің ышқырыма салды, ал қалған бөлігін орап мені Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жіберді. Мен жанында басқа да адамдармен мешітте отырған Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, нанымды алып бардым. Мен оларға

³⁰⁸ Яғни, ішінен еш нәрсе алмаған секілді, етті пісіріп жатқан дыбыс тоқтамады.

³⁰⁹ Умм Сулаим Абу Талханың әйелі әрі осы хадисті жеткізуші Анастың шешесі болып табылады, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын.

жақындадым да, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менен: “Сені Абу Тальха жіберді ме?”, - деп сұрады. Мен: “Иә” - дедім. Ол тағы да: “Ол мені тамақ жеуге шақырып жатыр ма?”, - деп сұрады. Мен: “Иә” – деп жауап бердім. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға: “Тұрыңдар!”, - деп әмір берді де, олар мешіттен шығуға ыңғайланды, ал мен болсам олардың алдына шығып жүгіріп отырып Абу Тальхаға келдім де болған жайды айтып бердім. Абу Тальха: “Иә Умм Салама, бізге адамдармен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келе (жатыр), ал біздің оларға беретін тамағымыз жоқ!”, – дегенде Умм Салама: “Аллаһ және Аллаһтың елшісі бұл жайында жақсырақ біледі!”, - деп жауап берді. Сонда Абу Тальха Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарсы алуға шықты. Сосын олар бірге үйге кірді де Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Абу Сулайым, сенде не бар алып кел!”, - деді. Ол сол нанды алып келіп, Аллаһтың елшісінің әмірімен оны үгітті де, оны теріден жасалған торсықтың ішіндегі маймен тұздықтады. Осыдан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған тиесілі дұға оқыды да: “Онын кіргіз”, - деп әмір берді. Сосын

Абу Тальха он адамды кіргізді де, олар тойынғанша жеп шықты. Сосын ол тағы да: “Онын кіргіз”, - деді де, олар да тойынғанша жеп шықты. Сосын ол тағы да: “Онын кіргіз”, - деді, осылай осы жай бәрі кіріп тойынғанша жалғасып отырды, ал олар жетпіс не сексен адам болды! **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің “Сахихтердің” екеуінде де келтірген тағы бір нұсқасында Ансатың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сонымен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, солай он адамнан барлық адам тойынғанша кіргізіп шығарып отырды да, сосын бүкіл тамақты жинаған кезде, ондағы нанның, алдында жеуді бастаған кезде қанша болса сонша қалғаны анықталды.

Осы хадистің Муслим келтірген нұсқасында Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонымен сол жердегі сексеннің бәрі жеп болғанша олар он адамнан (кіріп) отырды, артынан Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі үй иелерімен бірге жеді де, сонда (бәріміз жеп болған соң да) дастархан үстінде тамақ қалды.

Осы хадистің тек қана Муслим келтірген нұсқасында Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонда олардан кейін тамақтың бір бөлігі қалып оны көршілеріне апарып берді.

Осы хадистің тек қана Муслим келтірген үшінші нұсқасында Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, оның сахабаларының арасында ішін байлап алып отырғанын көріп, олардың бірінен: “Неге Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ішін байлап алған?”, - деп сұрадым. Олар: “Аштықтан”, - деді. Сонда мен Умм Суләйм бин Мальханның күйеуі Абу Тальхаға келіп: “Иә әкетай³¹⁰, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ішін байлап алғанын көріп жанындағылардан оның себебін сұрағанымда олар: “Аштықтан”, - деп жауап берді”, - деп көргенімді айтып бердім. Сонда Абу Тальха менің шешеме кіріп: “Бізде бір нәрсе бар ма?”, -

³¹⁰ Абу Тальха Анастың туған әкесі емес, ол оны былай атауының себебі, оны құрметтегені.

деп сұрады. Ол: “Иә, менде бірнеше бөлік нан мен бірнеше құрма бар, егер Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге жалғыз келсе онда біз оны тойдыра аламыз, ал егер онымен бірге тағы біреу болса, онда бұл оларға жетпейді”, - деді.

Осыны айтып Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, хадисті толығымен айтып шықты.

57 ТАРАУ

Күй талғамаушылық, қарапайымдылық, тамаққа және басқа да жаратуларда орташылдықты ұстану және қатты мәжбүрлік болмаса адамдардан сұрамау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Жер бетіндегі әр жәндіктің қорегі Аллаһқа ған тән (яғни оларды қоректендіруді Аллаһ Өз мойнына алған)...” **“һуд” сүресі, 6 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Сондай Аллаһ жолында қамалып шықпай отырған³¹¹, жер жүзінде жүре алмайтын, (білмейтіндер) оларды (олардың) абырой сақтағандарынан бай деп ойлайтын пақырларға беріндер. Оларды бейнесінен-ақ танысың. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не хайыр берсеңдар расында Аллаһ оны біледі.”

“Бақара” сүресі, 273 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Олар мал сарып қылғанда, ысрап та қылмай, сараңдық та істемей, осы орталықта тұрады.” **“Фұрқан” сүресі, 67 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін жараттым. Олардан бір несібе тілемеймін әрі олардың Мені тамақтандыруларын да қаламаймын.” **“Зәрийат”) сүресі, 56-57 аят.**

Бұл тарауға жататын хадистер жайлы айтатын болсақ, онда олардың көбі алдыңғы екі тарауларда айтылып өтті, ал онда айтылмағандарға келесі хадистер жатады:

³¹¹ Яғни, өздерін Аллаһ жолындағы соғысқа арнап басқа тамақ табатын істермен айнылса алмаған мұсылмандар.

522. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Байлық дүниенің көбтігі емес, ақиқатында байлық - ол жан дүниеңнің (яғни көңліңнің) байлығы. **Аль-Бухари, Муслим.**

523. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оғларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ислам дінін қабылдап, өзінің несібесіне жеткіліктісі³¹² бұйырып және Аллаһтың қалауымен Оның бергеніне риза болған адам, мол табысқа кенеледі. **Муслим.**

524. Хабар бойынша, Хаким бин Хизам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір нәрсе сұрадым да ол маған сұрағанымды берді, сосын

³¹² Яғни, адамдарға мұқтаж болмай күн көрісіне жеткілікті болып.

мен одан тағы да сұрадым да ол маған сұрағанымды тағы да берді, сосын мен одан тағы да сұрадым, ол маған тағы да сұрағанымды беріп: “Иә Хакам, расында, бұл дүние (зат) көк әрі тәтті жеміс секілді: ол адамның жомарт кезінде оған игілік әкеледі де, ал өзінің нәпсісіне ергенге игілік әкелмейді және ол жеп тойына алмайтын адам секілді болады. Есіңде сақта жоғарғы қол төменгі қолдан жақсы³¹³”, - деді.

Хаким сөзін былай жалғастырды:

Сонда мен: “Иә Аллаһтың елшісі, сені ақиқатпен Жібергеннің атымен ант етемін, осы дүниеден өткенімше сенен кейін ешкімнен ештеңе алмаймын!”, - дедім.

Сосын³¹⁴ былай делінеді: Бірде Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, әскери олжадан оған тиесілісін ұсынған уақытта, ол оны алудан бас тартады. Осыдан кейін оны өзіне Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, шақырып алып бір нәрсе бермекші болған кезінде, ол одан да оны алудан бас тартады, Сонда Омар: “Иә мұсылмандар, куә болыңдар, мен Хакимге олжадан оған тиесілі

³¹³ Яғни, сұраушы қолдан (не алушы қолдан) беруші қол жақсы.

³¹⁴ Яғни, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлімінен кейін.

бөлігін ұсынғанымда ол алудан бас тартты”, - деді. Сонымен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кейін ол өле-өлгенше ешкімнен еш нәрсе алмай осы дүниеден өтті. **Аль-Бухари, Муслим.**

525. Хабар бойынша, Абу Бурда, Абу Муса аль-Ашъаридың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын естіген:

Бірде біз алтауымыз³¹⁵ Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге жорыққа шықтық та, сонда біздің кезек-кезек мінген бір түйеміз болды. Сонда (жаяу жүргеннен) біздің табандарымыз желінді, менің де табаным желініп тырнақтарымнан айрылдым. Біз аяқтарымызды шүберекпен орадық, сондықтан бұл жорықтың аты “Зат ар-рика”³¹⁶ аталды.

Абу Бурда сөзін былай жалғастырды:

Сосын маған (айтқаны) жайлы өкініп: “Мен мұны артынан ол жайлы айтсын деп жасаған жоқпын!”, – деп, оның істеген амалдары жайлы

³¹⁵ Абу Мусаның туыстары не болмаса руластары жайлы айтылса керек.

³¹⁶ «Зат ар-рик», сөзі арабшадан жамау, деп аударылады. Дегенмен бұл жорық бұлай аталуының басқа себептері бар екендігі хабарланады.

сөз болуын қаламағанын байқатты. **Аль-Бухари, Муслим.**

526. Хабар бойынша, Амр бин Тағлиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ақша /не тұтқындарды/ жеткізген кезде ол оны біріне бір нәрсе беріп, ал енді біріне еш нәрсе бермей адамдардың арасында бөлді. Сосын оған еш нәрсе берілмегендер оны жазғырып жатқанын есітіп, ол алдымен Аллаһқа мақтаулар айтып, Оған шүкіршіліктер айтып, ал содан соң былай деді:

Содан соң: Аллаһтың атымен ант етемін мен біреуге бір нәрсе беремін де, басқаны құр қалдырамын, бірақта құр қалдырғандарыңды бергендерімнен артық жақсы көремін! Мен жүректеріңде кемшілік пен сабырсыздық (халь) барларыңа беремін, ал басқаларыңды, Аллаһтың жүректеріне салған игілігі мен байлығына сеніп тасырамын және солардың ішінде – Амр бин Тағлиб (бар).

Амр бин Тағлиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол сөзін былай жалғастырады:

Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздерін қызыл түйелерге де айырбастамас едім! **Аль-Бухари.**

Халь дегеніміз уайымдаудың ең ауырын айтады. Және бұл жайында – тынымсыздық деп те айтады.

527. Хабар бойынша, Хаким бин Хизам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жоғарыдағы қол төмендегі қолдан жақсы³¹⁷. (Садақа беруді) өзіңнің қарамағыңдағы, кімді қамтамасыз етуге тиістісің солардан баста, ал садақаның жақсысы – ол молшылықтан (яғни бар кезінде) берілген садақа. Кім сұрамшылықтан өзін тыйуға ұмтылса, Аллаһ оған ешкімнен ештеңе сұрамайтын жағдайын жасайды, ал Аллаһтың өзіне бергенімен ғана қанағат ететіндерді, Аллаһ басқалардан мұңсыз етеді. **Аль-Бухари, Муслим, бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы беріліп тұр, ал Муслимнің нұсқасы бұдан қысқа.**

³¹⁷ Беруші қол алушы қолдан қайырлы.

528. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Муъавийи Абу Суфиан Сахара бин Харб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сұрамшылықта табандылық көрсетпендер, өйткені Аллаһтың атымен ант етемін, егер кімде-кім менен өзінің сұрамшылығымен менің бергім келмеген нәрсені беруіме мәжбір етсе, онда менің бергенім оған игілік әкелмейді!

Муслим.

529. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Ауф бин Малик аль-Ашджаби, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз он /не тоғыз, не сегіз, не жеті/ кісі шамасында Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге отырған кезімізде, ол бізге: “Сендер Аллаһтың елшісіне ант бересіңдер ме?”, - деді. Ал біз болсақ жуырда ғана оған ант берген болатынбыз, сондықтан: “Біз саған ант бергенбіз, иә Аллаһтың елшісі!”, - дедік. Бірақта ол тағы да: “Сендер Аллаһтың елшісіне ант бересіңдер ме?”, - деп сұрады. Сонда біз: “Біз

саған ант бермеп пе едік, иә Аллаһтың елшісі, енді не жайында ант берейік?”, - деп қолдарымызды оған соза бастадық. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһқа ғана құлшылық етіп, одан басқа ешкімге құлшылық етпеуге, бес уақыт намаз оқуға, толығымен бойұсынуға”, - деді де, содан кейін сыбырлап: “Және адамдардан еш нәрсе сұрамауға!”, - деді. Сосын мен осыны естігендердің кейбіреуінің, қамшысын түсіріп алып, бірақта ешқашан³¹⁸ оны көтеріп беруін ешкімнен сұрамайтынын көрдім. **Муслим.**

530. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кез-келгендерің адамдардан ерсілі-қарсылы сұрай бергендерің, Аллаһты, бетінде бір түйір еті болмай кездестреді³¹⁹.

Аль-Бухари, Муслим.

³¹⁸ Ат үстінде отырып түсіріп алғандары жайлы.

³¹⁹ Бұл дегеніміз, Ахиретте ондай адам Аллаһпен, бетін жоғалтып қорланған күйде кездеседі.

531. Хабар бойынша, Абдуллаһе бин Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мінберден хұтпа айтып тұрған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, садақа және ұстамдылық жайлы айтып тұрып сөзінің арасында: "Жоғарыдағы қол төменгі қолдан жақсы. Жоғарыдағы қол ол беруші қол да, ал төмендегі қол ол алушы қол", - деп айтты. **Аль-Бухари, Муслим.**

532. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, адамдардан өзінің дүниесін көбейту үшін сұрайтындар, өздеріне қызып тұрған шоқ сұрап жатыр: сондақтан ол өзіне көбірек, не азырақ алуға тырыссын³²⁰. **Муслим.**

533. Хабар бойынша, Самур бин Жундуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

³²⁰ Яғни, адамдардан оған мұқтаж болмаса да бет алды сұрай берген, Ахиретте отпен азапталады, сондықтан ол азабын көбейтсе де, не азайтса да, не болмаса азаптан құтыламын десе де өз еркі, делініп жатыр.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сұрау адамның өзінің бетінде өзі тырнаған сызат³²¹ секілді, егерде ол басқарушыдан сұрамаса не болмаса одан басқа шарасы қалмаса. **Ат-Тирмизи “жақсы хадис”**, деп келтіреді.

534. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам өзінің мұқтажынан ешқашан құтыла алмайды егер ол адамдардан көмек сұрайтын болса, ал егер кім Аллаһтан сұрайтын болса, онда Аллаһ ерте ме еш пе оның ризығын жібереді. **Абу Дауд, ат-Тирмизи “жақсы хадис”**, деп келтіреді.

535. Хабар бойынша, Саубан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Мен оның Жәннәтқа кіруіне кепіл болуым үшін, кім маған адамдардан

³²¹ Тырнаудан қалған із.

еш нәрсе сұрамайтындығына кепіл бола алады?”, - деп сұрады, сонда мен: “Мен!”, - дедім.

Артынан расында ол ешкімнен еш нәрсе сұрамады, делінеді. **Бұл хадисті Абу Дауд сенімді иснадпен келтіреді.**

536. Хабар бойынша, Абу Башр Қабиса бин аль-Мухарик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен біреудің төлемін өтеуді мойныма алдым да, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп төлемді өтеуде көмектесуін сұрадым. Сонда ол: “Осында бізге садақаны жеткізгенше тұра-тұр, сол кезде саған сенің сұрағаныңды бергіздіреміз, - деді де сосын былай деді: “Иә Қабиса, үш (түрлі) адамға ғана сұраушылық рұқсат етілген, олар: өзінің мойнына төлемді өтеуді жүктегенге, - мұндай адамға төлемді өтеу үшін сұрауға болады, бірақ содан соң ол (мұндай сұраудан, не істен) тартынуы керек; бүкіл дүниесіне опат әкелген қайғысы бар адамға – мұндай адамға күн көруі үшін сұрауға болады; ең соңғысы кедейленгені соншама, оның ақыл есі дұрыс үш руласы: “Мынау пақырлыққа дейін (тым) кедейленіпті!”, - десе – сол адамға күнін көру

үшін сұрауға болады, ал бұдан басқа бүкіл сұраушылыққа рұқсат жоқ, ал кімде-кім осындай сұраумен бір нәрсе алса, онда ол тыйым салынған (харам) нәрсені алды!” **Муслим.**

537. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдарды аралап бір-екі бөлік тамақ, не бір-екі құрма алған кедей емес, шындығында кедей – ол адамдардан сұрауға мұқтаж бола тұрып, бірақ адамдар оның мұқтаж екенін ол сұрамағандықтан білмейтін адам. **Аль-Бухари, Муслим.**

58 ТАРАУ

Адамға өзі сұрамай және оны алуға ұмтылмай келген нәрсені алуға болатындығы жайлы.

538. Хабар бойынша, Салим бин Абдуллаһ бин Омар өзінің әкесі Абдуллаһ бин Омардан әкесі Омардың, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың елшісі маған жиі силықтар беріп тұратын да, мен: “Бұны осыған менен гөрі мұқтаждарға бер”, - дейтінмін, бірақта ол бір жолы былай деді: “Бұны ал. Егер саған осы дүниеден сен оны сұрамай, сенің қалауыңсыз бір нәрсе тиетін болса, онда сен оны ал да иемден, сосын қаласаң оны кәдеңе жарат, ал қаласаң садақа ретінде мұқтаждарға тарат, ал бұдан басқаның бәріне ұмтылма^{322!}”

Сәлим сөзін былай жалғастырды:

Содан соң Абдуллаһ бин Омар ешкімнен ештеңе сұрамайтын да, ал оған сыйлаған нәрседен бас тартпайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

59 ТАРАУ

Ешкімнен сұрамай өз еңбегімен табыс тауып өмір сүруге ұмтылдыру және сыйлық алуға ұмтылмау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

³²² Яғни, сенің қалауыңсыз келмесе.

«Намаз өтелген кезде, жер жүзіне таралыңдар да Аллаһтың мәрхеметінен несібе іздендер...» **«Жұма» сүресі, 10 аят.**

539. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ аз-Зубайр бин аль-Аууама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендерден кез келгеніңе арқан алып, тауға барып иығында отын көтеріп келіп, базарда сатып, сол арқылы Аллаһ оны мұқтаж қылмағаны, оған бірі беріп, ал екіншісі бермейтін адамдардан сұрағаннан артығырақ!
Аль-Бухари.

540. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендерден кез-келгеніңе бір бау отын шауып, оны арқасына көтеріп келгенің, бірі беріп, ал екіншісі бермейтін адамдардан сұрағаннан артығырақ! **Аль-Бухари, Муслим.**

541. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дауд (пайғамбар) оған Аллаһтың сәлемі болсын, тек қана қолымен жасап (сатқанымен) ғана тамақтанған. **Аль-Бухари.**

542. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Закария, оған Аллаһтың сәлемі болсын, ағаш ұстасы болған. **Муслим.**

543. Хабар бойынша, аль-Мақдам бин Маъдикариб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің қолымен жасап тапқанымен жеген тамақтан артық тамақты ешкім жеген емес, Аллаһтың пайғамбары Дауд, оған Аллаһтың сәлемі болсын тек қана қолымен жасап (сатқанымен) ғана тамақтанған. **Аль-Бухари.**

60 ТАРАУ

Жомарттық, кең пейілділік және Аллаһ Тағаланың уәдесінің ақиқаттығына сеніп, сауабты істерге қаржы жұмсау жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Тиісті орынға бір нәрсе жұмсаңдар, сонда Аллаһ? Тағы есесін береді...» **«Сәбә» сүресі, 39 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Нендей хайыр берсеңдер де сонда өздерің үшін; Аллаһтың ризалығын тілеп қана берсеңдер, Аллаһ жолында беретін хайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділсіздік етілмейді.» **«Бақара» сүресі, 272 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сендер не хайыр берсеңдер, расында Алла оны біледі. » **«Бақара» сүресі, 273 аят.**

544. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың екі түрлі қасиетіне ғана қызығуға болады, олар: Аллаһ оларға көп байлық беріп, оны дұрыс жолға соңына дейін жұмсағандар және Аллаһ оларға көп білім (ақыл) беріп онымен басшылық еткендер және оны басқаларға үйреткендер. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл дегеніміз, осы екі қасиеттен басқа еш нәрсеге қызығуға болмайды деген сөз.

545. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: “Сендерден қайсыларың өзінің мұрагерінің байлығын, өзінің байлығынан артық жақсы көреді?”, - деп сұрады. Олар: “Біздің арамызда өзінің байлығын артық жақсы көрмейтіндер жоқ”, - деді. Сонда ол: “Расында, (түбінде) сендердің байлықтарың болып (Аллаһ жолында) жаратқандарың (не қолданғандарың) болады, ал (жаратпай) қалдырғандарың, мұрагерлеріңнің байлығы!”, - деді. **Аль-Бухари.**

546. Хабар бойынша, Али бин Хатим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құрманың жартысымен болса да, өздеріңді
Оттан қорғаңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

547. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, не сұралса да, ол ешқашан: «Жоқ», - деп жауап берген емес. **Аль-Бухари, Муслим.**

548. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың құлдарының оянатын әр-бір күні, көктен екі періште түсіп, олардың бірі: “Иә Аллаһ, (Сенің жолыңда) берушіге, несібеңді арттыр!”, - десе, екіншісі: “Иә Аллаһ, сараңды опат қыл!”, - дейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

549. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: “Иә Адам баласы, шығындал (бер), сонда саған да шығындалынады (беріледі)”³²³ **Аль-Бухари, Муслим.**

550. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Исламның қайсы көрінісі жақсы саналады?”, - деп сұрады. Ол: “Жақсысы болып, адамдарды тамақтандыру мен білетін және білмейтін адамдарға сәлем беру саналады,” – деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

551. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

³²³ Яғни, Аллаһтың сауабынан үміт етіп жұмсағаныңның есесі қайтарылады, деген сөз.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қырық түрлі жақсы амал бар, солардың ішіндегі ең жақсысы мұқтаж адамға сауынды ешкіні қарызға бере тұру. Аллаһтың сауабынан үміт етіп, және оны істегенге берілетін уәденің толық орындалатынына бекем сенген мұсылманды, Аллаһ әлбетте Жәннәтқа кіргізеді. **Аль-Бухари.**

552. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Адам баласы, сен үшін артық затты жұмсау оны жаныңда ұстап қалғаннан жақсы, өйткені сен өзіңе керектіні қалдырғаннан айыпталмайсың (яғни жазаланбайсың). Ал жұмсауды өзіңнің қарамағыңдағыларға беруден баста³²⁴. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

553. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

³²⁴ Яғни, жанұяңа беруден баста.

Кім Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір нәрсе сұраса, Ислам жолында ол сұрағанын міндетті түрде беретін. Бірде оған бір адам келді де, оған ол (отарлап) қой бергені соншалық, олар көлемімен екі таудың арасын толық жауып тұрғандай болды. Сонда ол адам өзінің руластарына: “Иә адамдар, тезірек Ислам қабылдаңдар, өйткені, расында Мухаммад, кедей болудан қорықпайтын адамның сыйын жасап жатыр!”, - деп келді. Сонда адам дүниеге қызығып Ислам қабылдаса да, арада біраз уақыт өтісімен ол адам үшін Ислам, бұл дүние мен бұл дүниедегенің бәрінен де абзал болып кететін. **Муслим.**

554. Хабар бойынша, Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған алып келген (олжаны) бөлгенде мен: “Иә Аллаһтың елшісі, басқалар мыналарға қарағанда бұған лайықтырақ еді!”, - дедім. Сонда ол былай деді: “Расында, олар мені, мынаның арасынан біреуін таңдауыма мұқтаж етті: олар мені сұрауларымен мазалап ақыр соңында мен оларға сұрағандарын берер

едім де, не болмаса мені сараң деп айыптар еді, ал мен болсам сараң емеспін!” **Муслим.**

555. Хабар бойынша, Жубайр бин Мутым, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бірде ол Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге Хунайннан оралған уақытында, бәдәуилер сұрауларында табандылық көрсеткендері соншалық ақыр соңында Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қараған талына ығыстырып, оның бұтақтарына шапаны ілініп қалды. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тоқтады да: “Маған шапанымды беріңдер! Егер менде осындағы тікенді бұта қанша болса, сонша мал болса, мен оны әлбетте сендерге бөліп берер едім, сонда сендер мені, не сараң, не қорқақ, не өтірікші санамас едіңдер!”, - деп айқай салды. **Аль-Бухари.**

556. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Садақа еш уақытта байлықты азайтпайды, өзгелерді кешірушіге Аллаһ даңтан басқа еш нәрсе қоспайды, және Аллаһ үшін бой ұсынып (кішірейгенді), Ұлы Аллаһ Тағала әлбетте жоғарылатады. **Муслим.**

557. Хабар бойынша, Абу Қабши Омар бин Саъад аль-Анмар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен үш нәрсе жайлы ант беремін және бір нәрселер жайлы айтамын, ал сендер болсаңдар оны естеріңе сақтаңдар! Садақа адамның байлығын кемітпейтіндігіне ант беремін, және адамға әділетсіздік көрсетіп, ал ол шыдамдылық танытса, онда Аллаһ әлбетте оның даңқын көтереді, жән егер де адам сұрамшылық есігін ашып қойса³²⁵, онда Аллаһ оның алдында кедейліктің есігін ашып қояды!

Және сендерге басқаны айтамын, ал сендер естеріңде сақтаңдар: расында, бұл дүниеде адамдардың төрт түрлі тобы бар. Олардың бірінші тобына Аллаһ оған білім және байлық берген, ал ол Аллаһтан қорқып, туған-

³²⁵ Қажетінсіз адамдардан сұрау.

туысқандарымен қарым-қатынасын үзбей және қолындағы барымен не істеу керектігін білетін Аллаһтың құлы жатады – және мұндай адам (мәңгілік өмірде) ең жақсы жағдайда болады. Ал екінші топқа Аллаһ оған білім беріп, бірақ байлық бермеген, және ол шын көңілімен: «Маған егер байлық берілген болса еді, мен пәленше істегендей істер едем», - деп, бірінші адамның ниетіндей ниет ұстанған және сол ниеті үшін (Аллаһ оны) сол адамның дәрежесіне дейін көтеретін құл жатады. Ал үшінші топқа Аллаһ оған білім бермей, бірақ байлық берген, ал ол байлықты ойланбастан Аллаһтан қорықпай туған-туысқандарымен қарым-қатынас жасамай қолданған, және қолындағы барымен Аллаһ жолында не істеу керектігін білмейтін, Аллаһтың құлы жатады – және мұндай адам (мәңгілік өмірде) ең нашар жағдайда болады. Ал төртінші топқа Аллаһ оған білім де, байлық та бермеген, және ол шын көңілімен: «Маған егер байлық берілген болса еді, мен пәленше істегендей істер едем», - деп, үшінші адамның ниетіндей ниет ұстанған құл жатады да, ол сол ниеті үшін (мәңгілік өмірде) сол адамның ауыртпалығындай ауыртпалық тартады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

558. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз қой сойғанымызда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Одан не қалды?», - деп сұрады, мен: «Жауырынынан басқа еш нәрсе қалған жоқ», - деп жауап бердім. Сонда ол: «(Демек бізге) жауырынынан басқасының бәрі қалды», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

Бұл дегеніміз олар садақа ретінде қойдың жауырынынан басқасының бәрін садақа ретінде таратып жіберіп, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның жауырынан басқасының бәрінің мәңгілік дүниеде өздеріне сақталғанын айтып жатыр.

559. Хабар бойынша, Асма бин Абу Бакр ас-Сиддик, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Торсығыңды байлама, олай істесең

(байласаң) Аллаһ та оны саған байлайды»³²⁶.
Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Жұмса да санаспа, сонда саған да толтырылады (есесі қайтарылады), және жасырма, онда Аллаһ та саған тиесіліні жасырып қояды.

560. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сараң және жомартты, кеуде мен арқаны жауып тұратын, темір (тордан жасалған) сауытпен салыстыруға болады. Жомарт адам жайлы айтатын болсақ ол не жаратса да оның сауыты кеңіп, оның аяғындағы саусақтарына дейін жетіп, керек десеңіз (сүйретілгеннен) іздерін өшіретін халге жетіп, денесін жабқанша

³²⁶ Яғни, мұқтаждарға артығынды жасырып қалмай, көмегіңді аяма, егер сен артығынды жасыратын болсаң, онда Аллаһ та сенің несібеңді жасырады, не азайтады.

ұзара береді³²⁷. Ал сараң жайлы айтатын болсақ, ол бір нәрсе жаратуға ниет еткен сайын, оның саутының торлары өзінің орнына бекемделеді де, ол қанша оны ұзартқысы келсе де, ол ұзармайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

561. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім игілікпен тапқан дүниесінен садақа беретін болса – ал Аллаһ болса игіліктен басқаны қабыл алмайды, – Аллаһ оны Өзінің оң қолымен алады да, содан соң оны сендер әр қайсысың өзінің құлынын қалай өсіретін болса, ол садақаны берген адам үшін тура солай таудай болғанша өсіреді. **Аль-Бухари, Муслим.**

562. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

³²⁷ Яғни, мұқтаждарға бергеннен берушінің кішігірім күнәләрі кешіріледі.

Бірде бір адам шөл далада келе жатып бұлттың арасынан: «Пәленшенің бағын суғар!», - деген дауыс естиді де, артынша бұлттар келе жатқан бағытын өзгертіп, қара тастақ жерге тоқтап жаңбыр болып жауады, одан аққан су бір арықты құрайды. Жолаушы аққан судың бағытымен жүріп отырып, өзінің бағының жанында күрегімен суды керек бағытына бұрып жатқан адамды көреді. Жолаушы одан: «Есімің кім?», - деп сұрайды. Ол: «Пәленше», - дегенде, ол есім бұлттың арасынан шыққан есім болып шығады. Ол адам жолаушыдан: «Иә Аллаһтың құлы, сен неге менің есімімді сұрадың?», - дейді. Жолаушы: «Расында, мен бұлттың арасынан: «Пәленшенің бағын суғар», - деген дауыс естідім және ол дауыстың айтқаны сенің есімің болып шықты, сондықтан мен сенің мұндай абыройға қалайша ие болғаныңды білу үшін келдім?», - дейді. Ол: «Сен сұраған соң, бұл жайында айтайын: расында, бұл бақтан шыққан өнімді жинап алып, оның түсімін санап, оның үштен бірін жарлыларға беремін, үштен бірін өзіме қалдырамын, ал үштен бірін өзіне қайтарамын³²⁸», - деп жауап береді. **Муслим.**

³²⁸ Яғни, үштен бірін бақтың мұқтажына жұсаймын.

61 ТАРАУ

Қаттылық және сараңдылық жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ал енді кім сараңдық істесе, елемесе, Жақсылықты жасынға шығарса; Сонда оның ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз. (Тозаққа) жығылған сәтте оны, оның малы оған пайда бермейді.» **«Лейл» сүресі, 8-11 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Кім нәпсісінің сараңдығынан сақсынса, міне олар құтылушылар.» **«Тағабун» сүресі, 16 аят.**

Бұл тарауға қатысты хадистер жайлы айтатын болсақ, онда олардың көбі алдыңғы тарауда келтірілді.

563. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әділсіздіктен қорқындар, өйткені әділсіздік Қияметте қараңғы түнек болып келеді, және сараңдықтан қорқындар, өйткені сендерге дейін өмір сүргендерді сараңдық, бірі-бірінің қанын

төгуге және тыйым салынған нәрселерді орындауға түрткі болып, құртқан. **Муслим.**

62 ТАРАУ

Жоғары бағалау және жұбаныш жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді...»
«Хашыр» сүресі, 9 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Тамақты жақсы көре тұра міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді.³²⁹» **«Инсан» сүресі, 8 аят.**

564. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келіп: «Мен

³²⁹ Бұл жерде мынадай мағына болуы да мүмкін: «Оны (Аллаһты) жақсы көргеннен олар жарлығы, жетімге, тұтқынға береді.»

(әбден) тозып біттім³³⁰!», - деді. Мұны естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біреуді өзінің әйелдерінің біріне (оған тамақ берсен деп) жібереді, бірақ ол: «Сені ақиқатпен Жібергеннің атымен ант етемін, менде судан басқа еш нәрсе жоқ!», - деді. Сонда оны басқа әйеліне жібергенінде ол әйелі де сол секілді сөздерді айтты, соңынан ол оның барлық әйелдерін аралап шыққанында оларда сол секілді: «Жоқ, сені ақиқатпен Жібергеннің атымен ант етемін, менде судан басқа еш нәрсе жоқ!», - деген сөздерді айтумен болды. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мына адамды түнемекке кім қабылдайды?», - деп сұрады. Сонда бір ансар: «Мен, иә Аллаһтың елшісі» - дейді де, оны үйіне алып келіп, әйеліне: «Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қонағына құрмет көрсет», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, ансар әйеліне: «Сенде бір нәрсе бар ма?», - дейді. Ол: «Менің балаларыма беретін астан басқа еш нәрсем жоқ», - дейді. Сонда ансар: «Балаларды бір нәрсемен алдандыра тұр, ал егер олар тамақ жегісі келсе

³³⁰ Яғни, аштық пен мұқтаждықтың ең ауыр шегіне жеттім, деп тұр.

ұйықтауға жатқыз, ал қонақ келген кезде шамды өшір де біз де тамақ жеп жатқан секілді қыл», - деді. Содан соң олар өздерінің орындарына отырды да, қонақ тамақ жеп болған соң (өздері) аш қарынға жатты. Ал таңертең үйдің иесі Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын; келген уақытында ол: «Аллаһ сендердің бүгінгі түнде қонақтарыңмен қалай шығысқандарыңа ғажап болды!», - деді

«Ғажаб» - таңырқау, Аллаһтың сипаттарының бірі. Бұл жерде Аллаһ риза болды деген мағынада айтылып тұр.

565. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екеудің тамағы үшеуге де жетеді, ал үшеудің тамағы төртеуге де жетеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, арқылы Муслим келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Біреуге жеткен тамақ екеуге де жетеді, екеуге жеткен тамақ төртеуге де жетеді, ал төртеуге жеткен тамақ сегізге де жетеді.

566. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге сапарда болған кезімізде, бізге түйеге мінген бір адам келді де оңға және солға қарай бастады³³¹. Мұны көрген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Артық мініс малы бар, малы жоққа берсін, және артық азығы бар, азығы жоққа берсін», - деп, ол біз ешқайсысымыз артық еш нәрсе ұстамауымыз керек екендігін түсінгенімізше, дүние-мүліктерді еске салғандарын, еске салды (не болмаса еске салуын тоқтатпады – аударушыдан). **Муслим.**

567. Хабар бойынша, Сахл бин Саъад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

³³¹ Бұл адам кедей болатын, сондықтан біреуден көмек сұрамақшы болып жан-жағына қарап жатты.

Бірде бір әйел Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тоқылған бүркеме әкеліп берді де: «Мен бұны саған сыйлау үшін өзім тоқыдым», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны қабылдады, өйткені бүркемеге сол кезде мұқтаж болатын. Сосын ол бүркемені изар ретінде орап бізге шыққан уақытында, бір адам оған: «Бұны маған сыйлашы! Ол неткен тамаша!», - деді. Бұны естіген Аллаһтың елшісі: «Иә», - деді де, жиналған адамдармен бірге отырды, сосын үйіне қайтып келіп, бүркенішін орап сол адамға беріп жіберді. Адамдар оны: «Сен дұрыс істемедің! Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны мұқтаж болған соң киді, ал сен болсаң ол ешкімнің қолын қайтармайтынын біле тұра сұрадың!», - деп айыптай бастады. Ал ол болса жауап ретінде: «Расында, Аллаһтың атымен ант етемін, мен бүркенішті киу үшін сұрағаным жоқ, оны (өлгенде) кебін қылу үшін сұрадым!», - деді.

Сахл сөзін былай жалғастырды:

Артынан ол ораныш шынымен-ақ оған кебін ретінде бұйырды. **Аль-Бухари.**

568. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, ашъариттарда әскери жорық кезінде тамақпен бір қиыншылық болған уақытта, не болмаса қалада балаларына тамақ жетпей жатса, олар өздерінде барын барлығы бір шүберекке жинайтын да, одан кейін оны бір ыдыспен өлшеп бәріне теңдей бөлетін. Мен солар сияқтымын, ал олар мен сияқты. **Аль-Бухари, Муслим.**

63 ТАРАУ

Мәңгілік өмірге арналған істерде жарысу және өзімен игілік әкелетін істерді көбейтуге талпыну жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Оның сарқыны жұпар аңқиды.
Жарысушылар осыған жарыссын»
«Мутафиффин» сүресі, 26 аят.

569. Хабар бойынша, Сахл бин Саъад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сусын алып келді, ол

оны ыдыстан ішті. Сонда оның оң жағында бір жасөспірім³³² отырды да, ал сол жағында қариялар отырды. Ол жасөспірімнен: «Сен маған мына ыдысты алдымен мыналарға беруге рұқсат бересің бе?», - деді. Жасөспірім: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен сенен маған тиесіліні ешкімге бермеймін!», - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол ыдысты оған берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

570. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Аййуб пайғамбар, оған Аллаһтың сәлемі болсын, жалаңаш шомылып жатқан кезінде, оның үстіне алтын шегркелер төгіліп Аййуб оны киіміне жинай бастайды. Сонда оған оның Мәртебелі әрі Құдіретті Құдайы: «Иә Аййуб, мен сені көріп тұрғандырыңнан мұңсыз етпедім бе?», - дейді. Мұны естіген Аййуб: «Иә, Сенің Құдіретіңмен ант етемін, (бұлардың

³³² Ол жасөспірім Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бөле інісі Абдуллах Ибн Аббас болатын, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол кезде оның жасы он үшке жетпейтін.

бәрінен мені мұңсыз қылдың), бірақта Сенің сыйыңа әрқашан мұқтажбын!», - деді. **Аль-Бухари**

64 ТАРАУ

Байлығын дұрыс жолмен тауып және оны өзіне бұйырған жеріне дұрыс жұмсайтын, мырзалы байдың дәрежесі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ал енді әлде кім Аллаһ жолында берсе, тақуалық қылса, Жақсылықты дұрыс деп білсе. Сонда оның жолын оңайластырамыз.» **«Ләйіл» сүресі, 5-7 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Тақуарақ болған одан (тозақтан) алыстатылады. Сондай малын сарып қылып тазарғандар. Оның онда ешкімге берер еселі сыйлығы жоқ (яғни біреудің өзіне істеген жақсылығының ақысы үшін емес). Бірақ Ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. Сондай-ақ ол таяуда разы болады.» **«Ләйіл» сүресі, 17-21 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Егер садақаларды көрнеу (ашық) берсеңдер, сонда ол қандай жақсы. Егер оны жасырын беріп кедейлерге берсеңдер, әрине сендер үшін сонда да жақсы. Аллаһ сендердің күнәләріңді жарылқайды. Сондай-ақ Аллаһ істегендеріңді толық білуші» **«Бақара» сүресі, 271 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар? Не берсеңдер де Аллаһ оны толық біледі. **«Аль Имран» сүресі, 92 аят.**

Аллаһ жолында қаржы жұмсаудың дәрежесі жайлы аяттар көп.

571. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың екі түрлі қасиетіне ғана қызығуға болады, олар: Аллаһ оларға көп байлық беріп, оны дұрыс жолға соңына дейін жұмсағандар және Аллаһ оларға көп білім (ақыл) беріп онымен басшылық еткендер және оны басқаларға үйреткендер. **Аль-Бухари, Муслим.**

572. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың екі түрлі қасиетіне ғана қызығуға болады, олар: Аллаһ оған Құран бұйыртып, оны күндіз-түні оқыған және Аллаһ оған көп байлық беріп оны күндіз-түні жұмсағандар. **Аль-Бухари, Муслим.**

573. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мұхаджирлердің ішіндегі кедейлері Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Көп байлық иелері ең жоғары мәртебелерге ие болды және өздеріне мәңгілік бақыт тапты!», - деді. Бұны естіген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Не жайлы айтып жатырсыңдар?», - деп сұрады. Олар: «Олар біз секілді намаз оқиды, біз секілді ораза ұстайды, бірақта олар садақа береді, ал біз болсақ бере алмаймыз, және олар құл босатады, ал біз болсақ бұны істей алмаймыз!», - деді. Бұл сауалдарына Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын: «Сендерге өздеріңнен озып кеткендерді қуып жетуге мүмкіншілік беретін, бір амалды үйретейін бе, сонда оны орындасандар сендерді ешкім қуып жете алмайды, ал қуып жететіндер, тек сол амалды орындағандар ғана болады?», - деді. Олар: «Әрине, иә Аллаһтың елшісі!», - деді. Сонда ол: «Әр намаздан кейін отыз үш реттен Субхана-Аллаһ (Аллаһ пәк) Әлхамду лил-Ләһ (Аллаһқа мақтау, шүкіршілік), Аллаһу Акбар (Аллаһ Ұлы), деп қайталау», – деді. (Арада біраз уақыт өткен соң) кедейлер тағы да: «Біздің бай бауырларымыз, біздің істеп жүрген амалдарымызды есітіп, олар да соны істейтін болды!», - деп келді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл, Аллаһтың қалағанына беретін ілтипаты...³³³», - деді.

65 ТАРАУ

Өлімді әрдайым есте сақтау және болашаққа көп үміт артпау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

³³³ «Мәида» сүресі, 54 аят.

«Әркім өлімді татады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылады. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі.» **«Аль-Имран» сүресі, 185 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін білмейді...» **«Лұқман» сүресі, 34 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Ал қашан олардың мерзімі келсе, олар оны бір сәтке кейіндете алмайды да, ілгерілете алмайды.» **«Нахыл» сүресі, 61 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер, сендерді малдарың, балаларың Аллаһты еске алудан тоспасын. Әлде кім бұны істесе, міне солар зиян тартушылар. Сендерден біреулеріңе өлім келіп: «Раббым, мені бір жақын мерзімге дейін кешіктірсең садақа беріп, ізгілерден болсам», - деуден бұрын, өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны әсте кешіктірмейді және Аллаһ, істегендеріңді толық біледі.» **«Мұнафиқун» сүресі, 9 - 11 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: «Раббым, мені дүниеге қайтар!» «Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін.» Әсте олай емес. Рас бұл, оның айтқан бір сөзі. Өйткені олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар. Қашан сүр үрілсе, сол күні олардың араларында туыстық (байланыс) жоғалып, бір-бірін сұраспайды. Ал сол күні, кімнің таразысы ауыр тартса, міне солар құтылушылар. Ал және кімнің таразысы жеңіл тартса, міне олар өздерін зиянға ұшыратқандар. Олар тозақта мүлде қалады. Олардың беттерін от өртеп, олардың онда тістері ақсиып қалады. «Өздеріңе аяттарым оқылғанда оны жасынға шығармадыңдар ма?» Олар: «Раббым, сорымыз жеңіп, адасқан бір ел екенбіз ғой», - дейді. (Олар:) «Раббымыз, бізді бұдан шығар! Сонда егер қайта күнәкәр болсақ, шын залымбыз»(, - дейді). Оларға: «Сонда сіңіп жоғалыңдар! Маған сөйлемендер», - дейді. Құлдарымнан бір бөлігі: «Раббымыз, иман келтірдік, бізді жарылқа! Және бізге мархемет ет. Сен мархемет етушілердің ең жақсысысың», - дейтіндер бар еді. Сонда сендер оларды келемежге алып едіңдер. Хатте оларға күлулерің Мені еске алуларыңды мүлде ұмыттырған еді. Рас бүгін Мен оларды сабыр

еткендіктері себепті сыйлыққа бөледім. Олар анық мұратқа жеткендер... Аллаһ оларға: «Сендер жер жүзінде қанша тұрдыңдар?», - дейді. Олар: «Бір күн немесе тағы аз уақыт тұрдық. Санаушылардан сұра» – дейді. Ол: «Егер білген болсаңдар аз ғана-ақ тұрдыңдар. Расында, Біз сендерді босқа жаратып, Бізге қайтарылмаймыз, деп ойладыңдар ма?!» - дейді. **«Мүминун» сүресі, 99 - 115 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсап әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар.» **«Хадид» сүресі, 16 аят.**

574. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің иығымнан ұстап: “Бұл дүниеде бөтен елдік не болмаса сапардағы адам секілді бол”, - деді.

Бұл хадисті жеткізуші Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп жиі

айтатын: “Егер сен кешке дейін тірі болсаң онда таң атқанша өмір сүремін деп ойлама³³⁴, ал таң атқанда тірі болсаң онда күн батқанша өмір сүремін деп ойлама, және деніңнің саулығынан ауруыңа (қажетін) ал, ал өміріңнен - өліміңе (қажетін) ал!”³³⁵ **аль-Бухари.**

Бұл хадисті түсіндірушілер былай дейтін, бұл дүниеге сенім артпа, оны өзіңнің отаным деп ойлама, және мұнда ұзақ уақытқа қаламын деп қамданба, бұл дүниеге жат елдік кісі қалай үйірленсе сен де солай үйірлен, және үйіне оралуға дайындалған жат елдік шетте не ісетемейтін болса, сен де мұнда оны істеме, ал көмек көрсетуші Аллаһ.

575. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұраға қалдыруға тұрарлықтай дүниесі бар мұсылманға өсиет жазбай³³⁶, екі түнді де

³³⁴ Бұл дегеніміз, әлі де болса көп өмір сүремін, деп дәмеленбе, өйткені өлім кез-келген уақытта келе алады, сондықтан сауабты істерді істеуді не тәубеге келуді кейінге ысыра берме.

³³⁵ Бұл, сауабты істерді денің сау және тірі кезінде жасап ал, деген сөз.

³³⁶ Яғни, мұрасын кімде қалдыратындығы жайлы жазбай.

өткізуге рұқсат жоқ. **Аль-Бухари, Муслим, бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы келтіріліп отыр.**

Ал бұл хадистің Муслим келтірген хадисінде, Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді: ...үш түн өткізуіне...

Ибн Омар былай дейді:

Мен Аллаһтың елшісінің (осы) сөздерін естігелі бері, жазылмаған өсиетсіз бір түнді де өткізбедім.

576. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жерде бірнеше түзулер сызып былай деді: «Бұл адамның үміттері, ал мынау оның (өмірінің) мерзімі, ол осындай жағдайда жүрген уақытында³³⁷, оған ойламаған жерден ең жақын сызығы келеді³³⁸. **Аль-Бухари.**


³³⁷ Яғни, бір нәрсеге үміттеніп жүргенінде

³³⁸ Соңғы сызығы, яғни өлім.

577. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төрт бұрыш сызды да, ортасынан оның сыртына шығып тұратын бір түзу сызық жүргізді, одан соң сол ортадағы сызыққа дейін жетіп тоқтайтын кішігірім сызықтар сызды да сосын былай деді: «Бұл – адам; оны жан-жағынан қоршап тұратын – оның мерзімі, ал сызықтың ар жағына шығып тұрған – оның үміті. Ал мына кішігірім сызықтар – ол душар болатын тағдыр тауқыметтері, сонда ол бірінен құтылса екіншісі оны тісімен ауыздайды да, ал екіншісінен құтылса оны біріншісі тісімен ауыздайды. **Бұл хадисті төмендегі суретпен аль-Бухари келтіреді:**

Мерзімі



578. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге жеті түрлі бәле келмей тұрып сауабты істеріңді орындап алыңдар. Сендер бәрін ұмыттыратын кедейліктен, не болмаса азғырушы байлықтан, не болмаса қапыда қалдыратын аурудан, не болмаса сөздеріңнің дәмін кетіретін қаусаған кәріліктен, не болмаса кенеттен келген ажалдан, не болмаса залымдықтың ішіндегі ең сорақысы Джалдан, не болмаса дүниенің бәрінен де ауыр әрі ащысы Ақіреттен басқаны күте аласыңдар ма?»
Бұны ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.³³⁹

579. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, **өлім жайлы** былай деп айтқанын жеткізді:

³³⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Рахатты тоқтатушыны көбірек еске алыңдар.
**Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп
 келтіреді.**

580. Хабар бойынша, Убайй бин Қаъб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Түннің үштен бір бөлігі өткен уақытында Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұйқысынан тұрып: «Иә адамдар, Аллаһты естеріңе алыңдар! Бірінші сүрдің үрілетін уақыты келді, оның артынан екінші сүрдің уақыты келеді! Өзіне тән қасиеттерімен ажал келді, өзіне тән қасиеттерімен ажал келді!³⁴⁰», - деді.

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, мен сен үшін дұға жасаймын, бірақта оның қаншасын саған бағыштауым керек?» – деп сұрадым. Ол: «Қалағаныңша», - деп жауап берді. Мен: «Төрттен бірін бе?», - деп сұрадым. Ол: «Өзің білесің, бірақ қоссаң сен үшін жақсырақ», - деді. Мен: «Жартысын ше?», - дедім. Ол: «Өзің білесің, бірақ қоссаң сен үшін жақсырақ», - деді. Мен: «Үштен екісін ше?», - дедім. Ол: «Өзің білесің, бірақ қоссаң сен үшін жақсырақ», - деді. Мен: «Онда мен дұғамның бәрінде, тек сен үшін

³⁴⁰ Яғни, бүкіл үрейлі қиыншылығымен, ажал жақын.

Аллаһтан сұраймын!», - дедім. Бұған ол: «Онда сен бүкіл уайымнан арыласың және сенің бүкіл күнәләрің кешіріледі!», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

66 ТАРАУ

Ер кісілерге мазарды³⁴¹ зиярат етудің тиімділігі және ол жерге келген адамның не айту керектігі жайлы.

581. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұдан бұрын мен сендерге мазарларды зиярат етуге тыйым салатынмын, енді оны істеуге рұқсат етемін! **Муслим.**

582. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің үйімде өткізген әр түнінде

³⁴¹ Мазар (мола) – адам жерлейтін жер.

аль-Бакиге³⁴² шығып, былай дейтін: “Сендерге сәлем, иә имандылардың мекендерінде тұрақтаушылар, сендерге уәде етілген орындалды, расында, ертең мерзіміміз жетісімен Аллаһ жазса, біз де сендерге қосыламыз. Иә Аллаһ, Баки аль-Гаркадтта жатқандарды кешір! /Ассаламу ьалекум, ахдаддияри мин аль-муминина уаль-муслимина! Уа инна ин шаъа-Ллаһу бикум ляхикуна, асьалю-Ллаһу ляна уалякум ляхыкуна, асьалю-Ллаха ляна уа лякумаль-ъафийата!/³⁴³ **Муслим**

583. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бізге Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мазардың жанынан өтетін болсақ, былай деп айтуды үйрететін:

«Иә осында жатқан мүмин мұсылмандар, сендерге сәлем! Расында, Аллаһ қаласа біз де сендерге қосыламыз, Аллаһ сендер үшін және біз үшін құтқаруды сұраймын!» /Ас-саләму 'аляй-кум, ахля-д-дийари мин аль-му'минина ва-

³⁴² Аль Баки не, Баки аль-Гаркад – Мединадағы мазардың аты.

³⁴³ «Мұсылман қорғаны» кітабында араб әріптерімен №165 дұғада келтірілген – аударушыдан..

ль-муслимина! Уа инна ин ша'а-Ллаху би-кум
ляхы-куна, ас'алю-Ллаха ля-на ва ля-кум аль-
'афийата! / **Муслим.**

584. Хабар бойынша, Ибн Аббастың, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Мединадағы мазардың жанынан өтіп бара жатып, бетін сонда бұрып былай деді: “Иә мазарда жатқандар, сендерге сәлем! Сендер бізден ерте кеттіңдер, біздер сендердің сондарыңнан барамыз! /Ассаляму ьалейкуи, ва ахляль-кубури! Йағфири-Ллаху ляна уа лякум! Антум сляфуна, уа нахну биль-асари./ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.³⁴⁴**

67 ТАРАУ

Қиыншылыққа душар болғаннан (өзіне) өлім тілемеу, бірақта діннен шығып кетуден

³⁴⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

қорқып өлім тілегеннің зияны жоқтығы жайлы.

585. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден еш қайсысың өзіне өлім тілемесін, егер ол игілікті істер жасап жатса бәлкім оны көбейтер, ал егер бір жамандық (күнә) жасап жатса бәлкім тәубесіне келер. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жарде аль-Бухаридің нұсқасы беріліп тұр. Ал бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:**

Сендерден ешкім өзіне өлім тілемесін және ол (өлім) өзі келмейінше шақырмасын. Расында егер ол өлсе оның бүкіл амалдары тоқтайды, ал имандының өмірі тек игілік әкеледі.

586. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім оған келген қайғыдан өзіне өлім тілемесін, ал егер оның одан басқа шарасы қалмаса былай десін: “Иә Аллаһ, менің өмірім мен үшін қайырлы болса, онда оны ұзарт, ал егер мен үшін өлім қайырлы болса онда маған өлім жібер!” /*Аллаһумма, ахййуни ма қянат аль-хаййату хайран ли, уа таууафани иза кянат аль-уафату хайран ли*/ **аль-Бухари, Муслим.**

587. Хабар бойынша, Хайз бин Абу Хазим, былай деді:

Бірде біз ауырып жатқан Хаббаб бин аль-Арраттың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, көңілін сұрауға кірдік. Оның денесіне жеті жерінен емдік күйдіру жасапты да ол бізге былай деді: “Бізден бұрын кеткен жолдастарымыздан, бұл дүние еш нәрселерін ала алмады³⁴⁵, ал біз жайлы айтатын болсақ, расында бізге тиесілі болған байлықтың көптігі соншалық оған жердің астынан басқа орын таппадық³⁴⁶! Егер Пайғамбар өлім тілеуді харам етпесе еді, онда мен, расында, оны тілеген

³⁴⁵ Олар бұл дүниеден ерте кетіп бұл дүниедегі еш нәрсе олардың сауабтарын кеміте алмады, дегені.

³⁴⁶ Яғни, байлықтың көп болғаны соншама, оны тек жердің астына ғана көміп ұрлықтан сақтауға болатын еді.

болар едім!” Ал сосын біз оған ол дуал соғып жатқан уақытында келіп, ол мынаны айтты: “Расында, мұсылманға жерге көміп тастағанынан басқа, бүкіл жұмсан дүниесі үшін сауаб бар!” **аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы келтіріліп тұр.**

68 ТАРАУ

Ізгілік жайлы және күмәнді нәрселерден бас тарту жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...оны жеңілге санадыңдар. Ал Аллаһтың жанында зор іс еді.» **«Нұр» сүресі, 15 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде Раббың әлбетте бақылаушы.» **«Фәжір» сүресі, 14 аят.**

588. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, рұқсат етілген нәрселер анық және тыйым салынған нәрселер анық, ал осы екеуінің арасында көп адамдар біле бермейтін күмәнді нәрселер бар. Күмәнді нәрселерден сақтанғандар, діні үшін және абыройы үшін одан өзін тазартады, ал күмәнді істермен айналысатын, малын қорықтың³⁴⁷ жанында бағатын бақташы секілді. Бақташының малы қорыққа түсуге қандай жақын тұрса, күмәнді істермен айналысушы да, тыйым салынған нәрселерге ұрынуға сондай жақын тұрады. Расында, кез-келген әміршінің өзінің қоритын жері бар, Ал Аллаһтың қорығы, Оның тыйым салғандары. Расында, адамның денесінде жұдырықтай ет бар, егер ол жақсы болса, онда оның бүкіл денесі жақсы болғаны, ал егер ол жарамсыз күйге келсе, онда ол бүкіл денені бүлдіреді, расында, ол (ет) – жүрек. **Бұл хадисті аль-Бухари мен Муслим түрлі-түрлі нұсқалармен келтіреді.**

589. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жол бойында құрма тауып алып: “Егер мен мұны садақаның бір бөлігі ме

³⁴⁷ Қорық – тыйым салынған жер.

деп, қорықпағанымда, онда оны әлбетте жеп қояр едім”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

590. Хабар бойынша, Ан-Наууас бин Симъан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ізгілік дегеніміз әдептілік, ал күнә дегеніміз, сенің жан дүниеңді мазалап және оны басқаларға білдірткің келмейтін нәрсе.
Муслим.

591. Хабар бойынша, Убис бин Маъбад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, ол менен: “Сен ізгілік жайлы сұрайын, деп келдің бе?”, - деді. Мен: “Иә”, - дедім. Сонда ол былай деп айтты: “Ол туралы өзіңнің жүрегіңнен сұра. Сенің жүрегің мен жан дүниеңнің сенімділік сезінгені ізгілік болып саналады, ал күнә дегеніміз, ол саған адамдар рұқсат десе де, жан-дүниеңді қозғап жүрегіңді мазалайтын іс.”
Ахмад пен Ад-Дарими өздерінің

“Муснадтарында” жақсы хадис ретінде келтіреді.

592. Хабар бойынша, Абу Саруаъа Укба бин аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Абу Йхаб бин Азиздің қызына үйленген кезінде, оған бір әйел келіп:

“Расында, мен Укбаны және оның үйленген әйелін емізгенмін!³⁴⁸”, - деді. Оған Укба: “Сен мені емізгеніңді білмедім және бұл жайында маған айтпаған едің!”, - деді. Мұны естіген Укба көлігіне мініп, Мединадағы Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп осы жайға байланысты сұрақтарын қояды. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол сенің сүттес қарындасың болғаны жайлы айтылғаннан кейін, ол қалайша сенің әйелің бол алады?!”, - деді. Осыдан кейін Укба онымен айырылысып, ал ол әйел басқаға тұрмысқа шықты. **Аль-Бухари.**

³⁴⁸ Сонымен ол әйел, үйленген қызың саған сүттес қарындас болады, деп тұр, ал Исламда ондай некеге рұқсат жоқ.

593. Хабар бойынша, Аль-Хасан бин Али, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөздерінен мен мыналарды есімде сақтап қалдым: «Бүкіл күмән келтіретін нәрселерді таста да, күмән келтірмейтін нәрселерге бұрыл.» **Ат-Тирмизи «Жақсы хадис деп келтіреді.**

594. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Абу Бакр ас-Сыддықтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, құлы болатын. Алым ретінде, ол құлдың алып келгенін жейтін. Бірде сол құл бір нәрсе алып келді де, Абу Бакр оны жеді, ал содан кейін ол: “Сен бұның не екенін білесің бе?”, - деді. Абу Бакр: “Бұл не?”, - деді. Ол: “Жахил заман кезінде, нашар балшы болсам да, бір адамға бал ашып оны алдайтынмын, сол адаммен кездесіп ол сенің жегеніңді берді”, - дегенде, Абу Бакр қолын аузына салып ішіндегінің бәрін құсып тастады³⁴⁹. **Аль-Бухари.**

³⁴⁹ Исламда бал ашу, көріпкелдік - харам , сондықтан Абу Бакр оның сол жолмен тапқан асын харам санап құсып тастады.

595. Хабар бойынша, Нафиъаның айтуымен:

Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мухажирлерге төрт мың дирхемнен тағайындағанда, өзінің ұлыны үшжарым мың дирхем тағайндайды, сонда одан: “Сен неге оның табысын азайттың, ол да алғашқы мухажилерден емес пе?”, - деп сұрады. Сонда ол: “Ол хижраны ата-анасымен бірге жасады, сондықтан хижраны өз күшімен жасағандармен теңесе алмайды”, – деп жауап берді. **Аль-Бухари.**

596. Хабар бойынша, Атыйа бин Урва ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың құлы қайғы әкелер, деп жаман емес³⁵⁰ нәрседен басын тртпайынша, тақуалардан болған дәрежеге жете алмайды.

³⁵⁰ Сырт көрінісімен жаман емес болып көрінгенімен, бірақта түбі жамандыққа әкелетін істер жайлы айтылып тұрса керек.

Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы хадис”, деп келтіреді³⁵¹.

69 ТАРАУ

Адамдардың арасында бұзақылық көбейгенде және өнегеліктің төмендеген уақытында не болмаса харам, күмәнді істерге арбалудан және тағы басқаларынан діні үшін қорқып бөлектенудің тиімділігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мухаммад, оларға:) Аллаһ жаққа жүгіріңдер. Сөссіз мен, оның тарапынан ашық ескертушімін, де» **«Зәрят» сүресі, 50 аят.**

597. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ ізгіниетті, мұңсыз³⁵² және байқалмайтын³⁵³ құлын жақсы көреді. **Муслим.**

³⁵¹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

³⁵² Яғни, адамдардан еш нәрсе сұрамайтын.

³⁵³ Яғни, адамдардан өзінің сауабы істерін жасырып адамдардан бөлектенетін, не болмаса өзін Аллаһқа құлшылық етуге толығымен арнаған адам жайлы айтылып тұр.

598. Хабар бойынша, Абу Саъид аль Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, адамдардың ішіндегі ең жақсысы кім болады?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһ жолында өзінде, дүниесінде аямай күрескен мұмин”, - деп жауап берді. Ол адам: “Ал одан соң ше?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Одан кейін – таудың бір шатқалында өзінің Раббына құлшылық ететін мұмин³⁵⁴”, - деп жауап берді.

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...Аллаһтан қорқып³⁵⁵ және адамдарды өзінің көрсете алатын жамандығынан босатып³⁵⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

³⁵⁴ Яғни, адамдардан бөлектенген (оңашаланған) адам.

³⁵⁵ Бұл жерде Аллаһқа құлшылық ету жайлы айтылып тұр.

³⁵⁶ Бұл жерде бүлікшілік пен толқулар уақыты жайлы айтылып тұр, неге десеңіз Аль-Бухаридің «Аль Адаб аль Муфрад» кітабында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай

599. Хабар бойынша, Абу Саъид аль Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жақын арада, дініне зиян тиуден қорқып таудың жаңбырлы сайларында қойын бағып жүретін мұсылман үшін, қой ең жақсы дүние болатын заман келеді. **Аль-Бухари.**

600. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Аллаһ қай бір пайғамбарды жібермесін, ол әлбетте қой баққандардан болатын.” Сонда одан сахабалары: “Ал сен ше?”, - деп сұрағанда, ол: “Иә, мен де оны меккеліктер үшін бірнеше каратқа баққанмын³⁵⁷”, - деді. **Бухари.**

деп айтқаны келтіріледі: «Адамдармен қатынаспай олардың жамандықтарына шыдамаған мүминнен, адамдармен қарым-қатынас ұстанып олардың жамандықтарына шыдаған мүмин жақсырақ.»

³⁵⁷ Яғни, аз ғана ақыға.

601. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өмір сүрудің жақсы үлгісі болып, Аллаһ жолында атының тізгінін бекем ұстап, қай жерден жан түршігерлік шу шықса³⁵⁸ сол жерге қарай соғыс іздеп не болмаса өлімді табатын жерінен өлім іздеп³⁵⁹, ұшатын (яғни шабатын) адамның өмірі жатады. Не болмас (жақсы өмір үлгісіне), өзінің азын-аулақ қойларымен сол биіктіктерде немесе жазықтықтарда, өзінің намазын оқып, зекетін төлеп, өзінің Раббына өлім келгенше құлшылық етіп, ал адамдармен тек қана игілікті істерімен ғана араласатын адамның өмірі жатады. **Муслим.**

70 ТАРАУ

Адамдармен араласқанның, олардың жұма және басқа да жамағатпен оқылатын

намаздарға және білім беретін және Аллаһты еске алатын мерекелерге және

³⁵⁸ Яғни, соғыс алаңындағы жан түршігерлік айғай-шу.

³⁵⁹ Яғни, Аллаһ жолында соғысып шаһид болып Жәннәтқа кіру үшін.

жиналыстарға қатысуы, аурулардан көңіл сұрау, жерлеу рәсімдеріне қатынасу, оларыдың ішіндегі мұқтаждарға көмектесу, олардың ішіндегі қараңғыларына тура жолды көрсету және адамдардың мүддесіне қатысты басқа да жақсы амалдарды орындау, дұрыс жолға шақырып, бұрыс жолдан қайтаратын адамдардың өздерінің басқа адамдарға жамандық көрсетпеулері және оларға жасалған әділетсіздікте шыдаудың дәрежесі жайлы.

Жоғарыда айтылған қарым-қатынасты ұстану, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және басқа пайғамбарладың да, оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және де діндар халифтердің, басқа да сахабалардың, ізбасарлардың, мұсылман ғалымдарының және мұсылмандар арасындағы жақсыларының, жоғары дәрежелі жолы болып табылатындығын біл. Бұндай өмір салтын ізбасарлар және одан кейін келгендер ұстанған және оның міндеттілігін имам аш-Шафиъи және имам Ахмад, және басқа да фақиһтер (ғұламалар) нұсқаған, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Жақсылыққа, тақуалыққа
жәрдемдесіңдер...» **«Мәида» сүресі, 2 аят.**

*Менің айтқандарыма қатысты басқа да
көптеген аяттар бар.*

71 ТАРАУ

**Мойындаушылық және адамдарға қатысты
жұмсақтық көрсету жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Мүминдерден саған ергендерге қанатыңды
жай” **“Щұғара” сүресі, 215 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мүминдер! Сендерден кім діннен шықса,
Аллаһ жедел бір қауым әкеледі, Аллаһ оларды
жақсы көреді және олар да Аллаһты жақсы
көреді. Мүминдерге байланысты жұмсақ,
кәпірлерге қарсы қатал...” **“Мәидә” сүресі, 54
аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер,
бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-бірлеріңді

тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Аллаһтың қасында ең жақсыларың, тақуаларың...” **“Хұжрат” сүресі, 13 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Сондықтан өздеріңді өздерің ақтамаңдар. Ол кім тақуа екенін жақсы біледі.” **“Нәжім” сүресі, 32 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Ағрафтағылар (бөгеудегілер) тозақтағы түрлерінен танығандарға: “Сендерге көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?”, - деп айғайлайды. (Оларға Жәннәттағыларды көрсетіп): “Бұларға Аллаһтың рахметі тимеді, деп ант ішкен адамдарың емес пе? Жәннәтқа кіріңдер. Сендерге қорқыныш жоқ әрі сендер қайғырмайсыңдар”(, - делінеді.)” **“Ағраф” сүресі, 48-49 аяттар.**

602. Хабар бойынша, Ыйыда ын Химар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, ешкім ешкімнің алдында мақтанбауы үшін және ешкім ешкімді жәбірлемес үшін, бой ұсынушылық ұстануы

қажет екендігі жөнінде маған Аллаһтан аян келді. **Муслим.**

603. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Садақа еш уақытта байлықты азайтпайды, өзгелерді кешірушіге Аллаһ даңтан басқа еш нәрсе қоспайды, және Аллаһ үшін бой ұсынып (кішірейгенді), Ұлы Аллаһ Тағала әлбетте жоғарылатады. **Муслим.**

604. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

Бірде көшеде жиналған балалардың жанынан өтіп бара жатып сәлем берді де, сосын былай деді: “Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрдайым осылай істейтін”.

Аль-Бухари, Муслим.

605. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Расында, Мединаның кез келген (күңінің) кішкентай қызы Аллаһтың елшісін, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлмі болсын, қолынан жетектеп қалаған жағына тартып алып кете алатын. **Аль-Бухари.**

606. Хабар бойынша, аль-Асуад бин Йазид, былай деді:

Бірде Айшадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің үйінде не істейтін еді?” - деп сұрады. Сонда ол: “Әдетте ол өз жанұясының тиімді істерімен шұғылданатын, ал намаздың уақыты кірген кезде, намазға шығатын”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари.**

607. Хабар бойынша, Абу Рифаъа Тамим бин Усайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде мен хұтпа айтып тұрған Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, шет елдік келіп³⁶⁰, сенен өз дінінің мәнін сұрап жатыр”, - дедім. Бұл сөздерді естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөзін бөліп маған бұрылып жақындады. Сосын оған

³⁶⁰ Шет елдік деп, Абу Рифаъа, өзі жайлы айтып тұр.

тақтайша әкеліп берді, ол болса оған отырып өзіне Аллаһ үйреткендері жайлы маған айтып үйрете бастады, сосын құтпасына қайта оралып оны аяғына дейін жеткізді. **Муслим.**

608. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеп болысымен үш саусағын жалайтын. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

“Сендерден қайсыларыңның бір бөлік астарың жерге түссе, оны шайтанға жем қылмай қоқымынан тазалап жеп қойсын”, - және ол бізге тостағандарымызды жалап жеуді әмір етіп: “Расында, сендер тамақтарыңның қай бөлігінде игілік жасырынғанын білмейсіңдер”, - деп айтатын. **Муслим.**

609. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Аллаһ қай бір пайғамбарды жібермесін, ол әлбетте қой баққандардан болатын.” Сонда

одан сахабалары: “Ал сен ше?”, - деп сұрағанда, ол: “Иә, мен де оны меккеліктер үшін бірнеше каратқа баққанмын³⁶¹”, - деді. **Бухари.**

610. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер мені біреу қойдың аяғын жеуге шақырса, мен әлбетте оған барамын, және де егер маған біреу қойдың аяғын сыйласа, оны мен әлбетте қабыл аламын. **Аль-Бухари.**

611. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аль-Ъабда атты, оны ешбір түйе оза аламаған түйесі болатын, бірақта бір жолы алты жасқа толмаған түйесімен келген бір бәдәуи, ол түйеден озып кетті. Мұсылмандардың бұл жайман қапа болғаны соншалық бұны Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сезіп қалып былай

³⁶¹ Яғни, аз ғана ақыға.

деді: “Бұл дүниеде не жоғары көтерілсе, Аллаһ оны әлбетте төмендетеді.” **Аль-Бухари.**

72 ТАРАУ

**Көкіректік пен даңққұмарлыққа
рұқсаттың жоқтығы жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Міне Ахирет жұрты: Оны жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде соңғы табыс тақуалар үшін.”

“Қасас” сүресі, 83 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Жер жүзінде дандайсып жүрме....” **“Ісра” сүресі, 37 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердеңдеп жүрме. Расында, Аллаһ бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді.”

“Лұқман” сүресі, 18 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Рас Қарұн³⁶² Мұсаның елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ оған, кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда оған халқы: “Елірме! Расында, Аллаһ еліргендерді жақсы көрмейді”, - деді. “Аллаһтың саған берген дәулетімен Ахырет жұртын ізде де, дүниедегі несібеңді де ұмытпа. Аллаһ саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Аллаһ бұзақыларды сүймейді.” Қарұн: “Шын мәнінде бұл, маған мендегі білімге берілді (баюдың жөнін білуші едім)”, - деді. Негізінде Аллаһтың бұдан бұрын, бұдан да күшті, тобы көп нәсілдерді жоқ еткенін білмеді ме? Күнәкәрләр күнәлерінен сұралмайды (яғни, бәрі жазулы). Ол қауымына сән-салтанат ішінде шықты; дүние тіршілігін қалағандар: «Әттең! Бізге де Қарұнға берілген тәрізді болса, өйткені ол зор ырыс иесі», - деді. Өздеріне білім берілгендер: Аллаһтың сыйлығы, иман келтіріп ізгі іс істегендерге тағы жақсы. Ал оған сабырлылар ғана жетеді», - деді. Ақыр оны да үйін де жерге жұтқыздық. Аллаһтан оған өзге жәрдем етер бір топ болмады әрі оған көмек етілмеді.» **“Қасас” сүресі, 76-81 аяттар.**

³⁶² Сол уақыттағы шіріген байлардың бірі.

612. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Жүрегінде тозаңның түйіріндей көкіректік болған Жәннәтқа кірмейді”, - деген сөзін есітіп бір адам: “Дегенмен адам киімі мен аяқ киімінің әдемі болғанын қалайды емес пе?”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Расында, Аллаһ сұлу және Ол сұлулықты жақсы көреді, ал көкіректік жайлы айтатын болсақ, онда ол ақиқатты мойындамау және адамдарды менсінбеу”, - деді. **Муслим.**

613. Хабар бойынша, Амр бин аль-Аква, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзінше сол қолымен жей бастады, сонда ол: “Оң қолыңмен же!”, - деді. Ол адам: “Жей алмаймын”, - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жей алмай қал! Оған көкіректігінен басқа еш нәрсе бөгет жасамайды!”, - деп қалуы мүң еді, ол адам

сол кезден бастап (сол) қолын аузына апара алмайтын болды. **Муслим.**

614. Хабар бойынша, Харис бин Уахб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге Отта болатындардан хабар берейін бе? – Ол әр-бір дөрекі, сараң және өр-көкірек. **Аль-Бухари, Муслим.**

615. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Тозақ пен Жұмақ бір-бірімен тартысып, Тозақ былай деді: «Менде мейірімсіз және өр-көкірек адамдар болады.» Ал Жұмақ: «Ал менде - әлсіз және кедейлер», - деді. Сонда Аллаһ Тағала былай деп араларына төрешілік айтты: «Иә Жұмақ, расында, сен Менің қалағанымға көрсететін мейірімім боласың, ал сен болсаң, иә Тозақ, Менің қалағанымға көрсететін жазам боласың, және Мен екуіңді де толтыруым керек болады!» **Муслим.**

616. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахирет күні Аллаһ Тағала, киімін көкіректіктен артынан сүйретіп жүргенге қарамайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

617. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала Ахиретте үшеумен сөйлеспейді, оларды тазартпайды және оларға қарамайды, олар: зинақор қарт, суайт өтірікші басшы, және көкірек кедей. **Муслим.**

618. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құдіретті Аллаһ Тағала айтты: “Даңқ (мәртебе) - Менің белдеме киімім, ал ұлылық – Менің шапаным, ал осылардың бірін кім Менен

тартып алғысы келсе, Мен оны азапқа саламын!” **Муслим.**

619. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шашы таралған, үстіне ұнайтын киімін киіп бір өр-көкірек адам келе жатты да, кенеттен Аллаһ жарге оны жұтуына әмір берді, енді ол адам Ахирет күніне дейін жерге батумен болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

620. Хабар бойынша, Салам бин аль-Акуа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам баласы Аллаһтың жанынды (менсінбейтін) асқақшыл деп жазылып, басқалар ұрынған қайғыға ұрынбайынша, өзін жоғарылатуын қоймайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**³⁶³

³⁶³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

73 ТАРАУ

Көркем мінезділік жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің.” “Қалам” сүресі, 4 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“...Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер...” “Аль-Имран” сүресі, 134 аят.

621. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мінезі тұрғысынан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың ішіндегі ең жақысы еді. **Аль-Бухари, Муслим.**

622. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алақанынан жұмсақтығына тең келетіндей не жібек, не парша матаны ұстап көрген емеспін және

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бойынан шыққан жұпар иістей иісті еш жерде кездестірген емеспін. Мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, он жыл қызмет еттім, сонда ол маған бірде-бір рет: “Уф!”, - деп айтып көрген емес және мен бір нәрсе істесем: “Мұны неге істедің?”, - деп те айтып көрген емес, және де егер мен бір нәрсе істемесем: “Сен бұны неге істемедің?”, - деп те айтқан емес. **Аль-Бухари, Муслим.**

623. Хабар бойынша, ас-Саъб бин Жассам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жабайы есекті сыйлағанымда³⁶⁴ ол маған оны қайтарып берді, сонда менің жүзімнен ренжігенімді байқаған ол: “Расында, біз оны саған ихрамда болғандықтан ғана қайтардық³⁶⁵”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

³⁶⁴ Аң аулағанда атып алған жабайы есек жайлы айтылып жатыр.

³⁶⁵ Ихрамға оранған адам үшін аң аулаумен қатар, басқаның аулаған аңын да жеуге болмайтындығы осы жерден аңғарып тұрмыз.

624. Хабар бойынша, Ан-Нууас бин Симъан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ізгілік және күнә жайлы сұрағанымда, ол маған былай деді: “Ізгілік дегеніміз әдептілік, ал күнә дегеніміз, сенің жан дүниенді мазалап және оны басқаларға білдірткің келмейтін нәрсе.”

Муслим.

625. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, еш уақытта жағымсыз нәрселер жасап және жағымсыз нәрселер айтып көрген емес және ол: “Расында, сендерден ең жақсыларыңа ең жақсы көркем мінез бұйырған”, - деп жиі айтатын.

626. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахирет күні мұминнің таразысында көркем мінезден ауыр еш нәрсе болмайды, (өйткені), расында, Аллаһ ұятсыз жаман сөздерді жек көреді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Сенімді хадис” деп келтіреді.**

627. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адам үшін Жәннәтқа кіруге ең көп жәрдем беретін не болатындығы жайлы сұрағанда, ол: “Аллаһ алдындығы қорқыныш пен көркем мінез”, - деді, ал одан адамды Отқа көбінше не итермелейтіндігі жайлы сұрағанда, ол: “Ауыз бен жыныс мүшелері³⁶⁶”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Сенімді әрі жақсы хадис” деп келтіреді.**

628. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

³⁶⁶ Яғни, бір жағынан өтірік, өсек осы сияқты т.б. ауызбен жасайтын күнәләр жайлы болса, екінші жағынан ойнас жасау сияқты жыныс мүшелерімен жасайтын күнә туралы айтылып жатыр.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көркем мінезді мүмин, Иманның ең жоғарғы сатысында болып табылады, ал аралырыңдағы ең жақсыларың болып жұбайларыңмен жақсы қарым-қатында болғандарың саналады. **Бұл хадисі ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

629. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, көркем мінез адамды әлбетте (үздіксіз) ораза ұстаушылар мен (түнімен) намаз оқушылардың дәрежесіне жеткізеді. **Абу Дауд.**

630. Хабар бойынша, Абу Умама аль-Бахиль, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен өзіңке рас болса да тартысуды қойған кісі үшін Жәннәттің ауласынан бір үй, ал әзіл

болса да өтірік айтуды қойған кісі үшін Жәннәттің ортасынан бір үй, ал көркем мінездіге Жәннәттің ең биігінен бір үй (берілетіндігіне) кепіл боламын. **Сенімді хадисті, сәнімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

631. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендерден маған ең сүйкімді және Ахиретте маған ең жақын болатындарың ол көркем мінезділерің, ал маған ең жағымсыздарың және Ахиретте менен алыстатылатындарың ол әр-бір мылжың /сарсаруна/, мақтаншақ /муташаддикуна/ және сөзқұмарлар /мутафайхикуна/. Сонда адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, біз “мылжың” және “мақтаншақтың” кімдер екенін білеміз, ал “сөз құмарлар” кімдер?”, - деп сұрады. Сонда ол: “(Бұлар) өр-көкіректер”, - деп жауап берді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

“Сарсар” – ол тым көп сөйлеуші;
“муташаддик” – ол әрдайым өз сөзін әдемілеп және сөзінің мәнін көтеріп сөйлеп, адмдарға тіл тигізушілер. **“Мутафаухик”** сөзі, “факх”, яғни толтырылған деген сөзден шығады; **“мутафайхик”** – ол өзінің сөзін такаппарлығымен неғұрлым адамдардың көбі біле бермейтін сөздермен толтырып, сол арқылы өзінің үстемдігін көрсеткісі келген адам.

Ат-Турмизи Абдуллаһ бин аль-Мубарак, оған Аллаһтың рахымы болсын, “көркем мінез” сөзінің мағанасын, былай деп түсіндіргенін жеткізеді:

“Бұл адам көркінің көңілділігі, Шариғаттың сауабты істерін орындауды бар күш-жігерін жұмсау және адамдарды ренжітетін істерден аулақта болу.”

74 ТАРАУ

Жуастық, сабырлық және мейірбандық жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“...олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Аллаһ жақсылық істеушілерді сүйеді.” **“Аль-Имран” сүресі, 134 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Кешірім жолын ұста және оларға туралықты өмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр.”
“Ағраф” сүресі, 199 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде жолға сал. (Жамандыққа қарсы жақсылық қыл.) Сол уақытта сені мен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді. Бұл қасиет; сабыр еткендерге ғана нәсіп болады. Сондай-ақ бұл сипатқа зор несібелілер ғана ие бола алды.” **“Фүссилат” сүресі, 34-35 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы.” **“Шура” сүресі, 43 аят.**

632. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ашаджж Абд аль-Қайсқа былай деді: “Расында сенде Аллаһ жақсы көретін екі мінез бар олар: жуастық пен сабырлық”. **Муслим.**

633. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Расында, Аллаһ мейірбан, және де Ол бәрінде мейірбандықтың (көрінісін) жақсы көреді”. **Аль-Бухари, Муслим.**

634. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ мейірбан, Ол мейірбандықты жақсы көреді және мейірбандыққа бергенін қатаңдыққа да және басқа еш нәрсеге де бермейді. **Муслим.**

635. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мейірбандық, мейірбандық сипаты көрінетіннің бәрін көркемдейді, ал бір нәрсе мейірбандықтан айрылса, онда ол атаусыз қалды (не даңқынан айрылды). **Муслим.**

636. Хабар бойынша, Абу Хурейра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, бір бәдәуи мешіттің ішіне кіріп несебін жібере бастаған кезде, адамдар орындарынан оған жабылмақшы болып атып тұрды, бірақта Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: “Оны жайына қойыңдар да оның сиген жеріне бір шелек су құйыңдар, өйткені, расында, сендер қйыншылық жасауға емес, жеңілдік жасауға жіберілдіңдер!”, - деп бұйырды. **Аль-Бухари.**

637. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қиыншылық туғызбай, жеңілдетіндер,
адамдарды жирендірмей жақсы хабармен
(Исламмен) қуандырыңдар. **Муслим.**

638. Хабар бойынша, Жарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мейірбандықтан құр қалған, толығымен игіліктен де құр қалады. **Муслим.**

639. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Маған ақыл айтшы”, - деді. Оған ол: “Ашуланба”, - деді. Содан кейін адам өтінішін бірнеше рет қайталаған уақытында Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ашуланба”, - деп айтумен болды. **Аль-Бухари.**

640. Хабар бойынша, Абу Йәъли Шаддад бин Аус, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ барлық істе мейірбандық көрсетуді бұйырды: егер сендер біреуді өлтіруге мәжбүр болсаңдар, онда оны жақсылап істеуге тырысыңдар³⁶⁷, және де егер құрбан шалатын болсаңдар, оны да жақсылап істеңдер, сондықтан малдарыңды қинамау үшін бәкілеріңді жақсылап қайрап алыңдар.

Муцслим.

641. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Қайбір уақытта Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі іс ұсынылған болса ол әрдайым күнәсі болмаса жеңілін қалайтын, ал егер оның күнәсі болса, онда ол адамдардың ішіндегі одан ең алшақтаушысы болатын. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі үшін еш уақытта кек алмайтын, ал егер Аллаһ Тағаланың харам еткен нәрселері орындалса, онда ол Аллаһ Тағала үшін кек алатын.

Аль-Бухари, Муслим.

³⁶⁷ Яғни, қылмыскерді жазалаған уақытта.

642. Хабар бойынша, Абу Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Седерге кімнің Отқа харам болатынын /...не кімге От харам болатындығы/ жайлы хабар берейін бе? Отқа харам болатын әр-бір жақын, жұмсақ және жеңіл³⁶⁸. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

75 ТАРАУ

**Кешірімділік және надандардан
(білместерден) алшақтау жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Кешірім жолын ұста және оларға туралықты өмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр”
“Ағраф” сүресі, 199 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

³⁶⁸ Бұл дегеніміз, адамдарға өзінің жұмсақ әрі жеңіл мінезімен жақын болған адамдар.

“...Сондықтан көркем, жұмсақ сыңай байқат.”
“Хыжыр” сүресі, 85 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“...Ғапу етіп, кешірсін. Аллаһтың сендерді жарылқауын жақсы көрмейсіңдер ме?...” **“Нұр” сүресі, 22 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер...” **“Аль-Имран” сүресі, 34 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы.” **“Шура” сүресі, 43 аят.**

643. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын:

“Сен үшін Ухуд соғысынан³⁶⁹ да ауыр болған күн болды ма?”, - деп сұрағанында, Пайғамбар,

³⁶⁹ Бұл 625 жылы Ухуд тауының жанында мұсылмандардың Меккелік кәпірлерден жеңіліске ұшыраған соғысы. Бұл шайқаста жетпістен астам мұсылман қаза тауып солардың ішінде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әкесімен

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Мен сенің руластарыңнан³⁷⁰ көп жәбір көрдім, бірақ Ақаба күні³⁷¹ менің жаныма қатты батты, сол жерде мен Ибн Абд Йаляйлю бин Абд Кулялға³⁷² маған еруді ұсынғанымда, ол маған мен күткен жауапты бермеді³⁷³. Сонда мен жабырқап кері қайттым, ал сонда менің ренжігенімді, түріме қарап білуге болушы еді. Мен (сол жерден шыққаннан) Карн ас Салиб (тауының)³⁷⁴ жанында өз-өзіме келдім. Басымды көтерсем төбемде, маған көлеңкесі түскен бұлтты байқадым. Оның ішінде Жебірейіл (періште), оған Аллаһтың сәлемі болсын, бар екен, ол маған: “Расында, Аллаһ Тағала саған сенің руластарыңның не дегенін және қандай жауап бергенін естіді, сондықтан Ол саған тау періштелерін жіберіп, оларға қалағаныңды бұйыр, деді”, - деді. Ал сосын тау періштесі менімен сәлемдесті де: “Иә

бауырлас ағасы Хамза да, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, қаза табады, ал Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі жарақаттанады.

³⁷⁰ Яғни, кұрайыштардан.

³⁷¹ Түсіндірмелерде қай ақаба күні айтылып жатқаны анық айтылмаған. Бұл жерде Меккенің жанындағы Ақаба жайлы емес, Тайыфтың жанындағы орын жайлы айтылса керек. Ол жерге Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарды Исламға шақырып және қолдау іздеп барған болатын.

³⁷² Тайф пен оның төңірегін мекендеген сакф руының көсемі.

³⁷³ Оның жауабы келіспеумен қоса келемеж ету болды.

³⁷⁴ Тайф пен Меккенің ортасында орналасқан тау.

Мухаммад, расында, Аллаһ сенің руластарыңның саған не дегенін естіді. Ал мен – тау періштесімін, сонымен не қалайсың? Қаласаң мен оларға ал-Ахшабейін (тауын) құлатайын!”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жоқ, мен Аллаһтан, олардан тек қана Өзіне табынатын және Өзінен басқа ешкімге табынбайтын ұрпақ шығарсын, деп сұраймын!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

644. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһ жолындағы соғыстарды есептемегенде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өз қолымен ешнәрсені³⁷⁵ соққан (ұрған) емес, ол не әйелдерді, не малайларды ұрған емес, оны қаншама ренжіткенмен, егер де сол уақытта Аллаһтың тыйым салынған нәрселері бұзылмаса, ол өзі үшін ешкімге кек қайтарған емес, ал егер Аллаһ Тағаланың тыйым салған нәрселерін кім аттап өтсе, ол кезде ол Аллаһ Тағала үшін кек алатын. **Муслим.**

³⁷⁵ Бұл жерде хайуандар жайлы айтылып тұр.

645. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, мен үстіне дөрекі (қатқыл) жимекті Нажранда (тоқылған) шапанды жамылған Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір жерге кетіп бара жатқанымда, бір бәдәуи оны қуып жетіп шапанының жиегінен қатты тартты. Оның қатты тартқаны соншалық Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, иығында шапанның астарының ізі қалғанын көрдім, ал бәдәуи болса: “Иә Мухаммад, өзіңдегі Аллаһтың байлығынан маған бір нәрсе беруін бұйыр”, - деді. Бұны естіген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұрылып қарап күлді де, оған бір нәрсе берілуіне әмір етті. **Аль-Бухари, Муслим.**

646. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір пайғамбарлардан біреуі жайлы әңгіме айтып, оны руластары ұрып ал ол болса бетіндегі қанын сүртіп: “Иә Аллаһ, менің руластарымды кешір, олар не істеп жатқандарын білмейді”, - дегенін айтып

жатқаны әлі де көз алдымда. **Аль-Бухари, Муслим.**

647. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көпті жеңген мықты емес, өз-өзін ызаланғанда ұстай алған мықты. **Аль-Бухари, Муслим.**

76 ТАРАУ

(Қолайсыздыққа), реніштерге төзу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“...олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Аллаһ жақсылық істеушілерді сүйеді.” **“Аль-Имран” сүресі, 134 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы.” **“Шура” сүресі, 43 аят.**

648. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, менің туысқандарым бар. Мен олармен туысқандық байланысымды үзбеймін, ал олар болса араласқысы келмейді, мен оларға жақсылық жасаймын, ал олар болса маған залымдық жасайды, мен оларды сыйлайымын, ал олар болса менімен надан адамдар секілді сөйлеседі», – деді. Бұған ол: «Егер жағдай, шынымен-ақ сен айтқандай болса, онда сен олардың аузын ыстық күлмен толтырып жатырсың, және Аллаһтан саған оларға қарсы көмекші болады!», – деді. **Муслим.**

«Олардың ауыздарын ыстық күлмен толтырасың», деген сөз, ол «сен оларды ыстық күлмен тамақтандырасың», дегені. Сонымен оларға сол істеген күнәлері үшін жіберілетін жаза, ауызға салынған ыстық күлмен тең болғаны. Және де оларға біреу жақсылық жасағаннан жақсылық жасаушыға ештеңе болмайды, ал олар болса оны ренжіткені үшін үлкен күнәға батады, ал Аллаһ болса бұл туралы жақсырақ біледі».

77 ТАРАУ

Аллаһтың шегінен шығушыларға ашулану және Аллаһ Тағаланың дінінде көмек көрсету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Міне осы, кім Аллаһтың ардақтағандарын жоғары бағаласа, сонда оған Раббыларының қасында хайырлы...” **“Хаж” сүресі, 30 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мүминдер! Егер Аллаһқа (дінінде) жәрдем етсеңдер, Ол сендерге жәрдем етіп, табандарыңды бекітеді.” **“Хұжрат” сүресі, 9 аят.**

649. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын келіп: «Расында, пәленше имам намазды ұзақ өткізетіндіктен, таң намазы мені бөгейді», - деді. Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сол күндегідей адамдарға насихат айтып ашуланғанын ешқашан көрген емеспін. Ол: «Иә адамдар! Расында, сендерден

кейбіреуің адамдарды діннен қашырасыңдар!
Адамдармен намаз өткізуші намазын созбасын,
өйткені оның артында кәрілер мен жастар және
шұғыл шаруалары барлар болады!» **аль-**
Бухари, Муслим.

650. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, Мединаға бір жорықтан қайтып
оралды, ал мен болсам түкпір бөлмеге суреті
бар перде іліп қойдым, бұны көрген Аллаһтың
елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі
болын, түрі өзгеріп, оны жартып тастады да: “Иә
Айша, Ахиретте Аллаһтың жарату сипатына
еліктегендерді, Аллаһ ең ауыр жазаға
тартады!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

651. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде, махзум руынан ұрлық жасаған
әйелдің ісімен бастары қатқан құрайыштар: “Кім
бұл әйел жайында Аллаһтың елшісімен, оған
Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,

сөйлеседі?”³⁷⁶, - деп сұрастыра бастады. Сонда басқалар: “Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйіктісі Усама бин Зайдтан басқа кімнің бұған дәті барады?”, - дей бастады. Бірақта Усама оған бұл мәселемен барғанда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Шыныменақ сен, Аллаһтың үкімі бар істе біреуге болыспақшысың ба!?”, - деді. Содан соң ол орнынан тұрда да адамдарға насихатпен былай деді: “Расында, сендерге дейін өмір сүргендердің опат болуына мына жай себепкер болған, егер олардың арасынан әйгілі (құрметті) адамдар ұрлық жасаған болса, оған олар тиіспейтін де, ал ұрлықты әлсіздерінен біреу жасаған болса, онда олар оны шарифаттың үкіміне сай жазалайтын. Аллаһтың атымен ант етемін, егерде Мухаммадтың қызы Фатима ұрлық жасаған болса, онда мен міндетті түрде оның да қолын кестірген болар едім!” **Аль-Бухари, Муслим.**

652. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешіттің қибла жағындағы

³⁷⁶ Яғни, кім оған болысады?, - деп.

қабырғасынан сілекейді көріп, қатты ренжігенін оның түрінен байқадық. Ол орнынан тұрып өз қолымен сол жерді сүртті де: “Расында, әр қайсысың намазға кіріскенде өзінің Тәңірімен құпия сұхбатта болады, және де, расында, Оның Тәңірі, онымен қибланың арасында, сондықтан сендерден ешкімге ешуақытта қибла бағытында түкірулеріңе рұқсат жоқ, (түкіргісі келсе) тек қана өзінен солға не аяғының астына түкірсін!”, - деді. Содан кейін ол шапанының бір ұшын алды да оған түкіріп, оны шапанының екінші ұшымен жауып: “Не болмаса осылай істесін!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл жердегі солға және аяғының астына түкірудің міндеттілігі мешіттен тысқары жерде істейтін амалға жатады, ал егер адам мешітте болса, онда тек қана киіміне ғана түкіруіне болады.

78 ТАРАУ

Биліктегілерге өзінің қарамағындағы адамдарға байланысты жұмсақ, мейірбан, оларға қарасулары және оларды алдамау, тым қатал болмау, оларға және олардың ісіне байыпсыздық көрсетпеуі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

“Мүминдерге саған ергендерге қанатыңды жай” “Шұғара” сүресі, 215 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Негізінде Аллаһ әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан әм зорекерліктен тыйады. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер” “Нахыл” сүресі, 90 аят.

653. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сендердің әр-қайсыларың бақташысыңдар және сендердің әр-қайсыларың баққандарыңа жауап бересіңдер: әмірші бақташы саналады және өзінің баққанына жауапкер, еркек өзінің жанұясының бақташысы және өзінің баққанына жауапкер, әйел де күйеуінің үйі мен балаларының бақташысы саналады және өзінің баққанына жауапкер, қызметші өз иесінің дүнесіне бақташы және өзінің баққанына жауапкер. Сонымен әр-қайсысың бақташысыңдар және әр-қайсысың

баққандарыңа жауапкерсіңдер. **Аль-Бухари, Муслим.**

654. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ кімнің қарамағына Өзінің құлдарын тапсырып, ал ол болса өзіне өлім келген күні, оларды алдап өлсе, онда Аллаһ оған Жәннәтті харам етеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ал бұл хадистің тек қана аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп йтқаны келтріледі:

... және ол оларға шын жүректен ақ пейілдік танытпаса, онда ол Жәннәтің жұпар иісін сезінбейді.

Ал бұл хадистің тек қана аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп йтқаны келтріледі:

Мұсылмандарға өкім жүргізуші кез келген әмірші, өзінің қарамағындағылардың игілігі үшін еңбек етпесе, не оларға шын жүректен ақ

пейілдік танытпаса, олармен бірге Жәннәтқа кірмейді.

655. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің үйімде болған уақытында, былай деп айтқанын естідім: “Иә Аллаһ, менің үмметімнің үстінен кімде-кім әмір жүргізіп, олармен қатал болса Сен де оған қатал бол, ал менің үмметімнің үстінен кімде-кім әмір жүргізіп, олармен жұмсақ болса Сен де оған жұмсақ бол!” **Муслим**

656. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Бұрын израйлдықтармен пайғамбарлар басқаратын, және әрдайым қай бір пайғамбар дүниеден өтпесін оның орнын басқа пайғамбар басатын. Ал мен жайлы айттын болсақ, онда менен кейін пайғамбар болмайды, бірақта көптеген халифтар болады.” Сонда адамдар: “Бізге не бұйырасың?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын: “Оларға ант берілгендердің алғашқысына адал болындар, олардың хақыларын орындандар³⁷⁷ және Аллаһтан өздеріңе тиесілісін сұрандар, ал Аллаһ болса оларға сеніп тапсырылғандарынан міндетті түрде сұрайды”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

657. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Хасана аль-Басри айтуымен:

Бірде Ыаиз бин Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Убайдуллаһ бин Зайдқа келіп былай деді: «Иә балам, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бақташылардың ең жаманы қаттылары (мейірімсіздері)», – деп айтқанын естідім, сондықтан солардың бірі болудан сақтан»³⁷⁸. **Аль-Бухари, Муслим.**

658. Хабар бойынша, бірде Абу Марйам аль-Азди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Муъавияға, оған Алаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

³⁷⁷ Яғни, адалдыққа ант берген әміршілеріңе бағынындар.

³⁷⁸ Бұл хадис №192 хадистің бөлігі болып табылады.

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Егер Аллаһ біреуге бір істе болса да мұсылмандардың үстінен әмір жүргізуді берсе, ал ол болса олардың мұқтаждары мен керектерінен тасаланса, Аллаһ Ақыретте оның мұқтаждары мен керектерінен тасаланады», - деді. Содан кейін Муъавийа бір адамға, адамдардың мұқтаждықтарымен айналысуын әмір етті. **Абу Дауд, ат-Тирмизи.**

79 ТАРАУ

Әділ әмірші жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Негізінде Аллаһ әділеттілік пен игілікті ұстанып және ағайынға қайырласуды бұйырады....” **“Нахыл” сүресі, 90 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Расында, Аллаһ туралық істеушілерді жақсы көреді.” **“Хұжрат” сүресі, 9 аят.**

659. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан басқа ешкімнің көлеңкесі болмаған күні, Аллаһ Тағала жеті (түрлі) адамды Өзінің көлеңкесіне алады: Әділ басқарушыны, Ұлы Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен есейген жасты, жүрегі мешіттерде байланғанды³⁷⁹, тек қана Аллаһ Тағала үшін кездесіп-қоштасатын және бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көргендерді, абыройлы әрі әдемі әйел қалап шақырып, бірақ ол: «Расында, Мен Аллаһтан қорқамын», - деп бармаған еркекті, садақаны жасырын бергені сонша, оның сол қолы оң қолының бергенін көрмейтінді, оңашада Аллаһ Тағаланы еске алғанда көзіне жас толатын (адамдарды). **Аль-Бухари, Муслим.**

660. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, алаламаушылар, Аллаһ алдындағы нұрдан жасалған мінберлерден өз орындарын табады, ал олардың қатарына

³⁷⁹ Мешітте намаз оқығанды жақсы көретіндер.

жататындар, олар өздерінің жанұясына байланысты және барлық өздерінің әмірі жүретіндерге байланысты шешімдерінде әділдікті ұстанатындар. **Муслим.**

661. Хабар бойынша, Ауф бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: “Сендердің әміршілеріңнің ішіндегілерден жақсылары болып, оларды сендер жақсы көріп және олар сендерді жақсы көретін, олар үшін сендер Аллаһтың сұрап дұға жасайтын және олар сендер үшін Аллаһтан сұрап дұға жасайтын әміршілер болады, ал нашарлары – ол сендер оларды жек көретін және олар сендерді жек көретін, сендер оларды қарғайтын және олар сендерді қарғайтын әміршілер болады”, - сонда біз: “Иә Аллаһтың елшісі, бізге сондайларға бағынбау керек болады ма?”, - деп сұрадық. Ол: “Олар сендердің араларыңда намаз оқып жүргенше олай істеулеріңе болмайды”, - деді. **Муслим.**

662. Хабар бойынша, Ыйад бин Химар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үш (түрлі) адам Жәннәт тұрғындарынан болады: жәрдем көрсетілген әділ әмірші³⁸⁰, өзінің туыстарына және барлық мұсылмандарға рахымшылық танытатын рахымды адам және (сұрамшылықтан) ұстамдылық танытатын және ұстамдылыққа тырысатын балалары бар адам³⁸¹. **Муслим.**

80 ТАРАУ

Күнәсіз істерде әміршілерге бағынудың міндеттілігі және күнәлі істерде әміршілерге бағынбаудың міндеттілігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

³⁸⁰ Бұл жерде Аллаһтың Өзі шарифатты ұстануға жәрдем көрсететін әмірші жайлы айтылып тұр.

³⁸¹ Бұл жерде әңгіме, өзінің балалары болып мұқтажды халде болса да, адамдардан сұрамайтын және адамдардан сұрамауға барлық әрекетін жасайтын, тек қана Аллаһқа үміттенетін адам жайлы болып тұр.

“Әй мұминлер! Аллаһқа бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар...” “Ниса” сүресі, 59 аят.

663. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер күнәсі болмаса, өздеріңе ұнасын ұнамасын әмірлеріңді тыңдап бой ұсынуларың керек, ал күнәсі болса, онда оны тыңдамаңдар да, орындамаңдар да. **аль-Бухари, Муслим.**

664. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тыңдап және бой ұсынамыз, деп оған ант бергенде, ол әдетте: “Күштерің жететінінде”, - дейтін. **аль-Бухари, Муслим.**

665. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әміршісіне бой ұсынудан бас тартқан, Ахиретте Аллаһты, ақталуына еш бір айғақсыз кездестіреді, ал әміршісіне ант бермей өлген, жаһил заманында өлгенмен теңеседі!³⁸²

Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жеткізеді:

... және басқа мұсылмандардан бөлектенгендер³⁸³, жаһил заманында өлгенмен теңеседі!

666. Хабар бойынша, Анас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Басы (қара) мейізге ұқсаған эфиопиялық құл сендерге әмірші болса да оны тыңдап бағыныңдар. **Аль-Бухари.**

³⁸² Яғни, әміршісіне бағынуға ант бермеген, көпқұдайшылдар қатарында өледі.

³⁸³ Тәпсірлерде бөлектенушілер деп, әміршелерінен және әскери амалдардан бөлектенушілер, не болмаса жамағатпен оқылатын намаздарға қатыспай түрлі жаңалықтар (бидғат) енгізушілерді келтіреді.

667. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кедейлікте де байлықта да, саған ұнайтында да ұнамайтында да және сені құр қалдырса да³⁸⁴ өміршіңді тыңдап, оған бағынуға тиістісің.

Муслим.

668. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге сапарда болған кезімізде, біз бір жерге тоқтадық, сонда бірі шатырларын орната бастады, бірі жебе атып жарыса бастады, ал енді бірі малдарын оттатуға асығып кетті, арада біраз уақыт өтісімен азаншы: “Жамағат намазы!”, - деп хабарлады. Сонда бәріміз бізге былай деп айтқан Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанына жинала қалдық: “Расында, маған дейін өмір сүрген пайғамбарлардың міндетіне, өзіне мәлім

³⁸⁴ Яғни, саған тиесілі нәрсені бермей өзіне алса да.

болған олар үшін қайырлы деген істерді хабарлау мен өзіне мәлім болған олар үшін зұлымдыққа апаратын істерден тыйу болған. Ал менің үмметім жайлы айтатын болсақ, оның алғашқы уақытында хайыр болады да, ал соңында түрлі қайғалар келіп және сендер жақтырмайтын істер бола бастайды³⁸⁵. Содан соң алғашқысы соңғысына қарағанда жеңіл көрінетін сынақтар келеді, сонда имандылар: “Бұл мені құртады”, - дейтін сынақ келеді, - сосын ол тоқтатылады да, имандалар; “Осы, осы!”³⁸⁶, - дейтін сынақ келеді. Сондықтан кімде-кім өзін Тозақтан алыстатып және Жәннәтқа кіргізілуін қаласа, өлім келген уақытта Аллаһқа және Ақірет күніне иман келтіргендерден болсын және адамдармен қарым-қатынасында өзіне адамдардың қандай қарым-қатынас жасауын қаласа, өзі де сондай қарым-қатынаста болсын. Және кім әміршісіне ант беріп алақанын соғып онымен шын жүректен адал болып, әміршісіне қолынан келгенше бағынса, ал егер басқа біреу келіп онымен билік үшін таласатын болса, онда оның басын шабыңдар. **Муслим.**

³⁸⁵ Яғни, Шариғаттың үкіміне қарсы келетін істер.

³⁸⁶ Бұл мені құртады!

669. Хабар бойынша, Абу Хунайд Уайль бин Худжр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Салама бин Йазид бин Худжр, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың пайғамбары, айтшы, егер бізге өздерінің бізден талап ететін істерінде табандылық көрсететін, ал өздерінің бізге қатысты талаптарын орындамайтын әміршілер келсе, біз не істеуіміз керек?”, - деп сұраған кезді, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, теріс айналып кетті³⁸⁷, ал ол сұрағын кешірек тағы да қайталаған кезінде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Тыңдаңдар да бой ұсыныңдар, өйткені олар өздеріне тапсырылғанға жауап береді, ал сендер - өздеріңе тапсырылғанға жауап бересіңдер³⁸⁸. **Муслим.**

670. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

³⁸⁷ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көкпен аян түсуін күткен.

³⁸⁸ Бұл дегеніміз әміршілер өздеріне жүктелгенді орындамағанмен, олардың әміршілерінің тапсырғанын орындамау мойындарынан түспейді.

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Менен кейін сендерді алалайтын болады³⁸⁹, және сендерге ұнамайтын амалдар істеліне бастайды”. Сонда адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, бізге не бұйырасың?”, - деп сұрады. Ол: “Сендер беруге тиісті нәрселеріңді берулерің керек те, ал сендерге тиесіліні Аллаһтан сұрауларың керек”, **аль-Бухари, Муслим.**

671. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған бағынған Аллаһқа бағынғаны, ал маған бағынбаған Аллаһқа бағынбағаны, ал әміршісіне бағынбаған маған бағынбағаны.
Аль-Бухари, Муслим.

672. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

³⁸⁹ Яғни, әміршілер мұсылманға тиесіліні өздеріне иеленетін болады.

Кімге әміршісінің бір ісі ұнамаса шыдамдылық танытсын, өйткені, расында, әміршісінің бұйырғанынан бір қарысқа болса да ауытқығанның өлімі жәхил заманында өлгенмен теңеседі! **Аль-Бухари, Муслим.**

673. Хабар бойынша, Абу Бакра (Нуфаъи бин аль-Харис), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің әміршісін қорлағанды Аллаһ қорлайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

Бұл тарауға бұның алдындағы тарауда келтірілген “Сахихтердің” бір бөлігі де жатады.

81 ТАРАУ

Егер адам тағайындалған не болмаса солай істеудің қажеттілігі болмаса (не мәжбүр болмаса), билікке таласуға рұқсаттың жоқтығы және әмір болудан бас тартудың үстемдігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Міне ахирет жұрты: Оны, жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде соңғы табыс тақуалар үшін”
“Қасас” сүресі, 83 аят.

674. Хабар бойынша, Абу Саъид Абд ар-Рахман бин Самур, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деді: “Иә Абд ар-Рахман бин Самура, билікке таласпа, өйткені ол (билік) саған сенің өтінішіңсіз келетін болса, онда Аллаһ саған бұл ісінде көмектеседі, ал егер саған (билік) сенің өтінішіңмен бұйыратын болса, онда сол билікке тапсырыласың³⁹⁰. Егер сен бір нәрсеге ант берсең, ал одан кейін сенің ант бергеніңнен басқа бір нәрсенің жақсырақ екенін көрсең онда антыңның күнәсін өте де, сол жақсырақ істі жаса. **Аль-Бухари, Муслим.**

³⁹⁰ Яғни, Аллаһтың көмегінен құр қаласың, ал Аллаһтың көмегінен құр қалған опат болады.

675. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Иә Абу Зарр, расында, мен сенің әлсіз екендігіңді көремін, және де мен өзіме қалағанымды саған да қалаймын, сондықтан саған ақыл айтамын: ешқашан екі адамға болса да билік жүргізбе, және жетімнің дүниесімен басқарма!” **Муслим.**

676. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, мені бір-нәрсеге әмірші етіп тағайындамайсың ба?”, - деп сұрағанымда, ол менің иығымнан қағып: “Иә Абу Зарр, расында сен әлсізсің, ал әмірлік болса ол бір тапсырылған аманат саналады, ал Ахиретте оны өз хақымен иеленгендер³⁹¹ мен әмірші ретінде ісін дұрыс орындағандардан басқаларының бәріне, ол (әмірлік) өкініш пен сұмдық болып орлады”, - деді.

³⁹¹ Бұнда әмірлікке керек қабылеттері бар адамдар жайлы айтылып жатыр.

677. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендер билікке ұмтыласыңдар, ал Ахиретте ол өкініштердің себебі болады! **Аль-Бухари.**

82 ТАРАУ

Әміршілерге, қазыларға және басқа да биліктегі адамдарға жақсы уәзір³⁹² таңдуларына талпындыру және оларды жаман достар мен жаман насихаттардан сақатндыру жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Сол күні тақуалардан басқа достар бір-біріне дұшпан болады” **“Зұхрұф” сүресі, 67 аят.**

³⁹² Министр, ақылшы.

678. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри мен Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қай бір пайғамбарды Аллаһ адамдарға жібермесін және олардың қайсы бірі өзінің артынан уәкілін қалдырмасын, сол уәкілдің міндетті түрде екі топ ақылшылары пайда болатын: олардың бірі оны жақсылыққа шақырып соған ұмтылдырса, екіншісі жауыздыққа шақырып соған ұмтылдыратын, ал бұдан қорғалатындар Аллаһтың сақтағандары ғана. **Аль-Бухари.**

679. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер Аллаһ қай бір әміршіге игілік қаласа оған ұмытқанын есіне салатын және есінде болса оған көмек көрсететін турашыл уәзір береді. Ал егер Аллаһ оған (игіліктен) басқаны қаласа, оған ұмытқанын есіне салмайтын және есінде болса оған көмек көрсетпейтін нашар уәзір береді. **Бұл хадисті Муслимнің**

шарттарын қанағаттандыратын жақсы
иснадымен Абу Дауд келтіреді.

83 ТАРАУ

**Әміршінің, қазының және басқа да билікке
қатысы бар қызметке өзін ұсынып соған
ұмтылғандарды не болмаса соны
қалағандарды тағайындауға рұқсаттың
жоқтығы жайлы.**

680. Хабар бойынша, Абу Муса аль*Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен өзімнің бөле бауырларымның екеуімен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, олардың бірі: “Иә Аллаһтың елшісі, Ұлы Аллаһ Тағаланың саған тәуелді еткендеріңнің бір бөлігіне мен әмірші етіп тағайында”, - деді және екіншісі де осыған ұқсас сөздерді айтты. Оларды тыңдап болған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһтың атымен ант етемін, расында, біз бұл істі бұны сұрағанға да және оған ұмтылғанға да тапсырмаймыз!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

ӘДЕП ЖАЙЛЫ КІТАП

84 ТАРАУ

Ұялшақтық және оның дәрежесі мен мұндай қасиетті қабылдауға ұмтылдыру жайлы.

681. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұят жайлы өзінің бауырына ақыл айтып жатқан³⁹³ бір ансардың жанынан өтіп бара жатып, оған: “Оны қой, өйткені, расында, ұялшақтық – ол иманнан!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

682. Хабар бойынша, Имран бин Хусайн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

³⁹³ Әлгі ансар, бауырына: «Сен тым ұялшақсың», - деп айтып жатқан кезінде.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұялшақтық игіліктен басқа ешнәрсеге алып келмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек қана Муслим келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Ұялшақтықта игіліктен басқа ешнәрсе жоқ.

683. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иманның жетпістен астам тармақтары бар, оның ішіндегі ең жақсысы болып: “Аллаһтан басқа құдай жоқ! /Лә иләһә илла-аллаһу/”, - деп айту жатады, ал ең кішісіне – жолдан кедергі жасайтынды алып тастау жатады, және ұялшақтық та иманның тармақтарының біріне жатады. **Аль-Бухари, Муслим.**

684. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, перденің артында отырған қыздың ұялшақтығынан да артық ұялшақ мінезімен ерекшеленетін. Егер оның жан дүниесіне ұнамайтын іс жасалса, біз оны оның бет әлпетінің өзгергенінен байқайтынбыз. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ғалымдар: “Ұялақтықтың түп нұсқасына, бүкіл жағымсыз нәрселерден бас тарту мен адамдардың хақысы бар (кез-келген) істе олардың хақына қол сұқпау жатады”, - деп айтады. Ал бізге Абуль-Қасым аль-Жунайдының, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны жетті: “Ұят дегеніміз ол Аллаһтың игіліктерін тану мен өз кемшіліктерін көре алу, мінеки осылардың арасында ұят деп аталатын сезім туады.”

85 ТАРАУ

Сыр сақтау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Сертті орындаңдар, сөз жоқ, уәде сұралады.” “Ісра” сүресі, 34 аят.

685. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Түнімен әйелімен төсекті бөлісіп, ал таңертең екеуінің арасында не болғаны жөнінде адамдарға жария қылған еркек, Ахиретте адамдардың ішінен, Аллаһтың алдында ең жаманы болады. **Муслим.**

686. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Омар бин аль-Хаттабтың қызы Хафса, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, жесір қалған кезде³⁹⁴, Омар мынаны айтты:

Мен Осман бин Аффанмен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездесіп, оған: “Егер қаласаң Омардың қызы Хафсаға үйлен”, - деп (қызым) Хафсаны ұсындым. Ол жауап ретінде

³⁹⁴ Хафсаның күйеуі, Бадр соғысына қатысқан және Мединада жарақатынан қаза тапқан Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабасы Хуайс бин Хузафа ас-Сахма болатын, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

маған: “Мен бұл жөнінде ойланайын”, - деді. Мен бірнеше күн күттім, сосын маған келіп: “Мен қазір үйленбейтін шығармын”, - деді. Арада біраз уақыт өтісімен Абу Бакр ас-Сиддиқты, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кездестіріп: “Егер қаласаң Омардың қызы Хафсаға үйлен”, - дедім, бірақ та Абу Бакр еш нәрсе айтпай үндемеді де, мен оған Османнан да қатты ренжідім. Сонымен арада тағы бірнеше күн өтісімен оған (қызыма) Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, құда түсті де мен оған қызымды үйлендірдім. Сосын мені Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездестірді де: “Сен маған Хафсаны ұсынған уақытта менің жауап бермегеніме ренжіген шығарсың?”, - деп сұрады. Мен: “Иә”, - дедім. Ол: “Сенің ұсынысыңа жауап бермеуіме Аллаһтың елшісінің (сенің қызың жайлы) еске алғаны кедергі болды, өаткені мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сырын айта алмаймын, егерде ол сенің қызыңа үйленбегенде, онда оған мен міндетті түрде үйленер едім!”, - деді. **Аль-Бухари.**

687. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдері онымен бірге болған уақытында, жүрісі Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жүрісінен айнамайтын Фатима, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келді. Қызын көріп, ол сәлемдесті де: “Менің қызым қош келдің!”, - деп өзінің оң /не: ...сол/ жағына отырғызды, сосын құлағына бір нәрсе айтып еді, (қызы) жылап жіберді. Оның тұнжырағанын көріп, тағы да құлағына бір нәрселер айтты да, (қызы) күле бастады, ал мен болсам оған (қызына): “Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің жанында саған ғана бір нәрсе айтады да, ал сен болсаң содан кейін жылайсың!”, - дедім. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрып кеткен соң, оған: “Саған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, не айтты?”, - деп сұрадым. Ол: “Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сырын айтпаймын!”, - деді. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын қайтыс болған соң, мен (Фатимаға): “Мен өз хақыммен сенен

сұраймын³⁹⁵, саған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, не айтты?», - дедім. Ол: “Иә, енді айта аламын. Бірінші ретінде ол, оған Жәбірейіл (періште), оған Аллаһтың игілігі болсын, жылда онымен Құранды бір рет тексеріп салыстыратындығын³⁹⁶, ал бұл жолы онымен екі рет тексергенін айтып: “Расында, оның бұлай істегені менің өмірімнің соңы тақалғандығының белгісі деп ойлаймын. Аллаһтан қорқып шыда, өйткені мен сенің алдын ала білдіруші хабаршың боламын³⁹⁷”, - деді - сонда мен өзің көргендей жылап жібердім. Ал ол менің тұнжырағанымды көргенде: “Иә Фатима, сен Жәннәтта діндар әйелдің /не: ...осы үммет әйелдерінің/ ханымы болатындығыңа қуанбайсың ба?” – дегенде, сен өзің көргендей, қуанып күлдім”. **Аль-Бухари, Муслим, бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.**

³⁹⁵ Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің бірі болғандықтан, мүминдердің анасы саналады.

³⁹⁶ Яғни, алдымен Жәбірейілге Құранды Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оқитын, ал сосын Жәбірейіл оқитын.

³⁹⁷ Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірінші Жәннәтқа кіретіндігі жайлы айтып жатыр.

688. Хабар бойынша, Сәбит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде мен басқа балалармен ойнап жүрген кезімде, маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, бізге сәлем берді де мені бір тапсырмамен жіберді. Содан мен анама кеш оралдым, ал мен үйге оралған кезімде, (анам): “Неге кешіктің?”, - деп сұрады. Мен: “Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған бір іс тапсырды”, - дедім. (Анам): “Оған не керек болды?”, - деп сұрады. Мен: “Бұл құпия”, - дедім. Сонда ол: “Ешқашан ешкімге Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сырын айтушы болма!”, - деді.

Сосын Анас была деді: “Аллаһтың атымен ант етемін, егер мен бұны біреуге айтқан болсам еді, онда бұны Сәбит саған да айтқан болар едім!” **Бұл хадисті Муслим келтіреді, ал аль-Бухари болса бұның бөлігін ғана келтіреді.**

86 ТАРАУ
Шартты бұзбау және уәдені орындау
жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“ Сертті орындандар, сөз жоқ, уәде сұралады.” “Ісра” сүресі, 34 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Қашан серттессеңдер, Аллаһқа берген серттеріңді орындандар...” “Нахыл” сүресі, 91 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мүминдер уәделеріңді орындандар...”
“Мәида” сүресі, 1 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мүминдер! Істемейтін істеріңді неге айтасындар. Істемейтін істеріңді сөйлеулерің Аллаһтың қасында зор ашуға себеп болады.”
“Саф” сүресі, 2-3 аяттар.

689. Хабар бойынша, Абу Хурайры, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі жүздіні үш белгісімен айыруға болады: ол бір нәрсе айтса - өтірік айтады; бір нәрсе уәде етсе – оны орындамайды; ал оған сеніп тапсырылса - ол опасыздық етеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында былай делінеді:

...керек десеңіз ол ораза ұстап, намаз оқып және өзін мұсылманмын, деп есептесе де.

690. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Төрт түрлі белгісімен ерекшеленетіндер (толығымен) екі жүзді есептеледі, ал кімнің бойында осылардың бірі болса, одан құтылмайынша оның бойында екі жүзділіктің бір белгісі болады. Бұндай белгілер мына адамдарда болады: оған сеніп тапсырылса опасыздық жасайды, әңгіме айтса өтірік айтады, шарттасса шартын орындамайды, ал егер біреумен бір істе ортақ шешім таппаса заңсыз түрде шектен шығады. **Аль-Бухари, Муслим.**

691. Хабар бойынша, Ибн Жәбір, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Егерде Бахрейіннен ақша түссе мен саған мынынша, мынынша және мынанша ақша бергізер едім,» – деді, бірақта Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде Бахрейіннен ақша түспеді. Ал ол жерден ақша түскен кезде Абу Бакрдің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әмірімен: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кімге бір нәрсе уәде берсе не болса кімге бір нәрсе берешек болса, бізге келсін», - деп хабарландырды. Сонда мен (Абу Бакрге) келдім де: «Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған мұншама беремін, деп уәде еткен», - дедім, сонда ол бір уыс тенге салды, мен оларды санап шыққанымда бес жүз дана болып шықты, содан соң ол маған: «Және екі рет соншама ал», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

87 ТАРАУ

Адамға дағды болған игілікті істерді мүмкіндігінше әрдайым орындау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“...Расында бір қауым өзін өзгертпейінше, Аллаһ оны өзгертпейді.” **“Рағыз ” сүресі, 11 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...жібін мықтап иіргеннен кейін тарқатқан әйел сияқты болмаңдар...” **“Нахыл ” сүресі, 92 аят.**

692. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин ал-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деді: “Иә Абдуллаһ, кезінде түндерде Аллаһқа құлшылық ететін, ал артынан онысын орындауды қойған пәленше секілді болма”.

88 ТАРАУ

Кездескенде игілікті сөздерді айту мен көңілді күйде болу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Мұсылмандарға қанатыңды жай.” “Хыжыр”
сүресі, 88 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді,
әрине олар маңайыңнан тарқап кетер еді...”
“Әль-Имран” сүресі, 159 аят.

693. Хабар бойынша, Ади бин Хатим, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзіңді құрманың жартысымен болса да Оттан қорға, ал мұны да таппаған – қайырымды сөздің көмегімен! **Аль-Бухари, Муслим.**

694. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

...қайырымды сөз де – садақа. **Аль-Бухари, Муслим.** Бұл сөздер жоғарыда келтірілген ұзын хадистің бөлігі ретінде келтіріледі.

695. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Бауырыңды Жар0ын ж8збен қарсы алу тұрғысында болса да, шариғаттың кез-келген қоштаған амалдарын орындауды ескерусіз қалдырушы болма”. **Муслим.**

89 ТАРАУ

Егер сұхбаттасушы адамың түсінбесе, онда оған анық сөйлеп және айтқаныңды қайталау жайлы.

696. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, егер бір нәрсе сөйлесе, айтқандарын адамдар түсіну үшін, үш рет

қайталайтын, ал кімнің үйіне келсе үй иелеріне де үш реттен сәлем беретін³⁹⁸. **Аль-Бухари.**

697. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөздері анық болатын және оны естіген адамдардың бәрі түсінетін.
Муслим.

90 ТАРАУ

Әңгімесінде тыйым салынбаған сөздері жоқ сөйлеушінің бірі, екіншісінің сөздерін мұқият тыңдау және білімі бар насихат айтушы адамның, тыңдаушылардан тыныштық сақтап тыңдауларын талап етуі жайлы.

³⁹⁸ Бұлай істейтін себебі, не үй иелері бөгде адамдардың кіргенін білсін, не болмаса үйдегілердің бәрі сәлемді естісін деген ниетпен жасалса керек.

698. Хабар бойынша, Жарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Қоштасу қажылығы кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Адамдарға айт, үндемей мені тыңдасын!”, - деп бұйырды да, сосын: “Менен кейін³⁹⁹ бір-бірінің басын шапқан имансыздардан болмаңдар!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

91 ТАРАУ

Насихатта орташалықты⁴⁰⁰ ұстану жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр...” **“Нахыл” сүресі, 125 аят.**

³⁹⁹ Яғни, менің өлімімнен кейін.

⁴⁰⁰ Яғни, адамдарға жасаған дағуат адамдарды жалықтырып алмас үшін тым ұзартып жібермеу және түсінбей қалмаулары үшін тым қысқартып жібермеу жайлы.

699. Хабар бойынша, Абу Уайл Шакик бин Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ибн Масъудттың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, әр бейсенбі күндері адамдарға уағыз айтатын әдеті болатын. Бірде оған бір адам: “Иә Абу Абд ар-Рахман, сенің бізге күнде уағыз айтуыңды қалаймыз!”, - деді. Сонда Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Расында, мен сендерді жалықтырып жіберуді қаламаймын, мен сендерге насихатты жалықтырып жіберуден сақтанатын Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, насихатындай уағыздаймын”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

700. Хабар бойынша, Абуль-Йакзан Аммар бин Йасир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, адамның уағызын қысқартып, ал намазын ұзартуы, оның білімінің көрсеткіші, сондықтан намаздарыңды ұзартып уағыздарыңды қысқартыңдар. **Муслим.**

701. Хабар бойынша, Муъавиа бин аль-Хакам ас-Сулами, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге намаз оқығанымда, (сапта тұрғандардың) бірі түшкірді де мен: “Аллаһ саған рахым етсін!”, - дедім. Сонда маған адамдар айыптаушы көздерімен қарай бастады да мен: “Менен менің шешем айрылсын! Неге маған бұлай қарап жатырсыңдар?”, - дедім. (Осыны айтуым мұң екен) олар қолдарымен сандарын соға бастады да, мен олардың менен тынышталуды талап етіп жатқандарын түсінгенімде, оларға ашулы болсам да, сөйлегенімді қойдым. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің әкем мен шешем оған құтқару ақысы болғыр, намазын оқып болысымен, менімен сөйлесті, ал мен болсам бұрын-соңды ондай ақылшыны кездестірмедім! Аллаһтың атымен ант етемін, ол маған айқайламастан, мені ұрмастан және ұрыспастан жәй ғана: “Расында, бұл намаз уақытында адамдардың жәйда айтатын сөздерін сөйлеуге болмайды! Намаз – бұл тек қана Аллаһты мақтап, мадақтау мен Құран оқу ғана!”, - деді, не болмаса осыған ұқсас сөздерді айтты. Содан соң мен оған: “Иә Аллаһтың елшісі жақында

ғана мен пұтқа табынушылардан едім, ал артынан Аллаһ бізге Исламды сыйлады, бірақта әлі күнге дейін біздің арамызда көріпкелдерге баратындар бар”, - дедім. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ал сен оларға барма”, - деді. Мен тағы да: “Және біздің арамызда жаман ырымдарға сенетіндер де бар”, - дедім. Бұған ол: “Олар соған ұқсасты жүректерімен ғана сезінеді, бірақта бұл оларды тоқтатпау керек⁴⁰¹”, - деді.

702. Хабар бойынша, аль-Ъирбад ин Сарийа, оған Алллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге уағыз айтып, оның сөздерінен біздің жүрегімізге қорқыныш ұялады, ал көздерімізге жас толды... **Артынан бұл хадисті, “Сүннәтті әрдайым ұстану жайлы” тарауда, жеткізушінің аяғына дейін айтқанын келтіргенбіз. Бұл халисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

⁴⁰¹ Яғни, жаман ырым көздеген ісінен, мақсатынан қайтармау керек.

92 ТАРАУ

Абыройлық пен сыпайылық жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Рахманның құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: “Сәлеметшілік”, деп дұрыс жауап береді”.

“Фұрқан” сүресі, 63 аят.

703. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тамағындағы тілшігі көрінгенше аузын ашып күлгенін көрген емеспін. **Аль-Бухари, Муслим.**

93 ТАРАУ

Намаз оқу үшін, білім алу үшін шақыру және осыған ұқсас құлшылық етуді абыроймен және сабырлы (асықпай) орындау жайлы.

704. Хабар бойынша, Абу Хурайры, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Намаздың басталуы жарияланып, (қамат түсірілгеннен кейін) оған жүгіріп келмеңдер, бірақта оған әдеттегі жүрістеріңмен келіңдер де, тыныштық сақтап (үлгерген ракағаттарыңнан бастап) намаз оқыңдар, ал үлгермегендеріңді артынан толтырасыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ал бұл хадистің Муслим ғана келтірген нұсқасында, ол келесі сөздермен толықтырады:

...өйткені кез-келгендерің намазға қарай жүрген уақыттарыңнан бастап намазда саналасыңдар⁴⁰².

705. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Арафаттан бірге

⁴⁰² Бұл дегеніміз, ондай адам жамағатта намаз оқып жатқан адамның сауабындай сауаб алады, деген сөз.

оралып келе жатқанымызда артымыздан айқау-шу, гүрсілдер мен түйенің өкіргенін естідік. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қамшысымен белгі берді де: “Иә адамдар, сендерге сабыр сақтау керек, өйткені игілік (тақуалық) асықпаушылықта аңғарылады. **Бұл хадисті аль-Бухари толығымен келтірсе, Муслим бір бөлігін ғана келтіреді.**

94 ТАРАУ

Қонаққа сый-құрмет көрсету жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Саған Ибраһимнің ардақты қонақтарының әңгімесі келді ме? Олар Ибраһимге кіргенде «Сәлем» десті. Ибраһим де оларға: «Сәлем бөгде қауым», - деді. Дереу үйіне барып семіз бір бұзау әкелді. Оны оларға жақындатып: «Жемейсіңдер ме?», - деді.» **«Зәрят» сүресі, 24-27 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Қауымы оған жүгірісіп келді. Сондай-ақ олар бұрыннан да жаман істер істейтін еді. (Лұт:) “Иә халқым! Міне қыздарым, олар сендер үшін тағы

таза. Енді Аллаһтан қорқыңдар! Қонақтарым жайында мені қорламаңдар. Іштеріңде бір де есті кісі жоқ па?”, - деді.” **“Һұд” сүресі, 78 аят.**

706. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда қонағын жақсылап күтсін. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда туысқандарымен қарым-қатынасын үзбесін. Кімде-кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда жақсылықты сөйлесін не болмаса үндемесін.

Муслим, аль-Бухари.

707. Хабар бойынша, Абу Шурайх Хувайлид бин Амр аль-Хузаъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Кім Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтірген болса, онда сый ретінде қонағына құрмет көрсетсін.” Сонда адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, оның сыйының көлемі қандай

болу керек?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Күн мен түн⁴⁰³, ал қонақжайлықты үш күн ішінде көрсетуге болады, ал бұдан артығы ол үшін садақа саналады⁴⁰⁴”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ал бұл хадистің Муслим ғана келтірген нұсқасында Аллаһтың елшісінің оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

“Мұсылманға өзінің бауырының үйінде, оны күнәғә апаратындай ұзақ қалуына болмайды”, - деді. Сонда адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, ол оны қалайша күнәғә апарарды?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Егер ол үй иесінің беруіне (қонақты күтуіне) ешнәрсесі қалмайынша қала берсе”, - деді.

⁴⁰³ Бұл дегені бір тәулік ішінде қонаққа ерекше көңіл бөліп, оған сый ретінде жақсы тамақтар беру, ал тәулік өтісімен қонаққа үй ішінде қандай тамақ желінсе сондай тамақ беруге болады.

⁴⁰⁴ Яғни, бұдан кейін қонақжайлық көрсетесің бе, не болмаса көрсетпейсің бе өз еркінде.

95 ТАРАУ
Қуанышты хабар жеткізу
мен құттықтаудың керектігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“...сондай-ақ Аллаһқа ынтамен бой ұсынғандар, олар үшін қуаныш бар, сонда құлдарымды сүйіншіле. Сондай сөзге құлақ салып, сонда оның ең көркеміне ілестіңдер, міне солар, Аллаһ өздерін тура жолға салғандар...” «**Зүмәр**» сүресі, **16-17 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Оларды Раббылары өзінің мәрхеметімен және ризалығымен сондай-ақ тұрақты нығметке ие жәннәттәрімен қуантады.” “**Тәубе**” сүресі, **21 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Оны өте мүләйім бір ұлмен қуанттық”
“Сафбат” сүресі, 101 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Расында Ибраһимге елшілеріміз хош хабармен сәлем берді. “**Худ**” сүресі, **69 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Оның түрегеп тұрған әйелі күліп жіберді. Сонда оны Исхақ және артынан Яқұппен қуандырдық” **“Худ” сүресі, 71 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Ол хұжырада намаз оқып тұрғанда, періштелер оған: “Расында, Аллаһ саған, Аллаһтан болған әмірді растаушы, ел ағасы, нәпсісіне ие, игілерден бір пайғамбар болатын Яхьямен қуанышқа бөлейді, - деп дуыстады.”

“Әль Имран” сресі, 39 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Сол уақытта періштелер: “Иә Мериәм! Расында, Аллаһ сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсих...” **“Әль Имран” сресі, 45 аят.**

Ал хадистер жайлы айтатын болсақ олар көп және “Сахихтерден” белгілі. Олардың қатарына төмендегі хадистер жатады:

708. Хабар бойынша, Абу Ибраһим Абдуллаһ бин абу Ауф (сондай-ақ оның лақаб аты – Абу Мухаммад және Абу Муъайвиа, делінеді) , оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хадишаны, оған

Аллаһтың ризашылығы болсын, Жәннәттағы інжуден жасалған сараймен қуандырғанын жеткізді. **Аль-Бухари, Муслим.**

709. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен өз үйімде дәрет алып болысымен өз-өзіме: “Мен бүгін Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызмет етіп күні бойы жанында боламын!”, - дедім. Сосын мен мешітке келіп, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы сұрадым, ал адамдар маған: “Ол мына бағытта кетті”, - деді.

Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол сөзін былай жалғастырды:

Сосын мен ол туралы адамдардан сұрастырып, оның Бир Арис⁴⁰⁵ деген жерде екендігін білгенше, оның артынан жүріп отырдым. Сонда мен қақпаның жанында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің табиғи қажетін қанағаттандырып және дәрет алып болғанша күттім. Сосын мен оған қарай жылжыдам,

⁴⁰⁵ Яғни, Арис құдығы.

келсем ол киімінің етегін тізесіне дейін көтеріп, аяғын құдыққа салып Арис құдығының жиегінің ортасында отыр екен. Мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, амандасып қайтадан қақпаның жанына келіп өз-өзіме: “Расында, мен бүгін Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қақпашысы болмын”, - дедім. Арада біраз уақыт өтісімен Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келіп қақпаны итерді. Мен: “Кім ол?”, -деп сұрадым. Ол: “Абу Бакр”, - деді. Мен: “Күте тұр”, - дедім де, өзім Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барып: “Иә Аллаһтың елшісі, Абу Бакр кіруге рұқсат сұрап жатыр”, - дедім. Ол: “Кіргізде, оны Жәннәт күтіп тұрғаны жайлы хабармен қуант!”, - деді. Сонда мен қайта оралып Абу Бакрге: “Кір және Аллаһтың елшісі сені Жәннәт жайлы қуанышты хабармен қуандырып жатқанын біл!”, - дедім. Абу Бакр кірді де, құдықтың сол жиегіне келіп Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оң жағынан дәл Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, секілді киімінің етегін тізесіне дейін көтеріп, аяғын құдыққа салып отырды, ал мен болсам қақпаға қайта оралып сол жерге келіп отырдым. Ал менімен ергісі келіп, бірақ ол дәрет алып жатқан уақытта айырылысқан менің бауырым жайлы айтатын

болсам, ол туралы: “Егер Аллаһ пәленшеге игілік қаласа, онда ол оны осында алып келеді”, - деп, ойлап тұрғанымда бір адам келіп қақпаны итерді. Мен: “Кім ол?”, - деп сұрадым. Келген адам: “Омар бин аль-Хаттаб”, - деп жауап берді. Мен: “Күте тұр”, - дедім де, өзім Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, Омар кіруге рұқсат сұрап жатыр”, - дедім. Ол: “Кіргіз де, оны Жәннәт күтіп тұрғаны жайлы хабармен қуант!”, - деді. Сонда мен қайта оралып Омарға: “Кір және Аллаһтың елшісі сені Жәннәт жайлы қуанышты хабармен қуандырып жатқанын біл!”, - дедім. Омар кірді де, құдықтың сол жиегіне келіп Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сол жағынан аяғын құдыққа салып отырды, ал мен болсам қақпаға қайта оралып сол жерге келіп отырдым. Сонда мен тағы да өз-өзіме: “Егер Аллаһ пәленшеге игілік қаласа, онда Ол оны осында алып келеді”, - дедім. Арада біраз уақыт өтісімен бір адам келіп қақпаны итерді. Мен: “Кім ол?”, - деп сұрадым. Келген адам: “Осман бин Аффан”, - деп жауап берді. Мен: “Күте тұр”, - дедім де, өзім Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, Осман кіруге рұқсат сұрап жатыр”, - дедім. Ол: “Кіргіз де, оны ол қайғыға ұрынғаннан кейін, Жәннәтқа кіретіндігі жайлы айтып қуандыр!”, - деді. Сонда

мен қайта оралып Османға: “Кір және Аллаһтың елшісі сені сен қайғыға ұрынғаннан кейін Жәннәтқа кіретіндігің жайлы қуанышты хабармен қуандырып жатқанын біл!”, - дедім. Сосын Осман кірді де құдықтың олар отырған жиегінде орынның жоғын көріп, оларға қарама-қарсы басқа жиегінен отырды.

Саъд бин аль-Мусайб былай деді:

Олардың құдықты жағалап отыруларының мәнісін, олардың қаза болғанынан кейін мазарда да қабырлері солай орналасады, деп жорыдым⁴⁰⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек қана аль-Бухари келтірген нұсқасында Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын маған қақпаларды (күзетуімді) бұйырды.

Және де хадистің осы нұсқасында Османды, оған Аллаһтың ризашылығы

⁴⁰⁶ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Бакр және Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бөлмесінде жерленген, ал Осман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітінің жанында орналасқан аль-Бақи мазарында жерленген.

болсын, Жәннәтпен қуандырғанда ол, Аллаһқа мақтаулар айтып: “Жәрдемді тек қана Аллаһтан сұрау керек”, - деді, дегені келтіріледі.

710. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз арамызда Абу Бакр мен Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, бірнеше адамдармен отырған кезімізде, кенеттен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орнынан тұрды да бізді тастап кетіп қалды. Ол бізге көп уақыт ішінде қайта оралмады да, біз не болып қалды екен деп уайымдай бастадық. Одан кейін бізді үрей биледі де, орнымыздан тұрдық. Мен болсам қорқып, бірінші болып оны іздеп шығып, ансарлардың бірінің бағының дуалына кезіккенімше жүрдім. Мен бақтың қақпаларын таба алмай дуалды айналып шыққанымда, бақтан тысқары жердегі құдықтан аққан жылғаның (баққа кіріп) дуалдың артында көрінбей кететінін байқадым. Сонда мен түлкі секілді бір уыс болып бүктеліп (сол тесіктен) бақтың ішіне кірсем Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сонда екен.

Ол маған: “Абу Хурайра?”, - деді. Мен: “(Менмін), иә Аллаһтың елшісі”, - дедім. Ол: “Не болып қалды?”, - деп сұрады. Мен: “Сен біздің арамызда болдың да, сосын бізді тастап кетіп қалдың және көпке дейін оралмадың, ал біз болсақ саған не болып қалды деп, қорқа бастадық, ал мен бірінші болып қорқа бастадым. Сосын мен осы баққа кіріп түлкі секілді бүктеліп (ішіне кірдім), ал басқалары менің артымнан келе жатыр”, - дедім. Сонда ол: “Ия Абу Хурайра”, - деп маған өзінің сандалын беріп: “Менің сандалымды ал да барып осы бақтың сыртында кезіктірген кез келген, Аллаһтан басқа құдай жоқ, деп жүрегімен нық сеніп куәлік берген адамға, Жұмақты хабарлап қуандыр!”, - деді. **Соңынан бұл хадисті (Абу Хурайра) аяғына дейін айтып келтірді⁴⁰⁷.**

Муслим.

711. Хабар бойынша, Ибн Шумаса, ол былай деді:

⁴⁰⁷ Хадистің жалғасында былай делінеді, Омар Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдар осымен ғана шектеліп, игілікті істерді жасауды тоқтатып қоймасы үшін, адамдарға бұл жайлы айтпауға кеңес берді де, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның ойымен келісті.

Біз Амр бин аль-Аспен⁴⁰⁸, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол жан тапсырар алдында бірге болдық. Оның дуалға бұрылып көп жылағаны соншалық, оның баласы оған: «Ия әкетай, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сені қуанышты хабармен қуандырмап па еді? Ия әкетай, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сені қуанышты хабармен қуандырмап па еді?», - дей бастады. Сонда ол бізге бұрылып былай деді: «Расында, (адамның Ахиретке) жинаған қорының ішіндегі ең жақсысы, Алаһтан басқа Құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деген куәлік жатады. Расында, мен (өмірімнің) үш түрлі сатысынан өттім: (алдымен) мен менен артық Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаек көретін және ұстап алып оны өлтіруді қалайтын адам жоқ шығар, деп ойлайтынмын, ал егерде осындай күйде өлген болсам, онда мен Тозақ отының тұрғындарының ішінде болған болар едім. Аллаһ менің жүрегіме исламға деген махабатты

⁴⁰⁸ Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Исламның алғашқы уақытының ірі әскери қолбасшысы саналады. Ол Меккені алардың алдында Ислам қабылдап, артынан көптеген шайқастарға қатысқан. Ол Сирияны жаулап алған шайқасқа қатысқан, Мысырды жаулап алушылардан болған және артынан Кайр салынған Фустат атты мекенді құрған.

кіргізген кезде, мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлмі болсын, келдім де: «Мен саған ант беруім үшін оң қолыңды бер!», - дедім. Сонда ол маған қолын созды да, ал мен болсам оған қолымды бермедім, сонда ол: «Саған не болды, иә Амр?», - деп сұрады. Мен: «Менің қойғым келетін шартым бар», - дедім. Ол: «Қандай шарт?», - деп сұрады. Мен: «Менің күнәләрімнің кешірілуі», - дедім. Сонда ол: «Ислам бүкіл алдыңғы күнәләрді, хижра алдыңғы күнәләрді, қажылық алдыңғы күнәләрді өшіретіндігі, саған мәлім емес пе?», - деді. Осыдан кейін мен үшін Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артық жақсы көретін және одан жоғары қоятын адам болған жоқ. Менің оған деген құрметімнің тереңдігі соншалық, мен оның көзіне қарауға дәтім бармайтын, ал егер маған оны сүйреттеп берші десе, мен оны істей аламас едім, неге десең мен оған ешқашан тесіліп қараған емеспін, ал егер мен осындай күйде өлген болсам, онда Жәннәт тұрғындарынан болуға үміттенер едім. Ал одан кейін бізге берілген тапсырмаларының көптігі сонша, солардың кесірінен өзімнің қандай күйде екендігімді білмеймін! Ал мен өлгеннен кейін мені (мазараға) не (жоқтап) жылаушы, не от шығарып салмасын, ал мені жерлеген уақытта топырақты аз-аздан тастап көміңдер де, одан

кейін менің қабырымның жанында түйені сойып оның етін таратуға қанша уақыт кететін болса сонша уақыт мен сендерге қуанып және Раббымның елшілеріне на жауап беретінімді көруім үшін тұра тұрындар⁴⁰⁹. **Муслим.**

96 ТАРАУ

Жолдастарыңмен қоштасу және онымен

ол сапарға аттанып қоштасқанда не болмаса басқа жағдайларда оған кеңес беру

және ол үшін Аллаһтан сұрап дұға жасау

және оның да сен үшін Аллаһтан сұрап дұға жасауы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Ибраһим бұны ұлдарына өсиет етті және Яқұп та: “Иә ұлдарым! Әрине Аллаһ сендер үшін осы дінді ұнатты, сондықтан сендер нағыз мұсылман болып өліңдер”, - деді. Яқұпқа өлім

⁴⁰⁹ Басқаша айтқанда, қабырда сұрақ қоятын періштелер. Сонымен, бұл хадисте мәйіт, өзін шығарып салушылардың сөздерін есітетіндігі жөніндегі көп нұсқаулардың бірі айтылып жатыр.

келген сәтте, балаларына: “Неменеге құлшылық қыласыңдар?”, - дегенде, бар ма едіңдер? Сонда олар: “Сенің Құдайына, аталарыңның Құдайына: Исмаил, Исхақтың брақ Құдайына құлшылық қыламыз. Сондай-ақ Соған бой ұсынамыз”, - деген еді.” **“Бақара” сүресі 132-133 аяттар.**

Ал хадистер жайлы айтатын болсақ, оларға келесі хадистер жатады:

712. Зайд бин Аркамның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, «Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанұясына құрметтеу жайлы тарауында», хабарлаған хадисте, Аль-Аркамның былай дегені келтіріледі:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меке мен Мединаның арасындағы судың бастауы Хумда болған уақытта, ол орнынан тұрды да бізге хұтпа айта бастады. Ол Аллаһқа мақтау айтып, оған шүкірлік айтып болған соң, адамдарға уағыз айтып естеріне сала бастады!⁴¹⁰ Сосын

⁴¹⁰ Олардың естерінен шығып кеткен жайлар жайлы және көңілдеріне ала бермейті жайлары жайлы айта бастады, дегені.

ол былай деді: «Содан соң: «Иә адамдар, расында, мен - тек адам ғанамын, жақын бір күндерде маған менің Раббымның елшісі келеді де мен оны қабыл аламын!⁴¹¹ Сендерге артымнан екі асылды қалдырамын. Олардың біріншісі өзіне басшылық пен нұрды сіңірген Аллаһтың Кітабы, сондықтан оның айтқанымен жүріңдер және оны мықты ұстаныңдар!», - деді де, адамдарды Аллаһтың Кітабымен жүруге шақырып, оларды оған ынталандыра бастады. Содан соң ол: «Ал екінші асыл ол, менің жанұямның мүшелері болып табылады, мен сендерге Аллаһтың, менің жан ұямның мүшелеріне қатысты айтқан әмірлерін естеріңе саламын, мен сендерге Аллаһтың, менің жан ұямның мүшелеріне қатысты айтқан әмірлерін естеріңе саламын!⁴¹²», - деді. **Муслим.**

713. Хабар бойынша, Малик бин аль-Хувайрис, ол былай деді:

Кезінде біз Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келдік ол кезде біз бәріміз бір рудан және жас шамасында тететелес жас жігіттер болатынбыз. Біз Аллаһтың елшісінде, оған Аллаһтың игілігі мен

⁴¹¹ Өлім періштесі келіп, мен бұл дүниеден кетемін, дегені.

⁴¹² Бұл хадис №346 хадистің бөлігі болып табылады.

сәлемі болсын, жиырма күн тұрдық, сол аралықта ол бізбен жұмсақ әрі сыпайы болды және біздің үйімізді сағанап жүргенімізді сезіп жанұямыз жайлы онда кімнің қалғандығын сұрады, біз бәрін айтып бердік. Сонда ол бізге: «Жанұяларыңа қайтыңдар, олармен бірге тұрыңдар, оларға дінді үйретіңдер де оларға игілікті істерді жасауды бұйырыңдар. Ал пәлен намазды пәлен уақытта оқыңдар және пәлен намазды – пәлен уақытта оқыңдар, ал намаздың уақыты келген кезде бірің намазға шақырып (қамат түсіріңдер де), ал араларыңдағы жас тұрғысында үлкенің намаздарыңда (имамдарың болып) басқарсын.

Муслим.

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...және намазды сендердің көз алдарыңда мен қалай орындасам, сендер де дәл солай орындандар.

714. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, умра жасау үшін рұқсат сұрап бардым. Ол Маған рұқсат берді де: «Иә бауырым, өзіңнің дұғаңда бізді де ұмытпа!», - деді. Мен бұл сөздерді бүкіл дүниеге ауыстырмас едім!

Бұл хадистің басқа нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігімен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Иә бауырым, бізді де дұғаңа қос! Абу Дауд пен ат-Тирмизидің «Жақсы хадис» деп келтірген сенімді хадис.⁴¹³

715. Хабар бойынша, Салим бин Абдуллах бин Омар, ол әрдайым Абдуллах бин Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сапарға аттанайын деп тұрған адамға былай деп айтатынын жеткізді:

Мен сенімен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, секілді қоштасуым үшін, маған жақында дейтін де, мынаны айтатын: «Дініңді, аманатыңды⁴¹⁴ және

⁴¹³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁴¹⁴ Яғни, жол бойы орындалатын діни амалдарыңды.

амалыңның соңын Аллаһқа тапсырамын!» /Астаудиъу-Ллаһа динака, уа аманатака, уа хауатима амалика!/⁴¹⁵ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

716. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Йазид ал-Хатми, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әскерді жорыққа аттандырып олармен қоштасқысы келсе былай дейтін: «Дініңді, аманатыңды және амалыңның соңын Аллаһқа тапсырамын!» /Астаудиъу-Ллаһа динака, уа аманатака, уа хауатима амалика!/ **Сенімді хадис, сенімді иснадтарымен Абу Дауд және басқа мұхаддистер келтіреді.**

717. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адам келіп: “Мен сапарға аттанғалы жатырмын, маған жол батасын берші”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған

⁴¹⁵«Мұсылман қорғаны» кітабінің №212 дұғасында араб әріптерімен келтірілген – **аударушыдан.**

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһ саған тақуалық нәсіп етсін!” /Зауадака-Ллаһу-т-тақуа/, - деді. Ол адам: «Бұған тағы да мен үшін қосшы», - деді де – Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол сенің күнәләріңді кешірсін» /Уа ғаффара занбака/, - деді. Ол адам: «Бұған тағы да мен үшін қосшы», - деді де – Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен қай жерде болсаң да, Ол сенің игілікке жетуіңді жеңілдетсін!» /Уа иассара лакаль-хайра хайсума кунта!/ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

97 ТАРАУ

Игілік сұрау (истихара) және кеңес сұрау жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“...іс жөнінде олармен кеңес қыл...” “**Аль-Имран сүресі 159 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...сондай-ақ істерін кеңеспен жүргізгендер...” “**Шура” сүресі, 38 аят.**

718. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге Аллаһтан сұрап дұға жасауды, Құранның сүрелерін үйреткендей үйрететін және былай дейтін: “Сендерден қайсыларың бір іс істегің келсе екі ракағат (нәфіл) намаз оқысын да, былай десін: “Иә Аллаһ! Маған іліміңнен игілік бергейсің, құдіретіңмен мені қуатты еткейсің, кең пейіліңмен мені қуанышты еткейсің. Расында, менің күш-құдіретім (түкке) жетпейді. Мен (еш нәрсені) білмеймін. Ал Сен барлық нәрсені білесің. Әрі сен көместерді (ғайыпты) де толық көрушісің. Иә Аллаһ, егер бұл істің⁴¹⁶ дінімде, тіршілігімде, істерімнің соңында, (немесе былай дейді: “Қзіргі (өмір) тіршілігімде немесе келешекте бұл істің) мен үшін қайырлы екендігін білсең, оны маған нәсіп ете көр! Әрі (ол істі) маған оңтайлы етіп, кейін оны мен үшін берекелі ет! Ал егер бұл істің дінімде, тіршілігімде, істерімнің соңында, (немесе былай дейді: “Қазіргі (өмір) тіршілігімде немесе келешекте бұл істің) мен үшін жаман екендігін білсең, онда (оны) менен алыстат! Әрі мені де

⁴¹⁶ Осы жерде өз қажетін айтады.

одан аулақ ет! Қай жерде болса да мен үшін жақсылықты нәсіп ет те, мені сол жақсылықпен разы ете көр!” /Аллаһумма, инни астахирука бильмика уа астағдирука би қудратика уа асалука мин фадликаль-ъазими, фа-иннака тақдиру, уа ла ақдиру, уа таъламу, уа ла аъламу уа анта ъламул ғуюб, Аллаһумма ин кунта таъламу анна һазал амра хойрун ли фи дини, уа маъаши уа ъақибати амри (ъажалиһи уа ажалиһи) фақдурһу лий уа яссирһу лий сумма барик лий фиһ, уа ин кунтә таһламу анна һазал амра шаррун лий фий диний уа маъаший уа ъақибати амрий (ъажилиһи уа ажилиһи) фасрифһу ъанний уасрифний ъанһу уақбур-лиал-хайра хайсу каана сумма ардый-ний биһ./⁴¹⁷ аль-Бухари.

98 ТАРАУ

Мерекелерге барудың дұрыстығы, ауру адамдардың көңілін сұрау, Хажге барудың, әскери жорықтарға барудың, жерлеу рәсімне және басқа да рәсімдерге қатысудың және де құлшылық еткен жердің көбейуі үшін онда барғанда бір жолмен

⁴¹⁷Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 74 дұғасында келтірілген – аударушыдан.

барып, ал одан қайтқанда басқа жолмен келудің артықшылығы жайлы.

719. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мейрам күні Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте намаздан, онда барған жолынан бөлек басқа жолмен қайтатын. **Аль-Бухари.**

720. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (Мединадан) аттанғанда, әдетте аш-Шаджар⁴¹⁸ арқылы өтетін, ал одан қайтқанда аль-Муъарис⁴¹⁹ арқылы оралатын. Ал Меккеге кіргенде оның жоғарғы жағынан кіретін де, ал одан шыққанда төменгі жағынан шығатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴¹⁸ Мединадан шамамен алты миль ара қашықтықта орналасқан елді мекен.

⁴¹⁹ Бұл да Мединадан шамамен алты миль ара қашықтықта орналасқан елді мекен.

99 ТАРАУ

Барлық жақсы амалдарды орындағанда оң жақтан бастауға көңіл бөлу жайында, мысалыға, дәрет алғанда, ғұсыл құйынғанда, таяммум алғанда, аяқ киім шалбар (басқа да) киімдерді кигенде, мешітке кіргенде, тіс тазалағышты қолданғанда, көзді сүрмемен бояғанда, тырнақ алағанда, мұртты басқанда, қолтықтың астын тазалағанда, бастағы шашты қырғанда, намаздан кейін сәлем бергенде, тамақ-су ішкенде, қол алысқанда, Қара тасты ұстағанда, әжетханадан шыққанда, бір нәрсені алғанда, бергенде және де осыған ұқсас істерді істегенде (оң жақтан бастау жайында). Ал бұдан өзге қарама-қарсы жағдайларда сол жақтан бастауға көңіл бөлу жайында, мысалыға, сіңбіргенде, түкіргенде, әжетханаға кіргенде және мешіттен шыққанда (сол аяқпен бастап шығу), аяқ киім шалбар, т.б. киімдерді шешкенде (сол жақтан бастап шешу), ұятты жерлерін жуғанда, таза емес нәрселерді ұстағанда және осыған ұқсас істерді істегенде (сол қолмен) істеу жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Сонда енді кімнің кітабі оңынан берілсе: “Алыңдар кітабимді оқыңдар”, - дейді. **“Хаққа” сүресі, 19 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“(Амал дәптерлері оңынан берілген) оңшылдар, нендей жақсы ол оңшылдар. (Амал дәптерлері солынан берілген) солшылдар, нендей жаман ол солшылдар“. **“Уақиға” сүресі, 7-8 аяттар.**

721. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол не істесе де бәрінде, ол мейлін дәрет алуда, тарануда, аяқ-киім киуде болсын оң жаққа көңіл бөлу ұнайтын. **Аль-Бухари, Мулим.**

722. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оң қолымен дәрет алатын және тамақ жейтін, ал әжетханада және сол сияқты жерлерде⁴²⁰ амалдарын сол қолымен жасайтын. **Бұл сенімді хадисті, сенімді иснадпен Абу Дауд және басқа да мухаддистер келтіреді.**

723. Хабар бойынша, Умм Атыййй, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (қайтыс болған) қызының⁴²¹, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, денесін жуып жатқанда, ол: “Жууды оң жағынан бастап, дәрет алғанда қай жерлерін жуу керек сол жерлерінен бастап жуыңдар”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴²⁰ Мысалыға түкіріп, сіңбргенде.

⁴²¹ Әңгіме Зайнаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жайлы болып жатыр.

724. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім аяқ киімін киетін болса оң аяғынан бастасын, ал оны шешкен уақытында сол аяғынан бастасын, қорытып келгенде оң аяқты бірінші киіп соңғы шешетіндей болу керек.

Аль-Бухари, Муслим.

725. Хабар бойынша, Хафса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оң қолымен ішіп жейтін және киінетін, ал қалған істерді сол қолымен істейтін.

Бұл хадисті Абу Дауд, ат-Тирмизи және басқа да мұхаддистер келтіреді.

726. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Киім киіп, дәрет алғанда оң жақтарыңнан бастаңдар. **Бұл сенімді хадисті, сенімді**

**иснадпен Абу Дауд және ат-Тирмизи сенімді
иснадпен келтіреді.**

**727. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, ол былай деді:**

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Минаға оралғанда, ол бағаналарға келіп тас ата бастады⁴²², сосын Минадағы тоқтаған жеріне қайта оралды да құрбан шалды, сосын шаштаразшысына: “Ал⁴²³”, - деді де, бірінші басының оң жағын көрсетті де, сосын сол жағын көрсетті де, артына (қырылған) шашын адамдарға тарата бастады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим ғана келтірген нұсқасында Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бағаналарға тас атып және құрбан шалып болған соң, ол шатаразшыға басының оң жағын ұсынды да, ол оны қырып тастады, осыдан кейін ол өзіне Абу Тальха аль-Ансарды шақырып алды да, ол оған қырылған шашты

⁴²² Шайтанға тас ату рәсімі.

⁴²³ Яғни, қыра баста, деді.

берді. Ал содан соң ол оған басының сол жағын ұсынды да : “Қыр!”, - деді, қырып болған соң, Абу Тальхаға: “Адамдарға тарат”, - деді.

ТАМАҚ ІШУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ КІТАП.

(Исламдағы тамақ ішу мәдениеті)

100 ТАРАУ

**Тамақ ішуді Аллаһтың атмен (бисми-Ллаһи)
деп бастау және тамақ ішіп болған соң
Аллаһқа мақтау (шүкірліктер) айту жайлы.**

728. Хабар бойынша, Омар бин Абу Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “”Иә балақай, Қамқор, Мейірімді Аллаһтың атымен”, - деп баста да, оң колыңмен өзіңе жақын болғаннан же!” **Аль-Бухари, Муслим.**

729. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тамақ жердің алдында сендерден кез келгенің Аллаһ Тағаланың есімін айтсын, ал егер де ол Аллаһтың есімін тамақтың алдында айтуды ұмытып кетсе онда: “Аллаһтың атымен тамақтың алдында және соңында!” /Бисмилляһи фи аууалаһи уа ахираһи!/⁴²⁴, - десін. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

730. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам үйіне кіргенде және тамақ ішер алдында Аллаһ Тағаланың есімін айтса, шайтан өзінің нөкерлеріне: “Бұл жерде сендерге пана да, тамақ та жоқ!”, - дейді. Ал егер де ол кірерде Аллаһ Тағаланың есімін аузына алмаса, онда шайтан өзінің нөкерлеріне: “Сендер пана таптыңдар”, - дейді, ал егер ол

⁴²⁴ «Мұсылман қорғаны» кітабінің №178 дұғасында араб әріптерімен келтірілген – аударушыдан.

тамақ ішер кезде де Аллаһ Тағаланы есіне алып айтпаса, шайтан: “Сендер пана да, тамақ та таптыңдар”, - дейді. **Муслим.**

731. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге тамақ ішкен уақытымызда біз ешқашан одан бұрын, ол өзі тамақ жеуді бастамайынша, тамаққа қол салып еш нәрсе алмайтынбыз. Бірде біз бәріміз дастархан басында отырғанымызда, асығыс оны біреу қуып келе жатқандай бір қыз келді де, бірден тамаққа қол созды, бірақта Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оны қолынан шап беріп ұстады. Оның артынша дәл солай біреу қуып келе жатқандай, бір бәдәуи келді, оны да Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолынан ұстап былай деді: “Расында, шайтан Аллаһ Тағаланың есімінсіз бастап жеген тамақты өзіне тиесілі санайды, сондықтан ол мына қыздың көмегімен өзіне тамақты тиесілі ету үшін оны алып келді, бірақта мен оны қолынан шап беріп ұстап қалдым. Содан кейін өзіне тамақты тиесілі ету үшін мына бәдәуиді алып келді, бірақта мен оның да қолынан ұстап алдым! Жаным қолында

Болғанның атымен ант етемін, мына екеуінің қолын ұстағанымда шайтанның қолы менің қолымда болды!” Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Тағаланың есімін айтып тамаққа кірісті.

Муслим.

732. Хабар бойынша, Умаййа бин Махши, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам жанында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған уақытта тамақ жеп отырды да, ол тамақтан бір түйірі қалғанша Аллаһтың есімін айтпады. (Тамақтың соңғы түйірін) аузына салайын деп жатып: “Аллаһтың атымен тамақтың алдында және соңында!” /Бисмилляһи фи аууалаһи уа ахираһи!/, - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күліп: “Осы уақыт бойы шайтан онымен бірге тамақ жеп отырда, ал ол Аллаһтың есімін еске алуы мұң еді, шайтан ішіндегісінің бәрін құсып тастады”, - деді. **Абу Дауд ан-Насаи**⁴²⁵.

⁴²⁵ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

733. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларының алтауының ортасында тамақ жеп отыр еді, бір бәдәуи келді де (қолына тамақтың екі түйірін алып) тамақты жеп бітірді, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, егер де ол Аллаһтың есімін айтқанда, тамақ бәрімізге жетер еді», - деді. **Ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп жеткізді.**

734. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте тамақ жеп болысымен былай дейтін жеткізді:

Аллаһқа көп, хош, берекелі, әрдайым айтылатын, үздіксіз мақтау-мадақтар болсын, иә біздің Раббымыз! /Әлхамду лилләһи хамдан касиран таййбан мубаракан фийһи, ғойро

(мәкфий уә лә) мууаддәъин, уә ләә мустәғнән
ъанһу роббәнә/⁴²⁶ **Аль-Бухари.**

735. Хабар бойынша, Муъаз бин Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім тамақтан кейін: “Менен ешқандай күш-қуат талап етпей мені тамақтандырып, рызықтандырған Аллаһқа шүкір!” /Әльхамду лилләһил-ләзий ат-ъамәний һәзәә, уә разақаниһи, мин ғойри хаулим-миний уә ләә қутин!/⁴²⁷, - десе, оның алдыңғы кішігірім күнәләрі кешіріледі.

101 ТАРАУ

Тамақты жамандамай, оны мақтаудың керектігі жайлы.

⁴²⁶ «Мұсылман қорғаны» кітабінің №181 дұғасында араб әріптерімен келтірілген – **аударушыдан.**

⁴²⁷ «Мұсылман қорғаны» кітабінің №180 дұғасында араб әріптерімен келтірілген– **аударушыдан.**

736. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ешқандай тамақты жамандаған емес, егер ол оны қаласа жейтін де, ал егер ол оған ұнмаса жемейтін. **Аль-Бухари, Муслим.**

737. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйіндегі адамдардан тұздық сұрады, оған: “Бізде сірке суынан басқа тұздық жоқ”, - деді. Сонда ол сірке суын алдырды да: “Сірке суы тамаша тұздық, сірке суы тамаша тұздық!”, - деп (тамағын) жей бстады. **Муслим.**

102 ТАРАУ

Ораза ұстаушыға егер ол аузын ашпаса не айту керектігі жайлы.

738. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер қайсы бірінді қонаққа шақырса⁴²⁸, онда қабыл алсын, егер оның аузы ораза болса, онда дұға жасасын, ал егер ораза болмаса, онда тамақ жесін. **Муслим.**

Ғалымдар: “Бұл жердегі “Дұға жасасын”, дегені, ол Аллаһ Тағаладан (ол адам үшін) тілек тілеп дұға жасасын дегені.

103 ТАРАУ

Тамаққа шақырылған адам, егерде онымен бірге тағы біреу келген болса не деу керектігі жайлы.

739. Хабар бойынша, Абу Масъуд аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ансарлардан бір адам Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және онымен бірге төрт адамды үйіне тамақ беруге қонаққа шақырды, сонда олармен бірге тағы бір адам ілесті де, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың

⁴²⁸ Егер әңгіме үйлену тойына шақыру жайлы болса, онда оған бару парыз, ал қалған жағдайларда барған өз қалауыңда, дегенмен барған жақсырақ.

игілігі мен сәлемі болсын, үйдің есігінің алдына келген уақытта, үй иесіне: “Мына адам бізге еріп келді, егер қаласаң, оны кіргізесің де, ал егер қаламасаң ол артқа қайтады”, - дегенде ол: “Жоқ, мен оған кіруге рұқсат беремін, иә Аллаһтың елшісі!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

104 ТАРАУ

Жанында отырған адамның қалай жеу керектігі және дұрыс жей алмайтын адамға үйретіп көмектесу жайлы.

740. Хабар бойынша, Омар бин Абу Салама⁴²⁹, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бала кезімде мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолында (тәрбиесінде) болдым. Әдетте мен қолымды ортадағы тамақтың әр шетіне созатынмын. Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Иә балақай: “Аллаһтың атымен!” /Бисмил-Лаһи!/, - деп айт

⁴²⁹ Омар бин Абу Салам, Умм Саламның, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, бірінші күйеуінен баласы болатын, артынан ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күйеуге шықты.

та, оң қолыңмен же және тамақтан өзіңе жақынынан ғана ал!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

741. Хабар бойынша, Салама бин Ақуаъ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бір адам Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында сол қолымен жей бастады, бұны көрген ол: «Оң қолыңмен же!», - деді. Бұған ол: «Жей алмаймын», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «Жей алмай қал!», деді. Өйткені оған такаппарлықтан басқа еш нәрсе кедергі жасамайтын. Осыдан кейін ол, шынымен-ақ, сол қолын аузына апара алмайтын болды. **Муслим.**

105 ТАРАУ

Көпшілік арасында тамақ жеп отырған адамның құрманы екіден не болмаса басқа тамақты екіден алып жеуді, тек қана сондағы адамдардың рұқсатымен ғана жасауға болатындығы жайлы.

742. Хабар бойынша, Жабал бин Сухайым, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Біз ибн аз-Зубайрмен бірге болған кезімізде, құрғақшылық болды да бізге құрма берілетін. Ал Абдуллаһ бин Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жайлы айтатын болсақ, ол тамақ жеп отырған біздің жанымыздан өтіп бара жатып: “Екіден алмаңдар, өйткені Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олай істеуге тыйым салатын”, - дейтін де, артынан: “...егерде оған олай істеуге оның бауыры рұқсат бермесе”, - деп қосатын.

Аль-Бухари, Муслим.

106 ТАРАУ

Тамақ жеп, бірақ тоймайтын адамға не деп, не істеу керектігі жайлы.

743. Хабар бойынша, Уақш бин Харб былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: “Иә Аллаһтың

елшісі, расында біз тамақ жеп тойына алмаймыз!", - деді. Ол: "Сендер бөлек тамақ ішетін шығарсыңдар", - деді. Олар: "Иә", - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "Онда тамаққа жиналып, Аллаһтың есімін айтып жеңдер, сонда сендерге тамақтың берекесі болады", - деді. **Абу Дауд.**

107 ТАРАУ

Тамақты шетінен бастап жеу және ортасынан жеуге рұқсаттың жоқтығы жайлы.

Бұл тарауға Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: "...өзіңе жақын болған жерден ғана же!", - деген сөздері жатады.

744. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тамақтың берекесі, оның ортасында болады, сондықтан оның шетінен бастап

жеңдер де, жеуді ортасынан бастамаңдар. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

745. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Буср оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, “Аль-Ғарра”⁴³⁰, деп аталатын үлкен және оны төрт адам көтеретін ыдысы болатын. Бірде таң ертең намаз оқып болған соң, ішіне нан турап оны алып келді де, оны айнала адамдар жинала бастады, ал оның жанына көп адам жиналған соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның алдына тізерледі. Бір бәдәуи: “Сен неге бұлай отырсың?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында Аллаһ мені рақымсыз билеуші етіп жаратқан жоқ, мен шүкірлік етушілерден етті!”, - деді де, артынан: “Шетінен жеңдер де, төбесіне тиіспеңдер, сонда осының бәрі берекелі болады”, - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснадпен келтіреді.**

⁴³⁰ «Аль-Ғарра» – ақ, жылтырақ.

108 ТАРАУ

Шынтаққа сүйеніп тамақ ішудің жақсы еместігі жайлы.

746. Хабар бойынша, Абу Жухайф Уахуа бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен тамақ ішкенде еш нәрсеге сүйенбеймін.
Аль-Бухари.

Аль Хттаби былай дейді:

“Бұл жердегі ”Шынтаққа сүйенуші” , дегені ол “отырушының өзі отырған төсекке сүйенгені”. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен төсекте және жастықта тамақты көп жегісі келген адам секілді отырмаймын, керісінше тек керекті мөлшерде ғана және кез келген уақытта тұрып кететін адамның отырысымен отырамын, деп айтпақшы болған”.

Ал Аль-Хаттабидің бұл сөздерін басқалар “Шынтаққа сүйенуші”, ол жантайып жартылай

жатқан адамды айтады, деген, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана.

747. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір тізесін көтеріп жерде отырып құрма жегенін көрдім. **Муслим.**

109 ТАРАУ

Тамақты үш саусақпен жеп оны жалаудың дұрыстығы, ал оны жаламай сүртудің жақсы еместігі жайлы және ыдыстағы (тамақты) жалап жеп қою, жерге түскен тамақты көтеріп жеу және де саусақтарды жалаған соң оны білекке, өкшеге сүртуге болатындығы жайында.

748. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден қайсыларың тамақ жеп болған соң саусағын жалап қоймай, не оны басқа

біреуге жалатпай⁴³¹ сүртпесін. **Аль-Бухари, Муслим.**

749. Хабар бойынша, Қаъб бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тамақты үш саусағымен жеп, ал жеп болған соң оны жалап қойғанын көрдім. **Муслим.**

750. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саусақтармен ыдысты жалап қоюды әмір етіп, былай деді: “Расында, сендер тамақтың қай бөлігінде берекенің жасарынғанын білмейсіңдер”. **Муслим.**

751. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер қайсы біріңнің бір түйір тамағың түсіп қалса, оны шайтанға қалдырмай қыл-қоқымын

⁴³¹ Балаларына, әйеліне, қызметшілеріне.

алып тастап жеп қойсын және қолын жаламағанша шүберкпен сүртпесін, өйткені ол асының берекесі қай бөлігінде екенін білмейді.

Муслим.

752. Хабар бойынша, Жәбір, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, шайтан сендердің әр қайсыларыңның қасында болып, ол не істесе де жанынан кетпей тамақ ішіп жатқан кезде де болады, егер қайсы біріңде бір тілім (түйір болса да) тамағың түсіп қалса, оны шайтанға қалдырмай қыл-қоқымын алып тастап жеп қойсын және қолын жаламағанша шүберкепен сүртпесін, өйткені ол асының берекесі қай бөлігінде екенін білмейді. **Муслим.**

753. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Тамақ жеп болысымен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саусақтарын жалап былай дейтін: “Егер қайсы біріңде тамағыңнан бір түйірі (болса да) түсіп қалса, оны шайтанға қалдырмай қыл-қоқымын

алып тастап жеп қойсын“ Және ол бізге ыдыстағы тамақты жалап жеп қоюды әмір етіп, былай дейтін: “Расында, сендер астарыңның қай бөлігінде береке жасырынғанын білмейсіңдер”. **Муслим.**

754. Хабар бойынша, Саъид бин Харис, ол бірде Жәбірден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, отқа тиген тамақты жегеннен кейін дәрет алу керек пе?, днп сұрағанда⁴³². Ол: “Жоқ. Бұндай тамақ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уақытында бізге сирек бұйыратын, ал ондай тамақ тигенде біздің орамалымыз болмайтын, қолымызды білегімізге, окшелерімізге сүртетінбіз де, одан кейін намазды дәрет аламастан оқитынбыз⁴³³”.

Аль-Бухари.

110 ТАРАУ

Тамаққа көп қол созылғанының

жақсы екендігі жайлы.

⁴³² Яғни: «Отқа қақталып пісірілген ет, нан жегеннен дәрет бұзылады ма?», - деп сұрап жатыр.

⁴³³ Яғни, тамақтың алдындағы дәретімізді жеген тамағымыз бұзбайтын да, намазды дәрет алмастан оқитынбыз.

755. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екеудің тамағы үшеуге де жетеді, ал үшеудің тамағы төртеуге де жетеді. **аль-Бухари,**
Муслим.

766. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір адамның тамағы екі адамға жетеді, екі адамның тамағы төрт адамға жетеді, ал төрт адамның тамағы сегіз адамға да жетеді.
Муслим.

111 ТАРАУ

Су ішу жайлы және су ішкен уақытта ыдысты ауыздан алып үш рет демалғанның жақсы екендігі, және ыдысты ауыздан алмай демалғанның дұрыс еместігі және де ыдысты, беру суды бірінші

ішіп болған адамнан соң оның оң жағына қарай беру керектігі жайлы.

757. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір ыдыстан су ішкен уақытында, әдетте үш рет дем алатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл дегеніміз, ол ыдысты аузынан алып дем алатын.

758. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Түйе секілді бірден бәрін ішпеңдер, ішкенде екі не үш рет дем алып ішіңдер және ішер алдында “Аллаһтың атымен!”/Бисми-Ллаһи!/, - деп бастаңдар да, ішуді аяқтағанда Аллаһқа мақтаулар айтыңдар⁴³⁴. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**⁴³⁵

⁴³⁴ Яғни, «Әльхамду ли-Ллаһи!», деңдер.

⁴³⁵ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған,- аударушыдан.

759. Хабар бойынша, Абу Катада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, ыдсты ауыздан алмай дем алуға тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Яғни, ыдыстағы суға дем алу.

760. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, су араластырған сүт алып келгенде, оның оң жағында бір бәдәуи тұрды да, ал сол жағында Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, тұрды. Ол сүтті ішіп болды да, ыдысын бәдуиге беріп: “Оң жақтағының артық хақысы бар”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

761. Хабар бойынша, Сахл бин Съад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сусын алып келді, ол оны ыдыстан ішті. Сонда оның оң жағында бір жасөспірім⁴³⁶ отырды да, ал сол жағында

⁴³⁶ Ол жасөспірім Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бөле інісі Абдуллаһ Ибн Аббас болатын, оларға

қариялар отырды. Ол жасөспірімнен: «Сен маған мына ыдысты алдымен мыналарға беруге рұқсат бересің бе?», - деді. Жасөспірім: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен сенен маған тиесіліні ешкімге бермеймін!», - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол ыдысты оған берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

112 ТАРАУ

Шанаштың⁴³⁷ не болмаса басқа ыдыстардың тікелей аузынан ішудің жақсы еместігі жайлы және жақсы емес дегеннің толығымен рұқсат емеске жатпайтындығы жайлы.

762. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың ризашылығы болсын, ол кезде оның жасы он үшке жетпейтін.

⁴³⁷ Шанаш – аузы бар қоржын секілді су құятын ыдыс. Қарыннан, иленген теріден жасалатын су құятын ыдыс болса керек – аударушыдан

“Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шанаштарды бүктеуге тыйым салатын”, - яғни, оны бүктеп аузынан ішуге, тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

763. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үлкен болсын, /...кіші болсын/ шанаштың тікелей аузынан ішуге тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

764. Хабар бойынша, Хасан бин Сәбиттің апасы Умм Сәбит Қабша бинт Сәбит, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған кірді де, тұрып менде ілулі тұрған шанаштың аузынан су ішті. Сосын мен ол шанаштың аузын кесіп алдым. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

Оның шанышқының аузын кесіп алғандағы мақсаты, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аузы тиген нәрсені, күтіп ұстап сол арқылы иглікке жету болған. Бұл хадистен алатынымыз, дегенмен аузы бар ыдыстардан тікелей аузынын ішуге

Шариғат толығымен тыйым салмайды, бірақта алдыңғы хадистерге сүйенетін болсақ олай істегеннің жақсы емес екендігі айқындалады, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана⁴³⁸.

113 ТАРАУ

Суға үрлеудің жақсы еместігі жайлы.

765. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, суға үрлеуге тыйым салған уақытта, бір адам: “Дегенмен мен кей-кездері онда қиқым көремін”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “(Қиқымды) төгіп таста”, - деді. Ол адам: “Мен бір деммен сусынымды қандыра

⁴³⁸Көптеген Ислам ғалымдары, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлем болсын, харам емес, бірақ ләжі болса істеуге болмайтын нәрселерге тыйым салып, бірақта адамдар бұл істі харам екен деп ойлап қалмасы үшін өзі жасаған делінеді. Дегенмен кей ғалымдар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетінен, өзінің істеген амалдарының күші жоғарырақ деген, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан..**

алмаймын”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Онда ыдысты аузыңнан ал⁴³⁹”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

766. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ыдысқа үрлеуді және одан ауызды алмай дем алуға тыйым салды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

114 ТАРАУ

Тұрып ішуге болатындығы, бырақ отырып ішкеннің жақсырақ екендігі жайлы.

Бұл тарауға (112 тарауда) келтірілген (№764 хадис) Қабыштың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келтірген хедисі жатады.

⁴³⁹ Яғни, ыдысты аузыңа алып дем ал.

767. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Зәмзәм суын бердім, ол оны тұрған бойда ішті. **Аль-Бухари, Муслим.**

768. Хабар бойынша, ан-Назаль бин Сабр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мешіт қақпаларының жанына келіп, тұрып су ішті де: “Қазір мен не істесем, расында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, соны істегенін көрдім⁴⁴⁰”, - деді.

Аль-Бухари.

769. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде біз жүріп жеп және тұрып су ішуге жиі мәжбүр болатынбыз.

⁴⁴⁰ Яғни, суды тұрып ішкенін көрдім.

Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.

770. Хабар бойынша, Амр бин Шуъайбқа әкесі оның атасының, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деп айтқанын жеткізді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрып та отырып та ішкенін көрдім. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

771. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрып ішуге тыйым салғанын жеткізді, Қатада айтты:

Біз Анастан: “Ал жеуге ше?”, - деп сұрағанда, ол: “Бұл одан да нашар”, /”...не одан да жиренішті”/, - деп жауап берді. **Муслим.**

Бұл хадистің тағі бір нұсқасында Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға тұрып ішуге рұқсат бермейтін, делінеді.

772. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден еш қайсысың тұрып ішуші болмаңдар, ал егер ұмытып кетіп ішіп қойса, онда ішкенін құсып тастасын. **Муслим.**

115 ТАРАУ

Су үлестіруші адамның өзі суды соңынан ішуі жайлы.

773. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Су үлестіруші адам, өзі суды бәрінен кейін ішсін. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

116 ТАРАУ

Тікелей өзеннен не болмаса тағы (осыған ұқсас) жерлерден ыдыссыз қолдың

көмегінсіз ішуге болатындығы сияқты кез келген алтын мен күмістен басқа таза ыдыстардан ішуге болатындығы жайлы және алтын мен күмістен жасалған ыдыстардан ішіп-жеуге дәрет алуға және басқа да істерде қолдануға болмайтындығы жайлы.

774. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде намаздың уақыты келген уақытта мешіттің жанында тұратындар дәрет алуға үйлеріне кетті, ал қалғандары қалды. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, оған тастан жасалған ыдыспен су алып келді, ол ыдыстың кішкентайлығы сонша, онда саусақтарды ашып салуға қол симас еді, бірақта сол ыдыстағы сумен сол жерде қалған барлық адам дәрет алды.

Бұл хадисті жеткізушілердің бірі былай деді:

Біз Анастан: “Сендер неше адам болып едіңдер?”, - деп сұрадық. Ол: “Сексеннен астам адам”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим, бұл жерде Аль-Бухаридің нұсқасы келтіріліп тұр.**

Бұл хадистің Аль-Бухари, Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, су әкелуге әмір берді де, оған бір таяз ыдыспен су алып келді, ал мен оның саусақтарының арасынан (ыдыстан) су аққанын көрдім, ал дәрет алушылардың санын айтатын болсақ олар жетпіс пен сексеннің аралығында болды.

775. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бізге Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді, біз оған мыс ыдыспен су алып шақтық, ол сол сумен дәрет алды. **Аль-Бухари.**

776. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларының

бірімен бір ансардың үйіне кірді де: «Сенің шанашыңда түннен қалған су бар ма, егер болмаса онда біз суаттың⁴⁴¹ өзінен ішеміз», - деді. **Аль-Бухари.**

777. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге жібектен және дибадждан жасалған киімді киуге⁴⁴² және алтын мен күмістен жасалған ыдыстардан ішуге тыйым салып былай дейтін: “Расында, бұның бәрі олар⁴⁴³ үшін осы дүниеде бұйрады да, ал біздер үшін о дүниеде бұйырады” **аль-Бухари, Муслим.**

778. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁴⁴¹ Суат – су жиналатын жер - **аударушыдан.**

⁴⁴² Дибадж – негізі жібектен құралған қымбат мата. Жібек киім мен дибадждан жасалған киімге тыйым тек қана ер кісілерге қастысты.

⁴⁴³ Яғни, имансыздар.

Күміс ыдыстан ішкеннің қарнында Тозақ отының жалыны шулайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Расында, кім күмістен жасалған ыдыстан ішсе, жесе...

Бұл хадистің тек қана Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Күміс не алтын ыдыстан ішкеннің қарнында Тозақ отының жалыны шулайды.

КИИМ КІТАБЫ

117 ТАРАУ

Ақ түсті киім кигеннің дұрысырақ екендігі және қызыл, жасыл, сары, қара түсті киімді киуге болатындығы, сондай-ақ киімнің матасы мақтадан, шаштан, жүннен,

зығырдан және т.б. жібектен басқаның бәрінен болса киуге болатыныдығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәнді бұйым түсірдік (жарттық). Негізінде тақуалық киім жақсы. Солар Аллаһтың белгілері. Әрине түсінерсіңдер“. **«Ағраф» сүресі, 26 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Сондай-ақ сендер үшін ыстықтан қорғайтын киімдер және соғыста қорғанатын сауыттар пайда қылды. Әрине бой ұсынарсыңдар“. **“Нахыл” сүресі, 81 аят.**

779. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімдеріңнің ішінен ағын киіңдер, өйткені, расында, олар жақсырақ болып саналады, сондай-ақ мәйіттеріңді ақ матаға орандар. **Бұл хадисті ат-тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис” деп келтіреді.**

780. Хабар бойынша, Самур, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ақ киіңдер, өйткені, расында, ол таза және жақсырақ, сондай-ақ мәйіттеріңді аққа орандар. **Бұл хадисті ан-Насай және аль-Хакам “Сенімді хадис” деп келтіреді.**

781. Хабар бойынша, Аль-Бари бинЪазиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсы, орта бойлы болатын. Бірде мен оны қызыл түсті киімде көрдім, сондай-ақ сырт пішіні одан сүйкімді (әдемі) ешкімді көрген емеспін. **Аль-Бухари, Муслим.**

782. Хабар бойынша, Абу Жахайфа Ухф бин Абдуллуһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол Мекке (төңірегіндегі) Аль-Абтах деген жерде, қызыл түсті терімен

қапталған өзінің шатырында көрдім. Биляль Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дәрет алу үшін су алып шықты да, одан кейбіреулерге бірнеше тамшы бұйырды да, ал кейбіреулері онымен денелерінің кей жерлерін сулауға мүмкіншілік алды⁴⁴⁴. Одан кейін сыртқа үстіне қызыл түсті киімі киген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шықты, әлі күнге дейін оның балтырының ақтығы менің көз алдымда. Содан соң ол дәрет алды, ал Биляль азан айта бастады, мен болсам ол оңға және солға бұрылып “Намазға асығыңдар!” /Хаййа ъляс-солят!/ “Құтылу жолына асығыңдар!” /Хаййа ълял-флях/, деген уақытында оның сөздерін қайталап отырдым. Содан соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үшін ұшы ұшталған ағашты жерге қадады⁴⁴⁵ да, ол алдыға шығып намаз оқыды, намаз кезінде оның алдынан еш кедергісіз иттер мен есектер өтіп жатты. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴⁴⁴ Яғни, адамдар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арналған судан алу үшін Биляльға қарай жүгірді.

⁴⁴⁵ Бұл таяқты Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ашық жарде намаз оқығанда кедергі (сутра) ретінде қолданатын.

783. Хабар бойынша, Абу Римса Рифаъа ат-Тайми, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үстінде жасылдан екі киімі болған кезінде көрдім. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд пен ат-Тирмизи келтіреді.**

784. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Меккені алған күні, мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қара сәлдемен болғанын көрдім. **Муслим.**

785. Хабар бойынша, Абу Саъид Амр бин Хурайс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен ұштарын жауырынының ортасына түсірген қара сәлделі Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әлі күнге дейін көз алдымда көріп тұрғандаймын. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген Жәбірден жеткізген нұсқасында, Аллаһтың елшісі, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың алдына құтпа айтуға қара сәлдемен шыққаны хабарланады.

786. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мәйіті Иеменнен алынған үш бөлек Сахулдік шыт матамен⁴⁴⁶ оралды, сонда оның арасында не жиде, не сәлде болған жоқ. **Аль-Бухари, Муслим.**

787. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйінен, түйенің ері секілді оюлармен жүннен оюланып тоқылған киіммен⁴⁴⁷ шықты. **Муслим.**

⁴⁴⁶ Шыт мата – таза мақтадан тоқылған мата.

⁴⁴⁷ Арабша мирт – қабырғалары тең төрт бұрышты шапан мен жай жамылғының арасындағы мата.

788. Хабар бойынша, аль-Муғира бин Шуъба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарда бірге болған кезімде, ол менен: “Сенде су бар ма?”, - деді. Мен: “Иә”, - дедім. Осыдан кейін ол түйесінен түсті де, қараңғы түнекке кіріп көрінбей кетті. Сосын ол қайтып келді де мен ыдысымнан оған суды ағыза бастадым да, ол бетін жуды. Осы кезде оның үстінде жүннен тоқылған жубба⁴⁴⁸ болды, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолдарының білегін жалаңаштата алмағаннан кейін, қолын (киімінің) астынан шығаруға тура келді⁴⁴⁹. Сосын қолдарын шынтақтарына дейін жуды да, су қолдарымен басын сүртті, ал сосын мен оған аяқ киімдерін /хуффайн/⁴⁵⁰ шешуге қолымды создым, бірақ ол: “Оларды қоя ғой, өйткені оларды мен таза аяғыма кідім”, - деді де, содан кейін аяғын сүртті. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында аль-Муғира бин Шуъбайбтың, оған Аллаһтың

⁴⁴⁸ Ұзын көйлек секілді киім.

⁴⁴⁹ Киімінің жеңдері қолын шығыруға тар болғандықтан.

⁴⁵⁰ «Хуффайн» – теріден жасалған, не жүннен тоқылған мәсі секілді қызыл асықтарын жауып тұратын аяқ киім.

**ризашылығы болсын, былай деп айтқаны
келтіріледі:**

...оның үстінде Шамнан алынған тар жеңді
жубба болды.

**Бұл хадистің үшінші нұсқасында былай
делінеді:**

Осының бәрі Табук жорығы кезінде болды.

118 ТАРАУ

Көйлек кигеннің жақсы екендігі жайлы.

789. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйікті киімі көйлек болатын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

119 ТАРАУ

**Көйлектің, жеңінің, изардың және сәлденің
ұштарының ұзындығы, сондай-ақ**

**осылардың бәрін көкіретіктен ұзартуға
тыйым салынатындығы және басқа
себептермен де олай істеудің
дұрыс еместігі жайлы.**

790. Хабар бойынша, Асма бинт Йазид аль-Ансарийа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көйлегінің жеңі білегіне дейін жетіп тұратын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**⁴⁵¹

791. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ахирет күні Аллаһ, киімін өр-көкіректіктен артында сүйретіп жүргенге, назар салмайды”, - деді. Бұны естіген Абу Бакр: “Иә Аллаһтың елшісі, егер мен қарамасам менің изарым кей кездері (белімнен) түсіп жерде сүйретіледі!”, - деді. Бұған

⁴⁵¹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған,- аударушыдан.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, сен оны өр-көкіректіктен істейтіндерден емессің!», - деді. **Бұл хадисті аль-Бухари толығымен келтіреді, ал Муслим бөлігін ғана келтіреді.**

792. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Киімін өр-көкіректіктен артында сүйретіп жүргенге, Ахирет күні Аллаһ назар салмайды!
Аль-Бухари, Муслим.

793. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қызыл асықтан төмен түскен изардың бөлігі Оттан орын алады⁴⁵². **Аль-Бухари, Муслим.**

794. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁴⁵² Бұл жерде изардың өзі емес, сол изар түскен, аяқтың қызыл асықтан төменгі жерлері Отта болады, делініп жатыр.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үшеумен Аллаһ Ахирет күні сөйлеспейді, оларға қарамайды, оларды (күнәлерінен) тазартпайды және оларға ауыр азап дайындалған!

Абу Зарр айтты:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздерін үш рет қайталады.

Сонда Абу Зарр: “Олар сәтсіздікке тап болып шығынға ұшырайды! Иә Аллаһтың елшісі, олар кімдер?”, - деп сұрады. Ол: “Киімдерінің соңын жерге түсірушілер, өзінің игілікті істерімен адамдарға міндетсінетіндер және (саудада) өзінің заттарын жалған антпен сатушылар”, - деді. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...изарын төмен түсіруші...

795. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өр-көкіректіктен изарының, көйлегінің және сәлдесінің ұштарын тым түсіргендерге Аллаһ Ахирет күні қарамайды. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд және ан-Насаи келтіреді.**

796. Хабар бойынша, Абу Журайй Жәбір бин Суляым, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен, оның ойына мән беріп және оның айтқанына ешкім қарсы шықпайтын, бір адамды көрдім. Мен: «Бұл кім?», - деп сұрадым. Адамдар: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын», - деді. Сонда мен, екі рет: «Саған сәлем /Алейка-с-салям/, иә Аллаһтың елшісі!», - дедім. Бұныма ол: «“Саған сәлем”, - деме, өткені “Саған сәлем” деп өлген адамдарға айтады⁴⁵³, бірақта “Сәлем саған” /Ассалям-а-лейка/, - деп айт», - деді. Сосын мен: «Аллаһтың елшісі сенсің бе?», - деп сұрадым. Ол: «Мен – егер саған қайғы келсе, сен Оған дұға жасап, оны сенен Қайтаратын, сондай-ақ сенің отырғызғаныңа құрғақшылық жылы келіп, сен Оған дұға жасап сұрағаныңда сенің отырғызғаныңды Өсіретін және шөл далада жоғалтқан түйеңді сенің дұғаңнан кейін тауып Беретін, Аллаһтың - елшісімін», - деді.

⁴⁵³ Жахилия кезінде өлген адамдарға осылай сәлем беретін болған.

Сосын⁴⁵⁴ мен: «Маған өсиет айтшы», - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ешкімді балағаттаушы (ұрсушы) болма», - деді. Мен сол кезден бері бірде бір рет не құлды, не бас бостандығы бар адамды, не түйені, не қойды (ешкімді) балағаттаған емеспін. Содан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бауырыңмен сөйлескенде оған жылы лебіз таныту тұрғысында болса да Шарифаттың барлық қолдаған амалдарын орындауға тырыс, өйткені бұнда (сауап бар). Сондай-ақ изарыңды балтырыңның ортасына дейін көтер, не болмаса қызыл асықтарыңа дейін көтер де, одан төмен түсіруші болма, өйткені олай тек көкіректіктен ғана істейді, ал Аллаһ болса, расында өр-көкректікті жақтырмайды! Ал егер қай бір адам сені, сендегі білетін бір ісіңмен, масқаралап сөгетін болса, онда сен оны ол туралы білетін істерімен сөгіп масқаралаушы болма, сонда бұл күнәнің жазасын ол жалғыз тартады», - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

⁴⁵⁴ Яғни, Ислам дінін қабылдағаннан кейін.

797. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде изарын тым төмен түсірген бір адам намаз оқыған кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: «Бар да дәрет ал!», - деп әмір берді. Ол адам барып дәрет алды да қайтып келді, бірақ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған тағы да: «Бар да дәрет ал!», - деп әмір берді. Сол жерде болғандардың бірі: «Иә Аллаһтың елшісі, сен неге оған дәрет ал дейсің де, одан кейін ол туралы еш нәрсе айтпайсың?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, ол намазды изарын төмен түсіріп оқыды, ал Аллаһ төмен түсірушінің дұғасына жауап бермейді^{455!}», - деді. **Бұл хадисті Муслимді қанағаттандыратын сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.⁴⁵⁶**

⁴⁵⁵ Яғни, намазын қабыл алмайды - **аударушыдан.**

⁴⁵⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

798. Хабар бойынша, әкесі Абу Дардамен⁴⁵⁷ әңгімелескен Қайса бин Бишра ат-Тағлиби былай деді:

Дамаскіде Ибн аль-Ханзалийа атты Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларыннан бір адам болды. Ол көп намаз оқитын болғандықтан жекешеленуді жақсы көріп адамдармен аз сөйлесетін, ал намаз оқып болған соң Аллаһты мадақтап Оған мақтау айтумен айналысатын, осылай үйіне қайтқанша күндерін өткізетін. Бірде біз Абу Дардамен бірге болған кезімізде, ол жанымыздан өтті де, Абу Дарда оған: “Бізге пайдалы болып және саған нұқсан келтірмейтін әңгіме айтшы”, - деді. Сонда ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жорыққа қарулы жасақ аттандырды да, ал олар қайтып келген кезде, жасақтың ішінен бір адам, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған жерге келіп, отырды да, сонда жанында отырған бір адамға: “Сен бізді жаумен кездескен кезімізде көрмегенің өкінішті-ақ! Пәленше оларға лап беріп, біреуін найзамен шаншыды да: “Менен осы соққыны ал, ал мен –

⁴⁵⁷ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, белгілі сахабаларының бірі

ғифар руының жігітімін!”, - деді. Сен бұл сөздер туралы не дейсің?”, - деді. Ол адам: “Мен оның бұл сөздерінің кесірінен оның сауабы жоғалады, деп ойлаймын”, - деді. Оның сөзін басқа бір адам естіді де: “Мен бұл сөздерден еш жамандық көріп тұрған жоқпын”, - деді де, олар өзара тартыса бастады. Бұл әңгіменің бәрін естіп отырған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһқа мақтау! Оған Аллаһтың да сауабын алуға және мақтау сөздерін естуге де ешкім кедергі жасай алмайды!”, - деді.

Мен бұл әңгіменің: “Сен шынымен-ақ бұны Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естідің бе?”, - деп, басын көтеріп, сұрақ қойып жатқан Абу Дардаға ұнағанын байқадым. Ал Ибн Ханзалийя: “Ия”, - деп жауап берді. Ал Абу Дарда болса, мен: “Бұл тізерлеп тұрудан тайынбайды⁴⁵⁸”, - деп ойлағанымша, сұрақ беруін жалғастыра берді.

Сосын, тағы бір күні Абу Ханзалийя жанымыздан өткен кезде Абу Дарда оған: “Бізге пайдалы болып және саған нұқсан келтірмейтін әңгіме айтшы”, - деді. Сонда ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге: “Аллаһ жолында

⁴⁵⁸ Яғни, білімге құрмет ретінде тізерлеуі.

жылқыларға қаржы жұмсайтын⁴⁵⁹, үздіксіз садақа берушімен тең”, - деді.

Сосын, тағы бір күні Абу Ханзалйиа жанымыздан өткен кезде Абу Дарда оған тағы да: “Бізге пайдалы болып және саған нұқсан келтірмейтін әңгіме айтшы”, - деді. Сонда ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Хурайма аль-Усайда туралы, егер ол шашын тым ұзын өсірмесе және изарын тым төмен түсірмесе, тамаша адам, деп айтуға болушы еді”, - деді. Бұны естіген Хурайма ұстара алып шашын құлағына дейін қысқартып, ал изарын балтырының ортасына дейін көтеруге асықты.

Сосын, тағы бір күні Абу Ханзалйиа жанымыздан өткен кезде Абу Дарда оған тағы да: “Бізге пайдалы болып және саған нұқсан келтірмейтін әңгіме айтшы”, - деді. Сонда ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, сендер

⁴⁵⁹ Яғни, Аллаһ жолындағы соғысқа жылқыларды дайындаушылар.

жақын арада бауырларыңа келесіңдер⁴⁶⁰, сондықтан адамдардың арасындағы меңге ұқсау үшін⁴⁶¹, ерлерің мен киімдеріңді реттендер, өйкені, расында Аллаһ ұятсызды және ұятсыз істерді жасаушыны жақтырмайды”, - дегенін естідім. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді. Бұл хадисті жеткізушілер жайлы айтатын болсақ, онда олардың ішінде Қайса бин Башир жайлы ғана түрлі көз қарастар бар. Оны кейбірі сенімге тұралық десе, ал екіншілері әлсіз дейді. Оған хадисті Муслим жеткізген.**⁴⁶²

799. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманға изарын балтырының ортасынан төмен түсіріп киу оғаштық болып табылады, егер ол изарын қызыл асықтарына дейін түсіретін болса, онда тұрған ештеңе жоқ,

⁴⁶⁰ Діндегі бауырлары жайлы айтылып тұр, және айтылған сөздерден олардың жорықтан не болмас тағы басқа бір жерден оралып келе жатқаны байқалады.

⁴⁶¹ Яғни, адамдардың арасында әдемі көрінулері үшін. Ол кезде беттегі қал адамның көркі саналатын.

⁴⁶² Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

дегенмен қызыл асықтарынан төменгісі Оттан орын алады, кім изарын көкіректіктен жерде сүйретіп жүрсе, оған Аллаһ Ахирет күні назар салмайды. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

800. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен ұштары тым төмен түскен изар киіп Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанынан өткенімде, ол маған: “Иә Абдуллаһ изарыңды көтер!”, - деді де, мен көтердім, осыдан кейін ол: “Және (көтер)!”, - деді де, мен одан да жоғары көтердім. Содан бері мен оны солай киуге тырысамын.

Біреу: “Қай жерге дейін?”, - деп сұрағанда ол: “Балтырымның ортасына дейін”, - деп жауап берді. **Муслим.**

801. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім киімін көкіректіктен жерде сүйретіп жүрсе, оған Аллаһ Ахирет күні назар

салмайды», - деген кезде, Умм Салама: «Ал әйелдердің көйлектерінің етегімен не істейміз?», - деп сұрады. Ол: «Онда бір алақан түсірсін», - деді. Умм Салама: «Онда олардың өкшелері көрінеді», - деді. Ол: «Онда етектерін (бір) білекке түсірсін, бірақ одан төмендетпесін!», - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді» хадис деп келтіреді.**

120 ТАРАУ

Бой ұсыну мақсатында тым қымбат киімдерден бас тарту жайында.

Бұл тарауға қытысы бар хадистердің бөлігі № 56 “Аштықтың, қатаң өмірдің, аста, суда, киімде және басқа да барлық адамның жанына қуаныш әкелетін істерде азға қанағат етудің, және де нәпсінің артынан еруден бас тартудың мәртебесі жайлы тарауда” келтірілген.

802. Хабар бойынша, Муъаз бин Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүмкіншілігі бола тұра, Аллаһқа бой ұсыну мақсатында, қымбат киім киуден бас тарқан адамды, Аллаһ Ахирет күні бүкіл жаратылыстарының көзінше оған иман киімдерінің кез келгенін таңдап киуін ұсынады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

121 ТАРАУ

Киім кигенде мүмкіншілігі болса тым адамдар күлетіндей нашар киінбеу жайында, әрине егер оның әрекеті осыған мұқтаж болғандықтан не болмаса Шариғаттың басқа да рұқсат етілген амалдарының ішіндегі бір мақсаттарға жетуімен байланысты болмаса.

803. Хабар бойынша, Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Өзінің (құлына берген) игілігінің іздерін Өзінің құлының үстінде көргенді жақсы көреді⁴⁶³. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

122 ТАРАУ

Еркектерге жібектен киім киуге, оған отыруға, оған сүйенуге болмайтындығы және әйелдерге жібектен киім киуге рұқсат екендігі жайында.

804. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жібектен киім кимеңдер, өйткені, расында жібекті осы дүниеде кигендер, оны о дүниеде кие алмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴⁶³ Яғни, егер оған Аллаһ игілік көрсетіп, жақсы киім киуге мүмкіншілік берген болса, онда оның жақсы киім киіп, Аллаһтың көрсеткен игілігін пайдаланғанын Аллаһ жақсы көреді деген сөз, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

805. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жібекті үлесі болмағандар ғана киеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек қана аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...мәңгілік дүниеде үлесі болмаған киеді.

806. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жібекті осы дүниеде кигендер о дүниеде кие алмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

807. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолына жібек алып оны оң қолына салып, сосын қолына алтын

алып, оны сол қолына салып: “Расында мынау мен мынау менің үмметімнің еркектеріне харам”, - дегенін естідім. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

808. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, жібек пен алтын кию менің үмметімнің еркектері үшін харам, ал әйелдері үшін халал (рұқсат). **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

809. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге алтын мен күміс ыдыстардан ішуге, жібектен және негізі жібектен жасалған киімдерді киуге және оған отыруға тыйым салатын. **Аль-Бухари.**

123 ТАРАУ

**Қотырмен ауыратындарға жібек киім
киуге болатындығы жайлы.**

810. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аз-Зубайр мен Абд ар-Рахман бин Ауф қотырмен ауыратын болғандықтан, оларға жібек киім киуге рұқсат берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

124 ТАРАУ

Жолбарыстың терсін төсекке жабуға және онымен жабылған ердің үстіне отыруға болмайтындығы жайлы.

811. Хабар бойынша, Муъавий, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жолбарыстың терісі жабылған және жібек жабылған көлікке отырмандар. **Абу Дауд және басқа да мухаддистер “Жақсы хадис”, деп жақсы иснадпен келтіреді.**

812. Хабар бойынша, Усама бин Умайр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы (жыртқыш) аңдардың терісін қолдануға тыйым салатын. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд ат-Тирмизи және ан-Насаи келтіреді.**

Бұл хадистің ат-Тирмизи келтірген нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы (жыртқыш) аңдардың терісімен төсектерді жабуға тыйым салатындығы айтылады.

125 ТАРАУ

Адам жаңа киім кигенде

не деу керектігі жайында.

813. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаңа киім киген кезде оның атын атайтын да (мысалыға) “сәлде”, не “көйлек”, не “шапан” (деп), сосын былай дейтін: “Иә Аллаһ! Саған мақтау-мадақтар болсын! Сен маған (киім) кигіздің. Мен сенен оның берекетін тілеймін және қандай жақсылыққа арналса,

оның игілігін сұраймын, қандай жаманшылыққа арналса, оның жамандығынан Өзіңе сыйынамын”. /Аллаһумма ләкәл-хамду анта касәутаниһ асәлүкә мин хойриһи уә хойри мә суниъа ләһ, уә әъузубика мин шарриһи уә шарри мәә суниъа ләһ/⁴⁶⁴ **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

126 ТАРАУ

Киім кигенде оң жақтан бастау керектігі жайлы.

Бұл тарауға байланысты хадистер №99 барлық жақсы амалдарды орындағанда оң жақтан бастауға көңіл бөлу жайындағы тарауда келтірілген.

ҚАЛАЙ ҰЙҚТАУ КЕРЕКТІГІ ЖАЙЛЫ КІТАП

⁴⁶⁴ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №6 дұғасында келтірілген – аударушыдан.

127 ТАРАУ

Қалай ұйықтап, қалай жату керектігі жайлы.

814. Хабар бойынша, Аль-Бара бин ʿАзиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұйқыға жатқанда, оң жағына (бүйіріне) жатып, былай дейтін: “Иә Аллаһ! Өз нәпсімді Саған бойұсындырдым және ісімді Өзіңе тапсырдым. Әрі жүзімді саған қараттым және (сауабыңды) үміт етіп, әрі (азабыңнан) қорқып, Саған арқа сүйедім. Сенен қашып өзгеден пана табу мүмкін емес, тек Саған қашып Өзіңнен ғана пана тілейміз. Түсірген Кітабіңа әрі жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім.” /Аллаһумма асламта нафси иләйк, уә фәу-уадту әмри иләйк(ә), уә уәж-жәһту уәжһий иләйк(ә), уә әлжәъту зохрий иләйк(ә) рағбәтән уә раһбәтән иләйк(ә), ләә мөлжә-ә уә ләә мәнжәә минкә иләә иләйк(ә), әмәнту би китабикәл-ләзий әнзәлтә уә би нәбий-икәл-ләзий әрсәлт/⁴⁶⁵ **Осы күйде өзінің «Сахих» кітабында Аль-Бухари келтіреді.**

⁴⁶⁵ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №111 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

815. Хабар бойынша, аль-Бара бин ʿАзиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деді: “Ұйықтауға жатқың келген кезде намаз оқырдың алдында қалай дәрет аласың, солай дәрет ал да оң бүйіріңе жатып былай де...”

Осыдан кейін аль-Бара жоғарыда келтірілген хадистегі дұға секілді дұғаны оқыды да мынаны айтты:

Осыдан кейін (Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын,): “Осы сөздері өткізген күніңнің соңғысы қыл”, - деді.

816. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде он бір ракағаттан тұратын нәфіл намаз оқитын, ал таң сәгіле бастаған уақытта жеңіл екі ракағат намаз⁴⁶⁶ оқитын, сосын азаншы парыз намазының уақытының

⁴⁶⁶ Бұл жердегі жеңіл намаз дегені, ол қосымша сүрелердің қысқасы оқылғандығы айтылып жатыр.

кіргенін хабарлап азан айтқанша оң бүйіріне жататын. **Аль-Бухари, Муслим.**

817. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде төсекке жатқанда бетін қолына қойып: “Иә Аллаһ, Сенің есіміңмен өліп (ұйықтап), Сенің есіміңмен тірілемін (оянамын)” /Бисмикал-лаһумма амуту уа ахийа/⁴⁶⁷, - дейтін де – ал оянған кезде: “Бізді өлтіргеннен соң қайта тірілткен Аллаһқа шүкір! Әрі біз оған қайтушымыз” Эльхамдули-Ллаһи алләзии Ахиана баъда ма аматна уа илайһин-нушуру/⁴⁶⁸, - дейтін. **Аль-Бухари.**

818. Хабар бойынша, Йаъиш бин Тихфа аль-Ғифари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол өзінің әкесінің былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде мен етбетіммен мешітке жатқан кезімде, кенет бір адам мені аяғымен түртіп: “Расында, Аллаһ бұлай жатқанды жеккөреді!”, -

⁴⁶⁷ Араб әріптерімен әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №105 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁴⁶⁸ Араб әріптерімен әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №1 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

деді. Мен жоғары қарасам ол адам Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екен. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

819. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың кегі /тира/ Аллаһтың есімін айтпай жатқанға қалай тиетін болса, Аллаһтың есімін айтпай отырғанға да солай тиеді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

“Тира”, дегеніміз “кему (азаю, тартылу)”, деген мағынаны да білдіреді. Және оның мағанасын жауапкершілік деп те айтады.

128 ТАРАУ

Егер көрінбеуге тиісті (аурат) жерлері көрініп қалу қаупі болмаса шалқайып аяқты-аяққа қойып ұйықтауға болатындығы және аяқтарды айқастырып оны қолмен құшақтап отыруға болатындығы жайында.

820. Хабар бойынша, Абдуллаъ бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітте шалқасынан аяғын аяғына қойып жатқанын көргенін жеткізді. **Аль-Бухари, Муслим.**

821. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң намазынан кейін күн ағарып шыққанша мешітте аяғын айқастырып отыратын. **Бұл сенімді хадисті Абу Дауд және басқа да мухаддистер сенімді иснадпен келтіреді.**

822. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

“Мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Қаъбаның ауласында қолымен аяқтарын құшақтап жүресінен⁴⁶⁹ отырғанын көрдім”, - деп өзі қолдарының көмегімен аяқтарын құшақтап жүресінен

⁴⁶⁹ Жүресінен отыру, деп тізелерді бүгіп жамбасын жерге тигізбей (аяққа) отыруды айтады – **аударушыдан.**

отырып Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қалай отырғанын көрсетті.

Аль-Бухари.

823. Хабар бойынша, Қайла бинт Махрама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолдарымен аяқтарын құшақтап жүре отырғанын көрдім, сонда мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, солай бойұсынып отырғанын көргенде қорыққаннан тітірендім. **Абу Дауд, ат-Тирмизи.**

824. Хабар бойынша, аш-Ширрид бин Сувайт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен сол қолымды артыма жіберіп бас бармағыма таянып шалқалап отырғанымда, жанымнан өтіп бара жатқан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Шынымен-ақ саған Аллаһтың қаһарында болғандар секілді отыру ұнайды ма не?”⁴⁷⁰, -

⁴⁷⁰ Яһудилер секілді.

деді. Бұл хадисті сеімді иснадпен **Абу Дауд** келтіреді.

129 ТАРАУ

Жиналыста өзін-өзі ұстаудың әдебі және сұхбаттасушы адамман өзін қалай ұстау керектігі жайында.

825. Хабар бойынша, Ибн Омар, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешқайсысың оның орнына отыру үшін басқаны отырған жерінен тұрғызбасын! Бұлай істемендер, бірақ жылжып (араларына отырғызсын да) еркін отыруға тырысыңдар.

Ал Ибн Омардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі жайлы айтатын болсақ, ол келген жиналыстарда егер оған біреу орнынан тұрып өз орнын ұсынатын болса, оған отырмайтын болған. **Аль-Бухари, Муслим.**

826. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден біреуің өз орнынан тұрып, одан кейін ол жерге қайта оралса, онда ол орынға оның хақысы артығырақ болады.

Муслим.

827. Хабар бойынша, Жәбір бин Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келген уақытымызда біз әрқайсысымыз соңынан (бос жерге) отыратынбыз⁴⁷¹. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

828. Хабар бойынша, Абу Абдуллаһ Сальман аль-Фариси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам жұма күні ғұсыл құйынып, қолынан келгенше тазаланып, шашына(, денесіне) үйінде табылған хош иістер жағып жұма намазына шықса, сосын мешітте жанында

⁴⁷¹ Яғни, сахабалар дәрежелеріне қарамай бос орынға отыратын.

отырғандарды итермелемесе, сосын Аллаһтың оған орындауға бұйырған намаздарын орындаса⁴⁷², сосын имам сөйлегенде тыныш отырса, оған міндетті түрде осы жұма мен алдыңғы жұманың алдында жасаған күнәләрі кешіріледі. **Аль-Бухари.**

829. Хабар бойынша, Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамға басқа екі адамды тек олардың рұқсатымен ғана арасын бөлуге болады. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

Бұл хадистің Абу Дауд қана келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Адамдардың арасына, тек олардың рұқсатымен ғана отыруға болады.

⁴⁷² Бұл жарде қосымша, мешітке кірген адамның орындайтын мешітке сәлем намазы жайлы айтылып жатыр.

830. Хабар бойынша, Хузайфа бин аль-Йаман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың ортасына отырушыларға лағынет айтатын⁴⁷³. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

Ат-Тирмизи Абу Мижляздің хабарымен бір адам ортаға отырып алған кезде, Хузайфаның былай деп айтқанын келтіреді:

“Мұндай (адам) Мұхаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арқылы қарғалған!”, - дегенін, не болмаса: “Аллаһ, Мухаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арқылы ортаға отырушыға қарғыс айтқан!”, - деді. **Ат-Тирмизи “Жақсы сенімді хадис”, деді.**⁴⁷⁴

831. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁴⁷³ Бұл жерде адамдар жиналған жерге келіп, ай-жайға карамай (именбестен), адамдардың бастарынан аттап, оларға түрлі мазасыздықтар көрсетіп, бірден ортаға не төрдегі құрметті орынға ұмтылған адамдар жайлы айтылып жатыр.

⁴⁷⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жиналыс өткізетін жерлердің жақсысы болып олардың кең жерлері саналады”, - дегенін естідім.

832. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам көп шулаған жиналыста болып⁴⁷⁵, бірақ орнынан кетер кезде: “Иә Аллаһ! Сен пәксің! Сенен басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік беремін. Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін!” /Субханака-Ллаһумма уа бихамдика, ашһаду әллә илаһа иллә әнта, астағфирука уа атубу илайка/⁴⁷⁶, - десе, оған міндетті түрде сол жиналыста болған күнәләр кешіріледі. **Ат-Тирмизи “Жақсы сенімді хадис”, деді.**

833. Хабар бойынша, Абу Барза, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁴⁷⁵ Бұл жерде, адамдардың көп шулап кім не айтқаны түсініксіз болып, бос сөздер сөйленген, жиналыс жайлы айтылып жатыр.

⁴⁷⁶ Арабша және араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №196 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Отырған жерінен кетпекші болып Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “ Иә Аллаһ! Сен пәксің! Сенен басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік беремін. Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін!”, - дей бастады. Сонда бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, сен бұрындары айтпаған сөздерді айта бастадың”, - деді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл – жиналсытарда болатынға өтем⁴⁷⁷”, - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд Айшаның, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтуымен өзінің “Аль-Мустадарак” кітабінде келтіреді, сондай-ақ аль-Хакам Абу Абдуллаһ бұл хадистің иснадын сенімді, деген.**

834. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, орнынан мына дұғаны айтпай сирек тұратын: “Иә Аллаһ, бізге Өзіңе бағынбаудан бізді алыстататын Өзіңнің Жәннәтіңа кіруге жеткілікті болатындай Өзіңнен қорқуды бер және осы өмірдің тауқыметтері біз үшін кішігірім көрінетіндей, жеткілікті иман бер!

⁴⁷⁷ Яғни, бос сөздер сияқты т.б. күнәләрдің өтемі, яғни сол дұғаны айтқан адамға күнәләр кешіріледі.

Иә Аллаһ, бізден (жанымыз) кетпейінше бізден есту қабілетін, көру қабілетін және күштен айырма, сондай-ақ бұны біздің мұрагерлерімізге де нәсіп ет, сондай-ақ бізге жәбір көрсетушілерден өшімізді алып бер, және бізге қарсы күресушілермен біздің күресуімізге жәрдемші бол, сондай-ақ біздің дінімізге қай бір опаттың келуіне жол берме, сондай-ақ бұл өмірді біздің басты мақсатымыз не басты біліміміз етіп қойма және бізге, бізге рақымшылық жасамайтындарға әмір билігін беріп қойма!” **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

835. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар Аллаһтың есімі аталмаған жиындардан шыққанда, есектің өлексесін қалдырғандай болады және сол істері үшін өкінулер⁴⁷⁸ сезінеді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

⁴⁷⁸ Яғни, ерте ме кешпе бос өткізген уақыттары үшін өкінеді.

836. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адамдар Аллаһ Тағаланы еске алмаған және Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, салауат айтылмған жиындарда болған болса, онда оларға әлбетте кек түседі, сонда оларды Аллаһ қаласа жазалайды, қаласа кешіреді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

837. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың кегі /тира/ Аллаһтың есімін айтпай жатқанға қалай тиетін болса, Аллаһтың есімін айтпай отырғанға да солай тиеді! **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

“Тира”, дегеніміз “кему (азаю, тартылу)”, деген мағынаны да білдіреді. Және оның мағанасын жауапкершілік деп те айтады.

130 ТАРАУ
Түс көру мен соған қатысы
бар жайлар туралы.

Аллаһ Тағала айтты:

“ Күндіз-түні ұйықтауларың, сондай-ақ Аллаһтың кеңшілігін іздеулерің де, Оның белгілерінен...” “**Рұм**” сүресі, **23 аят.**

838. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Қуанышты хабарлардан /мубашшират/ басқа, пайғамбарлықтан еш нәрсе қалған жоқ”. Сонда адамдар: “Ал қуанышты хабарлар, дегеніміз не?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қайырлы түстер”, - деді. **Аль-Бухари.**

839. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл уақыттың жақындауымен, имандының түсі өзінің бекімін (туралығын, шындығын) тауып отырады, өйткені имандының түсі пайғамбарлықтың қырық алтыды бөлігінің бірі болып табылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек Муслим келтірген нұсқасында, ПАйғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Ең шыншыл түстерді, аралырыңдағы сөзінде шыншылдарың көретін болады.

840. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мені түсінде көргендер мені өңінде де көреді⁴⁷⁹ /...не болмаса мені өңінде көргенмен тең/, өйткені шайтан менің келбетіме кіре алмайды. **Аль-Бухри, Муслим.**

841. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

⁴⁷⁹ Яғни, ондай адам, Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, о дүниеде көреді.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кім де кім өзіне ұнайтын түстер көрсе, демек ол Аллаһ Тағаладан, сондықтан Аллаһқа мақтаулар айтсын және оны басқаларға айтсын.

Бұл хадистің Мулим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...ол туралы өзі жақсы көретіндерден басқа ешкімге айтпасын. Ал егер ол (жақсы түстен басқа жаман) түс көрген болса – ол тек шайтаннан ғана, онда Аллаһтан шайтанның кесірінен сыйынсын⁴⁸⁰ да, бұл туралы ешкімге айтпасын, сонда оған (жаман) түстің зияны тимейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

842. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁴⁸⁰ «Аъзузу биллаһи минаш-шайтанир-ражим» /Аллаһқа шайтаның азғыруынан сыйынамын/, - деп айту.

Қайырлы түс /басқа нұсқада: жақсы түс.../ - Аллаһтан, ал жаман түс – шайтаннан, сондықтан өзіне ұнамағанды көрген сол жағына үш рет түкірсін⁴⁸¹ де Аллаһқа шайтаннан сыйынсын, сонда, расында, оның түсінде көргенінен оған зияны тимейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

843. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кім өзіне ұнамайтын түс көрсе, онда үш рет сол жағына түкірсін де, үш рет шайтанның кесірінен Аллаһқа сыйынсын, сосын басқа бүйіріне (жамбасына) аунап жатсын. **Муслим.**

844. Хабар бойынша, Абуль-Асқаъ Усаиля бин аль-Асқаъ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁴⁸¹ Түкірсін дегені, ол сілекейсіз сүпілеу.

Расында, өтірік айтудың ішіндегі ұлығына адамның өзінің әкесі емес адамның баласымын, деп жариялауы, не болмаса көрмеген түсін көрдім деп айтуы, не Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтпаған сөздерін айтты деп хабарлауы жатады. **Аль-Бухари.**

СӘЛЕМДЕСУ ТУРАЛЫ КІТАП

131 ТАРАУ

Сәлемдесудің қасиеті және оны таратудың міндеттілігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мұминдер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсат алмайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер.” **“Нұр” сүресі, 27 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе (бір-біріңді) Аллаһ тарапынан көркем берекет

тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер!” “**Нұр**” сүресі,
61 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ не соның өзін қайтарыңдар...” “**Ниса**” сүресі, 86 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

“Саған Ибраһимнің ардақты қонақтарының (періштелер) әңгімесі келді ме? Олар Ибраһимге кіргенде: “Сәлем!”, - десті. Ибраһим да оларға Сәлем, бөгде қауым!”, - деді.”
“**Зәрят**” сүресі, 24-25 аяттар.

845. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Исламның қай көрінісі ең жақсы саналады?», - деп сұрады. Ол: «Исламның ең жақсы көрінісі - ол адамдарға тамақ беру мен танитын және танымайтын адамдармен сәлемдесу», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

846. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала Адамды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаратқанда оны бірнеше періштеге жіберіп: “Бар да оларға сәлем бер және олардың саған қалай жауап бергенін ұғып ал, өйткені сен үшін және сенің ұрпағың үшін сәлем беру - олардың саған айтқан жауабы болады”, – деді. Сосын ол оларға: “Ас-салямү алейкум” (сендерге сәлем), - деді, ал олар жауап ретінде: “Ас-салямү алека уа рахматуллаһи!” (саған сәлем және Аллаһтың рахымы болсын!), - деп, оның сәлеміне: “...және Аллаһтың рахымы!”, - деген сөздерді қосты.

Аль-Бухари, Муслим.

847. Хабар бойынша, Омар аль-Бара бин Ыазиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге жеті түрлі нәрселерді орындауды міндеттеді: ауырған адамның көңілін сұрауды, мәйітті шығарып салуды,

түшкіргенге игілік тілеуді⁴⁸², әлсізді қорғауды, жәбірленушіге көмек көрсетуді, сәлем беруді көбейтуді (жәйуді, таратуды)⁴⁸³, шақырған жерге баруды, сондай-ақ ант берушінің антын орындауға жағдай жасауды (көмектесуді)⁴⁸⁴.
Аль-Бухари, Муслим, бұл жерде аль-Бұхаридің нұсқаларының бірі беріліп тұр.

848. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иман келтірмейінше Жәннәтқа кірмейсіңдер, ал бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер, сондықтан сендерге, араларыңда, егер оны ұстанатын болсаңдар, сүйіспеншілік тудыратын амал үйретейін бе? Бір-бірлеріңе сәлем беруді көбейтіңдер!
Муслим.

⁴⁸² Түшкірген адам: «Әльхамду ли-Ллаһи», - деген мұсылманға: «Йархамука-Лаһ» (Аллаһ саған меірімін төксін!), - деп айту.

⁴⁸³ Яғни, әр-бір жолығып-қоштасқан сайын сәлемдесіп «Ас-салямү алейкум», деп айту.

⁴⁸⁴ Бұл жерде, мысалыға біреу: «Аллаһтың атымен ант етемін, пәленше мынаны орындау керек», - десе, онда бұны естіген адам, ол антты орындағаннан игілік болатын болса, антты орындауға көметесуі керек.

849. Хабар бойынша, Абу Йусуф Абдуллаһ бин Саям, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә адамдар, сәлем таратыңдар, басқаларға тамақ беріңдер, туысқандық қатынасты ұстаныңдар, басқалар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар, сонда Жәннәтқа сәлеммен (жақсылықпен) кіресіңдер. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

850. Хабар бойынша, ат-Туфайля бин Убайя бин Қаъаб, ол әдетте таң ертең Абдуллаһ бин Омарға келіп онымен бірге базарға беретын.

Ат-Туфайля бин Убайя бин Қаъаб айтты:

Сонда біз таңертең базарға барғанда, Абдуллаһ әр-бір қалдықтарды сатушыға, саудегерге, жарлыға, сондағы жанынан өткен барлық адамға сәлем беретін. Бірде мен әдеттегідей Абдуллаһ бин Омарға келгенімде, ол маған базарға баруды ұсынды, ал мен оған: “Сен базарда не істемексің, бәрібір сен онда бір нәрсе сатып алу үшін кідірмейсің, заттар жайлы

сұрамайсың, өзіңнің затыңа құн тағайындамайсың және ондағы жиналғандарға қосылмайсың? Оданда мен саған, осында қалып әңгімелесуді ұсынамын”, - дедім. Сонда ол маған жауап ретінде: “Иә қабақ⁴⁸⁵, расында, біз базарға тек сәлем тарту үшін ғана барамыз және сондағы барлық кездескенмен сәлемдесеміз”, - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Малик “Аль-Муттада” келтіреді.**

132 ТАРАУ

Сәлемді қалай беру керектігі жайында.

Сөйлеушіге бірінші болып: “Ассаляму алейкум уа-рахматуллаһи уа-баракатуһ” /Сендерге сәлем мен Аллаһтың рахымы мен берекесі болсын/, - деп сөздерін біріктіріп көпше түрде сәлемдескен дұрыс⁴⁸⁶. Ал сәлемге жауап беруші адам: “Уа-алейкум-ус-салям уа-рахматуллаһи уа баракатуһ” /Саған

⁴⁸⁵ Ат-Туфайлдің семіз қарны болатын.

⁴⁸⁶ Ислам ғалымдары, адам жалғыз болса да көпшілікке сәлем бергендей сәлемдесудің себебі оның жанындаға көзге көрінбейтін періштелерді қоса сәлемдесу дейді, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – аударушыдан.

да сәлем және Аллаһтың рахымы мен берекесі болсын/, - деп, сәлем қайтаруын: “*уа-алекум*” /саған да”/, - деп бастауы керек.

851. Хабар бойынша, Имран бин аль-Хусейн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді де: “Сендерге сәлем!” /*Ас-салямү алейкум!*/, - деді де, ол оның сәлеміне жауап берді, сосын (келген) отырды, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Он”, - деді. Артынша басқа адам келді де: “Сендерге сәлем және Аллаһтың рахымы болсын” /*Ас-салямү алейкум уа рахматуллаһи*/, - деді де, ол оның сәлеміне жауап берді, сосын (келген) отырды, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жиырма”, - деді. Соңынан басқа адам келді де: “Сендерге сәлем және Аллаһтың рахымы және берекесі болсын” /*Ас-салямү алейкум уа рахматуллаһи уа баракатуһ*/, - деді де, ол оның сәлеміне жауап берді, сосын (келген) отырды, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын:

“Отыз”, - деді⁴⁸⁷. Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

852. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Иә Айша! Мінеки Жебірейіл саған сәлем беріп жатыр”, - деді. Сонда мен: Оған да сәлем және Аллаһтың рахымы және берекесі болсын”, - дедім. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің “Сахихтерде” келтірілген кейбір нұсқаларында: “берекесі болсын”, - деген сөздер бар да, ал кейбіреулерінде ол сөздер жоқ.

853. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға бір нәрсе айтатын болса, онда адамдардың оның айтқан сөзін

⁴⁸⁷ «Сендерге сәлем және Аллаһтың рахымы мен берекесі болсын», - деген сөзге үш түрлі игілік тілеу бар, ал игілік тілеудің өзі игілікті іс болып табылады, ал әр бір игілікті іс үшін Аллаһ Тағала он есе сауб беретінін уәде етті, Сонымен, сәлем беруші не айтады соған байланысты оған он, жиырма, отыз сауап жазылады.

түсінулері үшін, айтқанын үш реттен қайталайтын ал біреуге келген болса, онад үй иелеріне де үш реттен сәлем беретін⁴⁸⁸. **Аль-Бухари.**

854. Хабар бойынша, аль-Микдадтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген ұзын хадистің бір бөлігінде, оның былай дегені келтіріледі:

Әдетте Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүттен оған сыбағасын қалдыратынбыз, ал ол түнде келіп сәлем сөздерін ұйықтап жатқан адам оянбайтындай, ал ұйытамаған адам еститіндей ақырын айтатын. Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оралып әдеттегідей сәлем сөздерін айтты. **Муслим.**

855. Хабар бойынша, Асма бинт Йазид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітте отырған бір топ

⁴⁸⁸ Бұлай істелінетін себебі, үй иелері бөтен адамның кіргенін білулері үшін, не болмаса сәлемді бәрінің естулері үшін.

әйелдердің жанынан өтіп бара жатып сәлемдеспекші болып оларға қолымен (ымдап) сәлемдесу ишарасын жасады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

Бұл жерде ол сәлем айтып әрі қолымен сәлемдесу ишарасын жасады деп түсінеміз, өйткені олай болғаны Абу Дудтың былай деп айтқанымен дәлелденеді:

...және олармен сәлемдесті.

856. Хабар бойынша, Абу Джурай аль-Худжайми, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саған сәлем /Алейка-с-салям/, иә Аллаһтың елшісі!», - дедім. Бұныма ол: «“Саған сәлем”, - деме, өткені “Саған сәлем”, - деп өлген адамдарға айтады⁴⁸⁹. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді. Бұл хадис толығымен алдында келтірілді. (№796 хадисті қара, аударушыдан.)**

⁴⁸⁹ Жахилия кезінде өлген адамдарға осылай сәлем беретін болған.

133 ТАРАУ

Сәлемдесудің ережелері жайлы.

857. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аттылы жаяуға бірінші сәлем беруі керек, ал жүріп келе жатқан – отырғанға, ал азшылық – көпшілікке. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек қана Аль-Бухари келтірген нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын және былай деп айтқаны келтіріледі:

...ал жасы кішісі, жасы үлкенге бірінші сәлем беруі керек.

858. Хабар бойынша, Абу Умама Судайй бин Ыаджлян аль-Бахилий, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһқа ең жақын адамдар - ол сәлемді (басқаларға) бірінші болып берушілер

саналады. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

Бұл хадисті ат-Тирмизи келтіреді. Оның нұсқасында Абу Уаманың былай дейді:

Бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, екі адамның қайсысы бірінші сәлем беруі керек?”, - деп сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһ Тағалаға жақын болғаны (бірінші сәлем) береді”, - деді. **Ат-Тирмизи бұны “Жақсы хадис”, деді.**

134 ТАРАУ

Бірнеше рет кезіккен адммен ол бір жерге кіріп шыққанда не болмаса олардың арасын бір ағаш не басқа бір кедергі бөлгенде онымен жаңадан сәлемдесудің дұрыстығы жайында.

859. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, намазды нашар оқыған адам жайлы жеткізген хадисінде былай дейді:

Бірде бір адам мешітке келіп намаз оқыды да, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп сәлем берді, ол оның берген сәлеміне жауап беріп: “Қайта орал да жаңадан намаз оқы, өйткені, расында, сен намаз орындамадың!”, - деді. Сонда ол орнына оралып, қайтадан намаз оқыды да, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп (және) сәлем берді, сонда осы жай үш рет қайталанды. **Абу Дауд.**

860. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-км өзінің бауырын кезіктірсе, оған сәлем берсін, егер сол кезде ол екуінің арасын тал, не дуал, не тас бөлсе, онда қайта жүздескенде (сәлемін жаңартып) тағы да амандассын. **Абу Дауд.**

135 ТАРАУ

**Өз үйіне кіргенде сәлем айтып
(кірудің) керектігі жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

“...Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе (бір-біріңді) Аллаһ тарапынан көркем берекет тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер!” **“Нұр” сүресі, 61 аят.**

861. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Иә балам үйіңе кіргенде, үйіңдегі жанұя мүшелеріне сәлем айтып кір, өйткені бұнда сен үшін және сенің жанұяң үшін игілік бар”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.⁴⁹⁰**

136 ТАРАУ

Балаларға сәлем беру жайлы.

862. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бірде далада жиналған

⁴⁹⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

бір топ балалардың жанынан өтіп бара жатып оларға сәлем берді де:

“Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осылай істейтін”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

137 ТАРАУ

Ер кісіге әйелін және өзінің туыстарының ішіндегі әйелдірге қалай сәлем беруі керектігі жайында және де бөтен әйелді не бірнеше әйедерге арада жаман пиғыл тумас үшін қалай сәлемдесу керектігі және әйел адамға да еркісілермен қалай сәлемдесуі керектігі жайында.

863. Хабар бойынша, Сахль бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біздің арамызда бір әйел болатын /...басқа нұсқада кемпір/, ол қызылшаны қазанда қайнатып, оның ішіне арпа қосып көже пісіретін, ал біз жұма намазынан тараған кезімізде оған сәлем беретінбіз де, ал ол болса бізге пісіргенін ұсынатын. **Аль-Бухари.**

864. Хабар бойынша, Умм Хани Фахита бинт Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Меккені жаулап алған күні мен, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ғұсыл құйынып, ал Фатима оны киімімен жауып тұрған кезінде келіп, онымен амандастым, сонда ол менің сәлеміме жауап беріп амандасты. **Муслим.**

865. Хабар бойынша, Асма бинт Йазид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біз басқа әйелдермен тұрған уақытымыза, жанымыздан өтіп бара жатып бізге сәлем берді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

Бұл жерде Абу Даудтың нұсқасы келтіріледі, ал ат-тирмизидің нұсқасы жайлы айтатын болсақ, онда былай делінеді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітте отырған бір топ әйелдердің жанынан өтіп бара жатып олармен

сәлемдеспекші болып қолымен (ымдап)
сәлемдесу ишарасын жасады.

138ТАРАУ

Имансызға бірінші сәлем беру біз үшін рұқсат еместігі және олардың сәлеміне қалай жауап беру керектігі, сондай-ақ ішінде мұсылмандар да, имансыздар да бар көпшілікке сәлем бергеннің дұрыстығы жайында.

866. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірінші болып не яһудиге, не христианға сәлем бермеңдер, ал егер оларды жол бойында кездестірсеңдер, онда оларды жолдың шетіне қарай ығыстырыңдар. **Муслим.**

867. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерге Кітап иелерінің ішіндегі адамдардан⁴⁹¹ бірі сәлем беретін болса, оларға: “Сендерге де” /Уа алейкум/, - деп жауап беріңдер⁴⁹². **Аль-Бухари, Муслим.**

868. Хабар бойынша, Усама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, арасында мұсылмандар да, бұтқа табынушы көпқұдайшылдар да және яһудилер де болғын топтың жанынан өтіп бара жатып оларға сәлем берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴⁹¹ Яғни христиандар мен яһудилер (иудейлер).

⁴⁹² Яғни, егер олар сендерге: «Сәлем сендерге», - дейтін болса солай айтыңдар. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұлай әмір беруінің себебі, олар «Сендерге сәлем» дегеннің орнына соған ұқсайтын, бірақ мағынасы жағынан игілік емес қарғыс не бір зұлымдық айтуы мүмкін, сондықтан оларға саған да соны тілеймін, деп жауап беру керек.

Дегенмен кейбір Ислам ғалымдарының айтуы бойынша, оларға сәлемнің толығымен қайтарылмау себебі, мұсылман емес адам үшін Аллаһтан игілік сұрауға болмайды, ал толық сәлемнің жауабының мағынасы: «Саған да сәлем және Аллаһтың рахымы мен берекесі болсын», - деген Аллаһтан ол адам үшін игілік сұрау – ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан..**

139 ТАРАУ

Жиындардан кетушіге не болмаса өзінің сұхбаттасып жатқан адамымен қоштасқанда сәлем сөздерін айту жайында.

869. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім жиынға келсе ондағыларға сәлем берсін және егерде ол сол жерден кеткісі келсе, онда тағы да сәлем берсін, өйткені екінші рет сәлем берудің міндеттілігі бірінші ретінен кем емес. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

140 ТАРАУ

Кіруге қалай рұқсат сұрау керектігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

“Әй мүминдер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсат алмайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер.” **“Нұр” сүресі, 27 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

“Ер жеткен балаларың,, бұрынғылар рұқсат сұрағандай рұқсат сұрап кірсін...” **“Нұр” сүресі, 59 аят.**

870. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кіруге рұқсат сұрауды үш рет қайталау керек, егер сонда рұқсат берілсе кіресің де, ал берілмесе кірмей кері қайтасың. **Аль-Бухари, Муслим.**

871. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кіруге рұқсат сұраудың себебі, ұятсыз көз салулурдың кесірінен болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

872. Хабар бойынша, Рабъи бин Хираш ол Бану амр руынан бір адамның мынаны айтқанын жеткізді:

Бірде ол өзінің үйінде болған Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Мен кірсем бола ма?”, - деп кіруге рұқсат сұрады. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын қызметшісіне: “Келген адамға шық та дұрыстап рұқсат сұрауды үйретіп, оның былай деп айтуына әмір бер: “Сендерге сәлем, кіруге рұқсат па?”, - десін”, - деді. Келген адам айтқанын тыңдап алды да: “Сендерге сәлем, кіруге рұқсат па?”, - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігімен сәлемі болсын, оған рұқсат беріп, ол адам кірді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

873. Хабар бойынша, Қалида бин аль-Хабаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған сәлем берместен кірдім, сонда ол маған: “Орал да: “Сендерге сәлем, кіруге рұқсат па?”, - де”, - деді.

Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

141 ТАРАУ

Егер кіруге рұқсат сұраушы адамнан: «Бұл кім?», - деп сұраса, ол: «Пәленшемін», - деп өз атын не болмаса бәрі білетін лақап атын айтуы керектігі жайында, сондай сұрақ қойғанда: «Менмін», - деп, не болмаса осыған ұқсас сөздерді айтудың дұрыс еместігі жайында.

874. Хабар бойынша, Бәріне белгілі миғраж жайлы хадисте Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтты: “Сосын мені төменгі көкке көтерді де, оның ашыуын сұрады, сонда одан: “Бұл кім?”, - деп сұрады. Ол: “Жебірейіл”, - деді. Одан: “Жаныңдағы кім?”, - деп сұрады. Ол: “Мухаммад”, - деді. Сосын ол мені екінші, үшінші, төртінші және басқа көктерге көтерді де, әр көктің қақпасында: “Бұл кім?”, - деп сұрап отырды да, ол: “Жебірейіл”, - деп жауап беріп отырды. **Аль-Бухари, Муслим.**

875. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен түнде үйімнен шыққанымда жалғыз кетіп бара жатқан Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрдім, сосын айдың сәулесінен жасырынып оның артынан жүре бастадым⁴⁹³, ал ол болса бұрылып мені көрді де: “Бұл кім?”, - деп сұрады, мен: “Абу Зарр”, - деп жауап бердім. **Аль-Бухари, Муслим.**

876. Хабар бойынша, Умм Хани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол ғұсыл құйынып, ал Фатима оны жауып тұрған кезінде келдім. Ол: “Бұл қай әйел?”, - деп сұрады. Мен: “Умм Ханымін”, - деп жауап бердім. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁴⁹³ Абу Зардың Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артынан жүргені, онымен бір нәрсе болып қалады ма, деп қорыққаны, ал оның ай сәулесінен жасырынғаны Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жалғыз қалғысы келгенін білгендіктен.

877. Хабар бойынша, Ибн Жәбір, олардың екуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келдім де, есігін қақтым. Ол: “Бұл кім?”, - деп сұрады. Мен болсам: “Менімін”, - деп жауап бердім. Сонда ол: “Менмі, менмін”, - деп менің берген жауабымды жақтырмаған адамның кейпімен қайталаған сияқты болды. **Аль-Бухри, Муслим.**

142 ТАРАУ

Адам түшкіріп, Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтса, оған игілік тілеу керектігі және егер де ол Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтпаса, онда оған игілік тілеудің дұрыс еместігі жайында, сондай-ақ түшкірген адамға игілікті қалай тілеу керектігі жайында.

878. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала түшкірушіні жақсы көреді де, есінеушіні жақтырмайды. Егер адам түшкіріп Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтатын болса, онда осыны естіген әр-бір мұсылманға: “Аллаһ саған рахым етсін!” /Иархамука-Ллаһу!/, - деп айту жүктеледі. Ал есінеу жайлы айтатын болсақ, расында ол - шайтаннан, сондай-ақ сендерден қайсыларың есінегілерің келсе оны келгенше тежесін, өйткені ол есінеген кезде шайтан оған күледі. **Аль-Бухари.**

879. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім түшкірсе: “Әльхамдули-Лаләһи”, - деп Аллаһқа мақтаулар айтсын, ал оның бауыры /...не серігі/ оған: “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/, - десін – ал егер де ол (осыны айтса, яғни): “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/, - десе, онда түшкіруші жауап ретінде: «Йахдикуму-Лаһу уа йуслиһу балякум!» /Аллаһ сендерге дұрыс

жолды көрсетіп істеріңнің бәрін реттеп берсін!/,
- десін⁴⁹⁴. **Аль-Бухари.**

880. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден бірің түшкіріп Аллаһқа мақтаулар айтса, онда ол адам үшін Аллаһтан сұрап дұға айтындар⁴⁹⁵, ал егер ол Аллаһқа мақтаулар айтпаса, онда олай істемендер.

Муслим.

881. Хабар бойынша, Анас бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында екі алам түшкіріп, олардың біріне Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/, - деді де екіншісіне олай айтпады. Осы тілек айтылмаған: “Сен неге пәленше түшкіргенде: “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/,

⁴⁹⁴ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №188 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁴⁹⁵ Яғни, “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/, - деп айту.

- дедің де, ал мен түшкіргенде оны айтпадың?”,
 - деп сұрады. Жауап ретінде оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. “Ол Аллаһқа мақтаулар айтты да, ал сен болсаң Аллаһқа мақтаулар айтпадың!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

882. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түшкірген кезінде қолымен /...не киімімен/ аузын жауып, түшкіргенде шығатын дыбыстың даусын басатын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

883. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Яһудилер Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзінше одан: “Иярхамука-Ллаһу!” /Саған Аллаһ рахым етсін/, - деген сөздерді есту үшін, өтірік түшкіретіндері аз кездеспейтін – бірақта ол оларға тек: «Йахдикуму-Ллаһу уа йуслиһу балякум!» /Аллаһ сендерге дұрыс жолды көрсетіп істеріңнің бәрін реттеп берсін!/, - дейтін. **Бұл хадисті Абу Дауд**

пен ат-тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”,
деп келтіреді.

884. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Хадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кім есінегісі келсе қолын аузымен жапсын, олай істемесе шайтан міндетті түрде оның ішіне енеді. **Муслим.**

143 ТАРАУ

Кездескенде амандасып қол алысу керектігі, жақсы көңіл-күй таныту, тақуа адамның қолын сүйу және өзіңнің балаңды оны жақсы көріп айналғанның белгісі ретінде сүйудің және сапардан келген адамды құшақтап қарсы алудың дұрыстығы жайында.

885. Хабар бойынша, Абуль-Хаттаб Қатада айтты:

Мен Анастан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары бірі-бірінің қолдарын алушы ма еді?» - деп сұрадым. Ол: «Иә!», - деп жауап берді. **Аль-Бухари.**

886. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бізге иемендіктер келген кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендерге қол алысып амандасуды бірінші бастаған иемендіктер келді”, - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

887. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі мұсылман кездесіп қол алысқанда олар айырылысқанша міндетті түрде (кішігірім) күнәләрі кешіріледі. **Абу Дауд.**

888. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, бізден біріміз өзінің бауырын, не болмаса досын кездестірсе оған (сәлем ретінде) иілуі керек пе?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жоқ”, - деді. (Ол адам): “Ал құшақтап сүйуге ше?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы да: “Жоқ”, - деді. Ол адам: “Ал қолынан ұстап қысуға ше?”, - деп сұрады. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә”, - деп жауап берді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис” деп келтіреді.**

889. Хабар бойынша, Аъфуан бин Ассаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде яһидилердің бірі өзінің жолдасына: “Мені сол Пайғамбарға алып баршы”, - деді де, келген соң Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын тоғыз белгі (кереметтер) жайлы сұрақ қойды⁴⁹⁶.

⁴⁹⁶ Бұл хадисте яһудилердің Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тоғыз белгі, ал дұрысырақ айтсақ Мұса пайғамбардың, оған сәлем болсын, Перғауынға өзінің пайғамбарлығының дәлелі ретінде көрсеткен кереметі жайлы болып жатыр және де олар яһидилерге де, мұсылмандарға да

Сосын Сафуан бұл хадситі толығымен келтіріп, соңнан была деді:

Осыдан кейін олар оның қолын және аяғын сүйіп. “Сенің Пайғамбар екендігіңе куәлік береміз”, - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадымен ат-Тирмизи және басқа да мухаддистер келтіреді.**⁴⁹⁷

890. Хабар бойынша, Ибн Омар, олардың екеуінен де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сонда біз Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келдік те оның қолын сүйдік. **Абу Дауд.**⁴⁹⁸

891. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

қатысы бар тоғыз белгі жайлы сұрап, өздеріне ғана қатысы бар сенбіге байланысты белгі жайлы сұрамады, бірақта Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олардың сұрағанына жауап берумен қоса сұрамай жасырып қалғандарына да жауап береді, сонда олар оның пайғамбар екендігін мойындайды.

⁴⁹⁷ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁴⁹⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

Бірде Зайд бин Харис Мединаға Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің үйімде болған уақытында келді. Ол есік қақты да, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған қарай киімін сүйретіп асықты, сосын оны құшақтады және сүйді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис” , деп келтіреді.**⁴⁹⁹

892. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бауырыңды жылы жүзбен қарсы алу тұрғысында болса да, шарифаттың барлық дұрыстаған амалдарын орындауды кішісінбе (ұмытпа). **Муслим.**

893. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аль-Акра бин Хабистің көзінше (немересі) аль-Хасан бин Алиді сүйді,

⁴⁹⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

сонда аль-Акра: “Расында, менің он балам бар, бірақ олардың бірде бірін бір рет те сүйген емеспін!”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Өзгені аямайтынға рахымшылық жасалынбайды!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

**АУЫРҒАННЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАУ, СОНДАЙ-АҚ
МӘЙІТТИ ШЫҒАРЫП САЛУ, ОҒАН ЖАНАЗА
НАМАЗЫН ОҚУ, ОНЫ ЖЕРЛЕГЕНДЕ
ЖАНЫНДА БОЛУ ЖӘНЕ ЖАРЛЕП БОЛҒАН
СОҢ ҚАБІРІНІҢ ЖАНЫНДА БОЛА ТҰРУ
ЖАЙЫНДАҒЫ КІТАП.**

144 ТАРАУ

Ауырғанның көңлін сұрап бару жайлы.

894. Хабар бойынша, Омар аль-Бара бин Ыазиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге мыналарды орындауды міндеттеді: ауырған адамның көңілін сұрауды,

мәйітті шығарып салуды, түшкіргенге игілік тілеуді⁵⁰⁰, әлсізді қорғауды, жәбірленушіге көмек көрсетуді, сәлем беруді көбейтуді (жайуды, таратуды)⁵⁰¹, шақырған жерге баруды, сондай-ақ ант берушінің антын орындауға жағдай жасауды (көмектесуді)⁵⁰². **Аль-Бухари, Муслим.**

895. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бүкіл мұсылманның бір-бірінің алдында бес түрлі парызы бар: сәлемге жауап беру, ауырғанның көңілін сұрау, мәйітті шығарып салу, шақырған жерге бару және түшкіргенге игілік тілеу. **Аль-Бухари, Муслим.**

896. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁵⁰⁰ Түшкірген адам: «Әльхамду ли-Лаһи», - деген мұсылманға: «Йархамука-Лаһ» (Аллаһ саған меірімін төксін!), - деп айту.

⁵⁰¹ Яғни, әр-бір жолығып-қоштасқан сайын сәлемдесіп «Ас-салямү алейкум», деп айту.

⁵⁰² Бұл жерде, мысалыға біреу: «Аллаһтың атымен ант етемін, пәленше мынаны орындау керек», - десе, онда бұны естіген адам, антты орындауға көметесуі керек, әрине ол антты орындағаннан игілік болатын болса.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахирет күні Ұлы Аллаһ Тағала айтады: “Иә Адам баласы, Мен ауырдым, ал сен болсаң Менің көңілімді сұрап келмедің!”. Ал адам болса: “Иә менің Раббым, Сен - бүкіл Әлемнің Раббысың, ал мен Сенің көңліңді қалай сұраймын?”, - дейді. Сонда Аллаһ айтады: «Сен менің пәленше құлымның ауырғанын білмеп пе едің, ал сен болсаң оның көңілін сұрап бармадың? Егер сен оған барсаң, жанынан Мені табатыныңды білмеп пе едің? Иә Адам баласы, Мен сенен, Мені тамақтандыруды сұрап едім, ал сен болсаң Мені тамақтандырмадың?», - дейді. Ал адам болса: “Иә менің Раббым, Сен - бүкіл Әлемнің Раббысың, ал мен Сені қалайша тамақтандыра едім?”, - дейді. Сонда Аллаһ айтады: «Сен менің пәленше құлымның сенен тамақ сұрағанын білмеп пе едің, ал сен болсаң оған тамақ бермедің? Егер сен оған тамақ берсең, онда бергеніңді әлбетте Менен табатыныңды білмеп пе едің⁵⁰³? Иә Адам баласы, Мен сенен су сұрап едім, ал сен болсаң Маған су бермедің?, - дейді. Ал адам болса: “Иә менің Раббым, Сен - бүкіл Әлемнің Раббысың,

⁵⁰³ Яғни, Менен сауап алар едің.

ал мен Саған қалайша су берер едім?», - дейді. Сонда Аллаһ айтады: «Сен менің пәленше құлымның сенен су сұрағанын білмеп пе едің, ал сен болсаң оған су бермедің? Егер сен оған су берсең, онда бергеніңді әлбетте Менен табатыныңды білмеп пе едің?, - дейді. **Муслим.**

897. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аурудың көңілін сұрандар, ашты тамақтандырыңдар және қиындыққа душар болғандарды босатыңдар⁵⁰⁴. **Аль-Бухари.**

898. Хабар бойынша, Саубан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Расында, өзінің бауырының көңілін сұрап барған мұсылман оралғанша Хурфатул-жаннада болады”. Сонда адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, Хурфатул-жанна, деген не?”,

⁵⁰⁴ Бұл жерде не тұтқынға түскен адам жайлы, не қарызын өтей алмай жүрген адам жайлы болып тұр.

- деп сұрады да – ол: “Жәннәт жемісі”, - деп жауап берді. **Муслим.**

899. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің ауру бауырының көңілін таңертең сұрап барған кез-келген мұсылман үшін жетпіс мың періште кешке дейін Аллаһтан (күнәлерінің кешіруін сұрап) ол үшін дұға жасайды, ал егер ол ауру бауырының көңілін кешке сұрап барса, онда жетпіс мың періште таң атқанша Аллаһтан (күнәлерінің кешіруін сұрап) ол үшін дұға жасайды, ал Жәннәтта оған жемістер дайындалады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

900. Хабар бойынша, Анас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қызмет етіп жүрген бір жасөспірім ауырып қалып, оның көңілін сұрауға Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді. Ол оның бас жағына отырып: “Ислам қабылда!”, - деді. Ол жанында

отырған әкесіне қарады да, әкесі: “Абуль-Қасымға бағын”, - деді. Сонда ол Ислам қабылдады. Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол жерден: “Оны Оттан құтқарған Аллаһқа мақтау!”, - деп шықты. **Аль-Бухари.**

145 ТАРАУ

Ауырған адам үшін Аллаһтан қалай дұға сұрау жайлы.

901. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер адам оны қинап жатқан кеселіне, не жарасына, не ойығына шағымданатын болса, әдетте, Пайғамбар саусақтарымен былай істейтін (деп, бұл хадисті жеткізуші Суфйан бин Ыйуййна екінші саусағымын жерді шұқып, сосын көтеріп, артынан былай дейтін,) деді: «Аллаһтың атымен, Біздің елдің жері сендердің біріңнің сілекейлеріңмен, осымен Аллаһтың көмегі арқылы біздің ауру жазылады!» /Бисми-Ллаһи! Турбату ардина бирикати баъдина,

йушфа сақимуна бизни Раббина!/ **аль-Бухари, Муслим.**

902. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанұясынан бірі ауырса олардың көңілін сұрап, оң қолымен денесін сипап былай дейтін: “Адамдардың Раббысы, осы ауруды кетір де сауықтыр! Сен – Шипагерсің, Сенің шипаңнан басқа, шипа жоқ, бұдан кейін ауру қалмайтындай сауықтыр!” /Азхибил-баъса, Раббаннаси, шфи уа Анташ-Шафи, лә шифаъа шифъука шифаъан лә йуғадиру сакаман!/ **Аль-Бухари, Муслим.**

903. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бірде ол Сәбиттен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

“Саған Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (ауырған адамға) оқитын дұғасын оқийын ба?”, - деп сұрады. Ол: «Әрине», - деді, Сонда Анас: “Иә Аллаһ, адамдардың Раббысы, кеселдерді кетіруші, сауықтыр! Сен – Шипагерсің, Сенің шипаңнан басқа, шипа жоқ, бұдан кейін ауру

қалмайтындай сауықтыр!” /Аллаһумма, Раббаннаси, музхибаль-баъси, шфи Анташ-Шафи, лә шафийа иллә Анта шафиъан лй йуғадиру сакаман!/- деді. **Аль-Бухари,**

904. Хабар бойынша, Саъд бин Абу-Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен ауырып жатқанда көңілімді сұрап келіп, былай деді: “Иә Аллаһ, Саъдты сауықтыр, Иә Аллаһ Саъдты сауықтыр!”/Аллаһумма-шфи Саъдан, Аллаһумма-шфи Саъдан! **Муслим.**

905. Хабар бойынша, бірде Абу Абдуллаһ Осман бин Абдуль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, денесіндегі ауруға шағымданады, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игшілігі мен сәлемі болсын былай дейді:

Денеңнің ауырып жатқан жеріне қолыңды қой да: “Аллаһтың атымен!” /Бисми-Ллаһи!/, - деп үш рет айт, сосын жеті рет мынаны айт: “Мен сезініп және қауіптеніп жатқанымнан

Аллаһтың құдіреті мен Оның қуатына сыйнамын!” /Аъуза би-ъиззати-Лаһи уа құдратиһи мин шарри ма аджиду уа ухазиру!/, - деді. **Муслим.**

906. Хабар бойынша, Ибн Аббас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кімде-кім ажалы келмеген аурудың көңілін сұрап барып жеті рет: “Ұлы Күрсінің Раббысы, Ұлы Аллаһтан сені сауықтыруды сұраймын!” /Асъалю-Плаһа-ль-Ъзыма, Раббал-ършилль-ъзыма, ан йашфийа-кя!⁵⁰⁵, - десе, Аллаһ оны әлбетте кеселінен айықтырды. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді. Ал Аль Хакам болса: “Аль-Бухаридің шарттарын қанағаттандыратын, сенімді хадис”, - деді.**

907. Хабар бойынша, Ибн Аббас, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁵⁰⁵ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №147 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ауырып қалған бәдәуидің көңілін сұрап барды, ал ауырған адамға барғанда әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қапаланба, Аллаһ қаласа, бұл кесел сені тазартады⁵⁰⁶” /Ля баъса, тахурун ин шаъяЛлаһу/⁵⁰⁷, - дейтін. **Аль-Бухари.**

908. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жебірейіл (періште) келді де: “Иә Мухаммад, сен ауруыңа шағымданасың ба?”, - деп сұрады да, ол: “Иә?”, - деп жауап берді. Сонда Жебірейіл былай деді: “Саған барлық ауыртпашылықтарды туғызушыдан, кез келген адамның зұлымдығынан және жаман көзден сен үшін Аллаһтың атымен сыйынамын! Аллаһтың сені сауықтыруы үшін, Аллаһтың атымен сыйынамын!” /Бисми-Ллаһи арқи-кә мин

⁵⁰⁶ Бұл жерде, кеселдің Аллаһ тарапынан сынақ екендігі және кім сол сынаққа шыдаса, Онда Аллаһтың еркімен ол сынақ адамды күнәлерінен тазартып, екі дүниеде де ол адамның дәрежесі көтерілетіндігі айтылып жатыр.

⁵⁰⁷ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №147 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

кулли шайъин йуъзука, мин шарри кулли
нафсин ау ъайни хасидин! Аллуһу йашфикә,
бисми-Ллаһи арқи-кә!/ **Муслим.**

909. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри және Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанына куәлік берді:

Адам: “Аллаһтан басқа құдай жоқ” /Лә иләһә иллә-Ллаһу/ және “Аллаһ Ұлық” /Аллаһу акбар/, - деген уақытында, оның Раббы оның айтқан сөздерін растап: “Менен басқа, құдай жоқ және Мен Ұлықпын”, - дейді. Адам: “Серігі болмаған Аллаһтан басқа, құдай жоқ” /Лә иләһә иллә-Лаһу уахдәһу лә шарикәләһу/, - деген уақытында, - оның Раббы: “Жалғыз Менен басқа, құдай жоқ және Менің серігім жоқ”, - дейді. Адам: “Аллаһтан басқа, құдай жоқ, (бүкіл) билік оныңке және Оған – мақтау” /Лә иләһә иллә-Лаһу, ләһуль-мульку, уә ләһуль-хамду/ - деген кезде, оның Раббы: “Мене басқа, құдай жоқ, (бүкіл) билік Меніке және Маған – мақтау”, - дейді. Адам: “Аллаһтан басқа, құдай жоқ,,Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ” /Лә иләһә иллә-Лаһу, уә лә хаулә, уә лә қуата иллә би-Ллаһи/, - деген кезде, оның

Раббы: “Менен басқа, құдай жоқ және Менен басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ”, - дейді.

Сонда олар Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанына куәлік берді:

Кімде-кім өзінің ауырып жатқан кезінде осы сөздерді айтса, ал сосын жан тапсырса, онда оны От шалмайды. **Бұл хадисті ат-тирмизи “Жқсы хадис”, деп келтіреді.**

146 ТАРАУ

Ауырған адамның жанұясынан оның халін біліп тұру жайында.

910. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Али бин Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, осы дүниеден өтуіне келген ауруымен жатқан Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шыққан уақытында, адамдар: “Иә Абул-Хасан⁵⁰⁸, осы таңда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзін қалай

⁵⁰⁸ Алидің лақаб аты, яғни Хасанның әкесі, деген сөз.

сезінуде?”, - деп сұрағанда ол: “Аллаһқа мақтау, бүгінгі таңда ол жақсырақ!”, - деді. **Аль-Бухари.**

147 ТАРАУ

Сауығудан күдерін үзген адам үшін не деу керектігі жайында.

911. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсы, маған сүйеніп: "Иә Аллаһ, мені кешіріп мені рахым ет және мені жоғарғы қоғамға қос" /Аллаһумма-ғфирли, урхамни уал-хақни бир-рафикыл-аъля!/, - деп айтқнын естідім. **Муслим.**

912. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен өлім аузында болған Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында су құйылған кесе болып, соған қолын салып, одан кейін су қолымен бетін сүртіп: “Иә Аллаһ, маған өлімнің ауырпашылықтары мен

өлім жанталасынан өтуіме көмектес!”
/Аллаһумма, аъинни ъаля ғамаратил-маути уа
сакартиль-маути!/, - деп айтқанын көрдім. **Ат-
Тирмизи.**⁵⁰⁹

148 ТАРАУ

Науқастанып жатқан адамның жанұясының мүшелеріне және оған қызмет етушілерге, оған жақсы-қарым қатынас танытып және оның көрсеткен ауырпашылықтарына шыдамдық таныту керектігін айту жайында, сондай-ақ бұның түрлі қылмыстарының салдарынан өлім жазасы кесілгендіктен, өлім аузында тұрған адамадар үшін де қатысы барлығы жайында.

913. Хабар бойынша, Абу Нуджайда Имран бин аль-Хусайна аль-Хузаъи, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Джухайн руынан, ойнаспен жүкті болған бір әйел келіп: “Иә

⁵⁰⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Аллаһтың елшісі, мен жазаға лайықты күнә жасадым, сондықтан мені, менің күнәмә сәйкес жазала!”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол әйелдің қамқоршысын өзіне шақырып: “Онымен жақсы қарым-қатынаста бол, ал ол босанғаннан кейін маған алып кел”, - деді. Қамқоршысы солай істеп, ол босанғаннан кейін алып келді. Пайғамбар керек нұсқауларды беріп, киімінің шеттерін байлап⁰, тас боранмен жазалаған соң, оған өзі жаназа намазын оқыды⁵¹⁰. **Муслим.**

149 ТАРАУ

Егер науқастанған адам: «ауырсынамын», «жаныма батты», «мен қатты ауырып жатырмын», - деген сияқты сөздерді шыдамсыздықтан, не болмса

⁰ Құлағанда киімдері ашылып қалмас үшін.

⁵¹⁰ Бұл хадистің жалғасы мынадай: “Осыдан кейін Омар: “Иә Аллаһтың елшісі, ол әйел ойнас жасаса да сен оның жаназасын шығардың ба!?” - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: “Егер оның тәубесін Медина жұртының жетпісінің арасында бөлсе, ол тәубе солардың бәріне жетер еді! Сен сол әйелдің, өзін Аллаһ Тағалаға құрбан қылғаннан артық бір нәрсе істей алады деп ойлайсың ба?!”, - деп жауап берді”. Хадистің толығымен берілмеген себебі, оның бұл тарауға қатысы болмағандығынан. Ал хадис толығымен осы кітаптың “Тәубе жайлы” тарауында беріледі, №22 хадис – **аударушыдан.**

наразылықтан айтып жатпаса, онда оны айтуға болатындығы және онда тұрған ештеңенің жоқтығы жайында.

914. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен қатты қызуынан қиналып жатқан Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіріп оның (денесінен) ұстап: “Иә Аллаһтың елшісі, сенің қызуың қатты ғой!”, - дедім. Бұны естіген ол: “Иә, расында, мен сендердің екеуің ауырғандай ауырамын!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

915. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен қатты ауырып қалған кезімде, менің көңілімді сұрап, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын келді де, мен оған: “Расында, ауру менің діңкемді құртты! Мен баймын, ал мұрагерлерімнен менің қызымнан басқа ешкімім жоқ...”

Бұл хадисті Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, соңына дейін айтып шықты. Аль-Бухари, Муслим.

916. Хабар бойынша, Аль-Қасым бин Мухаммад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде басы ауырып жатқан Айша: “Иә менің басым!”, - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жоқ, мен: “Иә басым!”, - деймін!”⁵¹¹, - деді.

Сосын Аль-Қасым бұл хадисті аяғына дейін айтып шықты. Аль-Бухари.

150 ТАРАУ

⁵¹¹ Бұл әңгіме Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлімінің алдында болған.

Біздің білетіміз, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлер алдында қатты басы ауырған, бұл жерде ол өзінің басының қатты ауырып: «Мен айтар едем: «Иә басым!», - деп өзінің басының қатты ауырғанын айтып жатыр, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

Өлім аузындағы адамға: «Аллаһтан басқа құдай жоқ» /Лә илаһа илла-Ллаһу/, - деген сөздерді айтуды есіне салу жайында.

917. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Соңғы сөздері: “Аллаһтан басқа құдай жоқ”, - болған адам, Жәннәтқа кіреді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен аль-Хакам: “Иснады жақсы”, - деп келтіреді.**

918. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Өлім аузындағыларға: “Аллаһтан басқа құдай жоқ”, - деген сөздерді айтуды естеріне салыңдар”
Муслим.

151 ТАРАУ

Мәйіттің көзін жапқаннан кейін не деу керектігі жайында.

919. Хабар бойынша, Умм Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Саламға, оның жанары сөнгеннен кейін келді. Ол оның көзін жапты да: “Расында, жанды алғанда, оның назары соның артынан ереді”, - деді. Өлгеннің жақындары дауыстап жоқтау айта бастады, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Өздеріңе игіліктен басқа еш нәрсе тілемендео, өйткені періштелер, сендердің кез-келген сөздеріңе: “Аминь”, - дейді”, - деді. Сосын ол: “Иә Аллаһ! Абу Саламның күнәләрін кешір. Оның дәрежесін тура жолда болғандардың арасында жоғарылат, әрі оның артында қалғандарға Өзің қамқор бол. Иә Әлемдердің Раббы! Бізді әрі оны жарылқа. Оның қабірін кең етіп, оны нұрға бөле” /Аллаһуммағфирли-Аби Саламауарфаъ даражатаһу филь-махдийина, уа хлюфху фи ақибәһи филь-ғабирина, уағфирлана уа ләһу, йа Раббаль ъламина, уа фсах ләһу фи қабриһи уа наууир ләһу фихи!/ **Муслим.**

152 ТАРАУ

Мәйіттің жанында тұрған адамға не деу керектігі және жақыны өлген адамға не деу керектігі жайында.

920. Хабар бойынша, Умм Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Науқастың төсегінің жанында болған кезде тек жақсылық айтыңдар, өйткені сендердің бүкіл айтқан сөздеріңнен кейін періштелер: «Амин», - деп отырады», - деді. Ал Абу Салама қайтыс болғаннан кейін мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, расында Абу Салама өлді!», - дегенімде, ол маған: «"Иә Аллаһ оны да мені де кешіріп маған оның орнына жақсысын бер! " /Аллаһумма-ғфирли уа ләһу, уа аъқибни минһу ьуқба хасанатан!/, - деп айт», - деді. Сонда мен оның айт, деген сөздерін айттым да, артынан Аллаһ маған оның орнына жақсысын – Мухаммадты, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, берді⁵¹². **Бұл хадистің Муслим келтірген**

⁵¹² Умм Салама күйеуі Абу Салам қайтыс болғаннан кейін Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрмысқа шыққан.

нұсқасында: «Науқастың /... не мәйіттің/ төсегінің жанында болған уақытта», - **делінеді.**
Ал Абу Дауд пен басқа да мухаддистер «мәйіттің», **деген сөзді келтіріп, ол жөнінде күмәндәнбайды.**

921. Хабар бойынша, Умм Салам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер Аллаһтың құлдарының бірі қайғыға тап болып: «Расында, біз Аллаһқа тиесіліміз және Аллаһқа қайтарыламыз! Иә Аллаһ, мені қайғымда сауабты ет те, маған одан жақсысын бер!» /Инна ли-Лаһи уа ина иләйһи ражиъуна! Аллаһумма-журни фи мусыбати уа хлюф ли хайран минха!/, - десе Аллаһ Тағала міндетті түрде оның қайғысы үшін сауаб жазады және оған (айрылғанының) орнына одан да жақсысын береді», - деді. Абу Салама өлген кезде, мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айт дегенін айттым, сонда Аллаһ оны маған одан да жақсысымен ауыстырды - (яғни) Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. **Муслим.**

922. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ құлының баласы өлген кезде, Аллаһ Тағала, Өзінің періштелерінен: “Менің құлымның баласын сендер алдыңдар ма?”, - деп сұрайды, сонда ол: “Иә”, - деп жауап береді. Сонда ол: “Менің құлым не деді?”, - деп сұрайды. Оған олар: “Ол Саған мақтаулар айтып: “Расында біз Аллаһқа тиесіліміз және оған ораламыз!”, - деп айтты”, - дейді. Сонда Аллаһ Тағала: “Менің құлыма Жәннәттан үй салыңдар да, ол үйді “Мадақ үйі”, деп атаңдар”, - дейді. **Бұл хадисті ат-тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

923. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: “Егер Мен Өзімнің иман келтірген құлымнан, осы дүниедегі жақсы көретіндерінен бірін алсам, ал ол болса Аллаһтың сауабынан үміттеніп келген қасыретке көніп шыдаса, оған Менен Жәннәттан басқа сый болмайды” **аль-Бухари.**

924. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қыздарының бірі⁵¹³, оған оны шақырып және оған баласының⁵¹⁴ өлім аузында жатқанын хабарлау үшін бір адамды жібереді, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын хабаршыға: “Оған орал да оған, Аллаһ Тағалаға, Оның бергені де, Оның алғаны да тиесілі және Ол бәріне белгілі бір өлшем белгіледі, сондықтан ол сабыр сақтап Аллаһтың сауабынан үміт етсін, де”, - деді. **Сосын Абу Хурайра бұл хадисті соңына дейін айтып шықты. Аль-Бухари, Муслим.**

153 ТАРАУ

Өлген адамның артынан қатты дауыстамай және жоқтамай жылауға болатындығы жайлы.

⁵¹³ Зайнаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

⁵¹⁴ Яғни, Зайнабтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, баласы.

Жақтау жайлы айтатын болсақ, оған рұқсат жоқ /харам/, ол туралы Аллаһ Тағала жазса “Харам жйлы кітапта” сөз болады. Ал жылау жайлы айтатын болсақ, көптеген хадистерде олай істеуге болмайтындығы жайлы және өлген адамға ауыртпашылықтар тудыратындығы жайлы хабарланады, дегенмен кейбірі өлген адам жылауды өзі өсиет еткен кезде ғана қиналады, дейді. Ал жылауға рұқсаттың жоқтығы жайлы айтатын болсақ, онда қатты дауыстап жылауға ғана рұқсат жоқ, ал ақырын сыңсып жылауға рұқсат, ол туралы төменде келтірілген хадистер дәлел:

925. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ауырып қалған Саъд бин Убадқа⁵¹⁵ көңіл сұрап барды, сонда онымен бірге Абд Аррахман бин Ауф, Саъд бин Абу Уақас, Абдуллаһ бин Масъуд, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын, болды. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жылады, оның жылағанын

⁵¹⁵ Саъд бин Убада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ансарлардың екі руының бірі, хазрадждықтардың көсемі болған.

көрген басқалар да жылап қоя берді, сонда Аллаһтың елшісі: “Сендер естімеп пе едіңдер? Расында, Аллаһ не көзден аққан жас үшін, не жүректегі қайғы үшін жазаламайды, бірақта ол мынау үшін азаптап, жазалайды”, - деп өзінің тілін көрсетті. **Аль-Бухари, Муслим.**

926. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлім аузында жатқан қызының баласын алып келген кезде, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзі жасқа толды. Бұны көрген Саъд: “Иә Аллаһтың елшісі, бұл не?”, - деп сұрады. Ол: “Бұл – Аллаһ Тағаланың құлдарының жүрегіне салған мейірімі және Аллаһ Өзінің мейірімді құлдарына ғана Өзінің Мейірімін көрсетеді”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

927. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өлім аузында жатқан баласы Ибраһимге, оған Аллаһтың ризашылығы

болсын, кірген кезінде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзінен жас ағып қоя берді, сонда Абд ар-Рахман бин Ауф: “Сен жылап жатырсың ба, иә Аллаһтың елшісі?”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, көз жылайды, ал жүрек қайғырады, бірақ біз тек біздің Раббымызға ұнайтын сөздерді ғана айтамыз! Расында, біз сенімен айырылысқанымызға қайғырамыз, иә Ибраһим!”, - деді. **Бұл хадисті Аль-Бухари толығымен келтіреді де, ал Муслим – бөлігін ғана келтіреді.**

“Сахихтарда” бұл тарауға қатысты хадистер көп келтіріледі, ал бұл жөнінде Аллаһ жақсырақ біледі.

154 ТАРАУ

Мәйіттің түрінің өзгергендігі туралы мағлұматты таратудан өзін-өзі ұстау жайлы.

928. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, босатқан құлы Абу Рафиъ, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім мәйітті жуып, онда көргенін басқалардан жасырса, оны Аллаһ қырық рет кешіреді. **Бұл хадисті Аль-Хакам "“услимнің шарттары бойынша сенімді”, деп келтіреді**

155 ТАРАУ

Мәйітке дұға айту, оны шығарып салу, оны жерлегенде болу және жерлеу рәсімдеріне әйел баласына қатынасудың жақсы еместігі жайында.

Жерлеу рәсіміне қатынасудың дұрыс екендігі жайында өткен тарауларда айтылған.

929. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім жаназа намазы біткенше қатынасса, оған бір қарат сауб бар, ал жерленіп қойылғанға дейін қатынасқанға – екі қарат. Сонда адамадар: “Бұл қандай екі қарат?”, - деп

сұрады. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол екі үлкен тау секілді”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

930. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, кім Аллаһтың сауабынан үміт етіп мұсылманның жерлеу рәсіміне қатысып оның жаназасында болып, сосын жерлегенде (қабірінің басында) тұрып келсе, онда ол әр қайсысы үлкендігі Ухуд тауына тең келетін, екі қарат сауап алып қайтады, ал кім жаназасына ғана қатысып, жерлеген кезде (қабірінің басында) болмаса, онда бір қарат сауап тауып қайтады. **Аль-Бухари.**

931. Хабар бойынша, Умм Ыатыйа, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бізге (яғни әйелдерге) мәйітті шығарып салуға тыйым салынатын, бірақ бұл мәселеде қатаңдық танытпайтын (яғни, қатаң тыйым салмайтын). **Аль-Бухари, Муслим.**

Яғни, бұл тыйым басқа харам нәрселер сияқты қатаң орындауға міндеттемейтін.

156 ТАРАУ

Жаназа намазына көп адамның қатысқанының жақсы екендігі және оларды үш және одан да көп қатарға тұрғызу керектігі жайында.

932. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Саны бойынша жүз адамға жететін мұсылман жамағаттың, мәйіт үшін сұрап оқыған жаназа намазында олардың әр-қайсысының сұрағаны міндетті түрде қабыл болады.

Муслим.

933. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кез-келген мұсылман қаза тауып, оның жаназа намазына, Аллаһтан басқа ешнәрсеге құлшылық етпеген қырық адам қатынасатын болса, онда олардың шапағаты (болысуы) қабыл болады. **Муслим.**

934. Хабар бойынша, Марсад бин Абдуллаһ аль-Йазанни былай деді:

Малик бин Хубайр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жаназа намазын өткізгенде жиналған адамдар аз болатын болса, онда келген адамдарды үш қатарға тұрғызып, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

“Кімнің жаназа намазын үш қатар сапқа тұрып өткізсе, сол адам міндетті түрде Жәннәтқа кіреді”, - дейтін. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы хадис” деп келтіреді.**⁵¹⁶

157 ТАРАУ

Жаназа намазында не оқу керектігі туралы.

⁵¹⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Бұндай намазды өткізуші адамға “Аллаһу акбар”, деген сөзді төрт рет айту керек. Бірінші рет бұл сөзді айтқаннан кейін Аллаһтан қорған сұрап дұға айтқан жақсы⁵¹⁷, ал содан кейін “Фатиха” сүресін оқу керек. Осыдан кейін Аллаһу акбар”, деп екінші рет айту керек те, одан кейін Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп: «Аллаһумма солли ъаля Мухаммадин уа ъалә али Мухаммадин, камә солейта ъала Иброһима уа ъалә али Иброһима иннака Хамидун Мажид!», - салауат айту керек.

Көп жәй адамдар секілді: “Расында, Аллаһ Пайғамбарға рахым етеді және періштелер салауат айтады...”, - деген сөздері бар аятты оқу дұрыс емес, расында, осыны оқып шектелген адамның намазы жарамсыз болады.

Осыдан кейін “Аллаһу акбар”, деген сөзді үшінші рет айту керек те, сосын Аллаһтан мәйіт үшін, мұсылмандар үшін дұға жасап сұрау керек, ол жайында Аллаһ Тағала жазса хадистер келтіріп тоқталамыз.

⁵¹⁷ Яғни, аьзу би-Ллаһи минаш-шайтони-ражим, деп.

Осыдан кейін “Аллаһу акбар”, деген сөзді төртінші рет айту керек те, сосын Аллаһтан сұрап дұға айтып, бәрінен де мына сөздерді айтқан жақсы: “Иә Аллаһ, ол үшін бізді сауабымыздан айырма және одан кейін бізді сынақтарға салма, сондай-ақ бізді және оны кешір!” /Аллаһумма лә тахримна ажраһу, уа лә тафтинна баъдаһу уағфил ләнә уә ләһу!/.

Ибн Абу Ауфтың жеткізген хадисіне сүйенсек, “Аллаһу акбар”, деп төртінші рет айтқан соң Аллаһқа көбірек жалбарынып дұға жасау керек, ол туралы Аллаһ Тағала жазса кешірек тоқталамыз.

Ал Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннеті бойынша үшінші рет “Аллаһу акбар”, деп айтқан соң айтылатын сөздерге төмендегі дұғалар жатады:

935. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Ауф ын Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаназа намазын өткізді, ал мен болсам оның Аллаһтан сұрап дұға жасаған кезінде мынадай сөздер айтқанын есімде

сақтап қалдым: "Иә Аллах! Оны жарылқа! Әрі оған рахым ет. Әрі оны (қабір азабынан) сақта, оны кешір, оның Жәннәттағы орнын несібелі ет! Оның кірер жерін кең ет, әрі оны су, қар, бұршақпен жу, аппақ киім кірден тазаланғандай, оны да қателерден тазарт. Оған өз үйінен жақсы үй, өз жанұясынан жақсы жанұя, өз әйелінен жақсы әйелмен ауыстырып, оны Жәннәтқа кіргіз. Әрі оны қабір азабынан (және тозақ азабынан) сақта!" /Аллаһумма-ғфирлә-һу, уа-рахам-һу, уә-ъфаһи, уә ьафуъан-һу уә-акрим нузулә-һу, уә уәссиъ мадхаләһу, уәғсиль-һу⁵¹⁸ ьиль-маъи уә-ссалджә уаль баради, уә наққыһи мин аль хатайа кәма наққайта саубаль-абйада мин ад-данаси, уа абдльһу даран хайран мин дарихһи уә-ахлән хайран мин ахлиһи, уә заужан хайран мин зажиһи, уа адхильһу-жәннәта уә аъзузуһу мин ьазабилъ қабри уә ьазабин-нари!/⁵¹⁹, - осы сөздерді айтқанда мен жатқан мәйіттің орнында болғым келіп кетті⁵²⁰.

⁵¹⁸ «Аллаһумма-ғфирлә-һу, уа-рахам-һу, уә-ъфаһи, уә ьафуъан-һу уә-акрим нузулә-һу, уә уәссиъ мадхаләһу, уәғсиль-һу», деп мәйіт ер кісі болған жағдайда айтылады, ал егер мәйіт әйел баласы болса онда, «Аллаһумма-ғфирлә-һа, уа-рахам-һа, уә-ъфаһи, уә ьафуъан-һә уә-акрим нузулә-һә, уә уәссиъ мадхаләһә, уәғсиль-һә», делінеді.

149

⁵¹⁹ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №156 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁵²⁰ Мәйіттің орнында болғым келіп кетті дегені, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дұғаларын

936. Хабар бойынша, Абу Хурайра және Абу Қатада оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, сондай-ақ Абу Ибраһим ал-Ашъали сахаба болған әкесінен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаназа намазын өткізгенде былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Аллаһ! Біздің тірілеріміз бен өлілерімізді, үлкендеріміз бен кішілерімізді, ерлеріміз бен әйелдерімізді, (жаназаға) қатынасушылар мен қатынаспағандарды Өзің жарылқа. Иә Аллаһ! Егер бізден кімде-кімге өмір берсең, оны Ислам дінінде ет, ал бізден кімде-кімнің жанын алатын болсаң, оның жанын иманымен ал! Иә Аллаһ, бізді осы сауаптан махрұм етпе әрі одан кейін бізді адастырма! /Аллаһуммағфирли хаййна уә маййитина, уә сағирина уә кәбирина, уә заәкәринә уә унсана, уә шаһидина уә ғаибина! Аллаһумма, лә тахриана ажраһу, уә лә тафтинна баъдаһу!/⁵²¹ **Ат-тирмизи бұл хадистің Абу Хурайра және аль-Ашхали**

Аллаһ қабыл ететін болған соң, мәйіттің орнында болып мен үшін Аллаһтан сұраса, деп армандағаны.

⁵²¹ Араб әрітптерімен осы дұғаға өте ұқсас (бір-екі сөзінің орны ауысқан) дұға «Мұсылман қорғаны» кітабінің №156 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

келтірген нұсқасын риуаят етеді, ал Абу Дауд болса Абу Хурайра мен Абу Қатад келтірген нұсқасын риуаят етеді. Аль-Хакам: «Абу Хурайрадан хадис аль-Бухари мен Муслимнің талаптарын қанағаттандырады», - деді. Ат-Тирмизи бұл жайлы аль-Бухари былай деді: «Бұл хадистің ең сеніміді нұсқасы Аль-Ашхалидің келтірген нұсқасы», - дейді. Сондай-ақ аль-Бухари: «Ал бұл тарауға қатысы бар хадистерден ең сенімдісі Аф бин Маликтің хабарлағаны⁵²²», - деп айтты.

937. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендер Жаназа намазына қатынасатын болсаңдар, Аллаһтан мәйіт үшін сұрап дұға жасағанда ықыласпен (шын жүректен) сұраңдар. **Абу Дауд.**

938. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісіні, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

⁵²² №935 хадис

болсын, жаназа намазын өткізіп былай дегені айтты:

Иә Аллаһ, Сен – оның Раббысың, әрі Сен оны жараттың, әрі Сен оны Исламға кіргіздің, әрі Сен оның жанын алдың және Сен оның барлық жасырын және ашық жасағандарының түгелін бәрінен жақсы білесің, ал біз болсақ оған шапағт етуге (болысуға) келдік, сондықтан оны кешір! /Аллаһумма Анта Раббуһа, уә Анта халактаһа, уә Анта хадайтиһа лиль-Иләми, уә Анта кабдта руһаһа уә Анта аълямү бисарриһа уә ьаләнийатиһа, жиънака шуфаъаа ләһу, фағфирләһу!/ **Абу Дауд.**⁵²³

939. Хабар бойынша, Уасилә бин аль-асқая былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір мұсылманға жаназа намазын оқыды да, мен оның былай деп айтқанын естідім: “Иә Аллаһ! Пәленшенің ұлы түгенше Сенің қорғауыңда. Өз кепілдігінде. Оны қабір қиындығы мен Тозақ азабынан Өзің сақта! Сен Өз уәденді орындау мен әділдік Иесісің. Оны жарылқап, Өз мархеметіңе ал! Күдіксіз Сен

⁵²³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

- Жарылқаушы, Мейірімдісің! /Аллаһумма инни фуләнә-бна фуләнә би зммәтика уа хадли жифәрикә, фақиһи мин фитнатиль-қәъри уә азабин-нари, уә Анта ахлюль-уафаъи уаль-хамди! Аллаһумма, фағфир-ләһу, уархамһу, иннәкә Анталь-Ғафурур-Рахиму!// **Абу Дауд.**

940. Хабар бойынша, кезінде өзінің қазының жаназасын шығарған Абдуллаһ бин Ауф, төрт рет тәкбір айтты, төртінші рет тәкбір айтқан соң екі тәкбірлердің арасында қанша тұрған болса сонша уақыт тұрып қызы үшін Аллаһқа жалбарынып дұға жасады да, сосын:

«Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осылай істейтін», - деді.

Бұл хадистің басқа нұсқасында жеткізуші былай дейді:

Ол төрт рет “Аллаһу акбар” деген сөздерді айтты да, сосын орнында көп тұрғаны соншалық, біз бесінші рет “Аллаһу акбар”, деп айтады ма екен, деп қалдық, бірақ та ол оң және сол иықтарына сәлем беріп намазды аяқтады да біз одан: “Бұл не?”, - деп сұрадық. Жауап ретінде ол: “Расында, мен сендердің алдарыңда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің көз алдымда

істегенінен артық ешнәрсе істеген жоқпын” /...немесе Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осылай істейтін/, - деді. **Бұл хдисті Аль Хакам “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

158 ТАРАУ

Табытты тезірек алып жүргеннің жақсырақ екендігі жайлы.

941. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мәйітті тез алып жүріңдер, өйткені егер ол діндар болған болса, онда сендерге оны игілікке тезірек жеткізу міндет /фа хайрун тукаддимуна-на иләйһи/, ал егер ол ондай болмаған болса, онда мойындарыңнан залымдықты тезірек алып тастауға мүмкіншілік болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың

игілгі мен сәлемі болсы, былай деп
айтқанын жеткізді:

...фа хайрун тукадимунака-на ыалайһи...⁵²⁴

942. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер жерлеуге дайындалған табытта жатқан мәйіт мүмин болған болса, онда сол табытты жайғастырып, ерлер иықтарына салған кезде ол (мәйіт): «Мені тезірек апарыңдар!», - дейді. Ал егер мәйіт мүмин болмаған болса, онда ол: «Мен құрыдым, мені қайда апара жатырсыңдар?», - дейді де оның даусын адамнан басқаларының бәрі естиді, ал егер оны (адамдар) естісе, естері шығып кетер еді. **Аль-Бухари.**

159 ТАРАУ

⁵²⁴ Бұдан айтылған сөздің мағынасы өзгермейді.

**Кенеттен өліп оның өлімінде күмән
тумағанша ұстай тұрғаннан басқа
жағдайларда, қайтқан адамның
қарыздарын тезірек өтеп оны тезірек
жерлеуге дайындау жайлы.**

943. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаназа намазын өткізіп былай дегенін айтты:

Мүминнің жаны қарыздарын өтемейінше онымен байланып тұрады⁵²⁵. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис” деп келтіреді.**

944. Хабар бойынша, Хусайн бин Уахуах, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Тальха бин аль-Бара, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ауырып қалған кезде оның көңілін сұрауға Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді. Ол

⁵²⁵ Бұнда не өлген адамның жаны оған дайындалған жерге кіре алмай тұрады, не болмаса оның шешімі оның қарызын біреу өтемейінше шегеріліп отырады, деген сөз.

оның жақындарына: “Расында, мен бұның өлімі жақын деп ойлаймын. Ол қайтқан соң маған хабарландар және мүмкіншілігінше тезірек жерлеңдер, өйткені мұсылманның мәйітін жанұя мүшелерінің жанында көп ұстауға болмайды. **Абу Дауд.**⁵²⁶

160 ТАРАУ

Қабір басында насихат айту жайлы.

945. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Бақиғ аль-Ғаркадта⁵²⁷ жерлеу рәсімінде болған уақытымзда, бізге Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келді. Ол отырды, біз болсақ оны айнала отырдық, оның қолында кішігірім таяқ болды. Ол төмен қарап сол таяғымен жерді шұқылай бастады да біраз уақыт өткен соң: “Сендерден араларыңда орны Жәннәттан не Тозақтан белгіленбеген адам жоқ”, - деді. Адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі,

⁵²⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁵²⁷ Жерлейтін жердің аты.

онда бізге пешенемізге жазылғанға, артына салсақ болмай ма?⁵²⁸”, - деп сұрады. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұйырылғанын істеңдер, ал пешенелеріңе жазылғанға апаратын істерді орындау, әр қайсысың үшін жеңілдетіледі”, - деді.

Соңынан Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, хадисті соңына дейін айтып шақты. Аль-Бухари, Муслим.

161 ТАРАУ

Жерлеп болған соң мәйіт үшін Аллаһтан сұрап дұға жасау және оның қабірінің басында оның күнәлерінң кешірілуін сұрап дұға жасау және Құран оқу үшін отыра тұру жайлы.

946. Хабар бойынша, Абу Амр (сондай-ақ оның лақаб аты – Абу Абдуллаһ, сондайақ – Абу Ләйлә, делінеді), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁵²⁸ Яғни, пешенемізге жазылып қойған болса онда несіне игілікті істер істеп әуре боламыз, деп жатыр.

Мәйітті жерлеп болған соң, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте біраз уақыт тұрып былай дейтін: “Сендердің бауырларың үшін, оны мықтауды Аллаһқа жалбарынып сұраңдар, өйткені қазір оған сұрақтар қойылып жатыр. **Абу Дауд.**

947. Хабар бойынша, Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

... мені жерлеп болған соң менің қабірімнің жанында түйені сойып оның етін таратуға қанша уақыт кететін болса сонша уақыт, мен сендерге қуанып және Раббымның елшілеріне не жауап беретінімді көруім үшін тұра тұрыңдар⁵²⁹. **Бұл хадис алдыңғы тарауларда толығымен келтірілген болатын⁵³⁰. Муслим.**

162 ТАРАУ

Қайтқан адам үшін садақа тарату және Аллаһтан ол үшін дұға жасау жайында.

⁵²⁹ Басқаша айтқанда, қабірде сұрақ қоятын періштелер. Сонымен, бұл хадисте мәйіт, өзін шығарып салушылардың сөздерін есітетіндігі жөніндегі көп нұсқаулардың бірі айтылып жатыр.

⁵³⁰ №711 хадис

Аллаһ Тағала айтты:

“Сондай олардан кейін келгендерге де Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай гөр!...» ”
“Хашыр ” сүресі, 10 аят.

948. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Менің шешем кенеттен қайтып кетті, ал мен болсам, егер ол сөйлей алғанда⁵³¹ садақа таратар еді, деп ойлаймын. Егер мен ол үшін садақа таратсам сауабын алады ма?”, - деп сұрағанда, жауап ретінде ол: “Иә”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

949. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам өлген кезінде оның үш амалынан басқасының бәрі тоқталады олар: үздіксіз

⁵³¹ Яғни, тірі болғанда.

садақа⁵³², басқа адамдар қолдана алатын ілім⁵³³, не болмаса ол үшін дұға жасайтын тақуа балалары. **Муслим.**

163 ТАРАУ

Адамдардың қаза болған адамды мақтаулары туралы.

950. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біздің жанымыздан жерлеуге мәйітті алып өткенде адамдар мәйітті мақтай бастады, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл міндеттелді”, - деді. Сосын тағы бір мәйітті жерлеуге алып өтті де, адамдар бұл жолы мәйіт туралы жаман лебіз білдірді, бірақ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы да: “Бұл міндеттелді”, - деді. Сонда Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Не міндеттелді?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған

⁵³² Бұл өлген адамның өзінен кейін таратсын деп қалдырған мұрасы, не болмаса дүниесін игі істерге мұралыққа қалдырғаны.

⁵³³ Бұл жерде өлген адамның жазған немесе мұраға қалдырған ктабі, ұстаз ретінде берген ілімі.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендер біріншіні мақтадыңдар, енді ол міндетті түрде Жәннәтқа кіреді, ал келесісіне жаман лебіз білдірдіңдер, енді оған Тозақ міндеттелді, өйткені сендер – Аллаһтың жердегі куәгерлерісіңдер!”⁵³⁴, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

951. Хабар бойынша, Абу аль-Асуад былай деді:

Мен Мединаға келген кезімде Омар бин аль-Хаттабтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанына келіп отырдым, сонда жиналғандардың жанынан табытта жатқан мәйітті алып өтті. Адамдар мәйіт жайлы жақсы сөздер айтты, ал Омар болса: “Бұл міндеттелді”, деді. Сосын тағы да табытта жатқан басқа мәйітті алып өтті, адамдар тағы да мәйіт жайлы мақтау сөздерін айтты, ал Омар болса тағы да: “Бұл міндеттелді”, - деді. Сосын үшінші бір табытты мәйітімен алып өтті, бұл

⁵³⁴ Бұл жерде, әрине егер адамдар сондай сөздер айтса Аллаһ ол адамды Жәннәтқа не болмаса Тозаққа кіргізуге Өзіне міндет етеді дегені емес, өйткені Оны ешкім еш нәрсеге мәжбүрлей алмайды. Басқаша айтқанда бәрі әрқашан Аллаһ Тағаланың қалауында, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса тек қана Аллаһ өзінің уәдесін орындап игілікке сауаб беріп ал залымды жазалайтындығын ғана айтқысы келген.

жолы адамдар мәйіт жайлы нашар сөздер айтты, ал Омар болса тағы да: “Бұл міндеттелді”, - деді. Мен: “Не міндеттелді? Иә діндарлардың басшысы?”, - деп сұрадым. Ол: “Мен тек қана былай деп айтқан Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөздерін қайталап жатырмын”, - деп Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді: “Төрт мұсылман мақтаған мұсылманды Аллаһ міндетті түрде Жәннәтқа кіргізеді”, Біз: “Ал егер олар үшеу болған болса ше?”, - деп сұрадық. Ол: “Үшеу болса да”, - деді. Біз тағы да: “ал егер екеу болса ше?”, - деп сұрадық. Ол: “Екеу болса да”, - деді де, біз, егер біреу болса ше, деп сұрамадық. **Аль-Бухари.**

164 ТАРАУ

Жас балалары қайтқандардың артықшылығы жайлы.

952. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісіні, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаназа намазын өткізіп былай дегенін айтты:

Қай бір мұсылманның кәмілетке толмаған үш баласы өлетін болса, онда Аллаһ оларға деген мейірімімен ол мұсылманды Жәннәтқа кіргізеді.

Аль-Бухари, Муслим.

953. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін айтты:

Үш баласы өлген кез-келген мұсылманды, Отқа, анттың орындалуы үшін ғана тигізіледі.

Аль-Бухари, Муслим.

Анттың орындалуы үшін ғана тигізіледі, *деген сөздер жайлы айтатын болсақ, онда ол Аллаһ Тағаланың (Құранда): “Сендерден Тозаққа келмейтін ешкім болмайды”, - деген сөздері жайлы болып тұр. Бұл жердегі келмейтін делінгені, ол Тозақтың үстінен тартылған Сират көпірінен өту жайлы айтылып тұр, одан бізді Аллаһ құтқарсын!*

954. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір әйел келді де: “Иә Аллаһтың елшісі, сенімен тек қана ер кісілер сөйлеседі, біздерге де, Аллаһтың саған үйреткендерін үйретуің үшін бір күн тағайындашы!”, - деді. Жауап ретінде ол: “Осындай күні жиналыңдар”, - деді де, өзі сол күні келіп оларға Аллаһтың өзіне үйреткенін айта бастап сөзінің арасында: “Сендерден кімнің үш өлген баласы болса, олар оны міндетті түрде Оттан қорғайды”, - деді. Сонда бір әйел: “Ал егер олар екеу болса ше?”, - деп сұрады, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Екеу болса да”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

165 ТАРАУ

Әділетсіз (залым) адамдардың қабірінің не олардың қаза болған жерлерінің жанынан өтіп бара жатып жылау және үрей сезіну және Аллаһқа деген тәуелділікті сезіну және бұған мән бермеушілерді ескерту жайлы.

955. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аль-хижр деген, кезінде самуд қауымы өмір сүрген жерге жеткен кезде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларына: “Бұл азапталып жатқандарға тек қана жылап кіріңдер, ал егер жыламайтын болсаңар, онда сендерге де оларға жеткен жаза тимес үшін ол жерге кірмеңдер!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Аль-Бухари келтірген нұсқасында, Ибн Омардың, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аль-Хижрден өтіп бара жатып, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Өз-өздерін ренжіткендердің тұрағына, сендерге де оларға тигені тимес үшін, жыламай кірмеңдер!”, - деді де, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басын

киімімен жапты да, ол жерді өткенше тезрек жүріп қадамдарын жиілетті.

САПАРДАҒЫ ӘДЕПТЕР ЖАЙЛЫ КІТАП.

166 ТАРАУ

Сапарға бейсенбі күні күннің басында (таң ертең) аттанғанның жақсы екендігі жайлы.

956. Хабар бойынша, Қазб бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук жорығына бейсенбі күні аттанды және ол сапарға бейсенбі күндері аттануды жақсы көретін. **Аль-Бухари, Муслим.**

“Сахихтердің” екеуінде де келтірілген бұл хадистің басқа нұсқасында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бесенбіден басқа күндері жолға сирек аттанатын, делінеді.

957. Хабар бойынша, сахабалардан болған Сахр бин Уадаъа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһ, менің үметімнің таңына береке бер!” /Аллаһумма, барик ли уммати фи букури-һа/, - деді. Ал егер ол жорыққа әскер не жасақ аттандыратын болса, онда ол күннің басында аттандыратын.

Ал Сахрдың өзі жайлы айтатын болсақ, ол саудагер болатын және ол заттарын күннің басында жолға шығаратын да ол байып байлығы көбейген болатын. Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

167 ТАРАУ

Серік іздеу және оларға арасынан біреуін (үлкенін) оған бағыну үшін басшы етіп тағайындау жайлы.

958. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін жеткізді:

Егер адамдар жалғыз жолда жүру туралы менің білетінімді білсе еді, онда бірде-бір аттылы түнделетіп жалғыз сапарға шықпас еді.

Аль-Бухари.

959. Хабар бойынша, Амр бин Шуъайб өзінің әкесінің атасынан⁵³⁵, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін жеткізді:

Бір аттылы – шайтан, екі аттылы – екі шайтан⁵³⁶, ал үш аттылы болса, онда олар керуен. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд, ат-Тирмизи және ан-Насаи келтіреді, ал ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, дейді.**

960. Хабар бойынша, Абу Саъид және Абу Хурайра, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған

⁵³⁵ Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

⁵³⁶ Бұл келтірілген ұқсатудың мағансы мынада, шайтан өзі бөлектенгенді жақсы көреді де, басқаларды да соған талпындырады.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін жеткізді:

Егер үшеу сапарға шықса, онда араларынан бірін басшы етіп тағайындасын. **Жақсы хадис жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

961. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін жеткізді:

Серіктердің төртеу болғаны жақсы, жақсы жасақтың саны төрт жүз сарбаз, жақсы әскер – төрт мың, ал он екі мың сарбазды (әскерді), олардың санының аздығы себебінен жеңу мүмкін емес⁵³⁷. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

168 ТАРАУ

Сапарда жүргенде және сапарда дем алғанда және түнемеке тоқтағанда және ұйықтағанда не ұстану керктігі, сондай-ақ түнде жылжудың, сондай-ақ мініс

⁵³⁷ Яғни, егер олар жеңіліске ұшыраса, онда оның себебі сандарының кемдігі емес, себеп басқада.

малдарына аяушылық таныту және де егер мініс малы көтере алса артынан біреуді отырғызуға болатындығы және малдың хұқығымен санаспайтын адамдарға не бұйыру керектігі жайлы.

962. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін айтты:

Егер сендердің сапарларың шөп өсіп тұрған жерлерден өтетін болса, онда түйелеріңе (белгілі бір уақыт аралығында) оттауларына мүмкіншілік беріп отырыңдар, ал егер құнарсыз жерден өтетін болсаңдар, түйелеріңді болдыртып алмай тұрғанда көздеген жерлеріңе тез жетулерің үшін жылдамдатыңдар. Ал түнемекке тоқтаған кезде жолдан алыстап айалдаңдар, өйткені түнде ол жерге жануарлар келіп, құрт-құмырсқа үймелейді. **Муслим.**

963. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарда түнемекке жатқан кезде оң бүйіріне жататын, ал егерде бұл іс таң

намазына жақындаған уақытта болғн болса, онда ол қолын көтеріп (бәлкім жоғарылатып) басын алақанына қоятын. **Муслим.**

Ғалымдар былай дейді:

Ол қолын, терең ұйқыға кетіп таң намазының уақтын не болмаса оның бастапқы уақытын өткізіп аламас үшін ғана көтеретін.

964. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегенін жеткізді:

Сендерге сапарға түнде аттану керек, өткені түндерде жер бүктелінеді⁵³⁸. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

965. Хабар бойынша, Абу Саъляб аль-Хушани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁵³⁸ Ат-Табарани және басқа мухаддистердің риуаят еткен хадистердің бірінде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «**Сендерге жолға түнде шығу керек, өйткені Аллаһтың жолаушы үшін жерді парақ қағаз секілді бүктейтін, періштелері бар**». Басқаша айтқанда түнде баратын жерге жету оңай.

Әдетте сапарда дем алуға аялдаған кезде, адамдар жоталар мен сайларға тарап кететін, бірақ бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, сендердің жоталар мен сайларға тарайтындарың – шайтаннан ғана!”, - деді, осыдан кейін олар қай жерде болмасын бірге жайғасатын болды. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

966. Хабар бойынша, Сахль бин Амр, оның атын –Сахль бин ар-Рабиъ аль-Ансари деп те айтады және ол Ибн аль-Ханзалийа, деген атпен танымал, және ол Аллаһқа риза болған антын бергендерден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аштықтан іші арқасына тартылған түйенің жанынан өтіп бара жатып: “Сөйлей алмайтын осы жануарларға қатысты Аллаһтан қорқындар! Олар сау болған кезде оларға мініңдер де, олар сау болған кезде оларды жеңдер. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

967. Хабар бойынша, Абу Жаъфар Абдуллаһ бин Жаъфар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мені (көлігінің) артына отырғызып маған құпия түрде, ол туралы мен ешкімге еш уақытта айтпайтын, бір сөздер айтты. Өзінің (табиғи) қажетін қанағаттандыру үшін әдетте үлкен әрі биік заттың артына жасырынғанды, не болмаса пальмалы тоғайға кіргенді жақсы көретін. **Бұл хадисті қысқарған түрде Муслим келтіреді.**

(Имам Абу Бакр Ахмад бин Ғалиб) аль-Баркани, Муслимнің келтірген иснадындай иснадпен келтіреді, бірақ “пальмалық тоғай”, деген сөздерден кейін мыналар айтылады:

Бірде ол ансарлардың бірінің тоғайына кіріп онда ойламаған жерден бір түйені кездестіріп, Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көрген түйе даусын шығарып көзі жасқа толып кетті. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған жақындап, өркешінен және басынан сипады да, түйе тынышталды, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мына түйенің иесі кім? Мына түйе кімдіке?», - деп

сұрастыра бастады. Сонда оған ансарлардан бір жас жігіт келіп: «Ол меніңке, иә Аллаһтың елшісі», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен бұл жануардың иесі бола тұра, бұны саған тәуелді еткен Аллаһтан неліктен қорықпайсың? Расында, ол маған, сенің оны аштықтан қатырып күші жетпейтін жұмыс істететіндігіңе шағымданды!», - деді.

Абу Дауд Аль барқанидің келтірген еұсқасын келтіреді.

968. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз қай бір жерде тоқтасақ та, Аллаһқа мадақты, малдардың ер тоқымын алғаннан кейін ғана, айтатынбыз. **Бұл хадисті Муслимнің талаптарын қанағаттандыратын иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

Оның “Аллаһты мадақтауды”, деген сөздері “Нәфіл намаздарын орындауды”, деген мағынаны білдіреді. **Бұл сөздердің мағынасы келесіде: *біздің намаз оқуға деген ұмтылысымыз күшті болғанымен, мініс малдарынан ерлерін алмағанша намаз оқымайтынбыз.***

169 ТАРАУ

Серікке көмек көрсету жайлы.

Бұл тарауға байланысты хадистер алдыңғы тарауларда келтірілген болатын, мысалыға Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһ Өзінің құлына көмегін, ол (құлы) өзінің бауырына көмегін көрсеткенше жалғастырады” – деген хадисін, не болмаса: “Шариғаттың барлық дұрыс дегені, садақа”, - деген хадисін келтіруге болады.

969. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз сапарда болған уақытымза бізге өзінің түйесінде отырған бір кісі келді де, оң және сол жағына қарап жалтақтады, сол уақытта Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Кімде артық мініс малы болса, оны малы жоққа берсін, кімнің артық азығы болса, оны ештеңкесі жоққа берсін”, - деп, бізден ешкім артыққа хақысы жоқ екендігін

түсінгенімізше, дүниелерден айтқанын айтты.
Муслим.

970. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жорыққа атанбақ ниетімен былай деді: “Иә Мухажирлер мен ансарлар! Расында, сендердің бауырларыңның арасында, не қаржысы, не туыстары жоқтары бар, сондықтан сендерден әрқайсыларың өзімен екеуін, не үшеуін алсын, сондай-ақ малдары барлар, өздері малдарына қанша уақыт отырса, сонша уақыт оларды да отырғызулары керек.

Жәбір, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Сонда мен өзіммен екеуін /...не үшеуін/ алдым да, мінуге менің кезгім келген кезде, олар қанша отырса, сонша отыратынмын. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

971. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарда болған кезде, артқа жиі оралып, әлсіздерді өзімен отырғызып, олар үшін Аллаһтан кешірім сұрап дұға жасайтын. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

170 ТАРАУ

Сапарға аттанбақшы болған ниетпен көлікке отырған адамға не деу керектігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

“...Сондай-ақ сендерге кемеден және хайуандардан мінетін көлік жаратты. Олардың үстіне мінесіңдер, сосын Раббыларыңның нығметін еске алып: “Бұны бізге бағындырған Аллаһ пәк. Өйткені біз бұған жақындаса алмайтын едік”, - дейсіңдер, “Күдіксіз Раббымызға қайтарыламыз”” **“Зұхрұф” сүресі, 12-14 аяттар.**

972. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің түйесіне сапарға аттанбақшы болып мінетін болса, онда үш рет: “Аллаһу акбар!”, - деп айтатын да, сосын былай дейтін:

Бұны бізге Бағындырушыға мадақ, өйткені біз үшін бұл, қолымыздан келмейтін іс, біз өзіміздің Раббымызға ораламыз! Иә Аллаһ, расында, біздің осы сапарымызда Сенен игілік пен тақуалықты, сондай-ақ Өзіңе ұнайтын амалдар жасауды сұраймыз! Иә Аллаһ, бізге осы саяхатымызды жеңілдет те, оның ұзақтығын қысқарт! Иә Аллаһ, Сен біздің сапардағы серігіміз боласың, әрі жанұямызда қалдырған уәкілімізсің, иә Аллаһ, расында, жолдың қиындығынан, (жолда) көргенімізден сары уайымға салынудан және барлық дүниемізге, жанұямызға тиетін жамандықтан Өзіңе сыйынамыз! /Субханәлләзи саххара ләнә хаза уа мә кунна ләһу мукринина, уа иннә илә Раббинә лә-мунқалибуна! Аллаһумма инна насъалюка фи сафарина хазаль-бирра, уаттакуа уә мин аль-амали мә тарда! Аллһумма, Анта сахибу фиссафари уаль халифату филь-ахли, Аллһумма инни аъзузу бика мин уаъсаъиссафари, уә қябатиль-манзари уә суъиль-мунқаләби филь-мали уәл-ахли!/

Оралғанда осы айтылғанға мынаны қосып айтатын:

Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі оған мадақ айтып оралып жатырмыз. /Аййибуна, таъйбуна, ьабидуна ли-Раббинә хамидуна!/⁵³⁹ **Муслим.**

974. Хабар бойынша, Али бин Рабиъа былай деді:

Бірде Али бин Абу Талибқа отыруы үшін мініс малын алып келді. Аяғын үзеңгіге салып: “Бисми-Ллаһи!”, деп айтты да, ал ерге отырып жайғасқан соң: “Бұны бізге Бағындырушыға мадақ, өйткені біз үшін бұл қолымыздан келмейтін іс, біз өзіміздің Раббымызға ораламыз!”, - деді. Сосын ол үш рет: “Аллаһу акбар!”, - деген соң: “Саған мадақ! Расында, мен өз-өзіме зұлымдық жасадым, мені Өзің кешір, өйткені Сенен басқа ешкім күнәләрді кешірмейді!” /Субханәкә! Инни зәләмту нәфси, фағфирли, фа иннаһу лә иағфириззунуба иллә Анта!/⁵⁴⁰, - деді де, күлді. Одан: “Иә

⁵³⁹ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 207 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁵⁴⁰ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 206 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

діндарлардың басшысы, неге күлдің?”, - деп сұрады. Ол: “Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен қазір не істесем, соны істегенін көрдім, сонда ол күліп, мен: “Иә Аллаһтың елшісі, неге күлдің?”, - деп сұрағанымда, ол: “Расында, Сенің Раббың: “Менің күнәләрімді кешірі!” /Иғфирли зунуби!/, - деген сөздерді Өзінің құлы айтқанда жақсы көреді – және Ол: “Ол, Менен басқа ешкім күнәләрді кешірмейтіндігін біледі”, - дейді”, - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, - деп келтіреді – ал кейбір қолжазбаларда, оның: “Жақсы әрі сенімді хадис”, - деп айтқаны келтіріледі. Бұл ерде Абу Даудтың нұсқасы беріліп тұр.**

171 ТАРАУ

Жолаушыға тауға көтерілгенде «Аллаһу акбар!», деп, ал төмен түскенде «Субхана-Ллаһи!», деген сөздерді айтуы және «Аллаһу акбар!», деген сөзді тым қатты айтуға болмайтындығы жайлы.

,

975. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз (тауға) көтерілген кезде: “Аллаһ Ұлы!”, - деп айтатынбыз да, ал төмен түскен кезде: “Аллаһқа мадақ!”, - деп айтатынбыз. **Аль-Бухари.**

976. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Тауға көтерілгенде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және оның сарбаздары: “Аллаһ Ұлы”, - дейтін, - ал төмен түскенде: “Аллаһқа мадақ!”, - дейтін. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

977. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хажден, не Умрадан Мединаға оралып келе жатқан кезінде тауға /...не болмаса төбешіктерге/ көтерілген кезде: “Аллаһ Ұлы!”, - дейтін де, сосын: “Өзінен басқа серігі болмаған Аллаһтан басқа құдай жоқ, бүкіл үстемдік оған тән, Оған мадақ, Ол бәрін істей алады! Біз ораламыз, тәубе келтіреміз, Раббымыздың

алдында жерге дейін иілеміз және Оған Мақтаулар айтамыз! Аллаһ Өзінің уәдесін орындап Өзінің құлына көмектесті және жалғыз Өзі рулардың күл-талқанын шығарды!» /Лә иләһә иллә-Лаһу уахдаһу лә шарикә ләһу, ләһул-мульку, уә ләһуль-хамду уә һуә ыаля кулли шайъын қадирун! Аййибуна. Таъйбуна, ыабидуна, сжидуна ли-Раббина хамидуна! Садака-Ллаһу уаъдаһу, уә насара ыабдаһу уа хазамаль-ахзаба уахдаһу!/ **Аль-Бухари, Муслим.**

Хадистің Муслим келтірген нұсқасында Ибно Омардың, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (Мединаға әскери жорықтан) әскердің /... не жасақты /басқарып, Хажден не Умрадан оралған кезде...

978. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, мен сапарға аттанғалы жатырмын, маған кеңес берші!”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Саған Аллаһтан

қорқу керек те, әрбір төбеге көтерілгенде “Аллаһ ұлы”, деген сөзді айту керек”, - деді, ал ол адам кеткен соң, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһ, оған жолдың ұзақтығын қысқарт және сапарын жеңілдет!” /Аллаһумма-туи ләһуль-буъда уә хаууин ъаләһһис-сафара!/, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

979. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жорықтардың бірінде бірге болып, біз: “Лә иләһа илла-Ллаһ!”, - және әрбір төбенің үстіне көтерілгенде “Аллаһу акбар”, деп айқайлап отырдық, сонда шамалы уақыт өтісімен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә адамдар, өздеріңді аяңдар, сендер керең мен мұнда жоққа айтып жатқан жоқсыңдар, расында, Ол сендермен бірге, расында, Ол – Естуші, Жақын!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Аллаһқа сапарда жалбарыну жайлы.

980. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үш түрлі дұғаның қабыл болатындығында шек жоқ: “Қыспақтағының дұғасы, жолаушының дұғасы және ата-ананың баласына айтқан қарғысы. **Бұл хадисті Абу Дад пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді. Абу Даудтың келтірген нұсқасында: “баласына айтқан”, - деген сөздері жоқ.**

173 ТАРАУ

Адамнан, не басқа бір нәрседен қорыққан адамға, Аллаһқа қалай жалбарыну керектігі жайлы.

981. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын, егер адамдардың бірінен сескенсе, былай деп айтатынын жеткізді:

Иә Аллаһ, оларға қарсы Өзіңді көмекке шақырамыз және олардың залымдығынан Өзіңе сыйынамыз! /Аллаһумма, инна аджаълюка фи нухриһим уә наъузу бика мин шуруриһим!/ **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд және ан-Насаи келтіреді.**

174 ТАРАУ

Қайсы бір үйде тоқтаған адамға не деу керектігі жайлы.

982. Хабар бойынша, Хаулә бинт Хаким, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам қай бір үйде қалып: “Аллаһтың көміл сөздерімен жаратқан мақұлықтарының кесірінен оған сыйынамын” /Аъузу би-кәлимәти-Ллаһит-таммати мин шарри мә халәка!/⁵⁴¹, -

⁵⁴¹ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 216 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

десе, ол үйден кеткенше оған еш нәрсенің жамандығы тимейді. **Муслим.**

983. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сапарда жүргенде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түннің түсуі жақындағанда былай деп жиі айтатын: “Иә Жер, менің де Раббым, сенің де Раббың – Аллаһ; сенің зұлымдығыңнан, сондай-ақ сенде жаралғандардың зұлымдығынан және сенің үстінде жылжитындардың зұлымдығынан Аллаһқа сыйынамын! Сондай-ақ арыстаннан және қара жыланнан, жәй жылан мен шаяннан, осы жердің тұрғындарынан⁵⁴², сондай-ақ әкесі мен оның тұқымдарынан⁵⁴³, Өзіңе сыйынамын!” /Иә арду, Рабби уә Раббуки-Ллаһу, аъзузу би-Ллаһи мин шаррикә, уә шарри-ма фики, уә шарри мә хуликә фики уа шарри ма йадиббу ьалейки! Уә аъзузу бика мин шарри асадин уа асуада, уа мин аль-хаййати уаль-акраби, уә мин сакиниль-бөләди уа мин уалидин уа ма уаладә!/
Абу Дауд.⁵⁴⁴

⁵⁴² Жындар жайлы айтылып тұр.

⁵⁴³ Яғни, Ібліс пен шайтандардан.

⁵⁴⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

175 ТАРАУ

Жолаушы өзіне керектің бәрін орындаған соң тезірек үйіне оралуы жайлы.

984. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азаптың бөліктерінің бірі, сапар болып табылады, өйткені ол сендерге тамақтың, судың, ұйқының (толық рахатынан) айырады, сондықтан сендерден кім көздеген мақсатын орындап болса, өзінің жанұясына жетуге асықсын. **Аль-Бухари, Муслим.**

176 ТАРАУ

Үйге күндіз оралу керектігі және түнде оралудың жақсы еместігі жайлы.

985. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім көп уақыт үйінде болмаса, онда қандай себеп болмасын үйіне түнделетіп оралмасын!

Бұл хадистің басқа нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға үйлеріне түнделетіп оралуға тыйым салатындығы хабарланады.

Аль-Бухари, Муслим.

986. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйіне түнделетіп оралмайтын, әдетте таңертең не кешке оралатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

177 ТАРАУ

Оралғанда және өзінің қаласын көргенде не деу керектігі жайында.

Бұл тарауға Ибн Омардың “Жолаушыға тауға көтерілгенде «Аллаһу акбар!“, деп, ал төмен тұскенде «Сабхуна-Ллаһи!», деген сөздерді айтуы жайлы...» тарауда айтылған хадисті келтіруге болады⁵⁴⁵.

987. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге оралып, Медина көрінетін жерге жеткен кезімізде, ол: ”Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып келе жатырмыз” /Аййибуна, таһибуна, ʿабидуна, ли-Раббина хамидуна!/, - деді де, осы айтуын Мединаға жаткенше қайталап отырды. **Муслим.**

178 ТАРАУ

Оралған адамға жақын жердегі мешітке кіріп намаз оқудың жақсы екендігі жайлы.

⁵⁴⁵ № 977 хадис.

988. Хабар бойынша, Қаъб бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кай бір сапардан оралмасын алдымен мешітке кіріп екі ракат намаз оқитын.

Аль-Бухари, Муслим.

179 ТАРАУ

Әйел баласына жалғыз сапарға шығуға рұқсаттың жоқтығы жайында.

989. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұзақтығы күн мен түнге созылатын сапарға әйел баласына туысқанысыз аттануға рұқсат жоқ⁵⁴⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

990. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁵⁴⁶ Яғни «махрам» – шариғат бойынша некелесе алмайтын туысқан.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Ер кісіге ешбір жағдайда бөтен әйелмен, егер жанында жақын туысқаны болмаса жеке қалуға болмайды, сондай-ақ әйел баласына жақын туысқанысыз сапарға шығуға болмайды!”, - бұны естіген біреу, оған: “Иә Аллаһтың елшісі, менің әйелім Хаж жасауға дайындалып жатыр, ал мен болсам пәлен жорыққа қатысу үшін әскерге жазылдым”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Барда әйеліңмен бірге Хаж жаса”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

ҚАСИЕТТЕР КІТАБИ

180 ТАРАУ

Құран оқудың қасиеті жайлы.

991. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: “Құран оқыңдар, өйткені, расында,

Ахирет күні ол өзін оқығанға шапағатшы ретінде келеді⁵⁴⁷. **Муслим.**

992. Хабар бойынша, ан-Наууас бин Самъан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім:

Ахирет күні Құранды және осы дүниеде оның бекіміне сай амал еткендерді алып келдіреді, ал сонда олардың алдында, өздерін ұстанғандардың пайдасына дәлелдерін айтып⁵⁴⁸ “Бақара” және “Аль-Имран” сүрелері болады⁵⁴⁹. **Муслим.**

993. Хабар бойынша, Усман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁵⁴⁷ Тәпсірлерде бұл туралы, Құранға жақсы және жаман амалдарға берілген бейне секілді бейне беріліп, одан кейін олар Таразыға салынып өлшенеді, делінеді.

⁵⁴⁸ Сөзбе сөз, «Олар үшін тартысып»

⁵⁴⁹ Яғни, оларды оқып және онда айтылғандармен амал жасайтындарға шапағат етеді.

Құран үренушілер мен оны үйретушілер, сендердің араларыңдағы жақсыларың болып табылады. **Аль-Бухари.**

994. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Құран оқудың шебері болып, (оны әдемілеп) оқыса, ол абыройлы және бойұсынушы жазғыштармен бірге болады⁵⁵⁰, ал кім Құранды ежелеп оқып, сонысымен қиналатын болса, онда оған екі сауап бар⁵⁵¹.

Муслим.

995. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құран оқушы мұмин, тамаша иісті және дәмді, тәтті лимон секілді, ал құран оқымайтын

⁵⁵⁰ Яғни, Аллаһ, Құран оқудың шеберлері, толығымен бой ұсынушы және адамдардың амалдарын жазатын періштелердің дәрежесіне дейін көтеріледі, өйткені олар істерімен адамдарға көп пайдасын тигізіп, періштелер секілді адамдарға Аллаһтың Кітабін жеткізеді.

⁵⁵¹ Бірі Құран оқыған үшін болса, ал екіншісі қиналғаны үшін.

мүмин, иісі жоқ, бірақ дәмді, құрма секілді. Құран оқитын екіжүзді хош иісті, бірақ дәмі ащы райхан секілді, ал Құран оқымайтын екіжүзді, иісі де жоқ дәмі де ащы колоквинт⁵⁵² секілді.

Аль-Бухари, Муслим.

996. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, осы Кітап арқылы Аллаһ адамдардың бірін жоғарылатса, ал енді бірін - төмендетеді⁵⁵³. **Муслим.**

997. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі түрлі қасиеті бар адамнан басқа ешкімге қызығуға болмайды, (олар): Аллаһ оған Құран білімін нәсіп етіп, оны күндіз-түні оқыған адам және Аллаһ оған байлық нәсіп етіп, ал ол оны

⁵⁵² Колоквинт - өсімдіктің бір түрі.

⁵⁵³ Яғни, Құранды ұстанып онда айтылғандарды орындағандарды жоғарылатады да, ал онда айтылғанға бағынбағандарды, не оған Иман келтірмегендерді төмендетеді.

күндіз-түні (игілікке) жұмсаған адам. **Аль-Бухари, Муслим.**

998. Хабар бойынша, аль-Бара бин Азиб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам "Қеһф" сүресін оқып жатты, ал жанында екі жіппен байланған жылқысы тұрды, кенеттен оған қарай жылжыған бір бұлт пайда болып, ал оны көрген жылқы болса үрке бастады. Таң ертең ол адам болған жайды Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп айтып берді, ал Пайғамбар оған: “Бұл Құран оқығаныңның себебінен жоғарыдан саған түскен тыныштық (сакина) еді”, - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

999. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Құраннан бір әріп оқыса оған бір жақсы амал жазылады, ал әр бір жақсы амал үшін он сауаб жазылады, мен: “Алиф, Ләм, Мим”, - бір әріп деп айтпаймын, жоқ, “Алиф” – (бір) әріп, “Ләм” – (бір) әріп және “Мим” – (бір) әріп,

(деймін). **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1000. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ішінде Құраннан еш нәрсе болмаған кісі, қираған үй секілді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**⁵⁵⁴

1001. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құран білушіге былай деп, айтылады: “Оқы да, көтеріл⁵⁵⁵ және жердегі өміріңде қалай оқысаң солай әр сөзді анақ айтып оқы

⁵⁵⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁵⁵⁵ Бұл жерде Жәннәттің дәрежелеріне көтеріл, деген мағынаны білдіреді. Ал Жәннәт дәрежелерінің саны Құран аяттарының санына сәйкес алты мыңнан астам болады, ал Жәннәт дәрежелерінің ара қашықтығы жер мен көктей.

/раттиль/⁵⁵⁶, расында сенің орның, соңғы оқылған аятыңа сәйкес болады. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

181 ТАРАУ

Құранды әрдайым оқу керектігі және оны ұмытудан сақтану керектігі жайлы.

1002. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құранды әрдайым оқып отырыңдар, Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, өйткені ол аяқтарын ораған жібінен құтылған түйелерден де тез сыдырылады⁵⁵⁷. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁵⁵⁶ Раттиль – Құранды барлық ережесіне сәйкес оқы, деген мағынаны білдіреді.

⁵⁵⁷ Яғни, ұмытылады.

1003. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Құранды жатқа білген адам, аяқтарын жіппен байлаған түйенің иесі секілді: егер ол түйелерін сол күйде ұстайтын болса, онда ол оларды ұстап қалады, ал егер жіберсе олар қашып кетеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

182 ТАРАУ

Құранды әдемі дауыспен оқудың жақсы екендігі және жақсы оқитын адамдардан Құранды оқуларын сұрау жайлы.

1004. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ тамаша дауыстыны, ол Құранды ырғағымен оқығанда тыңдағандай, ешкімді тыңдамайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1005. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Абу Муса, саған Абу Даудтың тұқымына берілген сыбызғыларының ішінен бір сыбызғы⁵⁵⁸ берілді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Мусаға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Сен кеше (Құран) оқығаныңда, мені көрсең еді!⁵⁵⁹

1006. Хабар бойынша, аль-Бара бин Азиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кешкі намазда: “Інжірге және зейтінге, Тұр Сина тауына, Осы

⁵⁵⁸ Осылай Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның даусын айтады.

⁵⁵⁹ Яғни, егер сол уақытта мені көрсең қуанар едің, деп жатыр.

бейбіт қалаға серт...⁵⁶⁰, - дегенді оқыды, сонда мен оның даусынан көркем дауысты естіп көрген емеспін. **Аль-Бухари, Муслим.**

1007. Хабар бойынша, Абу Любаб Башир бин Абд аль-Мунзир оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құранды ырғағымен оқымаған бізге жатпайды. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1008. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Маған Құран оқышы”, - деді. Мен: “Иә Аллаһтың елшісі, Құран саған түсірілген болса, мен оны өзіңе қалайша оқимын”, - дедім. Ол: “Расында, мен оны басқа біреуден естігім келеді”, - деді. Сонда мен оған “Ниса” сүресін оқи бастадым да: «Әр үмметке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп

⁵⁶⁰ «Гин» сүресі.

келтірсек қандай болар еді?»⁵⁶¹, - деген аятқа жеткен кезімде, - ол: «Енді болды», - деді, ал мен оған қарасам, оның көзі жасаурап жылап жатқанын көрдім. **Аль-Бухари.**

183 ТАРАУ

Бөлек сүрелер мен аяттарды оқуға талпындыру жайлы.

1009. Хабар бойынша, Абу Саъид Рафиъ бин аль-Муъаллә, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Саған мешіттен шыққаныңша Құранның ұлы сүресін үйретейін бе?”, - деп сұрады. Сосын менің қолымнан ұстады, ал артынан мешіттен шыға бергенде, мен: “Иә Аллаһтың елшісі, сен: “Саған мешіттен шыққаныңша Құранның ұлы сүресін үйретейін бе?”, - деп сұрадың”, - дедім. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Әльхәмдули-Ллаһи Робиль ʿаламин...”: бұл - маған сыйланған қайталанатын жетеу және ұлы

⁵⁶¹ «Ниса» сүресі, 41 аят.

Құран (“Фатиха” сүресі), - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1010. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қульһу-Аллаһу Ахад...”⁵⁶² сөздері жайлы былай деді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, расында, бұл Құранның үштен біріне тең!

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларынан: “Сендерден қайсы бірің түн ішінде Құранның үштен бірін оқып шыға алады?”, - деп сұрады. Бұл оларға қиын көрінді де, олар: “Бізден кімнің бұған шамасы келеді, иә Аллаһтың елшісі?”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қульһу-Аллаһу Ахад, Аллаһу-с-Сомад...”⁵⁶³, - осы құранның үштен бірі”, - деді. **Аль-Бухари.**

⁵⁶² Яғни, «Ықлас» сүресі, толығымен.

⁵⁶³ «Ықлас» сүресі.

1011. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам басқа бір адамның: “Қульһу-Аллаһу Ахад...”, - ты жиі қайталай беретінін естіп, таң атысымен, ол адамның оқыған сүресін кішігірім санап, болған жайды Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтып келеді. Оның айтқанын тыңдап болып, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Жаным қолында Болғанның Атымен ант етемін, ол Құранның үштен біріне тең!”, - деді. **Аль-Бухари.**

1012. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, “Қульһу-Аллаһу Ахад...”, сөздері жайлы былай деді: “Расында, олар Құранның үштен біріне тең!” **Муслим.**

1013. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, мен “Қульһу-Аллаһу Ахад...”, сүресін жақсы көремін”, - деді. Бұны естіген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, оған деген махаббат, сені Жәннәтқа кіргізеді!”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді. Сондай-ақ бұны Аль-Бухари келтіреді.**

1014. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған былай деп айтқанын жеткізді:

Сен, бүгінгі түнде түскен аяттардай аяттардың болмағанын, көрмей тұрсың ба? Бұлар – “Қул аъзу би-Робиль фалақ...” және “Қул аъзу би-Робин-нас...”⁵⁶⁴. **Муслим.**

1015. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі қорғаушы сүре⁵⁶⁵ түскенше,

⁵⁶⁴ «Фалақ» және «Нас» сүрелері.

⁵⁶⁵ «Фалақ» және «Нас» сүрелері.

Аллаһқа жындар мен жаман көздің кесірінен дұға жасап сыйынатын, ал осы екі сүре түсісімен басқа сздердің бәрін қойып, соларды ғана оқитын болды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1016. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құранда отыз аяттан тұратын, адам үшін оның күнәләрі кешірілгенше шапағатшы болатын⁵⁶⁶, сүре бар, ол сүре – «Сондай бүкіл әкімшілік қолында болған Аллаһ, аса ұлы...» /Тәбәрәкәлләзи.../⁵⁶⁷ **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1017. Хабар бойынша, Абу Масъуд аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁵⁶⁶ Яғни, бұл сүрені оқыған адам үшін.

⁵⁶⁷ «Мүлк» сүресі.

«Бақара» сүресінің соңғы екі аятын оқушыға, ол жеткілікті болады⁵⁶⁸. **Аль-Бухари, Муслим.**

1018. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үйлеріңді қабірге айналдырмаңдар⁵⁶⁹, расында шайтан “Бақара” сүресі оқылған үйден қашады. **Муслим.**

1019. Хабар бойынша, Убайй бин Қаъаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менен: “Иә Абуль-Мунзир, Аллаһтың Кітаббіндеғы қайсы аят ұлық болып саналады, сен білесің бе?”, - деп сұрады. Мен: “Бұл: “Аллаһу лә илаһа иләһу аль-Хаййуль, Қаййум...”⁵⁷⁰, - деп айтылған аят”, - деп жауап бердім, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолымен мені

⁵⁶⁸ Яғни, сол түнде барлық жамандықтан қорғануға, не болмаса түнгі намаздар үшін.

⁵⁶⁹ Яғни, үйлеріңді намаз оқылмайтын, қабірге айналдырмаңдар.

⁵⁷⁰ Аятуль-Курси – «Бақара» сүресінің 255 аяты.

кеудемнен қақты да: “Іліміңде бақытты бол /Лә-йахникә-ль-ъильму/, иә Абуль-Мунзир!”, - деді.

Муслим.

1020. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған Рамаданда жиылған зекетті тапсырды, ал арада шамалы уақыт өтісімен маған бір адам келді де, өзіне уыстап тамақ жинай бастады. Мен оны ұстап алып: “Расында, мен сені Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алып барамын!”, - дедім. Ол: “Расында, менің балаларым көп, сондай-ақ мен өте мұқтажбын!”, - деді. Сонда мен оны жібердім, ал таң ертең Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Абу Хурайра, сенің кешегі тұтқының не істеді?”, - деді. Мен: “Иә Аллаһтың елшісі, ол маған мұқтаждығына шағынып, балаларының көп екендігін айтты, сондықтан мен оны аяп босатып жібердім”, - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, ол саған өтірік айтты және саған бүгін тағы келеді”, - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, ол бүгін тағы келеді”, - деп айтқан соң

мен оның келетінін алдын ала білдім, сондықтан оны күттім. Біраз уақыт өтісімен, шынымен-ақ ол келді де, өзіне уыстап тамақ жинай бастады. Мен оны ұстап алып: “Расында, мен сені Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алып барамын!”, - дедім. Ол: “Расында, менің балаларым көп, сондай-ақ мен өте мұқтажбын!”, - деді. Сонда мен оны жібердім, ал таң ертең Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Абу Хурайра, сенің кешегі тұтқының не істеді?”, - деді. Мен: “Иә Аллаһтың елшісі, ол маған мұқтаждығына шағынып, балаларының көп екендігін айтты, сондықтан мен оны аяп босатып жібердім”, - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, ол саған өтірік айтты және саған бүгін тағы келеді”, - деді. Сонымен мен оның үшінші келуін күтіп, ол расында, келіп уыстап тамақты жинай бастаған кезде оны ұстап алдымда: “Расында, енді сені шынымен ақ Аллаһтың елшісіне, алып барамын, өйткені сен осымен үшінші рет келмеймін, дейсің де, келуіңді қоймайсың!”, - дедім. Сонда ол адам: “Егер мені жіберсең, мен саған Аллаһ сен үшін пайдалы қылатын сөздер үйірітімін!”, - деді. Мен: “Ол қандай сөздер?”, - деп сұрадым. Ол: “Жатар кезінде аятуль-Курсиді: “Аллаһу лә иләһә иләһу аль-Хайиуль, Қйиум...”, - деп басынан аяғына

дейін оқып шық, сонда сенің жаныңда Аллаһтан қорғаушы болып, таң атқанша саған шайтан жолай алмайды!”, - деді. Таң ертең Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Абу Хурайра, сенің кешегі тұтқының не істеді?”, - деді. Мен: “Иә Аллаһтың елшісі, ол маған пайдалы сөздер үйретемін, деді де, мен оны босатып жібердім”, - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол қандай сөздер?”, - деді. Мен: “Ол маған: “Жатар алдында аятуль-Курсиді: “Аллаһу лә иләһә иләһуаль-Хайиуль, Қайиум...”, - деп, басынан аяғын дейін оқып шық”, - деді, сосын маған: “Сенімен бірге Аллаһтан қорғаушы болады, ал шайтан саған жолай алмайды”, - деді”, - дедім. Менің айтқандарымды тыңдап болған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол өзі – нағыз суайттың өзі болса да, саған шындықты айтты! Сенмен үш күн бойына кім әңгімелескенін білесің бе, иә Абу Хурайра!”, - деді. Мен: “Жоқ”, - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол болған шайтан”, - деді. **Аль-Бухари.**

1021. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

“Қеһф” сүресінің бірінші он аятын жаттап алған Даджалдан қорғалынады.

Бұл хадистің басқа нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

“Қеһф” сүресінің соңғы он аятын... Осы екі нұсқаны да Муслим келтіреді.

1022. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Жебірейіл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отырғанда, ол жоғарыдан шыққан бір дауысты естіп, басын көтерді де: “Бұл дауыс, бүгін ашылған төменгі көктегі ашылған қақпадан шықты, ал бүгінгі күнге дейін ешқашан ашылмаған болатын, сондай-ақ ол қақпадан бүгінгі күнге дейін жерге түспеген періште түсті. Ол сәлем сөздерін айтты да: “Саған дейін ешбір пайғамбарға сыйланбаған екі нұр сыйланды, оларға қуана бер! Бұл “Фатиха” сүресі мен “Бқара” сүресінің аяқтаушы бөлігі, сондай-ақ олрадың қайсысын оқысаңда, саған ондағы сыйланады!”, - деді.

Муслим.

184 ТАРАУ

Құранды бірге оқуға жиналудың жақсылығы жайлы.

1023. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қай уақытта болмасын, адамдар Аллаһтың үйлерінің бірінде жиналып, онда Аллаһтың Кітабін оқыса, оларға әлбетте тыныштық түседі (орнайды), сондай-ақ оларды мейірім орайды, сондай-ақ оларды періштелер қоршайды және Аллаһ оларды, Өзінің алдарындағылардың ішінде еске алады⁵⁷¹. **Муслим.**

185 ТАРАУ

⁵⁷¹ Яғни, Аллаһ Тағала көктегі періштелерге олардың ісімен мақтанып, ондай адамдарға мадақ айтып, олардың амалдарын қабыл етеді.

Дәрет алудың қасиеттері жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

“Иә мүминдер! Қашан намазға тұрсаңдар, жүздеріңді және шынтақтарыңа дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа масих тартыңдар. Және екі тобықтарыңа дейін аяқтарыңды жуыңдар. Егер де жүніп болсаңдар (бой дәретсіз болсаңдар), толық тазаланыңдар (шомылыңдар). Егер науқас не сапарда болсаңдар немесе сендерден біреу түзге отырып келсе не әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар таза жерге таяммум соғыңдар; онымен бет-қолдарыңды сипаңдар. Өйткені Аллаһ сендерге ауыршылық қаламайды. Бірақ сендерді тазартуды сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды.” **“Мәида” сүресі 6 аят.**

1024. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Ахиретте менің ұмметімнің мүшелеріне, олардың дәрет алған іздерінің

себебінен “гурран мухаджалинна”⁵⁷², деп атайтын болады, сондықтан кім жұлдызын үлкейткісі келсе, оны істесін. **Аль-Бухари, Муслим.**

1025. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен сүйікті досымның⁵⁷³, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім:

Жәннәтта мүминнің әшекейлері оның дәрет алған жерлерін жабады. **Муслим.**

1026. Хабар бойынша, Усман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім дәретті дұрыстап алса, онда оның денесінен күнәләрі кетеді, керек десеңіз тырнақтың астынын болса да кетеді. **Муслим.**

⁵⁷² Яғни, дәрет алған маңдайларында жұлдыз жарқырап, ал қолдары мен аяқұтары жылтырайды.

⁵⁷³ «Халиль» – осылай Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, атаған.

1027. Хабар бойынша, Усман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тура осылай мен дәрет алғандай дәрет алғанын көрдім, сонда ол (дәрет алып болған соң): “Кімде-кім осылай дәрет алатын болса, оның өткен күнәләрі кешіріледі⁵⁷⁴, ал оның намазы мен мешітке барғанына қосымша сауап табады.

Муслим.

1028. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың Ислам дінін ұстанатын құлы дәрет алып бетін жуғанда, оның бетінен сумен бірге /...не судың соңғы тамшысымен/ бүкіл көзімен көрген (жасаған) күнәләрі кетеді, қолын жуғанда сумен бірге /...не судың соңғы тамшысымен/ бүкіл қолымен істеген күнәләрі кетеді, аяғын жуғанда сумен бірге /...не судың соңғы тамшысымен/ бүкіл аяғымен барған күнәләрі

⁵⁷⁴ Яғни, кішігірім күнәләрі кешіріледі.

кетеді, осылай ол бүкіл күнәлерінен босап шыққанша жалғасады. **Муслим.**

1029. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде молаға келген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сәлем сендерге, иә имандылар тұрағындағылар, ал біз Аллаһ қаласа, сендерге қосыламыз /Ас-саләму ьалейкум, дара каумин муьминина, уә инна ин шаъа-Ллаһу бикум ләхикуна/, сондай-ақ, мен бауырларымызды көрсек, деп қалар едім!”, - деді. Адамдар: “Біз сенің бауырларың саналмаймыз ба, иә Аллаһтың елшісі?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сендер – менің сахабаларымсыңдар, ал менің бауырларым болып, әлі туылмағандар саналады”, - деді. Олар: “Сенің бұл дүниеге келмеген уметтеріңді біз қалай танимыз, иә Аллаһтың елшісі?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Маған айтыңдаршы ешқандай дағы жоқ қара түсті жылқылардың ішінде, маңдайларында жарқыраған жұлдызы бар және аяқтарында ақ сақиналары бар жылқыларын танып айырып алуға бола ма?”, - деп сұрады. Олар: “Әрине таниды, иә Аллаһтың елшісі!”, -

деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, дәрет алғанның арқасында, олар маңдайларында жарқыраған жұлдыздарымен, ал аяқтары мен қолдарында ақ сақиналарымен келеді, ал мен болсам оларды көлдің жанында күтіп тұрамын”,
- деді. **Муслим.**

1030. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларынан: “Сендерге не арқылы Аллаһ күнәләрді кешіріп, дәрежелерді көтеретінін айтайын ба?”, - деп сұрады. Олар. “Әрина, иә Аллаһтың елшісі!”, - деді. Ол: “Бұл – қиындықтарына қарамай толығымен алынған дәрет⁵⁷⁵, мешітке қарай жүрілген көп қадамдар, сондай-ақ намаздан кейін келесі намазды күту, және бұл сендер үшін рибат⁵⁷⁶”, - деді. **Муслим.**

1031. Хабар бойынша, Абу Малик аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

⁵⁷⁵ Мысалыға, күннің не судың салқындығы.

⁵⁷⁶ Рибат – шекарада орнығу. Яғни, нәпсімен күрес.

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тазалық – діннің жартысы. **Муслим.**

Хадис толығымен, “Шыдамдылық жайлы” тарауда келтіріледі.

Бұл тарауға және Амр бин Аббастың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткізген, “Үміт жайлы” тараудың соңында келтірілген хадис жатады. Ол хадис игіліктің бірнеше түрін қамтитын, ұлы хадис саналады. (№ 438 хадис)

1032. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендердің кез-келгенің дұрыстап дәрет алып, сосын: “Серігі болмған Аллаһтан басқа құдайдың жоқтығына куәмін және Мухаммад – оның құлы және Оның елшісі екендігіне куәмін” /Әшһаду әллә иләһә иллә-Лаһу ухдаһу лә шарикә ләһу уә әшһәду әннә Мухаммадан ʿабдуһу уә расулюһу/, - десе, оның алдынан міндетті түрде Жәннәттің сегіз қақпасы ашылып, ол оның қалағанынан кіреді. **Муслим.**

Бұл хадистің ат-Тирмизи келтірген нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сондай-ақ былай деп айтқаны келтіріледі:

Иә Аллаһ мені тәубеге келушелердің бірі және тазарушылардың бірі қыл. /Аллаһумма джаъальни мин ат-тауабина уә джаъальни мин аль-мутаттаһһарина/⁵⁷⁷.

186 ТАРАУ

Азанның қасиеттері жайлы.

1033. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адамдар азан шақырғанның және намазда бірінші сапта тұрғанның қадірін білсе еді, онда кім азан айтып, кім бірінші сапқа тұратындығын шешуге садақтың оғымен жеребе тартқаннан басқа жол таппаса, соны істер еді! Егер олар намазға бірінші келгеннің

⁵⁷⁷ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 13 және 14 дұғаларда келтірілген – аударушыдан..

сауабын білсе еді, онда олар оған келуге жарысар еді! Егер олар жамағатпен оқылған таң намазы мен түнгі намазға қатынасудың сауабын білсе еді, онда оған қатынасу үшін мешітке еңбектеп болса да міндетті түрде келер еді! **аль-Бухари, Муслим.**

1034. Хабар бойынша, Муъауя, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте мойындардың ең ұзыны азаншыларда болады.⁵⁷⁸ **Муслим.**

1035. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Абд ар-Рахман Абу Саъсаъа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Абу Саъид аль-Худридің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, мен сенің шөл дала мен қойларды жақсы көретініңді байқаймын, сонда сен өзіңнің

⁵⁷⁸ Бұл сөздерге тәпсіршілер түрлі түсінік береді. Олардың бірі Ахиретте адамдар өздерінің терлеріне батып тұрған кезде азаншылар өздерінің ұзын мойындарымен батпай тұрады десе, енді бірі арабтар ол кездерде өздерінің көсемдерін ұзын мойынды, деп атайтын, сондықтан Ахиретте азаншылар адамдардың көсемі болады, дейді, ал бәрін білуші бір Аллах қана.

қойларыңмен /...не шөліңде / болған кезде азан шақыратын болсаң, дауыстап шақыр, өйткені, расында, азаншының даусын кім естісе де, ол мейлін жын, адам, не болмаса басқа бір жаратылыс болсын, олар бұл туралы Ахиретте куәлік береді.

Абу Саъид айтты:

Мен бұны Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естідім.

1036. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азан айтылған уақытта, шайтан азанның даусын естімес үшін дауыстап жел шығарып тұрып қашады, ал азан айтылып болған соң қайтадан келеді. Сондай-ақ ол қамат айтылған уақытта да кетіп, ол бітісімен адам мен оның жанының арасына келіп: “Ананы есіңе ал, мынаны есіңе ал”, - деп ол ойлағысы келмеген нәрселерді есіне салып, ол неше ракағат намаз оқығанын ұмыттыру үшін, қайта оралады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1037. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азан естігенде азаншы не десе соны қайталаңдар да, содан кейін маған салауат айтыңдар, өйткені мен үшін салауат айтқанға Аллаһ он игілік нәсіп етеді. Содан кейін Аллаһтан мен үшін, Жәннәттағы Аллаһтың жалғыз құлына бұйыратын “аль-Уасиләні” сұрандар, сол құл мен боламын ба, деген үмітім бар, ал кім мен үшін “аль-Уасиләні” сұрайтын болса, мен оған міндетті түрде шапағатшы боламын. **Муслим.**

1038. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азан даусын естігінде азаншының айтқанын қайталап отырыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1039. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азан сөздерін есітіп былай деп айтқанға, Ахиретте менің шапағатым уәжіп болады: “Иә Аллаһ, осы айтылған кәміл азанның және осы орындалатын намаздың Раббысы, Мухаммадты “аль-уасильге” және жоғары дәрежеге алып кел, әрі оны Өзің уәде еткен мақтулы орынға бағытта!” /Аллаһумма, Рабба һазид-даъуатит-тамма уәс-сәләтиль-қаймә, ати Мухаммадан аль-уасилә уәль-фадилә уә-абъашу мақаман махмудан әлләзи уәъадтаһу!/⁵⁷⁹ **Аль-Бухари.**

1040. Хабар бойынша, Саъд бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім азан сөздерін есіген соң: “Аллаһтан басқа құдай жоқ, Ол жалғыз, Оның серігі жоқ екендігіне және Мухаммад Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін. Аллаһты – Раббым, Мухаммадты – Пайғамбарым, Исламды – дiнiм деп ризалық бiлдiремiн”

⁵⁷⁹ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 25 дұғасында келтірілген – аударушыдан.

/Әшһәду әллә иләһа иллә-Ллаһу уахдаһу лә шарикә ләһу уә әшһаду әннә Мухаммадан ъбдуһу уә расулуһу, радыйту би-Лләһи Раббан, уә би Мухаммадин расулән уә би Исләми динән/⁵⁸⁰, - деп айтса, оның күнәләрі кешіріледі.

Муслим.

1041. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Азан мен қаматтың арасында Аллаһтан сұрап жасалынған дұға қайтарылмайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

187 ТАРАУ

Намаздың қасиеттері жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

⁵⁸⁰ Арабша әріптермен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 23 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

“...Күдіксіз намаз, арсыздықтан, жамандықтан тыяды...” “**Ғанкабут**” сүресі **45 аят.**

1042. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: “Айтыңдаршы, егер сендердің біреулеріңнің үйлеріңнің алдынан өзен ағып жатса, ал ол болса онда күніне бес реттен шомылса, осыдан кейін оның үстінде кір қалар ма еді?”, - деп сұрады. Олар: “Кірдің ізі де қалмас еді”, - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ал бұл болса күніне бес рет оқылатын намаз сияқты, ол арқылы Аллаһ кішігірім күнәләрді жуады”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1043. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бес уақыт намаз, күніне бе уақыт шомылатын, кез-келгеніңнің есігіңнің алдында ағып жатқан өзен секілді. **Муслим.**

1044. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам (бөтен) әйелді сүйіп, сосын Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, болған жайдың бәрін айтты, сонда Аллаһ мына аятты түсірді: “Күндіздің екі жағында, түннің күндізге таяу кезінде намазды толық орында. Расында, жақсылықтар, жамандықтарды жояды...”⁵⁸¹. Ол адам: “Иә Аллаһтың елшісі, бұл маған ғана қатысты ма?”, - деп сұрады. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл – менің үметтімдегілердің бәріне”, - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1045. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күнделікті оқылған бес уақыт намаз және әр аптада оқылған жұма намазы, осылардың арасында жасалған кішігірім күнәлердің кешірілуіне себеп болады, әрин егер олардың арасында ауыр күнәлер болмаса. **Муслим.**

⁵⁸¹ «Һуд» сүресі, 114 аят,

1046. Хабар бойынша, Осман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Парыз намаздың уақыты кірісімен дұрыстап дәрет алып, ал намаз кезінде дұрыс бой ұсынып және барлық бүгілуді (рукух) дұрыстап орындаса, бұл намаз кез келген мұсылман үшін оған дейін жасалған күнәләрдің кешірілуіне себеп болады, (әрине) егер олардың ішінде ауыр күнәлірдің бірі болмаса болды, және бұл әруақытта солай болады. **Муслим.**

188 ТАРАУ

**Таң және екінді намаздарының
қасиеттері жайлы.**

1047. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәтқа салқын уақытта екі намаз оқыған кірді⁵⁸². **Аль-Бухари, Муслим.**

1048. Хабар бойынша, Абу Зухайр Омар бин Рууайба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

“Күн шыққанша және күн батқанша намаз оқыған ешқашан Отқа кірмейді”, - деп, таң және екінді намаздарын нұсқады. **Муслим.**

1049. Хабар бойынша, Жундуба бин Суфйан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁵⁸² Бұл жарде таң және екінді намаздары жайлы айтылып жатыр. Ислам дінінің бастапқы кезінде мұсылмандарға екі намаз ғана парыз болатын. Бұл жерде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сол кезде, яғни намаздың бес уақыты парыздалмаған кезінде өлген мұсылмандардың істеген істерінің бекерге қалмай Жәннәтқа кіргенін айтып жатыр. Не болмаса бұл сөздерді, осы екі уақытта оқылған намаздардың ерекше маңыздылығын меңзеп тұр, деп түсінуге де болады. Олай болса бұл хадистің аудармасы былай болу керек: «Салқын уақытта намаз оқыған Жәннәтқа кіреді»

Таң намазын орындаушы⁵⁸³ Аллаһтың қорғанында болады, Аллаһ Өзінің қорғаны үшін ешнәрсе талап етпесін, абайла , иә Адам баласы!⁵⁸⁴ **Муслим.**

1050. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендердің араларында күндіз болатын періштелер, сендердің араларында түнде болатын періштелерді бір-бірімен таң және екінді намаздары кезінде кездесіп, ауыстырады. Осыдан кейін сендермен түнді өткізген періштелер көкке көтеріледі, сонда Өзінің құлдарының жағдайын жақсы білетін Аллаһ періштелерден: “Сендер менің құлдарымды қандай күйде қалдырдыңдар?”, - деп сұрайды да, олар: “Біз оларды намаз оқып

⁵⁸³ Бұл жерде осы хадистің Муслим келтірген нұсқасында, жамағатпен оқылған таң намазы делінеді.

⁵⁸⁴ №232 хадисте былай делінеді: «...және Аллаһ Өзінің қорғаны үшін сендерден еш нәрсе талап етпейді. Егер Ол Өзінің қорғаны үшін бір нәрсе талап ететін болса, Ол жібереді де, одан кейін оны тозақтың отына етбетімен тастайды» Бұл жердегі айтылған сөздердің мағынасы мынадай, егер Аллаһ Өзінің адамға парыз еткен амалдары үшін қатандықпен қарайтын болса, онда адам жазаланар еді, өйткені бәрін толығымен дұрыс істейтін адам табылмас еді.

жатқан кездерінде қалдырдық, ал біз оларға оралған кезде де олар намаздарын оқып жатты.

Аль-Бухари, Муслим.

1051. Хабар бойынша, Жәрир бин Абдуллаһ аль-Баджали, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз түнде Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге болған кезімізде, ол толық айға қарады да: “Расында, сендер Раббыларыңды мына айды көргендей көресіңдер, және Оған назар салуды ренжітілмейсіңдер! Егер сендер күн шығар алдындағы және күн батар алдындағы намаздарды орындауға еш нәрсенің кедергі болмауына қол жеткізе алсаңдар, онда оны істеңдер. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында Жәрирдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...ол айға (сол айдың) он төртінші түнінде қарады...

1052. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екінді намазын оқымағанның істері пайдасыз болып қалады. **Аль-Бухари.**

189 ТАРАУ

Мешітке жайау барудің қаситтері жайлы.

1053. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мешітке барушыға не болмаса ол жерден оралушыға Аллаһ Жәннәтта оған тамақ дайындайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1054. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім үйінде тазаланып⁵⁸⁵, сосын Аллаһтың үйлерінің бірінен Аллаһтың парыздаған амалдарының бірін орындау үшін

⁵⁸⁵ Дәрет алып.

баратын болса, оның жасаған қадамдарының бірі үшін оның күнәләренің жазасы түседі, ал басқасы үшін жоғарылайды. **Муслим.**

1055. Хабар бойынша, Убайй бин Қаъб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ансарлардың арасынан бір адам болатын, мен мешіттен, ол адамнан алыс тұратын адамды білмейтінмін. Бірақ ол соған қарамай ол мешітте жамағатпен оқылатын бірде-бір намазды жібермейтін. Бірде мен оған: «Сен өзіңе түнде жүруің үшін және ыстық жермен жүрмеуің үшін бір есек алсаң еді!», - дедім. Сонда ол маған жауап ретінде: «Менің үйім мешіттің жанында болса, мен оған қуанбас едім. Расында, менің үйден мешітке және мешіттен үйге жүргенімнің жазылуын қалаймын!», - деді. Сол кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ саған (сауабыңды) толығымен жинап қойды!», - деді.

Муслим.

1056. Хабар бойынша, Жабір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Кезінде мешіт төңірегіндегі жерлер бос болатын, сонда абу салима руынан адамдар мешітке жақын жерге көшпекші болады. Бұл хабар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткен кезде ол: «Маған седердің мешіттің жанына көшпекші болып жатқандарың жайлы хабар келді», - деді. Олар: «Иә Аллаһтың елшісі, біз солай істемекшіміз», - деді. Сонда ол: «Иә бану салама, үйлеріңде қала беріндер, өйткені сендердің басқан іздерің жазылып жатыр, иә бану салама, үйлеріңде қала беріндер, өйткені сендердің басқан іздерің жазылып жатыр!», - деді, сонда олар: «Біздің көшіміз бізге қуаныш әкелмес еді!», - деді. **Бұл хадисті Муслим келтіреді, ал аль-Бухари болса мағынасы жағынан осыған ұқсас Айша арқылы хабарланған осыған ұқсас хадис елтіреді.**

1057. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, намаз оқығанның көп сауабы, мешітке ұзақ жүруге мәжбүр болғанға жазылады, ал намазды имаммен бірге оқу үшін күткеннің сауабы, намазды оқып одан кейін

ұйықтағанның сауабынан артық болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1058. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мешітке қараңғы түнде барушыларды, Ахиреттегі кәміл нұр жайлы хабарлап қуандырындар⁵⁸⁶. **Абу Дауд, ат-Тирмизи.**

1059. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларынан: “Сендерге не Арқылы Аллаһ күнәләрді кешіріп, дәрежелерді көтеретінін айтайын ба?”, - деп сұрады. Олар. “Әрина, иә Аллаһтың елшісі!”, - деді. Ол: “Бұл – қиындықтарына қарамай толығымен алынған дәрет⁵⁸⁷, мешітке қарай жүрілген көп қадамдар, сондай-ақ намаздан

⁵⁸⁶ Яғни, ол адамдарды Нұр жан-жақты қоршап тұрады.

⁵⁸⁷ Мысалыға, күннің не судың салқындығы.

кейін келесі намазды күту, және бұл сендер үшін рибат⁵⁸⁸», - деді. **Муслим.**

1060. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адамның әрдайым мешітке келіп тұратынын көретін болсаңдар, онда оның иманды екеніне куәлік беріңдер, өйткені Ұлы Аллаһ Тағала: “Аллаһтың мешіттеріне келушілер олар, тек Аллаһқа және Ахирет күніне иман келтіргендер”⁵⁸⁹, - деп айтты. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**⁵⁹⁰

190 ТАРАУ

Намазды күтудің қасиеттері жайлы.

⁵⁸⁸ Рибат – шегарада орнығу. Яғни, нәпсімен күрес.

⁵⁸⁹ «Тәубе» сүресі, 18 аят.

⁵⁹⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

1061. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кез-келгеніңді намаз ұстап тұрғанша намазда саналасыңдар⁵⁹¹, сонда өзінің жанұясына оралуына намаздан басқа оған еш нәрсе кедергі жасамайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1062. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кез-келгендеріңнің намаз оқыған орындарыңнан дәретін бұзбай отырған барлық уақыт аралығында періштелер: “Иә Аллаһ, оны кешір, иә Аллаһ оған рахым ет!”, - деп дұға айтумен болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1063. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кешкі намазды

⁵⁹¹ Яғни, егер адам мешітте намаз оқып болған соң келесі намазды күтіп отырса, сонда оның сол күткен уақытының бәрі намаз оқыған есебінде болады.

(құтпан) оқуын түннің жартысына дейін созды, оны оқып болған соң бізге бұрылып: “Басқа адамдар намаздарын оқыды да жатып қалды, ал сендер болсаңдар намаз басталғанша намаз ішінде саналдыңдар⁵⁹²”, - деді. **Аль-Бухари.**

191 ТАРАУ

Жамағатпен оқылған намаздың қасиеттері жайлы.

1064. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жамағатпен оқылған намаз, жалғыз оқылған намаздан жиырма жеті саты жоғары. **Аль-Бухари, Муслим.**

1065. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁵⁹² Яғни, қайсысы ұйықтамай намазды Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оқуды күткен аралықтың бәрі намаз оқып жатқан есебінде болды.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамның жамағатапен оқыған намазы, оның үйде не болмаса базарда оқыған намазынан жиырма бес есе артық, әрине егер ол дәретін дұрыстап алып, сосын мештке тек намаз оқу үшін ғана барса. Сонда ол (мешітке қарай) жүрген әр бір қадамы үшін бір саты жоғарылап және бір кішігірім күнәсінан түсіп отырады, ал ол намаз оқыған кезде және намаз оқыған орындарыңнан дәретін бұзбай отырған барлық уақыт аралығында періштелер: “Иә Аллаһ, оны кешір, иә Аллаһ оған рахым ет!”, - деп дұға айтумен болады, ал ол болса намазды күткенше намаз орындап жатқан есебінде болады. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Аль-Бухаридің нұсқасы беріліп отыр.**

1066. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, соқыр адам келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, мені мешітке апаратын жетектеушім жоқ!”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған үйде намаз оқуға рұқсат берді де, ол қайта орала бастаған кезде, Пайғамбар оған:

“Сен азан даусын естисің бе?”, - деп сұрады. Ол: “Иә”, - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Онда оған жауап бер!”, - деді. **Муслим.**

1067. Хабар бойынша, азаншы Ибн Умм Мақтум, деген атымен танымал Абдуллаһ (және оны бин Амр бин Қайс, деп те атаған дейді), оған Аллаһтың ризашылығы болсын,

бірде ол Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, расында, Мединада улы құрт-құмырсқалар мен жабайы аңдар көп”⁵⁹³, - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Егер сен: “Намазға асығыңдар! Құтылу жолына асығыңдар!”, - деген сөздерді естісең, онда намазға кел!”, - деді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1068. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁵⁹³ Ибн Мақтум, соқыр болған дейді, ол бұл сөздерімен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнгі уақыттарда қасқырлар мен түлкілердің қалаға кіретіндігін айтып, үйінде намаз оқуына рұқсат беруін сұрап жатыр.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолыңда Болғанның атымен ант етемін, менің, адамдарға отын жинауға әмір беріп, сосын намаз оқуға азан айттырып, сосын біреуді имам етіп тағайындап, ал өзім намазға келмеген адамдарға барып, олардың үйлерінің түгін қалдырмай жағып жібергім келген кездерім болды! **Аль-Бухари, Муслим.**

1069. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сендерден кім ертең Аллаһты мұсылман болып кездестіргісі келсе, онда намазды ол туралы хабарлаған жерде⁵⁹⁴ оқысын, Расында, Аллаһ сендердің Пайғамбарларыңа, оған Аллаһтың игілігі мен сәлмі болсын, дұрыс жолдың ғұрыпын (яғни сүннетті) көрсетіп (бекітіп) берді, расында, бұл намаздар дұрыс жолдың ғұрыпына жатады, егер сендер өз үйінде қалған адам секілді, өз үйлерінде намаз оқитын болсаңдар, онда бұларың Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Сүннетінен ауытқыған болып саналады, ал егер сендер Пайғамбардың, оған

⁵⁹⁴ Яғни, жамағатпен намаз оқылатын жер.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннетінен бас тартсаңдар, онда дұрыс жолдан адасасыңдар. Ал біз жайлы айтатын болсақ, намазды өзінің екіжүзділігімен белгілі болғандардан басақаларының бәрі жамағатпен оқылған намазды қалдырмайтын, сонда адамды намазға ол саптан өзінің орнына тұруы үшін, екі адам қолтықтап алып келетін кездер де болған. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай делінеді:

Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге дұрыс жол ғұрыптарын үйрететін, ал олардың қатарына азан айтылатын мешітте оқылатын намаз жатады.

1070. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: “Шөлде не ауылда тұратын үш адам бірігіп намаз оқымаса, онда шайтан оларды өзіне бағындырады, өйткені қасқыр тек отардан бөлінген қойды ғана жейді. **Бұл хадист Абу Дауд жақсы иснадпен келтіреді.**

192 ТАРАУ

Жамағатпен оқылатын таң және құтпан намаздарына талпындыру жайлы.

1071. Хабар бойынша, Осман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Құтпан намазын жамағатпен оқыған, түннің жартысын намаз оқып өткізген секілді, ал таң намазын жамағатпен оқыған, түнімен намаз оқыған секілді. **Муслим.**

Бұл хадистің Осман бин Аффанның айтуымен, ат-Тирмизидің келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын хабарланады:

Жамағатпен оқылған құтпан намазына қатысқанға түннің жартысын намазбен өткізген есебіндей (сауап) жазылады, ал басқа адамамдармен бірге құтпан намазын да, таң намазын да оқығанға, бүкіл түнді намазбен өткізген есебіндей (сауап) жазылады. **Ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис” деді.**

1072. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер олар таң намазы мен құтпан намазын жамағатпен оқығанның сауабын білсе еді, онда олар мешітке (ол намаздарды жамағатпен) оқу үшін еңбектеп болса да келер еді! **Аль-Бухари Муслим.**

Бұл хадмис толығымен бұның алдында келтірілген болатын. (№ 1033)

1073. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екіжүзділер үшін таң намазы мен құтпан намазынан ауыр намаз жоқ, ал егер олар осы екі намазды орындағаннан қандай сауап бар екенін білсе еді, онда олар осы намаздарды орындау үшін мешітке еңбектеп болса да келер еді! **аль-Бухари, Муслим.**

Парыз намаздарын әрдайым орындауға бұйыру және бұл намаздардан бас тартуға тыйым салу, сондай-ақ бұл намаздарды орындамағандарға үлкен қатердің бар екендігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Намаздарға сондай-ақ орта намазға сақтық істеңдер...» **«Бақара» сүресі, 238 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойыңдар...» **«Тәубе» сүресі, 5 аят.**

1074. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшсінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қандай амал жоғары бағаланады”, - деп сұрадым. Ол: “Белгіленген (өз) уақытында оқылған намаз”, - деді. Мен: «Ал бұдан кейін не?», - деп сұрадым. Ол: «Ата-анаға көрсетілген құрмет», - деді. Мен: «Ал бұдан кейін не?», - деп сұрадым. Ол: «Аллаһ жолындағы күрес», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1075. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ислам бес діңгектен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік беру, намаз оқу, зекет төлеу, Аллаһтың үйіне Қажылық жасау және Рамадан айында ораза ұстау. **Аль-Бухари, Муслим.**

1076. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған адамдармен, олар, Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік бергенше, сондай-ақ намаз оқып зекет төлегенше, күресу әмірленді, ал егер олар осылардың бәрін орындаса, онда менен, бұдан былай тек Исламның хақысымен ғана алына алатын, өмірлері мен дүниелерін қорғап қалады, сол кезде олардан есебті тек қана Аллаһ талап ете алады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1077. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мені Иеменге аттандырып жатып⁵⁹⁵, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, сен Кітап иелері халықтарының біріне келесің, оларды Аллаһтан басқа құдай жоқ және мені – Аллаһтың елшісі, деп куәлік берулеріне шақыр, сонда егер олар бұған бағынса, Аллаһтың оларға күніне бес уақыт намаз парыздағанын мәлімде, егер олар бұған да бағынса, Аллаһтың оларға байларынан алып кедейлеріне бергіздіретін, садақа төлеулерін парыздағанын мәлімде, ал егер олар осыған да бағынса, онда олардың дүниелерінің ең қымбатына тиіспе (яғни зекет ретінде алма) және жәбір көргеннің қарғысынан сақтан (қорық), расында, онымен Аллаһтың арасында оның өтінішін естуге кедргі болатын перде болмайды!», **Аль-Бухари, Муслим.**

1078. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁵⁹⁵ Муъаз бин Жабал, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Иеменге Исламды тарату үшін және қади (қазы, төреші) ретінде 631, не 632 жылдардың бірінде жіберліген болатын.

Расында, көпқұдайшылық пен имансыздықтан, адамды, намаздан бас тарту айырады. **Муслим.**

1079. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Біз бен олардың (не сендердің) арамыздағы келісім шарттың негізіне намаз оқу жатады, кім бұдан бас тартса күпірлікке кіреді. **Бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді” деп, ат-Тирмизи келтіреді.**

1080. Хабар бойынша, сенімділігі көптің арасында танымал, Шакик бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың рахымы жаусын, былай деді:

Мухаммадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары намаздан бас тартқаннан басқа ешнәрсені күпірлік санамайтын. **Ат-Тирмизи сенімді иснадпен “Иман” кітбында келтіреді.**

1081. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Ахиретте Аллаһтың құлының есебі алдымен намазы үшін алынада, егер сонда намаздары жақсы болса, онда ол табысқа иеленіп көздеген мақсатына жетеді, ал егер намаздары жарамсыз болса, онда ол өкініп қасіретке тап болады. Егер оның осы парызының кемшіліктері болса, онда Ұлы Аллаһ Тағала: “Қараңдаршы⁵⁹⁶, Менің құлымның парыздарының кемшіліктерінің орынын толтыру үшін, оның өз еркімен жасаған амалдары⁵⁹⁷ бар ма екен”, - дейді – ал осыдан кейін оның барлық амалдарымен осылай істелінеді. **Бұл хадисті “Жақсы хадис” деп, ат-Тирмизи келтіреді.**

194 ТАРАУ

Бірінші саптың қасиеті және бірінші сапты толтырып бір-бірімен (иық тіресіп) тығыз тұру керектігі жайлы.

⁵⁹⁶ Періштелерге айтылып жатыр.

⁵⁹⁷ Сүннәт және нәфіл намаздары.

1082. Хабар бойынша, Жәбір бин Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Сендер неге саптарыңда, өздерінің Раббыларының алданда тұрған періштелер сияқты тұрмайсыңдар?”, - деді. Біз: “Иә Аллаһтың елшісі, періштелер өздерінің Раббыларының алдында қалай сапқа тұрады?”, - деп сұрадық. Сонда ол: “Олар бірінші саптарды толтырады және сапта бір-бірімен тығыз тұрады”, - деді. **Мслим.**

1083. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адамдар азан шақырғанның және намазда бірінші сапта тұрғанның қадірін білсе еді, онда кім азан шақырып, кім бірінші сапқа тұратындығын шешуге садақтың оғымен жеребе тартқаннан басқа жол таппаса, соны істер еді! Егер олар намазға бірінші келгеннің сауабын білсе еді, онда олар оған келуге жарысар еді! Егер олар жамағатпен оқылған таң намазы мен түнгі намазға қатынасудың сауабын білсе еді, онда оған қатынасу үшін

мешітке еңбектеп болса да міндетті түрде келер еді! **аль-Бухари, Муслим.**

1084. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Намаз уақытында ерлер үшін саптардың ең жақсысы бірінші, ал ең жаманы – соңғысы саналады, әйелдер үшін саптардың ең жақсысы соңғысы, ал ең жаманы – біріншісі саналады⁵⁹⁸.

Муслим.

1085. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кейбір сахабаларының артқы жақта тұруды қалайтынын көрген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: “Алдыға жылжып, менен үлгі алыңдар, ал сендердің артындағылар үлгіні сендерден

⁵⁹⁸ Бұл жерде ерлер мен еркектердің бірге оқыған намаздары жайлы сөз болып жатыр, әрине бірігіп оқылған намазда әйелдер үшін саптың соңғысының жақсы болатын себебі, олардың ерлерден неғұрлым алыста болатындығы, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана.

алсын, өйткені адамдар артта тұруды⁵⁹⁹, Аллаһ оларды соңына ығыстырғанша жалғастырады!⁶⁰⁰, - деді. **Муслим.**

1086. Хабар бойынша, Абу Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Жамағатпен оқылатын намаздың алдында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте бізді иығымыздан ұстап⁶⁰¹ былай дейтін: «Түзеліңдер, араларыңда өзгешелік болмасын, олай істемесеңдер жүректерің бірлікті білмейтін болады және менің артымнан ақылы кірген үлкендерің тұрыңдар одан соң - кейінгілерің, одан соң – кейінгілерің.»⁶⁰² **Муслим.**

1087. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁵⁹⁹ Яғни, игілікке ұмтылмай енжерлық танытса.

⁶⁰⁰ Яғни, Аллаһ Өзінің мейірімінен алыстатқанша.

⁶⁰¹ Өз қолымен намазға сапты түзейтін.

⁶⁰² Яғни, менің артымнан жастары үлкен, ақылы кіргендер, ал одан кейін олардан жасырақтарың тұрыңдар, дегені.

Саптарыңды түзеңдер, өйткені, расында, сапты түзеу намаздың кәмілдігінің белгілерінің бірі болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...өйткені, расында, саптарды түзеу намаз оқудың бөлігі саналады.

1088. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, қамат түсіріліп болған соң Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге бұрылып: “Саптарыңды түзеп, бір-біріңе тығыз тұрыңдар, өйткені, расында, мен артымда не болып жатқанын көремін!”, - деді. **Осы күйінде бұл хадисті аль-Бухари келтіреді, ал Муслим бұның мағынасын келтіреді.**

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген тағы бір нұсқасында, Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сонда біздің әр қайсысымыз, иығымыз көршісінің иығына тиіп, ал табандарының (шеті) көршісінің табанының (шетіне) тиіп тұратын.

1089. Хабар бойынша, ан-Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен бірде, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: “Ант етемін, сендер саптарыңды түзеулерің керек, не болмаса Аллаһ міндетті түрде жүздеріңді өзгертеді!”⁶⁰³

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында ан-Нуъман бин Баширдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дегені келтіріледі:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның бізден не талап етіп жатқанын түсінгенімізше біздің сабымызды, садақ оғының түзулігін тексермекші болғандай тәптіштеп туралайтын. Бірде ол біздің

⁶⁰³ Басқаша айтқанда, олар алдыға емес артқа қарайтын болады, не болмаса жүздерің малдың жүзіне ұқсас болады, не болмаса Аллаһ сендерді міндетті түрде жанжалдарға алып келеді, деп түсінуге болады.

алдымызға шығып өзінің орнынан енді “Аллаһу акбар”, деп такбір айтайын деп жатқанда, бір бәдәуидің кеудесінің алдыға шығып тұрғанын көріп: “Аллаһтың құлдары, сендер міндетті түрде саптарыңды түзеулерің керек, олай істемесеңдер Аллаһ сендердің жүздеріңді өзгертеді», - деді.

1090. Хабар бойынша, Аль-Бара бин Азиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саптың бір шетінен екінші шетіне шығып, бізді иығымыздан ұстап және кеудемізге қолдарын тигізіп, сосын: “Біркелкілікті бұзбаңдар, олай істемесеңдер жүректерің бірлікті білмейтін болады”, - дейтін. Сондай-ақ ол жиі: “Расында, Аллаһ және Оның періштелері бірінші сапты игіліктейді!”, - дейтін. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1091. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Саптарыңда мұқият болыңдар, бір-біріңе иқтарыңды тигізіп тұрыңдар, араларыңда (бос орын болмасын) толтырыңдар, бауырларыңның қолдарына жол беріңдер⁶⁰⁴. Кім сапты толтырса⁶⁰⁵, Аллаһ оған сауап жазады, ал кім сапты үзсе, онымен Аллаһ үзеді⁶⁰⁶. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1092. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Саптарыңды біріктіріп бір-бірімен жақындатыңдар⁶⁰⁷ да мойындарыңды бір түзудің бойында ұстандар⁶⁰⁸, өйткені жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, мен араларыңдағы қуыстарға шайтан кішігірім қой секілді өтіп кеткенін көремін. **Бұл хадисті Муслимді қанағаттандыратын иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

⁶⁰⁴ Бұл дегені, егер біреу ол не артта қалып қойып, оны біреу қолымен итеріп түзегісі келсе, оған бағыну керек.

⁶⁰⁵ Яғни, бос орынды толтырса.

⁶⁰⁶ Яғни, Аллаһ Өзінің мейірімінен алыстатады.

⁶⁰⁷ Яғни, саптардың арасы үш білекке тең болсын.

⁶⁰⁸ Яғни, сендерден ешкім не алдыға на артқа шығып кетпесін.

1093. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірінші сапты толтырындар, одан кейін келесісін солай бүкіл жетіспеушілік соңғы сапқа жеткенше әр-бір келесі сапты толтырып отырындар. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1094. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ және періштелер саптың оң жағында тұрғандарды игіліктейді. **Бұл хадисті Муслимді қанағаттандыратын иснадпен Абу Дауд келтіреді, дегенмен арасындағы бір жеткізушінің сенімділігіне бәрі келіспейді.**⁶⁰⁹

1095. Хабар бойынша, Аль Бара, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁶⁰⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Біз Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артында намаз оқығанымызда, ол намаз біткенде бірінші бізге бұрылуы үшін, оның оң жағына отыратынбыз, сонда мен оның: “Раббым менің, Өзіңнің құлдарыңды тірілтетін /не: ...тірілтетін/ Күні, мені Өзіңнің азабыңнан құтқар!” /Рабби, қына ызабакә йаума табъасу (ау:...тажамаъу) ыбадакә!/, - деп айтқанын естігенмін. **Муслим.**

1096. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Имамды ортаға алыңдар да⁶¹⁰, араларыңды толтырыңдар. **Абу Дауд.**

195 ТАРАУ

⁶¹⁰ Яғни, имамның артынан тұрғанда, ол саптың орта тұсында болуы керек.

Парыз намаздарының алдында және одан кейін оқылатын бекітілген қосымша намаздардың (сүннет намаздары) қасиеттері және олардың сандарының ең көбі, азы және орташасы қанша болуы керектігі жайлы.

1097. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Умм Хабиба Рамлә бинт Абу Суфиан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ислам дінін ұстанатын кез-келген Аллаһтың құлы парыз намаздарына қосымша өз еркімен он екі ракат намаз оқып Аллаһ Тағалаға құлшылық жасайтын болса⁶¹¹, Аллаһ ол үшін міндетті түрде Жәннәтта үй салып береді /не: ...ол үшін Жәннәтта міндетті түрде үй салынады/. **Муслим.**

1098. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге менің бесін

⁶¹¹ Бұл жерде парыз намаздарына дейін және одан кейін оқылатын сүннет намаздары жайлы айтылып жатыр.

намазының парызына дейін екі ракат және одан кейін екі ракат, сондай-ақ жұма намазынан кейін екі ракат, сондай-ақ ақашам намазынан кейін екі ракат және құтпан намазынан кейін екі ракат намаз оқыған кездерім болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1099.Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Муғаффаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Әр-бір екі шақырудың арасында⁶¹² – намаз, әр-бір екі шақырудың арасында – намаз, әр-бір екі шақырудың арасында – намаз”, - деді де, үшінші айтқанына: “егер қаласаңдар”, - деп қосты. **Аль-Бухари, Муслим.**

196 ТАРАУ

⁶¹² Яғни, азан мен қаматтың арасында.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте таң ертең екі ракат қосымша намаз оқитындығы жайлы.

1100. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бесін намазының парызының алдында әрдайым төрт ракат намаз оқитын және әрдайым таң намазының парызының алдында екі ракат намаз оқитын. **Аль-Бухари.**

1101. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң намазының екі ракат қосымша намазындай, еш-бір басқа намазды соншалық бұлжытпай орындамайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1102. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Таң намазының екі ракаты осы дүние мен осы дүнеде бардың бәрінен артық. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын, былай дегені
келтіріледі:

Расында, мен оны бүкіл осы дүниеден артық
жақсы көремін!

1103. Хабар бойынша, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, азаншысы Абу Абдуллаһ Биләль бин Рабаха, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң намазының уақытының кіргенін (азан айтып) хабарлайын, деп келген кезінде, оны Айша өзінің сұрақтарымен күн арайланып жарық болып кеткенше бөгеп қалды. Сонда Биляль орнынан тұрып намазға (азан айтып) шақыра бастады, ал Аллаһтың елшісі болса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, азан сөздерін қайталап отырды, бірақ шықпады. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шығып адамдармен намаз оқығаннан кейін, Биляль өзін Айша сұрақтарымен жарық болып кеткенше бөгеп қалғанын айтып, сөзінің арасында оның намазға тез шыға қоймағаны жайлы сұрап өтті. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, мен таң намазының екі ракатын орындап

жаттым”, - деп жауап берді. Биләль: “Иә Аллаһтың елшісі, сен тым жарық болып кеткенше шықпадың ғой?”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Егер маған одан да көп бөгелу керек болса, мен ол намазды жақсылап оқу үшін бөгелер едім!”, - деп жауап берді. **Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснадпаен келтіреді.**

197 ТАРАУ

Таң намазының парызының алдындағы оқылатын екі ракат намазды жеңілдету⁶¹³, сондай-ақ сол екі ракатта не оқылатындығы және қай уақытта оқылатындығы жайлы.

1104. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Азан мен қаматтың арасында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі ракат жеңіл намаз оқитын. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁶¹³ Яғни, намаз уақытында Құран оқуды қысқарту (қысқа сүрелерді оқу).

Бұл хаистің аль-Бухари мен Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Әдетте ол таң намазының парызының алдында екі ракат намазды қысқартып оқитыны соншлық мен өз-өзіме: “Ол “Фтиханы” оқыды ма екен?”, - дейтінмін.

Бұл хаистің тек Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Азан естісімен жеңілдетіп екі ракаттан тұратын намаз оқитын.

Бұл хаистің тағы бір нұсқасында, Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

...таң арайланған уақытта.

1105. Хабар бойынша, Хафса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Азаншы таң намазына азан шақырып болып, ал далада жарық бола бастаған кезде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын, жеңіл екі ракаттан тұратын намаз оқитын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хаистің тек Муслим келтірген нұсқасында, Хафсаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Таң арайланып келе жатқан кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлмі болсын, екі жеңіл ракаттан тұратын намаздан басқа ешқандай қосымша намаз оқымайтын.

1106. Хабар бойынша, Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде намаз оқыған кезінде белгіленген мөлшердегі екі ракат намаздар болатын, ал ол намазын бір ракат намазбен аяқтайтын⁶¹⁴, ал таң ертеңгі өз еркімен оқитын (сүннәт) екі ракат намазды, азан (қамат) сөздерін естіп (асыққан адам) секілді тез оқитын. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁶¹⁴ Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өз еркімен оқитын түнгі намаздарында әр-бір екі ракаттан соң екі иығына сәлем беретін, ал осы намаздардың соңында бір ракаттан тұратын намаз оқып (түнгі намазын) аяқтайтын. Әдетте бұндай намаз он бір ракаттан тұратын.

1107. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, таң намазының қосымша оқылатын екі ракат намазының бірінші ракатында “Бақара” сүресіндегі: “Және оларға: “Біз Аллаһқа бізге түсірілген Құранға әрі Ибраһим, Исмаил, Исхақ, Яқұптарға ұрпақтарына тағы Мұса, Исаға берілген нәрселерге, сондай-ақ Раббылыры тарапынан өзге пайғамбарларға берілген нәрселерге иман келтіріп әрі олардың араларын айырмаймыз. Және біздер Оған (Аллаһқа) ғана бой ұсынушымыз”, - деңдер⁶¹⁵”, - деген аятты оқитын, ал екінші ракатында: “...біздер Аллаһқа иман келтірдік, куә бол шынайы мұсылманбыз...⁶¹⁶”, - деген сөздері бар аятты оқитын.

Ал бұл хадситің басқа нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі ракатт “Аль-Имран” сүресінен: “”Әй Кітап иелері, Біздің арамызбен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіңдер; жалғыз Аллаһқа құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан

⁶¹⁵ «Бақара» сүресі, 136 аят.

⁶¹⁶ «Аль-Имран» сүресі , 52 аят.

өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық”, - деп айт⁶¹⁷. “,
- деген аятты оқитын. **Бұл хадистің екі
ұсқасын да Муслим келтіреді.**

1108. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң намазының қосымша екі ракат намазында: “Айт: “Әй кәпірлер!”⁶¹⁸, - дегенді, сондай-ақ: “Айт: “Ол Аллаһ, біреу...”⁶¹⁹, - дегенді оқитын. **Муслим.**

1109. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен бүтін бір ай Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бақыладым, сонда ол таң намазының парызының алдында оқылатын екі ракатта: “Айт: “Әй кәпірлер!”⁶²⁰, - дегенді, сондай-ақ: “Айт: “Ол Аллаһ, біреу...”⁶²¹, - дегенді оқыды.

⁶¹⁷ «Аль-Имран» сүресі , 64 аят.

⁶¹⁸ «Кәфирун» сүресі.

⁶¹⁹ «Ыхлас» сүресі.

⁶²⁰ «Кәфирун» сүресі.

⁶²¹ «Ыхлас» сүресі.

Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

198 ТАРАУ

Қосымша оқылған екі ракат таң намазынан кейін оң бүйірінде жата тұру керектігі, сондай-ақ адам түнде намаз оқығандығына, не оқымағандығына қарамастан осыған (оң бүйіріне жата тұруға) талпыдыру жайлы.

1110. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң ертең қосымша ек ракат намаз оқып болған соң оң бүйіріне жататын.

Аль-Бухари.

1111. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Құтпан намазы мен таң намазының арасында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрбір екі ракаттың арасында сәлем беріп және соңынын бір ракат намаз қосып, бас аяғы он бір ракат намаз оқитын. Азаншы таңның арайланып келе

жатқанын көріп, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, азан шақыратын, ол орнынан тұрып екі ракат жеңіл намаз оқып, сосын азаншы қамат түсіргенше оң бүйіріне жатып алатын. **Муслим.**

1112. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден қайсысың таң намазының қосымша екі ракат намазын оқып болса, оң бүйіріне жатсын. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд және ат-Тирмизи келтіреді. Ат-Тирмизи: “Жақсы хадис”, - деді.**

199 ТАРАУ

Бесін намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы жайлы.

1113. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Менің Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге бесін намазына дейін және одан кейін екі ракат намаз оқыған кездерім болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1114. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бесін намазының парызының алдында бұлжытпай төрт ракат намаз оқитын.

Аль-Бухари.

1115. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бесін намазының парызына дейін менің үйіме⁶²² келіп төрт ракаттын тұратын намазды жиі оқитын, сосын мешітке шығып адамдармен бірге бесін намазының парызын оқитын, ал сосын қайтадан кіріп екі ракаттан тұратын намаз оқитын. Сондай-ақ ол адамдармен бірге ақшам намазын оқитын, ал сосын маған кіріп екі ракат намаз оқитын,

⁶²² Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, үйі, ал дұрысырақ айтсақ бөлмесі, мешітпен жалғасатын.

сондай-ақ ол адамдармен бірге құтпан намазын оқитын, ал сосын менің үйіме кіріп екі ракаттан тұратын намаз оқитын. **Муслим.**

1116. Хабар бойынша, Умм Хабиба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім бесін намазына дейін және одан кейін төрт ракат намаз оқитын болса, оны Аллаһ Отқа харам етеді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дәуд және ат-Тирмизи келтіреді. Ат-Тирмизи: “Жақсы хадис”, - деді.**

1117. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Саъид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бесін намазының парызының алдында төрт ракат намаз оқитын, күн, батысқа қарай жылжысымен: “Расында, бұл көктердің қақпалары ашылатын уақыт, сондықтан мен осы уақытта менің игі амалым сол қақпаларға көтерілуін қалаймын”, - деп айтатын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1118. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын төрт ракат намазды бесін намазының парызының алдында оқымаса, онда ол оны әрқашан одан кейін оқитын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

200 ТАРАУ

Екінді (аср) намазына дейін қандай қосымша намаз оқылатындығы жайында.

1119. Хабар бойынша, Али бин Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Екінді намазына дейін, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, періштелерге және өзінің артынан ерген мұсылмандар мен иман келтіргендерге арналған, арасын: “Ас-сәләму алейкум уә рахмату-Ллаһи”, - деген сөздермен бөлетін төрт ракат намаз оқитын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1120. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ, екінді намазының алдында төрт ракат намаз оқығанды, рахым етсін! **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, - деп келтіреді.**

1121. Хабар бойынша, Али ибн Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екінді намазының алдында әдетте екі ракаттан тұратын намаз оқитын. **Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснадпен келтіреді.**

201 ТАРАУ

Ақшам (мағриб)намазынан кейін және оның алдында қандай намаздар оқылатындығы жайлы.

Алдыңғы тарауларда Ибн Омар⁶²³ мен Айшаның⁶²⁴, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізуімен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ақшам намазының парызынан кейін екі ракат намаз оқығандығы жайлы екі хадис келтірілген болатын.

1122. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Мутаффаль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ақшам намазының алдында намаз оқыңдар⁶²⁵”, - деп үш рет айтып, үшіншісінде: “Бұл – қалағандарың үшін”, - деп қосты. **Аль-Бухари.**

1123. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйгілі сахабаларының ақшам намазының уақыты кірісімен бір-бірімен

⁶²³ Хадис № 1098.

⁶²⁴ Хадис № 1115.

⁶²⁵ Бұл жарде екі ракат намаз жайлы айтылып жатыр.

жарыса тіректерге асыққанын көрдім⁶²⁶. **Аль-Бухари.**

1124. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

“Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде біз ақшам намазының алдында күн батысымен екі ракат намаз оқитынбыз”, - деді. Сонда одан: “Ал бұл екі ракат (намазды) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оқушы ма еді?”, - деп сұрады. Ол оларға: “Ол біздің оқығынымызды көріп оны оқымауға да әрі оқуға да әмір бермейтін”, - деп жауап берді. **Муслим.**

1125. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

Біздің Мединада болған кездерімізде азаншы ақшам намазының парызына азан айтып болған соң, адамдар екі ракат намаз оқу үшін мешіт тіректеріне асығатын, ал сапармен (қалаға) келген адам жайлы айтатын болсақ,

⁶²⁶ Бұл жерде олардың Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітіндегі тіреулердің жанынан қосымша намаз оқу үшін, орындарды алуға асыққандығы жайлы айтылып жатыр.

онда ол парыз намазы басталған екен, деп ойлайтын, өйткені көпшілік осы ек ракат намазды оқитын. **Муслим.**

202 ТАРАУ

Құтпан (ъиша) намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы жайлы.

Бұл тарауға Ибн Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге менің... құтпан намазынан кейін екі ракат намаз оқыған кездерім болды”⁶²⁷, - деп жеткізген хадисін келтіруге, сондай-ақ Абдуллаһ бин Мутаффильдің Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Әр-бір екі шақырудың арасында⁶²⁸ – намаз...”⁶²⁹, - деп айтқанын, хабарлаған хадисін келтіруге болады.

⁶²⁷ Хадис № 1098.

⁶²⁸ Яғни, азан мен қаматтың арасында.

⁶²⁹ Хадис № 1099

203 ТАРАУ

Жұма намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы жайлы.

Бұл тарауға да Ибн Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге менің... жұма намазынан кейін екі ракат намаз оқыған кездерім болды”⁶³⁰, - деп жеткізген хадисін келтіруге болады.

1126. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім жұма намазын оқыса, одан кейін төрт ракат қосымша намаз оқысын.

Муслим.

⁶³⁰ Хадис № 1098.

1127. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жұма намазынан кейін мешітте намаз оқымайтын, ал одан кейін үйіне барғанда екі ракат намаз оқитын.

Муслим.

204 ТАРАУ

Барлық бекітілген және басқа да қосымша намаздарды үйде орындаудың жақсырақтығы, сондай-ақ парыз намазынан кейін қосымша намазды орындау үшін басқа жерге тұру керектігі, не болмаса парыз намазды қосымша намаздан сөйлеу арқылы бөлу керектігі жайында.

1128. Хабар бойынша, Зайд бин Сабит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә адамдар, үйлеріңде намаз оқыңдар, өйткені, расында, парыз намаздарын есептемегенде намаздардың жақсысына үйде

оқылған намаздар жатады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1129. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үйлеріңді мазарға айналдырмай, намаздарыңның бөлігін үйде оқыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1130. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кімде-кім парыз намазын өзінің мешітінде оқыған болса, онда намазының бөлігінен өз үйіне де қалдырсын, өйткені, расында, оның намазының себебінен Аллаһ оның үйіне игілік енгізеді. **Муслим.**

1131. Амир бин Аттың жеткізуімен, бірде мені Нафиъ бин Жубайр оны әпкесінің баласыас-Саъбу Ибн Йазидке, кезінде оның намазы жайлы (, яғни ас-Саъбу Ибн Йазидтің намазы

жайлы) Муъавианың не деп айтқанын беліп келуім үшін жұсады да, ас-Саъбу Ибн Йазид былай деді:

Бірде мен онымен бір бөлмеде жұма намазын оқығанымда, имам екі иығына сәлем беріп болған соң, мен орнымнан түрегелдім де, сол жерден қозғалмастан қосымша намаз оқыдым, ал Муъавия үйіне кірген соң: “Ендігәрі істеген ісінді қайталама: жұма намазын оқып болып, біреуге сөйлемейінше, не орныңнан қозғалмайынша, қосымша намаз оқушы болма, расында, осылай істеуге, бір намаздан екінші намазға орнымыздан қозғалмайынша не біреумен сөйлеспейінше, ауыспауға бұйырған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болатын”, - деп айтуға, маған адам жіберді. **Муслим.**

205 ТАРАУ

Үтір намазын оқуға талпындыру және бұл намазды орындаудың сөссіз Сүннетке жататындығын түсіндіру сондай-ақ бұл намаз қай уақытта орындаудың жақсырақ екендігі жайлы.

1132. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

Үтір намазының парыз намаздарынан айырмашылығы, сөссіз оның парыз намаздары қатарына жатпайтындығында, дегенмен бұл ғұрыптың (яғни сүннеттің) басын бастаушы, былай деп айтқан: «Расында, Аллаһтың жұбы (арабша үтірі) жоқ және ол әрбір жұбсызды жақсы көреді, сондықтан үтір намазын орындандар, ия Құран оқушылар!», - Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болатын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1133. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын үтір намазын түннің кез-келген бөлігінде: таң арайланғанша түнің басында болсын, ортасында болсын соңыда болсын оқитын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1134. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үтірді түнгі намаздарыңның соңы қылыңдар.
Аль-Бухари, Муслим.

1134. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үтір намазын таң атқанша оқыңдар. **Муслим.**

1135. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің түнгі намазын, мен оның алдында болғанымда орындайтын⁶³¹, ал үтір намазы ғана қалған кезде, ол мені оятып, мен де сол намазды орындайтынмын.

Муслим.

Ал бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Айшаның былай деп айтқаны келтіріледі:

⁶³¹ Яғни, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оны мен қибланың арасында болған кезде.

...ал үтір намазын ған орындайтын кезде, ол:
 “Иә Айша түрегел де үтір намазын орында!”, -
 дейтін.

1137. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Таң атқанша үтір намазын орындауға асығындар. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1138. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім үтір намазына түннің соңында оянбаймын деп қорықса, онда оны түннің басында орындасын, ал кім түннің соңында орындаймын десе, солай істесін, өйткені, расында, түннің соңындағы намаздың куәгерлері болады⁶³², сондай-ақ бұл жақсырақ.
Муслим.

⁶³² Яғни, намазға куә болатын періштелер қатысады.

206 ТАРАУ

Таң ертеңгі қосымша намаздың (духа)⁶³³ қасиеті, оның ракат санының қаншасы көп, аз және орташа саны қанша болатындығы, сондай-ақ оны әрдайым орындауға ұмтылдыру жайлы.

1139. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Менің сүйікті досым⁶³⁴, маған айына үш күн ораза ұстауды, таңертең екі ракат таңертеңгілік (духа) намазын орындауды және ұйықтар алдында үтір намазын орындауды талап етті.

Аль-Бухари, Муслим.

Үтір намазын ұйықтар алдында оқуға көңіл бөлудің дұрыстығы тек түнде ұйқысынан оянуға сенімділігі жоқтар үшін ғана, ал егер адам оны түннің соңғы бөлігінде оқи

⁶³³ Ад-Духа намазы күн найза бойы көтерілгеннен, түске дейін оқуға болады. Оның ракат саны екіден сегіз бас аралығында.

⁶³⁴ Досым деп жатқан адамы – Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

алатындығына сенімді болса, онда оны түннің соңғы бөлігінде оқығаны жақсы.

1140. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн шыққан әр күні, әр қайсысың денелеріңде неше буын болса сонша садақа беруге тиістісіңдер. Әр бір айтылған: «Субхана-Ллаһ», садақа болып табылады және: «Әлхамду ли-Ллаһ», садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Лә иләһә ила-Ллаһ» садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Аллаһу акбар», садақа болып табылады, және жақсылыққа шақыру да садақа болып табылады, жамандықтан тыйу да садақа болып табылады, бірақ осының бәрін таңертiңгiлiк оқыған екі бас нәфіл намаз /духа/ ауыстыра алады. **Муслим.**

1141. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң ертеңгі қосымша намазды төрт ракаттан оқып, оған ракат санын

Аллаһ қанша қаласа сонша қосатын⁶³⁵.
Муслим.

1142. Хабар бойынша, Умм Хани Фахит бинт Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:

Бірде мен, Мекке жаулап алған жылы Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келген кезімде, ол ғұсыл құйынып жатыр екен, оны бітірісімен ол сегіз ракатты намаз оқыды, бұл жәй таң ертең болды (ад-духа). **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслим нұсқадарының бірінен қысқартылғаны берелеп тұр.**

207 ТАРАУ

Қосымша таң ертеңгі намазды (духа намазын) күн найза бойына көтерілгеннен сәске түске дейін оқуға болатындығы, сондай-ақ ол намазды күннің көзі қыза түскен уақытта оқығанның жақсырақ

⁶³⁵ Яғни, әр күні әр түрлі болатын, тек Аллаһ қана білетін, деген сөз.

екендігі жайлы.

1143. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, бір адамдардың таң ертеңгілік қосымша намазды оқып жатқанын көріп, былай деді:

Расында, бұл намазды басқа уақытта оқудың жақсырақ екенін олар білді, өткені Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Тәубеге келушілердің намаздарының уақыты, боталар (табандарымен) қызуды сезіне бастаған уақытта кіреді”⁶³⁶, - деп айтқан.

Муслим.

208 ТАРАУ

Мешітке сәлем намазын оқуға талпындыру, сондай-ақ мешітке кірген адам қай уақытта кіргеніне қарамастан мешітке сәлем намазы болсын, не парыз намаздарының бірі болсын, не қосымша намаз болсын екі

⁶³⁶ Яғни, күн көзінің ыстығанынан жер қызып боталардың жер басып тұруы қйындай бастаған уақыт.

ракат намаз оқып болған соң ғана отыру керектігі жайлы.

1144. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден қайсысың мешітке кірсең екі ракат намаз оқымай отырмасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1145. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол мешітте болған уақытында келген кезімде ол маған: “Екі ракат намаз оқы”, - деді.

209 ТАРАУ

Дәрет алып болған соң екі ракат намаз оқығанның жақсы екендігі жайлы.

1146. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Биләлге: «Иә Биләл, маған айтшы, Исламда жасаған қайсы амалыңа сен көбірек үміт артасың, өткені, расында, мен Жәннәтта алдымнан сенің сандалыңның басқан жерлерінен шыққан тарсылды (дыбысты) естідім?», - деп сұрады. Жауап ретінде Биләл: «Күн мен түннің қай уақытында болмасын дәрет алсам сол дәретім бұзылмайынша маған міндеттелген намазды да оқитынмын, осы амалымнан артық, істегенімнің ешқайсысына көп үміт артпаймын», - деді. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы беріліп тұр.**

210 ТАРАУ

Жұманың қасиеті, жұма намазына қатынасудың парыз екендігі және жұма намазына ғұсыл құйынып келудің парыз екендігі, сондай-ақ ол намазға иіс май жағып ертерек келудің жақсырақ екендігі, сондай-ақ жұмада қандай дұғалар айту керектігі және бұл күні Пайғамбарға, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын қалай салауат айту керектігі, сондай-ақ қай уақытта дұғаға жауап берілетіндігі, сондай-ақ жұма намазынан кейін Аллаһты көбірек еске алып зікір ету керектігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Намаз өтелген кезде, жер жүзіне таралындар да Аллаһтың мәрхеметінен несібе іздеңдер. Сондай-ақ Аллаһты көбірек зікір етіңдер. Әрине құтыласыңдар.» **«Жұма» сүресі, 10 аят.**

1147. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн көзінің көтерілген күндерінің ішіндегі жақсысы болып жұма саналады: бұл күні Адам жаратылған, бұл күні ол Жәннәқа кіргізілген және осы күні ол Жәннәттан шығарылған.

Муслим.

1148. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім дұрыстап дәрет алып, сосын жұма намазына келіп тыныштық сақтап (мұқият) тыңдайтын болса, оның осы жұма мен өткен жұманың арасындағы және (кейінгі) үш күннің ішіндегі бүкіл жасаған кішігірім күнәләрі кешіріледі, ал тасты терушілер жайлы айтатын болсақ⁶³⁷, ол босқа отыр. **Муслим.**

1149. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күнделікті оқылған бес уақыт намаз, әр-бір жұма намазына қатысу және әр-бір келесі Рамаданда ораза ұстау солардың арасындағы кішігірім күнәләрдің кешіріліуіне себеп болады, әрине егер де олардың арасында ауыр күнәләр болмаса. **Муслим.**

1150. Хабар бойынша, Абу Хурайра мен Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы

⁶³⁷ Мединадаға Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітінің едені ашық жер болып онда ұсақ тастар кездесетін, имамның айтып жатқан құтпасын мұқият тыңдаудың орнына сол тастарды ермек етіп отырған адамдар жайлы айтылып жатыр.

болсын, олар Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ағаштан жасалған минберде тұрып былай деп айтқанын жеткізді:

Ант етемін, адамдар не жұма намазына қатыспауларын тоқтатады, не Аллаһ олардың жүректерін мөрлеп тастайды, сонда олар міндетті түрде елемеушілердің қатарында болады⁶³⁸. **Муслим.**

1151. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім жұма намазына келмекші болса, онда толығымен ғұсыл құйынсын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1152. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁶³⁸ Басқаша айтқанда, оларды, апатқа әкелетін істерді елемей жасай беретін адамдардың қатарына қосады, деген сөз. Ал бұл жөнінде тәпсірлерде, Аллаһ олардың жүректеріне имансыздық енгізеді, деп айтылады.

Жұма күні ғұсыл құйыну әр-бір кәмілетке толған адамдар үшін парыз. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл жарде оның парызы, адамның өзінің досына: “Сенің құқығыңды қорғау мен үшін парыз”,- деген сияқты, оны орындау өз қалауында⁶³⁹ – ал Аллаһ бұл жөнінде жақсырақ біледі.

1153. Хабар бойынша, Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам жұмаға дәрет алса жақсы болады, ал егер кім ғұсыл құйынса одан да жақсы екенін білсін. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1154. Хабар бойынша, Сальман (аль-Фариси), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁶³⁹ Ал бұны орындамағанның күнәсі жайында ғалымдардың көз қарасы әр түрлі.

Егер адам жұма күні ғұсыл құйынып қолынан келгенше тазаланса, шаштарын майлап /не: ...денесіне/ үйінде бар иіс майларын жағып, сосын жұма намазына барып, онда жанында отырғандарды итермелемей Аллаһ оған оқуға нәсіп еткен намаздарын оқыса, сондай-ақ имам сөйлеген кезде үндемей тыныш отыратын болса, онда оның осы жұма мен өткен жұмадағы күнәләрі кешіріледі. **Аль-Бухари.**

1155. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам жүніп болған жағдайда қалай ғұсыл құйынады⁶⁴⁰, солай жұма күні ғұсыл құйынып, сосын мешіттегі намазға бірінші уақытында келген, (Аллаһқа) құрбандыққа түйе шалғанмен тең⁶⁴¹, бұдан кейін келген құрбандыққа сыйыр шалғанмен тең, одан кейін келген құрбандыққа мүйізді қой шалғанмен тең, одан кейін келген құрбандыққа тауық шалғанмен тең, бұдан да кейін келген құрбандыққа жұмыртқа бергенмен тең болады, ал имам (минберге құтпа айтпаққа) шыққанда,

⁶⁴⁰ Яғни, ерлі зайыптылар қосылғаннан кейін.

⁶⁴¹ Яғни, сондай сауап табады.

періштелер имамның Аллаһты еске алуын тыңдауға келеді⁶⁴². **Аль-Бухари, Муслим.**

1156. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жұманың қасиеттерін айтып отырып: “Жұма күні Аллаһтың, Өзінің Ислам дініндегі әрдайым Аллаһқа дұға жасап тұратын құлына міндетті түрде сұрағанына беретін бір уақыты бар”, - деп қолымен, ол уақыттың қысқа екендігіне нұсқайтын белгі көрсетті. **Аль-Бухари, Муслим.**

1157. Хабар бойынша, Абу Муса бин Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Абдуллаһ бин Омар, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, менен: “Сен әкеңнің, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөздерінен, жұманың сол уақыты туралы айтқанын естімедің бе?”, - деп сұрады. Мен: “Иә естігенмен, ол Аллаһтың

⁶⁴² Яғни, құтпа басталғаннан кейін келген адамдар періштелердің жұмаға келген адамдарды жазып жатқан тізіміне ілінбейді, өйткені періштелер мешітке кіріп имамды тыңдауға кіріседі.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ол уақыт имам мінберге отырғаннан намаз аяқталғанша жалғасады”, - деп айтқанын естіген”, - деп жауап бердім. **Муслим.**

1158. Хабар бойынша, Аус бин Аус, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, жұма сендердің күндеріңнің ең жақсысының бірі саналады, сондықтан мен үшін көбірек дұға жасаңдар⁶⁴³, өйткені, расында, сендердің дұғаларың жайлы маған хабарланып отырады. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

211 ТАРАУ

Аллаһтың жәрдем жасағаны анық болған уақытта, не болмаса апаттан аман сақтап қалғанын анық сезген кезде,

Аллаһқа алғыс /не:...ризашылық/ ретінде сәжде жасау жайлы.

⁶⁴³ Яғни, салауат айтыңдар.

1159. Хабар бойынша, Саъид бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге Меккеден Мединаға шықтық, ал біз Азуарға⁶⁴⁴ жақындаған уақытымызда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жылдамдатты, қолын көкке көтеріп біраз уақыт аралығында Аллаһқа дұға жасаумен болды, сосын ол сәжде жасап сол күйде көп уақыт жатты. Сосын тағы да қолын көкке көтеріп біраз уақыт аралығында Аллаһқа дұға жасаумен болды, сосын тағы да сәжде жасап сол күйде көп уақыт жатты. Осыны үш рет жасады да, сосын былай деді: “Расында, мен өзімнің Раббыма үмметім үшін дұға және шапағат жасап сұрадым да, Ол маған сұрағанымның үштен бірін сыйлады, сонда мен Раббыма алғыс ретінде сәжде жасап жығылдым. Сосын мен басымды көтеріп тағы да өзімнің Раббыма үмметім үшін дұға жасап сұрадым да, Ол маған сұрағанымның (және) үштен бірін сыйлады, сонда мен тағы Раббыма алғыс ретінде сәжде жасап жығылдым. Сосын мен басымды көтеріп тағы да өзімнің Раббыма үмметім үшін дұға

⁶⁴⁴ Меккенің жанындағы мекеннің аты.

жасап сұрадым да, Ол маған сұрағанымның (және) үштен бірін сыйлады, сонда мен тағы Раббыма алғыс ретінде сәжде жасап жығылдым”. **Абу Дауд.**⁶⁴⁵

212 ТАРАУ

Түнгі намазды оқығанның қасиеттері жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Түннен оянып өзіңе тән нәпіл (қосымша намаз) оқы. Раббыңның сені бір мақтаулы орынға жеткізуінен үміт етіледі» **«Исра» сүресі, 79 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып), Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады...» **«Сәжде» сүресі, 16 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

⁶⁴⁵ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

«Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді»
«Зәрият» сүресі, 17 аят.

1160. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде ұзақ намаз оқитынын соншалық, оның өкшелері жарылып кететін, бірде мен одан: “Сен неге олай істейсің, Аллаһ сенің өткен және болашақтағы күнәләріңді кешпеп пе еді?”, - деп сұрадым. Ол маған: “Мен алғыс айтушы құл болуым керек емес пе?!” , - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим. Ол екеуі де мағынасы жағынан аль-Муғира бин Шұьба жеткізген бірдей хадис келтіреді.**

1161. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде менімен Фатимаға келіп: “Сендер намаз оқып жатқан жоқсындар ма не?”, - деп сұрады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1162. Хабар бойынша, Салим бин Абдуллаһ бин Омар бин аль-Хаттаб, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Абдуллаһ – тамаша адам, бірақ түндерде намаз оқыса (одан да) жақсы болар еді”, - деді.

Салим сөзін былай жалғастырды:

Осыдан кейін Абдуллаһ түнде аз ұйықтайтын болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1163. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Абдуллаһ, түндерде намаз оқып, сосын онысын қойғандар сияқты болма. **Аль-Бухари, Муслим.**

1164. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбардың көзінше бір адам туралы біреу: “Ол таң атқанша ұйықтады”, - деп айтты. Бұны естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Оның құлағына шайтан зәрін төкті”, - деп айтты. **Аль-Бухари, Муслим.**

1165. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кез-келгенің ұйқтағанда, шайтан оның желкесіне үш түйін тйіп, әр қайсысына: “Сенің түнің ұзақ болады, ұйықта!”, - деп соғады. Егер адам оянып Аллаһты еске алса, онда бір түйіні шешіледі, ал егер дәрет алса, екінші түйіні шешіледі, ал егер намаз оқыса, онда үшінші түйіні шешіледі де, адам таңертең жақсы көңіл-күйде оянады, ал олай істемесе, онда көңіл күйі нашар болып, шаршап әлсіздік сезінген күйде оянады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1166. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Сәләм, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә адамдар, сәлем таратыңдар, басқаларды тамақтандырыңдар, басқалар ұйықтап жатқан кезде, түнде намаз оқыңдар, сонда жәннәтқа бейбіт кіресіңдер. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1167. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамаданнан кейінгі оразаға жақсы ай, Аллаһтың мухаррам айы саналады, ал парыз намазынан кейінгі жақсы намаз болып түнгі намаз саналады. **Муслим.**

1168. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Түнгі намаздың ракат сандары жұп болуы керек, егер сен жақын арада таң атып қалады деп қауіптенсең, онда намазыңды бір ракатпен аяқта. **Аль-Бухари, Муслим.**

1169. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнгі намаздарының ракат сандары әрдайым жұп болатын да, ал соңын бір ракатпен аяқтайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1170. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кейбір айларда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көп уақыт ораза ұстамағаны соншалық, біздің енді ол осы айда ораза ұстамайтын шығар деген ойға келген кездеріміз болатын⁶⁴⁶, ал кейбір кездері оның ұзақ ораза ұстағаны соншалық, ол енді аузын бұл айда ашпайтын шығар деп те ойлаған кездеріміз болатын. Сондай-ақ егер сен оны түнде намаз оқып жатқан күйде көргің келсе, оны түнгі намаз оқып жатқан күйде көре алатынсың, егер де оны ұйықтап жатқан күйде көргің келсе, оны ұйықтап жатқан күйде көре алатынсың. **Аль-Бухари.**

1171. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнгі намазды он бір ракат оқитын. Сонда оның сәждесінің ұзақтығы сендердің елу аят оқитын уақыт аралығындай созылатын да, содан кейін ғана ол басын жерден көтеретін. Сондай-ақ ол таң намазының

⁶⁴⁶ Әрине бұл жерде әңгіме Рамадан айындағы парыз ораза жайлы болып тұрған жоқ.

парызының алдында екі ракат қосымша намаз оқып, сосын азаншы намаздың басталғанын хабарлап (қамат түсіргенше) оң бүйіріне жатып алатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1172. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамадан айында болсын, не басқа айларда болсын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнгі намаздағы ракат сандарын он бірден асырмайтын. Алдымен ол төрт ракатын орындайтын, ал сен болсаң олардың ғажаптығы мен ұзақтығы жайлы менен сұрама, сосын төрт ракатын орындайтын, олар жайлы да менен олардың ғажаптығы мен ұзақтығы жайлы сұрама, осыдан кейін және үш ракатын орындайтын. Бірде мен одан: “Иә Аллаһтың елшісі, үтір намазының алдында сен ұйықтайсың ба?”, - деп сұрадым. Ол маған: “Иә Айша, менің көзім ұйықтайды да, ал жүрегім ұйықтамайды!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1173. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түннің басында

ұйықтайтын да, соңында намаз оқуға тұратын.
Аль-Бухари, Муслим.

1174. Хабар бойынша, бірде Ибн Масъудтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде бірге (нафіл) намаз оқығанымда, оның (көп) тұрғаны соншалық, мен бір жағымсыз іс жасай жаздадым». Адамдар одан: “Ол жасай жаздағаның ісің не?”, – деп сұрады. Оларға ол: “Менің оны қалдырып отыра кеткім келді”, – деп жауап берді. **Аль-Бухари. Муслим.**

1175. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жазғышы ретінде танымал болған, Абу Хузайфа бин аль-Йаман аль-Ансари, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дейді:

Бірде мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде бірге (нафіл) намаз оқыдым. Сонда ол (намаздың бірінші ракағатында) “Бақара” сүресін оқи бастады. Мен өз-өзіме: “Ол (осы сүренің) жүз

аятын оқып рукуғқа барады”, – дедім, бірақ ол одан кейін де оқуын жалғастыра берді. Сонда мен өзіме: “Ол (сүрені) (намаздың бірінші ракағатында) толығымен оқып шығады», - дедім. Сосын мен өзіме: «Оны оқып бітірісімен рукуғ жасайды», – деп тұрғанымды, ол «Ниса» сүресін оқып бастап оны толығымен оқып шықты, сосын Аль-Имран» сүресін оқуға кірісті де, оны да толығымен әр әріпін шығарып мәнерлеп оқып бітірді. Сол кезде ол аяттың ішінде Аллаһты мақтау туралы сөздерді оқығанда, ол Аллаһты мақтады, ол аяттың ішінде Аллаһқа дұға жасау туралу аятты оқығанда, дұға жасады, ал Аллаһтан пана сұрау жайлы аятты оқығанда, ол Аллаһтан пана сұрады, содан соң ол иіліп рукуғқа кетті. Сол кезде: «Менің Ұлы Раббым кемшілік атаулыдан пәк!» /Субхана Раббиль-Азым!/ - деп айта бастады да, оның рукуғы, қыям кезінде қанша тұрса сонша уақытты алды. Сосын ол: «Аллаһ Тағала Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естиді. Раббым саған мақтау!» /Сами Аллаһу лиман хамидаһ. Раббана уалакль-хамд!/, - деп бойын түзеді де, осы күйде рукуғта қанша болса, соншама уақыт аралығында тұрды. Ал сосын ол: «Аса Жоғары Раббым пәк!» /Субхана Роббиль Аъля!/ - деп сәждеге жығылды да, сол қалпында, тік тұрған кезінде қаншама уақыт өткізсе, соншама уақыт болды. **Муслим.**

1176. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Қай намаз ең жақсы саналады?”, - деп сұрағанда, ол: “Адам оны оқығанда ең ұзақ тұратыны”, - деді. **Муслим.**

1177. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ үшін ең жақсы намаз болып Дауд (пайғамбардың) намазы саналады және Аллаһ үшін ең жақсы ораза болып Дауд (пайғамбардың) оразасы саналады. Ол намазды түннің жартысын ұйықтап, сосын үштен бірін намазбен өткізетін, ал оразаны күнәрә ұстайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1178. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын

естідім: “Расында, түнде сондай бір уақыт бар, сол уақытта Аллаһ Тағаланың Ислам дініндегі құлы, Одан осы дүниенің не мәңгілік дүниенің игіліктерінің бірін сұрап дұға жасаса, ол адамға міндетті түрде сұрағанын береді және бұл (сәт, не уақыт) әр түнде болады”. **Муслим.**

1179. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім түнде намаз оқуға тұрса, онда намазын екі жеңіл ракат оқумен бастасын.

Муслим.

1180. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде намазға тұрған уақытында, намаз оқуын жеңіл екі ракаттан бастайтын. **Муслим.**

1181. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, егер де түнгі намазын ауырып, не болмаса басқа да жағдайлармен (оқымай) өткізіп алған болса, онда күндіз он екі ракат намаз оқитын. **Муслим.**

1182. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам Құраннан күнделікті түнде оқитынын, не болмаса оқитынының бөлігін оқымай ұйықтап қалса, ал сосын таң намазы мен бесін намазының арасында оқымағанының орнын толтырса, онда ол түнде оқығанның есебінде болады⁶⁴⁷. **Муслим.**

1183. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁶⁴⁷ Басқаша айтқанда, адам күндіз оқыса да, түнде оқығанның сауабындай сауаб табады.

Түнде тұрып намаз оқып, сосын әйелін намаз оқуға оятқан, ал егер әйелі намаз оқуға тұрмаса бетіне су сепкен еркеті Аллаһ Тағала рахым етсін! Түнде тұрып намаз оқып, сосын ерін намаз оқуға оятқан, ал егер ері намаз оқуға тұрмаса бетіне су сепкен әйелді Аллаһ Тағала рахым етсін! **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1184. Хабар бойынша, Абу Хурайра және Абу Саъид, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам түнде өзінің әйелін оятып, сосын бірге намаз оқыса /не: ...онымен бірге екі ракат намаз оқыса/, олар Аллаһты еске алушы еркектер мен әйелдердің қатарында жазылады. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1185. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден қайсысың түнгі намаз уақытында қалғи бастасаң, онда тыныққанша жатып ұйықтап алсын, өйткені, расында, егер ол қалғып отырып намаз оқитын болса, онда ол Аллаһтан кешірім сұраудың орнына өзіне қарғыс айтуы мүмкін. **Аль-Бухари, Муслим.**

1186. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кім түнде тұрып, оған Құран оқу қиын болғаны анықталып, ал өзі не айтып жатқанын түсінбесе, онда тағы да ұйықтап алуға жатсын. **Муслим.**

213 ТАРАУ

Рамадан кезінде қосымша түнгі намаздарды оқу жайында.

1187. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Рамадан кезінде Аллаһтың сауабынан үміт етіп және сенім артып намаз оқыса оның алдыңғы күнәләрі кешіріледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1188. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарды Рамадан кезінде қосмша түнгі намаздарды оқуға талпындыратын, бірақта оны қатаң бұйырмай тек: “Кім Рамадан кезінде Аллаһтың сауабынан үміт етіп және сенім артып түнде намаз оқыса, оның алдыңғы күнәләрі кешіріледі”, - дейтін. **Аль-Бухари, Муслим.**

214 ТАРАУ

Қадір түнінде намаз оқудың қасиеті және оның Рамаданның қай түні болу мүмкіндігі көбірек екендігі жайлы түсінік.

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде Құранды Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан қадірлі. Періштелер мен Жебірейіл ол кеште Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс үшін түседі. Ол бейбітшілік кеші таң рауандағанға дейін жалғасады» **«Қадір» сүресі, 1-5 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында, біз ескертушіміз. Ол кеште барлық хикметті істер айырылады. Бұл Өз жанымыздан бір бұйрық. Расында елшілерді жіберушіміз» **«Дұхан» сүресі, 3-5 аяттар.**

1189. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Қадір түнін, Аллаһтың сауабынан үміт етіп және оған сенім артып намазбен өткізсе, оның алдыңғы күнәләрі кешіріледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1190. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларынан бірнешеуіне бір мезгілде түстеріне, Қадір түні Рамадан айының соңғы жеті түндерінің бірінде түсетіндігі жайлы аян келеді, расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Мен сендердің түстеріндегі (аянның) Рамаданның соңғы жеті түніне тірелетінін көріп тұрмын, сондықтан кім Қадір түнінің түсуін күтсе оны Рамаданның соңғы жеті түнінің ішінде күтсін”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1191. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданның соңғы он күнін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үздіксіз мешітте өткізетін және ол: “Қадір түнін Рамаданның соңғы он түнінің ішінде күтіңдер”, - дейтін. **Аль-Бухари, Муслим.**

1192. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қадір түнін Рамаданның соңғы он күнінің ішіндегі тақ күндерінің бірінде күтіңдер. **Аль-Бухари.**

1193. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданның соңғы он күні болған кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түндерді намазбен өткізіп жанұя мүшелерін оятатын, құлшылықта ерекше ынталық танытатын және изарын бекем байлайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1194. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басқа айларға қарағанда құлшылықта көбірек ынталық білдіретін, ал Рамаданның соңғы он күнінде Рамаданның басқа күндеріне қарағанда құлшылықтағы ынталылығын одан да көбейте түсетін. **Муслим.**

1195. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: “Иә Аллаһтың елшісі, егер мен Қадір түнінің түскенін білсем, не айтуым керек?”, - деп сұрадым. Ол былай деп айт деді : “Иә Аллаһ, расында, Сен - Кешірушісің, Сен кешіргенді жақсы көресің, кешір мені!” /Аллаһумма, иннәкә ъАфуан тухиббуль ъафуа, фаъфуанни!/ **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

215 ТАРАУ

Тіс тазалағышты (мисуак) қолдану және табиғатынан айқын нәрселер жайлы.

1196. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер менің үмметіме ауыр болады деп ойламасам еді, онда әр намаздың алдында тістерін тазалауды міндетті түрде бұйырар едім. **Аль-Бухари, Муслим.**

1197. Хабар бойынша, Абу Хузейфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұйқысынан тұрғанда, ол әрдайым аузын тіс тазалағышпен тазалайтын.

Аль-Бухари, Муслим.

1198. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте біз Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тіс тазалағыш пен дәрет алуға су дайындайтынбыз, ал Аллаһ оны Өзінің қалаған уақытында ұйқысынан оятатын да, ол сол тіс тазалағышты қолданып тісін тазалап, дәрет алып намаз оқуға кірісетін. **Муслим.**

1199. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен сендерге тіс тазалағышты қолдану жайлы көп айтқанмын. **Аль-Бухари.**

1200. Хабар бойынша, Шурайх бин Хани
былай деді:

Бірде мен Айшадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте ең алдымен үйге кірісімен не істеуші еді”, - деп сұрадым. Ол: “Ол ең алдымен тіс тазалағышты алатын”, - деді. **Муслим.**

1201. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын,
ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіргенімде оның аузынан тіс тазалағыштың ұшын байқадым. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп отыр.**

1202. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Тіс тазалағыш ауыз тазалау үшін қолданылады және Алаһқа ұнайтын іс болып табылады. **Бұл хадисті сенімді иснадпен ан-Насаъи және Ибн Хузайма өзінің “Сахихінде” келтіреді.**

1203. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Табиғатында үйреншікті болып бес нәрсе саналады: сүндеттеу (баланы сүндеттеу), шатты қыру, тырнақты алу, қолтықтың қылын жұлу және мұртты басу. **Аль-Бухари, Муслим.**

1204. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Табиғатында үйреншікті болып он нәрсе саналады: мұрт басу, сақал өсіру, тіс тазалығышты қолдану, мұрынға су жіберіп (сіңбіру), мұрт басу, бармақтардың арасын жуу, қолтықтың қылын жұлу, шатты қыру және әжеттенгенде сумен жуу.

Хадисті жеткізушілердің бірі былай деді:

Мен оныншы нәрсені ұмытып қалдым, дегенмен әңгіме ауызды сумен шайу жайында болды деп ойлаймын. **Муслим.**

1205. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұрттарыңды басыңдар және сақалдарыңды өсіріңдер (жіберіңдер). **Аль-Бухари, Муслим.**

216 ТАРАУ

Зекеттің парыз екендігін растау жайлы, оның және оған қатысы бар заттардың қасиеттерін түсіндіру.

Аллаһ Тағала айтты:

«Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер...» **«Бақара» сүресі, 43 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар; ғибадатты нағыз Аллаһқа шынайы ынтамен бір беткей тура орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген, міне осы туп-тура дін» **«Бәййна» сүресі, 5 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Олардың малдарынан садақа ал да, ол арқылы оларды тазартып, берекелендіресің...»
«Тәубе» сүресі, 103 аят.

1206. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ислам бес дңігектен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік беру, намаз оқу, зекет төлеу, Аллаһтың үйіне Қажылыққа бару және Рамадан айында ораза ұстау. **Аль-Бухари, Муслим.**

1207. Хабар бойынша, Тальха ибн Убайдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын Недждан шашы жалбыраған бір адам келді. Біз оның даусын естіген болатынбыз, бірақ оның не деп жатқанын ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақындағанша түсінбедік, сөйтсек ол Ислам жайлы сұрап жатыр екен. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Күн мен

түннің ішінде бес уақыт намаз орындау, парыз болып саналады», - деді. Ол: «Ал мен бұдан артық намаз оқуым керек пе?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ, тек сен өзің ғана қосымша намаз (қосып) оқығың келмесе», - деп жауап берді. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Рамадан айында ораза ұстау, парыз болып саналады», - деді. Ол: «Ал мен бұдан артық ораза ұстауым керек пе?», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ, тек сен өзің қосымша ораза (қосып) ұстағың келмесе», - деп жауап берді.

Тальха сөзін былай жалғастырды:

Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, зекет беру керектігі жайлы айтты. Ол: «Мен бұдан артық зекет беруім керек пе?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ, тек сен өзің оны қаламасаң», - деді. Осыдан кейін ол адам бұрылып шығатын жаққа қарай жүріп бара жатып: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен бұған еш нәрсені қоспаймын да, бұдан еш нәрсені алып тастамаймын», - деді, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер ол шын ықыласымен

айтып тұрса, табысқа кенеледі!⁶⁴⁸», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1208. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Муъазды Иеменге жіберіп жатып былай дегенін жеткізді:

Оларды, Аллаһтан басқа құдай жоқ және мені Аллаһтың елшісі, деп куәлік беруге шақыр, егер олар бұған бағынса, онда Аллаһтың оларға бес уақыт намаз оқуды бұйырғандағын хабарла, егер олар бұған да бағынса, онда Аллаһ оларға, араларындағы байларының кедейлеріне садақа берулерін бұйырғанын, хабарла. **Аль-Бухари, Муслим.**

1209 Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған адамдармен олар, Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік бергенше, сондай-ақ намаз оқып зекет төлегенше, күресу әмірленді, ал егер олар осылардың бәрін орындаса, онда менен, бұдан

⁶⁴⁸ Яғни, Жәннәтқа кіреді.

былай тек Исламның хақысымен ғана алына алатын, өмірлері мен дүниелерін қорғап қалады, сол кезде олардан есебті тек қана Аллаһ талап ете алады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1210. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл дүниеден кеткен кезде, Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, халиф болды, сол кезде арабтардан кейбіреулері күпірлікке қайта оралды, сонда Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, одан: «Сен бұл адамдармен қалайша соғыспақсың⁶⁴⁹, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған адамдармен олар, Аллаһтан басқа құдай жоқ, деп куәлік бергенше күресу әмірленді, ал егер осы сөздерді айтса, сондай-ақ дүниесі мен мүлкіне хақылы түрде алып қоя алатындай (күнәлі) іс жасмаса, онда менен өмірлері мен дүниелерін қорғап қалады, сол кезде олардан есебті тек қана Аллаһ талап ете алады», - деп айтты ғой!», - деді. Бұған Абу Бакр, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһтың

⁶⁴⁹ Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, зекет төлеуден бас тартқан руларға қарсы соғыс ашқан.

атымен ант етемін, мен зекетті намаздан бөлектегендермен міндетті түрде соғысамын, неге десең дүниеден зекет алу парыз! Аллаһтың атымен ант етемін, егер олар Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, беріп жүрген түйенің тұсауын беруден бас тартса, онда мен сол үшін де соғысамын!”, - деп жауап берді. Сонда Омар: “Аллаһтың атымен ант етемін, Абу Бакрдің олармен соғысамын деп қабылдаған шешімін жүрегіне жеткізген Аллаһтан басқа ешкім емес, менің де ол шешімнің дұрыс екендігіне көзім жетті!” **аль-Бухари, Муслим.**

1211. Хабар бойынша, Абу Аййуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбардан: «Маған Жәннәтқа кіруіме көмектесетін амал үйретші», - деді. Сонда Ол: «Аллаһқа ғана құлшылық етіп одан басқа ешкімге құлшылық етпе, намаз оқы, зекет төле және туысқандық қарым-қатынасты ұстан», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1212. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір бәдәуи келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, маған егер оны орындасам Жәннәтқа кіретін амал айтшы», - деді. Оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһқа ешкімді ортақ қоспай құлшылық ет, намаз оқы, парыз зекетінді төле және Рамаданда ораза ұста», - деп жауап берді. Бәдәуи: «Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, мен бұған еш нәрсе қоспаймын!», - деді. Сосын ол бұрылып кетпекші болып жатқан кезде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімге Жәннәт тұрғындарына қарау, (көзін) қуандыратын болса, онда ол, осы бәдәуиге қарасын», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1213. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқимын, зекет төлеймін және әр бір мұсылманға ықыласты боламын, деп ант бердім. **Аль-Бухари, Муслим.**

1214. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Ахирет күні дүниесінен тиістісін бермеген алтын мен күміс иелері, иеленген күміс және алтындарынан жасалған от тіліктер арқылы азапталады, тіліктерді Тозақтың отында қыздырып, сосын онымен оның алды мен артын және екі бүйірін күйдіріп басады, ал олар суығанда соның бәрі, құлдарға жүргізілетін Сот аяқталып адамға оның Жәннәтқа не Тозаққа баратын жолы көрсетілгенше, ұзақтығы елу мың жылға татитын Ахиреттің күнінде қайталанып отырады».

Одан: «Иә Аллаһтың елшісі, ал түйелер жайлы не айтасың?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кез келген түйе иемденуші, дүниесінен тиістісін бермесе және сол берілетіндердің тиістісі саналатын түйелердің су ішуге келген күнінің сауылымын бермесе,⁶⁵⁰ Ахирет күні сол түйелерінің алдында жазық шөлдің үстінде етпетінен жатқызылады, ол кезде түйелері осы дүниедегісінен анағұрлым ірі екендігі анықталады, сосын олардың бәрі емшектен ажыратылған ботасына дейін, оны аяқтарымен басып, тістерімен тістейді, олардың артқысы

⁶⁵⁰ Бұл жарде сауылған сүтті, суға келушілер мен өтіп бара жатқандарға тарату жайлы айтылып жатыр.

өтіп болысымен алындағыларын қайтадан қайтарып, ал олар болса істегендерін қайталайды, осының бәрі, құлдарға жүргізілетін Сот аяқталып адамға оның Жәннәтқа не Тозаққа баратын жолы көрсетілгенше, ұзақтығы елу мың жылға татитын Ахиреттің күнінде қайталанып отырады», - деді.

Одан және: «Иә Аллаһтың елшісі, ал сиырлар мен қойлар жайлы не айтасың?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кез келген сиыр мен қой иемденуші, дүниесінен тиістісін бермесе, Ахирет күні сол сиырлары мен қойларының алдында жазық шөлдің үстінде етпетінен жатқызылады, сол кезде олардың бәрі қисық мүйіздісі, мүйіссізсі және үшкір мүйіздісіне дейін бәрі оны сүзіп тұяқтарымен таптайды, олардың артқысы өтіп болысымен алындағыларын қайтадан қайтарып, ал олар болса істегендерін қайталайды, осының бәрі, құлдарға жүргізілетін Сот аяқталып адамға оның Жәннәтқа не Тозаққа баратын жолы көрсетілгенше, ұзақтығы елу мың жылға татитын Ахиреттің күнінде қайталанып отырады», - деді.

Одан және: «Иә Аллаһтың елшісі, ал жылқылар жайлы не айтасың?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жылқылардың үш түрі болады: олар

адамға ауыртпалық⁶⁵¹ әкелуі мүмкін, сондай-ақ олар қорған болуы мүмкін⁶⁵², сондай-ақ олар сауап әкелуі мүмкін. Кімге ауыртпалық әкелетіндігі жайлы айтатын болсақ, ол жылқыларды мақтан үшін, тәкәппарлықтан ұстағандар не болмаса Ислам дініндегі адамдармен соғысу үшін ұстағандар: олар үшін ауыртпалық әкеледі. Ал кімге қорған болатындығы жайлы айтатын болсақ, ол жылқыларын Аллаһ жолында ұстап, олардың мойны мен арқасына қатысытысын⁶⁵³ беріп отырғандар, мінеки осындайға ол қорған болады. Ал кімге сауаб әкелетіндігі жайлы айтатын болсақ, ол жылқыларын Аллаһ жолында тоғай мен бақшаларда баққандар, ал оның сауабы жылқының тоғай мен бақшаларда жеген шөбіне тең болады, ал жылқа қанша қи тастап, несеп төксе оның иесіне, сонша жақсы амал жазылады, сондай-ақ егер ол өзінің жібін үзіп бір екі рет шауып өтсе, онда Аллаһ міндетті түрде оның басқан ізі мен тастаған қиы үшін иесіне жақсы амалдар жазады, ал егер де жылқының иесі жылқысын өзеннің жанынан

⁶⁵¹ Яғни, күнә ауыртпалығы.

⁶⁵² Яғни, кедейліктен қорған, ол дегеніміз сол жылқылар арқылы қаражат табу.

⁶⁵³ Бұл жарде, жылқылар арқылы тапқан пайдасынан зекетін төлеп және жылқыларға олардың күші жетпейтін істерді істетпей оларға қамқорлығын көрсеткендер жайлы айтылып жатыр.

алып өтіп, жылқы одан шөлін қандырып ішсе, ол адам жылқысын суғару ойында болмаса да, Аллаһ оған міндетті түрде жылқының ішкен суы қанша болса, сонша жақсы амалдар жазады».

Одан: «Иә Аллаһтың елшісі, ал есектер жайлы не айтасың?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған олар жайлы, ерекше әрі барлық іске қатысы бар мына аятты айтпағанда, ешқандай аян келмеді: «Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді⁶⁵⁴», - деді.

217 ТАРАУ

Рамадан айында ораза ұстаудың парыз екендігі және ораза мен оған қатысы бардың қасиеттері жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

⁶⁵⁴ «Зилзала» сүресі, 7-8 аяттар.

«Әй мүминдер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине сақсынарсыңдар. Санаулы күндерде. Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай ораза күш келетіндер (ораза ұстаулары ауыр болған адамдар, мысалы, кәрі не аурулар), бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып, артық хайыр қылса, ол өзіне жақсы. Білсеңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы. Рамадан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамадан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Әрі Аллаһты ұлықтаңдар»
«Бақара» сүресі, 183-185 аяттар.

Бұл тарауға қатысты хадистер жайлы айтатын болсақ, олардың бөлігі бұның алдындағы тарауларда келтірілді.

1215. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала айтты: Адам баласы оразадан басқа кез-келген амалын өзі үшін орындайды, ал Ораза - Мен үшін және оның сауабын Өзім беремін.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және былай деді:

Ораза қалқан саналады, сендерден кім ораза ұстаса, ол күні өзін барлық әдепсіздіктен сақтасын және даусын көтермесін, егер оны біреу ұрысса немесе онымен таласқысы келсе, ол адамға: «Расында, мен ораза ұстаушы адаммын!», - деп айтсын. Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, ораза ұстаушының аузынан шыққан иіс, Аллаһ үшін иіс майдың жұпар иісінен де тәтті, ал ораза ұстаушының екі қуанышы бар: ол өзінің аузын ашқанда қуанады және өзінің Раббын кездестіргенде ораза ұстағанына (тағы да) қуанады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы беріліп тұр, ал бұл хадистің аль-Бухари келтірген тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Тағаланың былай деп айтқанын хабарлағаны, келтіріледі:

Ол тамақтан, судан және ләззәттанудан Мен үшін бас тартады. Ораза мен үшін ұсталады

және ол үшін Мен сауабтаймын, ал игілікті істердің сауабы он есе беріледі.

Ал бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Адам баласының әр-бір амалы көбейтіледі, игілікті амалдың сауабы кем дегенде он есеге көбейтіледі, сондай-ақ ол жеті жүзге дейін көбейтілуі мүмкін. Аллаһ Тағала айтты: «Бұған ораза кірмейді, өйткені, расында, ораза Мен үшін ұсталады және оның саубын Өзім беремін, өйткені адам Мен үшін өзінің тамағы мен ләззәттанудан бас тартады! Ораза ұстаушыны екі қуаныш күтіп тұр: бірі аузын ашқанда, ал екіншісі - өзінің Раббымен кездескенде, сондай-ақ, расында, ораза ұстаушының аузынан шыққан иіс Аллаһ үшін иіс майдың жұпар иісінен де ұнамды!»

1216. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында екі затын жұмсағанды⁶⁵⁵ Жәннәттің қақпаларынан: «Иә Аллаһтың құлы! Бұл – игілік!», - деп шақырады. Сондай-ақ намаз оқығанды намаз қақпасы арқылы шақырады, жихадта болғанды жихад қақпасы арқылы шақырады, ораза ұстағандарды «Ар-Райан» қақпасы арқылы шақырады, ал садақа бергенді садақа қақпасы арқылы шақырады. Бұны естіген Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Менің әкем мен шешем сенің төлемің болғыр, иә Аллаһтың елшісі! Бұл қақпалардан шақырылған еш нәрсеге мұқтаж болмайды, дегенмен осы қақпалардың бәрінен шақырылатындар табылар ма екен?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә (ондайлар болады) және сені, солардың арасында болады, деген үмітім бар», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1217. Хабар бойынша, Сахля бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

⁶⁵⁵ Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл неғылған екі зат?», - деп сұрағанда, ол: «Екі жылқы, не екі бұзау, не екі түйе», - деп жауап бергені келтіріледі. Бұл жерде екі игілігі іс жайлы да айтылуы мүмкін, мысалыға, екі намаз, екі күн ұсталған ораза сияқты істер.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәтта «Ар-Райан», деген қақпа бар, олар арқылы Ахиретте ораза ұстағандар кіреді де, ол арқылы басқа ешкім кірмейді. Сонда: «Ораза ұстағандар қайда?», - делінеді де, олар алдыға шығады, ал олардан басқа ол қақпа арқылы ешкім кірмейді. Олар өтіп болған соң ол қақпа жабылады да, одан кейін ол арқылы ешкім кірмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1218. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында ораза ұстағанның жүзін, Аллаһ міндетті түрде, сол күн үшін, Отты жетпіс мың жылдық жерге алыстатады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1219. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамаданда Аллаһтың сауабынан үміттеніп және оған сеніп ораза ұстағанның, өткен күнәләрі кешіріледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1220. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамадан кіргенде Жәннәт есіктері ашылып, Тозақ есіктері жабылады, ал шайтандар кісенделеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1221. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Оны көріп ораза ұстауды бастаңдар⁶⁵⁶ және оны көріп ораза ұстауды тоқтатыңдар, егер ол сендерге көрінбесе (не сендерден таса болса), онда шағбанды отыз күнге толтырыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Аллаһтың елшісінің, оған

⁶⁵⁶ Жаңа туған ай.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...егер күн бұлтты болса, онда отыз күн ораза ұстандар.

218 ТАРАУ

Рамадан айында, әсіресе ол айдың соңғы он күнінде жомарттық таныту, Шариғаттың бүкіл қолдаған амалдарын көбірек жасау және игі істерді көбірек істеу жайлы.

1222. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың ішіндегі ең жомарты болатын, ал жомарттықты онымен Жебірейіл кездескенде, (яғни) Рамадан айында ерекше танытатын. Рамадан кезінде Жебірейіл онымен әр түні кездесіп Құран оқып тексеретін⁶⁵⁷, сондай-ақ, расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жебірейілмен кездескенде игі істерге,

⁶⁵⁷ Яғни, Құранды қайталап, арасында қате болмас үшін тексеретін.

еркін желден⁶⁵⁸ де артық жомарт болатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1223. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданның соңғы он күні болған кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түндерді намазбен өткізіп жанұя мүшелерін оятатын, құлшылықта ерекше ынталық танытатын және изарын бекем байлайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

219 ТАРАУ

Бастаған оразасын ұстаушылардан басқа⁶⁵⁹ не болмаса әрдайым бейсенбі дүйсенбі күндері ораза ұстауды әдет қылушылардан басқа ешкімге шағбанның бірінші жартысынан кейін Рамаданды ораза ұстап қарсы алуға болмайтындығы жайында.

⁶⁵⁸ Бұл жерде Аллаһтың адамдарға игілікпен жіберетін желі жайлы айтылып тұр. Яғни, Рамадан кезінде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, игі істерді істеуге асығатын.

⁶⁵⁹ Басқаша айтқанда әр айдың он бесінші күні.

1224. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім өзінің әдетте ұстайтын оразасы болмаса Рамаданның алдында екі күн бұрын не бір күн бұрын ораза ұстамасын, ал (егер әрдайым ұстайтын оразасы болса), онда оны ұстасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1225. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамадан кіргенше ораза ұстамаңдар, бірақ оны көріп⁶⁶⁰ ораза тұтуды бастаңдар және оны көріп ораза тұтуды тоқтатыңдар, егер аспан бұлтты болса, онда ораны отыз күн ұстаңдар. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1226. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁶⁶⁰ Яғни, туған айды көріп.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шағбанның жартысы қалғанда ораза тұтпаңдар. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1227. Хабар бойынша, Абул Йакзан Аммар бин Йасир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Күмән тудыратын күні ораза тұтқан, Абуль-Қасымның, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқанын орындамаған болып табылады⁶⁶¹. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

220 ТАРАУ

⁶⁶¹ Бұл жерде егер адам ораза ұстайын деп жатқан күні отызыншы шағбан ба, әлде Рамаданның бірінші күні ме, толық білмей күмән тудыратын күні жайлы айтылып тұр, ал Абуль-Қасим – ол Пайғамбарымыздың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, лақап аттырының бірі, яғни Қасымның әкесі деген сөз. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Хадиша анамыздан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Қасым деген баласы болған, бірақ ол кішкентай кезінде қайтыс болған.

Жаңа туған айды көргенде не деу керектігі жайлы.

1228. Хабар бойынша, Тальха бин Убайдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, туған айды көргенде былай дейтін: «Иә Аллаһ оны бізге қауып-қатерсіз, иманды, саламатты және Ислам айы ете гөр! Иә игілік пен тура жолмен жүруші ай, менің де Раббым және сенің де Раббың – Аллаһ! /Аллаһумма, ахилләһу ьалейна биль-амни, уал-имани, уас-саламати уаль-ислами!/⁶⁶²» **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

221 ТАРАУ

Тамақ ішуді және ауыз бекітуді таң арайланғанша созудың қасиеттері жайлы.

⁶⁶² Осыған ұқсас дұға араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №175 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

1229. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Таң ағарардың алдында жеңдер, өйткені ауыз бекітетін уақытта береке бар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1230. Хабар бойынша, Зайд бин Сабит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге Рамаданда таң ағарардың алдында тамақ іштік те, сосын намазға тұрдық. **Сонда Зайдтан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын:** «Олардың арасында қанша уақыт өтті⁶⁶³?», - деп сұрағанда, ол: «(Құраннан) елу аят оқырлық уақыт», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1231. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁶⁶³ Яғни, ауыз бекіту мен азанның арасында.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын Биләль және Ибн Умм Мактум атты екі азаншысы болатын, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Биләль азанды түнде айтады, ал сендер азанды Ибн Умм Мактум айтқанша, тамақ жеп ішуді жалғастыра беріңдер», - дейтін.

Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Екі азанның арасын, бірі түсіп екіншісі көтерілгенше дейін өтетін уақыт қана бөлетін⁶⁶⁴.

Аль-Бухари, Муслим.

1232. Хабар бойынша, Амр Бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁶⁶⁴ Биләл, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, алдымен азан айтып сосын таңның арайланғанын күтетін, сосын азан айтқан жерінен түсіп таңның арайланғанын соқыр Ибн Умм Мактумға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, азанның уақытының кіргенін хабарлайтын, сосын ол жоғары көтеріліп азан айтып мұсылмандарды намазға шақыратын.

Таң ағарудың алдындағы ас, біз бен кітап иелерінің арасындағы оразаның айырмашылығы⁶⁶⁵. **Муслим.**

222 ТАРАУ

Ауыз ашуға мүмкіншілігінше ертерек кірісудің қасиеті және ауызды немен ашудың және ауыз ашқан соң қандай дұға айту керектігі жайында.

1233. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар ауыз ашуға асыққанын тоқтатпайынша инілікпен рахаттануларынан айырылмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1234. Хабар бойынша, Абу Атыйа былай деді:

⁶⁶⁵ Яғни, яхудиелер мен христиандардың. Бұл дегеніміз ауыз бекітердің алдындағы тамақ, ол Аллаһ Тағаланың мұсылмандарға көрсеткен рахымы болып табылады.

Бірде біз Масрук екеуіміз Айшаға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келіп, былай дедік: «Мухаммадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларынан екі адам бар. Олар екуі де игілікті істерде еш нәрсені мүлт жібермейді, бірақ олардың бірі ауыз ашу мен ақшам намазын оқуды неғұрлым тез орындауға асығады, ал екіншісі болса намазы мен ауыз ашуды бастауын созады». Айша: «Кім ауыз ашу мен намаз оқуын тезірек бастауды қалайды?», - деп сұрады. Масрук: «Абдуллаһ», - деді Ибн Масъуд, сонда (Айша): «Аллаһтың елшісі де, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, солай істейтін», - деді. **Муслим.**

1235. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағала айтты: Бәрінен ерте ауыз ашуға кірісушілер, Мен үшін құлдарымның ішіндегі ең сүйіктілерім болып табылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1236. Хабар бойынша, Омар Бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мына жақтан түн түскенде, мына жақтан күн кетіп батқанда, ораза ұстаушыға ауыз ашу керек. **Аль-Бухари, Муслим.**

1237. Хабар бойынша, Абу Ибраһим Абдуллаһ бин Абу Ауф, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз, Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге сапарда болдық, (сол сапарда) оның аузы ораза болатын. Күн батқан кезде ол бір адамға: «Иә пәленше, тезірек біз үшін асты араластыр⁶⁶⁶», - деді. Ол адам: «Иә Аллаһтың елшісі, сен үшін кешке дейін күткен жақсы емес пе?», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (және): «Иә пәленше, тезірек біз үшін асты араластыр», - деді. Ол адам: «Иә Аллаһтың елшісі, сен күні бойы ораза ұстауың керек емес пе?», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үшінші рет: «Иә пәленше, тезірек біз үшін асты араластыр», - дегенде ғана, ол адам

⁶⁶⁶ Ол кездегі «савик» атты, быламыққа ұқсас дайындау үшін су қосып дайындай қоятын ас.

тезінен олар үшін асты араластырды, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тамақты жеп, сосын: «Мына жақтан түннің келе жатқанын көрсеңдер, ораза тұтушы аузын ашу керек», - деп саусағымен күн шығысты көрсетті. **Аль-Бухари, Муслим.**

1238. Хабар бойынша, Сальман бин Амир ад-Дааби, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім аузын ашатын болса, аузын құрмамен ашсын, ал егер құрма таппаса, онда сумен ашсын, өйткені, расында ол тазартады. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1239. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аузын намаз оқырдың алдында жаңа піскен құрмадан бірнешеуін жеп, ал жаңа піскен құрма болмаса, кептірілген құрманың үшеуін жеп, ал кептірілген құрма болмаса, бір екі жұтым су ішіп ашатын. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

223 ТАРАУ

Ораза ұстаушыға өзінің тілін және басқа да дене мүшелерін бағынбаушылықтан тыйу, сондай-ақ барлық балағат және осыған ұқсас істерден бас тарту жайлы.

1240. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім ораза тұтса, ол жаман сөздер айтпасын және даусын көтермесін, ал егер кімде-кім оны балағаттап ұрсысуға итермелесе, ондайға: «Расында, мен оразамын!», - десін.

Аль-Бухари, Муслим.

1241. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ораза кезінде адам өтірік айтуын және өтірік істерін тоқтатпайтын болса, онда Аллаһқа,

ондай адамның тамақ пен судан бас тартқанының керегі жоқ. **Аль-Бухари.**

224 ТАРАУ

Оразаға байланысты кейбір сұрақтар жайлы.

1242. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кімде-кім ұмытып тамақ жеп, су ішіп қоятын болса, онда оразасын соңына дейін жеткізсін, өйткені оны тамақтандырып және сусындатқан Аллаһтың Өзі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1243. Хабар бойынша, Ләқыт бин Сабыр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, маған қалай дәрет алу керек, (соны) үйретші», - дедім, - сонда ол: «Дәретті дұрыс ал, саусақтың

араларын жақсылап жу және егер ораза болмасаң мұрныға (су жіберіп) жақсылап жу⁶⁶⁷»
Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.

1244. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң ағаруын, әйелімен қосылып болған соң, (яғни) жүніп жағдайда қарсы алған болса, онда ғұсыл құйынып сосын ораза ұстайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1245. Хабар бойынша, Айша мен Умм Салама екеуі, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ораза кезінде таң ертең (әйелімен қосылу салдарынан) жүніп жағдайда тұрғаны бірнеше рет кездескен, сонда ол оразасын (үзбей) жалғастыратын. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁶⁶⁷ Яғни, ораза кезінде су жұтып қоймас үшін.

225 ТАРАУ

Мухаррам мен Шағбан және қасиетті айларда ораза ұстаудың қасиеттерін түсіндіру жайлы.

1246. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамаданнан кейін ораза үшін жақсы ай болып Аллаһтың мухаррам айы саналады, ал намаздардаың ішіндегі парыз етілген намаздан кейінгі ең жақсысы болып түнде орындалғандары саналады. **Муслим.**

1247. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оразаны шағбан айында ұстағандай, басқа ешбір айда ұстамайтын, кей-кездері шағбан айын толығымен ораза ұстап өткізетін⁶⁶⁸.

⁶⁶⁸ Бұл жерде шағбан айын толығымен ораза ұстап өткізетіндігі, не болмаса кішкене бөлігінен басқасының бәрін оразамен

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...әдетте ол шағбанның кіші бөлігінен басқасын, оразамен өткізетін. **Аль-Бухари, Муслим.**

1248. Хабар бойынша, Муджиб аль-Бахалий өзінің әкесінен, оның былай дегенін жеткізген:

Кезінде ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, сосын артынан (еліне) кетеді. Жыл өткен соң оны халі мен түрі өзгереді, сосын ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тағы келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, сен мені танымай тұрсың ба?», - дейді. (Сосын) ол: «Мен – саған жыл бұрын келіп кеткен аль-Бахилимін», - дейді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен әдемі едің, сені мұнша өзгеркен не?», - деп сұрады. Ол:

өткізетіндігі айтылып тұр. Ал бұл айда бұлай ораза ұстайтын себебі жайлы Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі былай деп айтқан: «Расында, бұл ай - амалдар тапсырылатын ай (яғни періштелер Аллаһқа, Оның құлдарының амалдарын тасырады), сондықтан мен амалдарымды тапсырғанда ораза болуды қалаймын».

«Сенімен қоштасқалы бері, мен тек түнде ғана ішіп жейтін болдым⁶⁶⁹», - деді. Бұнысына Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен өз-өзіңді қинадың!», - деді де, сосын: «Шыдамдылық айында⁶⁷⁰ ораза ұста да, сосын әр айда бір күннен ораза ұста», - деді. Аль-Бахили: «Маған және қос, расында, менің күшім жетеді», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Екі күннен ораза ұста», - деді. Аль-Бахили: «Маған қос», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Үш күннен ораза ұста», - деді. Аль-Бахили тағы да: «Маған қос», - деді – сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қасиетті айларда ораза ұста да, сосын оразаны тоқтат, қасиетті айларда ораза ұста да, сосын оразаңды тоқтат», - деп, үш саусағын алдымен біріктіріп, сосын саусақтарының араларын айырып үш саусағымен белгі көрсетті⁶⁷¹. **Абу Дауд.**⁶⁷²

226 ТАРАУ

⁶⁶⁹ Яғни, бұл адам үзбей жыл бойына ораза ұстаған.

⁶⁷⁰ Яғни, Рамадан айында.

⁶⁷¹ Яғни, қасиетті айларда қатарынан үш күн ораза ұста да, сосын үш күн ораза ұстама, сосын тағы да үш күн ораза ұста да сосын т.т. солай істей бер, дегені.

⁶⁷² Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**,

Зуль-хиджа айының алғашқы он күнінде ораза ұстаудың қасиеті жайлы.

1249. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Қайсы бір жақсы амал жасалмасын, Аллаһ Тағала олардың осы күні жасалғанын жақсы көреді», - деп зуль-хиджаның алғашқы он күні жайлы айтты. Сонда адамдар: «Сонда Аллаһ жолындағы Жихадты да ма?», - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ жолындағы Жихад та, әрине егер адам өзінің жанымен және дүниесімен Аллаһ жолында соғысып, онысын қайтадан алып келмеген адам жайлы айтылып тұрмаса⁶⁷³», - деді. **Аль-Бухари.**

227 ТАРАУ

⁶⁷³ Яғни, Аллаһ жолында соғысып өлген адамнан басқасының бәрі. Бұл жерде ондай адамның амалын Аллаһ Тағала қай уақытта жасаса да бәрінен жақсы көреді, дегені – **аударушыдан.**

**Арафа күні және «ашура» мен «тасуъа»⁶⁷⁴
күндері ораза ұстағанның қасиеттері
жайлы.**

1250. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ашура күні ораза ұстаудың қасиеті жайлы сұрағанда, оның былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл күнгі ораза өткен жылғы және келер жылғы жасалған күнәләрдің кешірілуіне себеп (өтем) болып табылады. **Муслим.**

1251. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзі Ашура күні ораза ұстайтын және басқаларға да соны бұйыратын.
Аль-Бухари, Муслим.

⁶⁷⁴ «Ашура» мен «тасуъа» – бұл мухаррам айының тоғызыншы және оныншы күндері.

1252. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ашура күнгі ораза жайлы сұрағанда ол: «Бұл күнгі ораза өткен жылдың күнәләрәнің кешірілуінің өтемі болып саналады», - деді. **Муслим.**

1253. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, ендігі жылға дейін тірі болсам, онда міндетті түрде тоғызыншы күні⁶⁷⁵ ораза ұстаймын.

228 ТАРАУ

Шаууаль айының алты күнінде ораза ұстағанның жақсылығы жайлы.

⁶⁷⁵ Яғни, мухаррамның тоғызыншы күні.

1254. Хабар бойынша, Абу Айиуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамадан айында ораза ұстап оған шаууальдің алты күнін қосса, онда ол үздіксіз ораза ұстағандай болады. **Муслим.**

229 ТАРАУ

Дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстағанның жақсылығы жайлы.

1255. Хабар бойынша, Абу Қатада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дүйсенбі күні ұсталған ораза жайлы сұрағанда, ол: «Мен бұл күні туылдым және осы күні адамдарға жіберілдім /не: ...осы күні маған алғашқы аяндар түскен/», - деп жауап берді. **Муслим.**

1256. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың амалдары дүйсенбі мен бейсенбі күндері Аллаһқа тапсырылады, сондықтан мен амалдарымның ораза болған кезімде тапсырылуын қалаймын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді. Муслим бұны ораза туралы айтпай келтіреді.**

1257. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрдайым дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстайтын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

230 ТАРАУ

Әр айда үш күннен ораза ұстаудың жақсылығы жайлы.

Бұл оразаны жарық күндері⁶⁷⁶, яғни әр айдың он үшінші, он төртінші және он бесінші күндері

⁶⁷⁶ Яғни, ай толық болған күндері - аударушыдан.

тұтқан жақсы⁶⁷⁷. Және он екінші, он үшінші және он төртінші күндер деп те айтылады, бірақта дұрысы алғашқысы.

1258. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Менің сүйікті досым⁶⁷⁸ айына үш күн ораза ұстауға, таңертең екі ракат таңертеңгілік (духа) намазын орындауға және ұйықтар алдында үтір намазын орындауды талап етті. **Аль-Бухари, Муслим.**

1259. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Менің сүйікті Пайғамбарым, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған үш нәрсені міндеттеді, олардан мен ешқешан тайынбаймын: ай сайын үш күннен ораза ұстауды, қосымша таңертеңгілік намаз оқуды және үтір намазын оқымайынша ұйықтамауымды (талап етті). **Муслим.**

⁶⁷⁷ Мұнда жаңа ай туғаннан бастап есептеледі - **аударушыдан.**

⁶⁷⁸ Досым деп жатқан адамы – Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

1260. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әр айда үш күннен ораза ұстау әрдайым ораза ұстағанмен тең. **Аль-Бухари, Муслим.**

1261. Хабар бойынша, Муъаз бин Адуийа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Айшадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ай сайын үш күндік оразаны ұстаушы ма еді?», - деп сұрағанымда – ол: «Иә», - деп жауап берді. Мен: «Оразаны айдың қай күнінен бастаушы еді?», - деп сұрағанымда – Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Ол бұл оразаны, айдың қай күнінен бастауына мән бермейтін», - деді.
Муслим.

1262. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер айына үш күннен ораза ұстағың келсе, онда оразаны айдың он үшінші, он төртінші және он бесінші күндері ұста. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1263. Хабар бойынша, Катада бин Мильхан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге айдың он үшінші, он төртінші және он бесінші күндері ораза ұстауды талап етті. **Абу Дауд.**⁶⁷⁹

1264. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ақ күндері (яғни ай толғанда) Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйде болса да, сапарда болса да ораза ұстайтын. **Бұл хадисті жақсы иснадпен ан-Насаи келтіреді.**

⁶⁷⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

231 ТАРАУ

Ораза ұстаушы адамға ауызын ашуға тамақ бергеннің жақсылығы, ораза ұстаушының жанында басқа біреудің тамақ жегенінің ораза ұстаушыға тиетін жақсылығы және тамақ берушіге айтылатын дұға жайлы.

1265. Хабар бойынша, Зайд бин Халид аль-Джухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ораза тұтқанды тамақтандырған, ораза ұстағанның сауабындай сауаб табады, сондай-ақ оның сауабы ораза ұстаушының сауабын кемітпейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1266. Хабар бойынша, Умм Омар аль-Ансарий, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіргенде, оған ас ұсынғанымда, (өзіме): «Же», - деді. Мен: «Расында, оразамын», - дедім. Сонда

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, періштелер ораза ұстаушының үйінде басқалар тамақ жегенде, олар тамақ жеп болғанша /не: ...тойынғанша/ ораза ұстаушыға игілік тілейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**⁶⁸⁰

1267. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Саъид бин Убайға келеді, сонда ол оған нан мен май береді де, ол оны жейді, сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын былай дейді: «Үйлеріңде ораза тұтқандар ауыз ашсын, астарыңызды ізгі-жақсылар жесін әрі періштелер сендерге игілік тілесін! /Афтара ындакумас-саъимуна, уә әкәлә таъмакумуль-абрару уас-сәләт ыаләйкумульмәләъикәту!⁶⁸¹»

Бұл хадисті Абу Дауд келтіреді.

⁶⁸⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁶⁸¹ Дұға араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №181 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

ҮЗДІКСІЗ МЕШІТТЕ БОЛУ ТУРАЛЫ КІТАП (КИТАП АЛЬ-ИЪТИҚАФ)

232 ТАРАУ

Үздіксіз мешітте болудың қастияеті жайлы.

1268. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданның соңғы он күнінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі босын, мешіттен шықпайтын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1269. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Рамаданның соңғы он күнінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі босын, үздіксіз мешітте болатын және бұл Аллаһ Тағала оның жанын алғанша жалғасты, ал одан кейін оның әйелдері де солай істейтін болды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1270. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әр-бір Рамадан сайын, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үздіксіз мешітте он күннен болатын, ал қайтыс болатын жылы жиырма күн болды. **Аль-Бухари.**

ҚАЖЫЛЫҚ КІТАБИ

233 ТАРАУ

Қажылықтың парыз екендігі

Және оның қасиеті жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Оның жолына шамасы келген кісілер, Аллаһ үшін Қағбаны зират ету (қажылық ету) керек. Ал кім қарсы клсе, Аллаһ барлық әлемнен бай». «**Аль-Имран**» сүресі, **97 аят.**

1271. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ислам бес діңгектен құралған: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік беру, намаз оқу, зекет төлеу, (Аллаһтың) Үйіне қажылық жасау және Рамадан айында ораза ұстау. **Аль-Бухари, Муслим.**

1272. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге құтпа айтып, сөздерінің арасында: «Иә адамдар! Аллаһ сендерге қажылықты парыз қылды, сондықтан қажылық жасаңдар!», - деді. Бір адам: «Жылда ма, иә Аллаһтың елшісі?», - деп сұрады – бірақ адам сұраған үш рет қайталағанша Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үндемеді, сосын, ол: «Егер мен: «Иә», - десем сендерге бұл міндетті түрде парыз болып қалады, бірақ сендер бұны істей аламайсыңдар ғой!», - деді. Сосын ол: «Мен сендерге айтпаған нәрселерім жайлы сұрамаңдар, өйткені, расында, сендерге дейін өмір сүргендерді, пағамбарларына көп сұрақтар қойып, сосын онымен келіспеушілік құртқан! Егер мен сендерге бір нәрсені істеудге өмір

етсем, одан қолдарыңнан келгенін істеңдар, ал бір нәрсеге тыйым салсам, одан бас тартыңдар!», - деді. **Муслим.**

1273. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қайсы амал ең жақсы саналады?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһқа және Оның елшісіне иман», - деді. Одан: «Ал содан кейін ше?», - деп және сұрады. Ол: «Аллаһ жолындағы күрес», - деді. Одан: «Ал содан кейін ше?», - деп және сұрады. Ол: «Мінсіз жасалған қажылық», - деп жауап берді.

Аль-Бухари, Муслим.

Мінсіз жасалған қажылық дегеніміз, ол қажылық кезінде ешбір күнәлі істерді жасамау.

1274. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын естідім: «Кімде-кім қажылығын, балағат (жаман) сөздер айтпай және бүкіл күнәлі әрі ұятсыз істер жасамай орындаса, (онда ол) үйіне анасынан

жаңа туған баладай (күнәсінен тазарып) оралады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1275. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әр-бір умрадан кейінгі умра, осы екінің арасындағы күнәлердің кешірілуіне себеп болады, ал мінсіз жасалған қажылық үшін Жәннәттан басқа сый болмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1276. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, біз Жихадты ең жақсы амал ретінде санаймыз, сондықтан біздің оған қатысқанымыз (дұрыс секлді) емес пе?», - деп сұрадым. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ сендер үшін⁶⁸² Жихадтың жақсысы болып мінсіз орындалған қажылық саналады», - деді. **Аль-Бухари.**

⁶⁸² Яғни, әйелдер үшін.

1277. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың Өзінің құлдарын оттан құтқарған күндерінің ішінде, Арафат күніндей күн жоқ.
Муслим.

1278. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рамадан айында умраны⁶⁸³ орындау қажылық орындағанмен тең /не... қажылықты менімен орындағанға тең/. **Аль-Бухари,**
Муслим.

1279. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір әйел: «Иә Аллаһтың елшісі, Аллаһ адамдарға қажылықты парыз етті, бірақ менің

⁶⁸³ **Умра** – Зуль-Хаджа айынан басқа уақытта орындалған қажылық, Оны кіші қажылық деп те айтады. Умраны орындағанның мойнынан қажылықтың парызы түспейді және умра парыз емес, дегенмен үлкен сауапты іс болып саналады – **аударушыдан.**

әкем кәртәйып өздігімен ерде отыра ламайды, сондықтан ол үшін мен қажылықты орындай аламын ба?», - деп сұрағанда, - Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1280. Хабар бойынша, Лақыт бин Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Брде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Расында, менің әкем не қажылыққа, не умраға, не басқа кез-келген сапарға шыдай алмайтын қаусаған шал», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Өзіңнің әкең үшін қажылық пен умраны орында», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1281. Хабар бойынша, Умм Омар аль-Ансарий, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен жеті жаста болғанымда әкем мені, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қоштасу қажылығын жасағанде, өзімен бірге алды. **Аль-Бухари. Муслим.**

1282. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Ар-Рухта керуен кездестіріп: «Неғылған адамдар?», - деп сұрады. Олар: «Мұсылманбыз», - деп, өздері: «Ал сен кімсің?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһтың елшісімін», - деді – сонда оған бір әйел өзінің баласын көтеріп: «Мынау қажылық жасай алады ма?⁶⁸⁴», - деп сұрады. Сонда ол: «Иә, ал саған бұл үшін сауап бар», - деді. **Муслим.**

1283. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қажылық сапарында, өзінің (жолда қоректенетін) тамақтарын артқан түйесінің ерінде отырып жылжитын. **Аль-Бухари.**

1284. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁶⁸⁴ Яғни, жас баланың қажылығы қабыл болады ма?, - деп тұр.

Жахілет⁶⁸⁵ заманы кезінде Указда, Мажанда және Зуль-Мажазда жәрмеңке ұйымдастырылатын, ал сосын Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қажылық кезінде жәрмеңкені күнәлі іс, деп санайтын, да сосын бұл мына аят түскенше жалғасты: «Сендерге Раббыларыңның кеңшілігін іздеулеріңнің (кәсіп етулеріңнің) оқасы жоқ...⁶⁸⁶»

ЖИХАД КІТАБИ

234 ТАРАУ

Жихадтың қасиеті жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай-ақ мүшріктер сендермен түгел соғысқандай сендер де олармен түгел соғысыңдар. Әрі расында, Аллаһ тақуалармен бірге екенін біліңдер». **«Тәубе» сүресі, 36 аят.**

⁶⁸⁵ Жахілет – Исламға дейінгі надандық заманы.

⁶⁸⁶ «Бақара» сүресі, 189 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерге сүйкімсіз болса да соғыс парыз қылынды. Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін хайырлы болуы мүмкін. Және сендер жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Аллаһ біледі сендер білмейсіңдер». «Бақара» сүресі, 216 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығындар. Сондай-ақ Аллаһ жолында малдарыңмен, жандарыңмен соғысыңдар. Осыларың сендер үшін хайырлы, егер білген болсаңдар». «Тәубе» сүресі, 41 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Күдіксіз Аллаһ мұминдердің жандарын, малдарын Жәннәтпен айырбастап алды. Олар Аллаһ жолында соғысады, өледі және өлтіреді. Бұған байланысты хақ уәде Тауратта, Інжілде және Құранда бар. Аллаһтан артық уәдесін кім орындайды? Ендеше бұл саудаласқан саудаларыңа қуаныңдар! Міне осы ірі қол жетушілік». «Тәубе» сүресі, 111 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мұминдерден себепсіз (соғысқа шықпай) отырушылармен Аллаһ жолында малдары

және жандарымен соғысушылар тең емес. Аллаһ малдарымен, жандарымен соғысушыларды дәрежеде арттырады. Сондай-ақ барлығына игілік уәде етті. Және соғысушыларды отырушылардан үстем кеңшілікке бөлеп, ірі сыйлық берді. Аллаһтан дәрежелер, жарылқау және мәрхемет бар. Аллаһ - Жарылқаушы, Мейірімді.». **«Ниса» сүресі, 95-96 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқратын бір сауда көрсетейін бе? Аллаһқа, елшісіне иман келтірсеңдер, малдарыңмен жандарыңмен Аллаһ жолында күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осыларың сендер үшін хайырлы. Күнәләріңді жарылқайды. Сендерге астарынан өзендер ағатын Пейіштерге, Ғадын жәннәттарындағы орындарға кіргізеді. Зор табыс осы. Тағы басқа сендер жақсы көретін бір нәрсе бар: Аллаһ жақтан бір көмек және жақын бір жеңіс бар, (осы хабармен) мүминдерді қуандыр.». **«Саф» сүресі, 10-13 аяттар.**

Бұл тарауға байланысты басқа да бәріне мәлім аяттар бар.

Ал хадистер жайлы айтатын болсақ олар санаусыз көп, солардың ішінде мыналар:

1285. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қай амал ең жақсы саналады?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһ пен Оның елшісіне иман», - деді. Одан: «Ал осыдан кейін ше?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһ жолындағы күрес», - деді. Одан (тағы да): «Ал осыдан кейін ше?», - деп сұрады. Ол: «Мінсіз орындалған қажылық», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1286. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, Аллаһ Тағала қай амалды бәрінен артық жақсы көреді?», - деп сұрадым. Ол: «Уақытылы орындалған намазды», - деп жауап берді. Мен: «Ал осыдан кейін ше?», - деп сұрадым. Ол: «Ата-анаға құрмет көрсетуді», - деді. Мен: «Ал осыдан кейін ше?», - деп сұрадым. Ол: «Аллаһ жолындағы күрес», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1287. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, қайсы амал ең жоғары бағаланады?», - деп сұрадым. Ол: «Аллаһқа иман мен Оның жолындағы күрес», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1288. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, таң ертең не кешке қарай (жасалған) Аллаһ жолындағы күрес, осы дүние мен осы дүниенің ішіндегісінен артық! **Аль-Бухари, Муслим.**

1289. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Адамдардың ішіндегі ең жақсысы кім саналады?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ жолында өзін де, өзінің

дүниесін де аямай күрескен иман келтіруші», - деді. Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ал одан кейін ше?», - деп сұрады. Ол: «Тау жоталарының бірінде Аллаһқа құлшылық ететін және онысымен адамдарды өзінің кесірінен сақтайтын иман келтіруші», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1290. Хабар бойынша, Сахл бин Саъд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында күзетте болған, осы дүние мен осы дүниенің ішіндегісінің бәрінен абзал, сондай-ақ Жәннәттағы сендердің қамшыларыңның орнындай жер, осы дүние мен осы дүниенің ішіндегісінің бәрінен абзал, сондай-ақ Аллаһ жолында өткізген таң ертеңгі уақыт немесе кешкіліктегі уақыт, осы дүние мен осы дүниенің ішіндегісінің бәрінен абзал! **Аль-Бухари, Муслим.**

1291. Хабар бойынша, Сальман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күні-түні Аллаһ жолындағы күзет, ай бойы намаз оқып ораза ұстағаннан артық, ал егер адам осы жолда өлсе, онда оның амалдары жалғаса береді⁶⁸⁷, сондай-ақ оның ризық-несібесі белгіленеді⁶⁸⁸ және азғырушыдан құтылады⁶⁸⁹. **Муслим.**

1292. Хабар бойынша, Фадаля бин Убайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында күзетте болғаннан басқаның бәрінің өлгеннен кейін амалдары тоқтатылады, өйткені, расында, Ахиретке дейін оның амалдары өсіп, ал өзі болса қабір азғыруынан құтылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1293. Хабар бойынша, Осман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁶⁸⁷ Яғни, сол уақыттағы амалдар, сол амалдар күнде жасалып жатқандай көбейіп отырады.

⁶⁸⁸ Яғни, Жәннәттағы ризық-несібесі белгіленеді.

⁶⁸⁹ Яғни, қабірдегі сұрақ-жауаптан құтылады.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында күзетте болғанның бір күні, басқа жерде болғанның мың күнінен артық⁶⁹⁰.
Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.

1294. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ, Оның жолында шайқасқа шаққанға кепіл болады және былай дейді: «Оны бұл іске, Маған және Менің елшілеріме деген сенімнен басқа еш нәрсе итермелемейді» - ал Оның кепілдігінің мәнісі келесіде, не Ол бұндай адамды Жәннәтқа кіргізеді, не болмаса оны суабымен және әскери олжасымен шыққан (жорыққа) аттанған үйіне қайтарады. Сондай-ақ Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, ол Аллаһ жолында қай бір жарақат алмасын, Ахиретте жараланғанда қандай күйде болса, дәл сол күйде болады: оның жарақаты қан түсті болады да, ал жұпар иісі хош иісті мускус болады. Сондай-ақ

⁶⁹⁰ Яғни, басқа құлшылықтың кез-келген түрінен мың есе артық.

Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, егер бұл мұсылмандарға қиыншылық туғызбаса, мен бірде-бір Аллаһ жолында соғысқа қатысушы жорықтың артында қалмас едім, бірақ менің олардың бәрін көлікке отырғызатын мүмкіншілігім жоқ, сондай-ақ олардың өздерінің де бұған шамалары келмейді, ал қалғандарына, менің аттанғаным ауыр тиеді. Сондай-ақ Мухаммадтың жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, расында, мен Аллаһ жолында соғысып өлуді, сосын тағы Аллаһ жолында соғысып өлуді, сосын тағы Аллаһ жолында соғысып өлуді қалар едем. **Бұл хадисті Муслим толығымен келтіреді, ал аль-Бухари бөлігін ғана келтіреді.**

1295. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, Ахиретте Аллаһ жолында жарақат алған кез-келген, жұпар иісі хош иісті мускустай, түсі - қан түсті қансыраған жарасымен келеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1296. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кез-келген адам Аллаһ жолында түйе сауым уақыттай соғысса да оның сауабы міндетті түрде Жәннәт болады, ал Аллаһ жолында жарақат алған /не... қасыретке ұшыраған/, Ахиретте жарақатын жаңа ғана алғандай болып келеді, ал ол жарақаттың түсі запыран түсті болады, ал жұпар иісі мускустің жұпар иісіндей болады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дәуд «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1297. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларының бірі дәмі тәтті бұлақтың көзі бар сайдың жанынан өтіп, ол сай оған ұнап қалады да, ол өз-өзіне: «Осы сайда өзіммен-өзім адамдардан оңашалансам, бірақ бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, рұқсат бермейінше ешқашан олай істемеймін!», - дейді. Сосын ол бұл ойын Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын

айтады да, ол: «Олай істеуші болма, өйткені, расында, сендерден кез-келгеніңнің Аллаһ жолында болуларың үйлеріндегі жетпіс жыл бойы оқыған намаздарыңнан артық! Аллаһтың сендерді кешіріп Жәннәтқа кіргізуін қаламайсыңдар ма? Аллаһ жолында шайқасыңдар, өйткені кез-келген Аллаһ жолында түйе сауым уақыт аралығындай болса да шайқасқанның сауабы (сыйы) - Жәннәт. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1298. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, игілікті істердің қайсысы жихадпен теңесе алады?”, - деп сұрады. Жауап ретінде ол: “Ол, сендер орындай алмайтын іс”, - деді. Осыдан кейін олар сұрақтарын екі, не үш рет қайталады, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әр қайсысына: “Ол, сендер орындай алмайтын іс”, - деп айтып отырды да, сосын: “Аллаһ жолында шайқасушы - намаз оқитын, ораза ұстайтын, Құран аяттарын оқитын (адам), Аллаһ жолында шайқасушы оралғанша, үздіксіз ораза ұстап, үздіксіз намаз

оқығанмен тең. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.**

Бұл хадистің аль-Бухари Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, аоқылы келтірген нұсқасында былай делінеді:

Бірде бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, маған жихадқа тең келетін амалды нұсқашы?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен саған ондай амалды таба алмаймын», - деді де – сосын: «Жихадқа қатысушы шайқасқа кетісімен (ол оралғанша), сен өзіңінің мешітіңе барып босамастан намаз оқып және аузыңды ашпастан ораза ұстай алар ма едің?», - деп сұрады. Сонда әлгі адам: «Бұған кімнің шамасы келмек?», - деп (таңырқады).

1299. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өмір сүрудің жақсы үлгісі болып, Аллаһ жолында атының тізгінін бекем ұстап, қай жерден жан түршігерлік шу шықса⁶⁹¹ сол жерге

⁶⁹¹ Яғни, соғыс алаңындағы жан түршігерлік айғай-шу.

қарай соғыс іздеп не болмаса өлімді табатын жерінен өлім іздеп⁶⁹², ұшатын (яғни шабатын) адамның өмірі жатады. Не болмаса (жақсы өмір үлгісіне), өзінің азын-аулақ қойларымен сол биіктіктерде немесе жазықтықтарда, өзінің намазын оқып, зекетін төлеп, өзінің Раббына өлім келгенше құлшылық етіп, ал адамдармен тек қана игілікті істерімен ғана араласатын адамның өмірі жатады. **Муслим.**

1300. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың, Жәннәтта Аллаһ жолында шайқасқандар үшін әзірлеген жүз сатылы дірежелері бар, сол дәреженің бір сатысынан екінші сатысына дейінгі аралық жер мен көктей. **Аль-Бухари.**

1301. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

⁶⁹² Яғни, Аллаһ жолында соғысып шаһид болып Жәннәтқа кіру үшін.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Аллаһқа - Құдай ретінде, Исламға – дін ретінде, ал Мухаммадқа елші ретінде риза болса, оған міндетті түрде, сауап (сый) ретінде Жәннәт бұйырады⁶⁹³.

Сонда Абу Саъидқа бұл сөздер ұнап: «Бұл жайлы қайталашы, иә Аллаһтың елшісі», - дейді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол сөздерді қайталап, былай дейді: «Жәннәтта жүз сатылы дәреже бар, олардың сатылырының арасы жер мен көктей». Сонда Абу Саъид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Сонда ол не?», - деп сұрайды. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ жолындағы күрес, Аллаһ жолындағы күрес!», - деп жауап береді. **Муслим.**

1302. Хабар бойынша, Абу Бакр бин Абу Муса ал-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, әкесінің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жаумен бетпе-бет кездескенде, былай деп айтқанын естіген:

⁶⁹³ Бұл жайлы «Мұсылман қорғаны» кітабінде №87 дұғада бар – аударушыдан.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Расында, Жәннәттің қақпасы сендердің қылыштарыңның көлеңкеснде!»

Осыны естіген киімі тозық бір адам орнынан тұрып: «Иә Абу Муса, сен шынымен-ақ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, солай айтқанын естідің бе?», - деп сұрады. Ол: «Иә»? – деп жауап берді. Сонда ол адам өзінің жолдастарына оралып: «Мен сендерге: «Ас-Саламуалейкум», - деп айтуға келдім», - деді де, сосын қылышының қынабын сындырып шетке лақтырып тастады да, жауға лап беріп өлгенше шайқасты.

Муслим.

1303. Хабар бойынша, Абу ьАбс Абд ар-Рахман бин Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аяғы, Аллаһ жолында шаң басқан құлды, ешқашан от шалмайды. **Аль-Бухари.**

1304. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан қорқып жылаған адам, сауылған сүт қайтадан желініне кірмейінше, ол да отқа кірмейді⁶⁹⁴ және Аллаһ жолындағы шаң мен Тозақ отының түтінінің бір бірімен қосылуы мүмкін емес⁶⁹⁵. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1305. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі көзді От шалмайды: Аллаһтан қорқып жылаған көзді және түнді Аллаһтың жолындағы күзетте өткізген көзді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1306. Хабар бойынша, Зайд бин Халид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁶⁹⁴ Яғни сауылған сүттің желініне қайта кірмеуі мүмкін болмағандай оның да отқа түсуі мүмкін емес.

⁶⁹⁵ Яғни, Аллаһ жолында шайқасқан адамның отқа түсуі мүмкін емес, дегені, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

Аллаһ жолындағы жорыққа жауынгерді саймандаған, жорыққа өзі қатысты⁶⁹⁶, сондай-ақ жорыққа аттанғанды, жанұясындағы тіршілікте ауыстырған жорыққа қатысты. **Аль-Бухари, Муслим.**

1307. Хабар бойынша, Абу Умама аль-Бахили, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ең жақсы амалдар болып мыналар саналады: Аллаһ жолындағы шатырдың көлеңкесіне беру⁶⁹⁷, сондай-ақ Аллаһ жолында қызметшімен қамтамасыздау⁶⁹⁸ және боталайтын ересек түйені Аллаһ жолына беру. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1308. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аслам руынан бір жас жігіт: «Иә Аллаһтың елшісі, мен жорыққа қатынасым

⁶⁹⁶ Яғни, ондай адам жорыққа қатысқандай сауаб табады.

⁶⁹⁷ Яғни, Аллаһ жолындағы жауынгерді жабдықтау.

⁶⁹⁸ Яғни, әскери жорыққа адам жалдау.

келеді, бірақ менің оған қажетті ешнәрсем жоқ», - деді. Ол: «Жорыққа дайындалып, бірақ ауырып қалған пәленшеге бар», - деді. Жігіт ол адамға барып: «Саған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған бүкіл жорыққа дайындаған саймандарыңды беруді айтып жатыр», - деді. Сонда ол адам (әйеліне): «Иә пәленше, мен дайындағанның бәрін мынаған бер де, одан ешнәрсе қалдырма, Аллаһтың атымен ант етемін, ешнәрсе қалдырма, сонда Аллаһтан игілік табасың!», - деді. **Муслим.**

1309. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бану лихйан руына қарсы әскери жорық дайындап жатып былай деді: «Екі ер адамның бірі аттансын, ал саубы екеуіне бөлінеді. **Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Әр-бір екі ер адаманың бірі аттансын», - деді де, қалған адамдарға былай деді: «Сендерден кез-келгенің жорыққа аттанғанды, жанұясын игілікті істер істеп ауыстырса, саубтың жартысына ие болады».

1310. Хабар бойынша, Аль-Бара, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, беті темір (сайманмен қорғалған) жабылған бір адам келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, маған бірінші шайқасып, сосын Ислам қабылдаған дұрыс болады ма?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бірінші Ислам қабылда да, сосын шайқас», - деді. Ол адам Ислам қабылдап шайқасқа шықты да, сол шайқаста қаза тапты. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол аз істеп көп сауб тапты», - деді. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде аль-Бухаридің нұсқасы беріліп тұр.**

1311. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің,

оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шахидтерден басқа, Жәннәтқа кіргендерден ешқайсысы, егер оған жердегі (дүниенің) бәрі ұсынылса да, бұл дүниеге оралғысы келмейді. Тек шахидтер ғана, оған көрсетілген құрметті көріп, бұл дүниеге оралып (Аллаһ жолында) он рет қаза болғысы келеді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...шахид өлімнің дәрежесін көріп.

1312. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ шахидке өтелмеген қарызынан басқаның бәрін кешіреді. **Муслим.**

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, была деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһ жолындағы өлім, өтелмеген қарыздан басқа барлық күнәнің кешірілуінің себебі болады.

1313. Хабар бойынша, Абу Катада аль-Харис бин Рибъи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздің алдымызда ең жақсы амалдар - ол Аллаһ жолындағы күрес және Аллаһқа иман екендігін құтпасының арасында айтып өтті. Бұны естіген бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы, егер мені Аллаһ жолында өлтірсе, бұл менің күнәләрімнің кешірілуіне себеп болады ма?», – деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, егер сен сабыр сақтап, Аллаһтың сыйынан үміт етіп және артқа шегінбей тек қана алға ұмтылып, Аллаһтың жолында өлген болсаң», - деді. Біраз уақыт өткеннен кейін, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әлгі адамнан: «Сен не дедің?», – деп сұрады. Ол тағы да: : «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы, егер мені Аллаһ жолында өлтірсе, бұл менің күнәләрімнің кешірілуіне себеп болады ма?», – деді. Бұл жолы Аллаһтың елшісі, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә, егер сен сабыр сақтап, Аллаһтың сыйынан үміт етіп және артқа шегінбей тек қана алға ұмтылып, Аллаһтың жолында өлген болсаң, бірақта сенің қарызың болмау керек, расында бұл жөнінде маған Жәбірейіл хабар берді», - деді. **Муслим.**

1314. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, егер мен өлсем қайда боламын?⁶⁹⁹», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жәннәтта», - деп айтты. Сонда ол адам қолындағы жеп тұрған құрмасын лақтырып жіберді де, шайқасқа кіріп кетіп сонда қаза тапқанша шайқасты.

1315. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және оның сахабалары жолға аттанып Бадырға көпқұдайшылдардан ерте келді, ал көпқұдайшылдар көрінген кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен

⁶⁹⁹ Бұл Ухуд соғысы кезінде болған оқиға.

сәлемі болсын: “Сендерден ешқайсысың менен бұрын ештеңе жасаушы болмасын!⁷⁰⁰”, - деді. Көпқұдайшылдар жақындаған уақытта Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Ені жер мен көкке тең Жәннәтқа асығындар”, - деді.

Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, сөзін былай жалғастырды:

Умайр бин аль-Хумам аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, шынымен-ақ Жәннәттің ені жер мен көкке тең бе?!», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә!», - деп жауап бергенде, Умайр: «Тамаша, тамаша!» - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен неге: «Тамаша, тамаша!», - деп жатырсың?», - деп сұрады. Умайр: «Иә Аллаһтың елшісі, Аллаһтың атымен ант етемін, мен солардың бірінің тұрғыны боламын ба, деп үміттенгенімнен!», - деді. Оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, сен соның тұрғандарының бірі боласың!», - деді. Сонда Умайр қорамсабынан құрмалар алды да, оларды же бастап, аз уақыттан соң: «Расында, егер мен

⁷⁰⁰ Яғни, менің бұйрығымсыз ешнәрсе істеуші болмаңдар.

құрмаларымды жеп болғанша өмір сүрсем, менің өмірім тым ұзақ болып кетеді!», - деп өзінде бар құрмаларды лақтырып тастап, соғысқа кіріп кетті де, қаза болғанша шайқасты.

Муслим.

1316. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адамдар келіп: “Бізге, бізді Құранға және Сүннетке үйрететін адмдар жіберші”, - деді де, Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға ансарлардың ішінен Құран қарилары, деп атайтын жетпіс адам жібереді, олардың ішінде менің нағашым Харам да болды. Бұл адамдар бірге Құран оқып, түнде оны зерттейтін, ал күндіз мешітке су әкеліп қоятын. Сондай-ақ олар отын жарып оны сатып, тапқан ақшаларына тамақ алып оны перде арты тұрғындары мен кедейлерге беретін. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға, сол қариларды жібереді, бірақта жолда оларға жау шауып, олар көздеген жерлеріне жеткенше өлтіріледі⁷⁰¹, сонда олар өлер алдында: “Иә

⁷⁰¹ Қариларға, оларды өздеріне шақырған Амір бин Туфайл басқарған ру шапқан.

Аллаһ, біз Сені кездестіріп Саған риза болғандығымызды және Сенің бізге риза болғандығыңды, біздің Пайғамбарымызға хабарла!”, - деп айтып қаза болады.

Осы хадисті жеткізуші былай деді:

Бір адам Анастың нағашысы Харамның артынан келіп найзамен шаншиды, сонда ол: «Қағбаның Раббысының атымен ант етемін, мен табсықа кенелдім!», - деді. Ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, сендердің бауырларыңды өлтірді жене, расында, олар: “Иә Аллаһ, біз Сені кездестіріп Саған риза болғандығымызды және Сенің бізге риза болғандығыңды, біздің Пайғамбарымызға хабарла!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.**

1317. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде менің Бадр соғысына қатыспаған, әкеммен бауырлас ағам, Анас бин ан-Надр, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, мен сенің көпқұдайшылдармен соғысқан бірінші шайқасыңа қатысқан жоқпын, бірақ Аллаһтың

атымен ант етемін, егер Аллаһ маған олармен шайқасуға нәсіп етсе, менің олармен не істейтінімді Аллаһтың өзі көреді”, - деді.

Артынан Ухуд соғысында, мұсылмандар өздерінің орындарынан кете бастағанда, ол (нағашым), орындарынан кетіп жатқандар жайлы: “Ия Аллаһ, бұлардың осылай істеп жатқандары үшін кешірім сұраймын және Менің олардың істеп жатқандарына қатысым жоқ екендігіне, Сені куәлікке шақырамын!”, – деп айқайлады. Ол осыны айтты да алдыға қарай жылжып, алдынан кезіккен Саъд бин Муъзға: “Иә Саъд бин Муъз, Мен Жәннәтқа және Қағбаның Раббына және ан-Надырдың Раббына асығамын! Ақиқат, мен оның аңқыған жұпар иісін Ухуд жақтан сезінемін. Артынан (бұл жайында) Саъд: “Иә Аллаһтың елшісі, мен оның істегенін істей алмадым!”, – деді.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Ал соғыстан соң біз оны, көпқұдайшылдардың оның түрін қатыгездікпен бұзып тастаған өлі күйінде таптық. Сонда оның денеснен қылыш, найза және садақтың оғынан болған жетпістен астам жараны санап шықтық. Оны бұл күйінде апасы ғана саусақтарынан таныды.

Анас сөзін былай жалғастырды:

Жоғарыдан түсірілген мына аят сол және соған ұқсас адамдар жайлы болды деп ойлады: «Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады.» (**«Ахзап» сүресі, 23 аят) аль-Бухари, Муслим.**

1318. Хабар бойынша, Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде түнде түсімде, маған екі адам келіп мені мына ағашқа отырғызып бұдан да тамаша және әдемілігінен бұдан әдемі үйді көрмеген, үйге алып кірді. Сосын маған: “Бұл үй жайлы айтатын болсақ, бұл үй шахидтердің үйі”, - деді. **Аль-Бухари. Бұл хадис, көптеген басқа да мәліметтер келтірілген ұзын хадистің бөлігі болып табылады, егер Аллаһ қаласы оны толығымен “Өтірікке тыйым жайлы тарауда” келтіреміз.**

1319. Хабар бойынша, Анас бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Харис бин Сурактың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, шешесі болған, Умм ар-Рубаййи бинт аль-Бара, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, маған Харис жайлы айтасың ба?», - деді, ол Бадрдағы соғыс болған күні қаза болған болатын – «Егер ол Жәннәттан орын тапқан болса, онда мен шыдамдылық танытамын, ал егер олай болмаса, онда мен тоқтамастан жылаймын!» Оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Харистің анасы, расында, Жәннәтта көптеген бақтар бар, расында, сенің ұлыңа аль-Фирдауыстан ең құрметті орны бұйырды!⁷⁰²», - деді. **Аль-Бухари.**

1320. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Имансыздардың қолынан қаза тапқан және олар ұсқынын қанішерлікпен бүлдірген әкемді

⁷⁰² Басқаша айтқанда, Жәннәттің ең жақсы орны.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдына алып келіп қойған кезде, мен келіп оның бетінен киімді көтергім келді. Менің руластарым маған бөгет жасамақшы болды, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Періштелер әлі оның жүзін нұрлап жатыр», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1321. Хабар бойынша, Сахл бин Хунайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһтан шын жүректен Аллаһ жолында қаза болуды сұраса, Аллаһ оны, ол төсегінде өлсе де міндетті түрде шахидтердің дәрежесіне жеткізеді. **Муслим.**

1322. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім шын жүректен Аллаһ жолында өлуді сұраса, ол шахид болып өлмесе де, оған шахид болып өлгеннің саубы беріледі. **Муслим.**

1323. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өлім аузындағы қиыншылықты айтатын болсақ, онда шахид (құмырсқаның) тістеуіндей ғана ауртпашылық сезінеді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1324. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Абу Ауф, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жауларды кездестіргенде, күн батуға тақалғанша күтті де сосын адамдардың арасында тұрып оларға: «Иә адамдар, дұшпандарыңмен кездесуді қаламандар, Аллаһтан құтылуды сұраңдар, ал егер олармен кездескен болсаңдар, онда Жәннәттің, сендердің қылыштарыңның панасында екенін біліңдер!», - деді.

Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Кітап Түсіруші, бұлттарды қимылға
Келтіруші, рулар одағын Жеңуші, иә Аллаһ,
оларды талқандап, бізді жеңіске алып кел!
/Аллаһумма Мунзиләль-китаби, уа Мужрйиас-
сахаби, хазимиль-ахзаби-һум уа ансурна
ъалей-һим!⁷⁰³ **аль-Бухари, Муслим.**

1325. Хабар бойынша, Сахл бин Саъад,
оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол
Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен
сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі дұға қайтарылмайды /...не өте аз
қайтарылады/: намазға шақырып азан айтқанда
оқылған дұға және жаумен бетпе-бет кездескен
уақытта айтылған дұға. **Бұл хадисті сенімді
иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1326. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың
ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әскери жорыққа аттанып жатып Аллаһтың
елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі
болсын, былай дейтін: “Иә Аллаһ, маған көмек
көрсетуші Сенсің және Сен – Менің

⁷⁰³ Араб әріптерімен осыған ұқсас дұға «Мұсылман қорғаны»
кітапшасында №131 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Қорғаушымсың, Сенің көмегіңмен ғана жылжимын, Сенің көмегіңмен ғана шабамын және Сенің көмегіңмен ғана шайқасамын!” /Аллаһумма, Анта ғабуди, уа Анта насыри, бика ахулю, уа бика асулю, уа бика акатилю!/
Бұлхадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

1327. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біреуден қауіптенген болса былай дейтін: «Иә Аллаһ, біз Сені оларға қарсы көмекке шақырамыз және Саған Олардың зұлымдығынан сыйынамыз!» / Аллаһумма инни наджъалюка фи нухри-һим уа наъзузу бикә мин шурури-һим!/⁷⁰⁴ **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1328. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷⁰⁴ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінде №126 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Ахиретке дейін жылқылардың кекілінен игілік /хайыр/ кетпейді⁷⁰⁵. **Аль-Бухари, Муслим.**

1329. Хабар бойынша, Урва аль-Барик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретке дейін жылқылардың кекілінен, о дүние үшін сауаб және осы дүние үшін әскери олжа әкеліп игілік кетпейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1330. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте Аллаһқа иман келтіріп және Оның уәдесіне сеніп Аллаһ жолында жылқы ұстағанның Таразысына, сол (жылқының) бүкіл жегені мен ішкені және оның қиы мен несесі (зәрі) салынады. **Аль-Бухари.**

1331. Хабар бойынша, Абу Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁷⁰⁵ Яғни, Аллаһ жолындағы күреске арналған жылқылардан о дүние үшін сауаб, ал осы дүниеде әскери олжа бар, дегені.

Бірде бір адам Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ноқталы түйе алып келді де: «Мен мына түйені Аллаһ жолына беремін», - деді, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ахиретте бұл үшін саған жеті жүз түйе болады және олардың әр қайсысы ноқталы болады!», - деді. **Муслим.**

1332. Хабар бойынша, Абу Хаммад (сондай-ақ оның лақаб есімін – Абу Сауъад, сондай-ақ – Абу Әмір, сондай-ақ – Абу ЫАмир, сондай-ақ – Абуль-Асуад, сондай-ақ – Абу ЫАбс, делінеді), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің мінберде тұрып былай деп айтқанын естідім: «Және оларға қарсы қанша күш жинай аласыңдар, сонша күш жинаңдар, ал күш жайлы айтатын болсақ, онда, расында, ол - атыста, расында, ол - атыста, расында, ол – атыста!» **Муслим.**

1333. Хабар бойынша, Уқба бин Әмір аль-Джухфани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге көп жерлер беріледі және Аллаһ сендерді дұшпандарыңнан қорғайды, сондықтан сендерден ешқайсысың садақтарымен ойнауларын (шынығыуын) қоймасын! **Муслим.**

1334. Хабар бойынша, Уқба бин Әмір аль-Джухфани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Садақтан оқ атып үйреніп, содан кейін одан бас тартқан адам бізден емес /...не болмаса бағынбаушылық танытты/. **Муслим.**

1335. Хабар бойынша, Уқба бин Әмір аль-Джухфани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, бір оқ (жебе) үшін Аллаһ үшеуді Жәннәтқа кіргізеді: оны игіліктен үміттеніп жасағанды, оны атқанды, сондай-ақ оны

атушыға берушіні. Садақтан оқ атыңдар және көлікпен жүріңдер, дегенмен сендердің атуларыңды көлікпен жүргендеріңнен артық жақсы көремін. Ал садақтан оқ атып үйреніп сосын оны қаламай бас тартқан адам жайлы айтатын болсақ, онда ол мейірімнен бас тартты /не: ...ол үшін алғысын айтпады/ **Абу Дауд.**⁷⁰⁶

1336. Хабар бойынша, Салама бин аль-Ақуа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бріде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оқ атумен жарысып жатқан адамдардың жанынынан өтіп бара жатып: «Атыңдар, иә Исмайылдың балалары, өйткені сендердің әкелерің атқыш болған!», - деді. **Аль-Бухари.**

1337. Хабар бойынша, Әмір бин Абс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷⁰⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Аллаһ жолында оқ атқанның оғы құл азат еткенмен тең. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1338. Хабар бойынша, Абу Йахй Хурайм бин Фатик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында бір нәрсе жұмсағанға, ол үшін жеті жүз есе жазылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1339. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында күні бойы ораза ұстағанның жүзін, Аллаһ міндетті түрде, сол күн үшін Оттан жеті жүз жылға алыстатады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1340. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ жолында күні бойы ораза ұстағанның жүзін, Аллаһ Тозақтың жалынынан, ұзындығы көк пен жердей ормен бөледі. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1341. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім Аллаһ жолында шайқаспай, не болмаса өзіне Аллаһ жолында шайқасу керектігін айтпай (ойламай) өлсе, онда ол екі жүзділіктің бір көрініснен арылмай өлгені. **Муслим.**

1342. Хабар бойынша, Абу Абдаллаһ Жабір бин Абдаллаһ аль-Ансари, олардың екеуіне де Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге қатысқан бір жорықта, ол былай деді: “Шын мәнінде, сендер қай жолмен жүрсеңдер де, қандай қырдан ассаңдар

да, Мединалықтардың арасында ауырып жорыққа шыға алмағандар, бәрібір сендермен бірге болды.

Бұл хадистің басқа хабарында оның былай деп айтқаны келтіріледі:

"...әрдайым сендермен бірге сауабты бөлісіп отырды". **Муслим.**

Аль-Бухаридің Анастан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген хабарында, оның былай деп айтқаны келтіріледі:

Біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук соғысынан қайтып келе жатқанымызда, былай деді: "Шындығында, біздің артымызда, Мединеде орынды себептермен қалған адамдар бар, бірақта олар біз қайсы бір таулы жолмен жүрсек те, қай бір қырдан ассақ та олар бізбен бірге болды"⁷⁰⁷.

1343. Хабар бойынша, Абу Муса Абдуллаһ бин Каис аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁷⁰⁷ Бұл хадистің мағынасы, артта қалған Мединеліктер ізгі ниетте, яғни мүмкіншілігі болса соғысқа қатысу ниетінде болғандықтары үшін, оларға соғысқа қатысқандардың сауабы жазылған - аударушыдан

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір бәдәуи: “Иә Аллаһтың елшісі, бір адам әскери олжа үшін соғысады, басқасы атақ үшін, ал үшіншісі көрер-көзге...”

Бұл хадистің Сахихтердің екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында, ол бәдәуи былай дейді:

...біреу өзінің батырлығы үшін шайқасады, әлде біреу ашу-ыза ықпалымен шайқасады, тағы біреу ынтасымен⁷⁰⁸ шайқасады...

Бұл хадистің үшінші бір нұсқасында, бәдәуидің былай дегені айтылады:

“...бұлардың бірі ашу-ыза ықпалымен шайқасады, сонда бұлардың қайсысы Аллаһ жолында саналады?”, - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жауап берді: “Кім Аллаһтың сөзі жоғары болу үшін шайқасса, сол Аллаһтың жолында соғысқан болады.” **Аль-Бухари, Муслим.**

1344. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы

⁷⁰⁸ Туған-туысқандар үшін, деп те аударылуы мүмкін.

болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кез-келген жорықтың жауынгерлері сапарға шығып әскери олжаны алып түссе (аман есен келсе), оларға уәде етілген сыйдың үштен бірін алдын-ала (осы өмрлерінде-ақ) алады, ал кез-келген жорықтың сапарға шығып сәтсіздікке ұшырыған не болмаса жолы болмаған жауынгерлері жайлы айтатын болсақ, онда олар, өздеріне уәде етілген сыйды (сауабты) толығымен алады⁷⁰⁹. **Муслим.**

1345. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам: “Иә Аллаһтың елшісі, маған сапарға шығуға рұқсат берші”, - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын; “Расында менің үмметім үшін сапар - ол Ұлы Аллаһ Тағалаының жолындағы күрес!”, - деді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

⁷⁰⁹ Яғни, егер олар осы жолда қаза болса, не жарақат алса, о дүниеде саубтарын толығымен алады.

1346. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Оралу әскери жорыққа тең. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

Бұл жерде біткен соң әскери жорықтан оралу жайлы айтылып жатыр. Яғни, әскери жорықтан оралғанның сауабы, сол жорыққа қатысқанның сауабымен тең, ол екеуі үшін де сауаб табады.

1347. Хабар бойынша, Ас-Саъиб бин Йазиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Табук жорығынан оралған кезде адамдар оны қарсы алып жатты, ал мен болсам оны басқа балалармен Санийат ал-Уадаъта⁷¹⁰ қарсы алдым. **Бұл хадисті дәл осы күйінде сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

Бұл хадисті аль-Бухари да келтіреді. Оның нұсқасында Ас-Саъиб бин Йазиб, оған

⁷¹⁰ Мединаның жанындағы жердің аты.

Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді:

Біз басқа балалармен бірге Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарсы алуға Санийат ал-Уадаъқа бет алдық.

1348. Хабар бойынша, Абу Умама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім әскери жорыққа өзі қатыспаса, не болмаса сондай жорыққа қатысушыны саймандамаса, не болмаса олардың жанұясына көмек жасамаса, Аллаһ (ондайларға) Ахирет күні келгенше апат жібереді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1349. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көпқұдайшылдармен өздеріңнің
дүниелеріңмен шақасыңдар, өздерің

шайқасыңдар және тілдеріңмен шайқасыңдар.
Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

1350. Хабар бойынша, Абу Әмір (сондай-ақ оның лақаб атын Абу Хаким, деп те айтады), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шайқасты күннің басында бастамай, оны күн ұясына қарай жылжығанша және жел көтерілгенше шегергенін көрдім, сонда оған көмек жіберілетін. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1351. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дұшпандарыңмен жолығуды қаламаңдар және Аллаһтан құтылуды сұраңдар, ал егер олармен кездесуге мәжбүр болсаңдар, онда шыдамдылық танытыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1352. Хабар бойынша, Абу Хурайра және Жәбір, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Соғыс – ол алдау⁷¹¹. **Аль-Бухари, Муслим.**

235 ТАРАУ

О дүниеде шахидтердің дәрежесіне жететін адамдар жайлы, сондай-ақ ондай адамдардың шахидтерден өзгешелігі жерлегенде жуып жаназа намазы оқылатындығы жайлы.

1353. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бесеуі шахид саналады: обадан өлген, іш ауыруынан өлген, суға батқан, үйдің құлауынан

⁷¹¹ Яғни, әскери тәсілдердің бірі соғыста қарсыласты алдау.

өлген және Аллаһ жолында өлген. **Аль-Бухари, Муслим.**

1354. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларынан: “Сендер кімді шахид санайсыңдар?”, - деп сұрады. Олар: “Иә Аллаһтың елшісі, кімді Аллаһ жолында өлтірсе, сол шахид саналады”, - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Онда менің үмметімде шахидтер аз болады!”, - деді. Олар: “Онда олар кімдер, иә Аллаһтың елшісі?”, - деп сұрады. Ол: “Аллаһ жолында өлтірілген шахид саналады, Аллаһ жолында өлген шахид саналады⁷¹², сондай-ақ обадан өлген шахид саналады, сондай-ақ іш ауруынан өлген шахид саналады, және суға батып өлген шахид саналады”, - деді. **Муслим.**

1355. Хабар бойынша, Абдуллаһ бмн Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың

⁷¹² Яғни, өлімін өзі тапқан, мысалыға (Аллаһ жолындағы соғыста) аттан құлап өлген.

игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің дүниесін қорғап өлген кез-келген шахид саналады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1356. Хабар бойынша, Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жәннәт туралы қуанышты хабарды естіген он адамның бірі Абуль Аъвар Саъид бин Зайд бин Әмір бин Нуфайль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімді өзінің дүниесін қорғап жатқан кезінде өлтірсе шахид саналады, сондай-ақ кім өзінің өмірін қорғап жатып өлсе шахид саналады, сондай-ақ кім өзінің дінін қорғап жатып өлсе шахид саналады, сондай-ақ кім өзінің жанұясын қорғап жатып өлсе шахид саналады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1357. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Иә Аллаһтың елшісі, маған айтшы, егер маған біреу келіп менің дүниемді тартып алмақшы болса, мен не істеуім керек?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Оған дүниенді берме”, - деді. Адам: “Ал егер ол маған тап берсе ше?”, - деді. Ол: “Онымен шайқас”, - деді. Адам: “Айтшы, ал егер ол мені өлтірсе?”, - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Онда сен шахид боласың”, - деді. Адам: “Ал егер мен оны өлтірсем ше?”, - деп сұрады. Ол: “Онда ол Тозаққа түседі”, - деді. **Муслим.**

236 ТАРАУ

Құл босатудың (азат етудің) қасиеті жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сонда ол кедергіні асуға тырыспады. Кедергінің не екенін қайдан білесің? Ол, құл азат ету.» **«Бәләд» сүресі, 11-13 аяттар.**

1358. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі. Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деді: “Егер кімде-кім құл азат етсе, Аллаһ сол құлдың әр-бір дене мүшесі үшін оның дене мүшесін Оттан азат етеді, керек десеңіз ұятты жерлері үшін ұятты жерлерін”. **Аль-Бухари, Муслим.**

1359. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә, Аллаһтың елшісі, қандай амал ең жоғары саналады?”, - деп сұрадым. Ол: “Аллаһқа иман және Аллаһ жолындағы күрес”, - деді. Мен: “Ал қандай құл бәрінен жақсы?⁷¹³”, - деп сұрадым. Ол: “Иелері ең жоғары бағалайтын және иелеріне ең қымбат түскендері”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

237 ТАРАУ

⁷¹³ Яғни, қандай құлды босатқаннан көп сауап бар, деп сұрап жатыр.

Құлға жақсылық көрсетудің қасиеті жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астындағыларға⁷¹⁴ жақсылық қылыңдар...»» **«Ниса» сүресі, 36 аят.**

1360. Хабар бойынша, аль-Маърур бин Суайд былай деді:

Бірде мен құлының киіміндей киім киіп алған Абу Зарды, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, көріп, одан оның себебін сұрадым, сонда ол маған Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өмірі кезінде бір адамды шыққан тегіне қарай шешесін бетіне басып ұрысқанын айтып⁷¹⁵, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен

⁷¹⁴ Яғни, құлдарына.

⁷¹⁵ Бұл жарде Абу Зардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, азаншысы Биләлге, «Иә қара қатынның баласы», дегені айтылып жатыр.

сәлемі болсын, оның айтқан сөздерін есітіп, былай деп айтқанын айтты: “Расында сен – бойында жәһилеттің қалдықтарының бірі қалған адамсың! Расында, сендердің құлдарың Аллаһтың сендерге тәуелді еткен бауырларың және қызметшілерің болып табылады, сондықтан сендерден кім бауырларының бірімен иеленсе, онда оны өзі не жесе сонымен тамақтандырсын, сондай-ақ өзі не кесе соны оған да киіндірсін, сондай-ақ олардың күштері жетпейтін істі оларға тапсырмаңдар, ал егер тапсырсаңдар, онда оларға көмектесіңдер!”

Аль-Бухари, Муслим.

1361. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендердің қайсыларыңв қызметшілерің тамақ алып келсе, оны дастархан басына отырғызбаса, онда кем дегенде тамақтан бір екі асам жегізсін, өйткені ол оны дайындадады.

Аль-Бухари, Муслим.

238 ТАРАУ
Аллаһтың сондай-ақ қожайындарының
хақысын орындайтын құлдың қасиеті
жайлы.

1362. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, егер құл өзінің қожйынына адал болса және Аллаһқа дұрыс құлшылық ететін болса, ол екі есе сауаб табады. **Аль-Бухари,**
Муслим.

1363. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Діндар бас бостандығы жоқ құлға екі есе сауаб дайындалған.

Абу Хурайра, оған **Аллаһтың**
ризашылығы болсын, былай деді:

Абу Храйрараның жаны қолында Болғанның атымен ант етемін, егер Аллаһ жолындағы күрес, сондай-ақ Қажылық және менің шешеме

байланысты жақсы қарым қатынас болмаса, онда, расында, мен құл болып өлуді қалар едім!

Аль-Бухари, Муслим.

1364. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Раббысының алдында дұрыс құлшылық етіп және қожайынының хақысын адал әрі бұлжытпай орындаған бас еркіндігі жоқ (құлға) екі есе сауап дайындалған.

1365. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үшеуге екі есе сауап дайындалған: өзінің Пайғамбарына, сосын Мухаммадқа иман келтірген Кітап иелерінің ішіндегі адамға, Аллаһқа және өзінің қожайынына қатысты хақыларын орындаған бас бостандығы жоқ құлға, сондай-ақ қол астында күңі болып, оны жақсылап тәрбиелеген, сондай-ақ оған білім

берген, ал сосын оны босатып оған үйленген адамға, - осылардың бәріне екі есе сауап дайындалған. **Аль-Бухари, Муслим.**

239 ТАРАУ

Тыныш емес уақытта, ал дәллірек айтсақ тәртіпсіздік, фитна қаптаған уақытта және осыған ұқсас уақыттарда құлшылық етудің қасиеті жайлы.

1366. Хабар бойынша, Мқыл бин Йаср, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тынышсыз уақытта құлшылық еткен маған хижра (көш) жасағанмен тең. **Муслим.**

240 ТАРАУ

Сауда жасаушы, алушы және беруші адмның кеңшілік жасағанның қасиеті, сондай-ақ қарызды төлеп оны талап еткенде кеңшілік көрсетудің қасиеті,

сондай-ақ көбірек таразылу және көбірек өлшеудің жақсылығы, сондай-ақ таразылығында кемітуге тыйым салнығандығы, сондай-ақ мүмкіншілігі бар адамның қарыз өтеушіге қарыз өтеу уақытын созу және оны кешірудің қасиеті жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Хайырдан не істесеңдер күдіксіз Аллаһ оны біледі» **«Бақара» сүресі, 215 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Иә елім! Өлшеуді таратуды толық орындаңдар, адамдардың нәрселерін кемітпеңдер!...» **«Худ» сүресі, 85 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Өлшеу тартуда кеміткендерге нендей өкініш! Олар қашан өлшеп алса толық өлшеп алады да. Қашан олар, өлшеп немесе тартып беретін болса, кемітеді. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Ол зор күн үшін? Ол күні адамдар, бүкіл әлемнің Раббының алдында тұрады.» **«Мутаффифун» сүресі, 1-6 аяттар.**

1367. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, дәрекі түрде қарызының қайтарылуын талап ете бастады⁷¹⁶. Сахабалар оны бұл қылығы үшін сазайын тарттырмақшы болды, бірақ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Оны қойыңдар, расында хақысы бардың, сөйлеуге де хақысы бар”⁷¹⁷, - деді. Сосын ол: “Оған оның түйесінің жасындай түйені қайтарып беріңдер”, - деді. Адамдар: “Біз тек қана оның түйесінен жасы үлкен түйені ғана қарастыра аламыз”, - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Оған ол түйені беріңдер, расында, қарызын жақсы түрде қайтаратындар, араларыңдағы жақсыларың болып саналады!”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1368. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷¹⁶ Келісілген уақыттан бұрын келіп талап етіп жатты.

⁷¹⁷ Яғни, қарыздың қайтарылуын талап етуге толығымен хақысы бар.

Сатқанда, сатып алғанда және қарызын қайтаруын талап еткенде кеңшілік көрсеткен адамды, Аллаһ мейіріміне бөлесін! **Аль-Бухари.**

1369. Хабар бойынша, Абу Қатад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімді Аллаһтың Ахиретте қасіреттен құтқаруы қуандыратын болса, онда ол қиыншылыққа тап болғанға (көмек жасап) жеңілдетсін не оны кешірсін. **Муслим.**

1370. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдарға жиі қарыз беруші бір адам, қызметшісіне: “Қиыншылыққа тап болған адамға келсең оны кешре сал, бәлкім Аллһ та бізді кешіреді”, - дейтін. Ол Адам Аллаһты кездестіргенде, Ол оны кешірді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1371. Хабар бойынша, Абу Масъуд аль-Бадр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге дейін өмір сүрген бір адамнан есеп алған кезде, оның қаражатты адам болып адамдармен көп істер жасап сол кезде адамдар қиындыққа тап болған кезде, қызметшілеріне оларды кешіре салуын бұйырғаннан басқа игілікті істері болмапты, сонда Ұлы Аллаһ Та,ала: “Біздің мұндайға⁷¹⁸, оған қарағанда хақымыз (қабілетіміз) көбірек, оны жайына қойыңдар!! – деді. **Муслим.**

1372. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһ Тағалаға, Ол байлық нәсіп еткен құлын алып келеді де, Ол одан: “Сен жердегі өміріңде не істедің?”, - деп сұрайды, ал олар болса еш нәрсені жасыруға шамалары келмейді. Жауап ретінде ол: “Иә Раббым менің, Сен маған байлық сыйладың да, мен болсам адамдармен сауда істерін жүргіздім. Маған кешірім жасаушылық бейім болды және мен қаражатты адамдарға жеңілдік жасайтынмын

⁷¹⁸ Яғни, кешіруге.

және қиыншылыққа тап болған адамға қарызының мерзімін ұзартатынмын”, - деді. Сонда Аллаһ Тағала: “Менің ондайға, оған қарағанда хақым (қабілетім) көбірек, менің құлымды (еркіне) қойыңдар!”, - дейді.

Уқба бин ЫАмиір және Абу Масъуд, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейтін:

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аузынан бұл сөздерді дәл осылай естігенбіз. **Муслим.**

1373. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім қиыншылыққа тап болғанның қарызын өтеуге уақытын ұзартса, не болмаса оны кешірсе, ондай құлды Аллаһ тағала көлеңкелер болмаған күні Өзінің Күрсісінің (Тағының) төлеңкесіне алады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1374. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менен түйе сатып алып оның ақшасын өлшеп бергенімен қоса оның үстінен кішкене қосып берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1375. Хабар бойынша, Абу Сафуан Сууайд бин Қайс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Махрама аль-Ъабдимен бірге Хаджардан киім алып келдік, сонда бізге Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп бізден сатып алмақшы болып (ауы кең) шалбар алатын болып келісті. Ал менде ақыға өзінің ісімен айналысатын таразшы болды, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сол таразшыға: “Көбірек өлше”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

БІЛІМ КІТАБИ

241 ТАРАУ

Білімнің қасиеті жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«... “Раббым! Білімімді арттыр“, - де.» **«Та-ха» сүресі, 114 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...оларға: “Білгендер мен білмегендер тең бола ма?”, - де...» **«Зүмәр» сүресі, 9 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһ сендерден сондай иман келтіргендердің, білім бергендердің дәрежелерін көтереді...» **«Мужадәле» сүресі, 11 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, құлдарынан ғалымдары, Аллаһтан қорқады» **«Фатыр» сүресі, 28 аят.**

1377. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың екі түрлі қасиетіне ғана қызығуға болады, олар: Аллаһ оларға көп байлық беріп, оны дұрыс жолға соңына дейін жұмсағандар және Аллаһ оларға көп білім

(ақыл) беріп онымен басшылық еткендер және оны басқаларға үйреткендер. **Аль-Бухари, Муслим.**

1378. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың менімен адамдарға жіберген басшылығы мен білімі, жерге түскен жаңбыр секілді. Ол жердің бір бөлігі құнарлы болды да, ол өзіне түскен суды сіңіріп алып, оның үстінде көптеген өсімдіктер мен шөптер өсті. Ал басқа бір жер қатты болды да, ол өзінің үстінде суды ұстап қалып, одан адамдар ауыз су алып, малдарын және егістерін суғара бастады. Жаңбыр жердің тегіс бөлігіне де түсті, онда су не тұрмады, не оның үстінде еш нәрсе өспеді. Бұл (мысалдағы) жердің бөліктері, Аллаһтың дінін қабылдаған адамдар секілді, олар Аллаһтың менімен жібергенін сіңіріп, өздері пайда тапты және өзгелерді үйретті, ал басқа бөлігі (жердің тегіс су тоқтамаған бөлігі секілді) не дінді өздері қабылдамады және Аллаһтың менімен жіберген басшылығын да мойындамады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1379. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сондай-ақ, Аллаһтың атымен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға алып шықса, бұл сен үшін қызыл түйелерді иеленгеннен де жақсырақ болады!⁷¹⁹ **Аль-Бухари, Муслим.**

1380. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Білім үшін қай-бір жолға шыққан адамның, Аллаһ Жәннәтқа баратын жолын жеңілдетеді.
Муслим.

1382. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дұрыс жолға шақырушылар, өздерінің артынан ерген бүкіл адамдардың сауабындай

⁷¹⁹ Ол кездегі арабтардың ең бағалы дүниесі.

сауаб табады, және де ол адамдардың сауабын кемітпейді. **Муслим.**

1383. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам өлген кезде оның үшеуден басқа барлық амалдары тоқтайды: үздіксіз садақа⁷²⁰, басқалар қолдана алатын білім⁷²¹, не артынан ол үшін Аллаһқа дұға жасап сұрайтын діндар балалары. **Муслим.**

1384. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһты еске алғаннан басқа және соған жақын істерден басқа және білуші мен білім алушыдан басқаның бәрі бұл дүниеде лағынеттелген және бұл дүниеге лағынет тиген.

⁷²⁰ Бұл жерде марқұмның өзінен кейін байлығын кедейлерге таратуға қалдырған өсиеті, не болмаса игі істерге қалдырған дүниесі.

⁷²¹ Бұл жерде жазып қалдырған кітабі, не таратқан кітабі, не ұстаз ретінде оқытқан білімі, тағы осы сияқты істер.

Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.

1385. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Білім жолына шыққан адам, (сол жолдан) оралғанша Аллаһ жолында саналады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.⁷²²**

1386. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иманды Жәннәтқа жеткенше игілікке тоймайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.⁷²³**

⁷²² Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

⁷²³ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

1387. Хабар бойынша, Абу Умам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Білімді мен (білімсіз) құлшылық етушінің айырмашылығы менімен сендердің араларыңдағы ең төменгінің айырмашылығындай.

Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Аллаһ, Оның періштелері, аспан тұрғындары мен жер тұрғындары, керек десеңіз ініндегі құмырсқа да және теңіздегі китке дейін жақсылық үйретушілерге игілік тілейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1388. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім білім іздеп қай-бір жолға шақса, Аллаһ оның Жәннәтқа баратын жолын жеңілдетеді, сондай-ақ, расында, періштелер білім іздеушіге, өздерінің ризашылықтарын білдіріп, білім іздеушінің үстінен қанаттарын тосады, сондай-

ақ, расында, білім іздеуші үшін аспан мен жер тұрғындары және керек десеңіз судағы кетке дейін, кешірім тілейді! Ал білімді мен (жәй) құлшылық етушінің айырмашылығы жайлы айтатын болсақ, онда ол айдың аспандағы басқа жарқырауықтардан (жұлдыздардан) үстемдігіндей, сондай-ақ, расында, білім иелері пайғамбарлардың мұрағарлері, ал пайғамбарлар мұраға не динар, не дирхем қалдырмайды, бірақ олар мұраға білім қалдырады, ал кім оны тапса, ол ұлы игілік тапты. **Абу Дауд, ат-Тирмизи.**

1389. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Біз бір нәрсе естіп, оны сол қалпында басқаға жеткізген адамды да Аллаһ қуандырсын, өйткені бұл айтқанды жеткізушіден естіген, жеткізушінің өзінен артық түсінуі мүмкін. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1390. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімнен білім сұралып, ал ол болса оны жасырса, ондай (адам) Ахиретте отты ауыздықпен ауыздықталады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1391. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұлы Аллаһ Тағаланың дидарына талпыну үшін іздеп табатын білімді, осы дүние тіршілігінің мақсаттырының бірі үшін іздеген, Ахиретте Жәннәттің жұпар иісін сезбейді де. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтүреді.**

1392. Хабар бойынша, Абдуллаһ Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ білімді, адамдардан алып, білімді кетірмейді, бірақ Ол, білімді адамдарды

Өзіне алып, білімді кетіреді, ал Ол ешбір білімдіні қалдырмаған уақытта, адамдар өздеріне надан адамдардан басшы қояды да, оларға сұрақтарымен келе бастайды, ал олар болса білімсіз шешім қабылдай бастайды, бұның аяғы өздері адасып және басқаларды адастырумен бітеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

АЛЛАҒТЫ ҰЛЫҚТАУ МЕН ОҒАН РИЗАШЫЛЫҚ (ШҮКІРЛІК) БІЛДІРУ ЖАЙЛЫ КІТАП

242 ТАРАУ

**Аллыһты ұлықтап Оған ризышылық
(шүкірлік етідің) білдірудің қасиеті жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Енді, Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылыңдар...»

«Бақара» сүресі, 52 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сол уақытта Раббыларың: «Егер шүкір етсеңдер арттыра беремін. Ал егер қарсы келсеңдер азабым қатты», - деп жариялады»

«Ибраһим» сүресі, 7 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«“Барлық мақтау, бала иемденбеген әрі мүлкінде еш серігі болмаған сондай-ақ әлсіздіктен көмекшісі болмаған, Аллаһқа лайық“, де. Және Оны ұлықта» **«Ісра» сүресі, 111 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...және олардың дұғаларының соңы. «Барлық мақтау әлемдердің Раббы Аллаһқа тән», - деу болады» **«Юнус» сүресі, 10 аят.**

1393. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Миғраж сапары кезінде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біріне шарап, ал екіншісіне сүт құйылған екі ыдыс беріледі, сонда ол екіуінен сүт құйылғанын алады, сонда Жебірейіл, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Сені жаратылыстың бейімділігіне туралаған Аллаһқа мадақ, өйткені, егерде сен шарапты алғаныңда, үмметің тура жолдан таяр еді!”, - деді. **Муслим.**

1394. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кез келген маңызды іс “Аллаһқа мадақ!” /Әль-хамду ли-Лаһи!/, деп басталмаса, толық болмайды. **Бұл жақсы хадисті Абу Дауд және басқа да мухаддистер келтіреді.**⁷²⁴

1395. Хабар бойынша, Абу Муса Аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ құлының баласы өлген кезде, Аллаһ Тағала, Өзінің періштелерінен: “Менің құлымның баласын сендер алдыңдар ма?”, - деп сұрайды, сонда олар: “Иә”, - деп жауап береді. Сосын Ол: “Сендер оның жүрегінің жемісін алдыңдар ма?”, - деп сұрайды. сонда олар: “Иә”, - деп жауап береді. Сонда Ол: “Менің құлым не деді?”, - деп сұрайды. Оған олар: “Ол Саған мақтаулар айтып: “Расында, біз Аллаһқа тиесіліміз және оған ораламыз!” /Инна ли-Лаһи уа инни иләһи раджиъуна!/⁷²⁵, - деп айтты”, -

⁷²⁴ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған- **аударушыдан.**

⁷²⁵ Осыған ұқсас дұға араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітапшасының №154 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

дейді. Сонда Аллаһ Тағала: “Менің құлыма Жәннәттан үй салыңдар да, ол үйді “Мадақ үйі”, деп атаңдар”, - дейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1396. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында Аллаһ, құлының әрбір ішкен жұтымы үшін және әр бір жеген бөлігі үшін мақтаулар айтқанға, міндетті түрде риза болады. **Муслим.**

ПАЙҒАМБАРҒА, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ИГІЛІК ТІЛЕУ⁷²⁶ ЖАЙЛЫ КІТАП.

243 ТАРАУ

⁷²⁶ Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, еске алған сайын: «Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын» /Саллаллаһу ʿәлейһи уас-салам/, - деп айту.

Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, игілік тілеуді (салауат айтудың) қасиеті жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында Аллаһ, пайғамбарға рахым етеді және періштелер салауат айтады. Иә мүминдер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер» **«Ахзап» сүресі, 56 аят.**

1397. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім маған бір рет игілік тілесе, оны Аллаһ он рет игіліктейді. **Муслим.**

1398. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте басқаларына қарағанда маған ең жақын тұратындар, маған ең көп игілік

тілегендер (салауат айтқандар) болады. **Ат-Тирмизи бұл хадисті “Жақсы хадис”, джеп келтіреді.⁷²⁷**

1399. Хабар бойынша, Аус бин Аус, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Расында, жұма сендердің күндеріңнің ішіндегі ең жақсысы саналады, сондықтан сол күні маған көбірек салауат айтыңдар, өйткені расында сендердің салауаттарың маған көрсетіледі”, - деді. Адамдар: “Иә Аллаһтың елшісі, сен шіріп кеткенде біздің салауттырымыз саған қалайша көрсетілмек?”, - деп сұрады, сонда ол: “Расында, Ұлы Аллаһ Тағала пайғамбардардың денесін жерге харам етті⁷²⁸”, - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтүреді.**

1400. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷²⁷ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁷²⁸ Яғни, пайғамбарлардың денесі жерде шірімейді.

Менің атым аталып, бірақ маған салауат айтпаған адамға қорлық келсін! **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

1401. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар, маған салауат айтыңдар, өйткені, расында, сендер қай жерде болсаңдар да, салауаттарың маған жеткізіледі. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1402. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім маған менің өлімімнен кейін сәләм айтатын болса, мен оған жауап беруім үшін Аллаһ міндетті түрде маған жанымды қайтарып отырады. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1403. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Оның көзінше менің атым аталып, маған салауат айтпаған сараң болып табылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.**

1404. Хабар бойынша, Фадаля бин Убайт, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір адамның Аллаһқа мақтаулар айтпай және Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын салауат айтпастан Аллаһтан сұрап дұға жасап жатқанын есітіп: “Мына адам асығып жатыр!”, - деді де, сосын ол адамды /...не басқа бір адамды/ өзіне шақырып алып былай деді:

“Сендерден кім Аллаһтан сұрап дұға жасамақшы болса, онда (дұғасын) Өзінің Пәк Раббына мақтаулар айтудан бастасын, сосын Пайғамбарға” – оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын – “ салауат айтсын, ал содан кейін не сұрағысы келсе де сұрай берсін”. **Бұл**

хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд “Жақсы әрі сенімді хадис”, деп келтіреді.

1405. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Қаъб бин Ёуджр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге келді де біз: “Иә Аллаһтың елшісі, саған қалай сәлем беру керек екендігін біз енді білеміз, бірақ біз сен үшін Аллаһтан қалай дұға сұраймыз?”, - дедік. Бұған ол былай деді: “Иә Аллаһ, Мухаммад пен Мухаммадтың жанұясын, Ибраһимнің жанұясын игіліктегеніңдей игілікте, Сен – мадаққа лайық, Жоғарысың! Иә Аллаһ, Мухаммад пен Мухаммадтың жанұясын, Ибраһимнің жанұясын берекелегеніңдей берекеле, Сен – мадаққа лайық, Жоғарысың! /Аллаһумма солли ъала Мухаммадин уа ъала али Мухаммад, кама солеита ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим. Иннака хамидуммажид. Аллаһумма барик ъала Мухаммадин уа ъала али Мухаммад, кама баракта ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим. Иннака хамидуммажид!/ **аль-Бухари, Мулим.**

1406. Хабар бойынша, Абу Масъуд аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Саъад бин Убаданыңкінде отырғанымызда бізге Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын келді, сонда Башир бин Саъад оған: “Аллаһ Тағала бізге саған игілік айтуды әмір етті, иә Аллаһтың елшісі, сонда біз саған қалай игілік айтуымыз керек?”, - деді. Осыдан кейін Аллаһтың елшісінің ұзақ үндемегені сонша, біз оған сондай сұрақ қойғанына өкіне бастадық, бірақ біраздан соң Аллаһтың елшісі былай деді:

Былай деңдер: “Иә Аллаһ, Мухаммад пен Мухаммадтың жанұясын, Ибраһимнің жанұясын игіліктегеніндей игілікте және Мухаммад пен Мухаммадтың жанұясын, Ибраһимнің жанұясын берекелегеніндей берекеле, Сен – мадаққа Лайық, Жоғарысың! /Аллаһумма солли ъала Мухаммадин уа ъала али Мухаммад, кама солеита ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим уа барик ъала Мухаммадин уа ъала али Мухаммад, кама баракта ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим. Иннака хамидуммажид!/, - ал сәлем жайлы айтатын болсақ, онда ол туралы сендер білесіңдер. **Муслим.**

1407. Хабар бойынша, Абу Хумайд ас-Саъди, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Адамдар Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Иә Аллаһтың елшісі, біз саған қалай игілік тілеуіміз керек?”, - деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: “Иә Аллаһ, Мухаммад пен оның әйелдеріне және оның ұрпағын, Ибраһимнің жанұясын игіліктегеніңдей игілікте және Мухаммад пен оның әйелдеріне және оның ұрпағын, Ибраһимнің жанұясын берекелегеніңдей берекеле, Сен – мадаққа Лайық, Жоғарысың! /Аллаһумма солли ъала Мухаммадин, уа ъала азуаджиһи уа зуррийатиһи кама солеита ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим уа барик ъала Мухаммадин уа ъала азуаджиһи уа зуррийатиһи, кама баракта ъала Ибраһима уа ъала али Ибраһим. Иннака хамидуммажид!/ **Аль-Бухари Муслим.**

АЛЛАҒТЫ ЕСКЕ АЛУ СӨЗДЕРІ ЖАЙЛЫ КІТАП

244 Тарау

**Аллаһты еске алудың қасиеті және еске
алуға талпындыру жайында.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әрине Аллаһты еске алу, аса ірі нәрсе.»
«Ғанкабут» сүресі, 45 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске
аламын» **«Бақара» сүресі, 152 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа іштей жалбарына қорыққан түрде
бәсең сөзбен ертелі-кеш (таң ертең және
кешке) зікір ет. Сондай-ақ қаперсіздерден
болма» **«Ағраф» сүресі, 205 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай-ақ Аллаһты көбірек зікір етіңдер.
Әрине құтыласыңдар.» **«Жұма» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сөз жоқ, мұсылман ерлер мен мұсылман
әйелдер, мүмин ерлер және мүмин әйелдер,
бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы
әйелдер шыншыл ерлер және шыншыл
әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы
әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты

әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және ұятты жерлерін қорғаушы әйелдер, Аллаһты көп зікір етуші ерлер және әйелдер. Аллаһ бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі.» **«Ахзап» сүресі, 35 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Иә мүминлер, Аллаһты көп зікір етіңдер. Оны ертелі-кеш (таң ертең және кешке) пәктеңдер» **«Ахзап» сүресі, 41-42 аяттар.**

1408. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рахымдының (Аллаһтың) жақсы көретін екі сөзі бар, олар тілге жеңіл де, ал Таразыда өте ауыр болады: “Аллаһ (кемшілік атаулыдан) пәк ері Оған мадақ. Ұлы Аллаһ пәк!” /Субхана-Плаһи уә бихамдиһи, сухана-Плаһиль-Азим!/ **аль-Бухари, Муслим.**

1409. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, “Аллаһ пәк” /Сухана-Ллаһи/, “Аллаһқа мадақ” /Әль-Хамду ли-Ллаһи/, “Аллаһтан басқа құдай жоқ” /Лә иләһә ил-Ллаллаһу/ және “Аллаһ Ұлы” /Аллаһу Акбар/ сөздерін, мен күн ненің үстінен көтерілсе соның бәрінен де жақсы көремін⁷²⁹! **Муслим.**

1410. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім күніне жүз рет: “Серігі болмаған бір Аллаһтан басқа құдай жоқ, үкім Оған тән, Оған мадақ және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді” /Лә иләһә иллә-Ллаһу уахдаһу лә шарика ләһу, ләһуль-мульку, уә ләһуль-хамду уә һуә ʿалә кулли шайъин қадирун/⁷³⁰, - деген, жүз құл босатқанның сауабындай сауаб табады, сондай-ақ оған жүз жақсы амалдың орындалғаны жазылады, сондай-ақ оның (амал дәптерінен) жүз жаман амалы өшіріледі, сондай-ақ бұнысы кешке дейін шайтандардан

⁷²⁹ Яғни, бұл дүниенің бәрінен.

⁷³⁰ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 92 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

қорған болады және бұдан артық ешкім ештеңе істей алмайды, бұдан тек ол сөзерді одан да көп айтқандар ғана аса алады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1411. Хабар бойынша, Абу Айуб аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Он рет: “Серігі болмаған бір Аллаһтан басқа құдай жоқ, Билік Оның қолында, Оған мадақ және Оның құш-қүдіреті барлық нәрсеге толық жетеді”, - деп айтқан адам, Исмайл ұрпағынан төрт құл азат еткенмен тең болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1412. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: “Саған Аллаһтың ең жақсы көретін сөздерін үйретейін бе? Расында, Аллаһ: “Аллаһ пәк және Оған мадақ!” /Субхана-Ллаһи уа бихамдиһи!/, - сөздерін жақсы көреді”, - деді. **Муслим.**

1413. Хабар бойынша, Абу Малик аль-Ашъари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тазалану – иманның жартысы⁷³¹, “Әль-хамду ли-Ллаһи!”, сөзі таразыны толтырады, ал “Субхана-Ллаһи уәль-хамду ли-Ллаһи!” сөздері жер мен көктің арасын толтырды. **Муслим.**

1414. Хабар бойынша, Саъад бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын бір бәдәуи келіп: “Маған мен қайталап отыратын сөздер үйретші”, - деп сұрады, сонда ол оған: “Былай де: “Аллаһтан басқа құдай жоқ, Оның серігі жоқ, Аллаһ Ұлы, Бүкіл Әлемнің Раббы Аллаһқа көп мақтаулар, Аллаһ пәк! Құдіретті, Дана

⁷³¹ Бұл жерде иман сөзі намаз ұғымында айтылып жатыр, яғни дәрет алғанның сауабы намаз оқығанның сауабының жартысындай болады, деген сөз, өйткені намаз дәретсіз жарамсыз болып табылады.

Аллаһтың күш-қутына жететін ешкім жоқ!⁷³² /Лә иләһә слла-Ллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһу, Аллаһу Акбар кабиран, Уәл-хамда ли-Ллаһи кәсирән уә сухана-Ллаһи, Роббиль ʔаламина! Уә лә хәулә уә лә қуата иллә би-Лләһил-ʔазизиль-Хкими!/, - деді. Бәдәуи: “Бұл – менің Раббым үшін, ал мен үшін ше?”, - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Былай де: “Иә Аллаһ, кешір мені, маған рахымшылық ет және мені дұрыс жолға алып шық, сондай-ақ маған өмір сүретін ризық бер!” /Аллаһумма, - ғфирли, уархамни, уахдини, уарзукни!/, - де. **Муслим.**

1415. Хабар бойынша, Саубан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үш рет Аллаһтан кешірім сұрайтын да сосын былай дейтін: “Иә Аллаһ, Сен – Бейбітсің (не Тыныштықсың, не Сәлемсің) және Сенен – бейбіттік (Тыныштық, не Сәлем), ардақтылық пен жомарттық иесі Сен жоғарысың!” /Аллаһумма, Әнтас-Салам уә

⁷³² Соңғы сөздерді былай деп те аударуға болады: «Тек Құдіретті, Дана Аллаһ қана күш-қуат бере алады!»

минкас-Салам, тәбәрәктә йә заль-жәләли уәль-икрами!/⁷³³- деді.

Аль—Аузаъи, который, осы хадисті жеткізушілердің бірі болған, ол:

“Аллаһтан кешірімді қалай сұрау керек?”, - деп сұрағанда, оған. “Аллаһтан кешірім сұраймын! Аллаһтан кешірім сұраймын!” /Астағфиру-Ллаһа! астағфиру-Ллаһа!/, - деп айт”, - деген. **Муслим.**

1416. Хабар бойынша, аль-Муғира бин Шуба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Намаз оқып екі жағына сәлем беріп болған соң әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейтін: “Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ. Ол Жалғыз. Оның серігі жоқ. Үкім (билік) Оған тән әрі барлық мақтау Оған лайық. Әрі Оның күш-қуаты барлық нәрсеге толық жетеді. Иә Аллаһ! Сен берген нәрсеге ешкім тосқауыл бола алмайды. Ал Сен бермеген нәрсені ешкім бергізе алмайды. Сенің алдыңда байдың байлығы пайдасыз болып

⁷³³ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 66 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

қалады⁷³⁴ /Лә иләһә иллә-Ллаһу уахдаһу лә шарика ләһу, ләһуль-мульку, уә ләһуль-хамду уә һуә ьалә кулли шайъин қадирун! Аллаһумма, лә маниъа лима аьтайта, уә лә муътайа лима манаъта уа лә йанфъу заль-джадди минкәльджадду/⁷³⁵ **Аль-Бухари, Муслим.**

1417. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин аз-Зубайр, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол әр намаздың соңында екі иығына сәлем беріп болғаннан кейін былай детін:

Серігі болмаған Аллаһтан басқа құдай жоқ, Оған үкім (билік) тән, сондай-ақ Оған мадақ және Оның бәріне күші жетуші! Сондай-ақ Аллаһтан басқа ешкімде күш-қуат жоқ, Аллаһтан басқа құдай жоқ, сондай-ақ Одан басқа ешкімге табынбаймыз, Бүкіл байлық пен кемелділік Онда және Оған – тамаша мадақ. Аллаһтан басқа құдай жоқ, ал біз болсақ (бұнымыз) кәпірлерге ұнамаса да, Оның алдында дінімізде адалмыз! /Лә иләһә иллә-Ллаһу уахдаһу лә шарика ләһу, ләһуль-мульку, уә ләһуль-хамду уә һуә ьалә кулли шайъин қадирун! Уә лә хаулә уа лә қуата иллә бил-

⁷³⁴ Яғни, байдың байлығы Аллаһтың қаһарынан құтқара алмайды.

⁷³⁵ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 67 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

соны істегеннен басқа ешкім сендерден озып кете алмайды?”, - деді. Олар: “Әрине, иә Аллаһтың елшісі!”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Әр намаздан кейін отыз үш реттен “Субхана-Ллаһи”, “Әль-хамдули-Ллаһи” және “Аллаһу акбар”, деп айтыңдар”, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Мулим келтірген нұсқасында мына сөздер қосылған:

(Бірәз уақыт өткен соң) кедей мұхажирлер тағы да Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: “Біздің бай бауырларымыз біздің істеп жүргенімізді естіп, олар да оны істейтін болды!”, - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Бұл – Аллаһтың қалағанына көрсететін мейірімі”, - деді.

1419. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім әр намаздан кейін отыз үш реттен: “Субхана-Ллаһи”, “Әль-хамдули-Ллаһи” және “Аллаһу акбар”, деген сөздерді айтып

жүзіншісінде “Лә иләһә иллә-Ллаһу уахдаһу лә шарика ләһу, ләһуль-мульку, уә ләһуль-хамду уә һуә ьалә кулли шайъин қадирун!”, - десе, онда оның күнәләрі, теңіздегі көбіктерге тең болса да кешіріледі. **Муслим.**

1420. Хабар бойынша, Қаъб бин ьУжра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Әр парыз намаздан кейін белгілі аяқтаушы сөздерді отыз үш реттен “Субхана-Ллаһи”, “Әль-хамдули-Ллаһи” және отыз төрт рет “Аллаһу акбар”, - деп айтқан адам қапыда қалмайды. **Муслим.**

1421. Хабар бойынша, Саъад бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқып болған соң әдетте Аллаһтан қорған сұрап былай дұға оқитын:

“Иә Аллаһ, расында, Саған қорқақтықтан және сараңдықтан сыйынамын, Сондай-ақ мен қаусаған шал болудан (кәріліктің азабынан)

Өзіңе сыйынамын сондай-ақ мен осы дүниенің азғыруынан Өзіңе сыйынамын, Сондай-ақ Өзіңе қабір азғыруынан (азабынан) сыйынамын” /Аллаһумма, инни аъзузу бика мин-аль жубни уаль-бухли, уә аъзузу бика мин ан урадда илә арзалиль-ъумри, уа аъзузу бика мин фитнатид-дуниа уа аъзузу бика мин фитнатиль-қабри⁷³⁷/
аль-Бухари.

1422. Хабар бойынша, Муъаз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мені қолымнан ұстап: “Иә Муъаз, Аллаһтың атымен ант етемін, расында мен сені жақсы көремін!”, - деді де сосын былай деді: “Иә Муъаз әр намаздың соңында: “Иә Аллаһ, Сені еске алып тұруға, сондай-ақ Саған шүкірлік етуге, сондай-ақ Саған дұрыстап құлшылық етуге маған көметес”, - деп айтып отыруды тапсырамын”. /Аллаһумма, аъини ъалә зикрикә, уа шукрика, хусни ъибадатикә⁷³⁸/.
Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

⁷³⁷ Араб әріптерімен осыған ұқсас дұға «Мұсылман қорғаны» кітабының № 60 дұғасында келтірілген.

⁷³⁸ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабының № 59 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

1423. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ат-Тахиат сөздерін айтып, сендерден әрқайсысың Аллаһтан, төрт түрліден қорған сұрап былай десін: “Иә Аллаһ, мен Саған Тозақтың азабынан сыйынамын, сондай-ақ қабір азабынан сыйынамын. Сондай-ақ өмір мен өлімнің сынағынан (азғыруынан) сыйынамын, сондай-ақ Даджалдың зұлымдық арбауынан сыйынамын!” /Аллаһумма, инни аъзузу бика мин ъазаби жаһаннама, уә мин ъазабиль-қабри, уа мин фитнатиль-махйа уаль-мамати уә мин шарри фитнатиль-масихид-дажали!⁷³⁹ / **Муслим.**

1424. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқығанда, оның соңында, көп сөзердің арасында ат-тахиат пен сәлем берудің арасында, былай деп жиі айтатын: “Иә

⁷³⁹ Араб әріптерімен осыған ұқсас дұға «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 55,56 дұғаларында келтірілген – **аударушыдан.**

Аллаһ, менің бұрын істегенімді және сосын істейтіндерімді, ашақ және жасырын істегендерімді, сондай-ақ шектен шыққан жерлерімді және Өзің менен жақсы білетін (күнәләрімді) кешір! Сен – алдыға Жылжытушысың және Сен – Қалдырушысың, Сенен басқа құдай жоқ!” /Аллаһумма, ғфирли мә қаддаму, уә мә аххарту, уә мә асрарту, уә мә аъләнту, уә мә асрафту, уә мә Анта ьаләму биһи минни! Антаһь Муқаддиму уә Анталб-Муъаххиру, лә иләһә иллә Анта!/⁷⁴⁰ **Муслим.**

1425. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Өзінің намазындағы рукуғ пен сәжделерінде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте жиі былай деп қайталайтын: “Сен пәксің, иә Аллаһ, Раббымыз, Саған мадақ, иә Аллаһ кешір мені!” /Субханакә, Аллаһумма, Раббана, уә буә бихамдикә, Аллаһумма-ғфирли!/⁷⁴¹ **аль-Бухари, Муслим.**

⁷⁴⁰ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 58 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁷⁴¹ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 42 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

1426. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Өзінің рукуғ пен сәжделерінде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте былай деп қайталайтын: “Пәксің, Қасиеттісің және періштелер мен Жебірейілдің Раббысың” /Суббухун, Қуддусун, Раббуль-мәләәикәти уәр-рухи./ **Муслим.**

1427. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Рукуғ жайлы айтатын болсақ, онда (ол уақытта) Ұлы Аллаһ Тағаланы Мадақтаңдар⁷⁴², ал сәжде жайлы айтатын болса, онда (сәжде уақытында) Аллаһқа көбірек жалбарынып сұраңдар, өйткені сол уақытта сендер, дұғаларыңа жауап беруге көбірек лайықсыңдар. **Муслим.**

1428. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁷⁴² Яғни, «Менің Ұлы Раббым пәк және оған мадақ!» /Субхана Раббийль-ъАзыми уә бихамдиһи!/, - деп айту.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің Раббына ең көп жақын болып табылатын уақыт, ол сәжде уақыты, сондықтан сол кезде Одан көбірек сұраңдар. **Муслим.**

1429. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Өзінің сәжделерінде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте Аллаһқа келесі дұғаларын айтатын:

Иә Аллаһ менің барлық үлкен-кіші, алдыңғы-соңғы, ашық-құпия барлық күнәләрімді кешір!
/Аллаһумма, ғфирли зәнби кулләһу: дыққаһу уә жилләһу, уә аууәләһу уә ахираһу, ьаләейатәһу уә сирраһу!/⁷⁴³ **Муслим.**

1430. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Брде түнде оянып жанымнан Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын таппадым, сосын оны іздеп, оның руқуғта иіліп келесі сөздерді айтып жатқанын естідім: “Сен

⁷⁴³ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 46 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

болған кезімізде, ол бізден: «Сендерден қайсысың күніне мың игілікті істен жасай аласың?», - деп сұрады. Сөйлесіп отырғандардын бірі: «Адам қалайша күніне мың игі амалдан жасай алады?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол бұны Аллаһты күнде жүз реттен мадақтап жасай алады⁷⁴⁶, сонда оған мың игі амалдан жазылып отырады⁷⁴⁷ да және одан мың кішігірім күнәнің ауырпалығы түсіп отырады», - деп жауап берді. **Муслим.**

Аль Хумайд былай деді:

Бұл хадис Муслимнің кітабінде былай келтіріледі: «немсе: ...сонда одан түсетіні...»

Аль-Баркани былай деді:

Бұл хадисті сондай-ақ Муслимде, Шуъба Абу ьАуана және Йахйа аль-Каттан, Мусаның сөздеріне сүйеніп жеткізген, олар былай деген:

«сонда одан ауыртпашылығы түседі», - деп «алифсіз» келтіреді.

1432. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күн шыққан әр күні әр қайсысың денелерінде неше буын болса сонша садақа беруге тиістісіңдер. Әр бір айтылған: «Субхана-Ллаһ»,

⁷⁴⁶ Басқаша айтқанда жүз реттен «Субхана-Ллаһи», деп айтып.

⁷⁴⁷ Өйткені Аллаһ әр-бір игі амалға он есе сауап жазады.

садақа болып табылады және: «Әлхамду ли-Ллаһ», садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Лә иләһә ила-Ллаһ» садақа болып табылады және әр бір айтылған: «Аллаһу акбар», садақа болып табылады, және жақсылыққа шақыру садақа болып табылады, жамандықтан тыйу садақа болып табылады, бірақ осының бәрін таңертіңгілік оқыған екі бас нәфіл намаз /ад-духа/⁷⁴⁸ ауыстыра алады.

Муслим.

1433. Хабар бойынша, діндарлардың анасы Джувайрийи бинт Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз оқып болған соң⁷⁴⁹, ал мен өзімнің намаз орнымда отырған уақытымда менен шығып кетті де, таң атысымен қайта оралып маған: «Сен әлі сол орнында тапжылмай отырсың ба не?⁷⁵⁰», - деп сұрады. Мен: «Иә», - деп жауап бердім. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

⁷⁴⁸ Ад-Духа намазы күн найза бойы көтерілгеннен, түске дейін оқуға болады. Оның ракат саны екіден сегіз бас аралығында.

⁷⁴⁹ Таң ертеңгі екі ракат сүннет намаз оқып болған соң.

⁷⁵⁰ Бұл жерде Жувайрийианың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, таң ертеңнен орнынан тұрмай Аллаһқа зікір-шүкірлерін айтып жалбарынып жатқаны жайлы айтылып жатыр.

болсын: «Мен сенен шыққан соң үш рет төрт сөзді қайталадым, ал егер оларды салмағы жағынан сенің таң ертеңнен айтқан сөздеріңмен салыстыратын болсақ, менің сөздерім міндетті түрде ауыр болады! Мен: «Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша мақтау, сондай-ақ Ол (мақтау сөздерінің) қаншасына риза болатын болса сонша (мақтау), сондай-ақ сол мақтаулардың салмағы Оның Күрсінің (Тағының) салмағындай болсын және де Оның сөздерін жазуға қанша сия кететін болса⁷⁵¹, ол мақтауларды жазуға да сонша сия кетсін!», - деп айттым», - деді. /Субхана-Ллаһи ва би-хамди-һи 'адада хальқы-һи, уа рида нафси-һи, уа зината 'арши-һи уа мидада кәлимати-һи!⁷⁵² **Муслим**

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың Өзі нешесіне риза

⁷⁵¹ Құранда Аллаһ Тағала Пайғамбарына, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді: «Егер Раббымның сөздерін (жазу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді», - де.

⁷⁵² Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 94 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

болатын болса, Оған сонша мадақ, сондай-ақ ол сөздердің салмағы Оның Күрсісінің (Тағының) салмағындай болсын, сондай-ақ ол (мадақ) сөздерді жазуға, Оның сөздерін жазуға қанша сия жұмсалатын болса, сонша сия жұмсалсын! /Субхана-Ллаһи 'адада хальқы-хи, субхана-Ллаһи рида нафси-һи, субхана-Ллаһи зината 'арши-һи, субхана-Ллаһи мидада кө-лимат-һи!//

Бұл хадистің ат-Тирмизи келтірген басқа нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Саған сен айта алатын басқа сөздерді үйретейін бе? Былай де: «Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың жаратқандары қанша болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың Өзі нешесіне риза болатын болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың Өзі нешесіне риза болатын болса, Оған сонша мадақ, Аллаһтың Өзі нешесіне риза болатын болса, Оған сонша мадақ, Аллаһқа мадақ , сондай-ақ ол сөздердің салмағы Оның Күрсісінің (Тағының) салмағындай болсын, Аллаһқа мадақ , сондай-ақ ол сөздердің салмағы Оның Күрсісінің (Тағының) салмағындай болсын, Аллаһқа мадақ , сондай-ақ ол сөздердің салмағы Оның Күрсісінің (Тағының) салмағындай болсын,

Аллаһқа мадақ, сондай-ақ ол (мадақ) сөздерді жазуға, Оның сөздерін жазуға қанша сия жұмсалатын болса, сонша сия жұмсалсын, Аллаһқа мадақ, сондай-ақ ол (мадақ) сөздерді жазуға, Оның сөздерін жазуға қанша сия жұмсалатын болса, сонша сия жұмсалсын, Аллаһқа мадақ, сондай-ақ ол (мадақ) сөздерді жазуға, Оның сөздерін жазуға қанша сия жұмсалатын болса, сонша сия жұмсалсын! /Субхана-Ллаһи 'адада хальқы-һи, субхана-Ллаһи 'адада хальқы-һи, субхана-Ллаһи 'адада хальқы-һи, субхана-Ллаһи рида нафси-һи, субхана-Ллаһи рида нафси-һи, субхана-Ллаһи рида нафси-һи, субхана-Ллаһи зината 'арши-һи, субхана-Ллаһи зината 'арши-һи, субхана-Ллаһи зината 'арши-һи, субхана-Ллаһи мидада кя-лимати-һи, субхана-Ллаһи мидада кялимати-һи, субхана-Ллаһи мидада кялимати-һи! /

1434. Хабар бойынша, Абу Мусы аль-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің Раббын еске алушы мен өзінің Раббын еске алмаушы тірі мен өлі секілді. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһты еске алушы үй мен Аллаһты еске алмайтын үй тірі мен өлі секілді.

1435. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: Мен туралы Менің құлым қалай ойласа, сондай боламын⁷⁵³, Сондай-ақ ол Мені еске алған уақытта онымен біргемін⁷⁵⁴, егер ол Мені іштей еске алса, онда Мен де оны іштей еске аламын, ал егер ол мені басқа адамдардың қауымында еске алса, онда Мен оны, олардан жақсырақ (қауымның) арасында еске аламын⁷⁵⁵. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁷⁵³ Адам баласы Аллаһтан не үміттенсе, соны береді деген сөз.

⁷⁵⁴ Яғни, сол уақытта Мен оған көмек көрсетіп, не болмаса шайтандардан қорғап мейірімді төгіп тұрамын, деген сөз.

⁷⁵⁵ Басқаша айтқанда періштелердің арасында.

1436. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аль-муффарридуна озып кетті», - деді. Адамдар. «Кім ол «Аль-муффарридуна», деген?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл Аллаһты жиі еске алушы еркектер мен әйелдер», - деді. **Муслим.**

1437. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Еске алудың (зікірдің) жақсысына: «Лә иләһә иллә-Ллаһу» сөздері жатады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1438. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Буср, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам: «Иә Аллаһтың елшісі, расында Исламның үкімдері мен үшін көп⁷⁵⁶, маған мен бекем ұстана алатын бір нәрсе

⁷⁵⁶ Бәрін есте сақтай алмайтындығын, айтып жатыр.

айтшы», - деп сұрады. Оған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сенің тілің тыным таппастан Аллаһты еске алумен шұғылдансын», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1439. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кім: «Аллаһқа мадақ және Оған Мақтау» /Субхана-Ллаһи ва би-хамди-һи/, - деп айтса, оған Жәннәтта пальма отырғызылады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1440. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзімнің миғраж сапарымда Ибраһимді кездестіріп, ол: «Иә Мухаммад, өзіңнің үмметіңе менің сәлемімді айтып, Жәннәттә жердің - игілікті, ал судың – тәтті, сондай-ақ Жәннәттің - жазық дала, ал онда отырғызылған өсімдіктердің «Субхана-Ллаһи», «Әль-хамду

ли-Плахи», «Ля иляха илля-Плаһу» және «Аллаху Акбар)», екендігін жеткізе бар», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1441. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардан: «Сендерге сендердің Қожайындарыңның (Рабыларыңның) алдында ең жақсы және ең таза, сондай-ақ ол арқылы сендер ең көп жоғарылайтын, сондай-ақ сендер үшін алтын мен күміс таратқаннан жақсы болатын, сондай-ақ олар сендердің бастарыңды, ал сендер олардың бастарын шабатын дұшпандарыңмен кездескеннен де жақсы саналаты амалдарың жайлы айтайын ба?⁷⁵⁷», - деп сұрады. Олар: «Әрине!», - деді, сонда ол: «Бұл Аллаһ Тағаланы еске алу (зікір ету)», - деді. **Бұл хадимсті ат-Тирмизи келтіреді, ал аль-Хким Абу Абдуллаһ: «Хадистің иснады сенімді», - деді.**

⁷⁵⁷ Аллаһтың ең көп сауап беретін амалы.

1442. Хабар бойынша, Саъад бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде ол Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдында жатқан (жемістің) сүйектерімен⁷⁵⁸ Аллаһқа мақтаулар айтып отырған әйелге кірдік. Бұны көрген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен саған бұдан жеңіліне (жақсысына) нұсқаймын: «Аллаһқа Оның көктегі жаратылыстарының санындай мадақ, сондай-ақ Аллаһқа Оның жердегі жаратылыстарының санындай мадақ, сондай-ақ Аллаһқа Оның жер мен көктің арасындағы жаратылыстарының санындай мадақ, сондай-ақ Аллаһқа Оның жаратқан және жарататын жаратылыстарының санындай мадақ» /Субхана-Ллаһи 'адада ма халяқа фи-с-сама'и, ва субхана-Ллаһи 'адада ма халяқа фи-ль-арди, ва субхана-Ллаһи 'адада ма байна заликя, ва субхана-Ллаһи 'адада ма хува Халиқун/, - де – сондай-ақ мына сөздер туралы да соны айт: «Аллаһу Акбар», «Әль-хамду ли-Ллаһи», «Ля иляһа илля-Ллаһу», «Аллаһтың күш қуатына жететін күш-қуат жоқ» /Ля хауля ва ля қувватта илля би-Ллаһи/ және Аллаһқа Оның жаратқан және

⁷⁵⁸ Құрманың сүйектері жайлы айтылып жатыр.

жарататындарының санындай мадақ», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1443. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Саған Жәнәттің қазыналарының біріне нұсқайын ба?», - деді. Мен: «Әрине, иә Аллаһтың елшісі!», - дедім. Сонда ол маған: «Бұл: «Аллаһтың күш-қутына жететін күш-қеуат жоқ» /Лә хәулу уә лә қуата иллә би-Ллаһи/, - деген сөздер», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

245 ТАРАУ

Аллаһты тұрып, отырып, жатып, сондай-ақ дәретсіз және ғұсылсыз және де қайыз (етеккір) уақытында, Құран оқымай, еске алу жайында, өйткені Құранды ғұсылсыз жүніп жағдайда және қайыз уақытында оқуға болмайды.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шексіз көктердің және жердің жаратылуында түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте ақыл иелері үшін дәлелдер бер. Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып Аллаһты еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: “Раббымыз, Сен бұны босқа жаратпадың, Сен пәксің, бізді Өз азабыңнан сақта!”» **«Аль-Имран» сүресі, 190-191 аяттар.**

1444. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ Тағаланы әр дайым есіне алатын⁷⁵⁹. **Муслим.**

1445. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сендерден кім әйелімен қосылмақшы болып: «Аллаһтың атымен, иә Аллаһ, бізді

⁷⁵⁹ Әрине бұл түзге шыққанда және әйелімен қосылғаннан басқа уақыттар жайлы айтылып жатыр.

шайтаннан алыстат және шайтанды бізге нәсіп еткеніңнен алыстат» / Би-сми-Лаһи, Аллаһумма, джанниб-на-ш-шайтана ва джанниби-ш-шайтана ма разақта-на!⁷⁶⁰», - десе, егерде сендерге (осы түнде) перзентті болу нәсіп етілсе, онда шайтан оған тиісе алмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

246 ТАРАУ

Ұйықтар алдында және жатар алдында не деу керектігі жайында.

1446. Хабар бойынша, Хузайфа мен Абу Зарр, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұйықтар алдында: «Сенің есіміңмен, иә Аллаһ, мен өлемін⁷⁶¹ және тірілемін» /Би-сми-кя, Аллаһумма, амуту уа ахйа/⁷⁶², - дейтін де, ал оянғанда: «Бізді өлтірген

⁷⁶⁰ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 192 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁷⁶¹ Яғни, бізге өлімнің бауыры саналатын ұйқыны жібердің.

⁷⁶² Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 104 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

соң қайта тірілткен Аллаһқа шүкір, сондай-ақ біз Оған ораламыз!» /Әль-хамду ли-Ллаһи аллязи ахйа-на ба'да ма амата-на ва иляй-һи-н-нушуру/⁷⁶³, - дейтін. **Аль-Бухари.**

247 ТАРАУ

Аллаһты еске алатын жиылыстардың қасиеті және олардан себепсіз кетіп қалуға болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарынғындармен бірге өзің де сабыр ет. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді басқаға аударма...» **«Кейф» сүресі, 28 аят.**

1447. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың, көшелерде Аллаһты еске алумен шұғылданып жатқан адамдарды

⁷⁶³ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 1 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

іздейтін, періштелері бар, олар Ұлы Аллаһ Тағалыны еске алып жатқан адамдарды табысымен, бір біріне: «Іздеп жатқандарыңа келіңдер!», - дейді. Сосын олар ондай адамдарды қанаттарымен қоршап төменгі көке дейін жоғарылайды, ал адамдар Аллаһты еске алуды аяқтасымен жоғары көтеріледі, сонда олардың, олардан бәрін жақсы Білуші Раббы: «Менің құлдарым не деп жатыр?», - деп сұрайды. Періштелер: «Олар Сені мадақтап және Саған мақтаулар айтып жатыр», - дейді. Сонда Аллаһ: «Ал олар Мені көріп пе?», - деп сұрайды. Періштелер: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етеміз, олар Сені көрмеді!», - деп жауап береді. «Ал олар Мені көрсе не болар еді?», - деп сұрайды. Періштелер: «Егер олар Сені көрсе, онда Саған одан да адал ынталы құлшылық етер еді және Саған мадақ, мақтауларын көбейтіп, шүкірліктерін жиілетер еді», - деп жауап береді. Сонда Аллаһ. «Олар Менен не сұрап жатыр?», - деп сұрайды. Періштелер. «Олар Сенен Жәннәт сұрап жатыр», - деп жауап береді. Аллаһ: «Ал олар оны көріп пе?», - деп сұрайды. Періштелер: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етеміз, иә Раббым, олар оны көрмеді!», - деп жауап береді. Аллаһ: «Ал егер олар, оны көрсе не болар еді?», - деп сұрайды. Періштелер: «Егер олар оны көрсе, онда оған бұдан да қатты тырмысар еді және

оған бұдан да қатты талпынар еді, сондай-ақ оны бұдан да қатты қалар еді», - дейді. Аллаһ: «Ал олар неден қорған сұрайды?», - деп сұрайды. Періштелер: «Тозақтың отынан», - дейді. Аллаһ: «Ал олар оны көріп пе?», - деп сұрайды. Періштелер: «Жоқ Аллаһтың атымен ант етеміз, Иә Раббым, олар оны көрмеді!», - дейді. Аллаһ: «Ал егер олар оны көрген болса не болар еді?», - деп сұрайды. Періштелер: «Егер олар оны көрсе, онда оған түспеуге одан қатты тырысар еді және одан, одан да қатты қорқар еді», - дейді. Сонда Аллаһ: «Оларды кешіргенім жайында, сендерді куәлікке шақырамын!», - дейді. Сонда періштелердің бірі: «Олардың ішінде оларға қатысы жоқ біреу бар, ол өзінің шаруасымен ғана келген», - дейді. Сонда Аллаһ: «Олар – жолдастары қапыға душар болмайтын адамдар!», - дейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, арқылы Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Расында, Аллаһтың жер бетін кезіп, Аллаһты еске алушы жиындарды іздейтін періштелері бар, сонда олар адамдар Аллаһты еске алушы жиындарды табысымен, олардың арасына отырады да бір бірін қанаттарымен

жер мен төменгі көктің арасын толтырғанша қоршайды. Ал олар тараған кезде періштелер жоғарылап көкке көтеріледі, ал бәрін періштелерден жақсы білуші Құдіретті Ұлы Аллаһ, олардан: «Сендер қайдан келдіңдер?», - деп сұрайды. Сонда олар: «Біз Сенің жердегі Сені мадақтаушы, сондай-ақ Сені мәртебелеуші және Сенен басқа құдай жоқ, деп куәлік беріп, сондай-ақ Саған мақтауларын айтып және Сенен тілек сұраушы, құлдарыңнан келдік», - дейді. Аллаһ: «Олар Менен не сұрап жатыр?», - дейді. Періштелер: «Олар Сенен Сенің Жәннәтіңді сұрап жатыр», - дейді. Аллаһ: «Ал олар Менің Жәннәтімді көрді ме?», - деп сұрайды. Періштелер: «Жоқ, иә Раббым менің», - дейді. Аллаһ: «Ал егер олар Менің Жәннәтімді көрсе не болар еді?», - деп сұрайды. Періштелер: «Сондай-ақ олар Сенен қорған сұрайды», - дейді. Аллаһ: «Олар Менен неден қорған сұрайды», - дейді. Періштелер: «Сенің Тозағыңның отынан», - деді. Аллаһ: «Ал олар Менің Тозағымды көрді ме?», - деп сұрайды. Періштелер: «Жоқ», - дейді. Аллаһ: «Ал егер олар Менің Тозағымды көрсе не болар еді?», - деп сұрайды. Періштелер: «Сондай-ақ Олар Сенен кешірім сұрайды», - дейді. Сонда Аллаһ: «Мен оларды кешірдім және оларға сұрағандарын бердім және оларды сұрағандарынан қорғадым!», - дейді. Осы кезде

періштелер: «Раббым менің, олардың арасында Сенің күнәһәр, олардың жанынан жәй өтіп бара жатып отыра кеткен құлың бар», - дейді, сонда Аллаһ: «Мен оны да кешірдім өйткені олар – жолдастары да қайғыға ұшырамайтын адамдар!», - дейді.

1448. Хабар бойынша, Абу Хурайра, мен Абу Саһид оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар Құдіретті Ұлы Аллаһты еске алып қай-бір жерде жиналмасын, оларды міндетті түрде періштелер қоршайды да, оларды мейірім жауып, оларға тыныштық түседі және оларды Аллаһ Өзінің жанындағылардың арасында еске алады. **Муслим.**

1449. Хабар бойынша, Хузайфа мен Абу Зарр, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдармен мешітте отырған кезінде, онда үш адам келді. Олардың екеуі Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанына келді де, біреуі кетіп қалды. Ол екеуі Аллаһтың елшісінің, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында тұрды, олардың бірі бос орын көрді де сонда барып отырды, ал екіншісі оның артынан отырды, ал үшіншісі болса кетіп қалды. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол адамдармен сөйлеп болған соң: «Сендерге осы үшеулер жалы айтайын ба? Олардың бірі Аллаһтан пана іздеді де, Аллаһ оған пана берді⁷⁶⁴, ал басқасы жайлы айтатын болсақ ол ұялды да, Аллаһ та одан ұялды⁷⁶⁵, Ал үшінші болса бұрылып кетті де, Аллаһ та одан бұрылды», - деп айтты. **Аль-Бухари, Муслим.**

1450. Хабар бойынша, Саъид аль-Худри, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар былай деді:

Бірде Муъауийа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мешітте жиылып отырған адамдарға келіп: «Сендерді бұл жерде отырыуға не мәжбүрлеп жатыр?», - деп сұрады. Олар: «Біз Аллаһты еске алу үшін жиналдық?», - деді. Муъауийа: «Сонда сендер осы жерде Аллаһты еске алу үшін ған отырмыз, деп ант бере алсыңдар ма?», - деп сұрады. Олар: «Бізді шынымен-ақ бұл жерде отыруға одан басқа

⁷⁶⁴ Яғни, оған мейірім көрсетті.

⁷⁶⁵ Ол адам, адамдарды итермелеп орын табуға ұялды, бұндай амал мақтауға лайық іс, ал Аллаһ та одан ұялды дегеніміз, Ол енді оны азаптамайды, деп түсіну қажет.

ештеңке тоқтатпайды!», - деді. Муъауийа: «Расында мені сендрге ант беруді өтінгенім, сендерді басқа іспен айналысып жатыр, деп күдіктенгенім емес. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында мен сияқты орын алғандардың ішінде, ол туралы адамдарға менен аз ешкім айтпаған⁷⁶⁶, дегенмен қазір сендерге (мынаны айтып бермекшімін), бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларының жиылысына келіп. «Сендерді бұл жерде отыруға не мәжбүрлеп жатыр?», - деп сұрады. Олар: «Біз Аллаһты еске алып, Оның бізді Исламға кіргізгеніміз үшін мақтаулар айту үшін жиналдық», - деді. Ол: «Сонда сендер, осында сол үшін ған отырғандарыңа ант бере аласыңдар ма?», - деп сұрады. Олар: «Аллаһтың атымен ант етеміз, бұл жерге жиналғанымыздың себебі, тек сол ғана!», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, менің сендердің ант берулеріңе, сендерді басқа бір істі (жасауға жиналғандарыңа) күдіктенгенменен емес, бірақ маған Жебірейіл келіп, Аллаһ сендерді періштелердің алдында мақтан тұтады», - деді.

Муслим.

⁷⁶⁶ Муъаийаның туған қарындасы, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің бірі болған. Муъауийа Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы аз айтқан себебі, ол жөнінде кателіктер жіберуден сескенген.

248 ТАРАУ

Аллаһты таң ертең және кешке еске алу жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыңа ішіңнен жалбарына қорыққан түрде бәсең сөзбен ертелі-кеш зікір ет. Сондай-ақ қаперсіздерден болма» **«Ағраф» сүресі, 205 аят.**

Араб тілінің білгірлері: «асаль» сөзі «асыль» (кеш, ымырт, қас қарайған кез) сөзінің көпше түрі болып табылады, сондай-ақ бұл – асыр намазы мен ақшам намазының арасындағы уақыт, дейді.

Аллаһ Тағала айтты:

«Күн шығудан бұрын да, батудан бұрын да Раббыңды мақтай пәкте» **«Та ха» сүресі, 130 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Ертелі-кеш күніңнің жарылқауын тіле. Раббыңды дәріптеп мақта.» **«Ғафыр» сүресі, 55 аят.**

Араб тілінің білгірлері: «аль-'аши» (кеш) сөзі, күн батуға еңкейіп ол батқанша созылатын уақыт аралығы, дейді.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде Өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. Өздерін сауда-саттық, Аллаһты зікір етуден (еске алудан) намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар...»

«Нұр» сүресі, 36-37 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

«Рас, оған⁷⁶⁷ тауларды бағындардық. Олар онымен бірге іңірде әрі сәскеде Аллаһты дәріптейтін еді.» **«Сад» сүресі, 18 аят.**

1451. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Таң ертең және кешке жүз реттен: «Аллаһқа мадақ пен Оған мақтаулар» /Субхана-Ллаһи ва би-хамди-һи!⁷⁶⁸, - деген, Ахирет күні өзімен бірге, ол сияқты айтқандарды, не соған бір нәсre косып айтқандарды есептемегенде,

⁷⁶⁷ Дәуид пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі болсын.

⁷⁶⁸ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 91 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

ешкім одан артық ешнәрсе алып келе алмаған балады. **Муслим.**

1452. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір адам Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, кеше түнде мені шаққан шаяннан, менің қалай қиналғанымды білсең ғой!», - деді. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, егер сен жатар алдында: «Аллаһтың кәміл сөздеріне, Оның жаратылыстарынан сыйынамын» /А'узу би-кялимати-Лллаһи-т-таммати мин шарри ма халәқа/⁷⁶⁹, - десең, ол саған зиян келтірмес еді!», - деді. **Муслим.**

1453. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң ертең әдетте былай деп айтатынын жеткізді:

«Иә Аллаһ, Сенің көмегіңмен таң атқанша өмір сүрдік, сондай-ақ Сенің көмегіңмен кеш батқанша өмір сүрдік, Сенің көмегіңмен өмір сүреміз, сондай-ақ Сен біздің өмірімізді аласың және Саған ораламыз» /Аллаһумма, би-кя

⁷⁶⁹ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 96 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

асбахна, уә би-кя амсайна, уә би-кя нахйа, уә би-кя намуту ва иляй-кя-н-нушу-ру/, ал кешке жақын былай дейтін: «Иә Аллаһ, Сенің көмегіңмен кеш батқанша өмір сүрдік, Сенің көмегіңмен өмір сүреміз, сондай-ақ Сен біздің өмірімізді аласың және Саған ораламыз» /Аллаһумма, би-кя амсайна, ва би-кя нахйа, ва би-кя намуту уә иляй-кә-н-нушуру/⁷⁷⁰. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1454. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Абу Бакр ас-Сиддиқ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, маған таң ертең және кешке қандай сөздер айту керек, соны айтшы», - деді. Пайғамбар, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: ««Иә Аллаһ, жер мен көктің Жаратушысы, ғайып пен анықты білуші, бәрінің Раббы мен Қожасы, Сенен басқа құдай жоқ, деп куәлік беремін, сондай-ақ Өзіңе өзімнің нәпсәмнен және шайтанның зұлымдығы мен тұзағынан Сыйынамын» /Аллаһумма, Фатыра-с-самаууати уа-ль-арди, 'Алима-ль-ғайби уа-ш-шахадати, Рабба кулли шай'ин уа Малика-һу, ашһаду аллә иляһа иллә Анта, а'узу би-кя мин

⁷⁷⁰ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 78 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.3**

шарри нафси уә шарри--ш-шайтани ва ширки-ни⁷⁷¹, - де», - деді. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл сөздерді таң ертең, кешке және төсекке жатарде айт», - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1455. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кеш түсісімен әдетте былай дейтін: “Бізге және Аллаһтың иелігіндегі барлығына кеш түсті, Аллаһқа мақтау, серігі болмаған бір Аллаһтан басқа құдай жоқ!” /Амсайна уә амсаль-мульку ли-Ллаһи, уә-ль-хамду ли-Ллаһи, лә иләһа иллә Ллаһу уахда-һу ля шәрикә лә-һу!/
Бұл хадисті жеткізуші былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздермен қоса және былай айтты деп ойлаймын: “«Ол билік иесі, Оған Мадақ, және Ол бәрін істей алады. Раббым менің, мен Сенен осы түнде болатынның және осы түннен кейін болатынның игілігін сұраймын, сондай-ақ Саған осы түнде болатынның және осы түннен кейін болатынның зұлымдығынан сыйынамын! Раббым менің, Саған ықылассыздықтан және қаусаған кәрілкке (түсуден) сыйынамын. Раббым менің, Өзіңе Тозақ оты мен қабір

⁷⁷¹ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 85 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

азабынан сыйынамын!» /Ля-һу-ль-мульку, уә ля-һу-ль-хамду ва һууа 'аля кулли шай'ин қадирун. Рабби, ас'алю-кя хайра ма фи һазии-ль-ляйляти, уә хайра ма ба'да-һа! Рабби, а'узу би-кя мин аль-кәсәли, ва су'и-ль-кибари, Рабби, а'зу би-кя мин 'азабин фи-н-нари, уә 'азабин филь-қабри! Сондай-ақ таң атқанда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейтін: «Бізге және Аллаһтың иелігіндегі барлығына таң атты...» /Асбахна уә асбаха-ль-мульку ли-Ллаһи.../⁷⁷² **Муслим.**

1456. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Хубайб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Үш реттен: «Құлһу Аллаһу аһад...⁷⁷³», - ты және «муъаууазатайнды⁷⁷⁴» таң ертең және кешке үш реттен оқы, сонда бұл сені барлық жамандықтан сақтайды. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1457. Хабар бойынша, Осман бин Аффан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁷⁷² Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабының № 77 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁷⁷³ №112 «Ықылыс» сүресі.

⁷⁷⁴ №113,114 «Фалақ», «Нас» сүрелері.

Күнде таң ертең және кешке үш реттен: “Аллаһтың атымен, Оның атымен не көкте не жерде еш нәсre зиянын тигiзе алмайды, Ол – Естуші, Көруші!” /Би-сми-Ллаһи аллязи ля йадурру ма'а исми-хи шай'ун фи-ль-арди ва ля фи-с-сама'и, ва хува-с-Самику-ль-'Алиму!/⁷⁷⁵
Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.

249 ТАРАУ

Ұйықтар алдында не деу керектігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шексіз көктердің және жердің жаратылуында түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте ақыл иелері үшін дәлелдер бар. Олар тіке тұрып отырып, жамбасынан жатып Аллаһты еске алады. Сондай-ақ олар көктер мен жердің жаратылуы жайында ойланады да: “Раббымыз, Сен бұны босқа жаратпадың, Сен пәксің, бізді Өз азабыңнан сақта!”» **«Аль-Имран» сүресі, 190-191 аяттар.**

1458. Хабар бойынша, Хузайфа мен Абу

⁷⁷⁵ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 86 дұғасында келтірілген – аударушыдан.

Зарр, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын,
олар былай деді:

Сенің атыңмен иә Аллаһ, мен өлемін және тірілемін. /Би-сми-кә, Алла-һума, ахйа уә амуту/⁷⁷⁶

Аль-Бухара.

1459. Хабар бойынша, Али, олған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол, бірде Аллаһтың елшісің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған және Фатимға, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Төсекке жатардың алдында (не: ...төсекке жатқан кезде): «отыз үш реттен “Аллаху Акбар”, “Субхана-Ллаһи” және “Әль-хамду ли-Ллаһи”», - деп айтыңдар.

Бұл хадистің басқа нұсқасында Пайғамбардаң, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

“Субхана-Ллаһи”, сөзін отыз төрт реттен айтыңдар.

Бұл хадистің басқа нұсқасында Пайғамбардаң, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

“Аллаху Акбар”, сөзін отыз төрт реттен айтыңдар. **Аль-Бухари; Муслим**

⁷⁷⁶ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 105 дұғасында келтірілген – аударушыдан.

1460. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, таң ертең әдетте былай деп айтатынын жеткізді:

Сендерден кім төсекке жатқысы келсе, онда изарының сыртымен төсегін қақсын, өйткені ол оның ішінде не барын⁷⁷⁷ білмейді, сосын былай десін: «Иә Раббым, Сенің атыңмен жамбастап жаттым және Сенің атыңмен тұрамын. Егер Сен менің жанымды алсаң, онда рахым ет, ал егер Сен оны қайтарсаң, онда оны діндарлардың жанын қорғағанындай қорға. /Би-сми-кә, Рабби, уада'ту джанби уа би-кә арфа'у-ху, фа ин амсак-та нафси, фа-рхам-һа, уа ин арсальта-һа фа-хфаз-һа би-ма тахфазу би-һи 'ибада-кя-с-салихина/. **Аль-Бухари; Муслим**

1461. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төсекке жатқысы келсе алақандарына үрлеп (сүпілеп) Құранның соңғы үш сүресін оқып, сосын қолдарымен денесінің бәрін сипайтын. **Аль-Бухари; Муслим.**

⁷⁷⁷ Мысалы, улы жәндіктер (кұрт, құмырсқа).

Бұл хадистің Муслимде де аль-Бухарида да келтірген тағы бір нұсқасында, былай делінеді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын, егер төсекке жатқысы келсе қолдарының алақанын өзіне қаратып қосып оған үрлеп (сүпілеп) сосын: «Кульһу Аллаһу ахад...» – ты, сондай-ақ: «Қул аъзузу бироббилъ фалақ...», -ты, сондай-ақ: «Қул аъзузу бироббин нас...», -ты оқып, сосын қолдарымен басы мен беті және денесінің алдыңғы жақтарынан бастап, қолы жеткенше, қолымен сипап шығатын және бұны үш реттен қайталайтын.

1462. Хабар бойынша, аль-Бара бин ʿАзиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған былай деді: «Төсекке жатқың келген кезде, намаз оқырдың алдындағыдай дәрет ал да, сосын оң жамбасыңа жатып: «Иә Аллаһ, өз нәпсімді Саған бойұсындырдым және ісімді Өзіңе тапсырдым, әрі жүзімді Саған қараттым және сауабыңды үміт етіп, әрі азабыңнан қорқып, Саған арқа сүйедім. Сенен қашып өзгеден пана табу мүмкін емес, тек Саған қашып Өзіңнен пана тілеймін! Түсірген Кітабыңа және жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім. /Аллаһумма, инни аслямту нафси иляй-кә, уә фаввадту амри иляй-кә альджа'ту захри иляй-кә рағбатан уә

рахбатан иляй-кә. Лә мальд-жа'а ва лә манджа мин-кә илля иләй-кә! Аллаһумма, аманту би-ки-таби-кә аллязи анзальта ва би-набиййи-кә алләзи әрсальта/⁷⁷⁸, - де, сонда егер де осыдан кейін өлсең, онда жаңа туған күйіндегідей жағадйда өлесің⁷⁷⁹, сондықтан бұл сенің сол күндегі соңғы сөздерің болсын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1463. Хабар бойынша, Анаса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төсекке жатардың алдында былай дейтін: “Бізді қоректендіріп сусындандырған, сондай-ақ бізге кепіл болып әрі бізге баспана берген Аллаһқа шүкір, өйткені кепіл етушісі мен баспана берушісі жоқтар қаншама” /Әль-хамду ли-Ллаһи аллязи ат'ама-на, уә сақа-на, уә кәфа-на уә ауа-на, фа кәм мимман ля Кяфийа ля-һу уә лә Му'уййа!/ **Муслим.**

1464. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ұйықтағысы келсе, оң қолын басының астына қойып былай дейтін: “ Иә Аллаһ, мені құлдарыңды қайта тірілтетін Күні,

⁷⁷⁸ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 111 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁷⁷⁹ Фитра – яғни, туғанда әр адам Аллаһты бір құдай, деп танып туылады.

Өзіңнің азабыңнан сақта” /Аллахумма, кы-ни 'азаба-кя йаума таб'асу 'ибада-кә!/
Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.

Бұл хадисті Абу Дауд Хуфсаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуымен тағы бір нұқасын келтіріп, онда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жоғарыда келтірген сөздерді үш рет қайталаған дейді.

АЛЛАҒТАН ДҰҒА ЖАСАП СҰРАУ ЖАЙЛЫ КІТАП

250 ТАРАУ

**Аллаһтан дұға жасап сұраудың қасиеті
жайында.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Маған жалбарыныңдар, тілектеріңді
қабылдаймын» **«Ғафыр» сүресі, 60 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын
түрде тілеңдер. Күдіксіз Ол, шектен
шығушыларды жақсы көрмейді» **«Ағраф»
сүресі, 60 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Егер құлдарым Мен туралы сенен сұраса: «Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін...»» **«Бақара» сүресі, 186 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Немесе қиналғандар, Өзіне жалбарынғанда қабыл етіп, қиыншылықты айықтыратын...» **«Нәміл» сүресі, 62 аят.**

1465. Хабар бойынша, ан-Ну'ман бин Башира оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан сұрап дұға жасау құлшылық болып табылады. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1466. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын Аллаһқа қысқа әрі нұсқа сөздермен сұрауының түпкі негізін айтып, сондай-ақ сөздеріне басқа артық еш нәрсе қоспай

жалбарынғанды жақсы көретін. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1467. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте Аллаһтан былай сұрайтын: «Иә Аллаһ, бізге осы дүниеде де, мәңгілік дүниеде де жақсылық бер және бізді тозақтың отынан сақта!» /Аллаһумма, ати-на фи-д-дунья хасанатан, ва фи-ль-ахырати хасанатан ва қи-на 'азаба-н-нари!/ **Аль-Бухари; Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында ол мыналарды қосады:

Анас Аллаһқа дұға жасағысы келсе ол осы сөздерді айтатын, ал ол тағы басқа нәрсе сұрағысы келсе де осыны айтатын.

1468. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына сөздерді жиі айтатынын жеткізді:

Иә Аллаһ, расында, мен Сенен тақуалықта, ұстамдылықта, және байлықта Өзіңнің басшалағаыңды сұраймын. /Аллаһумма, инни ас'алю-кя-ль-һуда, ва-т-туқа, ва-ль-'афафа ва-ль-ғина/ **Муслим.**

1469. Хабар бойынша, Тарик бин Ашйам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Егер қай бір адам Ислам (дінін) қабылдаса, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ондайға әрқашан дұрыстап намаз оқуды үйрететін, ал одан кейін Аллаһқа былай деп дұға айтуды талап ететін: «Иә Аллаһ, кешір мені, маған рахым ет, сондай-ақ мені тура жолға шығар, сондай-ақ маған ризық бер!» /Аллаһумма, ғфир ли, ва-рхам-ни, ва-хди-ни, ва 'афи-ни ва-рзуқ-ни!⁷⁸⁰ / **Муслим.**

Бұл хадистің Тарик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген тағы бір нұсқасында, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқандарын тыңдап отырғанында, оған бір адам келіп:

«Иә Аллаһтың елшісі, мен өзімнің Раббымнан сұрағанымда не деуім керек?», - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: ««Иә Аллаһ, кешір мені, маған рахым ет, мені құтқар және маған ризық бер!», - де, өйткені бұл сөздер сен үшін осы дүние мен о дүниегіні біріктіреді», - деді.

1470. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оларға Аллаһтың ризашылығы

⁷⁸⁰ Осыған ұқсас дұға араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің № 48 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иә Аллаһ, жүректерді бағыттаушы (бұрушы), біздің жүректерімізді Өзіңе бағынуға бағытта (бұр) /Аллахумма, мусаррифа-ль-кулюби, сарриф кулюба-на 'аля та'ати-кя!/
Муслим.

1471. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сынақтың қиындығынан, қайғы соққысынан, жаман шешімнен және дұшпанның табалауынан Аллаһқа сыйыныңдар.
Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында (осы хадисті жеткізушілердің бірі) Суфиан былай дегені келтіріледі:

Мен осылардың бірін өзімінің жанымнан қоспағаным сенімімді емеспін.

1472. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, мен үшін менің барлық ісімде маған қорған болатын дінімді реттеп бер⁷⁸¹, сондай-ақ мен өмір сүріп отырған осы дүниені реттеп бер⁷⁸², сондай-ақ мен оған оралатын мәңгілік өмірді реттеп бер, сондай-ақ маған өмірімді тек игілік әкелетін еткіз, сондай-ақ мен үшін өлімімді барлық зұлымдықдықтан құтылдырушы еткіз! /Аллаһумма, аслих ли дини алләзи хува 'исмату амри, уә аслих ли дунйайа алләти фи-ха ма'аши, уә аслих ли ахырати алляти фи-һа ма'ади, уа-дж'али-ль-хайата зийадатан ли фи кулли хайрин, уа-дж'али-ль-маута рахатан ли мин кулли шаррин!/ **Муслим.**

1473. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Былай деп айт: «Иә Аллаһ, мені ақиқат жолына бағытта және мені бәрінде дұрыстыққа алып кел! /Аллаһумма-һди-ни ва сәддид-ни!/ **Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:**

⁷⁸¹ Яғни, дінді дұрыстап ұстағанға жердем бер.

⁷⁸² Яғни, осы дүниеде керектің бәрін маған хәләл етіп бер.

Иә Аллаһ, расында, Өзіңнен басшылық пен дұрыстықты сұраймын! /Аллаһумма, инни ас'алю-кә-ль-һуда ва-с-садада!/
Муслим.

1474. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, расында, Өзіңе әлсіздіктен, селқостықтан, қорқақтықтан, қаусаған кәріліктен және сараңдықтан сыйынамын, сондай-ақ Өзіңе қабір азабынан және өмір мен өлім сынағынан сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кя мин аль-'аджзи, уа-ль-кяәсали, уа-ль-джубни, уа-ль-харами уа-ль бухли, уа а'узу би-кә мин 'азабил-ль-кабри уа а'узу би-кә мин фитна-ти-ль-махйа уа-ль-мамати!/
Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...қарыз ауырлығы мен адамдардың қысымшылығынан, /...уа даля'и-д-дайни ва ғалябати-р-риджали!/
Муслим.

1475. Хабар бойынша, Абу Бакр ас-Сиддиқ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған

өзімнің намазымда Аллаһтан сұрауым үшін дұға үйретші», - деп сұрадым. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. былай деді: «Былай де: «Иә Аллаһ, мен өз-өзімді көп ренжіттім⁷⁸³ (не өз-өзіме зұлымдық жасадым), Сенен басқа ешкім күнәләрді кешірмейді! Маған Өзіңнің кешірімінді сыйлап мені кешір және маған мейірімінді төк, расында, Сен – Кешірімдісің, Мейірімдісің!» /Аллаһумма, инни залямту нафси зульман кәсиран, уа ля йағфиру-з-зунуба иллә Анта, фағфир ли мағфиратан мин'инди-кә уа-рхам-ни, инна-кә Анта-ль-Ғафуру-р-Рахиму!/ аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Аба Бакрдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

...сондай-ақ өз үйімде...⁷⁸⁴

Бұл хадис «зульман кәсирән» (көп ренжіттім, көп зұлымдық жасадым), деп те жеткізіледі және «зульман кәбирән» (ұлы реніш әкелдім, ұлы зұлымдық жасадым), деп те жеткізіледі, сондықтан екі нұсқаны біріктіріп «кәсирән кәбирән» (өз-өзімді көп рет ұлы реніштермен ренжіттім, не көп рет өз-

⁷⁸³ Яғни, күндердің күнінде өзіме зиан тигізетін күнәләр жасадым.

⁷⁸⁴ Яғни, намазда және өз үйімде болғанда, деп Абу Бакр, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сұрап жатыр.

өзіме ұлы зұлымдықтар жасадым) деп, айту қажет.

1476. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, маған менің күнәләрім мен надандығымды және амалымдағы дағдылықсыздығымды, сондай-ақ Өзіңнің менен де жақсы білетініңді кешір! Иә Аллаһ, менің шынымен және әзілмен, қателесіп және біле тұра жасағандарымның (бәрін) кешір, өйткені осының бәрі маған тән! Иә Аллаһ менің бұрын жасаған және алдағы уақытта жасайтын, сондай-ақ менің жасырын және құпия жасаған, сондай-ақ Өзіңнің менен жақсырақ білетін (бүкіл) күнәләрімді кешір! Сен алдыға Жылжытушысың, - сондай-ақ Сен артқа Ысырушысың және барлық билік Сенде!» /Аллаһумма, ғфир ли хаты'ати уа джахли, ва исрафи фи амри уа ма Анта а'ляму би-һи минни!» Аллаһумма, ғфир ли джадди уа хазли, уа хата'и, уа 'амди ва куллю заликия 'инди! Аллаһумма, ғфир ли ма қадамту уа ма аххарту, уа ма асрарту уа ма а'лянту, уа ма Анта а'ляму би-һи минни! Анта-ль-Муқаддиму, уа Анта-ль-Муаххыру уа Анта 'аля кулли шай'ин қадирун!/ **аль-Бухари, Муслим.**

1477. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, істеген зұлымдығым мен істемеген зұлымдығымның (кесірінен) Өзіңе сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кә мин шарри ма 'амильту уа мин шарри ма лям а'маль!/
Муслим.

1478. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп Аллаһқа дұға айтқанын естіген:

Иә Аллаһ, расында, Өзіңнің игіліктеріңнің тоқтап қалуынан, сондай-ақ Сенің сыйлаған нығметтеріңнің⁷⁸⁵ ауысуынан, сондай-ақ Сенің жедел қаһарыңнан және барлық Сенің қаһарыңның туғызатындардың бәрінен Өзіңе сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кя мин завали ни'мати-кә, уа тахауули 'афийати-кә уа фуджа'ати никмати-кя уа джами'и сахати-кә!/
Муслим.

1479. Хабар бойынша, Зайд бин Аркам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

⁷⁸⁵ Яғни, нығметтеріңнің қайғыға айналуынан.

Иә Аллаһ, расында, мен өзіңнің қорғаныңа әлсіздіктен, селқостықтан, сараңдықтан, қаусаған кәріліктен және қабір азабынан сыйынамын! Иә Аллаһ менің жаныма тақуалық нәсіп етіп оны тазарт, өйткені Сен – тазартушылардың ең абзалысың⁷⁸⁶, Сен – оның Қамқоршысы мен мен Қожасысың! Иә Аллаһ Өзіңе пайдасыз білімнен, бойұсынбайтын жүректен, тойымсыз жәннан (рухтан), жауапсыз дұғадан Өзіңе сыйынамын!» /Аллахумма, инни а'узу би-кямин аль-'аджзи, ва-ль-кясали, ва-ль-бухли, ва-ль-харами ва 'азаби-ль-кабри! Аллахумма, ати нафси таква-ха, ва закки-ха, Анта хайрун ман заккя-ха, Анта Валийу-ха ва Мауля-ха! Аллахумма, инни а'узу би-кя мин 'ильмин ля йанфа'у, ва мин кальбин ля йахша'у, ва мин нафсин ля ташба'у ва мин да'ватин ля йустадж-абу ля-ха! **Муслим.**

1480. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, Саған бойұсындым, Саған иман келтірдім, Саған үміт артамын, Сенен сұраймын, Сенің арқанда айтысамын және Сенің төрешілігіңді (сотыңды) сұраймын, сондықтан менің бұрын жасағаным мен әлі

⁷⁸⁶ Яғни, Аллаһтан басқа ешкім жанды тазарта алмайды.

жасамағанымды, сондай-ақ менің құпия әрі жәриә жасағанымды кешір! Сен – алдыға Шығарушысың және Сен – Шегіндірушісің, Сенен басқа, құдай жоқ! /Аллаһумма, аслямту, уа би-кә аманту, уа 'аляй-кя таваккяльту, уа иляй-кә анабту, уа би-кә хасамту уа иляй-кә хакәмту, фа-ғфир ли ма қаддамту, уа ма аххарту, уа ма асрарту уа ма а'лунту! Анта-ль-Му-қаддиму ва Анта-ль-Муаххыру, ля иляһа иллә Анта!// **Хадисті жеткізушілердің кей бірі мына сөздерді қосатын:**

...және Аллаһтың күш қуатына жететін күш қуат ешкімде жоқ! **Аль-Бухари, Муслим.**

1481. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, расында, Өзіңе Оттың сынағы⁷⁸⁷ мен азабынан, сондай-ақ байлық пен кедейліктің кесірінен (зұлымдығынан) пана іздеймін (сыйынамын) /Аллаһумма, инни а'узу би-кә мин фитнати-н-нари, уа 'азаби-н-нари уа мин шарри-ль-ғына уа-ль-фақри!// Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді. Бұл жерде Абу Даудтың нұсқасы беріліп тұр.

⁷⁸⁷ Яғни, себебі от болған сынақтардан.

1482. Хабар бойынша, Зайд бин Иләкә, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ағасымен ағайындас (не болмаса нағашысы) Құтпа бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, арқылы, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, жағымсыз құлықтылықтан, істен және бағыттан Өзіңе сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кә мин мункәрати-ль-ахләки, уаль-а'мали уаль-ахва'и!/ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1483. Хабар бойынша, Шакаль бин Хумайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, маған қай-бір дұға үйретші», - дедім, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Иә Аллаһ, расында, мен құлағымның кесірінен⁷⁸⁸, көзімнің кесірінен⁷⁸⁹, тілімнің кесірінен, жүрегімнің кесірінен⁷⁹⁰ және жыныс мүшелерімнің кесірінен⁷⁹¹ Өзіңе сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кя ми шарри сам'и, уа мин шарри басари, уа мин шарри лисани, уа мин шарри қальби уа ми шарри манийаи!/ **Бұл**

⁷⁸⁸ Яғни, өтірік сөздерді естіп ақиқатты есітпеуден.

⁷⁸⁹ Яғни, харамға қараудан.

⁷⁹⁰ Яғни, жүректің Аллаһтан басқаны ойлауынан.

⁷⁹¹ Яғни, зина жасаудан.

хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы хадис», деп келтіреді.

1484. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, алапестен, жындылықтан, лепрден⁷⁹² және басқа да ауыр кеселдерден Өзіңе сыйынамын! /Аллаһумма, инни а'узу би-кя мин аль-бараси, уа-ль-джунуни, уа-ль-джузами ва сайи'и-ль-ас-ками!/
Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

1485. Хабар бойынша, Абу Хурайры, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Иә Аллаһ, Өзіңе аштықтан сыйынамын – онымен бір төсекте жату қандай қиын! – сондай-ақ Өзіңе сатқындықтан сыйынамын – ол нендей жаман қылық! /Аллаһумма, инни а'узу би-кә мин аль-джу'и, фа-инна-һу би'са-д-даджи'у, уа а'узу би-кя мин аль-хыйанати, фа-инна-һу би'сати-ль-битанату!/
Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

⁷⁹² Алапестің бір түрі.

1486. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде оған өзінің қожайынымен өзін сатып алу шартына отырған бір құл келіп: “Мен өзімнің шартымның талаптарын орындай алмай жатырмын, маған көметесші!”, - деді. Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді: “Маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйреткен бір сөздерді, саған үйретейін бе? (Егер) ол сөздерді (айтсаң), сенде Ухуд тауындай қарызың болса да, Аллаһ сен үшін оны береді⁷⁹³! Былай де: “Иә Аллаһ, Өзіңнің тыйым салған нәрселеріңнен, рұқсат еткен нәрселерің арқылы құтқар⁷⁹⁴ және кеңшілігіңмен, мені Өзіңнен басқаға мұқтаж болудан сақта! /Аллаһумма, кфи-ни би-халяликә 'ан харами-кә уа-ғни-ни би-фадликә 'амман сиуә-кә!⁷⁹⁵ / **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1487. Хабар бойынша, Имран бин аль-Хусайн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁷⁹³ Бұл сөздердің қадірі соншалық, оны айтқан адамға Аллаһ міндетті түрде қарызын өтеуге көмектеседі.

⁷⁹⁴ Яғни, харамыңнан хәләлің арқылы құтқар

⁷⁹⁵ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 136 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның әкесі Хусайнға, Аллаһқа дұға жасағанда айтуы үшін, мына екі сөздерді үйреткен: “Иә Аллаһ, маған Өзіңнің жолыңнан тайып кетпейтінді сіңір және мені жанымның кесірінен сақта! /Аллаһумма, аль-хым-ни рушди уа а'ыз-ни мин шарри нафси!/ **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**⁷⁹⁶

1488. Хабар бойынша, Абу-ль-Фадль аль-Аббас бин Абд аль-Муталиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: “Иә Аллаһтың елшісі, маған Аллаһ Тағаладан сұрайтын бір нәрсеге үйретші”, - деп өтіндім, - сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Аллаһтан құтқаруын сұраңдар”, - деді. Ал біраз күндерден кейін мен оған келіп. “Иә Аллаһтың елшісі, маған Аллаһ Тағаладан сұрап тұратын дұға үйретші”, - дедім, - сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. “Иә Аббас, иә Аллаһтың елшісінің көкесі⁷⁹⁷, Аллаһтан осы дүние мен мәңгілік дүниеде құтқаруын

⁷⁹⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

⁷⁹⁷ Көкесі дегені, Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әкесімен ағайындас болып келеді – **аударушыдан.**

сұрандар!”, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1489. Хабар бойынша, Шахр бин Хаушаб былай деді:

Бірде мен Умм Саламадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: “Иә діндарлардың анасы, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сенде болған кезінде Аллаһқа қандай дұғаларды жиі айтатын еді?”, - деп сұрадым. Ол: “Әдетте ол былай дұға айтатын: “Иә жүректердің халін өзгертуші⁷⁹⁸, менің жүрегімді Өзіңнің дінінде тұрақтат!” /Йа Муқаллиба-ль-қулюби, саббит қальби 'аля дини-кә/, - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1490. Хабар бойынша, Абу-д-Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дауд, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһқа мына дұғаларды да айтатын: «Иә Аллаһ, мен Өзіңнен Өзіңнің махаббатыңды сұраймын және Өзіңді жақсы көретіндердің

⁷⁹⁸ Яғни, жүректерді бұрыстықтан дұрыстыққа бағыттаушы.

махаббатын сұраймын, сондай-ақ Сенің Махаббатыңа алып келетін амалдарға деген махаббатты сұраймын! Иә Аллаһ Өзіңнің мен үшін махаббатыңды, мен үшін өзімнен де артық, өзімнің жанұямнан да артық және салқын суды жақсы көргеннен де артық ет!» /Аллаһумма, инни ас'алю-кә хубба-кә, ва хубба ман йухиббу-кә әа-ль-'амалә-лләзи йубаллиғу-ни хубба-кә! Аллаһумма - дж'аль хубба-кә ахабба иләйһа мин нафси, уа ахли уа-ль-ма'и-ль-ба-риди! **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1491. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһқа әрдайым және жиі мына сөздермен дұға жасаңдар: «Иә ұлылық пен жомарттық Иесі⁷⁹⁹...» /Иә За-ль-джаләли уа-ль-икрами.../ **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен ан-Насаи Рабиъи бин Амр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, арқылы келтіреді. Аль-Хаким «Жақсы хадис», дейді.**

⁷⁹⁹ Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздермен Аллаһқа дұға жасаңдар деп жатқаны, бұл Аллаһтың ұлы есімдерінің бірі болып табылады.

1492. Хабар бойынша, Абу Умам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһқа көптеген дұғалар жасайтын да, оларды біз есімізде сақтай алмайтынбыз, сосын бірде біз оған: “Иә Аллаһтың елшісі, сен Аллаһқа көптеген дұға жасап, оларды біз есімізде сақтай алмадық!”, - дедік. Бұнымызға Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: “Сендерге осының бәрін біріктіретінді үйретейін бе? Былай деңдер: “Иә Аллаһ мен Өзіңнен Сенің пайғамбарың Мухаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сұраған игілікті сұраймын және Өзіңнен Сенің пайғамбарың Мухаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сыйынған барлық зұлымдығынан сыйынамын! Көмекті Өзіңнен ғана сұрау қажет, ал дұғаны қабыл етуді Өзің ғана шешесің және Аллаһтан басқа ешкімде күш қуат жоқ!” /Аллаһумма, инни ас'алю-кә мин хайри ма са'аля-кә мин-һу набийу-кә Мухаммадун, салля-Ллаху 'аляй-һи уа салләма, уа а'узу би-кә мин шарри маста'аза мин-һу набийу-кә Мухаммадун, салля-Ллаху 'аляй-һи ва салләма! Уа Анта-ль-муста'ану, уа 'аляй-кә-ль-баләгу уа ля хаулә ва лә қуата иллә би-Ллаһи!/
Бұл

хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.⁸⁰⁰

1493. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһқа мына дұғалармен жалбарынатын: «Иә Аллаһ, расында, Мен Өзіңнен Сенің мейіріміңді төккізіп, кешіріміңді тудыратын, сондай-ақ бәрінен құтқаратын, сондай-ақ игілікті көбейтетін, сондай-ақ Жәннәт нәсіп ететін және Оттан құтқаратын (амал) сұраймын!» /Аллаһумма, инни ас'алю-кә муджибати рахмати-кә, уа 'аза'има мағфирати-кә, уа-с-саләмата мин кулли исмин,уа-ль-ғанимата мин кули биррин, уа-ль-фауза би-ль-джаннати уа-н-наджата мин ан-нари!/ **Бұл хадисті аль-Хаким Абу Абдуллаһ «Муслимнің талаптарын қанағаттандыратын сенімді хадис», деп келтіреді.⁸⁰¹**

251 ТАРАУ

⁸⁰⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

⁸⁰¹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Жаныңда жоқ басқа біреуге дұға жасаудың қасиеті жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай олардан кейін келгендерге де (бұл олжадан) беріледі. Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай көр!...» **«Хашыр» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...өзіңнің және мүмин ер, әйелдердің күнәләренің жарылқауын тіле!...» **«Мухаммад» сүресі, 19 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Раббымыз! Есеп құрылатын күні, мені, әкешешемді және мүминдерді жарылқа!⁸⁰²» **«Ибраһим» сүресі, 41 аят.**

1494. Хабар бойынша, Абу-д-Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың кез-келген құлы жанында жоқ бауыры үшін Аллаһқа жалбарынып дұға

⁸⁰² Бұл Ибраһимнің, оған Аллаһтың сәлемі болсын, айтқан сөздері.

жасаса, жанындағы переште оған әрдайым: «Саған да сұрағаның болсын!», - деумен болады. **Муслим.**

1495. Хабар бойынша, Абу-д-Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп жиі айтатындығын жеткізді:

Мұсылманның жанында жоқ бауыры үшін сұраған дұғасы қабыл, өйткені, оның басының жанында ерекше тапсырма алған переште бар, сонда ол мұсылман, өзінің жанында жоқ бауыры үшін игілік тілеп дұға жасаған сайын ерекше тапсырма алған переште: «Амин, саған да сұрағаның бұйырсын!», - дейді. **Муслим.**

252 ТАРАУ

Аллаһқа дұға жасап сұрауға байланысты кейбір мәселелер жайында.

1496. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кімде-кім өзіне жақсылық жасағанға: «Саған Аллаһ хайырымен қайтарсын!» /Джаза-кә-Ллаһу хайран!/, - десе, онда ол өзінің рахметін айтқаннан (ризашылығын

білдіргеннен) де, көп іс істеген саналады. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1497. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өздеріңе қарғыс айтпаңдар, өздеріңнің балаларыңа қарғыс айтпаңдар және өздеріңнің дүниелеріңе қарғыс айтпаңдар, өйткені ол Аллаһтан сый сұрайтын уақыт аралығында айтып қалуы мүмкін⁸⁰³, (ал егер сол кезге) тап келіп қалса, онда Ол сұрағандарыңды береді. **Муслим.**

1498. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің Раббына құл, сәжде уақытында ең жақын саналады, сондықтан (сол уақытта) Оған дұғаны жиірек жасаңдар. **Муслим.**

1499. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸⁰³ Бұл жерде, Аллаһтың дұғаларды қабыл ететін уақытының аралығы болып қалуы мүмкін, делініп жатыр.

«Мен Аллаһтан сұрап дұға жасадым, ал Ол менің дұғама жауап бермеді», - деп, асықтырмасаңдар, сендердің әр қайсысыларыңның дұғаларыңа жауап бар. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде былай деп айтқаны келтіріледі:

«Аллаһтың құлының дұғасы, ол күнә істі не болмаса туыстарымен қарым-қатынасты үзуді сұрағанша және асығыстық танытпайынша қабыл». Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, асығыстық танытпайыншасы не?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл дегеніміз, ол: «Мен Аллаһқа дұға жасап сұрай бердім, бірақ мен Оның жауап бермекші болғанын көрмедім!», - деп айтқаны, осыдан кейін оған Аллаһтан сұрап дұға жасау ауыр болады да, сосын одан бас тартады», - деді.

1500. Хабар бойынша, Абу Умам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Қай дұғаға, ол қабыл болады деп үміт артуға болады?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһқа түннің ішінде жасаған дұға мен парыз етілген намаздардан кейінгі жасалған дұға», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1501. Хабар бойынша, Убада бин ас-Самит, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жер бетінде тұратын мұслмандардың қайсысы болмасын, күнәлі істер мен туыстық қарым-қатынастарды бұзудан бөлек, Аллаһ Тағаладан сұрап дұға жасаса, Аллаһ оған сұрағанын міндетті түрде береді, не болмаса сол сұрағанының көлеміндей көлеміндегі зұлымдықты қайтарады», - деді. Адамдардың бірі: «Онда біз Аллаһқа жиірек дұға жасаймыз», - деді – сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Аллаһ болса сендерге (сұрағандарыңнан да) көбірек береді», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді. Бұл хадисті Абу Саъидтың жеткізуімен Аль Хаким де келтіреді, оның нұсқасында Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:**

...не болмаса оған сұрағанының көлеміндейді, ол үшін сақтап қояды.

1502. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайғыға душар болса әлетте былай дейтін: «Жұмсақ әрі Ұлы Аллаһтан басқа құдай

жоқ. Ұлы Ғаршының Раббы Аллаһтан басқа құдай жоқ Аспанның Раббы, жердің Раббы және ардақты ғаршының Раббы Аллаһтан басқа құдай жоқ!» /Лә иләһа лллә-Ллаһу-ль-'Азымуль-Халиму, лә иләһа илля-Ллаһу, Раббу-ль-'арши-ль-'азыми, лә иләһа илля-Ллаһу, Раббу-с-самаууати, уа Раббу-ль-арди, уа Раббу-ль-'арши-ль-кәрими!/⁸⁰⁴ **Аль-Бухари; Муслим**

253 ТАРАУ

Аллаһқа жақын (әулие) адамдардың кереметтері⁸⁰⁵ және олардың қасиеттері жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Біліңдер! Расында, Аллаһтың достарына хауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. Сондай иман келтіріп тақуа болғандар. Оларға дүние тіршілігінде де ахиретте де қуаныш бар. Аллаһтың сөздерінде өзгерістер жоқ. Міне ірі

⁸⁰⁴ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітәбінің № 122 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁸⁰⁵ Кейбір адамдарға Аллаһ Тағала керемет көрсету қабілеттерін беріп қояды. Егер керемет көрсету пағамбарларға берілсе ондайды мұғжиза, дейді, ал жәй адамдарға берілсе керемет, дейді

қол жетушілік осы.» **«Юныс» сүресі, 62-64 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«(Періште) оның астыңғы жағынан: «Кейіме, Раббың астыңнан бір бұлақ жаратты⁸⁰⁶», - деп дауыстады. «Құрманың бұтағын өзіңе қарай сілкі, саған жас құрма түседі» (, - деген үн келді). Ал енді же де іш...» **«Мәрям» сүресі, 24-26 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Зәкәрия оның бөлмесіне әр кіргенде, оның қасында қорек (тамақ) тапты. (Сосын бірде:) «Иә Мәрям! Осы саған қайдан келді?», - деді. Мәрям: «Ол Аллаһтың қасынан, шексіз Аллаһ қалаған құлын есепсіз ризықтандырады», - деді.» **«Аль-Имран» сүресі, 37 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«(Олар өзара): «Әйтеуір елдеріңнен де олардың Аллаһтан өзге табынғандарынан да айырылдындар, енді үңгірге бекініңдер. Сендерге Раббыларың рахметін шассын! Сондай-ақ сендер үшін істеріңде оңайлық әзірлесін. (Мухаммад) қарасаң: күн шыққан

⁸⁰⁶ Жебірейіл періште, Мәрямға Исамен жүкті болып босанайын, деп жатқан кезде айтып жатыр.

сәтте, үңгірлерінің оң жағынан ауытқығанын, күн батқан сәтте, оларды сол жақта қалдырғанын көрер едің...» **«Қеһф» сүресі, 16-17 аяттар.**

1503. Хабар бойынша, Абу Мухаммад Абд ар-Рахман бин Абу Бакр ас-Сиддик, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Перде арты тұрғындары кедей адамдар болатын да, бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кімнің үйінде екі адмдық тамақ болса, өзімен бірге үшіншісін алсын, ал кімде төрт адамдық болса, өзімен бірге бесіншісін алсын (не алтыншысын)», - деді – сонда Абу Бакр үйіне үш адамды алып келді, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса өзімен бірге он адамды алып кетті. Абу Бакр жайлы айтатын болсақ, ол Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үйінде кешкі тамағын ішіп алып, өзі де сонда құтпан намазына қалған болатын, ал үйіне Аллаһтың қалаған уақытынан кейін ғана оралды. Әйелі оған: «Саған сенің қонақтарыңа оралуына не кедергі болды?» - деді. Ол: «Сен оларға кешкі тамақ бермедің бе не?, - деп сұрады. Әйелі: «Оларға тамақ ұсынылды, бірақ олар сен келгенше тамақ жеуден бас тартты!», - деді.

Абд ар-Рахман сөзін балай жалғастырды:

Сонда мен кетіп тығылдым⁸⁰⁷, ал Абу Бакр: «Иә надан!», - деп айқайлап ұрыса бастады, ал дастарханға қайтадан тамақ қойылған соң жанұясының адамдарына: «Жеңдер, бұл сендерге игілік алып келмесін, ал мен болсам, Аллаһтың атымен ант етемін, бұны ешқашан жемеймін!», - деді.

Абд ар-Рахман сөзін былай жалғастырды:

Аллаһтың атымен ант етемін, біз бір бөлік тамақ алсақ болды, оның астынан одан да көп тамақ пайда болып жатты да, бұл бәрі тамаққа тойғанша жалғасып жатты. Ыдысқа қарап, Абу Бакр әйелінен: «Иә бану фирастың қарындасы, бұл не?!», - деп сұрады. Әйелі: «Қуанышыммен ант етемін, қазір тамақ, алғашқысынан үш есе көбеді!», - деді. Сонда Абу Бакр сол тамақтан ауыз тиіп: «Расында, бұл шайтанның ісі!⁸⁰⁸», - деп өзінің тамақ ішпеуге барген анты жайлы айтты, сосын (тамақтан) үлкен бір бөлігін жеді, ал сосын қалған тамақты Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, апарып берді, тамақ онда таң атқанша болды. Ал бұған дейін біз бір рудың адамдарымен келесем шарт жасақан болатынбыз, оның уақыты өткен соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, он екі адам тағайындап, олардың әр

⁸⁰⁷ Әкесінің ашуынан қорқып.

⁸⁰⁸ Яғни, алғашқы айтқан антын шайтаннан, деп жатыр.

қайсысының басында Аллаһқа белгілі мөлшерде адамдар болды, сонда олардың бәрі осы тамақтан жеді.

Бұл хадистің Абу Бакр келтірген тағы бір нұсқасында, Абд ар-Рахманның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сонда Абу Бакр ол тамақтан жемейтіндігіне ант берді, оның әйелі де осыған ант берді, ал қонақ (не: ...қонақтар) болса, үй иесі жемейінше жемейтіндігіне (не: ...жемейтіндіктеріне) ант берді. Сонда Абу Бакр: «Бұл шайтаннан!», - деді де, өзіне тамақ берілуін талап етіп жеді, қалғандары да жеді. Сонда тамақтан қай бір бөлік алынбасын, оның астынан одан да көбі пайда болып жатты. Абу Бакр әйелінен: «Иә бану фирастың қарындасы, бұл не?!», - деп сұрады. Әйелі: «Қуанышыммен ант етемін, қазір тамақ болғанынан үш есе көбеді!», - деді. Олар тамақты жеп алды да, бұл тамақты Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, беріп жіберді. **Абд ар-Рахман сөзінің арасында Пайғамбардың да, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осы тамақтан жегенін айтып өтті.**

Бұл хадистің Абу Бакр келтірген тағы бір нұсқасында мыналар айтылады:

Абу Бакр Абд ар-Рахманға: «Мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кеттім, ал сен болсаң оларға тамақ бер де, мен келгенше дұрыс сый-сыяпат көрсет!», -

деді. Осыдан кейін Абд ар-Рахман оларға (үйінде) барын алып келіп: «Жеңдер», - деді. Олар: «Үйдің иесі қайда?», - деп сұрады. Абд ар-Рахман оларға тағы да: «Алыңдар», - деді – бірақ олар: «Осы үйдің иесі келмейінше біз жемейміз!», - деді. Абд ар-Рахман оларға: «Біздің сыйымызды қабыл алыңдар, не болмаса, расында, ол кетіп, сендер тамақ жемеген болсаңдар, одан көп сөгістер естиміз», - деді, бірақ олар бас тартты.

Абд ар-Рахман сөзін былай жалғастырды:

Мен Абу Бакрдің маған ашуланатынын білдім де, ол келген кезде кетіп тығылып қалдым. Абу Бакр: «Сендер не істедіңдер?», - деп сұрады да, үйдегілер бәрін айтып берді. Сонда ол: «Иә Абд ар-Рахман!», - деп шақырды, бірақ мен үндемедім, ол тағы да: «Иә Абд ар-Рахан!», - деп шақырды, бірақ мен тағы да үндемедім, сонда ол: «Иә надан, Аллаһтың атымен, деймін, егер сен менің даусымды естіп тұрсаң маған келуің керек!», - деді. Сонда мен шығып: «Қонақтарыңнан өзің сұра!», - дедім, сонда олар: «Ол саған шындықты айтты, расында ол тамақ әкелді», - деді. Ол: «Седер мені күттіңдер ме не, бірақ мен Аллаһтың атымен ант етемін, бүгін түнде тамақ жемеймін!», - деді. Қонақтар: «Аллаһтың атымен ант етеміз, сен жемейінше біз де жемейміз!», - деді. Абу Бакр. «Сендерге қайғы келгір, сендер неге біздің сыйымызды

қабылдамайсыңдар?!», - деді. Сосын Абд ар-Рахманға. «Тамағыңды алып кел!», - деді, сосын тамақты әкелісімен, оған қолын салып: «Аллаһтың атымен! Алғашқысы – шайтаннан», - деп өзі жеді және қалғандары да жеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1504. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге дейін өмір сүрген халықтың ішінде дұрысы жүректеріне сіңірілген⁸⁰⁹ адамдар болатын, ал менің үмметімнің ішінде сондай адам болған болса онда ол адам Омар. **Бұл хадисті аль-Бухари келтіреді, ал Муслим бұл хадистің Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген нұсқасын келтіреді.**

1505. Хабар бойынша, Жәбир бин Самур, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁸⁰⁹ Арабша «мухаддасуна», тікелей аудармасы – «оларға сөз айтылатын адам». Бұл жерде, өздерінің қалауларына қарамастан ақиқатты сөйлейтін адамдар.

Куфа⁸¹⁰ тұрғындары Омар бин аль Хаттабқа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Саъад⁸¹¹, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жайлы шағымданды, сонда ол оны орнынан алып тастап басқарушы етіп оларға Аммарды⁸¹² тағайындады. Олар өздерінің шағымында, оның (Саъадтың) дұрыстап намаз оқымайтындығын айтып келеді. (Бұның бәрін естіген) Омар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған адам жіберіп (Саъадқа ол келген соң): «Иә Абу Исхақ, бұл адамдар сенің намазды дұрыстап өткізбейді деп жатыр!», - деді. Жауап ретінде ол: «Мен жайлы айтатын болсақ, Аллаһтың атымен ант етемін, расында, мен олармен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қалай намаз оқыса, тура солай намаз оқыдым! Таң намазында алдыңғы екі ракатты ұзартып, ал кейінгі екі ракатты қысқартып отырдым», - дейді. Омар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен сен жайлы солай ойлап едім, иә Абу Исхақ!», - дейді. Содан соң ол онымен бірге ол жайлы қала жұртшылығын сұрастыру үшін, Куфаға бір (не: ...бірнеше адамды...) адамды ертіп жібереді. Сонда ол адамның Саъад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жайлы сұрап,

⁸¹⁰ Ирак жеріндегі ірі қала.

⁸¹¹ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жақын сахабаларының бір Ол Куфаны 639 бен 642 жылдар арасында басқарған.

⁸¹² Ол да сахабалардың бірі.

ал онда оны мақтамаған бір де бір мешіті қалмайды. Осылай ол бану абс мешітіне кіргенше жалғасады, онда Усама бин Қатад аты, ал халық арасындағы лақап аты Абу Саъад орнынан тұрып: «Сен сұрап жатқан соң айтайын, Саъад бірде-бір әскери жорыққа қатысқан жоқ, әскери олжаны тең бөлген емес және сот ісінде әділдікті ұстанған емес», - деді. Бұны естіген Саъад орнынан тұрып: «Онда, Аллаһтың атымен ант етемін, мен Аллаһтан үш нәрсені сұраймын: «Иә Аллаһ, егер сенің осы құлың өтірікші болса және орнынан тек қана өзін көрсетіп және даңқын көтеру үшін тұрған болса, онда оның өмірін ұзарт, сондай-ақ кедейлігін ұзарт және оны сынақтарға душар ет!», - деді. Сонда осының бәрі орындалды, ал артынан ол адамнан жағдайын сұрағандарға ол: «Мен – жұрдайлықпен сыналып жатқан қартпын, сондай-ақ маған Саъадтың қарғысы тиді», - дейтін.

Осы хадисті Жәбір бин Самурадан жеткізуші Абд альМалик бин Умайр, былай деді:

Сосын мен ол адамды кәріліктен қасы көзіне түсіп, ал өзі болса жас қызмиеккер қыздардың жолын бағып, оларды қолдарынан ұстамқшы болған күйінде көрдім. **Аль-Бухари, Муслим.**

1506. Хабар бойынша, Урв бин аз-Зубайр, ол былай деді:

Кезінде Аруа бинт Аус, Саъид бин Зайд бин Нуфайлға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, қарсы Мурван бин аль-Хакамға Саъид оның жерін хақысыз басып алды деп, шағымданып, тартыс бастайды. Марванның сұрақтарына, Саъид былай дейді: «Мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естіген соң, қалайша оның жерін басып аламын?!», - дейді. Марван: «Ал Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сен не естідің?», - деп сұрайды. Сонда Саъид: «Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ахиретте ақысыз алақан жер алғанның мойнына жеті жерден жиналғаны оралады», - дегенін естідім», - дейді. Марван: «Осыдан кейін мен сенен ешқандай дәлел талап етпеймін», - деді. Сонда Саъид: «Иә Аллаһ, егер ол өтірік айтқан болса, оның жанары сөнбейінше өлтірме және оны, өзінің жерінде өлтір!», - деді.

Урв сөзін былай жалғастырды:

Расында, ол соқыр болғанша өлмеді және бір күні өзінің жерінде келе жатып бір шұңқырға құлап жан тапсырды. **Аль-Бухари, Муслим.**

Муслим бұл хадистің Мухаммад бин Зайд бин Абдуллаһ бин Омар кеолтірген, мағынасы аз-Зубайрдың жеткізгенімен сәйкес келетін тағы бір нұсқасын келтіреді. Ол нұсқада Мухаммад бин Зубайрдың

айтуымен, көзі соқыр болған сол әйел, үйлердің қабырғасымен жылжып отырып, өзі таласқан жердегегі құдықтың жанына келіп, сол құдыққа құлап түсіп, сол құдық оған мола болғандығы баяндалады.

1507. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ухуд соғысы болардың алдыңғы түнінде мені әкем шақырып алып былай деді: «Мен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдыңғы сахабаларының қатарында қаза боламын, деп ойлаймын, сондықтан, расында, менің өлімімнен кейін мен үшін Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, санамағанда, сенен басқа жақын ешкім қалмайды. Менің қарызым бар, оны төлеп таста және саған апаларыңа жақсы қарым қатынас жасауыңды өсиет етемін!». Ал таңертең ол, расында, бірінші қаза болды, алдымен мен оны бір адаммен бірге (бір қабірге) жерледім⁸¹³, бірақ оны басқаның жанында қалдыру маған ұнамағандықтан, алты

⁸¹³ Бұл соғыста ұрыс алаңында қаза болған мұсылмандар көп болатын және жарақат алған мұсылмандар да көп болған, сол себепті қабір қазатын адам аз болғандықтан, қаза болғандарды бір қабірге екуден, үшеуден жерлеген.

айдан соң оның денесін (мәйітін) қазып алып басқа жерге бөлек жерлегенімде, оның құлағын есептемегенде, денесі сол жерлеген кезімдегі қалпында жатыр екен⁸¹⁴. **Аль-Бухари, Муслим.**

1508. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларынан екі адам, қараңғы түнде «Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шыққандарында, олардың алдарынан жолдарына сәулесін шашқан шамға ұқсас екі нәрсе жарқырады, ал олар айырылысқанда олардың жарқырауықтары да екіге бөлініп, олар үйлеріне жеткенше (жол көрсетіп) жарқырауларын тоқтатпады. **Бұл хадисті аль-Бухари түрлі нұсқалармен келтіреді. Олардың бірінде ол екі адам Усайд бин Худайр мен Аббад бин Бишр делінеді, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын.**

1509. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁸¹⁴ Яғни, бұзлмастан, шіріместен сол бәз баяғы қалпында болып шыққан, дегені – **аударушыдан.**

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басшысы етіп Асим бин Сәбит аль-Ансариді, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, тағайындап, тыңшылыққа он адамды жорыққа аттандырады. Олар жолға шығып Усфан мен Меккенің арасындағы аль-Худата атты жерге жеткенде олар жайлы бану лихйан, деп атайтын хузайл руының адамдарына белгілі болады, сонда олардың ізімен жүз шақты садақшы мен сақпаншы аттанады⁸¹⁵. Оларды байқасымен Асим мен оның жолдастары бір төбешікке бекінеді, ал ол адамдар оларды қоршап: «Түсіңдер де, беріліңдер, ал біз болсақ сендерді өлтірмейтінімізге уәде береміз!, - дейді. Бұған Асим бин Сәбит: «Өзім жайлы айтатын болсам, онда мен түспеймін де және кәпірдің рахымына берілмеймін! Иә Аллаһ, біз жайлы Өзіңнің Пайғамбарыңа хабарла!, - дейді. Сонда олар садақтарынан оларды атқылап Асимді өлтіреді, ал олардың үшеуі Хубайб, Зайд бин ад-Дасина және біреуі, олардың уәделеріне сеніп төмен түседі. Олар кәпірлердің қолына түскен соң, кәпірлер садақтарының адырнасын (жібін) шешіп алып, оларды байлап тастайды, сонда олардың арасындағы үшіншісі: «Бұл – бірінші

⁸¹⁵ Сақпан – ортасында тас салатын алақандай қайысы бар, тартып ататын ескі құрал.

опасыздық! Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендерге қосылмаймын, өйткені мына өлтірілгендер мен үшін жақсы үлгі!», - деді. Сонда кәпірлер оны күштеп сүйреп оны өздерне бағындырмақшы болды, ал ол олармен жүруге бағынбаған кезде, олар оны өлтіреді. Хубайб пен Зайд ад-Дасин жайлы айтатын болсақ, оларды Меккеге апарып құлдыққа сатып жібереді, бұл оқиға Бадр соғысынан кейін болған болатын. Хубайбты Бадр соғысында, Хубайбтың өзі өлтірген аль-Харис бин Амир бин Нуфаль бин Манафтың балалары сатып алады да, олар оны өлтіруге бел буғанша, аз уақыт тұтқын ретінде болады. Бұл туралы білген Хубайб денесінің түгін қыру үшін аль-Харситің қыздарының бірінен ұстара ала тұрады. Осы арада ұстара берген әйелдің кішкентай баласы ойнап жүріп, ол әйел байқамай қалған кезде Хубайбтың жанын келеді. Ол әйел баласын, қолына ұстара ұстаған Хубайб тізесне отырғызып алғанын көріп шошынғаны соншалық, Хубайб оны байқап қалады да: «Сен мені оны өлтіреді, деп қорқасың ба? Мен олай істемеймін!», - дейді. Сонда ол әйел: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен Хубабтан жақсы тұтқын көрген емеспін! Сондай-ақ, Аллаһтың атымен ант етемін, бірде мен ол кісенге тұсауланған кезінде оның қолына бір шоқ жүзім ұстап жеп (отырғанын) көрдім, ал ол

уақытта Меккеде ешкімде жүзім болмаған болатын!», - деді. Сондай-ақ ол әйел былай деді: «Расында, бұл – Аллаһтың Хубайбқа берген ризығы». Ал олар оны өлтіру үшін, харамның жерінен, өлтіруге болатын қашықтыққа алып шыққанда⁸¹⁶ Хубайб оларға: «Маған екі ракат намаз оқуға мүмкіншілік беріңдер», - дейді. Олар оған оны орындауға мүмкіншілік береді де, ол екі ракат намаз оқып болған соң: «Иә Аллаһ, егер мені қорқып жатыр, деп есептемегенінде, мен міндетті түрде қосар едім!⁸¹⁷ Иә Аллаһ, олардың санын есепте де, оларды бірінен кейін бірін құрт және олардан ешкімді қалдырма!», - деді. Сосын ол: «Егер мен мұсылмен болып өлсем мен үшін Аллаһ жолында қалай өлсем де бәрі бір. Бұл – Аллаһ үшін, егер Ол қаласа, быт-шыт болған дененің буындарын игіліктейді», - деді. Сонымен, шыдамдық танытып және өлімінің алдында екі ракат намаз оқыған Хубайб, өлім жазасы күтіп тұрған әр-бір адам үшін орындайтын, екі ракат намаз оқу салтының алдын бастады. Ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса, олар апатқа ұшыраған күні-ақ,

⁸¹⁶ «Аль-Харам» - тірі жанға қиянат жасауға болмайтын қасиетті орын.

⁸¹⁷ Яғни, егер мына адамдар мені, намазды өмірінің соңын созу үшін оқып жатыр, деп ойламағандарында, тағы да ек ракат намаз оқыр едім, деп жатыр.

олар жайлы өзінің сахабаларына хабарлады⁸¹⁸. Ал кейбір құрайштар жайлы айтатын болсақ, олар Асим бин Сәбиттің өлімі жайлы естігеннен кейін оның өлген жеріне, оны нақ сол екенін көріп тану үшін, оның денесінен бір нәрсесін (кесіп) алып келулеріне әмір беріп, өздерінің адамдарын жібереді, өйткені Амир бұрын құрайыштардың белгілі адамдарының бірін өлтірген болатын, бірақ Аллаһ Асимнің денесіне ара секілді бір нәрсенің бұлтын жіберіп, ол (бұлт) оның денесінен қай бір нәрсені кесіп алуға бөгет жасайды. **Аль-Бухари.**

Бұл тарауға қатысты көптеген хадистерді осы кітаптың басқа тарауларында келтірдік, мысалыға, бақсы мен машайыққа барып жүрген жігіт туралы хадис⁸¹⁹, Журайдж жайлы хадис⁸²⁰, үңгірдің ішінде аузын тас басып қамалып қалған адамдар жайлы⁸²¹ және бұлттың ішінен: «Пәленшенің бағын суғар», деген дауыс естіген адам жайлы хадис⁸²². Сондай-ақ бұл тарауға байланысы көптеген меңзеулер бар, ал жетістікке тек Аллаһ әкеледі.

⁸¹⁸ Яғни, Асимнің жасағын кәпірлер қоршап алған уақытта, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол жайлы аян түсуі арқылы біледі.

⁸¹⁹ № 30 хадисті қараңыз.

⁸²⁰ № 259 хадисті қараңыз.

⁸²¹ № 12 хадисті қараңыз.

⁸²² № 562 хадисті қараңыз.

1510. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Омардың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бір нәрсе жайлы: «Расында, мен осылай болады», - деп айтқанын естісем, артынша шынымен-ақ ол қалай ойласа, дәл солай болатын. **Аль-Бухари.**

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН АМАЛДАР ЖАЙЛЫ КІТАП

254 ТАРАУ

**Ғайбат (жаман) сөздерді айтуға
болмайтындығы және тілге ие болу
керектігі жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сыр тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көреді ме? Әрине оны жек көресіңдер. Расында, Аллаһ тәубені қабыл Етуші, Мейірімді» **«Хұжрат» сүресі, 12 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

Өзің білмеген нәрсенің соңынан түспе: расында, құлақ көз және жүрек олардың барлығы олардан сұралады» **«Ісра» сүресі, 36 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы⁸²³ дайын» **«Қаф» сүресі, 50 аят.**

Әр-бір ақыл-есі дұрыс адам, пайдасы айқын нәрселерден басқаның бәрінен, өзінің тілін ұстау керектігін біл. Ал айтылатын сөздердің пайдасы болмайтын болса, онда Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүннеті бойынша, ондай сөздерден өз-өзін ұстау керек, өйткені рұқсат етілген сөздердің өзі жаман рұқсат етілмеген сөдер болып шығуы мүмкін, ал өз-өзін күнәдән сақтаудан жақсы ешнәрсе жоқ.

1511. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸²³ Адамның бүкіл амалы мен ісін жазушы періште жайлы айттып тұр.

Кім Аллаһқа және Ахиретке иман келтірген болса, (тек) жақсылықты сөйлесін не үндемесін⁸²⁴. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадис сөйлегенде тек оның игілігі болса ғана сөйлеуге болатындығы жайлы айтылып тұр, яғни – сөйлейтін сөздің пайдасы айқын болса, ал егер айтылатын сөздің пайдасы жайында күмәндар болса, онда сөйлеудің қажеті жоқ.

1512. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, мұсылмандардың ішіндегі ең жақсысы кім?», - деп сұрадым. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Өзінің тілімен және қолымен басқаларға зиянын тигізбейтіні», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1513. Хабар бойынша, Сахл бин Са'д, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім маған жағының арасындағысы⁸²⁵ мен аяғының арасындағысына кепілдік берсе, мен оның Жәннәтқа кіретіндігіне кепілдік беремін⁸²⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁸²⁴ Басқаша айтқанда, өтірік пен өсектен өзін ұстасын.

⁸²⁵ Яғни, тілі.

⁸²⁶ Яғни, кім тілін жаман сөздерден ұстаса және зинақорлық жасамаса, ондай адам Жәннәтқа кіреді, делініп жатыр.

1515. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың құлы ойланбай айтқан сөзінің салдарынан, тайып құлап Тозақтың отына түсуі (мүмкін), сонда оның құлаған жерінен Тозақтың шетіне дейінгі ара қашықтық шығыс пен батыстың ара қашықтығындай болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1515. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың құлы, оған өзі мән бермей, Аллаһ Тағала риза болатын сөздерді айтуы мүмкін, ал Аллаһ ол сөздер үшін оны көп сатыға жоғарылатады. Сондай-ақ, расында, Аллаһтың құлы, оған өзі мән бермей, Аллаһ Тағаланың қаһарын туғызатын сөздерді айтуы мүмкін, сонда ол сөздер үшін ол Тозаққа тасталынады. **Аль-Бухари.**

1516. Хабар бойынша, Абу Абд ар-Рахман Билял бин аль-Харис аль-Музани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, кей кездері адам Аллаһқа ұнамды сөздер айтады, сонда ол сөздерінің қандай дәрежеге көтерілгененін сезбейді де, ал Аллаһ болса оны сол айтқандары үшін, Өзімен кездесетін Күнге дейін Өзінің мейірімін көрсететіндердің қатарына жазады! Сондай-ақ, расында, кей кездері адам Аллаһтың қаһарын тудыратын сөздер айтады, сонда ол сөздерінің неге жеткенін сезбейді де, ал Аллаһ болса оны сол айтқандары үшін, Өзімен кездесетін Күнге дейін Өзінің қаһарында болатындардың қатарына жазады! **Бұл хадисті Малик «Аль-Мууаттада» келтіреді және ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1517. Хабар бойынша, Суфйан бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, мен ұстанатын бір нәрсе айтшы», - дедім, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: ««Менің Раббым – Аллаһ», - де, сосын туралықты ұстан⁸²⁷», - деді. Мен: «Иә Аллаһтың

⁸²⁷Туралықты ұстану (истикама), дегеніміз Аллаһтың бүкіл бұйрықтарын орындау және Оның бүкіл тыйым салған нәрселерінен бас тарту.

елшісі, сен мен үшін ең көп қауіптенетінің не?»,
 - дедім, сонда ол өзінің тілін ұстап: «Мынадан»,
 - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1518. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһты еске алудан басқа тұрғыда көп сөзділікті ұстанбаңдар, өйткені Аллаһ Тағаланы еске алудан басқадағы көп сөзділік жүректің қатыгездігінің белгісі, ал қатігез болса, расында, Аллаһтан адамдардың ішіндегі ең алысындағылардан болады⁸²⁸! **Ат-Тирмизи.**

1519. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәтқа, Аллаһ оның екі жағы мен аяғының арасындағының зұлымдығынан сақтаған кіреді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

⁸²⁸ Яғни, Аллаһтың рахымынан алыс болады.

1520. Хабар бойынша, Укба бин Амир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, құтылуға не алып келеді?», - деп сұрадым, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Айтқан сөздерің өзіңе қарсы шықпас үшін тіліңді ұста, үйіңді өзің үшін кең сана⁸²⁹, және күнәләрің үшін жыла», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1521. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам баласы таң ертең ұйқыдан тұрғанда, оның денсінің мүшелері тіліне өздерінің бағаныштылығын білдіріп былай дейді: «Біз үшін Аллаһтан қорық, өйткені біз саған тәуелдіміз, егер сен туралықты ұстансаң, онда біз де түзу боламыз, ал егер сен қисайсаң, онда біз де қисайамыз». **Ат-Тирмизи.**

1522. Хабар бойынша, Му'аз, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен: «Иә Аллаһтың елшісі, айтшы, қандай амал мені Оттан алыстатып Жәннәтқа

⁸²⁹ Бұл дегеніміз, үйінде құлшылық жасауға орын болса соны жеткілікті санау, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

кіруіме себеп болады?», - деп сұрадым. Жауап ретінде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен үлкен (маңызды) нәрсе жайлы сұрадың, расында, кімге Аллаһ Тағала оны жеңілдетсе, ол жеңіл болады: Аллаһқа құлшылық етіп Одан басқа ешкімге құлшылық етпе, намаз оқы, зекет төле, Рамадан кезінде ораза ұста және Үйге⁸³⁰ Қажылық жаса», - деді. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен саған игілік қақпаларын нұсқайын ба? Ораза – қалқан, су отты сөндіргендей, садақа күнәләрді сөндіреді, сондай-ақ – адамның түн ішінде оқыған намазы», - деп сосын мына аяттарды оқыды: «Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, (түнде ұйқыдан тұрып) Раббыларын қорқа дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Ешкім қылмысы жаққандықтан (істеген ісі үшін) өздерне көмес (ғайып) сақтаулы қуанышты сыйлықты білмейді⁸³¹» Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саған бұл істің ең бастысы оның тіректері мен шыңы жайлы хабарлайын ба?, - деді. Мен: «Әриә, иә Аллаһтың елшісі», - дедім, сонда ол: «Бұл істің ең бастысы Ислам, оның тірегі намаз да, ал шыңы – Жихад», - деді. Сосын ол: «Саған осының бәрінің негізінде не жатқанын

⁸³⁰ Яғни, Қағбаға.

⁸³¹ «Сәжде» сүресі, 16-17 аяттар.

хабарлайын ба?», - деді. Мен: «Әриә, иә Аллаһтың елшісі», - дедім, сонда Өзінің тілін көрсетіп: «Мынаны ұста (шекте)», - деді. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, шынымен ақ біз сөйлегеніміз үшін де сұраламыз ба не?», - деп сұрадым. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сенен сенің анаң айрылғыр! Адамдар беттерімен тозаққа, жала жапқан сөздерінен (не өсектерінен) басқа істері үшін тасталынады ма екен?!», - деді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1523. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендер ғайбаттаудың не екенін білесіңдер ме?», - деп сұрады. Адамдар: «Аллаһ пен Оның елшісі бұл жөннінде жақсырақ біледі», - деді. Пайғамбар: «Өзіңнің бауырың естісе ұнамайтындай сөздерді айтуың», - деді. Одан: «Ал егер менің бауырым сол айтылғанға сәйкес болса ше?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлекмі болсын: «Егер сенің айтқандырыңа сәйкес болса, онда сен оны ғайбаттап жатырсың, ал егер сәйкес болмаса, онда жала жауып жатырсың», - деді.

Муслим.

1524. Хабар бойынша, Абу Бакр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Минада қоштасу қажылығы кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, сенедердің осы күндерің, осы айларыңда, осы елдеріңде қандай қасиетті болса, сендердің өмірлерің, сендердің дүниелерің және намыстарың да, (бір-бірлеріңе) сондай қасиетті болуы керек! Мен сендерге осыны жеткіздім бе?⁸³²», - деді. **аль-Бухари.**

1525. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саған Софияның⁸³³ осындай да- осындай болғаны жеткілікті!», - дедім. **Бұл хадисті жеткізушілердің бірі: «Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оның бойының кішкентайлығын меңзеген», дейді. Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:**

⁸³² Яғни, Аллаһтың маған жеткіз деген жеткізгеніме куә болыңдар, деп жатыр.

⁸³³ София, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің бірі.

Бұны естіген Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, сен сондай сөз айттың, егер сол айтқандарыңды теңізге қосса, онда бүтін теңізді ластар еді!», - деді.

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Бірде мен оның алдында бір адамды мазақтап суреттей бастадым⁸³⁴, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған анау да мыну да берілетін болса, мен алдымда біреуді суреттегенін (бейнелегенін) қаламаймын!» **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Сенімді әрі жақсы хадис», деп келтіреді.**

«Бүтін теңізді ластар еді», деген сөздің мағынасы, егер сол айтылған сөздер теңіздің суымен араласса, онда сол сөздің сасықтығы мен жиіркеніштілігінен, теңіздің суының дәмі өзгерер еді, дегені. Бұл айтылған Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ғайбат сөздер жайлы шешендікпен айтқандарының бірі. Ал Аллаһ Тағала былай деді:

«Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана» **«Нәжім» сүресі, 3-4 аяттар.**

⁸³⁴ Яғни оның жүрісін, не басқа бір ісін көрсетіп келемеждей бастады.

1526. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен көкке көтерілгенімде, онда өздерінің беттерін мен кеуделерін тырнап жатқан жез тырнақты адамдардың жанынан өттім, сонда мен: «Бұлар кімдер, иә Жебірейіл?», - деп сұрадым. Ол: «Бұл – адамдардың етін жеп оларды масқараушылар», - деді. **Абу Дауд.**

1527. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өр-бір мұсылман үшін басқа мұсылманның өмірі, дүниесі және намысы қасиетті саналады. **Муслим.**

255 ТАРАУ

Гайбат (жаман) сөздерді тыңдауға болмайтындығы, сондай-ақ мұндай

сөздерді естіген адамға ондай сөздерді тоқтатып өзінің келіспейтіндігін білдіру керектігі, ал егер олай істей алмаса не

**болмаса оның сөздері тыңдаусыз қалады,
деп ойласа, онда ондай жиылыстардан
кету керектігі жайында.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Қашан олар бос сөз естісе, одан бет бұрып:
«Біздің ісіміз өзімізге сендердің істерің өздеріңе
тән. Сендерге сәлем. Надандарды
қаламаймыз», дейді» **«Қасас» сүресі, 55 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шынында, иман келтіргендер құтылады.
Олар сондай мүминдер намаздарында іштей
жалбарынады. Олар бос (сөздерден)
нәрселерден аулақ болады» **«Мүминун»
сүресі, 1-3 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңынан түспе.
Расында құлақ, көз және жүрек олардың
барлығы одан сұралады» **«Ісра» сүресі, 36 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Аяттарымыз турасында олардың
ажыуаға⁸³⁵ кіріскенін көрген сәтте, басқа сөзге
кіріскендеріне шейін олардан бет бұр. Егер

⁸³⁵ Яғни, Аллаһтың аяттарына қарсы сөздер айта бастаса.

шайтан саған ұмыттырса⁸³⁶, есіңе түскеннен кейін залымдар тобымен бірге отырма!»
«Әнғам» сүресі, 68 аят.

1528. Хабар бойынша, Абу-Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бауырының намысын қорғағанның жүзін, Ахирет күні Аллаһ оттан қорғайды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1529. Бұның алдында «Үміт жайлы» тарауда келтірілген ұзын хадисте Ытбан бин Маликтің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Намазға тұрып Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен мұнда көрмей тұрған Мәлік бин ад-Духшум қайда?», - деп сұрады. Бір адам: «Ол – Аллаһ пен Аллаһтың елшісін жақтырмайтын екіжүзді», - деді. Бұны естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олай деме! Ол сенің көзіңше Аллаһтың дидарына

⁸³⁶ Яғни, егер шайтан олардан кетіп қалуды ұмыттырса.

талпынып: «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», - деп айтпап па еді? Расында, Аллаһ, «Аллаһтан басқа құдай жоқ!», деп Аллаһтың дидарынан үміттеніп⁸³⁷, айтқан әр бір адамды, Отқа харам (тигізбейтін) етті!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1530. Бұның алдында «Тәубе жайлы» тарауда келтірілген ұзын хадисте⁸³⁸ Қазб бин Маликтің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, онда ол Табукқа жетпейінше мені есіне алмады. Ал ол сол жерге жетіп адамдардың арасында отырғанда: "Ал Қазб бин Малик не істеп жүр?", - деп сұрады. Бану салим руынан бір адам: "Иә Аллаһтың елшісі, оны онда екі киімі мен тәкәппарлығы ұстап қалды", - деді. Сол кезде Муъиз бин Жабал, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: "Сен нендей жаман сөз айттың! Аллаһтың атымен ант етемін, иә Аллаһтың елшісі, біз оның тек жақсылықтарын білеміз!", - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі

⁸³⁷ Яғни, шын ықыласымен.

⁸³⁸ 21 хадис.

мен сәлемі болсын, үндемеді. **Аль-Бухари,
Муслим.**

256 ТАРАУ

Ғайбат (жаман) сөздердің қайсысын (не болмаса қай кезде) айтуға болтындығы жайында.

Ғайбат сөздерді айтудан басқа амал қалмаған кезде тек жақсылық үшін, сондай-ақ Шариғаттың үкімдеріне қарсы келмейтін жағдайларда ғайбат сөздер айтуға болатынын біл. Оған алты себеп болуы мүмкін:

БІРІНШІСІ: арыз беріп шағымданғанда. Басшыға, төрешіге, сондай-ақ басқа да билігі бар адамдарға не болмаса өзін ренжіткен адаммен төрелік жасап бере алатын адамға шағымдануға болады. Осындайда жәбірленуші: «Пәленше мені осындай сөздер айтып ренжітті», - деп айтуына болады.

ЕКІНШІСІ: Дұрыс емес істі орнына келтіру үшін не болмаса адасушыны ақиқат жолына салу үшін, осыны өзгертуге көмек көрсете алатын адамға: «Пәленше осылай істеп жатыр, оны тоқтат», - деген сияқты сөздерді айту жатады. Мұндайда айтушы адамның ниеті тек қана сол істі тоқтату үшін болу керек, ал олай

болмаған жағдайда ондай сөздерді айтуға болмайды.

ҮШІНШІСІ: адамның мүфтиге: «Мені осындай істе әкем (не: ...ағам, не: ...жұбайым) ренжітті. Оның осыған хақысы бар ма? Осыдан қалай құтылып, менің ақым орнына келтіріледі және қасымшылықтан қалай құтыламын?», - деп, не болмаса осыған ұқсас сөздерді айтып, діни-хұқықты мәселеде пәтуә шығырып беруін өтіну. Қажет болған жағдайда осылай айтуға рұқсат, дегенмен: «Сен адамның (не болмаса: жұбайдың) осылай істегеніне не дер едің?», - деп айту дұрысырақ. Осылай айтып ешкімнің есімін атамастан-ақ мақсатқа жетуге болады, дегенмен жәбірлеушіні айтуға да болады, ол жайында Аллаһ Тағала жазса Хиндтің жеткізген хадисін айтып ораламыз.

ТӨРТІНШІСІ: Мұсылмандарды зұлымдықтан қорғау және оларға дұрыс ақыл айту үшін көптеген жағдайларда айтуға болады:

- хадистерді жеткізушілердің, сондай-ақ куәгерлердің сөзінде күмән болса, ондайларға тойтарыс беру керек болса. Барлық мұсылмандардың ойы бойынша, бұндай жағдайда айту парыз саналады;
- біреуге үйлену үшін, не болмаса онымен істес болу үшін, не болмаса, оған аманат тапсыру үшін, не болмаса онымен басқа да істер жүргізу үшін ақыл сұрағанда, ақыл айтушы тек қана игі ниетпен, ол адам

жайлы еш нәрсесін жасырмай барлық кемшілітерін айтып беруі керек;

- шарифат заңдарын оқып жүрген адамның, таза емес адамға не болмаса дінге жаңалық енгізуші адамға барып, одан дін амалдарын үйреніп жүргенін көрсе; бұндай жағдайда ол оған жақсы ақыл айтып ол адамдардың жағдайын түсіндіру керек; бұл жерде оның ниеті шынымен-ақ жақсы ақыл айтуға ұмтұлуы тиісті, мұндай жағдайда қателік жасап алу қиын емес, өйткені айтып жатқан адамды көреалмушылық, не шайтан итермелеп, оған істеп жатқан ісін жақсы амал ретінде көрсетуі мүмкін, сондықтан ол ісін өзіне айқындап алсын;
- қолында билігі бар адам, ол орынға таза болмағанынан, не ақылы кем болғанының салдарынан, не болмаса басқа да себептермен лайық болмаған соң билігімен дұрыс үкім жүргізбесе; оны орнынан алып ол жерге басқа адамды тағайындау үшін, не болмаса ең азы оның қандай адам екендігін біліп оның айтқанына көніп алданып қалмас үшін, сондай-ақ оны дұрыс жолға салу үшін, не болмаса орнынан алып тастауы үшін айтуға болады;

БЕСІНШІСІ: біреу ашық түрде тыйым салынған амалдарды не болмаса дінде жоқ амалдарды орындап жатса, мысалыға, іс ашық

шарап ішу жайында, адамдарға түрлі ауыртпалықтар салу жайында, заңсыз сауда салықтарын салу жайында, біреудің дүниесіне заңсыз қол салу жайында және басқа да жағымсыз істер жайында болса, осының бәрін ашық түрде жасап жатса айтуға болады, дегенмен бұған қатысы жоқ басқа кемшіліктері жайында айтуға болмайды.

АЛТЫНШЫСЫ: таныстыру; егер адам қай-бір лақап атымен белгілі болса, мысалыға, Соқыр, Ақсақ, Керең деген сияқты, онда оны осылай атауға болады, бірақ оны кемсіту үшін айтуға болмайды, сондықтан оны басқаша атауға болатын болса, солай атаған дұрысырақ.

Осы алты принципті, ғалымдардың көпшілігі бір ауыздан дұрыс санаған, ал осы принциптердің дұрыстығын растайтын хадистер жайлы айтатын болсақ олар белгілі. Олардың қатарына мына хадистер жатады:

1531. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам, Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кіруге рұқсат сұрағанда былай деді: «Кіргізіңдер оны, бірақ ол рулас ретінде нашар (адам)!»,- деді.

Аль-Бухари, Муслим.

Аль-Бухари бұл хадисті нашар және күмәнді нәрселер жайлы айтуға болатындығына дәлел ретінде келтіреді.

1532. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен пәленше мен пәленшенің біздің дінімізден бір нәрсені біледі, деп ойламаймын.

Аль-Бухари.

Бұл хадисті деткізушілердің бірі болған Аль-Ляйс бин Саъд, былай деген: «Ол айтылған екі адам екіжүзділерден болатын».

1533. Хабар бойынша, Фатима бинт Кайс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде мен Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын келіп: «Маған Абуль-Жаһм мен Муъауийа құда түсті (мені айттырды)», - дегенімде, ол: «Муъауия жайлы айтатын болсақ, ол – еш дүниесі жоқ кедей, ал Абуль-Жаъм жайлы айтатын болсақ, ол иығынан таяғын түсірмейді», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі: «...Абуль-Жаһм жайлы айтатын болсақ, ол әйелдерді ұрады». Бұл айтылған

сөздер Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «...ол иығынан таяғын түсірмейді», - деген сөздерінің түсіндірмесі болып табылады. (Дегенмен) бұл сөздер: ол көп сапарда болады, деген мағынаны да білдереді, деген де ойлар бар.

1534. Хабар бойынша, Зайд бин Аркам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарға көп қиыншылықтар көруге мәжбүр болған жорықта⁸³⁹, бірге болдық, сонда мен Абдуллаһ бин Убайдың⁸⁴⁰: «Аллаһтың елшісімен бірге болғандарға, олар оның жанынан қашып кеткенше еш нәрсе жұмсамаңдар!», - деп айтқанын және: «Расында, біз Мединаға оралсақ, ондағы мықтылары жексұрындарын қуып шығады!⁸⁴¹», - дегенін естідім. Осыдан кейін мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп, болған жайдың бәрін хабарладым да, ол Абдуллаһ Ибн Убайға кісі жіберді, ал ол болса, олай айтқан жоқпын,

⁸³⁹ Бану Мусталяк руына қарсы шыққан жорық. Ол жорықты, сол жердегі құдықтың атымен аль-Мурайси' жорығы, деп те атайды. Жорық 626 жылы болған.

⁸⁴⁰ Бұл адам, Медина екіжүзділерінің басшысы саналған.

⁸⁴¹ Яғни, Абдуллаһ Ибн Убай, Мединаның жергілікті халқы ансарлар, көшіп келген мухажирлерді Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге қуып шығады, деп жатыр.

деп ант бере бастады. Сонда адамдар: «Зайд Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдады!», - деді. Осыдан кейін, Аллаһ Тағала былай деп басталатын сүре жібергенше, мен қайғыда болдым: «Саған екіжүзділер келген кезде: «Сені анық Пайғамбар, деп айғақ боламыз», - дейді. Сенің хақ Пайғамбар екеніңді Аллаһ біледі. Сондай-ақ Аллаһ, расында, екіжүзділердің мүлде суайт екендігіне куәлік етеді». Осы аяттар менің шыншылдығымды дәлелдеді. Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларды, олар үшін Аллаһтан кешірім сұрау үшін шақырды, бірақ олар бұрылып кетті⁸⁴². **Аль-Бухари, Муслим.**

1535. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Бірде Абу Суфианның әйелі Хинд, Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, Абу Суфиан – сараң адам, сондықтан мен одан оның рұқсатынсыз алмасам, маған мен үшін және менің балам үшін жетерліктей бермейді», - дегенінде, ол: «Әдетіңше⁸⁴³, өзің үшін және балаң үшін жетерліктей ал», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁸⁴² Яғни, келмеді.

⁸⁴³ Тым көп те, тым аз да алма.

257 ТАРАУ

Бір адамның сөздерін екінші адамға олардың арасына от салу үшін жеткізіп өсек айтуға болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әр-бір көп ант ішкен ынжықтарға бой ұсынба; Өте айыптағыш, өсек тасығышқа да»
«Қалам» сүресі, 10-11 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын⁸⁴⁴» **«Қаф» сүресі, 18 аят.**

1536. Хабар бойынша, Хузейфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өсекші жәннәтқа кірмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1537. Хабар бойынша, ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁸⁴⁴ Яғни, айтқан сөзін жазып алушы періште дайын тұрады.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып, былай деп айтқанын естіген:

Расында, бұларды, үлкен күнәләр жасағандары үшін азаптап жатқан жоқ, дегенмен бұлардың әр-қайсысының күнәләрі ауыр: бұлардың бірі өсек тасыған болса, ал екіншісі өзінің несебінен сақтанбаған⁸⁴⁵. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде аль-Бухаридің нұсқаларының бірі беріліп тұр.**

Ғалымдар былай деген:

«...бұларды үлкен күнәләр жасағандары үшін азаптап жатқан жоқ...», - деген сөздердің мағынасы, ол адамдар істеген істеріне немғұрйлы қарап, үлкен күнә санамаған.

Сондай-ақ оның үлкендігі - ол бұл істің оларға көрсеткен әсері саналады, делінеді⁸⁴⁶.

1538. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁸⁴⁵ Бұл жерде ол адамның өзінің несебінің (зәрінің) тиген жерін тазаламаған, не болмаса дәрет сындырғанда адамдардан ұялмай ашық сындырғандығы жайлы айтылып жатыр.

⁸⁴⁶ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздері жайында ғалымдардың басқа да түсіндірмелері бар, олардың айтқандарының мағынасы мынаған келіп тіреледі, олардың кіші деп санаған күнәләрі Аллаһ Тағаланың алдында үлкен, ал Аллаһ болса бұл жайында жақсырақ біледі.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерге «аль-ъадхтың» не екенін айтайын ба? Ол адамдардың арасында айтылатын өсек сөздер. **Муслим.**

«Аль-ъадх» - өтірік сөз, жала жабу.

258 ТАРАУ

Кесірлі істер мен соған ұқсас істердің адамдар арасында тарайтындығынан қорыққан істің басқасында, адамдардың сөздері мен әңгімелерін өкімет басшыларына⁸⁴⁷ жеткізуге болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер...» **«Мәида» сүресі, 2 аят.**

Бұл тарауға алдыңғы тарауда келтірілген хадистер де жатад

1539. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁸⁴⁷ Бұл жерде тек өкімет басшылары ғана емес, билігі барлар және адамдар арасында сөзін тыңдайтын құрметі барлар жайында да айтылып жатыр.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Менің сахабаларымнан маған олардың бірі (өздері) туралы еш нәрсе жеткізбесін⁸⁴⁸, өйткені мен сендердің араларыңа тыныш жүрекпен шыққым келеді. **Абу Дауд, ат-Тирмизи.**

259 ТАРАУ

Екіжүзділікті айыптау жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар адамнан жасырса да, Аллаһтан жасыра алмайды. Аллаһ, олар түнделетіп, разы болмайтын сөз қылғанда⁸⁴⁹ олармен бірге еді. Аллаһ олардың не істегенін бұлжытпай біледі.»

«Ниса» сүресі, 108 аят.

1540. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸⁴⁸ Яғни, ренішті сөздер.

⁸⁴⁹ Бұл жерде кінәсі жоқ адамдарды айыптау, не болмаса өтірік куә болу жайында айтылып жатыр.

Сендер адамдардың қазбалар⁸⁵⁰ секілді екендігін көресіңдер, сонда олардың арасындағы жәһіл заманында жақсылары Исламда да жақсы болып дінде білушілердің қатарында болады. Сонда сендер, бұл тарапында, олардың арасындағы ең жақсылары бұны⁸⁵¹ жек көретінін көресіңдер, сондай-ақ адамдардың ең нашары бір бетімен, ал екіншісіне басқа бетімен көрінетін екі жүзділер екені аңғарасыңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1541. Хабар бойынша, Мухаммад бин Зайдтың жеткізуімен:

Адамдар менің атам Абдуллаһ бин Омарға, оларға Аллаһтың ризшылығы болсын: «Расында, біз басшыларымызға кіргенде, оларға айтатынымыз, олардан шыққан кездегі айтатынымздан өзгеше болады», - деді. Сонда ол: «Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезінде біз мұндай істі екіжүзділік санайтынбыз!», - деді. **Аль-Бухари.**

260 ТАРАУ

Өтірікшілікке тыйым жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

⁸⁵⁰ Яғни, алтын, күміс, темір қазбалары секілді.

⁸⁵¹ Бұл жерде билік жайлы айтылып жатыр.

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңынан түспе...» «Ісра» сүресі, 36 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын.» «Қаф» сүресі, 18 аят.

1542. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, шыншылдық ізгілікке апарады, ал ізгілік Жәннәтқа апарады. Адам тек қана шындықты сөйлеп, соңында Аллаһ алдында шыншыл деп жазылады. Шындығында өтірікшілік күнәһарлыққа апарады, ал күнәһарлық тозаққа апарады. Адам өтірік сөйлеген сайын, соңында Аллаһ алдында суайт өтірікші деп жазылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1543. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Анық екіжүздінің төрт белгісі болады, ал осы белгілердің бір болған, сол белгіден айырылмайынша екіжүзділіктің бір сипатымен белгіленген саналады. Ол белгілермен айқындалатындар, оған сеніп тапсырылғанда опасыздық танытады, сөйлегенде өтірік айтады, шарттасқанда шартты бұзады және жауласқанда күнә жасайды⁸⁵². **Аль-Бухари, Муслим.**

1544. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

О дүниеде, көрмеген түсін көрдім, деп айтқанға екі дәннен түйін жасауға әмір беріледі де, ол оны орындай алмайды⁸⁵³, Ахиретте адамдардың сөздерін, олар естуін қаламағанына қарамастан, жасырын тыңдағанның құлағына балқытылған қорғасын құйылады, ал (тірі жанды) бейнелеушіге, оған жан беруі міндеттеледі(, ал ол оны орындай алмайды.) **аль-Бухари.**

⁸⁵² Яғни, ондай адам өтірік ант ішіп, жала жабады. (не болмаса жауласқанда шектен шығады – **аударушыдан.**)

⁸⁵³ Түйін жасағанша азаптайды, яғни ол оны жасай алмайтын болған соң, азабы мәңгілік болады.

1545. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, түсінде көрмегенін көрдім, деп (көрмеген түсін) айтып беру, өтірік айтудың ең жаман түрлерінің біріне жатады. **Аль-Бухари.**

1546. Хабар бойынша, Самура бин Жундуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өзінің сахабаларынан: «Сендерден кім түс көрді?», - деп жиі сұрайтын да, оған Аллаһтың қалағанын айтып беретін де, бір күні таң ертең ол былай деді:

Расында, бүгін түнде маған екеу келіп: «Жүр!», - деді. Мен олармен бірге жүрдім де, біраз уақыттан кейін жерде жатқан бір адамға жолықтық. Ол адамның үстінен қолында тас ұстаған бір адам сол таспен басын соғып жарды да, басқа тиіп шетке домалаған тасты ұрушы қайта алып келгенше, тас басына тиіп, жарылғанның басы, баяғы қалпына келіп

үлгереді, ал ұрушы қайтадан оның басынан ұрып, алғашқы істегенін қайталап жатты.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Мен: «Субхана-Ллаһи!⁸⁵⁴ Бұл екеуі кімдер?», - деп сұрадым, сонда олар: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан кейін етбетімен жатқан адамға жолықтық. Ол адамның үстінде бір адам қолындағы ілгішімен аузының, танауының және көзінің бір шетінен іліп желкесіне дейін жиырып жатты. Сосын бетінің екінші жағына шығып бірінші жағында істегенін қайталап бетінің екінші шетін желкесне жиырып жатты. Екінші бетін жиыруын аяқтамастан бетінің бірінші бөлігі бәз баяғы қалпына оралып ол сол бетке қайта оралып алғаш жасағанын қайталады.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Мен: «Субхана-Ллаһи! Бұл екеуі кімдер?», - деп сұрадым, сонда ол: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан соң пеш сияқты бір нәрсеге жолықтық.

(Осы жерде) Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай айтты деп

⁸⁵⁴ Бұл жерде таң қалғандығын білдіріп тұр.

ойлаймын⁸⁵⁵: Оның ішінен айқай-шу естіліп жатты. Біз оның ішіне қарағанымызда, астарынан от жағылған жалаңаш әйелдер мен еркектерді көрдік, сонда астарындағы от оларға көтерілгенде олар айқайлап жатты. Мен: «Бұл адамдар кімдер?», - деп сұрадым, сонда ол: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан соң бір өзенге келіп тоқтадық...

(Осы жерде) Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай айтты деп ойлаймын:

...оның суы қан тәрізді қызыл болды. Бұл өзенде бір адам жүзіп жүрді, ал оның жағасында алдына жинаған тастарын үйіп қойған бір адам тұрды. Жүзіп жүрген адам бірер уақыт жүзіп жүрді де, сосын оған жанында тас жинап алған адам келді, сонда суда жүзіп жүрген оған аузын ашып, жағадағы оның аузына тас атқылады. Осының бәрінен кейін судағы тағы жүзе бастады. Сосын ол тағы да оған оралып, ал ол оралған сайын оның ашқан аузын таспен толтырып отырды. Мен: «Бұл адамдар кімдер?», - деп сұрадым, сонда ол: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан соң, ұсқыны жиіркенішті (не: ...түрі одан жиіркенішті адамды сен кездестірген емессің) бір адамға келдік. Оның жанында от жанып жатты, ал ол болса сол отты айнала желпіп жүрді. Мен: «Бұл адамдар кімдер?», - деп

⁸⁵⁵ Хадисті жеткізуші айтып жатыр.

сұрадым, сонда ол: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан соң, көп ағаш және көктем гүлдерінің түгелі өскен бір баққа келдік. Бұл бақта басын көктердің арасынан әзер көрінетін үлкен бойлы адам бар екен, ал оның айналасына балалардың жиналғаны соншалық, мен бұрын соңды мұнша баланы көрген емес едім. Мен: «Бұл адамдар кімдер?», - деп сұрадым, сонда ол: «Жүр, жүр!», - деді де, біз ары қарай кеттік. Біраз уақыттан соң үлкен бір ағаштың жанына келдік, ол ағаштың үлкендігі мен әдемілігіндей ағашты мен бұрын соңды көрмеппін. Олар маған: «Көтеріл!», - деді де, біз ол ағаштың үстімен ғимраттары алтын мен күміс қыштан қаланған бір қалаға жеткенше көтерілдік. Біз ол қаланың қақпаларына келдік те, оның ашылуын сұрадық. Бізге қапалар ашылып ішіне кірдік. Онда бізге денелерінің жартысы адам көрмеген сымбатты болса, денелерінің екінші жартысы еш бір адам көрмеген ұсқынсыз болған адамдар жолықты. Менің серіктерім оларға: «Барыңдар да мына өзенге түсіңдер!», - деді. Ол қаланың ортасында суы аппақ болған өзен бар екен де, ол адамдар сол суға түсіп жатты. Суға түсіп болған соң ұсқынсыз жартылары әдеміленіп бізге оралды.

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай айтты:

Менің серіктерім маған: «Бұл - жәннәтің бағы (жәннәту ʿадн), ал мынау – сенің тұрар жерің», - деді. Сонда мен басымды көтеріп, аппақ бұлт

тәріздес сарай көрдім. Ал олар тағы да: «Бұл - жәннәтің бағы (жәннәту ʿадн), ал мынау – сенің тұрар жерің», - деді. Мен оларға: «Сендерге Аллаһ береке берсін! (Баракя-Ллаху фи-кума!) Маған оған кіруге рұқсат беріңдер!», - дедім. Олар: «Қазір емес, бірақ кейін оған міндетті түрде кіресің!», - деді. Мен оларға: «Өткен түнде мен таң қаларлық нәрселер көрдім, олар не?», - дедім. Олар: «Біз ол туралы саған міндетті түрде айтып береміз. Басын таспен жарып және оның жанынан сен өткен адам жайлы айтатын болсақ, ол – алдымен Құранды алып, сосын оны қайтарған⁸⁵⁶ және парыз намаздарына ұйықтап тұрмаған адам. Ал сен жанынан өтіп аузының, көзінің, танауларының шетін желкесіне дейін ысырған адам жайлы айтатын болсақ, ол таңертең үйіне шығып өтірік жайушы. Ал пеш секілдінің ішінде жиналған жалаңаш ерлер мен әйелдер жайлы айтатын болсақ, расында, олар – зинақор ерлер мен еркектер. Ал сен жанынан өткен, аузын таспен толтырушы өзенде жүзіп жүрген адам, ол - өсім жеуші, ал ұсқыны жиіркенішті оттың жанында желпіп жүрген, ол – Малик, Тозақтың қарауылы. Ал бақтың ішіндегі ұзын бойлы адам жайлы айтсақ, расында, ол – Ибраһим, ал оны қоршап тұрған балалар, ол өздерінің табиғи күйлерінде⁸⁵⁷ жан тапсырған сәбилер», - деді.

⁸⁵⁶ Құранды алдымен жаттамақшы болып, ал сосын оны ұмытқан.

⁸⁵⁷ «**Фитра**» - бұл дегеніміз, әр адам туған кезінде Аллаһты жалғыз құдай деп, мұсылман күйінде туады, хадисте табиғи күй, деп осы

Бұл хадистің аль-Баркани келтірген нұсқасында, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

«өздеріңнің табиғи күйінде жан тапсырғандар.»

Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Мұсылмпандардың бірі: «Иә Аллаһтың елшісі, олардың арасында көқұдайшылдардың да балалары болды ма?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Көпқұдайшылдардың да балалары. Ал жартылай көрікті, жартылай сұмпайы болған адамдар жайлы айтатын болсақ, расында, олар жақса да жаман амалдарды орындап, бірақ оларды Аллаһ кешіргендер. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Осы түні түсімде, маған келіп, мені қасиетті жерге жеткізген, екі адамды⁸⁵⁸ көрдім. Сосын ол бұл туралы еске алып былай деді:

«Сосын біз тағы да жолға шығып аузы пештің аузына ұқсаған бір тесікке жеттік. Ол пештің жоғарғы жағы тар болды да, ал төменгі жағы кең

жайлы айтылып жатыр. Бір хадисте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әр адам туғанда осы күйде туылады, оны кейін ата-анасы ортасына қарай не христиан, не яхуди, не отқа табынушы етеді, деген сөздер айта..

⁸⁵⁸ Яғни, адам кейпіндегі екеуді көрдім.

болды. Астынан от жанып жатты, от оларға қарай көтерілгенде олар да аузынан шығып кете жаздағанша жоғары көтеріліп жатты, ал онда жалаңаш еркектер мен әйелдер болды».

Бұл нұсқада Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сосын біз ары қарай су орнына қан аққан өзенге жеткенше жүріп отырдық. Ол өзеннің ортасында бір адам, ал оның жағасында тағы бір адам тұрды. Жағадағы адамның алдында тастар болды және ол судағы адамға қарама-қарсы тұрды. Судағы адам судан шықпақшы болып жағаға қарай жүзгенде жағадағы және алдында тастары бар адам оның аузына тас атқылап орнына қайтарып отырды. Ол әр кез жағаға шықпақшы болса, жағадағы оның аузына тас атқылап орнына қайтарып отырды.

Бұл нұсқада, сондай-ақ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сосын менің серіктерім, мені ол талға көтерді де бұрын соңды ондай әдемі үйді көрмеген үйге кіргізді, онда жастар мен қариялар болды.

Бұл нұсқада сондай-ақ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Олар: «Сенің көзіңше аузын жыртқан адам жайлы айтатын болсақ, ол – сөздері барлық

жерге тараған өтірік айтушы суайт, ал енді оны осылай Ахиретке дейін қинайды», - деді.

Бұл нұсқада сондай-ақ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Олар: «Ал сенің көзіңше басын жарған адам жайлы айтатын болсақ, оған Аллаһ Құран үйреткен, бірақта ол түнде ұйықтап⁸⁵⁹ күдіз оның үкімдерін ұстанбаған, ал енді она осылай Ахиретке дейін қинайды. Сенің бірінші кірген үйің жәй мұсылмандарға арналған, ал мына үй жайлы айтатын болсақ, бұл – дін жолында қаза болғандар үшін. Мен – Жебірейілмін, мынау – Микайль, ал енді басыңды көтер», - деді. Басымды көтергенімде бұлтқа ұқсаған бір нәрсе көрдім, олар: «Бұл – сенің тұрағың», - деді. Мен: «Рұқсат беріңдер, мен тұрағыма кірейін!», - дедім, бірақ олар: «Расында, сенің өмірің әлі аяқталған жоқ, ал өмірің аяқталған соң, тұрағыңа кіресің!», - деді. **Аль-Бухари.**

261 ТАРАУ

Өтірікті қандай жағдайда айтуға болатындығы жайында.

Өтіріктің түбірінде тыйым жатқанымен, оны кей кездері айтуға болады, бірақта бұл жағдайда менің «Аль-Азкәр» кітәбінде

⁸⁵⁹ Құранды түнде оқымаған.

түсіндірген шарттарым ұсталынуы керек екендігін біл.

Қысқаша олардың мағынасы мынада:

Расында, сөздер түрлі мақсатқа жетудің құралы. Егер әр-бір жақсы мақсатқа⁸⁶⁰ өтірік айтпай-ақ жетуге болатын болса, онда мұндай жағдайда өтірік айтуға болмайды. Ал егер оған жету үшін өтірік айту керек болса, онда ол үшін өтірік айтуға болады. Егер ондай мақсатқа жету рұқсат етілген болса, онда ол жолда өтірік айту рұқсат етілген болады, ал егер ол мақсатқа жету парыз болған болса, онда өтірік айту да парыз болады. Егер мұсылман өзін өлтірмекші болған не болмаса оның дүниесін тартып алмақшы болған қысымкөрсетушіден жасырынған болса, не болмаса өзінің дүниесін жасырған болса, ал басқа бір адамнан ол туралы сұраған болса, онда ол оның дүниесінің жасырғаны жайлы өтірік айтуға тиісті. Сондай-ақ оның оған сақтап беруге тапсрған бір нәрсесі болған болса, ал қысымкөрсетуші оны тартып аламақшы болған болса, адам оны жасыру үшін өтірік айтуы керек. Мұндай жағдайда қауіпсізі, түсініксіз сөздер айту, басқаша айтқанда сырт көзге өтірік айқан секілді болғанымен, басқа істі меңзеп шындықты сөйлеу. Керек болса меңзеулерден де бас тартып өтірік айта беруге де тыйым жоқ. Бұған дәлел ретінде ғалымдар Умму Күлсімнің, оған Аллаһтың ризашылығы

⁸⁶⁰ Яғни, шариғаттың дұрыс, деп тапқаны.

болсын, жеткізген мына хадисіне сүйенеді, онда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

«Адамдарды татуластыру үшін, оларға игі (хайырлы) сөздер айтқан суайт өтірікші саналмайды⁸⁶¹». **Аль-Бухари, Муслим.**

Муслимнің нұсқасында бұған келесі сөздер қосылған:

«Мен оның үш жағдайды санамағанда адамдардың айтатынынан айтатынды⁸⁶² айтуға рұқсат бергенін естіген емеспін», - деп соғысты, адамдарды татуластыру үшін талпынғанды және күйеуінің әйеліне, ал әйелінің күйеуіне айтатындары жайлы⁸⁶³ нұсқады.

262 ТАРАУ

Адамның айтып жатқаны жайлы, не әңгімесі жайлы дұрысын біліп алу жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

⁸⁶¹ Яғни, ондай адамды өтірікші, деп кінәләуға болмайды.

⁸⁶² Өтірік пен барлық шындықты терістейтін сөздер.

⁸⁶³ Яғни, ерлі зайыптының бір-бірімен ұрсысып қалғаннан кейін татуласуы үшін бір біріне: «Дүниедегі ең әдем сенсің», деген сияқты асырып сөйлеуі.

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңынан түспе»
«Ісра» сүресі, 36 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды,
алдында аңдушы дайын.» **«Қаф» сүресі, 18 аят.**

1547. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өтірікші болу үшін, адамға естігенін ары қарай айтып тарату жеткілікті. **Муслим.**

1548. Хабар бойынша, Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Маған өзі өтірік санайтын нәрсені жеткізуші, өтірікшілердің бірі саналады. **Муслим.**

1549. Хабар бойынша, Асма, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бір әйел: «Иә Аллаһтың елшісі, менің күйеуімнің екінші әйелі бар. Егер мен

күйеуімнен сыйлық алмасам да, одан сыйлық алған секілді сыңай танытсам (ташаббаъту), мен үшін бұл күнә болды ма?», - деп сұрады. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Өзі алмаған нәрсені алған секілді сыңай танытушы (муташаббийъ), өтіріктен екі киім кигенмен тең. **Аль-Бухари, Муслим.**

«Муташшабийъ» - ол тоқ болмаса да тоқ адам секілді көрінгісі келген адам. Бұл жерде адам дәрежесі болмаса да, дәрежелі секілді көрінгісі келгендігі жайлы айтылып жатыр.

«Өтіріктен екі киім киген» сөзі «өтірікші» дегенді білдіреді, ал дәлірек айтсақ – үстіне тақуалықтың киімін, не болмаса білімдінің киімін, не болмаса бай адамның киімін киіп, адамдар мен туралы солай ойласын деп, өзі ондай болмаса да адамдарды адастырушы адам жайлы айтылады.

263 ТАРАУ

Өтірік куәлік беруге қатаң тыйым жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай-ақ өтірік сөзден сақтаныңдар»
«Хаж» сүресі, 30 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңынан түспе»
«Ісра» сүресі, 36 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды,
алдында аңдушы дайын.» «Қаф» сүресі, 18
аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде Раббың әлбетте бақылаушы»
«Фәжір» сүресі, 14 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар өтірікке айғақ болмайды⁸⁶⁴ да, бос
пайдасыз сөздерге кездесе маңғазданып⁸⁶⁵
өтеді.» «Фұрқан» сүресі, 72 аят.

1550. Хабар бойынша, Абу Бакр, оған
Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі
мен сәлемі болсын: «Сендерге күнәлердің
қайсысы ең ауыр екендігі жайында хабарлайын
ба?», - деп сұрады. Олар: «Әрине, иә Аллаһтың
елшісі», - деді. Сонда ол шынтағына сүйеніп
жамбастап жатып: «Бұл – Аллаһпен бірге
басқаға құлшылық ету және ата-ананы

⁸⁶⁴ Өтірікке куә болмайды

⁸⁶⁵ Мән бермей өтеді.

қадірлемеу», - деді де, сосын отырып: «Сондай-ақ, расында, ол – жалған сөздер!», - деп айтуын, біз: «Ол енді айтуын тоқтатса екен»⁸⁶⁶, - дегенше қайталап айта берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

264 ТАРАУ

Адамға⁸⁶⁷, не оның мініп жүрген малына қарғыс айтуға болмайтындығы жайында.

1551. Хабар бойынша, Аллаһ разы болған антты берушілердің бірі⁸⁶⁸ болған, Абу Зайд Сабит бин ад-Даххак аль-Ан-сари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸⁶⁶ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдарды бұдан сақтандыру үшін айтып қатты толқығаны соншалық, жанындағылар оны аяп кетті.

⁸⁶⁷ Бұл тыиым кәпір болып өлген адамдардың басқасының барлығына тиісті.

⁸⁶⁸ Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары аль-Худайбияда берген «Аллаһ разы болған ант», (бай'ату-р-ридван) жайлы айтылып жатыр. Құранда былай делінеді: «Расында, Аллаһ мүминдерден ағаштың астында саған серт берген сәтте, разы болды...» «Фатх» сүресі, 18 аят.

Кім біле тұра Исламнан бөлек дінмен ант берген болса, ол өзін қалай атаса сондай болғаны; кімде-кім өзін-өзі қай бір затпен өлтірген болса, Ахиретте сол затымен азапталады; өзінің қолында жоғымен серт беруге болмайды⁸⁶⁹, ал имандыны қарғау, оны өлтіргенмен тең. **Аль-Бухари, Муслим.**

1552. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Шыншыл (адам) қарғыс айтушы(лардан) болмау керек. **Муслим.**

1554. Хабар бойынша, Абу Дарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қарғыс айтушылар Ахиретте не шапағатшы, не куәгер болмайды⁸⁷⁰. **Муслим.**

⁸⁶⁹ Мысалыға, ешкім біреудің дүниесімен, менің қалауым орындалса соны (яғни, біреудің дүниесін) беремін, деп серт бере алмайды.

⁸⁷⁰ Бұл дүниеде қарғыс айтушы адам пасық адамдар қатарына жатады, ал пасықтан не шапағат, не куәлік қабыл болмайды.

1554. Хабар бойынша, Самура бин Жундуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір-біріңді қарғамаңдар және басқаларға Аллаһтың қарғысын, не Оның қаһарын, не Оның Отын тілемендер. **Бұл хадисті Абу Бауд және ат-Тирмизи «Жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1555. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Даттау, қарғау, әдепсіздік жасау, өсек айту имандыға тән қылық емес. **Ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1556. Хабар бойынша, Абу-дДарда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың құлы бір нәрсеге қарғыс айтса, айтқан қарғысы көкке көтеріледі де, бірақ көктің қақпалары оған жабылады⁸⁷¹. Сосын ол

⁸⁷¹ Қарғыстың жиіркеніштілігінен көктің қақпалары жабылады.

жерге түседі де, бірақ жердің қақпалары да ол үшін жабылады. Сосын ол қарғыс оң және сол жағына қарайды, егер қарғыс қарғалғанға лайық болса, онда оған түседі де, ал егер оған лайық болмаса, онда қарғыс айтқанның өзіне қайтарылады⁸⁷². **Абу Дауд.**

1557. Хабар бойынша, Имран бин аль-Хусайн, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сапарларының бірінде, ансарлардың ішінен әйелдерінің бірі, отырған түйесіне ызаланып түйесін қарғап қалды. Бұны естіге Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оның үстіндегінің бәрін алыңдар да, оны қоя беріңдер, өйткені, расында, ол қарғысқа ұшырады!⁸⁷³», - деді.

Имран былай деді:

Мен қазір де оны адамдардың арасында еркін жүргенін көріп тұрғандаймын. **Муслим.**

1558. Хабар бойынша, Абу Барза Надля бин Убайд аль-Аслами, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде үстінде адамдардың жүгі салынған түйеде отырған бір күң, тар таулы жолмен өтіп

⁸⁷² Яғни, өз қарғысы өзіне тиеді.

⁸⁷³ Яғни, түйенің үстіндегіні алып басқа малға салыңдар, өйткені оған қарғыс тиді.

бара жатқан Пайғамдарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көріп: «Халь!⁸⁷⁴ Иә Аллаһ, қарғысың тисін мынаған!», - деп айтып қалды, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Қарғыс тиген түйе, бізбен бірге жүрмеу керек», - деді. **Муслим.**

Бұл хадистің мағынасы адамға күмән туғызуы мүмкін⁸⁷⁵, дегенмен оның еш қиындығы жоқ. Бұл жерде ол түйенің Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында болуына ғана тыйым салынып тұр, ал қалған жағдайда, оны сатуға, союға және басқа да жағдайларға тыйым салынып тұрған жоқ, ал бұл жайында Аллаһ жақсырақ біледі.

265 ТАРАУ

Олардың атын атамай күнәлі істерді жасаушыларға қарғыс айтуға болатындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Естеріңде болсын! Аллаһтың қарғысы залымдарға тән.» «Һұд» сүресі, 18 аят.

⁸⁷⁴ Жылқыға біз «Шу», - деген сияқты түйеге арабатар «Халь», - дейді.

⁸⁷⁵ Жаһилет заманы кезінде арабтардың арасында бұтқа нәзір аталған түйені мінбей бос жіберетін болған, ал Исламда оған қатаң түрде тыйым салынған, сондықтан бұл болған оқиға сырт көзге соған ұқсағандықтан, адмға күмән туғызуы мүмкін, деп тұрғаны сондықтан.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда олардың арасынан бір айғайшы: «Аллаһтың қарғысы залымдарға», - деп айқайлайды.» **«Ағраф» сүресі, 44 аят.**

Сенімді хадистерде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны хабарланады:

«Аллаһ (жалғап) байлаушы мен (жалғап) байлауды сұраушыны лағінеттеді⁸⁷⁶», - сондай-ақ ол былай деді: «Аллаһ өсімқорға барушыны лағінеттеді», - және ол (тірі жанды) бинелеушіні қарғады, сондай-ақ ол былай деді: «Меже белгілерін ауыстырушыны лағінеттеді», - сондай-ақ ол: «Аллаһ ұрыны, ол жұмыртқа ұрласа да лағынеттеді», - деді және ол: «Аллаһ өзінің ата-аналарын лағінеттегенді лағінеттеді», - деді, сондай-ақ ол: «Аллаһ Өзінен басқаға құрбан шалушыны лағінеттеді», - деді және ол: «... және де кім онда⁸⁷⁷ күнә жасаса не болмаса күнә жасаушыға қорған болса, Аллаһпен, періштелермен және бүкіл адамдармен лағінеттеледі...», - деді және ол: «Иә Аллаһ, Аллаһ Тағала мен Оның елшісін тыңдамаған ри'ль, закуан мен бану усайя руының адамдарын лағінетте!», - деді, сондай-ақ ол: «Өздерінің пайғамбарларының қабірін

⁸⁷⁶ Яғни, шаш қосып байлау мен шаш қосып байлауға көмектесуші.

⁸⁷⁷ Медина қаласы жайлы айтылып жатыр.

құлшылық ететін орын еткендері үшін яхудилерді, Аллаһ лағінеттеді», - деді, сондай-ақ ол әйелге ұқсағысы келген екркекті және еркекке ұқсағысы келген әйелді лағінеттеді.

Бұл сөздердің барлығы сенімді хадистерден алынған, бұлардың бөлігі «Сахих» аль-Бухари мен Муслимде келтірілсе, ал бір бөлігі олардың бірінде келтіріледі. Бұл хадистерді қысқартылған түрде көрсеткенім, тек қана оларға меңзегім ғана келгені, ал олардың көбісі Аллаһ қаласа осы кітаптің басқа тарауларында келтіремін.

266 ТАРАУ

Мұсылмандарды хақысыз сөгуге болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай мұмин ер, мұмин әйелдерді жазықсыз кейітетіндер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

1559. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманды сөгу пасықтық болып табылады, ал онымен шайқасу – имансыздық.
Аль-Бухари, Муслим.

1560. Хабар бойынша, Абу Зар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір адам екінші адамды пасықтықтықпен не болмаса имансыздықпен айыптап, ал ол адам шындығында оның айтқанындай болмаса, онда оның айыптағаны (жазасы) өзіне қайтып оралады. **Аль-Бухари.**

1561. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір-бірін сөгіп жатқандар не айтса да күнәсін бірінші бастаған көтереді, әрине егер ренжігені шектен шықпаса. **Муслим.**

1562. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шарап ішкен адамды алып келді де, ол: «Оны ұрыңдар!», - деді.

Абу Хурайра айтты:

Біз кейбіріміз - қолымызбен, кейбіріміз – аяқ-киімізбен, ал енді біріміз киімізбен ұра бастадық, осының бәрі біткен соң адамдардың бірі: «Аллаһ сені масқараласын», - деді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Олай айтпа және шайтанға оны жеңіп алуына көмектеспеңдер», - деді. **Аль-Бухари.**

1563. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің құлын зинақорлықпен айыптап, ал құл шындығында, ол айтқандай іс істемеген болса, онда айтушы Ахиретте тиісті жазасын алады⁸⁷⁸. **Аль-Бухари, Муслим.**

267 ТАРАУ

⁸⁷⁸ Яғни, айтушы осы дүниеде зинақор қандай жаза алуы керек болса, Ахиретте сондай жаза алады.

Шариғаттық көз қарас бойынша пайда әкелмейтін болса және хақысыз өлген адамды жамандауға болмайтындығы жайында.

Оның пайдасы, дегені өлген адамның (қателіктеріне) бидғат амалдарына, пасықтығына ермес (еліктемес) үшін айтқаны жатады, ол туралы Құран аяттары мен хадистер алдыңғы тарауда келтірілді.

1564. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өлілерді жамандамандар, өйткені олар өздерінің бұрынғы жасағандарына оралды⁸⁷⁹.
Аль-Бухари.

268 ТАРАУ

Біреуді ренжітуге болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

⁸⁷⁹ Яғни, өздерінің амалдарына сәйкес жазасын, не сауабын алды, дегені.

«Сондай мұмин ер, мұмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

1565. Хабар бойынша, Абдуллах бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылман деген – ол өзінің тілімен және қолымен басқа мұсылманға зиянын тигізбейтін адам, ал мухажир⁸⁸⁰ болып Аллаһ тыйым салғанын орындаудан бас тартқан адам саналады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1566. Хабар бойынша, Абдуллах бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸⁸⁰ «Мухаджир» - көшкен (адам). Мухаджир, деп Меккеден Мединаға көпқұдайшылдардың қысымшылығынан Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, артынан көшкен адамдарды атаған. «Хажара» етістігі – тоқтату, қоштасу, қалдыру – «мухажир» сөзімен түбірлес болып келеді.

Кімде-кім өзін оттан алыстатуын және Жәннәтқа кіргізуін қаласа, онда оған өлім келген сәтте Аллаһқа және Ахирет күнінен иман келтірген күйде болсын⁸⁸¹, сондай-ақ адамдармен, адамдардың өзіне қандай қарым-қатынас жасағанын қаласа, сондай қарым-қатынас жасасын. **Муслим.**

Бұл хадис «Күнәсіз істерде әмршілерге бағынудың міндеттілігі және күнәлі істерде әміршілерге бағынбаудың міндеттілігі жайлы», тарауда келтірілген ұзын хадистің бөлігі болып табылады⁸⁸².

269 ТАРАУ

Бір-біріне жеккөрушілік танытуға, қарым-қатынасты үзуге және бір-біріне сырт көрсетуге болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

**«Шын мәнінде мұминдер туыс қой...»
«Хұжрат» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

⁸⁸¹ Яғни, өлім келгенше иман келтірген болсын.

⁸⁸² № 668 хадис.

«Әй мүминдер! Сендерден кім діннен шықса, Аллаһ жедел бір қауым әкеледі; Аллаһ оларды жақсы көреді және олар да Аллаһты жақсы көреді. Мүминдерге қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Аллаһ жолында соғысады...»

«Мәида» сүресі, 54 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мухаммад, Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара мейірімді...» **«Фатх» сүресі, 29 аят.**

1567. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Бір-біріңе деген жеккөрушіліктен бас тартыңдар, бір-біріңді күндемеңдер, бір-біріңе сырт көрсетпеңдер, бір-біріңмен қарым-қатынасты үзбеңдер, иә Аллаһтың құлдары! Мұсылманға бауырын үш күннен артық уақытқа тастап кетуіне⁸⁸³ болмайды!» **аль-Бухари, Муслим.**

1568. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁸⁸³ Яғни, қарым-қатынасты үзуіне.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәтің қақпалары әр бейсенбі мен дүйсенбі күндері ашылады және Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеген, сондай-ақ өзінің бауырымен арасын жеккөрушілік үзбеген адамнан басқа барлық құлдың күнәләрі кешіріледі және сонда: «Осы екеуімен олар татуласқанша күте тұрыңдар! Осы екеуімен олар татуласқанша күте тұрыңдар!», - деген сөздер айтылады. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың , оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

«Әр бір дүйсенбі мен бейсенбі күндері адамдардың амалдары жеткізіледі», - делініп сосын жоғарыдағыға ұқсас сөздер келтіріледі.

270 ТАРАУ

Көреалмаушылық көрсетуге болмайтындығы жайында.

Көреалмаушылық, дегеніміз – ол дүние тұрғыда болсын, не діни тұрғыда болсын игілік

нәсіп етелген адамға сол игілігінен айырылуын тілеу.

Аллаһ Тағала айтты:

«Немесе олар⁸⁸⁴, Аллаһтың өз кеңшілігімен оларға⁸⁸⁵ бергенін қызғана ма?...» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

Бұл жайлы бұның алдындағы тарауда келтірілген Анастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келтірген хадисінде айтылады.

1569. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Көреалмаушылықтан сақтаныңдар, өйткені, расында, көреалмаушылық жақсы амалдарды от ағашты (не: ...шөпті) жегендей жейді! **Абу Дәуд.**⁸⁸⁶

⁸⁸⁴ Бұл жерде яхудиер жайлы айтылып жатыр.

⁸⁸⁵ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен сахабалары жайлы айтылып жатыр.

⁸⁸⁶ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

271 ТАРАУ

Аңдуға және адамның қалауынсыз оның әңгмесін құпия тыңдауға болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...сыр тексермеңдер...» **«Хұжрат» сүресі, 12 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай мүмин ер, мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

1570. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

(Адамдар) жайлы жаман ойдан⁸⁸⁷ сақтаныңдар, өйткені, расында, жаман ой – ол ең жалған сөздер, сондай-ақ сұрастырмаңдар⁸⁸⁸, аңдыспаңдар, бір-біріңмен бәсекелеспеңдер, бір-біріңнен қызғанбаңдар,

⁸⁸⁷ Яғни, орынсыз күдік.

⁸⁸⁸ Яғни, бір-біріңнен кемшілік іздеп сұрастырмаңдар.

бір-біріңе деген жеккөрушіліктен бас тартыңдар, бір-біріңе сырт беріспеңдер иә Аллаһтың құлдары, сондай-ақ бір-біріңе Ол айтқандай бауыр болыңдар! Мұсылман мұсылманға бауыр, сондықтан ол оған қысымшылық көрсетпеу керек, оны қолдаусыз қалдырмауы керек, сондай-ақ оған менсінбей қарамауы керек, ал тақуалық мыны жерде, ал тақуалық мына жерде! (Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолымен кеудесін⁸⁸⁹ көрсетіп былай деді:) Адамға Исламдағы бауырын менсінбегені зұлымдықта жеткілікті болып саналады⁸⁹⁰. Әр мұсылман үшін басқа мұсылманның өмірі, абыройы және дүниесі қасиетті саналуға тиісті. Расында, Аллаһ сендердің денелеріңе, кейіптеріңе қарамайды, бірақта Ол сендердің жүректеріңе және амалдарыңа қарайды.⁸⁹¹

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...бір-біріңе көреалмаушылық танытпаңдар, бір-біріңе деген жеккөрушіліктен бас тартыңдар, сұраспаңдар, аңдыспаңдар,

⁸⁸⁹ Жүректі нұсқағаны.

⁸⁹⁰ Мұсылман бауырын менсінбеу өзіне зұлымдық болып оралатын себебі, Аллаһтың алдында үлкен күнә саналғандығынан.

⁸⁹¹ Басқаша айтқанда, сауап пен жаза тек қана ықыластың дәрежесі мен оның жасаған амалдарына байланысты болады.

бәсекелеспендер, бағаларыңды тым көтермеңдер⁸⁹² және (бір-біріңе) бауыр болыңдар, иә Аллаһтың құлдары!

Бұл хадистің үшінші нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Бір-біріңмен (қарым-қатынасты) үзбеңдер, бір-біріңе сырт бермеңдер, бір-біріңе деген жаккөрушіліктен бас тартыңдар, бір-біріңе көреалмаушылық танытпаңдар және бір-біріңе бауыр болыңдар, иә Аллаһтың құлдары!

Бұл хадистің төртінші нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, балй деп айтқаны келтіріледі:

Бір-біріңді тастап кетпеңдер және бірің біріңнің саудасын бұзбасын!⁸⁹³ **Муслим бұл нұсқалардың бәрін, ал аль-Бухари көпшілігін келтіреді.**

1571. Хабар бойынша, Муъауия, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁸⁹² Бұл жерде бір затты сатып алу мақсатымен бағаны көтеру жайлы айтылып жатқан жоқ, керісінше алдау үшін не болмаса қасақана зиян келтіру үшін бағаны көтеру жайлы айтылып жатыр.

⁸⁹³ Яғни, жасалып қойған саудадағы шартты сатып алушыға не сатушыға қолайлы жеңілдіктер ұсынып бұзбасын.

Расында, егер сен мұсылмандардың кемшілігін іздестіре бастасаң, онда оларды бұзасың не болмаса бұзуға жақын боласың. **Сенімді әрі сенімді иснадпен бұл хадисті Абу Дауд келтіреді.**

1572. Хабар бойынша, бірде Ибн Масъудқа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бір адамды алып келіп:

«Бұл – пәленше және оның сақалынан шарап тамып тұр!», - деді. Бұған ол: «Расында, аңдуға біз үшін тыйым салынатын, бірақ біз үшін бір нәрсе айқындалса, онда біз ол үшін жазалаймыз!», - деді. **Аль-Бухари мен Муслимнің қанағаттандыратын шартына сәйкес сенімді саналытын әрі сенімді иснадпен бұл хадисті Абу Дауд келтіреді.**

272 ТАРАУ

Мұсылмандар жайлы жаман ойлауға болмайтындығы жайында (әрине олай істеуге мәжбүрлемесе).

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі күнә...»
«Хұжрат» сүресі, 12 аят.

1573. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар жайлы жаман ойдан сақтаныңдар, өйткені, расында, жаман ойлар – ол ең жаман өтірік сөздер. **Аль-Бухари, Муслим.**

273 ТАРАУ

Мұсылмандарға менсінбеушілік көрсетуге болмайтындығы жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемеңдер, жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне солар злымдар.»
«Хұжрат» сүресі, 11 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Бүкіл қорлаушы өсекшіге нендей өкініш!»
«һумәзә» сүресі, 1 аят.

1574. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамға Исламдағы бауырын менсінбегені зұлымдықта жеткілікті болып саналады.
Муслим.

1575. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жүрегінде тозаңның түйіріндей тәкәппарлығы болған Жәннәтқа кірмейді», - деді. Бұны естіген бір адам: «Бірақ адам өзінің киімі мен аяқ киімінің әдемі болғанын қалайды ғой!», - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, Аллаһ әдемі және де Ол әдемілікті жақсы көреді, ал тәкәппарлық жайлы айтатын болсақ, ол ақиқатты қабылдамау және адамдарды менсінбеу⁸⁹⁴», - деді. **Муслим.**

⁸⁹⁴ Сонымен, әдемі киім киуді қалау әлі көкөретік емес.

1576. Хабар бойынша, Джундуб бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір адам: «Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһ пәленшені кешірмейді», - деді, сонда Ұллық және Құдіретті: «Мен пәленшені кешіретіндігіме, Менің атыммен кім ант беріп жатыр? Расында, Мен оны кешіріп, сенің амалдарыды бос қылдым!⁸⁹⁵», - деді. **Муслим.**

274 ТАРАУ

Ашықтан-ашық мұсылмандарды табалауға⁸⁹⁶ тыйым екендігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде мұминдер туыс қой...»
«Хұжрат» сүресі, 10 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, сондай мұминдердің ішінде арсыздық жайлауын⁸⁹⁷ жақсы көргендерге;

⁸⁹⁵ Яғни, сені бүкіл амалыңның сауабынан құр қалдырдым.

⁸⁹⁶ Яғни, мұсылманның басына түскен сәтсіздікке, бақытсыздыққа қуану.

⁸⁹⁷ Бұл жерде тек қана күнәлі істерді таратуда ғана емес, сонымен қатар ол туралы өсек айту да жатады.

дүние ахиретте күйзелтуші азап бар...» **«Нұр» сүресі, 19 аят.**

1577. Хабар бойынша, Василя бин аль-Аска', оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бауырыңның басына келген сәтсіздікке ашықтан-ашық шаттанба, олай істесең Аллаһ оған меірім етіп сені сынаққа алады!» **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.⁸⁹⁸**

Бұл тарауға Абу Хурайрадан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізілген «Аңдуға тыйым жайлы» тараудағы хадисті келтіруге болады. Онда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

Әр мұсылман үшін басқа мұсылманның өмірі, абыройы және дүниесі қасиетті саналуға тиісті⁸⁹⁹.

275 ТАРАУ

⁸⁹⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

⁸⁹⁹ № 1570 хадис.

Шариғат бойынша расталған адамның тегін қорлауға болмайтындығы жайлы⁹⁰⁰.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай мұмин ер, мұмин әйелдерді жазықсыз кейітпендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят. аят.**

1578. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың жасаған істерінің екеуі имансыздықтың белгісі болып табылады олар: біреудің шыққан тегін қорлау және өлген адамды айқайлап жоқтау. **Муслим.**

276 ТАРАУ

Алаяқтық пен өтірік айтуға рұқсаттың жоқтығы жайлы.

⁹⁰⁰ Бұл дегеніміз егер адамның ата-анасы шариғат бойынша заңды түрде некелі болса, онда ол адамды, пәленше пәленшенің баласы емес, не бауыры емес, деген сияқты сөздермен айыптауға болмайды, өйткені ондай сөздер адамның ата-анасының абыройына нұқсан келтіреді.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай мұмин ер, мұмин әйелдерді жазықсыз кейітекендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі, 58 аят.**

1579. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бізге қару көтерген бізден емес және бізді алдаған да бізден емес. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында былай делінеді:

Бірде сатуға қойылған бидәйдің жанынан өтіп бара жатып оның ішіне қолын салды да оның ылғал екенін байқап: «Бұл не, иә сатушы?», - деп сұрады. Ол: «Оны бүлдірген аспан⁹⁰¹, иә Аллаһтың елшісі», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен неге суланғанын адамдар көру үшін үстіне салмадың?! Бізді алдаған бізден емес!», - деді.

1580. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹⁰¹ Яғни, жаңбырдан суланды.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бағаны шарқатпаңдар⁹⁰². **Аль-Бухари, Муслим.**

1581. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдейілеп баға көтергенге тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1582. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде бір адам Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, саудада оны бір адам алдайтындығын айтты, сонда Аллаһтың елшісі оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Саудаласатын адамыңа: «Алдама!» (Лә хыләба!)⁹⁰³, - деп айт», - деді.

1583. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹⁰² № 1570 хадисте түсіндірілген.

⁹⁰³ Имам Ахмад: «Аль-хыляба» жайлы былай дейді: «Ол әдетте адамдар бір-бірін алдамайтын өтіріктің түрі, мысалыға, бір дирхемнің затын бес дирхемге сату».

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардан әйелін, не болмаса құлын алдағаны бізден емес. **Абу Дауд.**

277 ТАРАУ

Опасыздыққа тыйым жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Уәделеріңді орындандар.»
«Ахзап» сүресі, 58 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сертті орындандар. Сөз жоқ, уәде сұралады.» **«Ісра» сүресі, 34 аят.**

1584. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Төрт түрлі белгісімен ерекшеленетіндер (толығымен) екі жүзді есептеледі, ал кімнің бойында осылардың бірі болса, ол одан құтылмайынша оның бойында екі жүзділіктің бір белгісі болады. Бұндай белгілер мына адамдарда болады: оған сеніп тапсырылса

опасыздық жасайды, әңгіме айтса өтірік айтады, шарттасса шартын орындамайды, ал егер біреумен бір істе ортақ шешім таппаса заңсыз түрде шектен шығады⁹⁰⁴. **Аль-Бухари, Муслим.**

1585. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, Ибн Умар және Анас, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте әр опасыздың жанында жалау болып, былай делінеді: «Бұл – пәленшенің опасыздығы». **Аль-Бухари, Муслим.**

1586. Хабар бойынша, Абу Саъид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте әр опасыздың жамбасының жанында опасыздығының дәрежесіне қарай көтерілетін жалау болады, сондай-ақ, расында, адамдармен басқарғандардан артық ешкім опасыздық жасамайды. **Муслим.**

⁹⁰⁴ Басқаша айтқанда, біреумен дауласса Шарифаттың рұқсат еткен шегінен шығып кетеді.

1587. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала былай деді: «Ахиретте Мен, үш түрлі адамға қас боламын: Менің атымнан уәде беріп сосын опасыздық жасаған адамға, сондай-ақ басы бос адамды құлдыққа сатып, сосын ол ақшаны жеген адамға, сонда-ақ адамды жұмысқа жалдап, оған жұмысты толығымен істетіп, бірақ ақысын бермеген адамға. **Аль-Бухари.**

278 ТАРАУ

Сыйлықпен және осыған ұқсас басқа да істермен міндетсінуге болмайтыдығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Аллаһқа, Ақірет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар...» **«Бақара» сүресі, 164 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай хайыр істегендер, бергендеріне міндетсіну ренжіту араластырмаса оларға Раббыларының хұзырынды сыйлық бар....»

«Бақара» сүресі, 162 аят.

1588. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте Аллаһ үш түрлі адаммен сөйлеспейді, оларға қарамайды және оларды тазартпайды, сондай-ақ оларға жан түршігерлік азап бар!

Абу Зарр былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздерін үш рет қайталады:

Абу Зарр айтты: «Олар сәтсіздікке ұшырап зияндық табады! Бұлар кімдер, иә Аллаһтың елшісі?» Ол: «Киімінің шетін жерге дейін түсіруші, өзінің игі істерін адамдарға міндетсінуші және заттарын өтірік антпен сатушы», - деп жауап берді. **Муслим.**

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

«...өзінің изарын түсіруші...»

Бұл дегеніміз изарын не болмаса басқа да киімін тәкәппарлықтан тобығынан төмен түсірушілер.

279 ТАРАУ

Тәкәппарлық пен қуғын көрсетуге тыйым жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сондықтан өздерінді-өздерің ақтамаңдар. Ол, кім тақуа екенін жақсы біледі.» **«Нәжім» сүресі, 32 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әлбетте біреу зұлымдық көргеннен кейін өшін алса, сонда оларға сын жоқ. Шынында сәгіс, адамдарға зұлымдық қылып, жер жүзінде орынсыз шектен шыққандарға лайық. Міне солар үшін жан түршігерлік азап бар.» **«Шура» сүресі, 41-42 аяттар.**

1589. Хабар бойынша, Ияд бин Химар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала сендерге, бойұсынуларың керектігі жайында, бірінді-бірің қуғындамауларың және бірібіріңнің алдында

мақтанбауларың жайында маған аят етті.
Муслим.

1590. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам: «Бұл адамдар құрыды⁹⁰⁵», - десе, демек ол өзі олардан да артық құрыды⁹⁰⁶.
Муслим.

Демек, мұндай сөздерді тәкәппарлықтан, сондай-ақ өзінің ол адамдарға байланысты менсінбеушілігін көрсету үшін айтуға болмайды, -өйткені олай істеу дұрыс емес. Ал адамдардың, діни мәселеде қателескенін көріп, өзінің оны жақтырмайтындығын таныту үшін айтса, бұл жағдайда онда тұрған ештеңе жоқ. Осылай ғалымдар бұл хадисті түсіндереді. Ал олардың арасындағы ең атақтыларына Малик бин Анас, аль-Хаттаби, аль-Хумайди жатады, бұл жайлы мен «Аль-Азқяр» кітақбында тоқталдым.

280 ТАРАУ

⁹⁰⁵ Яғни, ол адамдардың күнәһәрлығы соншалық, оларды сөссіз апат күтіп тұр, дегені.

⁹⁰⁶ Оның оларға жоғарыдан қарап, өзінің тазалығына сеніммен қарағаны үшін

Мұсылманға өзінің бауырын үш күннен артық мерзімге тастап кетуіне болмайтындығы жайлы, тек оған себеп - хабарласпаған бауырының Исламға түрлі жаңалықтар енгізумен, не болмаса осындай пасық істермен шұғылданғаны белгілі болмаса.

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде мұминдер туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар...» **«Хұжрат» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Күнәғә және дұшпандыққа жәрдемдеспендер...» **«Мәйдә» сүресі, 2 аят.**

1591. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Бір-біріңе деген жеккөрушіліктен бас тартыңдар, бір-біріңді күндемеңдер, бір-біріңе сырт көрсетпеңдер, бір-біріңмен қарым-қатынасты үзбеңдер, иә Аллаһтың құлдары! Мұсылманға бауырын үш күннен артық уақытқа

тастап кетуіне⁹⁰⁷ болмайды!» **аль-Бухари, Муслим.**

1592. Хабар бойынша, Абу Айуб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманға бауырын үш күннен артық мерзімге сырт беріп араласпауына болмайды, олардың жақсысы болып, бірінші сәлем бергені есептеледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1593. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың амалдары әрбір дүйсенбі, бейсенбі күндері Аллаһқа тапсырылады және Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеген, сондай-ақ өзінің бауырымен арасын жеккөрушілік үзбеген адамнан басқа барлық құлдың күнәләрі кешіріледі және сонда: «Осы екеуімен олар татуласқанша күте тұрыңдар!», - деген сөздер айтылады. **Муслим.**

⁹⁰⁷ Яғни, қарым-қатынасты үзуіне.

1594. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, шайтан, Арабияда намаз оқушылардың⁹⁰⁸, өзіне құлшылық жасауынан күдерін үзді, дегенмен ол әлі де болса оардың арасына алауыздық салудан үміткер. **Муслим.**

1595. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылманға бауырын үш күннен артық мерзімге тастауына болмайды, ал кімде-кім үш күннен артық мерзімге тастап өлсе, онда Отқа түседі. **Бұл хадисті аль-Бухари мен Муслимнің иснадын қанағаттанды-ратын шартымен Абу Дад келтіреді.**

1596. Хабар бойынша, Абу Хираш Хадрад бин Абу Хадрад аль-Аслам (сондай-ақ оның нисбасы — ас-Сулами, - делінеді), оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁹⁰⁸ Яғни, тек Аллаһқа ғана құлшылық ететін мұсылмандар жайлы айтылып жатыр.

Өзінің бауырын бір жылға тастап кеткен оның қанын төккенмен тең болады. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1597. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүминге басқа мүминді үш күннен артық уақытқа тастауына болмайды, ал үш күн өткен соң ол онымен кездесіп сәлем беруі керек, егер ол сәлеміне жауап берсе, онда екеуі де сауап табады, ал егер жауап бермесе, онда ол күнәмен оралады да, ал сәлем беруші айырылысқандарына жауап бермейді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіреді. Абу Дауд былай дейді: «Егер ол Аллаһ үшін айрылысқан болса⁹⁰⁹, онда айтылғандардың бұған еш қатысы жоқ.⁹¹⁰**

281 ТАРАУ

Егер оған мәжбүр болмаса, онда екі адамға үшінші адамның көзінше сыбырласуға, яғни

⁹⁰⁹ Яғни, бір адам екінші адамды жәй ұрсысып қалғаннан емес, ол күнә жасайтын болғандықтан тастаса.

⁹¹⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

**сөйлескенде ол естімейтіндей етіп
сөйлесуге болмайтындығы жайында.
Сондай-ақ бұған екеудің түсініксіз тілде
сөйлесуі жатады.**

Аллаһ Тағала айтты:

«...Құпия жиналыс мүминдерді кейіту үшін
шайтанның ісі.» **«Мүжадәле» сүресі, 10 аят.**

**1598. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған
Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың
елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі
болсын, былай деп айтқанын жеткізді:**

Егер екеу жиналса, онда үшіншінің көзінше
сыбырласпасын. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл
хадисті сондай-ақ Абу Дауд келтіреді, оның
нұсқасында және былай делінеді:**

Абу Салих⁹¹¹ былай деді: «Мен Ибн
Омардан: «Ал жиналғандар төртеу болса ше?»,
- деп сұрады. Сонда ол: «Онда бұл істің саған
зияны тимейді⁹¹²», - деді.

**Сондай-ақ бұл хадисті Малик «Аль-
Муаттада» келтіреді. Онда Абдуллаһ бин
Динар былай дейді:**

⁹¹¹ Хадисті жеткізушілердің бірі.

⁹¹² Яғни, жинлғандар төртеу не болмаса одан да көп болса, онда екі адам бірі-бірімен сыбырласа алады, өйткені бұл ешкімнің көңіліне тимейді.

Бірде мен Ибн Омармен бірге базардың жанындағы Халид бин Укбаның үйінде болғанымда, бір адам келіп онымен бөлек сөйлескісі келді. Менімен Ибн Омардан басқа үйде ешкім болмаған болатын, сонда ол бір адамды шақырды да, біз төртеу болдық, сосын ол менімен шақырған адамына. «Кішкене ары тұрыңдаршы, өйткені мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «екеу үшіншінің көзінше сыбырласпасын», - денін, естідім», - деді.

1599. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер үшеу болсаңдар, басқа адамдармен қосылғанша, екеуі сыбырласпасын, өйткені бұл істерің оны ренжітеді. **Аль-Бухари, Муслим.**

282 ТАРАУ

Заңды негіз⁹¹³ болмаса құлды, жануарды, әйелді және баланы қинауға болмайтындығы, ал заңды негіз болғанның өзінде шектен шықпау керектігі жайында.

⁹¹³ Яғни, шариғаттың үкімі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қол астарыңдағыларға⁹¹⁴ жақсылық қылыңдар. Негізінде Аллаһ, тәкәппар, мантақшақты жақсы көрмейді.» **«Ниса» сүресі, 36 аят.**

1600. Хабар бойынша, Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір әйел мысық үшін азапталды. Ол мысықты өлгенінше қамауда ұстап, сол үшін Отқа түсті. Мысық қамауда болғанда оған не тамақ бермеген, не су бермеген, не өзіне жерде жорғалағандарды⁹¹⁵ ұстап жеуіне мүмкіншілік бермеген. **Аль-Бухари, Муслим.**

1601. Хабар бойынша, бірде Ибн Омар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын,

Өздерінің нысанасын тірі құс етіп атып, әр тимеген оғын құстың иесіне беріп жатқан құрайыш-жасөспірім балалардың жанынан өтіп

⁹¹⁴ Құлдарына.

⁹¹⁵ Яғни, құрт-құмырсқа.

бара жатты. Ибн Омарды көрген балалар тым-тырақай қаша жөнелді, ал Ибн Омар болса: «Бұны істеген кім? Бұл іспен шұғылданғанға Аллаһтың қарғысы тисін». Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаны бар затты өздерінің нысанасы еткен адамдарды қарғаған!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1602. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсы, өлтіріп, сосын нысана жасау үшін мал ұстауға тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1603. Хабар бойынша, Абу Али Сувайд бин Мукаррин, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Мукарриннің балаларының бірімін. Біздің бір күңімізден басқа еш бір малайымыз болмады. Оны арамыздағы ең кшіміз бетінен шапалақтайтын, ал Аллаһтың елшісі болса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге оған бас бостандығын беріп қоя беруге әмір берді. **Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа бір нұсқасында Абу Али Сувайд бин Мукарриннің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Менің алты бауырым болды...

1604. Хабар бойынша, Абу Мас'уд аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде құлымды қамшымен ұрып жатқан кезімде арт жағымнан: «Иә Абу Масъуд біл...», - деген дуысты естідім де, бірақ қаты ызалы болғандықтан кімнің айтып жатқанын аңғармадым. Айтып жатқан адам жақындаған кезде, ол: «Иә Абу Масъуд біл, Аллаһ сенімен, сен құлыңмен істеп жатқаннан да артығын істей алады!», - деп, айтып жатқан Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, екен. Сонда мен: «Осыдан кейін мен ешқашан құл ұрмаймын!», - дедім.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Абу Мас'уд аль-Бадридің, ған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

...сонда қорыққанымнан қолымнан қамшым түсіп кетті...

Бұл хадистің үшінші нұсқсында Абу Мас'уд аль-Бадридің, ған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонда мен: «Иә Аллаһтың елшісі, оны Аллаһ үшін босаттым!», - дедім, сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, егер сен олай істемесең, сені әлбетте От шалар еді! (...не От тиер еді!», - деді. **Осы нұсқалардың бәрін Муслим келтіреді.**

1605. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құлының істемеген ісі үшін ұрып соққанның, не болмаса қисынсыз беттен ұрған шапалақтың өтемі оған бас бостандығын беру, болуы керек. **Муслим.**

1606. Хабар бойынша, бірде Хишам бин Хаким бин Хизам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Шамда бастарына май жағып күннің астына қойған набатилердің⁹¹⁶ арасынадағы адамдардың жанынан өтіп бара жатып: «Бұларың не?», - деп сұрады. Оған: «Оларды

⁹¹⁶ Шамда диқаншылықпен айналысатын арабтар.

харадж⁹¹⁷ үшін жазалап жатыр», - деп жауап берді.

Бұл хадистің басқа нұсқасында, оған: «Оларды джизья⁹¹⁸ үшін жазалап жатыр», - делінеді. Сонда Хишам: «Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, осы дүниеде адамдарға азап көрсеткенді, Аллаһ азапқа салады!», - деп айтқандығына куәгермін», - деді де, Хишам сол жердің басшысына кіріп осы жайды айтып берді, сосын оның бұйрығымен оларды босатты. **Муслим.**

1607. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұмсығына күйдіріп таңба салынған есекті көріп ол істі жақтырмағандығын көресетті. (Ибн Аббас, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһтың атымен ант етемін, мен таңбаны оның тұмсығынан ең алыс жеріне басамын!», - деді. Сосын ол өзінің есегіне таңбаны жаңбасына басуды әмір етті, сондай-ақ ол жамбасқа таңба басуды ең бірінші бастағандардан болды. **Муслим.**

⁹¹⁷ Харадж – жер салығы.

⁹¹⁸ Басқа дін уәкілдеріндегі адамның басынан алынатын салық.

1608. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанынан тұмсығына белгі күйдірілген есек өтті, сонда ол: «Мынаған белгі басқанға Аллаһтың қарғысы тисін!», - деді.

Муслим.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, беттен ұруға және тұмсыққа таңба басуға тыйым салғандығы келтіріледі.

283 ТАРАУ

Кез-келген мақұлықты, керек десеңіз іс құмырсқа не болмаса сол сияқты жәндіктерге қатысты болса да оларды отпен азаптауға болмайтындығы жайлы.

1609. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізді әскери жорыққа аттандырып жатып: «Егер сендер пәленше мен пәленшені кездестірсеңдер», – деп екі

құрайыштың атын атады да, - «оларды өртеңдер!», - деді. Сосын біз шығатын кезде, ол: «Расында, мен сендерге, пәленше мен пәленшені өртеңдер дедім, бірақ, расында, отпен азаптауға тек Аллаһ қана хақылы, сондықтан ол екеуін кездестірсендер, оларды тек өлтіріңдер», - деді.

1610. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз, Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге жорықтардың бірінде болған кезде, ол өзінің қажеттерімен кетті де, ал біз болсақ екі балапаны бар қызыл құсты көрдік. Сонда біз оның балапандарын алдық, ал құс болса қанаттарын қағып біз айналып ұша бастады. Қайта оралысымен Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мына құс пен оның балапандарын қайғыртқан қайсысың!? Оның балапандарын өзіне қайтарыңдар!», - деді. Біз өртеп жіберген құмырсқаның илеуін көріп: «Мынаны өртеген кім?», - деп сұрады. Біз: «Бізбіз», - деп жауап бердік. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оттың Раббынан басқа ешкім отпен азаптамау керек!», - деді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

284 ТАРАУ

**Бай адамға, заңды берешегін талап етіп
жатқан иесіне қайтаруды, созуға
болмайтындығы жайлы.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді...»

«Ниса» сүресі, 58 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Егер біріңе-бірің сенсеңдер сенілген жақ аманатын тапсырсын...» **«Бақара» сүресі, 283 аят.**

1611. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бай адамға берешекті созу әділетсіздіктің көрінісі болып табылады, сондықтан егер де сендердің біреулеріңнің берешектеріңді бай

адамға ауыстыру ұсынылса келісіңдер⁹¹⁹. **Аль-Бухари, Муслим.**

285 ТАРАУ

Сыйлық бермекші болып, ол сыйлық балаларына арналған болса да, бірақ ол силықты әлі сыйламаған болса, онда оны беруден бас тартпағанның жақсы екендігі жайлы, сондай-ақ садақа, зекет және сол сияқты құрбан ретінде берілген затты садақа берілген адамнан сатып алудың жақсы еместігі жайлы, сондай-ақ оны садақа берілген адам басқа адамға беріп, одан кейін оны сатып алғанның зияны жоқтығы жайлы.

1612. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сыйлығын қайтарып алған адам, өз құсығын өзі жеген ит секлді⁹²⁰. Аль-Бухари, Муслим.

⁹¹⁹ Ибн Хаджардың тәпсірінде, бай адамның берешекті созуы әділетсіздіктің көрнісі болғандықтан, берешегі бар адамға берешекті оған адаруына келісуі керек, өйткені бұл жағдайда берешекті алу онайға түседі, ал күнә жасап қоюға деген қорқыныш байға борышты тезірек қайтаруға итермелейді.

⁹²⁰ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мұндай теңемені, ол істің жиіркеніштігін көрсету үшін қолданып жатыр.

Бұл хадистің Муслим келтірген басқа нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «

Сыйлығын қайтарып алған, құсып, сосын құсығына қайта оралып оны жейтін итке тең.

Бұл хадистің аль-Баридің де, Муслимнің де келтірген үшінші нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Сыйлығын қайтарып алушы, өзінің құсығын жегенмен тең.

1613. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһ жолында соғыспақшы болған адамға жылқы сыйладым, бірақ ол оны дұрыс күтпейтін. Сонда мен ол жылқыны сатып алмақшы болдым да, осы жөнінде Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын ақылдасқанымда, ол маған: «Оны сатып алма және егер ол саған оны бір дирхемге сатса да садақанды қайтарып алушы болма, өйткені садақасын қайтарып алушы өзінің құсығын жеген секілді. **Аль-Бухари, Муслим.**

**Жетімнің дүниесін шашуға (жеуге)
болмайтындығы жайында.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінен сондай жетімдердің малдарын зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын отпен толтырған болады. Сондай-ақ жалындаған тозаққа кіреді.» **«Ниса» сүресі, 10 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Жетімнің малына жақындамаңдар, бірақ ол есейгенге дейін жақсы басқаруға болады.»
«Әнғам» сүресі, 152 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар сенен жетімдердің жайынан сұрайды. Оларға: «Жетімдерді түзету жақсы⁹²¹. Тіпті оларды қосып алсаңдар, сонда олар туыстарың. Аллаһ бұзушыны, түзеушіден айырып біледі...» **«Бақара» сүресі, 220 аят.**

1614. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁹²¹ Орысша аудармасында, оларға жақсылық әкелетінді жасау жақсы, делінеді – **аударушыдан**. Яғни, жетімнің малымен оған игілік әкеліп көбейту не болмаса сақтау тұрғысында ұстандар.

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жеті апатты күнәләрдан сақтаныңдар», - деді. Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, бұл қандай күнәләр?», - деп сұрады. Ол: «(1)Аллаһпен бірге басқаға табыну, (2)бақсылық, (3)Аллаһ өлтіруге тыйым салған, (яғни) хақысыз адам өлтіру⁹²², (4)өсімқорлық, (5)жетімнің дүниесін жеу, (6)жауға шапқанда қашу, (7)иманды таза, ондай істі (жасамақ тұрмақ) ойларына да кіріп шықпайтын әйелдерді, ойнас жасады деп айыптау. **Аль-Бухари, Муслим.**

287 ТАРАУ

Өсімқорлыққа қатаң тыйым жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«Сондай өсім жегендер (қабірлерінен) жын соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады. Бұл олардың «Сауда да бейне өсім», дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Аллаһ сауданы халал, өсімді харам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тыйылса өткені

⁹²² Бұл жерде белгілі бір адам жайлы айтылып жатқан жоқ, бұл жерде шариғаттың нұсқауы бойыншы ғана өлтіруге болатын жағдайларда ғана өлтіруге болатындығы айтылып жатыр.

өтіп кетті⁹²³, Оның ісі Аллаһқа тән. Ал және кім қайталаса, міне солар тозақтық. Олар онда мәңгі қалады. Аллаһ өсімді жояды да сауданы арттырады. Әрі Аллаһ барлық қарсы келуші күнәһәрді жақсы көрмейді. Негізінен иман келтіріп ізгі іс істегендер, намазды толық орындап, зекет бергендер, олар үшін Раббыларының қасында сыйлық бар. Оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды. Әй мүминдер! Аллаһтан қорқыңдар, егер сенсеңдер (иман келтірсеңдер) өсімнен қалып қалған (аласыларыңды) қалдырыңдар (алмаңдар).»
«Бақара» сүресі, 275-278 аят.

Бұл тарауға қатыты хадистер жайлы айтатын болсақ олар көп және белгілі, сондай-ақ олардың қатарына Абу Хурайрадан жеткен осы тарудың алдындағы тарауда келтірілген хадис жатады.

1615. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, өсімқордан қарызға алғанды және өсімқорлықпен айналусышыны лағінеттеді **Муслим.**

⁹²³ Яғни, өткендегі күнәсі кешіріледі.

Бұл хадистің ат-Тирмизи және басқа да мухаддистердің келтірген нұсқасында Ибн Масъдтың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...сондай-ақ оның куәгерлері⁹²⁴ мен жазушысын.

288 ТАРАУ

Көрер-көзге⁹²⁵ амал жасауға тыйым екендігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Олар, ғибадатты, нағыз Аллаһқа шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы тұп-тура дін» **«Бәййнә» сүресі, 5 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Әй мүминдер! Аллаһқа Ақірет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар...» **«Бақара» сүресі, 264 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

⁹²⁴ Яғни, өсімге алушының не болмаса берушінің куәгерлері.

⁹²⁵ Мысалыға, мақтан үшін көрер-көзге жасау.

«Мұнафиқтар⁹²⁶ Аллаһты алдамақшы болады. Негізінен Аллаһ, оларды алдауға⁹²⁷ ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Аллаһты өте аз еске алады.»
«Ниса» сүресі, 142 аят.

1616. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: Мен, Маған серік қосқанға кәміл түрде мұқтаж емеспін, егерде кімде-кім бір нәрсені Менен бөлек тағы біреу үшін⁹²⁸ орындайтын болса, Мен одан да оның көпқұдайшылдығынан да бас тартамын!^{929»}⁹³⁰
Муслим.

1617. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹²⁶ Екіжүзділер.

⁹²⁷ Яғни, олардың алдамақшы болған істерін Аллаһ өздерне қарсы қояды.

⁹²⁸ Яғни, кімде-кім Аллаһ үшін ғана емес, оны біреу көрсін, деп не болмаса осы дүниенің бір мақсаты үшін жасаса.

⁹²⁹ Сонымен, бұл жерде көрер-көзге жасалған амал көпқұдайшылдықпен теңестіріліп тұр.

⁹³⁰ Яғни, мұндай адамның кез-келген ісі жойылып, ол үшін сауап ала алмайды.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, ең бірінші болып Ахиретте сұралынатын адам, ол Аллаһ жолындағы шайқаста өлген адам болады. Оны алып келеді де, Аллаһ оған Өзінің рахымшылығын есіне салады, ал ол болса бәрін мойындайды. Сосын Аллаһ одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?», - деп сұрайды. Ол: «Мен өлгенше Сенің жолыңда соғыстым!», - дейді. Аллаһ: «Сен өтірік айтасың, өйткені сен, сен туралы адамдар: «Батыр!», - деп айтсын, деп соғыстың және олар солай айтты!», - дейді. Сосын ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, оның жүзін төмен қаратып Тозаққа тастайды. Содан кейін, білім алған, білімін басқаларға үйреткен және Құран оқыған адамды алып келіп, Аллаһ оған, Өзінің көрсеткен рахымшалаған есіне салады да, одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?», - деп сұрайды. Ол: «Мен білім үйреніп оны басқаларға үйреттім және Сен үшін Құран оқыдым!», - дейді. Аллаһ: «Сен өтірік айтасың, өйткені сен, адамдар: «Мыну білімді!», - деп айтсын деп, сондай-ақ Құранды адамдар: «Мынау қари!», - деп айтсын деу үшін оқыдың және адамдар солай айтты!». Сосын ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, Тозаққа тастау үшін жүзін төмен қаратып сүйрейді. Сосын Аллаһ оған кең ризық нәсіп еткен және оған түрлі байлықпен қамдаған адамды алып келіп, Аллаһ оған Өзінің

көрсеткен рахымшалаған есіне салады да, одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?», - деп сұрайды. Ол: «Сен риза болатын ешбір мүмкіншілікті мүлт жібермей, Сен үшін ақша жұмсадым», - дейді. Аллаһ оған: «Сен өтірік айтасың, сен оны адамдар, сен жайлы: «Мынау жомарт!», - деп айтулары үшін істедің және адамдар солай айтты!», - дейді. Сосын ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, Тозаққа тастау үшін жүзін төмен қаратып сүйрейді. **Муслим.**

1618. Хабар бойынша, бірде Ибн Омарға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, адамдар:

«Расында, біз өзіміздің басшыларымызға кіргенде оларға айтатын сөзіміз олардан шыққан кездегі сөздерімізден өзгеше болады», - деді. Бұған Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кезінде мұндайды екіжүзділік санайтынбыз!», деді. **Аль-Бухари.**

1619. Хабар бойынша, Джундуб бин Абдуллах бин Суфйан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ (көрер-көзге) сөйлеушінің әбүйірін төгеді, сондай-ақ көрер-көзге жасаушыны, (адамдарға айғақтап) көрсетіп қояды.⁹³¹ **Аль-Бухари, Муслим. Сондай-ақ бұл хадисті Муслим Ибн Аббастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын жеткізуімен келтіреді.**

Бұл жерде «сөйлейуші», деген «бір істі көрер-көзге істеу», деген мағынаны білдіреді; «Аллаһ оның әбүйірін төгеді», деген, «Ахиретте оның әбүйірін төгеді», деген мағынаны білдіреді; «көрер-көзге жасаушыны», дегені, «кімде-кім сауапты амалдарды адамдардың құрметі үшін жасаса», деген мағынаны білдіреді; «Аллаһ (адамдарға айғақтап) көрсетіп қояды», деген, «адамдардың бәріне оның құпия ойларын көрсетеді», деген мағынаны білдіреді.

1620. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Тек Ұлы Аллаһ Тағаланың дидарына талпынып ізденетін ілімді⁹³², осы дүниенің қай бір мақсатына жету үшін ізденсе, Ахиретте Жәннәттің тәтті исін де сезінбейді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

⁹³¹ Басқаша айтқанда, ғибадаттары ықылассыз болғандардың ниетін Аллаһ бәріне көрсетеді, деген сөз.

⁹³² Яғни, ол арқылы Аллаһтың ризашылығын табу мақсатында.

Сондай-ақ бұл тарауға қатысты көптеген хадистер бар.

289 ТАРАУ

Нені көрер-көзге жасалды, деп есептеуге болатындығы және нені олай деп ойлауға болмайтындығы жайлы.

1621. Хабар бойынша, Абу Зарр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біреу: «Жақсы амалдар жасап, оған мақтаулар айтып жатқан адам жайлы сен не дейсің?», - деп сұрағанда, ол: «Бұл – имандының осы өмірінде-ақ ала бастаған ізгі хабары», - деді. **Муслим.**

290 ТАРАУ

Шариғаттың үкімі (не нұсқауы) болмаса бөгде әйел мен әдемі жігітке (тесіліп) қарауға болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«Мүминдерге айт: «(Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын...» **«Нұр» сүресі,**

30

аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңынан түспе. Расында құлақ, көз және жүрек олардың барлығы одан сұралады.» «Ісра» сүресі, 36 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһ көздердің қиянатын және көкіректердегі құпияны біледі» «Ғафыр» сүресі, 19 аят.

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде раббың әлбетте бақылаушы.» «Фәжір» сүресі, 14 аят.

1622. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам баласына зинада оның үлесі жазылған, оны орындамай өтуі мүмкін емес: көздің зинасына - қарағаны⁹³³, құлақ зинасына – естігені, тіл зинасына – айтқаны, қол зинасына – ұстағаны, аяқ зинасына – (жүрген) қадамы⁹³⁴ жатады. Ал жүрек жайлы айтатын болсақ, онда

⁹³³ Яғни, шарифат тұрғысында қарауға болмайтын нәрселерді қарағаны.

⁹³⁴ Яғни, харамға қарай жүрген қадамдары.

ол тілейді және қалайды, ал жыныс мүшелері болса мұны бекітеді не болмаса қайтарады⁹³⁵.

Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр, ал аль-Бухари болса бұны қысқартып келтіреді.

1623. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Еш уақытта сендерге жол үстінде отыруға болмайды», - деді. Сонда адамдар: «Біз олай істеуге міндетті түрде мұқтажбыз, өйткені біз онда жиналып бір-бірімізбен әңгімелесеміз!», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер сендер жол бойына жиналуға мәжбүр болсаңдар, онда жолға тиістісін өтеңдер!», - деді. Адамдар: «Ал жолға тиістісін өтеңдер, деген не?», - деп сұрады. Ол: «Бұл дегеніміз (ешкімге) тесіліп қарамау, ешкімге зиян тигізбеу, сәлемге жауап беру, жақсылыққа шақырып жамандықтан тосу», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁹³⁵ Яғни, бұның алдында айтылғандардың бәрі зина жасау бағытындағы себептер болса, жыныс мүшелері оны орындайды да, не болмаса орындамайды.

1624. Хабар бойынша, Абу Тальха Зайд бин Сахль, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз үйлердің алдарында жиі отырып әңгімелесетінбіз, бірақ бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, біздің жанымызға келіп тоқтады да: «Сендер неге жол бойында отырсыңдар? Жол бойында кездесуден қашыңдар!», - деді. Біз: «Бірақта біз бұл жерде ешбір жамандық жасамай, тек қана әңгіме айтып сөйлесіп отырмыз!⁹³⁶», - дедік. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер сендер бұдан бас тартқыларың келмесе, онда жолға оның хақысын өтеңдер: (ешкімге) тесіліп қарамаңдар, саләмге жауап беріңдер және жақсы сөз сөйлеңдер!», - деді. **Муслим.**

1625. Хабар бойынша, Джарир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кездейсоқ

⁹³⁶ Яғни, өзімізге түсініксіз нәрселерді сұрастырып, ал тыйым салынған нәрселерді айтып отырған жоқпыз.

қарау жайлы сұрадым⁹³⁷, сонда ол: «Көзіңді ал (одан кейін қарама)!, - деді. **Муслим.**

1626. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен онда Маймуна⁹³⁸ да болған Аллаһтың елшісінде, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болдым, онда Ибн Умм Мактум келді. Бұл оқиға бізге жапқыш жабыну әмір берілгеннен кейін болған болатын, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұдан жабыныңдар!», - деді. Біз: «Иә Аллаһтың елшісі, ол соқыр емес пе, оның соқырлығы бізді көріп танудан сақтамай ма?!», - дедік. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мүмкін сендер екеуің де, оны көрмейтін соқыр шығарсыңдар?⁹³⁹», - деді. **Бұл хадисті Абу Дауд пен ат-Тирмизи «жақсы әрі сенімді хадис», деп келтіреді.**

1627. Хабар бойынша, Абу Са'ид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹³⁷ Басқаша айтқанда, Джарир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, егер адам қарауға тыйым салынған нәрсеге көзі түссе не істеу керектігін сұрап жатыр.

⁹³⁸ Умм салама мен Маймуна, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдері.

⁹³⁹ Яғни, ол сендерді көрмесе де, сендер оны көресіңдер ғой, дегені, ал бәрін білуші бір Аллаһ қана – **аударушыдан.**

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Еркек - әркектің әуретіне⁹⁴⁰, ал әйел әйелдің әуретне қарамасын, сондай-ақ еркеке еркекпен бір жамалғышты жамылып жатпасын, ал әйел болса әйелмен бір жамылғыштың астына жатпасын. **Муслим.**

291 ТАРАУ

Бөгде әйелмен оңаша қалуға болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«...егер Пайғамбардың жұбайларынан бір нәрсе сұрасандар, далданың (шымылдықтың) артынан сұрандар⁹⁴¹,...» **«Ағзап» сүресі, 53 аят.**

1628. Хабар бойынша, Укба бин Әмір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оғана Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендерден ешкім

⁹⁴⁰ «Әурет» - басқа адамдарға көрсетуге болмайтын дене мүшелері. Еркек үшін кіндіктен төмен тізеден жоғары жердің бәрі, және бұл жерлер, егер араларында еркек болмаса әйел үшін де (бірі-біріне көрсетуге болмайтын) әурет саналады. Ал бөгде еркек үшін әйелдің бүкіл денесі әурет саналады, басқаша айтқанда бөгде еркекке оған қарауға болмайды.

⁹⁴¹ Бұның басқа әйелдерге де қатысы бар.

ешуақытта бөгде әйелге кірмесін!», - деді. Ансарлардың бірі: «Маған айтшы, егер ол күйеуінің жақын туысы болса ше!», - деп сұрады. Сонда ол: «Жақын туыс – ол опат (ең ауыры)!⁹⁴²», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Жақын туыс, деп бауыр, бауырының не нағашысының баласы айтылады.

1629. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім оның жанында жақын туысы болмаса әйел адаммен оңаша қалмасын! **Аль-Бухари, Муслим.**

1630. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Аллаһ жолында соғысып жатқандардың әйелі, ол соғысқа қатыспағандар үшін өздерінің аналары секілді қасиетті саналуға тиісті. Ал сендерден соғысқа қатысушының жан ұясын өзінің қамқорлығына алған кез-келгенің, мойнына жүктегенін дұрыс өтемесе, онда оны Ахиретте, соғысқа қатысушы оның сауабты істерінен қанша қаласа соншасын алуы үшін (оның

⁹⁴² Яғни, күйеуімен жақын туысы үйге еркін кіреді де, сондықтан оларға бөлек болуға көп мүмкіншілік бар.

сауаптарын) міндетті түрде оның алдына қояды». Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл жайында сендер не ойлайсындар?⁹⁴³», - деді.
Муслим.

292 ТАРАУ

Әйел мен еркекке киімде болсын, тұрыс-жүрісте болсын және де басқа да істерде де болсын бір-біріне еліктеуге болмайтындығы жайлы.

1631 Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелге ұқсас еркек пен еркекке ұқсас әйелді лағінеттеді.⁹⁴⁴

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында, Ибн Аббастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Әйелге еліктеген еркек пен еркекке еліктеген әйелді лағінеттеді. **Аль-Бухари.**

⁹⁴³ Басқаша айтқанда: егер адамның тойымсыздығын еске алатын болсақ және Аллаһ оған қанша алғың келсе ал, деп тұрса, онда оның саубты істерінен бір нәрсе қалады ма?, - деп тұр.

⁹⁴⁴ Бұл жерде саналы түрде өздерін әйелге ұқсатқан еркекке пен өздерін еркекке ұқсатқан әйелдер жайлы айтылып жатыр.

1632. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдің киімін киген еркек пен еркектің киімін киген әйелді лағінеттеді. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дад келтіреді.**

1633. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен үмметімнің ішінен Отта болатын екі түрлісін қазір көріп тұрған жоқпын: (олардың) бұқаның құйрығына ұқсаған қамшылары бар олармен адамдарды ұратын еркектерді, сондай-ақ әрі киінген (кясийат), әрі жалаңаш ('арийат), бастары түйенің салбыраған еркешетеріне ұқсаған ауытқушы (ма'иллят) және ауытқызушы (мумиллят) әйелдерді. Мұндай әйелдер Жәннәтқа кірмейді және оның тәтті иісін де сезінбейді, ал оның тәтті иісі осындайда осындай ара қашықтықта сезіледі.⁹⁴⁵

Муслим.

⁹⁴⁵ Ат-Табарани келтірген хадистердің бірінде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «...расында, оның тәтті иісі бес жүз жыл жерлік ара қашықтықтан сезіледі»

«Кясийат», дегеніміз Аллаһтың рахымшылығымен киіндірілген, «'арийат» - рахметі жоқтар⁹⁴⁶. Сондай-ақ бұның мағынасы: ондай әйел денесінің бір бөлігін, ал жауып екінші бөлігін ашып өзінің әдемілігін және басқаларын басқаларға көрсетуші (әйел), делінеді. Сондай-ақ оның мағынасы, денесі көрінетіндей нәзік (жұқа) матадан киім киген әйелдер, делінеді. Ал ауытқушы (ма'илят) сөзінің мағынасы жайлы айтатын болсақ ол жайында былай делінеді: бұл дегеніміз, Аллаһтың әміріне бағынудан ауытқушылар. Ал ауытқызушы (мумилят) сөзінің мағынасы жайлы айтатын болсақ ол жайында былай делінеді: бұл дегеніміз, олар басқаларды өздерінің жаман істеріне үйретушілер. Сондай-ақ, «ауытқушылар», деп «өздерінің көкіректерін керіп, тәкәппарлықпен жүрушілерді», айтады, делінеді. Сондай-ақ, «ауытқушылар», деп қаңғыбас (жаман жүрістегі) әйелдер секілді «шаштарын бір жақ иығына тараушыларды», айтады, делінеді, ал «ауытқызушылар», деп «сондай шаштың сәнін басқаларға жасаушылар», деп те айтылады. Ал «бастары түйенің салбыраған өркешетеріне ұқсаған», деген сөз жайлы айтатын болсақ, оның мағынасы, олар бастарына шүберек, сәлде не

⁹⁴⁶ «'Арийат», дегеніміз тек жалаңаштанғандар деген мағынаны ғана білдірмейді, сондай-ақ айырылғандар (құр қалғандар); яғни алғыс сезімінен айырылғандар дегенді білдіреді.

болмаса соған ұқсас бір нәрселерді орап, бастарын үлкейтушілер⁹⁴⁷.

293 ТАРАУ

Шайтанға және имансыздарға еліктеуге болмайтындығы жайлы.

1634. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сол қолмен жемендер, өйткені, расында, шайтан ішіп-жегенде сол қолын пайдаланады.
Муслим.

1635. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім сол қолымен ішіпесін де және жемесін де, өйткені, расында шайтан ішкенде және жегенде сол қолын пайдаланады.
Муслим.

⁹⁴⁷ Яғни, бұлай істеп олар еркектерге еліктейді, бұл өткендегі (баяғыдағы) өлең айтушы әйелдерге тән қылық болған.

1636. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, яхудилер мен христиандар шаштарын боямайды, ал сендер болсаңдар олар секілді болмаңдар! **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл жерде ақ түскен шашатарда сары, не болмаса қызыл түске бояу жайлы айтылып жатыр; ал оны қара түске бояу жайлы айтатын болсақ, олай істеуіге болмайды, ол жайында Аллаһ қаласа келесі тарауларда айтып өтеміз.

294 ТАРАУ

Әйел баласына да, ер адамға да шашын қара түске бояуға болмайтындығы жайлы.

1637. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Меккені жаулап алған күні, басы мен сақалы суғама⁹⁴⁸ секілді аппақ болған Абу Бакр ас-Сиддиқтың әкесі Абу Кухафаны, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, алып келді. Сонда Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мынаны өзгертіңдер⁹⁴⁹,

⁹⁴⁸ «Суғама» - гүлі мен жемісі ақ түсті өсімдік.

⁹⁴⁹ Яғни, шашының ағын бояңдар.

бірақ қарадан аулақ болыңдар», - деді.
Муслим.

295 ТАРАУ

«Казаъ» (шашты жартылай қыру) жасауға болмайтындығы және ер кісілерге шашты толығымен қырып тастауға болатындығы, ал әйелдерге олай істеуге болмайтындығы жайлы.

1638. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бастың бір бөлігін ғана қыруға тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1639. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басындағы шашы жартылай қырып, ал қалған бөлігі қырылмаған баланы көріп, оларға⁹⁵⁰ олай істеуге тыйым салып былай деді: «Не шашты түгелімен қырыңдар, не болмаса еш тиіспендер». **Бұл хадисті аль-Бухари мен Муслимнің**

⁹⁵⁰ Баланың ата-анасына не болмаса солай қырған адамға.

шарттарын қанағаттандыратын иснадпен Абу Дауд келтіреді.

1640. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Жа'фар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жа'фардың жанұясы мүшелеріне үш күн мерзім берді де⁹⁵¹, содан соң бізге келіп: «Осы күннен кейін менің бауырымды жоқтап жыламаңдар», - деді. Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Маған бауырымның балаларын шақырыңдар», - деді, де сосын бізді балапандар секілді алып келді, ал ол болса: «Маған шаштаразды алдырыңдар», - деп, оның әмірімен (шаштаразды алдырып) біздің басымызды тақырлап қырғызды. **Бұл хадисті аль-Бухари мен Муслимнің шарттарын қанағаттандыратын иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1641. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁹⁵¹ Мутаның жанындағы соғыста қайтыс болған Аллаһтың елшісінің, әкесімен ағайындас бауырының баласы Жа'фар бин Абу Талибті, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жоқтап жылау жайлы айтылып жатыр.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерге шаштарын қыруға тыйым салатын. **Ан-Насаъи.**⁹⁵²

296 ТАРАУ

Шашқа басқа шашты қосып ұзартуға, денеге (инемен) сурет салуға және тісті егеуге болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мекке мүшріктері) олар, Аллаһтан өзге ұрғашыларға ғана жалбарынады. Негізінен олар қасарысқан шайтанға жалбарынды. Аллаһ оны қарғады. Сонда шайтан: «Әрине құлдарыңнан белгілі бір үлес аламын», - деді. «Және оларды, әрине адастырамын, әлбетте оларды босқа үміттендіремін. Әрі оларға міндетті түрде әмір етемін. Сонда олар малдардың құлақтарын (бұтқа арнап) тіледі. Сондай-ақ оларға әрине Аллаһтың жаратқанын өзгертуді бұйырамын!», - деді...» **«Ниса» сүресі, 117-119 аяттар.**

1642. Хабар бойынша, Асма, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁹⁵² Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Бір әйел Пайғабардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлеміә болсын: «Иә Аллаһтың елшісі, менің қызым қызылшамен ауырып, содан шаштары түсіп жатыр, ал мен болсам оны жақында ғана тұрмысқа бердім, сондықтан мен оның түскен шашының орнына басқа шаш (жалғап) байлай аламын ба?», - деген сұрақпен келді. Сонад ол: «Аллаһ Тағала (жалғап) байлаушы мен (жалғап) байлап берушіні лағінеттеді!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында, Пайғамбардың оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...және (жалғап) байлаушы мен (жалғап) байлауды сұраушыны...

Осыға ұқсасты аль-Бухари мен Муслим Айшаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізуімен де келтіреді.

1643. Хабар бойынша, Хумайд бин Абд ар-Рахман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен қажылық жасаған жылы Му'авийаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, күзетшінің қолынан бір бұрым шашты алып⁹⁵³, минберге көтеріліп былай дегенін естідім: «Иә қала тұрғындары, сендердің ғалымдарың қайда?! Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

⁹⁵³ Жалғап байлайтын қосымша шаш.

мен сәлемі болсын, мынандай істерге тыйым салып былай деп айтқанын естідім: «Расында, Исраилдың ұрпақтары мынаны, әйлдері қолданғаннан кейін опат болған!⁹⁵⁴» **аль-Бухари, Муслим.**

1644. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, (жалғап) байлаушы мен (жалғап) байлауды сұраушыны, денеге сурет басушы мен оны өзіне басып беруді сұраушыны лағінеттегендей лағінеттеді! **Аль-Бухари, Муслим.**

1645. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

«Аллаһтың жаратқанын өзгертіп, денеге сурет салушылар мен оны өзіне салуды сұраушыларға, сондай-ақ қастарын теруді сұраушылаға (мутанаммисат), сондай-ақ егеушілерге (мутафаллиджат) Аллаһтың қарғысы болсын!». Сонда бір әйел одан, оның неге олай айтып жатқанын сұрағанда, ол: «Неліктен маған Аллаһтың елшісінің, оған

⁹⁵⁴ Яғни, яһудилердің ішіндегі діни үкімдерді білетіндері осы секілді тыйым салынған істерді сынамай, ақыр соңында опат болуларының себебі болған.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қарғағандарын қарғамасқа⁹⁵⁵, бұл Аллаһтың кітабінде бар емес пе? Аллаһ Тағала: «Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да, неменеден тыйса одан тыйылыңдар⁹⁵⁶», - деді.
Аль-Бухари, Муслим.

«Мутафаллиджа» бұл тістерін егеп араларын ашып әдмілеген әйел. «Намиса» бұл басқа әйелдің қасын жіңішкертіп әдемілікке терген әйел. «Мутанаммиса» бұны өзіне істеуіне әмір берген әйел.

297 ТАРАУ

Сақалдан, бастан жене басқа да жерлерден ақ түскен шашты жұлуға болмайтындығы, сондай-ақ жас өспірімге сақалы шыға бастаған кезде оны жұлуға болмайтындығы жайлы.

1646. Хабар бойынша, Әмір бин Шу'айб өзінің атсының айтқанын әкесі арқылы⁹⁵⁷, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹⁵⁵ Бұл жерде Аллаһтың елшісінің оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тек қана қарғағандарын қарғау ғана емес, оның бүкіл тыйғандарынан тыйылу және рұқсат еткен нәрселерін орындау жайылы айтылып тұр.

⁹⁵⁶ «Хашыр» сүресі, 7 аят.

⁹⁵⁷ Яғни, Амр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ақ шашты жұлушы болмаңдар, өйткені олар Ахиретте мұсылман үшін нұр болады⁹⁵⁸. **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд, ат-Тирмизи және ан-Насаъи келтіреді. Ат-Тирмизи: «Жақсы хадис», - деген.**

1647. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Біздің ісімізге сәйкес келмейтін амалды жасаушының амалы қабыл болмайды (қайтарылады)⁹⁵⁹» **Муслим.**

298 ТАРАУ

Оң қолмен ұятты жерлерін жуу жағымсыз іс екендігі және оған дәлелді себеп болмаса

⁹⁵⁸ Бұл хадистің ат-Тирмизи келтірген тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі: «Ақ шашты жұлушы болмаңдар, өйткені ол Исламның нұры саналады, сондай-ақ кез-келген мұсылман үшін исламдағы пайда болған ақ шашы үшін, Аллаһ міндетті түрде бір жақсы амалдың сауабын жазады және оны бір дәрежеге көтереді және бір күнәнің жазасын алып тастайды»

⁹⁵⁹ Бұл жерде «Біздің іс, деп жатқаны шарифат.

**оң қолмен ұятты жерлерін ұстауға
болмайтындығы жайлы.**

1648. Хабар бойынша, Абу Катада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кім кіші дәрет сындыратын болса оң қолымен ұятты жерін ұстамасын, сондай-ақ ол жерін оң қолымен жуушы болмасын және (ішкенде) ыдысқа дем алушы болмасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл тарауға басқа да көптеген сенімді хадистер жатады.

299 ТАРАУ

**Аяқ киімді бір аяққа ғана киіп жүруге және
дәлелді себепсіз аяқ киімді тұрып киуге
болмайтындығы жайлы.**

1649. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім аяқ киімді бір аяққа ғана киіп жүрмесін, не екеуін де кисін, не екеуін де шешсін.

Бұл хдистің тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...не жалаң аяқ жүрсін. Аль-Бухари, Муслим.

1650. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден кімнің аяқ киімінің қайысы үзілсе, оны жөндейінше бір аяқ киімімен жүрмесін.
Муслим.

1651. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аяқ киімді тұрып киуге тыйым салатын. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

300 ТАРАУ

Ұяқтар кезде не болмаса басқа да жағдайларда жанып тұрған отты, ол қай жерде жанғанына қарамастан май шамда не басқа жерлерде болсын қалдыруға болмайтындығы жайлы.

1652. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұйықтап жатқан кездерінде үйлерінде жанып тұрған от қалдырушы болмаңдар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1653. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Мединада бір үй ішіндегі адамдарымен бірге жанып кетті, сонда бұл жайлы Аллаһтың елшісіне оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, хабарлағанда ол: «Расында бұл от сендерге жау, сондықтан ұйықтауға жатар кездерінде оны сөндіріңдер», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1654. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ыдысты жабыңдар, торсықтарыңды байлаңдар, есіктеріңді тіреңдер, өйткені, расында шайтан торсықты шешуге, тіреулі

есікті ашуға дәрменсіз, сондай-ақ сендерден кім ең болмағанда судың бетіне бр бөлік ағашты Аллаһтың есімін айтып қоя алса, солай істесін. Сондай-ақ, расында, тышқандардың, үй ішіндегілерді өртеп жіберген кездері де болады⁹⁶⁰. **Муслим.**

301 ТАРАУ

Көлгірсуге (такяллюф)⁹⁶¹ тыйым екендігі жайында, ал дәлірек айтатын болсақ пайдасы жоқ айтуға ауыр сөздерді сөйлеуге, не болмаса жасауға ауыр істерді жасауға болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мухаммад) Оларға: «Сендерден оған ақы сұрамаймын⁹⁶². Өз ойымнан шығарушылардан емеспін⁹⁶³», - де.» **«Сад» сүресі, 86 аят.**

1655. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁹⁶⁰ Тышқандардың шамды құлатқан кездері жайлы айтылып тұр.

⁹⁶¹ «Такяллюф» сөзі «такялляфа» етістігінен құралған, оның мағынасы әр түрлі – «өзіне салмақ салу», «қиындық көру», «өзін-өзі көрсету; бір істе көлгірсуге», «құялу», сондықтан бұл етістік айтылған сөйлеміне байланысты әр-түрлі мағына беруі мүмкін.

⁹⁶² Құран үшін және тура жолды үгіттегенім үшін ақы сұрамаймын.

⁹⁶³ Яғни, көлгірсіп жатқан жоқпын, дегені.

Бізге көлгірсуге тыйым салынатын. **Аль-Бухари.**

1656. Хабар бойынша, Масрук, ол былай деді:

Бір жолы біз Абдуллаһ бин Масуьдқа, оған ризашылығы болсын, кіргенде ол бізге мынаны айтты: «Иә адамдар, сендерден қайсысың бір нәрсе білсең ғана ол жайлы айтыңдар, ал білмегендерің: «Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі», - десін, өйткені білмегенің жайлы: «Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі», - десең, онда бұл білімділіктің көрінісі болады, ал Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбарына: «Оларға: «Сендерден оған ақы сұрамаймын. Өз ойымнан шығарушылардан емеспін», - де»⁹⁶⁴, - деді.» **аль-Бухари.**

302 ТАРАУ

Өлген адамның артынан айғайлап жылауға, өзін беттен ұруға, үстіндегі киімін жұлуға, шашын жұлуға, сондай-ақ қыруға және өзіне қарғыс айтып, опат тілеуге болмайтындығы жайлы.

⁹⁶⁴ «Сад» сүресі, 86 аят.

1657. Хабар бойынша, Омара бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мәйіт оның артынан жоқтап жылағаны үшін қабірінде азапқа салынады.

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...оның артынан жоқтаған уақытында⁹⁶⁵.
Аль-Бухари.

1658. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Беттерін ұрушылар, үстіндегі көйлегін жыртушылар не болмаса Аллаһқа Жәһилет заманындағыдай шақыратындар бізден емес⁹⁶⁶! **Аль-Бухари, Муслим.**

⁹⁶⁵ Имам ан-Науауи, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бұл жайында ғалымдардың ойында айырмашылық бар екендігін нұсқайды, бірақ олардың көпшілігі, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқаны тек өзінің артынан жоқтап айқайлап жылауға өсиет еткендерге ғана қатысты, дейді.

⁹⁶⁶ Біреуі өлген кезде өзіне өлім және тағы басқа қайғы тілеп айқайлаушылар жайлы айтылып жатыр.

1659. Хабар бойынша, Абу Бурда былай деді:

Бірде қатты ауырып басы өзінің жанұясындағы бір әйелдің⁹⁶⁷ тізесінде жатқан Абу Муса⁹⁶⁸ есінен танып қалғанда, ол әйел айқайлап жылай бастады да, ал ол болса сол уақытта оған ештеңе айта алмай, сосын есі кірген кезде: «Мен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алыстағандардан алыстаймын, ал ол болса, айғайлаушы, қырынушы және жыртушы әйелдерден алсытаған! **Аль-Бухари, Муслим.**

«Айғайлаушы әйел», ол айғайлап жоқтап жылаушы, «қырынушы әйел», ол өзіне қайғы келгенде басын қырушы әйел, «жыртушы әйел», ол үстіндегі киімін жыртушы әйел.

1660. Хабар бойынша, аль-Мугира бин Шу'ба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында артынан айқайлап жылаған, Ахиретте азапталады. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁹⁶⁷ Абу Мусаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Сафия атты әйелі.

⁹⁶⁸ Абу Муса аль-Аш'аридың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, баласы.

1661. Хабар бойынша, Умм 'Атыйй Нусайб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізден⁹⁶⁹ ант алғанда, жоқтап жыламайтындығымыз жайлы уәде алды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1662. Хабар бойынша, ан-Ну'ман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Абдуллаһ бин Рауаһа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, есінен танып, оның апасы (не қарындасы): «Иә тау секілді⁹⁷⁰, иә пәленшеде пәленше!», - деп оның жақсы жақтарын айта бастады. Ссын ол өзіне келісімен: «Сен не айтсаң да менен: «Сен шынымен-ақ сондайсың ба не?⁹⁷¹», - деп сұрап жатты», - деді. **Аль-Бухари.**

1663. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

⁹⁶⁹ Әйелдер жайлы айтылып жатыр.

⁹⁷⁰ Яғни, тау секілді адамдардың арасында ерекшеленген.

⁹⁷¹ Яғни, періштелер одан олардың айтқанын кінәләп сұрап жатты.

Саъад бин Убада⁹⁷² ауырып қалған кезде, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оның көңілін сұрау үшін Абд ар-Рахман бин Ауфпен, Сард бин Абу Ваккаспен және Абдуллаһ бин Мас'удпен, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын бірге келді. Кеселдіге кіріп, оның есінен танғанын көріп Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол қайтыс болып қалды ма?», - деп сұрады. Ол: «Жоқ, иә Аллаһтың елшісі», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәемі болсын, жылап жіберді, пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жылағанын көрген жанындағылар да жылап қоя берді, Сосын ол: «Сендер естіп жатқан жоқсындар ма? Расында, Аллаһ не (көзден аққан) жас үшін, не жүректегі қайғы үшін азапқа салмайды, бірақ-та Ол мынау үшін азапқа салады», - деп тілін көрсетіп: «Және осы үшін рахым етеді!⁹⁷³», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1664. Хабар бойынша, Абу Малика аль-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі

⁹⁷² Ансарлардың екі руының бірі, хазраж руының көсемі.

⁹⁷³ Яғни, егер адам өлген адамның артынан айғайлап жылап жоқтайтын болса, онда бұл үшін жазаланады, ал егер сабыр сақтап тек Шарифаттың рұқсат еткен нәрселерін ғана айтатын болса, онда Аллаһ оған сауаб жазады, деген сөз.

мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер мәйіттің артынан айғайлап жылаған әйел тәубеге келмесе, онда Ахиретте ол әйел сұйық шайырдан киім, қабыршықтан сауыт киіп тірілтіледі. **Муслим.**

1665. Хабар бойынша, табиғиндардың⁹⁷⁴ бірі болған Усайд бин Абу Усайд ол Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ант берген әйелдердің бірінің былай дегенін жеткізді:

Біздің Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, уәдемізде тұрамыз, деп уәде бергендеріміздің ішінде, бетімізді тырнамауға, өзімізге опат (қарғыс) шақырмауға, үстіміздегі киімді жыртпауға және басымыздағы шашымызды жұлмауға берген уәдеміз болды. **Бұл хадисті жақы иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1666. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

⁹⁷⁴ Табиғиндар (ізбасарлар), деп Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабаларымен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кездескен, оларды көрген және олардан Сүннетті қабылдап оны ары қарай жеткізіп Ислам дінінде өлген адамдарды айтады.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Артынан: «Иә тауға ұқсаған! Иә адамдардың мырзасы!», - деп, осыған ұқсас басқа да сөздер айтып жоқтау айтылған кез-келген мәйітке, екі періште қасына қойылып, олар оған: «Сен шынымен-ақ сондай болдыңба?», - деп, жұдырықтарымен түйгіштейді. **Бұл хадисті ат-тирмизи «Жақсы хадис! Деп келтіреді.**

1667. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдардың жасайтын екі амалы олардың имансыздықтарының белгісі болып табылады: басқаны шыққан тегімен сөгу және мәйітті айқайлап жоқтау. **Муслим.**

303 ТАРАУ

Көріпкелдерге (куххан)⁹⁷⁵, жұлдызбен бал ашушыларға, сондай-ақ жәй бал ашушылар мен құммен, майда таспен, арпамен және

⁹⁷⁵ «Куххан» («кахин» сөзінің көпше түрі) – деп исламға дейінгі Арабияда естерінен танып, жындардан ғайып болған дүние жайлы хабар алған бақсыларды айтқан.

басқа да заттармен бал ашушыларға баруға болмайтындығы жайлы.

1668. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көріпкелдердің айтқан сөздері жайлы сұрады, сонда ол: «Олардың сөзінде ештеңе жоқ⁹⁷⁶», - деді. Олар: «Иә Аллаһтың елшісі, кей-кездері олар бізге бір нәрсе айтып, сол айтқаны шын болып жатады!», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл - ақиқатқа қатысы бар сөз, оны алдымен жын ұрлап алып сосын оны өзінің досының құлағына⁹⁷⁷ жеткізеді, ал олар⁹⁷⁸ оған жүз жалған сөз қосады», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген тағы бір нұсқасында Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын келтіреді:

Расында, бұлттарға түсіп көктегі амалдар жайлы әңгіме қылған періштелердің айтқанын шайтандар ұрлықпен тыңдап, оны көріп-келдің жүрегіне сіңіреді, ал олар болса содан кейін

⁹⁷⁶ Яғни, олардың сөзінде ақиқат жоқ, дегені.

⁹⁷⁷ Яғни, бақсы көріп-кел досының құлағына сыбырайды.

⁹⁷⁸ Яғни, көріп-кел бақсы.

шайтаннан келгендерге өзінен жүз өтірік қосып айтады.

1669. Хабар бойынша, Сафийа бинт Абу Убайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелдерінің бірінің былай деп айтқанын жеткізді:

Көріпкелге барып, одан бір нәрсе сұрап, оның айтқанына сенген адамның қырық күн ішіндегі намазы қабыл болмайды. **Муслим.**

1670. Хабар бойынша, Кабиса бин аль-Мухарик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Құстың ұшуымен бал ашу және олардың ұшуымен бір нәрсені болжау әдеті (тарк) имансыздықтың белгісі болып табылады (джибт). **Бұл хадисті жақсы иснадпен Абу Дауд келтіріп былай дейді.**⁹⁷⁹

«Тарк» бұл құстың ұшуымен жақсы не жаман алдын ала болжау әдеті, егер құс оң жаққа ұшса

⁹⁷⁹ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

жақсылыққа жорыған, ал сол жаққа ұшса жамандыққа жорыған. Аль-Жухари «ас-Сахихте» «джибт» сөзімен бұтты, көріп-келді, бақсыны айтады, дейді.

1671. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аспандағы жұлдыздарды болжап білім алушы⁹⁸⁰ бақсылықтың бір түрімен айналысып жатыр және ол солай неғұрлым көп білім алса, бақсылыққа⁹⁸¹ соғұрлым еніп жатыр. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1672. Хабар бойынша, Му'ауийа бин аль-Хакам, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Осыдан кейін мен: «Иә Аллаһтың елшісі, жақында ғана мен пұтқа табынушы болатынмын, ал одан кейін Аллаһ бізге Ислам нәсіп етті, бірақта біздің арамызда әлі де көріп-келдерге баратындар бар», - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Ал сен болсаң оларға барма», - деді. Сосын мен: «Біздің арамызда жаман ырымға сенетін

⁹⁸⁰ Яғни, болашақта не болтындығын жұлдыздар арқылы астаралогиямен айналысып болжайтындар.

⁹⁸¹ Бақсылық ауыр күнәлердің қатрына жатады.

адамдар бар», - дедім, сонда ол бұған: «Олар бұны жүректерінде ғана сезінеді, бірақта бұл оларды тоқтатпау керек⁹⁸²», - деді. Мен: «Сондай-ақ біздің арамызда, сызық сызушылар да бар⁹⁸³», - дедім. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Пайғамбардардың арасында сызықтар сызғаны болған, кім дәл солай істей алатын болса істесін⁹⁸⁴», - деді.

Муслим.

1673. Хабар бойынша, Абу Мас'уд аль-Бадри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі ит үшін ақша алуды, жеңіл (жаман) жүріспен тапқан ақшаны алуды, сондай-ақ көріпкелдің тапқан ақшасын алуды тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

⁹⁸² Яғни, жаман ырым көздеген ісінен, мақсатынан қайтармау керек.

⁹⁸³ Бұл жерде бал ашудың бір тәсілі жайлы айтылып жатыр. Ол тәсіл бойынша бал ашушы құмда тезінен санын білмей бірнеше сызықтар сызып тастайды, сосын оларды жұбымен екі-екеуден өшіре бастайды, сонда ақыр аяғанда сызықтың саны екеу болса, онда жақсылық нышыны саналады, ал егер біреу қалса жамандық нышыны саналады.

⁹⁸⁴ Кейбір тәпсіршілдер ол Идрис, оған Аллаһтың сәлемі болсын, пайғамбар, деп ойлайды. Сондай-ақ олай бал ашудың тәсілі ұмытылған дейді.

304 ТАРАУ

Құстың ұшуымен бал ашуға тыйым екендігі жайында.

Бұл тарауға бұның алдындағы тарауда келтірілген хадистердің де қатысы бар.

1674. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Жұқпалы ауру Аллаһтың қалауысыз жұқпайды, сондай-ақ құстың ұшуы жаман ырымға жатпайды, дегенмен жақсы ырым маған ұнайды», - деді. Адамдар: «Ал жақсы ырым, дегеніміз не?», - деп сұрады. Сонда ол: «Жақсы сөз», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1675. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жұқпалы ауру Аллаһтың қалауысыз жұқпайды, сондай-ақ құстың ұшуы жаман ырымға жатпайды, ал егер бір нәрсенің

қырсығы болатын болса, онда ол үй, әйел және (миністі) ат⁹⁸⁵. **Аль-Бухари, Муслим.**

1676. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жаман ырымға ешқашан көңіл бөлмейтін. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1677. Хабар бойынша, Урва бин 'Амир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзінше жақсы және жаман ырым жайлы айтып өтті, сонда ол: «Бұлардың ішіндегі жақсысы жақсы ырым, бірақ жаман ырым адамды көздеген мақсатынан тайдырмау керек, ал егер сендерден қайсысың өзіне ұнамайтын бір нәрсе көрсең онда былай деп айтыңдар: «Иә Аллаһ, Сенен басқа ешкім игілік бермейді және Сенен басқа ешкім жамандықты алыстатпайды, сондай-ақ Сенен

⁹⁸⁵ Ат-Табарани жеткізген бір хадисте Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жеткізіледі: «Үйдің қырсығы – оның тарлығы және жаман көршілері, міністі малдың қырсығы – оның өзіне мінгізбейтіндігі, ал әйелдің қырсығы – оның бедеулігі (тұмайтындығы) мен жаман мінезі болып табылады».

басқа ешкімде күш қуат жоқ!⁹⁸⁶» /Аллаһумма, ля йа'ти би-ль-хасанати иллә Анта, уа лә йадфа'у-с-са'уайти иллә Анта, уа ля хауля ва лә куууата иллә би-кә!⁹⁸⁷, - деді. **Бұл сенімді хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд елтіреді.**⁹⁸⁸

305 ТАРАУ

Кілемге, не тасқа, не киімге, не дирхемге, не динарға, не жастыққа не басқа да заттарға тірі жанды бейнелеуге болмайтындығы, сондай-ақ тірі жанда қабырғаға, төбеге, пердеге, сәлдеге, киімге және осы сияқты заттарға салуға болмайтындығы, сондай-ақ бейнелерді өшіру керектігі жайында.

1678. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁹⁸⁶ Соңғы сөздерді, ...сен ғана күш қуат берушісің..., - деп те аударуға болады.

⁹⁸⁷ Араб әріптерімен осы дұғаға ұқсас дұға «Мұслман қорғаны» кітабінің №205 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

⁹⁸⁸ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған,- **аударушыдан.**

Расында, осы суреттерді салушыны Аллаһ Ахиретте: «Салғандарыңды тірілтіңдер!», - деп қинайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

1679. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Мединаға жорықтарының бірінен оралған болатын, ал мен болсам өзімнің зат қоятын бөлмеме (сахва) сурет⁹⁸⁹ салынған жұқа перде іліп қойған болатынмын, сонда салынған суретті көрген Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түсі өзгеріп: «Иә Аиша, Ахиретте Аллаһ алдында қатаң азапқа салынатындар жаратуда Аллаһқа ұқсағысы келгендер болады», - деді.

Аиша айтты:

Содан соң біз оны жыртып жастық қылдық (...не екі жастық қылдық). **Аль-Бухари, Муслим.**

1680. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁹⁸⁹ Тірі жанның бейнесі.

Әр бір бейне жасаушы, оны онда әр бір жасаған бейнесі үшін азаптайтын біреу жаратылатын Оттан орын алады.

Ибн Аббас айтты:⁹⁹⁰

Егер оны істеуге мұқтаж болсаң, онда ағаштар және жаны жоқ нәрселерді сал. **Аль-Бухари, Муслим.**

1681. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Осы дүниеде қай-бір бейне салғанға, Ахиретте оған жан үрлеу міндеті жүктеледі, ал ол болса оны ешқашан істей алмайды!⁹⁹¹» **аль-Бухари, Муслим.**

1682. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁹⁹⁰ Ары қарай біреу келіп, тек сурет салып қана күн көріске сурет салуды кәсіп еткен адамға Ибн Аббас айтып жатыр.

⁹⁹¹ Яғни, ондай адам оған жан сал деп азапталады.

Расында, Ахиретте ең ауыр азапқа салынатындар бейне салушылар болады! **Аль-Бухари, Муслим.**

1683. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: Менің жаратқанымға ұқсасты жасағысы келгеннен артық әділетсіз бар ма? Олар құмырсқаны жасасыншы, не болмаса олар бидайдың дәнін жасасыншы не арпаның дәнін жасасыншы!» **аль-Бухари, Муслим.**

1684. Хабар бойынша, Абу Талья, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Періштелер иті не болмаса суреті бар үйге кірмейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1685. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Жебірейіл Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келемін деді де, бірақ (көп) уақытқа бөгелді. Аллаһтың

елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, күтіп шаршаған соң, үйінен шығып Жебірейілді сырттан кездестірді де оған кешіккендігі жайлы айтқанда ол: «Расында, біз ішінде сурет пен иті бар үйге кірмейміз!», - деді.
Аль-Бухари.

1686. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Жебірейіл Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, белгілі бір уақытта келемін, деп уәде берді, бірақ белгіленген уақыты келгенде келмеді.

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолында таяқ болды, ол оны: «Аллаһ та, оның елшілері де уәделерін бұзбайды!», - деп шетке тастады, сосын бұрылып өзінің тақтасының астынан күшікті көріп: «Мына ит қашан кірген?!», - деп сұрады. Мен: «Аллаһтың атымен ант етемін, ол жайында мен ештеңе білмеймін!», - дедім. Сосын оның әмірімен күшікті (үйден) шығарды да, артынша оған Жебірейіл, оған Аллаһтың сәлемі болсын, келді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған: «Сен маған уәде бердің де мен сені күтіп отырдым, ал сен болсаң келмедің!», - деді. Бұған Жебірейіл: «Маған мұны істеуіге сенің үйіңдегі

итің бөгет болды, өйткені, расында, біз ішінде ит немесе суреті бар үйлерге кірмейміз!», - деді.

Муслим.

1687. Хабар бойынша, Абу-т-Тайях Хаййан бин Хусайн былай деді:

Бірде Али бин Абу Талиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, маған былай деді: «Сені маған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, талпындырғанға бағыттайын ба? Сен бірде-бір бейнені қалдырмай өшіруің керек, сондай-ақ ешбір көтерілген (мазар, моланы) жермен тегістемей қалдырмауың керек. **Муслим.**

305 ТАРАУ

Аң аулағанға не болмаса үйді қорғағанға болмаса, ит ұстауға болмайтындығы жайында.

1688. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ит ұстағанның сауабы күніне екі каратқа кеміп отырады, егерде ол оны аң аулау үшін

немесе малын күзету үшін ұстамаса. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің басқа нұсқасында: ... (бір) каратқа..., делінеді.

1689. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, ит ұстағанның сауабы күнде екі каратқа кеміп отырады, егер де ол ит егістікті не малды қорғау үшін қолданылмаса. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. **Былай дегені келтіріледі:**

Итті аң және жер мен малды қорғаудан басқаға ұстағанның сауабы әр күні екі караттан кеміп отырады.

307 ТАРАУ

Түйенің және басқа да малдың мойнына қоңырау тағудың жақсы емес екендігі, сондай-ақ жолға ит пен қоңырау алып шыққанның жақсы емес екендігі жайлы.

1690. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Иті не болмаса қоңырауы бар топпен бірге періштелер жүрмейді. **Муслим.**

1691. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қоңырау шайтанның сыбызғысы болып табылады. **Муслим.**

308 ТАРАУ

Тезек жейтін түйеге мінудің жақсы еместігі, ал егер де олар таза жем жесе оның етін жеуге де және мінуге де болатындығы жайлы.

1692. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қай-бір нәжіс нәрселерді жейтін түйелерге отыруға тыйым салатын. **Бұл**

хадисті сенімді иснадпен **Абу Дауд** келтіреді.

309 ТАРАУ

Мешітте түкіруге болмайтындығы, егер де онда түкірік көрсең алып тасту керектігі және мешітті кір (қоқыстан) тазарту керектігі жайлы.

1693. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мешітте түкіру күнә, ал ол күнәнің өтемі түкірікті көму болу керек. **Аль-Бухари, Муслим.**

Әрине бұл жерде түкірікті көміп еденде жасыру үкімі, егер еден топырықтан, не болмаса құмнан болса ғана жүреді. Абу-ль-Махасин ар-Руйани өзінің «Аль-Бахр» кітабінде, «көму» дегеннің мағынасы, ол түкірікті ол жерден алып тастау, дегенді білдіреді, дейді. Егер мешіттің едені таспен не гипспен (не тақтаймен) жабылған болса, онда оны кейбір білімсіздер секілді аяқ киіммен не болмаса басқа нәрсемен ысқылап сүрту олардың күнәсін көбейтіп мешітті одан ары ластайды, ондай әрекет жасаған не ол жерді өзінің киімімен, не қолымен, не болмаса тағы басқа бір затпен сүрткені абзал, не ол жероді жуған жөн.

1694. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешіттің қиблаға қараған қабырғасында түкірік (не: ...сілекей. не: ...сұйықтық) кіөріп, оны қолымен қырып алды.

Аль-Бухари, Муслим.

1695. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, бұл мешіттер онда зәр төгу үшін⁹⁹², не болмаса басқа да жағдайлармен кірлетуге

⁹⁹² Бұндай жағдайлар Исламның алғашқы жылдарында кездескен, бұл көп адамдардың әсіресе көшпелі бәдәуилердің надандығымен түсіндіріледі. Мысалыға аль-Бухаридің риуаят еткен бір хадисінде Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді: «Бірде бір бәдәуи мешітте несөбтене (зәрін төге) бастады да, бұны көрген мешітегілер оған бас салмақшы болып орындарынан тұрғанда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Оған тиіспендер және оның несөбіне бір шелек суды құйындар, өйткені, расында, сендер адамдарға ауырлату үшін емес, тек жеңілдету үшін жіберілдіңдір!», - деді. (Сосын ол бәдәуиге; «Мешітер несөб өгу үшін салынбаған, мешіттер Аллаһты еске алу үшін салынған», - деп (не осыған ұқсас сөздер айтып) ақырын сөйлеп түсіндірген – аударушыдан.)

арналмаған: олар тек онда Аллаһ Тағаланы еске алып Құран оқуға арналған! **Муслим.**

310 ТАРАУ

Мешітте таласудың, дауыс көтерудің⁹⁹³, жоқ іздеудің, сатудың, бір нәрсені жалға берудің не осыған ұқсас басқа да істермен айналысудың жақсы емес екендігі жайлы.

1696. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім мешітте жоғалқан нәрсесін іздеп жатқан біреуді көрсе: «Аллаһ жоғалтқаныңды қайырмасын!», - деп айтсын, өйткені мешіттер бұл үшін салынбаған! **Муслим.**

1697. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

⁹⁹³ Сондай-ақ бұның ішіне ұйықтап не болмаса намаз оқып жатқан адамдарға кедергі жасамас үшін Құран оқуға да, Аллаһты зікір ету де кіреді.

Егер мешітте біреудің бір нәрсе сатып, не сатып алып жатқанын көрсеңдер: «Аллаһ сенің саудаңның пайдасын жойсын!», - деп айтыңдар, ал егер жоғалтқанын іздеп жатқанын көрсеңдер: «Аллаһ оны саған қайырмасын!», - деңдер. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1698. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мешітте жоғын іздеген адам: «Менің қызыл түйемді табуға кім көмектеседі?», - сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен оны таппай қал, өйткені, расында, мешіттер өздерінің салынғандары үшін салынды!⁹⁹⁴», - деді.

Муслим.

1699. Хабар бойынша, Амра бин Шу'айб әкесі оның атасының⁹⁹⁵, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегенін жеткізді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешіттерде жоғын іздеп не болмаса тақпақтарын оқуға⁹⁹⁶ тыйым салғандай сатып-алуға да тыйым салды. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

⁹⁹⁴ Яғни олар намаз үшін, Аллаһты еске алу үшін және білім тарату үшін салынған және одан басқа еш нәрсе үшін салынбаған.

⁹⁹⁵ Әмір бин ал-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын.

⁹⁹⁶ Діни тақпақтан бөлек тақпақтар.

1700. Хабар бойынша, ас-Са'иб бин Йазид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен мешітте болған кезімде маған біреу тас лақтырды. Бұрылып қарасам ол Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, екен. Ол маған: «Бар да анау тұрған екеуді маған шақырып алып кел», - деді, сонда мен барып ол екеуін оған ертіп алып келдім, ал ол болса олардан: «Сендер қайдансыңдар?», - деп сұрады. Олар: «Біз Тайфтанбыз», - деп жауап берді. Сонад ол: «Егер сендер осы қаланың⁹⁹⁷ тұрғындары болғандарыңда, онда мен сендерді Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітінде дауыс көтергендерің үшін міндетті түрде жазалар едім!», - деді. **Аль-Бухари**

311 ТАРАУ

Сарымсақ, жуа, пияз және осыған ұқсас сасық иісті тағамды жеген адам егер аса қажет болмаса ол жеген затының иісі кетпейінше мешітке кіруіне болмайтындығы жайлы.

⁹⁹⁷ Яғни, Медина қаласы.

1701. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мына өсімдіктің жемісін жеген адам біздің сешітке жақындаушы болмасын!», - деп пісірілмеген сарымсақ жайлы айтты. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...біздің мешіттерге...

1702. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мына өсімдіктің жемісін жеген бізге жақындамасын да және бізбен бірге намаз оқымасын! **Аль-Бухари, Муслим.**

1703. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Пияз бен сарымсақ жеген бізден алыстасын!
Аль-Бухари, Муслим.

Бұл хадистің тек Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың

игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сарымсақ, жуа, пияз жеген біздің мешіттерге жақындаушы болмасын, өйткені, расында, адамдарға тиген қолайсыздық (не: ...тиген азап) періштелерге де тиеді!

1704. Хабар бойынша, Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол жұма намазындағы құтпада сөздерінің арасында былай деді:

Иә Адамдар, сендер оның иісін, мен жиіркенішті санайтын екі түрлі өсімдіктің жемісін жейсіңдер, олар: жуа мен сарымсақ, ал мен болсам егер Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осы иісті адамнан осы иістің шығып тұрғанын сезсе, оның аль-Бақыға⁹⁹⁸ шығарылуына әмір беретін! Кімде-кім оны жейтін болса, онда оның иісін пісірумен өлтірсін⁹⁹⁹. **Муслим.**

312 ТАРАУ

⁹⁹⁸ Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мешітінің жанындағы мола (мазар, қабырстан)

⁹⁹⁹ Яғни, иісін тоқтатсын.

Имам жұмада құтпа айтып жатқанда аяқты көтеріп оны қолмен құшақтап отыруға болмайтындығы, өйткені олай отыру адамға ұйқысын келтіріп, соның әсерінен құтпадағы кейбір сөздерді ұқпай, сондай-ақ дәретінің бұзылуы мүмкін екендігі жайлы.

1705. Хабар бойынша, Му'аз бин Анас аль-Джухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жұмада имам құтпа айтып жатқанда аяқты көтеріп құшақтап отыруға тыйым салатын. **Бұл хадисті ат-Тирмизи мен Абу Дауд «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

313 ТАРАУ

Зуль хиджжа айының бірінші он күні кірісімен құрбан шалмақшы болған адамға құрбанын шалмайынша тырнағын алуға және шашын кесуге болмайтындығы жайлы.

1706. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімнің құрбанға арнаған малы болса зұль-хиджа айы туылысымен¹⁰⁰⁰ құрбанын шалғанша не тырнағын, не шашын қырқпасын. **Муслим.**

314 ТАРАУ

Жаратылыстың мысалыға: Пайғамбардың, Қағбаның, періштелердің, көктің, әруақтың, өмірдің, ата-бабалардың, басшының рахымының, пәленшенің мазарының не сенімділіктің атымен ант беруге қатал тыйым екендігі жайлы.

1707. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала сендерге ата-бабаларыңның атымен ант берулеріңе тыйым салады, ал кім ант бергісі келсе Аллаһ атымен ант айтсын не үндемесін. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің Мүслюмнің «Сахихында» келтірілген нұсқасында пайғамбардың, оған

¹⁰⁰⁰ Яғни, зұль-жиджа айы басталысымен.

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...ал кім ант бергісі келсе Аллаһтан басқа ешкіммен және ештеңкемен ант бермесін не болмаса үндемесін.

1708. Хабар бойынша, Абд ар-Рахман бин Самура, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Не пұтпен (тауағиттар), не ата-бабаларыңмен ант бермеңдер. **Муслим.**

«Тауағи» - «тағийа» сөзінің көпше түрі, сондықтан бір хадисте: «Бұл – даус руының тағийасы», - делінеді, яғни, олардың табынатындары. Бұл хадистің Муслим келтірмеген тағы бір нұсқасында шайтан не болмаса пұт сөзінің мағынасын көрсететін «тағут» сөзінің көпше түрі «тауағит» сөзі қолданылады

1709. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сенімділігімен ант берген бізден емес.
Сенімді хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

1710. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Расында, менің Исламға қатысым болмасын!¹⁰⁰¹», - деп айтқан, егер ол өтірік айтып жатса, онда (айтқаны) болсын, ал егер ол шындықты айтып жатса, онда ол ешқашан Исламға игілікпен орала алмайды. **Абу Дауд.**

1711. Хабар бойынша, бірде Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бір адамның: «Қағбаның атымен ант беремін!», - дегенін есітіп, оған былай деді:

Аллаһтан басқа ешкіммен және ештеңемен ант беруші болма, өйткені мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім Аллаһтан басқаның атымен ант берсе күпірлікке (имансыздыққа) (не: ...көпқұдайшылдыққа) кірді», - деп айтқанын естідім. **Бұл хадисті ат-тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

¹⁰⁰¹ Яғни, «Егер өтірік айтсам Исламға қатысым болмасын!», - деген ант.

Кейбір ғалымдар пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «...күпірлікке (не: ...көпұдайшылдыққа) кірді», сөздерін оның: «Көрер көзге жасау (рия) көпқұдайшылдық», дегені, ондай ант беруден жирендірудің тәсілі, дейді.

315 ТАРАУ

Біле тұра өтірік ант беруге болмайтындығы жайлы.

1712. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Басқа мұсылманның дүниесін иемдену үшін ант берген Аллаһты, өзіне ашулы түрде кездестіреді.

Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Осыдан кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқанын растау үшін Ұлы Аллаһ Тағаланың Кітабынан келесі аятты оқыды: «Негізінен сондай Аллаһқа берген серттерімен, анттарын аз (дүниеге) ақшаға айырбастағандар, міне солардың Ахиретте бір сыбағасы жоқ. Қиямет күні Аллаһ оларға сөз қатпайды да оларға қрамайды әрі

оларды ағартпайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар»¹⁰⁰². **Аль-Бухари; Муслим.**

1713. Хабар бойынша, Абу Умам Ийас бин Са'ляб аль-Хариси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Өтірік анттың көмегімен, хақы жағынан басқа мұсылманға тиесілі затты өзіне иемденген адамды, Аллаһ міндетті түрде отқа тастайды және оған Жәннәтты харам етеді», - деді. Сонда бір адам: «Ал егер болмысыз нәрсе болса ше?», - деп сұрады. Сонда ол: «Егер ол арақ талының¹⁰⁰³ шыбығы болса да!», - деді. **Муслим.**

1714. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰⁰² «Аль-Имран» сүресі, 77 аят.

¹⁰⁰³ Арақ – шыбықтары тіс тазалау үшін қолданылатын ағаш.

Ажалды күнәға, Аллаһпен бірге басқаға құлшылық ету, ата-ананы сыйламау, адам өлтіру және опалы ант жатады. **Аль-Бухари.**

Бұл хадистің аль-Бухари келтірген басқа нұсқасында, былай делінеді:

Бірде Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір бәдәуи келіп: «Иә Аллаһтың елшісі, ажалды күнә (кяба'ир) дегеніміз не?», - деп сұрақ қойды. Ол: «Аллаһпен бірге басқаларға да құлшылық ету», - деп жуап бергенде, бәдәуи: «Тағы не?», - деп сұрады. Сонад ол: «Опалы ант», - деді.

Абдуллаһ бин Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Мен: «Ал опалы ант, дегеніміз не?» - деп сұрадым. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мұсылманның дүниесінің бір бөлігін иемденуге мүміншілік беретіні», - деп, адамның оны айтқанда, өтірік айтып беретін анты жайлы меңзеді.

316 ТАРАУ

Бір нәрсені орындауға ант беріп, ал сосын артынан басқа істің одан жақсырақ екендігін көрген сол жақсырақты орындап, ал антының борышын өтеуі жайлы.

1715. Хабар бойынша, Абд ар-Рахман бин Самур, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер сен бір нәрсені орындауға ант беріп, ал сосын артынан басқа істің одан жақсырақ екендігін көрсең сол жақсырақты орында, ал бұзған антыңның борышын өте. **Аль-Бухари; Муслим**

1716. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір нәрсені орындауға ант берген, бірақ артынан басқа істің одан жақсырақ екендігін көрсе, онда антының борышын өтеп, көрген жақсырағын орындасын. **Муслим**

1717. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһтың атымен ант етемін, егер Аллаһ қаласа, онда мен ант бергенде, артынан одан жақсы бір нәрсе көрсем, онда мен міндетті түрде антымның ақысын өтеймін және сол жақсыны жасаймын!» **Аль-Бухари; Муслим**

1718. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, өзінің жанұясына байланысты антта (қырсығып) қажырлық көрсету¹⁰⁰⁴, ол үшін Аллаһтың бекіткен анттың ақысын өтеуіне қарағанда, Аллаһ Тағаланың алдында күнәде көбірек болып табылады¹⁰⁰⁵. **Аль-Бухари, Муслим.**

317 ТАРАУ

Бос анттың күнәсәнің жоқтығы және оның ақысын өтеудің керегінің жоқтығы жайлы, ал бос ант деп, адамның тілінен абайсызда шығып кеткен: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін!», не болмаса «Иә, Аллаһтың

¹⁰⁰⁴ Яғни, адам бірінші бір нәрсе жасауға уәде береді де, ал артынан ол уәдесінен жақсырақ басқа бір істің жақсы екенін көре тұра өзінің айтқанынан қайтпайды.

¹⁰⁰⁵ Аллаһ Тағала айтты: «Аллаһ анттарындағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда біле тұра істеген анттарыңнан (ант бұзғандар) жауап етер. Оның төлеуі: Үй-іштеріне жегізген орта есеппен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу үш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңның жазасы осы. Анттарыңды қорғандар...» «Мәида» сүресі 89 аят.

атымен ант етемін!», - деген сияқты сөздер жатады.

Аллаһ Тағала айтты: «Аллаһ анттарындағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда біле тұра істеген анттарыңнан (ант бұзсаңдар) жауапкер етер. Оның төлеуі: Үй-іштеріңе жегізген орта есеппен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу үш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңның жазасы осы. Анттарыңды қорғаңдар...» **«Мәида» сүресі 89 аят.**

1719. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

«Аллаһ анттарындағы бос сөзді есепке алмайды...», - деген аят, адамдардың арасындағы: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін!», не болмаса «Иә, Аллаһтың атымен ант етемін!», - деп, көп айтатындардың салдарынан түсірілді. **Аль-Бухари.**

318 ТАРАУ

Шындықты айтса да саудада ант бермегеннің жақсырақ екендігі жайлы.

1720. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ант заттың өтуін тездетеді, бірақ пайдасын (берекесін) кетіреді¹⁰⁰⁶. **Аль-Бухари, Муслим.**

1721. Хабар бойынша, Абу Катада, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сауда-саттықта көп ант бере бермеңдер, өйткені, расында, ол заттың өтуіне себепші болады да, бірақ пайданы (берекені) кетіреді. **Муслим.**

319 ТАРАУ

Аллаһ үшін Жәннәттан басқаны сұраудың жақсы еместігі және Аллаһ Тағала үшін сұрағанның және Ол үшін сұрап өтінгеннің бетін қайтармау жайлы.

1722. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰⁰⁶ Яғни, затын өткізгенмен көздеген пайдасын таба алмайды.

Аллаһ үшін Жәннәттан басқаны сұрауға болмайды. **Абу Дауд.**¹⁰⁰⁷

1723. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ үшін қорған сұрағанға қорған болыңдар және Аллаһ үшін бр нәрсе сұрағанға (сұрағанын) беріңдер және сендерді шақырғанның¹⁰⁰⁸ шақыруын қабыл алыңдар және сендерге жақсылық жасағанды есесін қайтарыңдар, ал егер немен есесін қайтаруды білмесеңдер, онда есесін қайтарғандарыңа көздерің жеткенше ол үшін Аллаһқа жалбарынып дұға жасандар¹⁰⁰⁹. **Бұл сенімді хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд пен ат-Тирмизи келтіреді.**

320 ТАРАУ

Әмәршіні және басқа да биліктегі адамдарды «шахиншах» деп атауға болмайтындығы, өйткені ол «патшалардың

¹⁰⁰⁷ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - **аударушыдан.**

¹⁰⁰⁸ Үйлену тойы сияқты жерге.

¹⁰⁰⁹ Яғни, Аллаһ сендердің дұғаларыңды қабыл алып, оның есесі қайтқанға дейін.

патшасы» (малику-ль-мулюк), деген мағынаны білдіреді, ал олай тек Оған мадақ болсын, Аллаһ Тағаланы ғана атауға болады.

1724. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағаланың алдында ең сұмпайы адам болып патшалардың патшасы (малику-ль-амляк) атты адам болып табылады.
Аль-Бухари, Муслим.

Суфйан бин 'Уйайна: «малику-ль-амляк», деген «шахиншах», дегенді білдіреді», деді.

321 ТАРАУ

Дінсізді және дінге жаңалық енгізушіні «Мырзамыз», деп, немесе осыған ұқсас сөздермен атуға болмайтындығы жайлы.

1725. Хабар бойынша, Бурайда, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Екі жүздіні «мырза» деп атаушы болмаңыздар, өйткені егер ол сендерді мырзаларың болса, онда Ұлы Аллаһ Тағаланы

ашуландырасыңдар¹⁰¹⁰. Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.

322 ТАРАУ

Безгегті ұрсуға болмайтындығы жайлы.

1726. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Умм ас-Саъибке кірген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, одан: «Сен неге қалтырап жатсың, иә Умм аи-Саъиб (не: ...Умм аль-Мусаййаб)?», - деп сұрады. Ол: «Безгегтің кесірінен, оған Аллаһ игілік бермесін!», - деді. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Безгегті ұрспа, өйткені ол Аддам баласының күнәләрін ұстаның үрлегіші темірдің қабыршағын кетіргендей кетіреді!», - деді.

323 ТАРАУ

Желді ұрсуға болмайтындығы және ол көтерілгенде не деу керектігі жайлы.

¹⁰¹⁰ Яғни, егер Аллаһтың жауын сондай атпен атасаңдар Аллаһты ашуландырасыңдар.

1727. Хабар бойынша, Абу-ль-Мунзир Убайй бин Ка'б, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Желді сөгуші болмаңдар, ал егер (одан) сендерге ұнамаған бір нәрсені көрсеңдер¹⁰¹¹, онда былай деңдер: «Иә Аллаһ, расында, біз Сенен бұл желдің игілігі, сондай-ақ онда (не бар) соның игілігін, сондай-ақ оған бұйырылғанның игілігін сұраймыз және Саған бұл желдің зұлымдығынан, сондай-ақ (онда на бар) соның зұлымдығынан, сондай-ақ оған бұйырылғанның зұлымдығынан сыйынамыз!» /Аллаһумма, инна нас'алю-кә мин хайри хазихи-р-риһи, уа хайри ма фи-һа уа хайри ма умират би-һи, уа на'узу би-кә мин шарри хазихи-р-риһи, уа шарри ма фи-һа ва шарри ма умират би-һи!/¹⁰¹² **бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақы сенімді хадис», деп келтіреді.**

1728. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰¹¹ Яғни, егер оның қатты соға бастағанын көрсеңдер.

¹⁰¹² Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №167 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

Жел – ол Аллаһтың мейірімінен, сондықтан ол өзімен Аллаһтың мейірімін де, азабын да алып келе алады, сондықтан оның көтеріле бастағанын көрсендер, онда оны сөкпендер, керісінше Аллаһтан оның игілігін сұраңдар да, Аллаһқа оның зұлымдығынан сыйыныңдар! **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

1729. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Жел көтеріле бастаған кезде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейтін: «Иә Аллаһ, расында, мен Сенен оның игілігін, сондай-ақ оның өзімен алып жүргенінің игілігін, сондай-ақ оның жіберілгендегі игілігін сұраймын және Өзіңе оның зұлымдығынан, сондай-ақ оның өзімен алып жүргенінің зұлымдығынан, сондай-ақ оның жіберілгендегі зұлымдығынан сыйынамын!» /Аллаһумма, инни ас'алю-кә хайра-һа, уа хайра ма фи-һа уа хайра ма урсиләт би-һи, ва а'узу би-кә мин шарри-һа, ва шарри ма фи-һа ва шарри ма урсиләт би-һи!/ **Муслим.**

324 ТАРАУ

Өтешті ұрсуға болмайтындығы жайлы.

1730. Хабар бойынша, Зайд бин Халид аль-Джухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өтешті сөгүші болмаңдар, өйткені ол сендерді намазға оятушы емес пе! **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу Дауд келтіреді.**

325 ТАРАУ

Адамаға: «Пәленше жұлдыздың арқасында жаңбыр жауды», деп айтуға болмайтындығы жайлы.

1731. Хабар бойынша, Зайд бин Халид аль-Джухани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аль-Худайбияда¹⁰¹³ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түнде өткен жаңбырдан кейін бізбен намаз оқыды, намаз оқып болған соң адамдарға бұрылып: «Сендер Раббыларыңның не дегенін білесіңдер ме?», - деп сұрады. Олар: «Бұл жайында Аллаһ

¹⁰¹³ Сонымен бұл оқиға 628 жылы құрайштар мұсылмандарға Меккеге баратын жолды бөгеп Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, умра жасаған кезде болған.

пен оның елшісі жақсырақ былежі», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді. «Аллаһ айтты: «Бүгін таң ертең Менің құлдарымның бірі Маған иман келтірушілердің қатарынады оянды да, ал енді бір бөлігі имансыздардан болып оянды. «Бізге жаңбыр Аллаһтың мейірімімен жіне Оның рахымының арқасында жауды», - деген жайлы айтатын болсақ, ол Маған сеніп (иман келтіріп) жұлдыздарға сенбеуші (иман келтірмеуші), ал «Бізге жаңбыр пәленше жұлдыздың арқасында жауды», - деп айтқан Маған сенбейді (иман келтірмейді) де, жұлдыздарға (иман келтіруші) сенуші»». **аль-Бухари, Муслим.**

326 ТАРАУ

Мұсылманға «Иә кәпір (имансыз)!», деп айтуға болмайтындығы жайлы.

1732. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам Исламдағы өзінің бауырына: «Иә кәпір!», - дейтін болса, онда айтылған сөз екеуінің біріне тиеді, егер ол айтылған сөзге сай келсе, онда ол оған лайық, ал егер де айтылған

сөзге сәйкес болмаса, онда айтылған (айтушының) өзіне оралады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1733. Хабар бойынша, Абу Зар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер адам біреуге имансыз (кәпір), деп не болмаса: «Аллаһтың жауы!», - деп айтатын болса, ал ол адам оған лайық болмаса, онда айтылған айтушыға оралады. **Аль-Бухари, Муслим.**

327 ТАРАУ

Әдепсіздік пен жаман (ұятсыз) сөздерге тыйым жайлы.

1734. Хабар бойынша, Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ұрысу, қарғау, ұятсыз-жаман сөздер айту мұмин үшін жат қылық. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1735. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жағымсыздық (ұятсыздық) әрқашан тигенін қаралайды, ал ұялшақтық әдемілейді. **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

328 ТАРАУ

Қарапайым және осыған ұқсас жәй адамдармен сөйлескенде белгілі бір шектен шықпау, маңғазданып сөйлемей, тым шешендік танытып көне сөзерді қолданып жақсы сөз тіркестерін іздестірмеу (қумау)¹⁰¹⁴ жайлы.

1736. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰¹⁴ Яғни, шариғаттың және адамдар арасындағы қарым қатынастың шегінен шықпау. Арабтың «ташаддук» сөзінің бірнеше мағынасы бар – «мылжындық; «маңғазданып сөйлеу»; «сөзінде мақтаншақтық», сондықтан дәлме-дәл бұл сөздің мағынасын айту мүмкін емес. Имам ан-Науауи сөйлеген адамның әрдайым өзінің шешендігін көрсетіп сөзіне үлкен салмақ салып сөйлегені, басқа адамды қорлағаны екендігі жайлы айтпақшы.

Шектен шығар дәлдік (мутанат-ти'уна)¹⁰¹⁵
іздеген құрыды! **Муслим.**

1737. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ, тілін күйсеуші сиыр секілді күрмеп сөйлейтін шешен сымақты жек көреді!¹⁰¹⁶ **Бұл хадисті Абу Дауд және ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1738. Хабар бойынша, Жәбір бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендерден маған ең сүйкімді және Ахиретте маған ең жақын болатындарың ол көркем мінезділерің, ал маған ең жағымсыздарың және Ахиретте менен алыстатылатындарың ол әр-бір мылжың /сарсаруна/, мақтаншақ /муташаддикуна/ және

¹⁰¹⁵ Өздеріне қатысы жоқ және өздері түбіне жете алмайтын, сондай-ақ тым әр-бір әріпін туралап айтпақшы болған адамдар.

¹⁰¹⁶ Бұл жерде маңғазданып сөздерін сиыр шөбін тілімен қалай аударса, солай аударып сөйлеуші алдам жайлы айтылып жатыр.

сөзқұмарлар /мутафайхикуна/¹⁰¹⁷. **Бұл хадисті ат-Тирмизи “Жақсы хадис”, деп келтіреді.**

“Сарсар” – ол тым көп сөйлеуші; **“муташаддик”** – ол әрдайым өз сөзін әдемілеп және сөзінің мәнін көтеріп сөйлеп, адмдарға тіл тигізушілер. **“Мутафаихик”** сөзі, “факх”, яғни толтырылған деген сөзден шығады; **“мутафайхик”** – ол өзінің сөзін тақаппарлығымен неғұрлым адамдардың көбі біле бермейтін сөздермен толтырып, сол арқылы өзінің үстемдігін көрсеткісі келген адам.

329 ТАРАУ

«Мен жаманмын», деп айтудың жақсы еместігі жайлы.

1739. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Сендерден ешкім ешқашан: «Мен жаманмын» (Хабусат нафси),- деп айтпасын, бірақ: «Мен нашар, деуге лайықпын» (Ләқисат нафси), - десін. **Аль-Бухари, Муслим.**

Ғалымдар: ««Хубасат», сөзі «ғасийат», дегенді білдіріп «ләқисат» деген сөздің

¹⁰¹⁷ Толығымен №631 хдисте келтірілген.

мағынасы бір болып келеді, бырақ «хубс» сөзін қолдану жақсы емес»¹⁰¹⁸, - дейді.

330 ТАРАУ

Жүзімді «кәрм» деп атау жақсы еместігі жайлы.

1740. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жүзімді «кәрм», деп атамаңдар, өйткені, расында, «кәрім» дегеніміз мұсылман. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп отыр.**

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...өйткені «кәрм» - ол тек мұсылманның жүрегі.

Бұл хадистің Муслим мен аль-Бухаридің келтірген үшінші нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

¹⁰¹⁸ Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мағынасы – «жаман, кесірлі»; «жауыз болу»; «сұмпайы болу», деп келетін, «хубс» етістігінен құралған сөзді айтуды жақсы емес деп санаған.

Олар «кәрім», дейді, бірақ «кәрім» - ол тек мүминнің жүрегі.¹⁰¹⁹

1741. Хабар бойынша, Уа'ил бин Худжр, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Кәрім», демендер, бірақ «'инаб» и «хабалә»¹⁰²⁰, деңдер. **Муслим.**

331 ТАРАУ

Егер шарифаттың рұқсат еткен жағдайлары мысалыға үйлену үшін болмаса, онда еркекке әйелдің әдеміліктерін суреттеуге болмайтындығы жайлы.

1742. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

¹⁰¹⁹ Басқа нұсақалар мен тәпсірлерде жүзімді «кәрім» сөзімен атауға салынған тыйымның себебі, бұл сөз «кәрам» - жомарттық сөзінен құралғандығы, дейді. Жәхилет заманында арабтар шарап ішкен адамның жүрегіне шарап жомарттық не игілік әкелед, деп ойлаған. Ал Ислам болса адамның барлық жақсы мінез Аллаһтан, деп санайды. Өйткені барлық айтылған сөздер бір түбірлес болып жаман ой қалдыруы мүмкін. Сонымен Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан «кәрім» сөзі – ол тек имандының жүрегі..., -жомарттықтың шарап пен жүзімде ешқандай қатысы жоқ, ол тек қана мұсылманға не оның жүрегінен ғана қатысы бар сөз.

¹⁰²⁰ «'Инаб» - жүзім, «Хабалә» - жүзім сабағы.

болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Бір әйл екінші бір әйелге сүйкеліп¹⁰²¹, одан соң (күйеуі оны көріп тұрғандай етіп) оны өзінің күйеуіне сүреттемесін. **Аль-Бухри, Муслим.**

332 ТАРАУ

«Иә Аллаһ қаласаң, мені кешір», - деген сияқты сөздерді айтуға болмайтындығы жайлы, өйткені адам өзінің (Аллаһтан сұраған) өтініштерінде табанды болуы керек.

1743. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім: «Иә Аллаһ қаласаң¹⁰²² кешір, иә Аллаһ қаласаң мейірім ет», - деп ешуақытта айтпасын – табандылық танытыңдар, өйткені ешкім онсыз да Аллаһты ешнәрсеге мәжбүрлей алмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁰²¹ Мысалыға, оны оның денесінің жұмсақтығын, нәзіктігін сезінгенше құшақтау.

¹⁰²² Яғни, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, «қаласаң», деген сөздің Аллаһқа еш қатысы жоқ екендігі жайлы айтып жатыр, өйткені Аллаһ онсыз да қалағанын істейді.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен әлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...бірақ шешімділік танытып көбірек талпынсын (сұрасын), расында, Аллаһтың бергенінің ол үшін көп болуы мүмкін емес.

1744. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден қайсысың болмасын Аллаһтан сұрап дұға жасайтын болсаң, онда табандылық танытсын да ешқашан: «Иә Аллаһ, қаласаң маған мынаны бер», - демесін, өйткені расында, онсыз да Оны ешкім ешнәрсеге мәжбүрлей алмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

333 ТАРАУ

«Аллаһ және пәленше қалағандай», - деп айтудың жақсы еместігі жайлы.

1745. Хабар бойынша, Хузайфа бин аль-Йаман, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

«Аллаһ қалағандай және пәленше қалағандай», - деп айтушы болмаңдар, бірақ: «Аллаһ қалағандай, ал сосын пәленше қалағандай», - деп айтыңдар¹⁰²³. **Бұл хадисті сенімді иснадпен Абу дауд келтіреді.**

334 ТАРАУ

Соңғы намаздан кейін сөйлесудің жақсы еместігі жайлы.

Яғни басқа уақыттарда бұндай сөздерді сөйлеу рұқсат етілген (мубах), ал бұл дегеніміз ол кезде сөйлеу сөйлемегенмен тең. Ал басқа уақытта сөйлеуге тыйым салынған, не болмаса сөйлегеннен пайдасы жоқ сөздер жайлы айтатын болсақ, ондай әңгімелерді бұл уақытта сөйлеудің тыйымы одан да жоғары асады, ал егер игі әңгімелер жайлы айтатын болсақ оған, ғалымдардың әңгімесі, тақуалар және үлгілі мнез-құлықтар жайлы және осыған ұқсас әңгімелер мысал бола алатын әңгімелер жайлы айтатын болсақ, онда оның жақсы бола аламайтын ештеңкесі жоқ, ондай әңгімелерді айту жақсы болып саналады. Сондай-ақ себебі бар жәй әңгімелер, не болмаса адам оған ниет етпей өзі болған әңгімелерді айтқаннан да зиян

¹⁰²³ Құранда былай делінген: «Сендердің қалауларың болмайды. Аллаһ қаласа ғана болады...» «Инсан» сүресі, 30 аят.

жоқ, ал менің айтқанымға төмендегі хадистер дәлел бола алады.

1746. Хабар бойынша, Абу Барза, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді: Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кешкі¹⁰²⁴ намазға дейін ұйықтағанды және одан кейін әңгімелескенді жақтырмайтын. **аль-Бухари, Муслим.**

1747. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде өмірінің соңында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, кешкі намазды орындап таслим¹⁰²⁵ сөздерін айтқан соң орнынан тұрып: «Сендер маған осы түннің қандай түн екенін айтасыңдар ма? Расында, осы түннен жүз жыл өткеннен кейін, Жер бетінде осы күні тұратындардың ешқайсысы қалмайды!»¹⁰²⁶, - деді. **Аль-Бухари; Муслим**

¹⁰²⁴ Кешкі намаз деп құтпан намазы жайлы айтылып жатыр.

¹⁰²⁵ Таслим – екі иыққа сәлем беру.

¹⁰²⁶ Тәпсірлерде осы әңгімеден тура жүз жыл өткеннен кейін Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ең соңғы сахабасы Абу-т-Туфайль Амир бин Уа'иләдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, өлімі жайлы айтылады.

1748. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз кешкі намазды оқымай Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түннің жартысына дейін күттік, оны оқып болған соң бізге бұрылып: “Басқа адамдар намаздарын оқыды да жатып қалды, ал сендер болсаңдар намаз басталғанша намаз ішінде саналдыңдар¹⁰²⁷”, - деді. **Аль-Бухари.**

335 ТАРАУ

**Әйелге күйеуімен төсекке жатпауға
Шариғаттың үкімінен сәйкес сылтау
болмаса бас тартуға болмайтындығы
жайлы.**

1749. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰²⁷ Яғни, қайсысы ұйықтамай намазды Пайғамбармен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оқуды күткен аралықтың бәрі намаз оқып жатқан есебінде боды.

Егер еркек өзінің әйелін төсекке шақырып, ал ол болса бас тартып күйеуі оған ашуланып түн өткізсе, онда періштелер оны таң атқанша қарғап шығады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек аль-Бухари келтірген нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

... ол (әйел төсекке) қайта оралғанша.

336 ТАРАУ

Күйеуінің жанында оның рұқсатынсыз ораза ұстауға болмайтындығы¹⁰²⁸ жайлы.

1750. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Әйелге ерінің рұқсатынсыз ораза ұстауға болмайды, сондай-ақ ерінің рұқсатынсыз оның үйіне біреуді кіргізуге болмайды. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁰²⁸ Бұл жерде, Рамадан оразасынан бөлек өз еркімен қосымша, не сүннет ораза ұстау, жайлы айтылып жатыр.

337 ТАРАУ

Имамның артында намаз оқып жатқан адамның имамнан бұрын руқуғтан кейін және сәждеден кейін басын көтеруге болмайтындығы жайлы.

1751. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден Имамнан бұрын бас көтеруші қайсысың, Аллаһ оның басын Есектің басына айналдыратынынан не болмаса оның түрін есекке ұқсататындығынан қорықпаймысың!?
Аль-Бухари, **Муслим.**

338 ТАРАУ

Намаз уақытында қолды белге қоюдың жақсы еместігі жайлы.

1752. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:
Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қолды белге қойып намаз оқуға тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

339 ТАРАУ

Тамақ беріліп ал адам оны жеуді қалап тұрған кезде және үлкен не кіші дәрет сындырғысы келіп тұрған адамға сол уақытта намаз оқығанының жақсы еместігі жайлы¹⁰²⁹.

1753. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді: Адамға тамақ берілген кезде және үлкен не кіші дәреті намаздан алаңдатқан кезде намаз оқығаны жақсы емес. **Муслим.**

340 ТАРАУ

Намаз кезінде көкке қарауға болмайтындығы жайлы.

1754. Хабар бойынша, Әнәс бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Намаз уақытында көкке

¹⁰²⁹ Әрине ол уақытта намаз уақыты шығып кетпейтіндей көп болса. Ол уақытта намаз оқығанның жақсы еместігі, сондай-ақ ондай кезде адамның ойы басқа жақта болып, оның ойын бұзатындығымен түсіндіріледі.

қарайтындар не ойлайды екен?!», - деді. Сонда оның даусы катал болды және айтқандарына: «Оларға олай істеуді қою керек, не болмаса жанарларынан айрылады!», - деп қосты. **Аль-Бухари.**

341 ТАРАУ

Намаз уақытында себепсіз бұрылуға болмайтындығы жайлы.

1755. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, намаз уақытында адамның жан-жаққа қарауы жайлы сұрадым, сонда ол: «Бұл шайтанның, Аллаһтың құлының намазынан ұрлайтыны, одан басқа ешнәрсе емес», - деді. **Аль-Бухари.**

1756. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған: «Намаз уақытында жан-жағыңа қараушы болма, өйткені ондай қараулар опатты, ал егер бұрылып қарауға мұқтаж болсаң, онда оның парыз намазында емес, қосымша намаздарыңда болсын», - деді.

Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.¹⁰³⁰

342 ТАРАУ

Намазды молаға (мазарға) қарап оқуға болмайтындығы жайлы.

1757. Хабар бойынша, Абу Марсад Кянназ бин аль-Хусайн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Жүздеріңді молаға (мазарға) қаратып намаз оқушы болмаңдар және олардың үстіне отырушы болмаңдар. **Муслим.**

343 ТАРАУ

Намаз оқушының алдынан өтуге болмайтындығы жайлы.

1758. Хабар бойынша, Абу-ль-Джухайм Абдуллаһ бин аль-Харис бин ас-Симм аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

¹⁰³⁰ Бұл хадисті шейх Албани «Әлсіз хадистер», қатарына жатқызған - аударушыдан.

Намаз оқушының алдынан өтуші, қандай күнә жасап жатқанын білсе, онда орнында қырық тұру жақсырақ екенін білер еді!

Хадисті жеткізуші айтты:

Мен оның тура не айтқанын білмеймін: қырық күн бе, қырық ай ма не болмаса қырық жал ма. **Аль-Бухари, Муслим.**

344 ТАРАУ

Қамат¹⁰³¹ айтылған соң имамның артында тұрушыларға қосымша намазды оқуды бастау ол сүннет бойынша оқиын деп жатыр ма әлде жоқпа бәрібір жақсы емес екендігі жайлы.

1759. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Қамат айтылған соң парыз намазынан басқа намаздардың ешқайсысын оқуға болмайды. **Муслим.**

¹⁰³¹ «Қамат» – намаздың басталғандығын хабарлау.

345 ТАРАУ

Жұманы оразаға және басқа түндердің арсынан жұма түнін намаз оқуға бөлудің жақсы еместігі жайлы.

1760. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Жұманың түнін қалған түндердің арасында намаз оқуға бөлмеңдер және сендердің қайсысының әдетте ұстайтын оразаларың¹⁰³² жұма күніне түсетін болмаса, онда жұма күнінің күндізін оразаға бөлмеңдер. **Муслим.**

1761. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірде үш қайтара былай деп айтқанын жеткізді:

Сапардағы және одан кейінгі күнді санамағанда, сендерден ешқайсысың жұман

¹⁰³² Яғни, адам белгілі бір күндері ораза ұстап, ал ол күні жұмаға түссе, онда жұма күні ораза ұстауға болады. Мысалыға, әр ай толғанда үш күн ораза ұстау сүннеті.

күні ораза ұстаушы болмасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1762. Хабар бойынша, Мухаммад бин Аббад былай деді:

Бірде мен Жәбірден, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жұма күні ораза ұстауға тыйым салып па еді?», - деп сұрадым. Ол: «Иә», - деп жауап берді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1763. Хабар бойынша, мүминдердің анасы Джувайрийи бинт аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен ораза болған жұма күні маған кіріп, менен: «Сен кеше ораза ұстадың ба?», - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім. Ол: «Ал ертең ораза ұстауға ниеттеніп жатырсың ба?», - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дегенімде, ол: «Онда ораза ұстауыңды қой!», - деп әмір берді¹⁰³³. **Аль-Бухари.**

¹⁰³³ Біз бұл хадистен, егер жұмаға бейсенбіні, не болмаса сенбіні қосып ораза ұстай беруге болатындығын көріп тұрмыз, демек

346 ТАРАУ

Екі не болмаса одан да көп күн оразаның арасында тамақ-су ішпей үздіксіз (уисаль) ораза ұстауға болмайтындығы жайлы.

1764. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар үздіксіз (уисаль) ораза ұстауға тыйым салған. **Аль-Бухари, Муслим.**

1765. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үздіксіз ораза ұстауға тыйым салған кезде, адамдар оған: «Сен өзің солай істейсің ғой!», - деді. Сонда ол: «Расында, мен сендер секілді емеспін, өйткені мені тамақтандырып сусындатады¹⁰³⁴», - деді. **Аль-**

жұманы тек жалғыз өзін оразаға бөлуге болмайды – **аударушыдан.**

¹⁰³⁴ Тәпсіршілер бұл сөзді әр түрлі түсіндірген. Олардың ішіндегі артық көрінетіні, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздерімен, оған ораза ұстауға күшті Аллаһ береді, дегені.

Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.

347 ТАРАУ

Қабірге отыруға болмайтындығы жайлы.

1766. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, сендердің кез-келгеніңе қабірге отырғаннан, ыстығы киімінен өтіп денені күйдіретін шоқтың үстінде отырғаны артығырақ!
Муслим.

348 ТАРАУ

Қабірді гипспен¹⁰³⁵ қаптауға және оның үстіне құрылыс салуға болмайтындығы жайлы.

1767. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қабірді гипспен қаптауға және

¹⁰³⁵ Гипс емес жәй сылақ жайлы айтылуы да мүмкін.

оның үстіне отыруға және кез-келген құрылыс көтеруге тыйым салатын. **Муслим.**

349 ТАРАУ

Құлға өзінің қожайынынан қашуға болмайтындығы жайлы.

1768. Хабар бойынша, Джарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өзінің қожайынына қашқан құл, қорған хақысынан айрылады¹⁰³⁶. **Муслим.**

1769. Хабар бойынша, Джарир бин Абдуллаһ, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер құл өзінің қожайынынан қашып кететін болса, онда оның намазы қабыл болмайды. **Муслим.**

¹⁰³⁶ Яғни, ондай адамға қауіпсіздік кепілдігі берілмейді.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...демек ол күпірлікке кірді.

350 ТАРАУ

Құран мен Сүннеттің үкімінен сай жазаның кешірілуін өтінуге болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты: «Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғыңдар. Егер Аллаһқа, Ахирет күніне сенсеңдер; оларға жұмсақтықтарың ұстамасын...» **«Нұр» сүресі 2 аят.**

1770. Хабар бойынша, Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде, махзум руынан ұрлық жасаған әйелдің ісімен бастары қатқан құрайыштар: “Кім бұл әйел жайында Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сөйлеседі?”¹⁰³⁷, - деп сұрастыра бастады. Сонда басқалар: “Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сүйіктісі Усама бин Зайдтан басқа кімнің бұған дәті барады?”, - дей бастады. Бірақта Усама оған

¹⁰³⁷ Яғни, кім оған болысады?, - деп.

бұл мәселемен барғанда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: “Шынымен-ақ сен, Аллаһтың үкімі бар істе біреуге болыспақшысың ба!?” , - деді. Содан соң ол орнынан тұрда да адамдарға насихатпен былай деді: “Расында, сендерге дейін өмір сүргендердің опат болуына мына жай себепкер болған, егер олардың арасынан әйгілі (құрметті) адамдар ұрлық жасаған болса, оған олар тиіспейтін де, ал ұрлықты әлсіздерінен біреу жасаған болса, онда олар оны шарифаттың үкіміне сай жазалайтын. Аллаһтың атымен ант етемін, егерде Мухаммадтың қызы Фатима ұрлық жасаған болса, онда мен міндетті түрде оның да қолын кестірген болар едім!” **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек аль-Бухари келтірген нұсқасында Аишаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Сонда Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, түрі өзгеріп кетті¹⁰³⁸ де: “Шынымен-ақ сен, Аллаһтың үкімі бар істе біреуге болыспақшысың ба!?” , - деді. Сонда Усама: «Мен үшін Аллаһтан кешірім сұра, иә Аллаһтың елшісі!», - деді.

¹⁰³⁸ Яғни, ашудан беті қызарып кетті.

Хадисті жеткізушілердің бірі былай деді:

Одан кейін оның әмірімен ол әйелдің қолын шапты.¹⁰³⁹

351 ТАРАУ

Адамдар жүретін жолдың бойында, олар дем алатын көлеңкелерде, судың қайнар көзінде және сол сияқты жерлерде дәрет сындыруға (әжеттенуге) болмайтындығы жайлы.

Аллаһ Тағала айтты: «Сондай мүмин ер, мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер¹⁰⁴⁰, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды.» **«Ахзап» сүресі 58 аят.**

1771. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Екі қарғаушыдан

¹⁰³⁹ Аль-Бухари Аишаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтқанына сүйеніп бұл айтылғандарға мынаны қосады: Сосын ол әйел тәубеге келіп тұрмысқа шықты, содан кейін ол Айшаға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын жиі келіп тұратын, ал Айша, оған Аллаһтың ришашылығы болсын, оның өтініштерін Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жеткізіп отыратын.

¹⁰⁴⁰ Яғни, сөзімен және ісімен ренжіткендер.

қорқындар!¹⁰⁴¹», - деді. Адамадар: «Ал екі қарғаушы деген немене?», - деп сұрады. Сонда ол: «Бұл олар жүретін жол мен олар дем алатын көлеңкелерде әжеттенушілерді қарғаушылар. **Муслим.**

352 ТАРАУ

Тұрғын суға дәрет сындыруға және сол сияқты істер жасауға болмайтындығы жайлы.

1772. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, тұрғын суға зәр төгіп дәрет сындыруға тыйым салатын. **Муслим.**

353 ТАРАУ

Сыйлық беру тұрғысында әкенің бір балаға басқа балалардың алдына көп көңіл бөлуінің дұрыс еместігі жайында.

¹⁰⁴¹ Яғни, өзіне біреудің қарғысын тигізетін екі амалды жасаудан қорқындар.

1773. Хабар бойынша, Нуъман бин Башир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мені әкем, Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алып келді де: «Мен мына балама өзімнің күңімді сыйладым», - деді. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен әр балаңа сондай сый жасадың ба?», - деп сұрады. Ол: «Жоқ», - деді. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда оны өзіңе кері қайыр!», - деді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Нуъман бин Баширдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Сен бұны балаларыңның әрқайсысына жасадың ба?», - сұрады. Ол: «Жоқ», - деді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Аллаһтан қорқындар және балаларыңа қатысты әрқайсысына әділ болындар!», - деді, сонда әкем үйге оралып берген сыйын қайтарып алды.

Бұл хадистің үшінші нұсқасында Нуъман бин Баширдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә Башир, сенің бұдан басқа балаларың бар ма?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деді. Осыдан кейін Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда мен бұған куәлігімді бермеймін¹⁰⁴², өйткені, расында, мен әділсіздікке куәлік бермеймін!», - деді.

Бұл хадистің төртінші нұсқасында Нуъман бин Баширдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

...мені әделетсіздікке куәлік беруге шақырма!

Бұл хадистің төртінші нұсқасында Нуъман бин Баширдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Куәлікке басқа біреуді шақыр, бірақ мені емес», - деді. Сосын ол: «Бұлардың бәрінің саған бірдей құрмет көрсеткені сені қуандырыр ма еді?», - деп сұрады. Менің әкем. «Әрине», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Онда бұдан былай олай істеуші болма!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁰⁴² Нуъманның әкесі баласына осы сыйды бермекші болған кезде оның анасы 'Амра бинт Раваха, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын, күйеуі Аллаһтың елшісінің бұған өзінің куәлігін бермейінше бұған келіспейтіндігін айтқан болатын.

354 ТАРАУ

Төрт ай он күнге созылатын күйеуі өлгеннен кейін қара тұтынатын күндер болмаса, онда үш күннен артық қара тұтынуға болмайтындығы жайлы.

1774. Хабар бойынша, Зайнаб бинт Абу Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әйелі Умм Хабибаның әкесі Абу Суфйан Ибн Харб, олардың бәріне Аллаһтың ризашылығы болсын, қайтыс болған кезде мен оған (Умм Хабибаға) кірдім. Сонда ол өзіне сары (не: ..басқа) иіс май әкелуіне әмір берді де онымен күңінің және өзінің бетіне жағып былай деді: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен бұл иіс майға мұқтаж емеспін, бірақ мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, минбарда тұрып: «Аллаһ пен Ахирет күніне иман келтірген әйелге төрт ай он күнге созылатын күйеуі өлгеннен кейін қара тұтынатын күндерден басқа күндері, үш күннен артық қара тұтынуына рұқсат жоқ», - деп айтқнын естідім¹⁰⁴³».

¹⁰⁴³ Осы уқыт аралығында ғана әйелдің жүктілігі дұрыс анықталады және осы уақыттан кейін ғана әйелге тұрмысқа шығуына рұқсат беріледі және осы уақыт аралығында ол әйел қара

Зайнаб айтты:

Сосын мен бауыры қайтыс болған кезде Зайнаб бинт Жахшке, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, кірдім, сонда ол өзіне иіс май әкелуін әмір етті де, оны өзіне жағып былай деді: «Аллаһтың атымен ант етемін, мен бұл иіс майға мұқтаж емеспін, бірақ мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, минбарда тұрып: «Аллаһ пен Ахирет күніне иман келтірген әйелге төрт ай он күнге созылатын күйеуі өлгеннен кейін қара тұтынатын күндерден басқа күндері үш күннен артық қара тұтынуына рұқсат жоқ», - деп айтқанын естідім». **Аль-Бухари, Муслим.**

355 ТАРАУ

Көшпенді(нің затын) отырықшыға сатуға болмайтындығы, керуендерді қарсы (алып затын қалаға кіргізбестен сатып алуға), (діндегі) бауырының судасын бұзуға және егер оған өзі рұқсат бермесе (діндегі бауырының) құдалығынан кейін құда түсуге болмайтындығы жайлы.

тұтынуы керек. Ал қалған уақытта үш күннен артық қара тұтынуы Аллаһтың жазмышына риза болмау болып табылады.

1775. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отырықшыға ол өзінің әкесі не болмаса анасы жығынан бауыры болса да көшпенді(нің затын) сатуға тыйым салатын.
Аль-Бухари; Муслим.

1776. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Зат алып келе жатқан керуендерді күтіп алушы болмаңдар, оларды базарда күтіндер¹⁰⁴⁴. **Аль-Бухари; Муслим.**

1777. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Керуендерді қарсы алмаңдар және отырықшы бәдәудің орнына сатушы болмасын», - деді. Таус (Ибн Аббастан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын): ««...отырықшы, бәдәудің орнына сатушы болмасын», - деген не сөз?», - деп сұрады.

¹⁰⁴⁴ Бұл жерде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, заттарды Керуендердің алдынан шығып ондағы заттарды базарға жеткізбей көтерме бағамен сатып алып, сосын оны қымбатқа сатуға тыйым салғандығы жайлы айтылып жатыр.

Сонда ол: «Бұл дегеніміз ол үшін делдал болмауы керек», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1778. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отырықшыға бәдеуидің қай-бір затын сатуға тыйым салатын және: «Бағаларыңды шарқатпаңдар¹⁰⁴⁵ және адам өзінің бауырының саудадағы ісіне араласпасын, сондай-ақ бауыры құда түскен әйелге құда түспесін, сондай-ақ әйел өзі оның орнын алу үшін апасын ажырастыруға ұмтылмасын¹⁰⁴⁶», - деді.

Бұл хадистің Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Абу Хурайраның, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, керуендерді қарсы алуға, мухажирге нені болса да бәдәуидің орнына сатуға, сондай-ақ әйелге шарт ретінде (ерге әйелімен) ажырасуды талап етуге, сондай-ақ

¹⁰⁴⁵ Шындығында, затты сатып алатын ойы болмаған адам, сатып алушымен келісіп, басқа сатып алушы адамның алдында, сатушыға үлкен баға ұсынып заттың бағасын көтеруі, жайлы айтылып жатыр.

¹⁰⁴⁶ Сөзбе-сөзі «оның ыдысын төгу үшін», яғни еркектің бұрын басқаға беретінін алу үшін, не болмаса еркек тек оған ғана көңіл бөлуі үшін.

бауырының саудасын бұзуға¹⁰⁴⁷ және бағаларды шарқтатуға және малды сауынсыз қалдыруға тыйым салатын¹⁰⁴⁸. **Аль-Бухари.**

1779. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бір-біріңнің саудаларыңды бұзбаңдар және бауырының рұқсатынсыз оның құда түскен әйеліне құда түспесін. **Аль-Бухари, Муслим. Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.**

1780. Хабар бойынша, Уқба бин Әмір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүмин мүминнің бауыры, ал мүминге бауырының саудасын бұзуға, ол өзі бас тарпайынша оның құда түскен әйеліне құда түсуіне болмайды¹⁰⁴⁹. **Муслим.**

356 ТАРАУ

¹⁰⁴⁷ Сауда шартын жасап қойған соң, қай-бір ұсыныс жасау және оған қатысы бар адамдардың келісімісіз баға белгілеу.

¹⁰⁴⁸ Яғни, сатар алдында сатып алушы, мына мал сүтті екен, деп ойлауы үшін әдейілеп саумау.

¹⁰⁴⁹ Яғни, оған үйлну ойынан бас тарқанша, не оған құдаласуға өзі рұқсат бермейінше.

**Шариғаттың рұқсат еткен нәрседерінен
басқаға қаржы ақша жаратуға
бомайтындығы жайлы¹⁰⁵⁰.**

1781. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала сендердің үш нәрсені жасағандарыңды қалайды да, үш нәрсені жасамағандарыңды қалайды: Ол Өзіне ғана құлшылық етіп Өзімен қатар басқаға құлшылық етпегендеріңді және Аллаһтың жібінен¹⁰⁵¹ бекем ұстанғандарыңды және бөлінбегендеріңді қалайды, ал Ол сендердің бір-біріңді жамандауларыңды, көп сұрақтар қоюларыңды және бостан-бос қаржы жұсағандарыңды қаламайды. **Муслим.**

1782. Хабар бойынша, аль-Муғира бин Шу'баның жазбашысы Уаррад, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

¹⁰⁵⁰ Басқаша айтқанда, Шариғаттың барлық тыйым салған (харам) не болмаса жақтырмаған (мухаррам) не болмаса жақсы санамаған (макрух) нәрселеріне ақша жаратуға тыйым, ал Шариғаттың барлық парыз еткен (уәжіп), жақсы санаған (мандуб) және рұқсат етілген (мубах) нәрселеріне ақша жарату жайында.

¹⁰⁵¹ «Хаблю-Ллах» - Ислам дегені.

Кезінде аль-Муғира маған Муъуияға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мына айтылғанды хат етіп жаздырды: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әр намаздың соңында былай дейтін: «Серігі болмаған бір Аллаһтан басқа құдай жоқ, Үкім Оған тән, Оған мадақ және Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді! Иә Аллаһ, Сенің бергенінді ешкім ала алмайды және Сенің бермегенінді ешкім бере алмайды және Сенің алдыңда байдың байлығы пайдасыз болып қалады¹⁰⁵²». /Лә иляһа иллә-Ллаһу уахда-һу лә шарикя лә-һу, лә-һу-ль-мульку, уа лә-һу-ль-хамду ва һува 'алә кулли шаййин қадирун! Аллаһумма, ля мани'а ли-ма а'тайта, ва ля му'тыйа ли-ма мана'та уа лә йанфа'у за-ль-джадди мин-кә-ль-джадду/. Сондай-ақ ол оған, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бір-бірін жамандаумен айналысуға, өзінің дүниесін бекерден сарп етуге және адамдарға көп сұрақтар мен өтініштермен баруға, сондай-ақ ананы сыйламауға, жаңа туған қыздарды тірідей көмуге, бермеуге және «Бер!», деп айтуға тыйым салғандығын жаздырды. **Аль-Бухари, Муслим.**

Оның «бермеуге» сөзі: беретін жерде бермеуге деген мағынаны білдіреді; «бер!», деп айту сөзі, алуға хақысы жоқ нәрсені сұрауы;

¹⁰⁵² Яғни, байдың байлығы Аллаһтың қаһарынан құтқара алмайды.

«Жамандаумен айналысу» дегені ол біреуден естігенді «Былай деп жатыр; пәленше былай, деді», деп оның өтірік-расына көз жеткізбей басқаға жеткізу, естігенді жеткізгеннің өзі күнәде жеткілікті; «дүниені сарп ету» дегеніміз мақсаты тыйым салынған нәрселерге ұмтылдыратын осы дүние мен діни істерге жұмсап оған мүмкіншілігі бола тұра жинаудан бас тарту; «адамдарға көп сұрақтар мен өтініштермен баруға», дегеніміз ол шектен шығатын табандылық.

357 ТАРАУ

**Шын болсын ойнап болсын қылышты
қынабысыз беруге болмағандай
мұсылманға қару және сол секілді заттарды
қаратуға (оқтауға) болмайтындығы
жайында.**

1783. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сендерден ешкім қаруын мұсылманға қаратпасын, өйткені ол білмейді, бәлкім шайтан оның қолын бағыттап (йанза'у), содан ол отты шұңқырға тап болады!¹⁰⁵³ **Аль-Бухари; Муслим.**

¹⁰⁵³ Адам өлтіріп тозаққа түсуі мүмкін, дегені.

Бұл хадистің Муслим келтірген нұсқасында Абу Хурайраның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Абуль-Қасым¹⁰⁵⁴, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Расында, қаруының жүзін бауырына бағыттағанды ол одан қайырмайынша («Йанзи'у»), ол оның туған бауыры болса да, періштелер қарғауында болады!

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан «Йанзи'у» сөзі, не «зайн» кәсралы болып келіп «ъайн» әріпі арқылы жазылады не «зайн» фатхалы болып келіп «ғайн» әріпі арқылы жазылады. Екеуінде де «бағыттау» (йарми) және «араны ашу» (йуфсиду) мағынасын береді, өйткені «наъз» сөзінің негізгі мағынасы «сөгу» (таън) және «жарамсыздық» (фасад) болып табылады.

1784. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, басқаға қылышты жалаңаштап беруге тыйым салды.¹⁰⁵⁵ **Бұл хадисті Абу Дауд**

¹⁰⁵⁴ Абуль-Қасым – Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, лақап аты.

¹⁰⁵⁵ Бұл салынған тыйымның пышаққа да, жебеге де, найзаға да және осыған ұқсас басқа барлық қаруға қатысы бар, оларды

пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.

358 ТАРАУ

Оған дәлелді себеп болмаса¹⁰⁵⁶ азан айтылған соң мешіттен намазды оқымай кетпеу керектігі жайлы.

1785. Хабар бойынша, Абу-ш-Ша'са' былай деді:

Бірде біз Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, екеуміз мешітте отырған кезімізді азаншы азан шақырды да, бір адам азан шақырылып болған соң орнынан тұрып шығар есікке қарай кетті. Ол адам есіктен шығып кеткенше Абу Хурайра оған қарап тұрды да, сосын: « Мына адам туралы айтатын болсақ, онда ол Абуль-Қасымнің тілін алмады (әмірін орындамады)!», - деді. **Муслим.**

359 ТАРАУ

басқаға бергенде адамдарға зияны тиіп кетпес үшін ұшын өзіңе қаратып беруің керек.

¹⁰⁵⁶ Яғни барлық намаз оқуға кедергі болатын, кесел не дәрет бұзылған сияқты жағдайлар.

Оған дәлелді себеп болмаса сыйға берілген райханнан¹⁰⁵⁷ бас тартуға болмайтындығы жайлы.

1786. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімге райхан ұсынылса одан бас тартпасын, өйткені ол салмақ тұрғысында жеңіл де, ал иісі болса тәтті. **Муслим.**

1787. Хабар бойынша, Әнәс бин Малик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол сыйға берілген жұпар иістен (иіс май) бас тартпайтын. **Аль-Бухари.**

360 ТАРАУ

Егер адам мақтағанды көтере алмайтын болса¹⁰⁵⁸ онда оны, оның көзінше

¹⁰⁵⁷ Райхан – жұпар иісті өсімдік.

¹⁰⁵⁸ Яғни, мақтаннан есіріп кететін болса, не болса мақтан оның жүрегіне тәкәппарлық ұялатып бұзатын болса – **адарушыдан.**

мақтаудың керегі жоқтығы, ал егер ол мақтағанды көтере алса олай істеуге болатындығы жайында.

1788. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біреудің, біреуді мақтап оны дәріптеп отырғанын естіген Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендер ол адамды құрттыңдар (не: ... ол адамның желкесін үздіңдер)», - деді¹⁰⁵⁹. **Аль-Бухари; Муслим.**

1789. Хабар бойынша, Абу Бакр Нуфай' бин аль-Харис, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында бір адам жайлы айтылды да, сосын ол адамды басқасы мақтай бастады, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен қайғыға тап болдың, сен бауырыңды бауыздадың!», - деп, бұл сөздерді көп рет қайталады да, сосын: «Сендерден кімге өзінің бауырын міндетті түрде

¹⁰⁵⁹ Сонымен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол мақтаулар оның жүрегіне тәкәппарлық сезімін ұялатып түбі опат болады, деп тұр.

Біздің ойымызша бұның тағы да бір түсініктмесі бар ол мынадай: «Мақтауға бір Аллаһ ғана лайықты» – **аударушыдан.**

мақтау керек болса және ол шынмен-ақ сондай болса: «Мен пәленшені пәлен-түген, деп ойлаймын», - десін, ал ол жайлы жауапты Аллаһ алады¹⁰⁶⁰, сондай-ақ ешкімді Аллаһтың алдында ақтаудың керегі жоқ», - деді. **Аль-Бухари; Муслим.**

1790. Хабар бойынша, Хаммам бин аль-Харис былай деді:

Бірде бір адам Османды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, аль-Микдадтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көзінше мақтай бастады, сонда аль-Микдад тізерлеп мақтаушының бетіне майда тастар лақтыра бастады. Осман: «Сен не істеп жатырсың?», - деп сұрағанда ол: «Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер мақтаушыларды көрсеңдер, олардың бетін топырқпен атқылаңдар!», - деген», - деді. **Муслим.**

Бұл хадистерде адамдарды мақтағанға тыйым салғандығын байқаймыз, дегенмен адамды мақтауға рұқсат берілген, басқа сенімді хадистер де бар.

Ғалымдар айтылғандарды біріктіріп былай деуге болады дейді:

Егер мақталып жатқан адамның иманы толық және сенімі мықты болса, оның жан

¹⁰⁶⁰ Яғни, оның сөзінің өтірік-шындығы жайлы жауапты.

дүниесі айтылған мақтауларға дайын және білімі толық болса, сондай-ақ бұл айтылғандар оны бос үмітке және азғындыққа жетелемейтін болса, онда мақтауға тыйым да және онда жамандық та жоқ, ал егер жоғарыда айтылғандардың бірінің қаупі болса, онда мақтаудың крегі жоқ. Хадистердің бір-бірінен өзгешелігінің болу себебі осыда¹⁰⁶¹. Ал мақтаудың рұқсат етілгендігі жайлы айтатын болсақ, онда оларға Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Абу Бакрге, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жәннәтқа барлық есіктен шақырыласың деп: «Мен сенің солардың бірі болады ма деген үмітім бар», - деп айтқан сөздері жатады. Басқа хадисте Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сен оларға жатпайсың», - деп, тәкәппарлықтан изарын тым төмен түсірушілерді айтқаны жатады. Сонадай-қ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Омарға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Шайтан сенің қай бір жолмен жүргеніңді көрмесін, ол міндетті түрде басқа жолға түседі», - деп айтқаны жатады. Сонымен мақтауға рұқсат етілген хадистер көп-ақ, олардың бір бөлігін мен «Аль-Азкәр», кітәбінде келтірдім.

¹⁰⁶¹ Яғни, бұл хадистер сырт көзге қарағанда бір-бірімен қарама-қайшы болғанымен олардың еш қарама-қайшылығы жоқ, өйткені олар біріне мақтау зиян тигізетін, ал енді бірінен мақтау зиян тигізбейтін әр-түрлі адамдар жайлы айтылған.

361 ТАРАУ

Оба індеті басталған жерден қашып кетудің және ондай жерге барғанның жақсы еместігі жайлы.

Аллаһ Тағала айтты: «Сендер қайда болсаңдар да, тіпті мықты қорғандарда (жұлдыздарда) болсаңдар да өлім жетеді...» «Ниса» сүресі, 78 аят.

Аллаһ Тағала айтты: «...өздеріңді өз қолдарыңмен қауып-қатерге салмаңдар...» «Бақара» сүресі, 195 аят.

1791. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Кезінде Омар бин аль-Хаттаб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Шамға аттанды. Ол Сарғаға¹⁰⁶² жеткенде Шамда оба індеті басталғандығын хабарлаған әскер қолбасшасы, ал дәлірек айтатын болсақ – Абу Убайда бин аль-Жаррах пен оның жолдастары қарсы алды.

Ибн Аббас айтты:

Омар маған: «Маған алғашқы мухажирлерді шақыршы», - деді де, мен оған оларды шақырдым. Оларға шамда оба індетінің

¹⁰⁶² Сарғ – Шамның жанындағы елді мекеннің аты.

басталғанын хабарлады да, олардан ақыл сұрағанда, олардың ойы әр-түрлі болды. Олардың бірі: «Сен белгілі бір мақсатпен шықтың¹⁰⁶³, ал біз сені мақсатыңнан бас тартуың керек, деп ойламаймыз», - десе, енді басқалары: «Сенімен бірге басқа адамдар, сондай-ақ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сахабалары да бар, сондықтан біз сені оларды ол індет тарап жатқан жаққа апаруың керек, деп ойламаймыз!», - деді. Омар, оған Аллаһтың ризшылығы болсын: «Енді мені қалдырыңдар!, - деді де, сосын маған: «Маған ансарларды шақыршы», - деді. Мен оған оларды шақырдым, сонда Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, олардан да ақыл сұрады. Олардың да ойлары мухажирлердің ойлары секілді ажырады (екі түрлі болды), олардың айтқанын тыңдаған ол: «Енді мені қалдырыңдар!», - деді де, маған: «Маған осындағы жеңіске дейін хижра жасаған құрайыштардың ақсақалдарын шақыршы», - деді. Мен оларды шақырдым. Олардың ойлары бәрі бір ауыздан: «Біз сенің індет тараған жерге адамдарды апармай кері қайтқаныңды жөн көреміз!, - деді. Осыдан кейін Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, адамдарға: «Таң ертең мен жолға шығамын, сендер де соған дайындалуларың керек!¹⁰⁶⁴», -

¹⁰⁶³ Яғни, жаумен соғыспақ ниетпен шықтың.

¹⁰⁶⁴ Сонымен Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл

деді. Сонда Абу Убайда бин аль-Джаррах, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Бұл дегеніміз, сен Аллаһтың жазмышынан қашқаның болып есептеле ме?», - деп сұрады. Бұған Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Бұны басқа біреу айтса еді, иә Убайда!¹⁰⁶⁵», - деді, ал Омар болса өзіне қарсы шыққандарды жақсы көрмейтін. «Иә біз Аллаһтың жазмышынан, Аллаһтың жазмышына қашып бара жатырмыз! Маған айтшы егер сенің түйелерің бір жағы жасыл шөппен жабылған, ал енді екінші жағы тақыр жер болған сайға түсіп, сен оларды шөпті жерінде жайсаң, онда сен бұны Аллаһты жазмышысыз жасар ма едің? Сондай-ақ оны тақыр жерде жайсаң да, онда сен бұны Аллаһты жазмышысыз жасар ма едің?»

Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Ол жерде өзінің бір шаруаларымен болмаған Абд ар-Рахман бин Ауф, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, келді де: «Расында, бұл жөнінде мен бір нәрселер білемін! Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Егер қай бір жерде оба індеті басталды, деп естісеңдер, ол жерге бармандар, ал егер ол сендер тұрған жерде басталса, онда ол жерден қашпақ ниетімен кетпеңдер», - деп

жөнінде не деп айтқанын естімеген соң барлық беделді адамдармен сөйлесіп, өзі шешім қабылдады.

¹⁰⁶⁵ Яғни, егер бұны басқа біреу айтса, мен таң камас едім, деп тұр.

айтқанын естідім», - деді. Осыдан кейін Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, Аллаһқа мақтаулар айтты да, ол жерден кетті. **Аль-Бухари; Муслим.**

1792. Хабар бойынша, Усама бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер оба бір жерде тарап жатыр, деп естісеңдер, онда ол жерге бармаңдар, ал егер оба сендер тұрған жерде тарап жатса, онда ол жерден кетпеңдер. **Аль-Бухари; Муслим.**

362 ТАРАУ

Сиқырға (бақсылыққа) қатаң тыйым екендігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты: «...Сүлеймен қарсы келмеді (сиқыр жасамады). Бірақ шайтандар адамдарға сиқыр үйретіп, көпір болды...» **«Бақара» сүресі, 102 аят.**

1793. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Жеті түрлі опатқа алып келетін күнәләрдан сақтаныңдар». Адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, ол қандай күнәләр?», - деп сұрады. Ол: «Аллаһпен қатар басқаға құлшылық ету, сиқыр, Аллаһтың тыйым салған хақысыз адам өлтіру¹⁰⁶⁶, өсім жеу, жетімнің дүниесін жеу, соғыста шапқан күні қашу және таза иманды (ол жайлы) ойларына да кіріп шықпайтын әйелдерді зинақорлықпен айыптау!, - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

363 ТАРАУ

Егер Құран қағаздары жаудың қолына түсу қаупі болса, онда кәпірлердің еліне Құран қағаздарымен баруға болмайтындығы жайында.

1794. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын мұсылмандрдың жаулары тұратын елге Құран қағаздарымен баруға тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹⁰⁶⁶ Яғни, Шариғаттың үкімімен қаны хәләл (рұқсат) етілген адамдардан басқа адамды өлтіру.

364 ТАРАУ

Алтыннан, күмістен жасалған ыдыстардан ішуге, жеуге дәрет алуға және басқа да істерде қолдануға болмайтындығы жайында.

1795. Хабар бойынша, Умм Салама, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Күміс ыдыстан ішкеннің қарныңды оттың жалыны шулайды!» **аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің тек Муслим келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

...күміс және алтын ыдыстардан ішіп-жегеннің...

1796. Хабар бойынша, Хузайфа, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Расында, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізге жібектен және

дибадждан жасалған киімді киуге¹⁰⁶⁷ және алтын мен күмістен жасалған ыдыстардан ішуге тыйым салып былай дейтін: “Расында, бұның бәрі олар¹⁰⁶⁸ үшін осы дүниеде бұйрады да, ал біздер үшін о дүниеде бұйырады” **аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің «Сахихтердің» екеуінде де келтірілген тағы бір нұсқасында Хузейфаның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дегені келтіріледі:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Дибадждан жібек кимеңдер, алтын және күміс ыдыстардан ішпендер және алтын, күміс ыдыстардан жемендер», - деп айтқанын естідім.

1797. Хабар бойынша, Анас бин Сири былай деді:

Бірде біз Анас бин Маликпен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, отқа табынушы адамдардың бірнешеуімен бірге болдық, күміс ыдысқа тәтті тамақ салып әкелінді де, Анас ол тамақтан жемеді. Сонда оны алып келген адамға: «Оны басқа (ыдысқа) сал», - делінді де

¹⁰⁶⁷ Дибадж – негізі жібектен құралған қымбат мата. Жібек киім мен дибадждан жасалған киімге тыйым тек қана ер кісілерге қастысты.

¹⁰⁶⁸ Яғни, имансыздар.

ол оны халандждан¹⁰⁶⁹ жасалған ыдысқа салып әкелгенде Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, одан жеді. **Бұл хадисті жақсы иснадпен аль-Байхаки келтіреді.**

365 ТАРАУ

Еркекке запыранмен боялған киімді киуге болмайтындығы жайында.

1798. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, еркектерге запыранмен боялған киім киуге тыйым салатын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1799. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің үстімнен жабайы запыранмен боялған екі киім көріп: «Мынаны шешең бе саған ки деген?», - деп сұрады. Мен: «Мен оны жуып тазалайын ба?», - деп сұрадым. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ, оны өртеп жібер!», - деді.

¹⁰⁶⁹ Халандж – ыдыс жасайтын қатты ағаш.

Бұл хадистің басқа нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені айтылады:

«Расында, бұл кәпірлердің киімі, сондықтан оны киме!» **Муслим.**

366 ТАРАУ

Күні бойы қараңғы түскенше сөйлемей жүруге болмайтындығы жайында.

1800. Хабар бойынша, Али, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кәмілетке жетісімен жетімдік жоқ және күні бойы қараңғы түскенше үндемей жүруге болмайды», - деп айтқанын есімде сақтап қалдым». **Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснадпен келтіреді.**

Бұл хадисті аль-Хаттаби былай түсіндіреді:

Жәхилет заманында үндемеу қадірлі іс саналатын, ал Исламда болса бұған тыйым салынды, оның орнына Аллаһты еске алу мен игілікті сөйлеу нұсқалды.

1801. Хабар бойынша, Қайс бин Абу Хазим былай деді:

Бірде Абу Бакр Сыддық, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ахмаситтердің¹⁰⁷⁰ ішінен Зайнаб дейтін бір әйелге кіріп оның сөйлемейтінін көріп: «Ол неге сөйлемейді?», - деп сұрады. Адамадар: «Ол қажылықты үндемей жасады», - деді, сонда ол: «Сөйле, өйткені үндемеуге болмайды, өйткені бұл – жахілет заманының амалдарынан болады», - деді. **Аль-Бухари.**

367 ТАРАУ

Адамға өзінің шығу тегін басқа адаммен байланыстыруға және бас бостандығын алған құлға - өзінің қамқоршысын (маулясын) басқа адам (бас бостандығын берді) деп айтуға болмайтындығы жайында.

1802. Хабар бойынша, Са'д бин Абу Уаққас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

¹⁰⁷⁰ «Ахмас» (жекеше түрде «хумс» - діндегі нағыздар). Бұлай (жахілет заманында) Қағбаны қасиеттеуші екі рудың адамдарын атайтын. Олар Қағбаны айналып тауап еткенде өздерінің киімдерімен тауап ететін, ал басқа рудың адамдары Қағбаны тауап етпекші болса, онда ахмасидтерден киім сатып алулары керек болатын да, ал егер киім сатып ала алмаса, онда жалаңаш тауап етулерін талап ететін.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім біле тұра өзін, әкесі емес басқа адамның баласымын десе, онда ол адамға Жәннәт харам болады¹⁰⁷¹. **Аль-Бухари, Муслим.**

1803. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өздеріңнің әкелеріңнен бас тартпаңдар, өйткені өзінің әкесінен бас тартқан адам күпірлікке кірді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1804. Хабар бойынша, Йазид бин Шарик бин Тарик былай деді:

Мен Алидің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, мінберде тұрып хұтпа айтқанын көрдім, сондай-ақ оның былай деп айтқанын естідім: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін, біздің Аллаһтың Кітабінен басқа оқитын кітабіміз және мына парақтарда жазылғандардан басқа оқитынымыз жоқ!» Осыдан кейін ол парақтарды ашты, онда түйелердің жастары жайлы және

¹⁰⁷¹ Бұл жерде Шариғат рұқсат бермесе де, өзінің шығу тегінен бас тартқанды рұқсат санаған адамдар жайлы айтылып жатыр.

басқа да жараланғаны үшін (берілетін) өтемдер жайлы жазылыпты. Сондай-ақ онда Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны жазылыпты: «Медина 'Аир тауынан Саур тауына дейін харам саналады¹⁰⁷², сонда кімде-кім онда жаңалықтар (бидға) енгізетін болса не болмаса сондай іспен айналысушыларға қорған болатын болса, ол адам Аллаһпен, періштелермен және барлық адамдармен қарғалады және Аллаһ, Ахирет күні оның не тәубесін, не өтемін (ақталуын) қабыл алмайды. Мұсылмандардың қорғаны, егер оны олардың арасындағы ең төмені¹⁰⁷³ берсе де бәріне бірдей¹⁰⁷⁴, ал кімде-кім мұсылманды мұнысында қапыда қалдырса, онда ол адам Аллаһпен, періштелермен және барлық адамдармен қарғалады және Аллаһ, Ахирет күні оның не тәубесін не өтемін (ақталуын) қабыл алмайды. Сондай-ақ егер адам өзін, өзінің әкесінен бөлек басқа адамның баласымын деп атаса және өзінің қомқоршысын шындығында қамқоршысы болмаған басқа адаммен атаса¹⁰⁷⁵, ол адам Аллаһпен,

¹⁰⁷² Харам – барлық тірі жанды өлтіруге және ағаштарды сындыруға тыйым салынған қасиетті аумақ.

¹⁰⁷³ Құл, не болмаса абыройы төмен адам.

¹⁰⁷⁴ Яғни, мұсылмандардың бірі біреуді өзінің қорғанынан алса, қалғандары оны мойындап ешкім қорғанға алынған адамға тиіспеу керек, яғни қорғанға алушы мен қорғанға алынған адамның арасындағы шарттың орындалуына көмек жасауы керек.

¹⁰⁷⁵ Бұл жерде құл болып сосын бас бостандығын алған адамдар жайлы айтылып жатыр. Олар бас бостандығын алған соң бұрынғы

періштелермен және барлық адамдармен қарғалады және Аллаһ, Ахирет күні оның не тәубесін, не өтемін (ақталуын) қабыл алмайды.
Аль-Бухари, Муслим.

1805. Хабар бойынша, Абу Зар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімді-кім біле тұра өзін басқаның баласымын дейтін болса, міндетті түрде күпірлікке кіреді, өзіне тиесілі емес нәрсеге қол сұғушы бізден емес және өзіне Оттан орын дайындай берсін, ал біреуді кәпір деп не болмаса оған: «Иә Аллаһтың жуы!», - деп айтқан жайлы айтатын болсақ, егер оның айтқаны рас болмаса, онда айтылған өзіне тиеді.**аль-Бухари, Муслим.**
Бұл жерде Муслимнің нұсқасы беріліп тұр.

368 ТАРАУ

Ұлы Аллаһ Тағала мен Оның елшісінің тыйым салған нәрселерін орындаудан сақтану жайында.

қожайынының алдында белгілі бір міндеттері қалып бұрынғы қожайыны оның қамқоршысы саналатын. Сонда бұрынғы қожайынының келісімісіз басқаның қамқорлығына кетуге рұқсат болмайтын.

Аллаһ Тағала айтты: «...Сондықтан оның өміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап жетуінен сақтансын.» **«Нұр» сүресі, 63 аят.**

Аллаһ Тағала айтты: «...Аллаһ сендерді Өзі сақсындырады...¹⁰⁷⁶» **«Аль-Имран» сүресі, 30 аят.**

Аллаһ Тағала айтты: «Негізінен Раббыңның қолға алуы орасан қатты!» **«Бурж» сүресі, 12 аят.**

Аллаһ Тағала айтты: «Раббың қолға алғанда¹⁰⁷⁷, кенттердің залым халқын өстіп алады. Күдіксіз оның соққысы қатты күйзелтеді!» **«Һүд» сүресі, 102 аят.**

1806. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ қызғаныш білдіреді, ал Аллаһтың қызғанышын имандының, Аллаһтың тыйым салған нәрсесін орындауы тудырады.

Аль-Бухари,

Муслим.

369 ТАРАУ

¹⁰⁷⁶ Орысша нұсқасында: «...Аллаһ сендерді Өз Өзінен сақтандырады (ескертеді)...», - деп аударылған – **аударушыдан.** Яғни, азаптай алатын жазасынан ескертеді.

¹⁰⁷⁷ Яғни, жазалағанда.

Тыйым салнған нәрсені орындаушыға не айтып, не жасау керектігі жайында.

Аллаһ Тағала айтты: «Ал енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, сонда Аллаһқа сыйын...» **«Фүссилат» сүресі, 36 аят.**

Аллаһ Тағала айтты: «Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Аллаһты еске алады да қырағылық істейді.» **«Ағраф» сүресі, 201 аят.**

Аллаһ Тағала айтты: «Ал олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, Аллаһты естеріне алып, күнәләрінің жарылқануын тілейді. Күнәләрді Аллаһтан басқа кім жарылқайды. Сондай-ақ олар істеген істеріне біле қасарыспайды. Міне солардың сыйлықтары Раббылары тарапынан жарылқау және астарынан өзендер ағатын Жұмақтар. Олар онда мәңгі қалады. Амал істеушілердің сыйлықтары нендей жақсы!» **«Аль-Имран» сүресі, 135-136 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты: «...Әй мұминдер, түгел Аллаһқа тәуекел қылыңдар! Әрине құтыласыңдар» **«Нұр» сүресі, 31 аят.**

1807. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер кімде-ім ант бермекші болып: «Аль-Лат пен аль-'Уззаның¹⁰⁷⁸ атымен ант етемін», - деп қалса, онда сол замат: «Аллаһтан басқа құдай жоқ» /Лә иләһа илля-Ллаһ/, - десін, ал кім өзінің жолдасына: «Келші мен сенімен ойнайын¹⁰⁷⁹», - десе, садақа берсін¹⁰⁸⁰. **Аль-Бухари, Муслим.**

ТҮРЛІ ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР КЕЛТІРІЛГЕН КІТАП

370 ТАРАУ

Түрлі қызықты оқиғалар келтірілген (хадистер).

1808. Хабар бойынша, ан-Наууас бин Сам'ан былай деді:

Бріде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Дәжжел жайлы даусын біресе бәсеңдетіп, біресе жоғарылатып айтқаны соншама¹⁰⁸¹ ақыр соңында біз оны пальма

¹⁰⁷⁸ Арабтардың жәһилет заманында құлшылық қылған пұт құдайлары.

¹⁰⁷⁹ Яғни, құмар ойынын.

¹⁰⁸⁰ Күнәсінің өтемі ретінде.

¹⁰⁸¹ Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл жөнінде адамдармен көп сөйлескені соншалық, өзінің айтып жатқан әңгімесіне көңіл аударту үшін шаршаған уақытта дем алу үшін даусын бәсеңдетсе демалып болған соң даусын көтеріп

ағашы секлді үлкен болды екен деп ойладық¹⁰⁸². Сонда оған біз кешке жақын келгенімізде, ол біздің жан дүниемізді түсініп: «Сендерге не болды?», - деп сұрады. Біз: «Иә Аллаһтың елшісі, бүгін таңертең бізге Дажжал жайлы даусыңды біресе көтеріп, біресе түсіріп айтқаның соншалық, біз оның үлкендігі пальма ағашындай болады ма, деп қалдық!», - дедік. Бұған Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Менің сендер үшін көбірек қорқатыным Дажжал емес, өйткені егер ол мен сендермен бірге болған кезімде келсе, онда онымен сендер үшін мен (сөйлесіп) таласамын¹⁰⁸³, егер де мен жоқта келетін болса, онда сендердің әрқайсысыңа онымен таласты өзі жүргізуі керек болады, ал Аллаһ болса бұл істе мені әр мұсылман үшін ауыстырады¹⁰⁸⁴. Расында, Дажжал бір көзі қисық¹⁰⁸⁵ бұйра шашты жас жігіт кейпінде келеді, мен оны Абд

сөйлеген. Сондай-ақ бұның басқаша аудармасы болуы мүмкін: «...біресе ол туралы жиренішпен айтса, енді бірде оны мәнін өте жоғары етіп айтты».

¹⁰⁸² Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Дажжалдың азғыруы жайлы айтып, адамдар оның аса маңыздылығын түсініп қорыққан.

¹⁰⁸³ Басқаша айтқанда, оның жалған сөздері (мен дәлелдерін) өзім жоққа шығарамын.

¹⁰⁸⁴ Яғни, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жоқта әр-бір мұсылманды Дажжалдың азғыруынан және ақиқат жолынан тайып кетпеуінен Аллаһтың Өзі жердемдеседі.

¹⁰⁸⁵ Бір көзі ісінген адам жайлы айтылып жатуы да мүмкін.

аль-'Узза бин Катанмен¹⁰⁸⁶ салыстырар едім. Сендерден қайсысың ол келгенше өмір сүретін болсаң, онда «Қеһф» сүресінің бірінші аяттарын оқысын¹⁰⁸⁷, сондай-ақ, расында, ол зұлымдықты оңға да, солға да шашып Шам мен Ирактың арасындағы жолда пайда болады. Иә Аллаһтың құлдары, иманнан бекем ұстаныңдар!», - деді. Біз: «Иә Аллаһтың елшісі, ол, жерде қанша уақыт болады?», - деп сұрадық. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Олардың ішіндегі бір күні - жылға, тағы бір күні - айға, тағы бір күні - аптаға, ал қалған күндері сендердің жәй күндеріңе тең келетін қырық күн арасында болады», - деді. Біз: «Иә Аллаһтың елшісі: «Егер біз күні жылға тең болатын күні, намазды күнделікті күнге сәйкес оқысақ жеткілікті болады ма?¹⁰⁸⁸», - деп сұрадық. Сонда ол: «Жоқ, бірақ уақытты ол күні дұрыстап

¹⁰⁸⁶ Бір хабарлар бойынша Абд аль-'Узза бин Катан бану мустаяк руының адамы болып жаһилет заманында-ақ қайтыс болған, ал имам Ахмад келтірген нұсқасында, ол Ислам дінін қабылдағаны және Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл сөздерін есітіп: «Иә Аллаһтың елшісі, менің онымен ұқсастығымның маған зияны тиуі мүмкін бе?», - деп сұрағанда, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Жоқ, өйткені сен имандысың, ал ол болса – кәпір», - дегені келтіріледі.

¹⁰⁸⁷ Бұл жерде бірінші он аяты жайлы айтылып тұр, ал бұл хадистің басқа нұсқасында Дажжалдың азғыруынан сақтану үшін бұл сүренің соңғы он аятын оқу керектігі жайлы айтылады.

¹⁰⁸⁸ Яғни, ол күні күнделікті бес намазды оқысақ жеткілікті болады ма?, деп жатыр. Бұл сұрақтың басқа күні айға және аптаға да тең күндеріне қатысы бар екендігі анық.

өлшендер¹⁰⁸⁹», - деді. Біз: «Иә Аллаһтың елшісі, ол жер бетінде қандай жылдамдықпен жылжитын болады?», - деп сұрадық. Сонда ол: «Жел айдаған бұлт секілді (болады). Ол адамдарға келіп, оларды шақырады да¹⁰⁹⁰, олар болса оған иман келтіріп жауап береді, сонда оның әмірімен көк жаңбырын төгеді, жер болса оның әмірімен өнімін береді, ал малдары болса кешке өздерінің жайылымдарынан оралғанда, олардың өркештері бұрын-соңды көтерілмегендей көтеріледі, сондай-ақ олардың желіндері бұрын соңды толмағандай толады және олардың бүйірлері бұрын соңды тырсимағандай тырсияды. Сосын ол басқа адамдарға келіп оларды шақырады, ал олар болса оның сөзінен бас тартып, ол, ол жерден кетеді, сонда оларға қуаңшылық келіп олардың дүниелерінен еш нәрсе қалмайды. Сосын ол тақырланған Жерден өтіп оған: «Өзіңнің асылдарыңды ақтар!», - деп әмір береді, сонда оның артынан оның асылдары аралар секілді

¹⁰⁸⁹ Бұл дегеніміз, ол күні таң намазынан кейін бесін намазын, жәй күндері сол намаздардың арасында шамамен қанша уақыт өтсе сол уақытты өлшеп бесін намазын оқуы керек, солай әр намаздың арасын өлшеп отыру қажет.

Қазіргі күндерідің өзінде-ақ бұл хдистегі нұсқауларды солтүстік және оңтүстік полюске жақын орналасқан мұсылмандар қолдануда. Ол жерлерде күні бірнеше тәулікке созылатын күндер және түні бірнеше тәулікке созылатын күндер бар, олар да сондай күндері тәулік ішіндегі намазды есептеп оқиды – **аударушыдан.**

¹⁰⁹⁰ Дәжжәл адамдарға, мен сендердің құдайларыңмын, деп, соған иман келтіруге шақырды.

құжынайды. Сосын ол өзіне қылшылдаған жас жігітті шақырып, оны қылышымен шауып екіге бөледі, сонда оның бөлінген жақтары бір-бірінен садақ оғының қашықтығындай жерге ұшып түседі. Сосын ол жігітті өзіне шақырып, жігіт қуаныштан жүзі жарқырап оған келеді. Сондай-ақ дәл осы уақытта Аллаһ Тағала адамдарға Мәриәм ұлы Мәсіхты, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жібереді. Ол Жерге қолдарын періштенің қанаттарына салып Дамаскінің шығыс жағында орналасқан ақ мұнаралардың жанында сары түске боялған екі киім киіп түседі. Ол басын төмен қаратқанда, оның басынан су тамшылайды, ал көтергенде басынан тамшылар маржан секілді төгіледі. Кәпірлердің қайсысы болсын оның жұпар иісті демін иіскемесін, міндетті түрде өліп отырады, ал оның демі көз жетерлік жерге дейін тарайды. Сосын Иса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, дәжжалды іздей бастайды да оны Людданың¹⁰⁹¹ қақпаларының жанынан табады. Сосын Иса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһ оларды Дажжалдан сақтап қалған адамдарға келеді де олардың беттерінен сипап Жәннәтта қандай орындарда болатындығын айтып береді және осы уақытта Аллаһ Тағала Исаға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мен олармен ешкім шайқаса алмайтын құлдарымды алып келдім, Менің

¹⁰⁹¹ Людд — Иерусалимнің жанында орналасқан елді мекен.

құлдрымды Тур тауында жасыр!», - деп аян жібереді. Сосын Аллаһ Йаджуж бен Маджужді¹⁰⁹² жібереді, олар әр төбелерден (биіктіктерден) ұмтылады. Олардың біріншісі Тивериад көлінен өтіп оның суын ішіп қояды, ал соңғылары ол жерден өткенде: «Мына жерде бір кездері су болған!», - дейді. Ал Аллаһтың елшісі Иса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жайлы айтатын болсақ, онда ол және оның жанындағы адамдар бекіністе (қамауда) олардың кез-келгені үшін бұқаның басы осы кездегі жүз динар алтыннан да қымбат саналғанша болады¹⁰⁹³. (Осыдан кейін) Иса пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, және оның жанандағылар Аллаһ Тағаладан сұрап дұға жасай бастайды да Аллаһ Йаджуж бен Маджуждің мойындарына құрт жіберіп олар таң атқанша таланып құриды. Осыдан кейін Иса пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мен оның жанындағылар, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, Жерге түсіп олардан шыққан жаман иіс¹⁰⁹⁴ шықпаған сүйем жер таппайды. Сосын Аллаһтың пайғамбары Иса, оған Аллаһтың

¹⁰⁹² Йаджуж бен Маджуж (библиядағы Гог пен Магог) — Құранда айтылған адамдарға жау, Жердің қиыр шығыста қабырғаның ар жағында тұратын жандар. Ахирет күнінің алдында бұл қабырға құлап «Йаджуж бен Маджуж ағытылып, әр-бір төбеден келгенге дейін» «Әнбиә» сүресі, 96 аят.

¹⁰⁹³ Яғни, аштық болады.

¹⁰⁹⁴ Йаджуд бен Маджуждің мәйітінің сасық иісінен.

игілігі мен сәлемі болсын, мен оның жанындағылар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, тағы да Аллаһ Тағаладан сұрап дұға жасап сұрайды да, Аллаһ мойындары түйелердің мойындарына ұқсаған құс жібереді, сонда ол құстар олардың денелерін алып Аллаһтың қалаған жерлерінен апарып тастайды. Сосын Аллаһ Тағала жерге қатты жаңбыр жібереді, ол жаңбырдан, не (лайлы) қыштан жасалған үй, не шатыр қалдырмайды және жерді айнадай қып тазартады. Сосын жерге: «Жемісінді беріп игілігіңнен адамдарға таттыр!», - делінеді, сонда сол күні-ақ жерден бір жемісін бір топ адам тауысып жей алмайтын, ал қабығының көлеңкесіне бір топ адам сыйып кететін үлкен анар талы өсіп шығады. Ал сүт жайлы айтатын болсақ, оның берекелі болатындығы соншалық, бір түйенің сүті бір топ адамға, ал бір сиырдың сүті бір рулы елге, ал бір қойдың сүті бірнеше жанұяға жеткілікті болады. Және осы уақытта Аллаһ жерге адамдардың қолықтарынан кіріп әр-бір мұсылман мен имандының жанын алатын жәйлы жел жібереді, сонда жер бетінде есек секілді есіріп қозатын¹⁰⁹⁵ тек жаман адамдар ғана қалады, міне осындай (адамдар) Ахирет күнінің басталуының куәгерлері болады.

Муслим.

¹⁰⁹⁵ Яғни, адамдардың көзінше қосыла беретін есектер секілді.

1809. Хабар бойынша, Риб'и бин Хираш, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Абу Мас'уд аль-Ансари екеуіміз Хузайфа бин аль-Йаманға, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, келдік те одан: «Бізге сен Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Дажжал жайлы не естідің, сол туралы айтып берші», - деп сұрадық. Абу Мас'уд: «Расында, Дажжал келгенде онымен бірге су мен от болады, сонда адамдарға су болып көрінгені, шындығында от болады да, ал от болып көрінгені, шындығында салқын жәйлі су болады. Сонда сендерден сол күндерге дейін өмір сүргендерің отқа секірсін, өйткені ол шындығында тәтті әрі жәйлі су болып шығады», - деді. Сосын Абу Мас'уд: «Мен де бұны Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естідім», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1810. Хабар бойынша, Абдуллаһ бин Әмр бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дәжжәл менің үмметімнің ішінен шығып онда қырық аралығында қалады, сондай-ақ бұл

қырық күн бе, қырық ай ма әлде қырық жыл ма мен білмеймін, сосын Аллаһ Тағала, Дәжжәлды іздеп өлтіретін Мәриәм ұлы Исаны, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын түсіреді. Осыдан кейін адамдар араларында ешқандай жаугерлік болмайтын жеті жыл өмір сүреді, ал сосын Ұлы Аллаһ Шам жақтан салқын самал жібереді де, Жер бетінде жүрегінде кем дегенде шаңның тозаңындай иманы бар адамның (жанын) сол жел алмаған адам қалмайды, керек десеңіз кім таудың ішіне барып тығылса да, ол оны сол жерден алу үшін сонда кіреді. Осыдан кейін құс секілді жеңіл, нашар жабайы аңдарға ұқсаған, нашар адамдар¹⁰⁹⁶ қалады, сонда олар жақсылықты мойндамайды да жамандықтан тыймайтын болады. Сонда оларға шайтан адам кейпінде келіп: «Сендер маған бағынасыңдар ма?», - деп сұрайды. Олар: «Сен бізге не бұйырасың?», - деп сұрағанда, ол оларға пұтқа табынуды талап етеді, ал олар болса бұнысында оған бағынып соның арқасында мол несібе алып тамаша өмірмен рахаттанады. Сосын сүр үріліп, оны естіген кез-келген адам мойындарын еңкейте созып оған құлақ салады. Сүрді ең бірінші еститін, өзінің түйелеріне су беретін суатының қабырғаларын лаймен сылап жатқан адам болады, сонда ол да қалған

¹⁰⁹⁶ Яғни, олар ұшқан құс секілді жамандыққа жеңіл болып бір-бірін жабайы аңдай қудалайтын болады.

адамдар секілді сұлайды (өлітірледі)¹⁰⁹⁷, сосын Аллаһ одан адамдардың денесі өсіп шығатын шық секілді жаңбыр жібереді. Сосын екінші рет сүр үрленеді де адамдар жан-жақтарына үрейлене қарап тұрады, одан кейін: «Иә адамдар өздеріңнің Раббыларыңа барыңдар!», - делінеді және: «Оларды тоқтатыңдар!», - делінеді, сонда адамдар сұрастыра бастайды, ал сосын періштелерге: «Отқа жіберілетіндерді шығарыңдар!», - делінеді. Олар: «Қаншасын?», - деп сұрағанда, оларға: «Әр мыңнан тоғыз жүз тоқсан тоғызын», - делінеді және сол (Ахирет) күні балалардың шашы ағарады және сол күні тізе ашылады (жалаңаштанады). **Муслим.**

1811. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мекке мен Мединаны санамағнда Дәжжелдің аяғы баспайтын жер болмайды, өйткені олардың әр кіретін жолында¹⁰⁹⁸ сап болып періштелер тұрып қаланы қорғайды. Сонда Дәжжел сор жерге түсіп Медина үш рет сілкініп, Аллаһ одан әр бір имансыз бен екіжүздіні шығарады. **Муслим.**

¹⁰⁹⁷ Басқаша айтқанда, Ахиреттің бірінші сүрі үріліп барлық тірі жан өлтіріледі.

¹⁰⁹⁸ Арабша «анкаб» — тесік; қазылған жолдар.

1812. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дәжжәлдің артынан тайләсанға¹⁰⁹⁹ киінген Исфәхандық жетпіс мың яхуди ереді. **Муслим.**

1813. Хабар бойынша, Умм Шрик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адамдар міндетті түрде Дәжжалдан қашып тауларға (тығылады). **Муслим.**

1814. Хабар бойынша, Имран бин Хусайн, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Адам атаның жаратылуы мен Қияметтің түскеніне дейін Дәжжәлдің пайда болуынан артық маңызды ешнәрсе болмайды¹¹⁰⁰.

Муслим.

1815. Хабар бойынша, Абу Са'ида аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол

¹⁰⁹⁹ Тайләсан — жасыл парсылық шапан.

¹¹⁰⁰ Яғни, одан аз ғана адам құтылған азғырудай азғыру болмайды.

Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Дәжжәл пайда болған кезде мүминдердің (имандылардың) ішінен бір мүмин (иманды) оған қарай жүреді, сонда оны Дәжжәлдің шолғыншылары кездестіріп: «Қайда бара жатырсың?», - деп сұрайды. Ол: «Біздің арамызда пайда болғанға», - дейді. Олар: «Сен не біздің Раббымызға иман келтірмедің бе не?», - деп сұрайды. Ол: «Біздің Раббымыз жайлы біз үшін белгісіз болған еш нәрсе жоқ», - дейді. Сонда олар: «Өлтіріңдер оны!», - дейді де, бірақ өзара бір-біріне: «Сендерге Раббыларың, Онсыз біреуді өлтіруге тыйым салмап па еді?», - дейді, сосын оны Дәжжәлға алып келеді. Оны көрісімен мүмин: «Иә адамдар, бұл Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ол жайлы айтқан Дәжжәл ғой!», - дейді. Сонда Дәжжәлдің әмірімен оны ішіне жатқызып: «Оны ұстап жаралаңдар!», - дейді де оның арқасы мен ішінен бірнеше соққылар жасайды. Бұдан кейін Дәжжәл: «Сен маған сенбейсің бе?»- деп сұрайды, ал ол болса: «Сен – Дәжжәлсің!», - дейді. Осыдан кейін оның әмірімен ол адамды басының ортасынан аяғына дейін арамен әрелеп екіге бөледі, сосын Дәжжәл оның денесінің екі жартысының ортасынан өтіп: «Көтеріл!», - дейді де, ол

(денелері қосылып) орнынан көтеріледі. Сосын ол адамнан: «Сен маған (әлі) иман келтірмейсің бе?», - деп сұрағанда ол: «Мен сені енді жақсы таныдым!¹¹⁰¹», - дейді де: «Иә адамдар, расында, менен кейін бұнысын ол енді адамдардан ешкімге істей алмайды!», - дейді. Сонда Дәжжәл оны шаппақшы болады, бірақ Аллаһ оның мойны мен иығының арасындағы (қылыш шабатын) жерін мысқа айналдырады, Дәжжәл онымен ешнәрсе жасай алмайды. Сосын оның аяқ қолынан алып лақтырады да, адамдар оны Отқа тастады, деп ойлайды, бірақ ол Жәннәтқа ғана тасталады! Және бұл адам әлемдердің Раббысының алдында адамдар арасындағы ең ұлы шаһид ретінде болады. **Муслим, аль-Бухари бұл хадистің бөлігін ғана келтіреді.**

1816. Хабар бойынша, аль-Муғира бин Шу'ба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Дәжжәл туралы Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менен артық ешкім сұрастырған жоқ, ол маған: «Сені не толғандырады?», - деп сұрады. Мен: «Олар,

¹¹⁰¹ Яғни, бұның бәрі сенің Дәжжәл екендігіңді одан артық айқындайды.

онымен бірге бүтін таудай нан және бүтін өзенді су болады дейді», - дедім. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Бұл Аллаһ үшін одан¹¹⁰² жеңілірек болады!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1817. Хабар бойынша, Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бұл қисық суайттан өзінің үмметін сақтандырмаған пайғамбар болған емес. Расында, ол бір көзіне қисық болып келеді, ал, расында, Ұлы Аллаһ Тағала қисық емес және Дәжжелдің көздерінің арасында «кәф, «фа» және «ра» әріптері жазулы болады¹¹⁰³. **Аль-Бухари, Муслим.**

1818. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

¹¹⁰² Яғни, Алаһ үшін Дәжжелдің күдіреті емес, адамдардың оның артынан ергені маңыздырақ болады.

¹¹⁰³ Бұл хадистің аль-Бухари келтірген нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі: «...және оның көздерінің арасында «кәпір» (имансыз), деген жазулар болады». Жоғарыда айтылған әріптер өзара арабтың «имансыз» (кәфир) және «имансыздық» (куфр) сөзінің түбірін құрайды.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мен сендерге Дәжжел жайлы ешбір пайғамбар өзінің халқына айтпағанды айтамын. Расында, ол қисық болады және, расында, ол өзімен жәннәтқа және отқа ұқсағанды алып келеді, сонда оның Жәннәт дегені, от болып шығады. **Аль-Бухари; Муслим.**

1819. Хабар бойынша, Ибн Умар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдардың арасында Дәжжел жайлы айтып отырып былай деді: «Расында, Аллаһ қисық емес, ал Дәжжел болса оң көзіне қисық, сондай-ақ оның көзі төмпиген жүзім секілді болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1820. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мұсылмандар яхудилермен соғыспайынша Ахирет басталмайды. Сонда яхудилер тас пен ағаштың артына тығылып, ал тас пен ағаштар: «Иә мұсылман, менің артыма яхуди (тығылды) бар да өлтір оны!», - дейді. Осыны айтпайтын

гаркад¹¹⁰⁴ қана болады, өйткені гаркад яхудилердің ағашының қатарына жатады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1821. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, бұл дүние, адам қабірдің жанынан өтіп бара жатып: «Шіркін мен сенің орнында болсам ғой», - деп айтпайынша өтпейді. Сонда оның бұлай айтуына дін емес, осы дүниенің ауыртпашылығы ғана себеп болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1822. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Евфрат тауы алтынын ашып, ол үшін адамдар бір-бірімен соғыспайынша Ахирет басталмайды. Сонда әр-бір жүзден тоқсан тоғыз адам өліп оның әрбірі: «Мүмкін құтылушы мен боламын», - дейтін болады.

Бұл хадистің басқа нұсқасында

¹¹⁰⁴ Гаркад – тікенді бұтаның түрі.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Жақында Евфрат алтын қазына қоймасын ашады, кім сол кездерде өмір сүретін болса одан ешнәрсе алушы болмасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

1823. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Адамдар, өзінің ең жақсы күйінде тұрған Мединаны тастап кетеді¹¹⁰⁵, онда келушілерден басқа ешкім болмайды», - деп құстар мен аңдарды айтты. Сондай-ақ Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ең соңғы жиналатын Мединаға қарай қойларын айдаған музайна руынан екі қойшы болады, сонда олар онда тек жабайы аңдардан басқа ештеңе қалмағанын көреді. Олар Санийат аль-Вада'ға¹¹⁰⁶ жеткенде ет беттерімен құлап өледі.

Аль-Бухари, Муслим.

¹¹⁰⁵ Бұл Ахирет күнінің басталуының алдында болады.

¹¹⁰⁶ Таулы өткелдің аты.

1824. Хабар бойынша, Абу Са'ида аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Уақыттың соңына қарай санамай ақша тарататын халиф болады. **Муслим.**

1825. Хабар бойынша, Абу Муса аль-Аш'ари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Міндетті түрде, адам өзінің алтынымен садақа бермекші болып, оны алуға келісетін адам таппайтын уақыт болады, сондай-ақ ерлердің аздығынан және ейелдердің көптігінен бір ердің артынан қорған іздеп қырық әйелдің жүргенін көруге болатын болады. **Муслим.**

1826. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде бір адам бір адамнан меншікті жерін сатып алып, ол жерден бір құмыра алтын тауып алады да, оған: «Менен алтыныңды ал, өйткені мен сенен алтын емес жерді ғана сатып алдым ғой», - дейді. Жерді сатқан адам: «Бірақта мен саған жерді онда не бар соның бәрімен саттым

гой», - дейді. Осыдан кейін олар бір адамға төрелік жасап беруін сұрап барады да, ол адам: «Сендердің балаларың бар ма?», - деп сұрайды. Олардың бірі: «Менің қызым бар», - десе, екіншісі: «Менің ұлым бар», - дейді. Сонда ол адам: «Қызды ол балаға тұрмысқа беріп, ақшаны оларға жұмсандар, ал қалғанын жарлыларға таратып беріңдер», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1827. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Өздерінің балалары бар екі әйел болды да, кенеттен бір қасқыр келіп олардың бірінің баласын алып қашты, сонда баласын қасқыр алып қашқан әйел: «Қасқыр сенің балаңды алып қашты!», - деді. Басқасы: «Жоқ ол сенің балаң болатын!», - деді. Сонда олар Даудтың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, сотына барады да ол баланы үлкеніне беруді шешеді. Сосын олар Даудтың ұлы Сүлейменге, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болған жайдың бәрін баяндағанда ол: «Маған пышақ алып келіңдер, мен баланы екеуіңе бөліп беремін!», - дейді. Сонда кішісі: «Саған Аллаһ мейірімін төксін, олай істей көрме!», - дейді,

осыдан кейін ол баланы оған беруге әмір береді¹¹⁰⁷. **Аль-Бухари, Муслим.**

1828. Хабар бойынша, Мирдас аль-Аслами, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Мүминдердің бірінен кейін бірінің кететіндігі¹¹⁰⁸ соншама, ақыр аяғында адамдар, Аллаһ олар жайында қамқорлық жасамайтын, (Аллаһ алдында) арпа мен құрманың қалдықтары секілді еш пайдасыз болып қалады. **Аль-Бухари.**

1829. Хабар бойынша, Рифа' бин Рафи' аз-Зураки, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Жебірейіл (періште) Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, келіп: «Сендер араларыңдағы Бадр соғысына қатысқандарды кім деп санайсыңдар?»,- деп сұрағанда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Мұсылмандар-дың арасындағы ең жақсысы, санаймыз», - деді. Сон-да Жебірейіл: «Бадр соғысына қатысқан

¹¹⁰⁷ Сүлеймен пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, олай шешкені, ол әйелдің бала үшін бәріне дайын тұрғаны болды.

¹¹⁰⁸ Өлетіндігі.

періштелер де бізде солай саналады», - деді. **Аль-Бухари.**

1830. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала қайбір халыққа жазасын жіберетін болса, жаза ондағылардың бәріне тиеді¹¹⁰⁹, ал сосын олар қайта тіріліп оларға амалдарына байланысты беріледі. **Аль-Бухари, Муслим.**

1831. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әуелі пальма ағашының түбіріне шығып хұтпа айтатын, ал оған мінбер жасалғаннан кейін, біз ол түбірден буаз түйелерден шығатын дыбыстай дыбыс естідік, ол дыбыстар, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төмен түсіп оған қолын қойған кезде ғана тоқтады.

¹¹⁰⁹ Аллаһ Тағала айтты: «Және сендерден тек залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтаныңдар...» «Әнфәл» сүресі, 25 аят.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді:

Ал жұма күні Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінберге отырған кезінде, алғашында оның жанында хұтпа айтып жүрген пальма түбірі жарылып кете жаздағанша қатты дыбыс шығара бастады.

Бұл хадистің үшінші нұсқасында Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай дейді:

Сонда бала секілді айқайлап (жылай) бастады, ал Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, төмен түсіп, оны ұстап оған денесін тақап (құшақтады), сонда ол түбір, оны жұбатпақшы болған баладай өксіп даусы басылғанша жылады. Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол алғашқыдағы Аллаһты еске алу сөздерін сағынып жылады», - деді. **Аль-Бухари.**

1832. Хабар бойынша, Абу Са'ляб аль-Хушани Джурсум бин Нашир, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Аллаһ Тағала адамдарға белгілі бір нәрселерді міндеттеді, сондықтан оларды төрк етуші болмаңдар, сондай-ақ белгілі бір

шектеулерді қойды, сондықтан ол шектен шығушы болмаңдар және белгілі бір нәрселерге тыйым салды, сондықтан оларды бұзушы болмаңдар, ал кейбір нәрселер жайлы ұмытшақтықпен емес сендерге деген рахымшылығымен айтпады, сондықтан олар жайлы сұрастырушы болмаңдар¹¹¹⁰! **Ад-Даракути және басқа да мухаддистер келтірген жақсы хадис.**

1833. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, шегіртке жеген жеті әскери жорыққа қатыстық.

Бұл задистің тағы бір нұсқасында Жәбірдің, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай дегені келтіріледі:

Онда шегірткені онымен бірге жеген... **аль-Бухари, Муслим.**

1834. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹¹¹⁰ Яғни, Аллаһтың не жайлы айтпағанын сұрастырмаңдар, өйткені оларың өздеріңе қосымша қиын міндеттемелерді жүктеуге алып келуі мүмкін.

Мүминді бір іннен екі рет шақпайды¹¹¹¹. **Аль-Бухари, Муслим.**

1835. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала Ахиретте үшеумен сөйлеспейді, оларға қарамайды және оларды тазартпайды, сондай-ақ оларға жан түршігерлік азап бар: шөлде артық суы болып, оны жолаушыға беруден бас тартқан адамға, намаздігер (аср) намазынан кейін біреуге затын сатуға уәделесіп, сатушыға затын өзі ол бағаға аламаса да, мен пәлен бағаға алдым деп, Аллаһтың атымен ант беріп сендірген адамға, сондай-ақ басшысына осы дүниенің ісі үшін ант беріп, егер ол басшысы онысын берсе орындап, ал бермесе орындамайтын адамға. **Аль-Бухари, Муслим.**

1836. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен адамдарға Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Екі сүрдің арасында қырық өтеді», - деп айтқанын

¹¹¹¹ Бұл сөздердің мағынасы, иманды адам өзінің қателіктерін қайталамау керек, дегені – ал бәрін білуші бір Аллаһ қана.

жеткізгенімде, олар: «Иә Абу Хурайра, қырық күн бе?», - деп сұрады, бірақ мен жауап қатпадым. Олар таға да: «Қырық ай ма?», - деп сұрады, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын: «Мен тағы да үндемедім», - деді де, сосын былай деп қосты: «Аллаһ одан адамды қайтадан жасайтын, адамның құйымшағынан басқа жерінің бәрі шіріп кетеді, сосын Аллаһ көктен су жібереді де, олар шөп секілді өсе бастайды¹¹¹². **Аль-Бухари, Муслим.**

1837. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жиналған адамдармен әңгімелесіп отырған кезінде, оған бір бәдәуи келіп: «Ахирет қашан басталады?», - деп сұрады. Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оған жауап берместен әңгімесін одан ары жалғастыра берді, сонда кейбір адамадар: «Ол бәдәуидің айтқанын естіді де, бірақ оған оның айтқаны ұнамады», - десе, енді бірі: «Жоқ, ол естіген

¹¹¹² Абу Хурайрараның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бұл айтқандарының бәрі Пайғамбардан, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, естігендері.

жоқ», - деді. Сөйлеп болған соң Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ахирет жайлы сұрап жатқан қайда», - деп сұрады. Бәдәуи: «Мен мұндамын, иә Аллаһтың елшісі», - деп дауыс берді. Сонда ол: «Аманатқа¹¹¹³ берілген опат болған кезде, Ахиретті күте бер», - деді. Бәдәуи: «Ол қалайша опат болады?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Ол ісі бұған лайықсыздарға жүктелгенде болады және сол уақытта Ахиретті күте бер!», - деді. **Аль-Бухари.**

1838. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Имамдар сендермен намаз оқиды, сонда олар бәрін дұрыс орындаса¹¹¹⁴, онда сауабы сендерге тиеді де, ал егер олар шатасатын

¹¹¹³ Бұл жерде «аманат», дегені, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын шарифат білімі. **Бұл хдистің Аль-Бухари келтірген тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені елтіріледі:** «Ахирет күнінің жақындағанының белгілерінің бірі, ол білімді жастардан іздей бастағаны». Сонымен бұл жерде әңгіме, таза ілімнің жоғалып, надандықтың өршитіндігі жайлы болып тұр.

¹¹¹⁴ Яғни, парыз намазының уақыты мен оның барлық іс-әрекеттерінің дұрыс орындалуы.

болса, онда сендерге бәрібір сауап тиеді де¹¹¹⁵, бірақ бұл оларға қарсы (күнә) болады¹¹¹⁶. **Аль-Бухари.**

1839. Хабар бойынша, Аллаһ Тағаланың мына сөздері жайлы: «Сендер Аллаһқа сенетін қайырлы бір үммет болып шығарылдыңдар..»¹¹¹⁷, - Абу Харайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

«Адамдардың ішіндегі жақсысы болып, олар Исламға қосылулары үшін мойындарына шынжыр салып келгендері болады»¹¹¹⁸. **Аль-Бухари.**

1840. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың

¹¹¹⁵ Бұл хадистің басқа нұқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі: «ал егер олар бәрін дұрыс істесе, онда сендерге, оларға да сауабы тиеді.

¹¹¹⁶ Егер имам біле тұра әдейі қателік жасайтын болса, онда ол күнәсін тартады. Ал егер имам білмей (не абайсызда) намаз бұзылатындай қате жасайтын болса, онда ол намазын қайталап оқып шығу керек, бірақ та бұдан оның артында тұрған адамдардың намазы бұзылмайды. Басқа жағдайда бұның мына аударылым түрі дұрысырақ болар еді: «...онда сендерге бәрібір сауабы тиеді де, бірақ оларға намазын тағы қайталап оқып шығу кереку».

¹¹¹⁷ «Аль-Имран» сүресі, 110 аят.

¹¹¹⁸ Яғни, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, бұл сөздерді Аллаһтың елшісінен, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, естіген.

елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала Жәннәтқа шынжырларымен кірген адамдарға таң қалады¹¹¹⁹. **Аль-Бухари.**

Бұл дегеніміз, олар тұтқынға түсіп шынжырланады да, содан кейін Ислам қабылдап Жәннәтқа кіреді.

1841. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Қалалардың (биләд¹¹²⁰) ішіндегі Аллаһ үшін ең сүйікті жерлері болып олардың - мешіттері, ал ең жеккөрінішті жерлері олардың базарлары саналады. **Мүслим.**

¹¹¹⁹ Таң қалады дегені, Аллаһ бұндай көп сый күтіп тұрған адамдарға риза болады дегені. Сондай-ақ бұл жерде алдыңғы хадистегідей, алдымен тұтқынға түсіп, сосын Исламның ақаикаттығына көздері жетіп өз еріктермін Ислам қабылдап және сол арқылы Жәннәтқа кіретін адамдар жайлы айтылып жатыр.

¹¹²⁰ «Биляд» — «ел, аймақ», дегенді білдіретін «баләд» сөзінің көпше түрі.

1842. Хабар бойынша, Сальман аль-Фариси, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мүмкіншілігің болса базарға кірушілердің алғашқысы да, шығушыларының соңғысы да болма, өйткені Шайтан базарда өзінің шайқасын жүргізеді¹¹²¹ және онда өзінің туын орнатады. **Осы күйде бұл хадисті Муслим келтіреді.**

Бұл хадисті өзінің «Сахихінде» аль-Баракани келтіреді. Онда Сальманның, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуы бойынша Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді:

Базарға кірушілердің біріншісі де, шығушылардың соңғысы да болма, өйткені Шайтан онда өзінің жұмырқаларын басып өзінің балапандарын шығарады¹¹²².

1843. Хабар бойынша, Асим аль-Ахуал, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Иә

¹¹²¹ Яғни, шайтан адамдардың ішіндегі достарына харам істерді жасауға ұмтылдырады.

¹¹²² Яғни, шайтан риза болатын амалдар жасалатын орын.

Аллаһтың елшісі, сені Аллаһ кешірсін!», - дедім, сонда ол. «Сені де!», - деді.

Асим айтты:

Мен Абдуллаһқа: «Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, осылай сен үшін Аллаһтан кешірім сұрады ма?», - деді. Ол: «Иә, сен үшін де», - деп сосын ішінде мына сөздері бар аятты оқыды: «...Өзіңнің әрі мүмин ер әйелдердің күнәлерінің жарылқануын тіле!...¹¹²³»

1844. Хабар бойынша, Абу Мас'уд аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, адамдарға алғашқы пайғамбарлықтан¹¹²⁴ жеткен сөздер мыналар: егер сен ұялмасаң, онда не істегің келсе соны істей бер¹¹²⁵. **Аль-Бухари.**

¹¹²³ «Мухаммад» сүресі, 19 аят.

¹¹²⁴ Яғни, Мухаммад пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, алдындағы пайғамбарлардан.

¹¹²⁵ Тәпсірлерде бұның түрлі мағыналары келтіріледі. Олардың бірі бойынша, егер ісі үшін Аллаһтың және адамдардың алдында ұялмайтын болса, онда оны істей беруге болады, яғни ондай істің хәләдігі. Ал енді бірінде бұл сөздерді қорқыту ретінде түсінуге болады: егер сен ұяттан безген болсаң, онда не істегің еңлсе соны істей бер, бірақ артынан Аллаһ соның үшін жазанды береді.

1845. Хабар бойынша, Абу Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ахиретте алдымен араларында қан төгілген адамдардың арасында билік айтылады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1846. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Періштелер – нұрдан, жындар – таза жалыннан¹¹²⁶, ал Адам сендерге бұның алдында айтылғаннан жаратылған¹¹²⁷. **Муслим.**

1847. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

¹¹²⁶ Яғни, түтінсіз оттың жалынынан. «Рахман» сүресінің 15 аятын қара.

¹¹²⁷ Бұл жерде былай деп айтылған Құран аяты жайлы айтылып жатыр: «Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз». «Та-ха» сүресі, 55 аят.

Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінезі Құран болатын¹¹²⁸.
Муслимнің келтірген ұзын хадисінің бөлігі.

1848. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Кім Аллаһпен кездескісі келсе, Аллаһ сонымен кездескісі келеді, сондай-ақ Онымен кездескісі келмегенмен кездескісі келмейді», - деді. Мен: «Иә Аллаһтың елшісі, сен өліммен кездескісі келмегендікті айтасың ба? Бірақ бізден ешкім оны қаламайды!», - деп сұрадым. Бұған Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Мәселе бұда емес, иманды адам Аллаһтың мейірімі, Оның Жәннәті жайлы хабар алғанда, ол Аллаһпен кездесуді қалай бастайды да, ал Аллаһ болса онымен кездесуді қалай бастайды. Ал имансыз адам жайлы айтатын болсақ, онда, расында, ол Аллаһтың оны салатын азабы және Аллаһтың қаһарының күтіп тұрғаны жайлы хабар алғанда, оған Аллаһпен кездесу жеккөрінішті болады да, Аллаһ үшін де онымен кездесу жеккөрінішті болады. **Муслим.**

¹¹²⁸ Яғни, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінезі Құранның бүкіл үкімдеріне сай келетін.

1849. Хабар бойынша, мұминдердің анасы Сафийа бинт Хвйайй, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, үздіксіз мешітте болды¹¹²⁹ да, мен оған келдім. Онымен біраз сөйлесіп болған соң, мен үйге қайту үшін орнымнан тұрдым, Пайғамбар да, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мені шығарып салмақшы болып орнынан тұрып (менімен жүрді). Осы уақытта біздің жанымыздан екі ансар өтіп бара жатып, Пайғамбарды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көре салысымен жүрістерін тездете бастады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға: «Асықпаңдар, бұл Сафийа бинт Хвйайй ғой!», - деді. Олар: «Субхана-Лааһи (Аллаһқа мадақ), иә Аллаһтың елшісі!¹¹³⁰», - деді. Сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, Шайтан адамға еніп қан секілді жайылады. Сондай-ақ, расында, мен оның сендердің жүректеріңе мен жайында жамандықты салады ма, деп сескендім!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹¹²⁹ Рамаданның соңғы он күніндегі үздіксіз мешітте болуы.

¹¹³⁰ Яғни: «Субхана-Лааһи, иә Аллаһтың елшісі, біз сен жайлы басқа (жаман) ойда болуымыз мүмкін бе?!», - деп таңырқап жатыр.

1850. Хабар бойынша, Абу-ль-Фадль аль-Аббас бин Абд аль-Мутталиб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мен Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге Хунайн шайқасында болдым, сонда біз Абу Суфйан бин аль-Харис бин Абд аль-Мутталиппен бірге, бір қадамға да қалмастан онымен бірге болдық, ал Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, болса ақ қашырдың үстінде отырды. Көпқұдайшылдармен кездесіп соғыса бастағанда, мұсылмандар алдымен қаша бастады, ал Аллаһтың елшісі болса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қашырын имансыздарға қарай бағыттай бастады, осы уақытта мен ол қатты жүгіріп кетпесін, деп оның қашырының жүгенінен ұстап тартып жүрдім, ал Абу Суфиан болса оның үзеңгісінен ұстап жүрді. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Иә Аббас, маған талдың астында ант бергендерді шақыршы!¹¹³¹», - деді.

Жуан дауысты Аббас айтты:

Сонда мен бар даусыммен: «Талдың астында ант бергендер қайдасыңдар?», - деп айғай салдым¹¹³², Аллаһтың атымен ант етемін,

¹¹³¹ «Аллаһ риза болған», мұсылмандардың Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, талдың астында аль-Худабияда берген анттары.

¹¹³² Сонда оның даусы сегіз миль қашықтыққа дейін жетті, делінеді.

менің даусымды естісімен, олар маған қарай бұзауына жүгірген сыйырдай: «Міне біз алдындамыз, міне біз алдындамыз!», - деп жүгіріп келіп, тағы да көпірлерге қарсы соғысқа лап берді. Ал ансарлар болса: «Иә ансарлар қауымы, иә ансарлар қауымы!», - деп, бір-бірін шақырды, сосын тек: «Иә бану-ль-харис бин аль-хазрадж!», - деп айқайлады. Сонда Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, оларға қарап алдыға еңкейіп: «Міне енді нағыз соғыс қызды!», - деді. Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, майда тастарды уыстап алып, оны көпірлердің беттеріне лақтырды¹¹³³ да: «Мухаммадтың Раббысының атымен ант етемін, олар талқандалды!», - деді. Мен шайқастың сол қалпында жалғасып жатқанына қарап тұрдым¹¹³⁴ да, Аллаһтың атымен ант етемін, оның сол тастарды лақтырғанынан кейін көпірлер ұдайы күштерін жоғалтып отырып, ақыр аяғында қаша жөнелгенін көрдім. **Муслим.**

1851. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

¹¹³³ Құранда Бадр соғысы жайлы былай делінеді: «Атқан кезде сен атпадың, бірақ Аллаһ атты» **«Әнфел» сүресі 17, аят.**

¹¹³⁴ Яғни, екі жақтың да күші бірдей еді.

Иә адамдар, расында, Аллаһ Игілік болып табылады, сонда-ақ Ол игіліктіден бсқаны қабыл аламайды, сондай-ақ, расында, Ол елшілерге әмір етекенін мүминдерге де әмір етті, сондай-ақ Аллаһ Тағала айтты: «Әй пайғамбарлар! Таза нәрселерден жеңдер, игілік істендер...»¹¹³⁵. Сондай-ақ Аллаһ Тағала айтты: «Әй мүминдер! Ризықтандырғанымыздың жақсысынан жеңдер...»¹¹³⁶

Абу Хурайра айтты:

Сосын Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, көптен сапарда болып шаштары таралмай үсті басын шаң басқан адамның қолдарын көтеріп: «Иә Раббым!», - дегені жайлы айтып: «Оның жегені харам, сондай-ақ ішкені харам, сондай-ақ кигені харам және харам түрде өсірілген болса, онда оның дұғасына қалайша жауап берілмек?!», - деді.

Муслим.

1852. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала Ахиретте үшеумен сөйлеспейді, оларға қарамайды және оларды тазартпайды, сондай-ақ оларға жан түршігерлік

¹¹³⁵ «Мүминхүн» сүресі, 51 аят.

¹¹³⁶ «Бақара» сүресі, 172 аят.

азап бар: зинашы қарт, өтірік айтатын басшы және тәкәппәр кедей. **Муслим.**

1853. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Сайхан мен Жайхан¹¹³⁷, Евфрат пен Нил – бұл өзендердің бәрі Жәннәт өзендерінің қатарынан. **Муслим.**

1854. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, менің қолымнан ұстап былай деді: «Аллаһ жерді сенбі күні жаратты, сондай-ақ Ол оның үстіндегі тауларды жексенбі күні жаратты, сондай-ақ Ол ағаштарды дүйсенбі күні жаратты, сондай-ақ Ол бүкіл жамандықты сейсенбі күні жаратты, сондай-ақ Ол нұрды сәрсенбіде жаратты, Сондай-ақ жер бетіне хайуандардың бәрін бейсенбі күні таратты және Адамды, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

¹¹³⁷ Кейбір тәпсіршілер Сайхан мен Жайханда арабтардың Сырдария мен Амударияны атаған Сайхуны мен Джайхуны, деп түсіну керек, дейді, ал ан-Науауи болса бұл жерде басқа өзендер жайлы айтылып жатыр, деп ойлайды.

болсын, түстен кейін жұма күні жаратты, сонда ол түстен кейінгі уақыт пен түннің арасындағы соңғы жаратылыс болды. **Муслим.**

1855. Хабар бойынша, Абу Суляйман Халид бин аль-Уалид, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Мута соғысында¹¹³⁸ менің қолымда тоғыз қылыш сынды, сонда менің қолымда Иемендік өткірден басқа ешнәрсе қалмады. **Аль-Бухари.**

1856. Хабар бойынша, Әмір бин аль-Ас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Егер қази өзі шешім қабылдап¹¹³⁹, шешімі дұрыс болса¹¹⁴⁰, онда оған екі сауп тиесілі, ал егер ол өзі шешім қабылдап қателессе, онда оған бір сауп тиесілі. **Аль-Бухари, Муслим.**

¹¹³⁸ Бұрын-соңды адамзат тарихында болмаған соғыс. Ол соғыста үш мың әскерлік мұсылмандар, Шамның оңтүстік шекарасында екі жүз мыңдық Византия әскеріне тойтарыс берген – **аударушыдан.**

¹¹³⁹ Бұл жерде ижтихад жайлы айтылып жатыр: яғни, шарифаттың үкімдерінде тура жауап болмай, өздігімен сол үкімдерге сүйене отырып шешім қабылдау.

¹¹⁴⁰ Яғни, Аллаһ пен Оның үкіміне сай келсе.

1857. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ыстық (безгек) Тозақтың кеңеуінен көтеріледі, оны сумен басындар. **Аль-Бухари, Муслим.**

1858. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ораза ұстауы керек болған өлген адам үшін¹¹⁴¹ оразаны жақындарының бірі ұстасын. **Аль-Бухари, Муслим.**

Сонымен өлген адамның парыз оразасынан қазасы болса, онда ол (өлген адам) үшін ораза ұстауға болатындығы айқын көрініп тұр. Ал жақындары жайлы айтатын болсақ, оларға мұрагерлері және мұрагерлері емес жақындары жатады.

1859. Хабар бойынша, Ауф бин Малик бин ат-Туфайл былай деді:

Кезінде Айшаға, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, оның қолындағысының беруі мен сатуы жайлы, Абдуллаһ бин аз-Зубайрдың, оған

¹¹⁴¹ Яғни, парыз оразадан қазасы болса.

Аллаһтың ризашылығы болсын: «Аллаһтың атымен ант етемін, ол не олай істеуін қояды, не оған мен олай істеуіне кедергі боламын», - деген сөздерін жеткізді. Бұны естіген (Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын): «Шынымен-ақ ол солай айтты ма?», - деп сұрады. Адамдар: «Иә», - деді. Сонда ол: «Мен аз-Зубайрмен сөйлеспеуге Аллаһ алдында уәде (ант) беремін!», - деді. Араларындағы бұл шиеленістен кейін аз-Зубайр, Айшаның алдында өзіне болысуы үшін ортаға адамдар сала бастады, бірақ ол: «Жоқ, мен ол үшін болысушыларды тыңдамаймын және Аллаһқа берген уәдемнен таймаймын!», - деумен болды. Көптеген әрекеттерден кейін Ибн аз-Зубайр, аль-Мисвар бин Махрам және Абд ар-Рахман бин аль-Асуад бин Абд Йагуске: «Сендерден Аллаһтың атымен сұраймын мені Айшаға алып барыңдар, өйткені, расында, оған менімен мәңгілікке үзу жайында уәде беруге рұқсат жоқ!», - деді. Сонда аль-Мисуар мен Абд ар-Рахман оны өзімен бірге алып Айшаға кіруге рұқсат сұрап: «Саған сәлем, Аллаһтың рахымы және оның берекесі болсын, бізге кіруге рұқсат па?», - деді. Аиша: «Кіріңдер», - деді. Олар: «Бәріміз бе?», - деп сұрады. Ол, олармен аз-Зубайрдың барын білмей: «Иә, бәрің кіріңдер», - деді. Олар үйге кіргенде Ибн аз-Зубайр

перденің ар жағына өтіп Айшаны құшқтады¹¹⁴² да көзін жасқа толтырып одан кешірім сұрай бастады. Өздері жағынан аль-Мисуар мен Абд ар-Рахман да: «Сен білесің ғой Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мұсылмандарға бір-бірімен үзуге тыйым салғанын және мұсылманға өзінің бауырын үш күннен артыққа тастауға болмайтындығын білесің ғой!», - деп одан онымен қайтадан сөйлесе бастауын және кешіруін сұрай бастады. Олардың оған көп рет осы тыйым жайлы және бұл тыйымды бұзу күнә екендігі жайлы есіне салғаннан кейін, Айша оларға өзінің Аллаһқа берген уәдесін естеріне салып: «Расында, мен оны бұзса, күнә болатын уәде бердім», - деп жылай бастады, дегенмен олар Айша аз-Зубайрмен сөйлескенше Айшаны үгіттеумен болды, ал Айша уәдесін бұзғаны үшін қырық құл босатты. Соңынан Айша өзінің уәдесі жайлы есіне алғанда әрдайым жамылғышы жылаған жасынан су болғанша жылайтын. **Аль-Бухари.**

¹¹⁴² Аз-Зубайрдың перденің ар жағын өтіп оны құшақтағаны аз-Зубайр, Айшаның туған жиені еді, яғни Айшаның апасы Асманьң баласы.

1860. Хабар бойынша, Уқба бин Әмір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Ухуд соғысынан сегіз жыл өткеннен кейін Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың иілігі мен сәлемі болсын, тірілермен және өлілермен қоштасқандай сол шайқаста қаза болғандардың моласына (мазарына) барып оларға жаназа дұғасын оқыды сосын мінберге көтеріліп: «Расында, мен сендерден бұрын барамын да сендер жайлы куәлік беремін, сондай-ақ, расында, сендер менімен (хуад) суатының жанында кездесесіңдер, сондай-ақ, расында, мен оған өзімнің орнымнан қарап тұрмын! Мен сендерді көпқұдайшылдыққа кіреді, деп қорықпаймын, менің қорқатыным сендер осы дүниенің рахаты үшін бір-біріңмен жарысасындар ма, деп қорқамын!», - деді.

Уқба бин Әмір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Сол күні мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, соңғы рет көрдім. **Аль-Бухари; Муслим.**

Бұл хадистің тек Муслим келтірген тағы бір нұсқасында Уқбаның, оған Аллаһты ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, балай деп айтқанын жеткізгені келтіріледі:

...бірақ мен сендер осы дүние үшін жарысып және шайқасып, сендерге дейінгілер мерт болғандай мерт боласындар ма деп қорқамын!

Уқба бин Әмір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Сол күні мен Аллаһтың елшісін, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, мінберде тұрғанын соңғы рет көрдім.

Бұл хадистің тек аль-Бухари келтірген үшінші бір нұсқасында Уқбаның, оған Аллаһты ризашылығы болсын, Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, балай деп айтқанын жеткізгені келтіріледі:

Расында, мен сендерді озып барамын және сендер жайлы куәлік беремін, сондай-ақ Аллаһтың атымен ант етемін мен кәзір өзімнің суатымды көріп тұрмын, сондай-ақ, расында, маған Жердің асылдарының кілті берілді (немесе: ...Жердің кілті), сондай-ақ, расында, Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендерді менің өлімімнен кейін көпқұдайшыл болады, деп қорықпаймын, бірақта сендерді осы дүниенің игіліктері үшін бір-біріңмен жарысасындар ма, деп қорқамын!

Ухудтағы өлгендерге жасалған дұға бұл жерде жәй дұға емес, Аллаһқа олар үшін жасалған дұғасы жайлы айтылып тұр.

1861. Хабар бойынша, Абу Зайд Амр бин Ахтаб аль-Ансари, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бізбен бірге таң намазын оқыды да, сосын мінберге көтеріліп бесін намазының уақыты келгенше бізге уағыз айтты. Сосын ол төмен түсіп ол намазды оқыды да, қайтадан мінберге көтеріліп ол жерде намаздыгер намазының уақыты кіргенше тұрды. Сосын ол төмен түсіп ол намазды оқыды да, қайтадан мінберге көтеріліп ол жерде күн батқанша тұрды, сол уақыт аралығында ол бізге не болғандығы және не болатындығы жайлы айтып берді, ал арамыздағы ең жақсы білетіндер¹¹⁴³ бұны бәрінен жақсы естерінде сақтап қалды. **Муслим.**

1862. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһқа бағынамын деп уәде берген Оған бағынсын, ал Оған бағынбауға уәде бергендер

¹¹⁴³ Яғни, Құран аяттарын жақсы білетіндер.

Оған бағынбаудан баст тартсын¹¹⁴⁴. **Аль-Бухари.**

1863. Хабар бойынша, Умм Шарик, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оғн Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, маған кесірткені¹¹⁴⁵ өлтіруге әмір берді де: «Мұндай кесіртке Ибраһимнің, оған сәлем болсын, отын желпіген¹¹⁴⁶», - деді.

Аль-Бухари, Муслим.

1864. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кесірткені бір соққымен өлтіргенге мұнша сауап жазылады, кесірткені екі соққымен өлтіргенге, бір соққымен өлтіргеннен мұншама кем сауап жазылады, ал кесірткені үш соққымен өлтіргенге, екі соққымен өлтіргеннен мұншама кем сауап жазылады.

¹¹⁴⁴ Яғни, уәдесін бұзсын.

¹¹⁴⁵ Дәлірек айтатын болсақ гекко тұқымдас кесірткелер тобы («самм абрас» не болмаса «вазаг»).

¹¹⁴⁶ Ибраһим, оған сәлем болсын, отқа тасталғанда барлық жануарлар оны сөндіргісі келсе, ал бұл кесіртке отты керісінше желпіп үрлеген.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Кім кесірткені бір соққымен өлтірсе оған жүз сауап жазылады, кесірткені екі соққымен өлтіргенге сауабы кемірек жазылады, ал оны үш соққымен өлтіргенге одан да кем жазылады.

Муслим.

1865. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде бір адам: «Мен міндетті түрде садақа беруім керек!», - деп үйінен шығып білмей садақасын ұрының қолына ұстатады, ал таңертең адамдар: «Садақаны ұрыға берді!», - дей бастайды. Сонда ол адам: «Иә Аллаһ, мадақ Саған, мен міндетті түрде садақа беруім керек!» - деді. Ол тағы да үйінен шығып бұл жолы садақасын жаман жолмен жүруші әйелдің қолына ұстатады, ал таңертең болса адамдар: «Бұл түні жаман жолмен жүруші әйелге садақа берілді!», - деп айта бастайды. Сонда ол адам: «Иә Аллаһ, мен садақаны жаман жолмен жүруші әйелге бердім, бірақта мен міндетті түрде тағы да садақа беруім керек!», - деді. Сонымен ол тағы да үйінен шығып бұл жолы

садақасын бай адамның қолына ұстатты да, таңертең адамдар: «Садақа байға берілді!», - деп айта бастады. Бұны естіген ол: «Иә Аллаһ, мадақ Саған, мен садақаны ұрыға, жаман жолдағы әйелге және байға бердім!», - дейді, ал осыдан кейін оған біреу келіп¹¹⁴⁷: «Сенің ұрыға берген садақаң жайлы айтатын болсақ, бәлкім ол сенің берген садақаңның арқасында ұрлауынан тоқтар, жаман жолмен жүруші әйел жайлы айтатын болсақ, бәлкім ол зина жасауынан бас тартар, ал бай адам жайлы айтатын болсақ, мүкін ол осыдан сабақ алып Аллаһтың оған бергенінен Аллаһтың жолында жұмсар», - деді. **Дәл осы күйде бұл хадисті аль-Бухари келтіреді, ал Муслим болса мағынасы осыған ұқсас хадис келтіреді.**

1866. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бірге қонақта болған кезімізде оған оның сүйетін (тамағы), қойдың жауырынын берді, сонда Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді: «Мен Ахиретте барлық адамдардың басшысы боламын. Сендер бұның себебін білесіңдер ме? Өйткені Аллаһ алғашқылар мен соңғыларды бәрін бір төбенің

¹¹⁴⁷ Яғни, түсінде біреуді көреді.

басына жиналды, ал сонда төбеде тұрған олардың бәрін көріп, ал жаршының айқайын бәрі ести алатындай болады. Сонда оларға күн жақындатылып оларды қайғы мен қасырет қинағаны сонша олардың күштері құрып, шыдамдары таусылып бір-біріне: «Сендер қандай жағдайға жеткендеріңді көрмейсіңдер ме? Сендер өздерің үшін кім болысатын шапағатшыны іздемейсіңдер ме?», - дей бастайды. Сонда бір адамдар басқаларына: «Сендердің әкелерің – Адам!» Солай адамдар оған барып: «Иә Адам, сен – адамдардың әкесісің, Аллаһ сені өзінің қолымен жаратты және саған өзінің рухынан үрледі, сондай-ақ Оның әмірімен олар сенің алдында сәжде жасады және Ол сені Жәннәтта орналастырды, сондықтан біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағат жасамайсың ба! Сен біздің қандай күйге жетіп, қандай жағдайда тұрғанымызды көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда Адам: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, сондай-ақ, расында, Ол маған ол ағаштың жемісін жеуге тыйым салды, ал мен болсам оның айтқанын орындамадым! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар Нұхқа барыңдар!», - дейді. Солай олар Нұхқа келіп: «Иә Нұх, сен жердегі

Аллаһтың ең бірінші елшісің, сондай-ақ Аллаһ сені игілікті құлым деп атады. Сен біздің қандай күйге жетіп, қандай жағдайда тұрғанымызды көрмейсің бе?! Біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағат жасамайсың ба!», - дейді. Сонда ол: «Расында, бүгін менің Ұлы да Құдіретті Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, сондай-ақ, расында, менің жердегі өмірімде Аллаһқа бір дұға айтуыма рұқсат берілген болатын, мен сол дұғаны өзімнің халқым үшін жасап қойдым. Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар менен басқаға Ибраһимге барыңдар!», - дейді. Сонымен олар Ибраһимге келіп. «Иә Ибраһим, сен – Аллаһтың пайғамбарысың және Оның Жер тұрғындарының арасындағы досысың, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағатшы болсайшы! Сен біздің қандай жағдайда тұрғанымызды көріп тұрған жоқсың ба?!», - дейді. Сонда ол оларға: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, мен жайлы айтатын болсақ мен үш рет шындықты айтпадым! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар Мұсаға барыңдар!», - дейді. Сонымен олар Мұсаға

барып: «Иә Мұса, сен – Аллаһтың елшісің, сондай-ақ Аллаһ сенімен Өзінің жолдауын ұстатып және сенімен сөйлесіп, сені басқалардан гөрі жоғары бағалады, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағатшы бол! Сен біздің қандай күйде тұрғанымызды көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда ол: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды, ал мен жайлы айтатын болсақ, мен маған әмір етілмеген адамды өлтірдім! Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер менен басқаға Исаға барыңдар!», - дейді. Сонымен олар Исаға келіп: «Сен Аллаһтың елшісі әрі Оның Мәриәмға сыйлаған сөзісің және Оның рухысың, сондай-ақ сен адамдармен бесікте жатқан кезінде-ақ сөйлестің, біз үшін Раббыңның алдында болысып шапағат жасасайшы! Сен біздің қандай күйге жеткенімізді көрмейсің бе?!», - дейді. Сонда Иса: «Расында, бүгін менің Раббымның ашуланғаны соншалық, Ол бұдан бұрын бұлай ашуланған емес және бұдан кейін де бұлай ашуланушы болмайды!», - дейді де, бірақ өзінің ешқандай күнәләрі жайлы айтпастан: «Мен өзім, мен өзім қорғанға мұқтажбын, ал сендер болсаңдар менен басқаға, Мухаммадқа, оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, барыңдар», - деді.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

Сонымен олар маған келіп: «Иә Мухаммад, сен – Аллаһтың елшісің және пайғамбарлардың соңысың, ал Аллаһ болса сенің өткен және болашақ күнәләрәңнің бәрін кешірді, біз үшін өзіңнің Раббыңның алдында болысып шапағатшы болсайшы! Сен біздің қандай күйде тұрғанымызды көрмейсің бе?», - дейді. Сонда мен Аллаһтың Күрсісінің етегінің жанына барып Раббымның алдында сәждеге құлаймын, сосын ол маған бұрын соңды ешкімге ашпаған мақтау мен мадақтау сөздерін ашады, сосын маған: «Иә Мухаммад, басыңды көтер! Сұра, сұрағаның беріледі, шапағатшы бол, сенің шапағатың қабылданады!», - делінеді. Сонда мен басымды көтеріп: «Менің үмметім, иә Раббым, менің үмметім, иә Раббым, менің үмметім, иә Раббым!», - деймін. Сонда маған: «Иә Мухаммад үмметіңнен есептен босатылғандарды¹¹⁴⁸ Жәннәттің оң қақпасынан кіргіз, бірақта олар адамдармен бірге басқа қақпалардан да кіре алады!», - делінеді.

¹¹⁴⁸ Тағы бір хадистерде Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Жәннәтқа менің үмметімнен жетпіс мың адам есепсіз кіреді, деген сөздері келтіріледі.

Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, расында, жәннәт қақпаларының екі жармасының арасы Мекке мен Хаджардың (не:... Мекке мен Бусраның) арасындай! **Аль-Бухари, Муслим.**

1867. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Ибраһим Исмайлдың шешесін¹¹⁴⁹, оның әлі емшектегі баласы Исмайлмен бірге Үйдің¹¹⁵⁰ жанында, кейін Зәм-зәм атқан мешіттің үстіңгі жағында орналасқан талдың жанына әкеліп қалдырды. Ол кезде ол жерде су болмағандай Мекке де болмаған болатын, сонымен ол оларды сол жерде оларға бір қап құрма мен бір торсық су тастап қалдырды. Сосын Ибраһим бұрылып артқа қайтты, ал Исмайлдың шешесі болса: «Иә Ибраһим, сен бізді не адам, тіпті ешкімі жоқ жерге тастап, қайда барасың?», - деп артынын жүрді де бұл сөздерін көп рет қайталады, бірақ ол оған бұрылып қарамады да. Сосын Исмайлдың шешесі одан: «Саған бұны істеуге әмір берген Аллаһ па?», - деп

¹¹⁴⁹ Исмайлдың шешесі Хажжар (інжілдегі Агарь) болған. Оны Ибраһимнің әйелі Сараға мысыр патшасы сыйлық ретінде берген, ал Сара болса оны өзі Ибраһимге сыйлаған.

¹¹⁵⁰ Яғни, соңынан Қағба салынған жер.

сұрады. Ол: «Иә!, - деп жауап берді. Исмайлдың шешесі: «Онда Ол біздің құрып кетуімізге жол бермейді!», - деді, ал Ибраһим болса, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ары қарай кетіп ас-Санийаға жетіп олар енді оны көрмейді дегенде Үйге қарай бұрылып: «Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйіңнің (Қағбаның) жанында орналастырдым. Раббымыз, олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілін оларға ауатын қыл! Сондай-ақ оларды, жемістермен ризықтандыр! Әрине олар шүкірлік етер»¹¹⁵¹, - деп, қолын көккее көтеріп дұға жасады. Ал Исмайлдың шешесі жайлы йтатын болсақ, ол оны емізіп және (қалдырған) суды ішті, ал торсықтағы су таусылған кезде Исмайлдың шешесі мен Исмайлды шөл қинай бастайды. Сосын ол баласының шөлден қиналып өзінің алдында домалап жатқанына қарайды, сосын, оның қиналып жатқанын көргісі келмей ол жерден кетіп, ол жердегі ең жақын төбе ас-Сафа төбесі екенін көріп, оған көтеріліп біреуді көру мақсатымен алқапқа (далаға) бұрылып қарайды, бірақ ешкімді таба алмайды. Сонда ол ас-Сафадан түсіп алқапқа жеткен кезде, киімінің етегін көтеріп, діңкесі құрыған адамның жүгірісімен жүгіре жөнеліп, сол алқаптан өтіп аль-Маруаға жетеді. Ол төбеге көтерілісімен, біреуді табу үмітімен жан-жағына

¹¹⁵¹ «Ибраһим» сүресі, 37 аят.

қарай бастаайды, бірақ тағы да ешкімді таба алмайды, осылайша ол осы жолмен жеті рет өтеді.

Ибн Аббастың, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтуымен, Пайғамбрдың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

Міне адамдардың олардың арасында жүгірулерінің себебі осында.

Сосын Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әңгімесін одан ары қарай жалғастырды:

Аль-Маруаға жетісімен, ол бір дауыс есітіп өзіне: «Тыныш!», - деп, тыңдай бастап тағы оны естиді. Сонда ол: «Сен маған өзімді естірттің, ал маған көмектесе аласың ба?», - деді. Сонда ол қазір Зам-зам ағып жатқан жерде өзінің окшесімен жерді ол жерден су атқылағанша қазып жатқан періштені көрді. Ол су аққан жердің айналасын кеңейтіп қазып және қолындағы торсығын толтыра бастады, бірақ торсығын толтырып болысымен де су аққанын тоқтатпады.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені елтіріледі:

... ол жерден суды қанша алса (жер астынан) соншасы қайтадан шығып жатты.

Ибн Аббастың айтуы бойынша Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ары қарай былай деді:

Аллаһ Тағала Исмайлдың шешесіне рахым етсін! Егер ол Зәм-зәмнің (суын құйып алмай) қалдырғанында, ол жер бетіне сел болып ағар еді.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әңгімесін одан ары қарай жалғастырды:

Ол өзі су ішіп баласының да шөлін қандарған соң періште: «Өлімнен қорықпаңдар, өйткені, расында, бұл жерде мына бала мен оның әкесінің салатын Аллаһтың үйі болады, сондай-ақ, расында, Аллаһ өзіне ғибадат етушілерді тастамайды!», - деді. Сосын Қааба салынған жер жайлы айтатын болсақ, ол төбе секілді жота болып оның оң жағынан және сол жағынан (жаңбыр жауғанда) сулар ағатын. Исмайлдың шешесі (Хаджар) ол жерде жандарынан Қада жақтан келе жатқан журхум руының адамдары өткенше солай тұра берді. Олар қазіргі Меккенің төменгі жағына тоқтап, онда ұшып жүрген құсты көріп: «Мына құс судың үстінде қалғып жүрсе керек, біоақта біз бұл аймақта судың жоқтығын білеміз!», - деді. Сосын олар ол жерге өздерінің бір не болмаса екі елшісін біліп келуге жіберді де, олар оннан суды көріп оны айтып келді. Осыдан кейін олардың қалғандары сол жаққа жылжыды. Исмайлдың шешесі болса судың жанында отырды да олар одан: «Бізге сенің

жаныңда орналасуға рұқсат бересің бе?», - деп сұрады. Ол: «Иә, бірақ мына қайнар көзге хақыларың болмайды», - деді де, олар: «Жақсы», - деп ұсынысын қабыл алды.

Ибн Аббастың айтуы бойынша Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ары қарай былай деді:

Жұртпен әңгімелескенді жақсы көретін Исмайлдың шешесіне бұл ұнады да, олар ол жерде қала беріп, артынан өздерінің жанұяларына адамдар жіберіп, сосын бәрі сол жерде тұра бастады. Сонымен бала өсіп олардан араб тілін үйреніп алды, ал олар болса оны құрметтеп сыйлайтын, сосын ол ер жеткен соң өздерінің рулас қыздарына үйлендірді. Исмайл үйленіп шешесі қайтыс болғаннан кейін өзінің қалдырып кеткендерін көріп кетуге Ибраһим келді, бірақта ол келгенде Исмайл үйінде болмады. Сонда Ибраһим ол жайында оның әйелінен сұрастыра бастады да, әйелі: «Ол бізге бір нәрсе табу үшін кетті¹¹⁵²», - деді. Сосын Ибраһим одан тұрмыстарын қандай екендігін және жағдайларын сұрағанда ол: «Жағдайымыз нашар, өйткені біз мұқтаждық пен кедейліктің дәмін татып отырмыз!», - деді де, сосын оған шағымдана бастады. Ибраһим: «Күйеуің келген кезде менің атымнан оған сәлем айт та, оған айт, есігінің табалдырығын

¹¹⁵² Бұл хадистің басқа нұсқасында: «...ол бізге аң аулап келу үшін кетті», - делінеді.

ауыстырсын», - деді. Ал Исмайл келген кезде, бір нәрсе сезгендей: «Сендерге біреу келді ме?», - деп сұрады. Әйелі: «Иә, бізге бір қарт кісі келіп, бізден сен туралы сұрастырды да, мен оның сұрағандары туралы айтып бердім, сосын ол менен біздің тұрмысымыз жайлы сұрады да, мен біздің кедейлік пен мұқтаждық көріп жатқанымыз жайлы айттым», - деді. Исмайл: «Ол саған кеңес айтты ма?», - деп сұрады. Ол: «Иә ол саған сәлем айтып, есігіңнің табалдырығын ауыстырсын, деді», - деді. Исмайл: «Ол менің әкем, сондай-ақ ол маған сенімен айырылысуымды нұсқады, өзіңнің жанұяңа орал!», - деді де, онымен айырылысып, содан кейін джурхум руының басқа әйеліне үйленді. Осыдан кейін Ибраһим Аллаһтың қалаған уақыты аралығында оларды көрмеді де, сосын бір күні оларға тағы да келді, бірақ Исмайл үйінде тағы болған жоқ. Сонда ол оның әйеліне кіріп ол жайлы сұрастыра бастады, ал әйелі болса: «Ол бізге бір ас тауып келу үшін кетті», - деді. Ол: «Жағдайларың қалай?», - деп, олардың тұрмыс жағдайларын сұрай бастады да әйелі: «Бізде бәрі жақсы және молшылықтамыз», - деді де Аллаһ Тағалаға шүкірліктерін айтты. Ибраһим: «Сендер не жейсіңдер?», - деп сұрады. Ол: «Ет», - деді. Ибраһим: «Не ішесіңдер?», - деп сұрағанында, ол: «Су», - деді. Сонда Ибраһим: «Иә Аллаһ, олардың суы мен етіне игілік бер!», - деді.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Ол уақытта оларда дән болған жоқ, егер оларда ол болғанында, онда ол оған да Аллаһтың игілігін тілер еді.

Абдуллаһ ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, айтты:

Егер кімді-кім Меккенің сыртында тек ет жеп су ішетін болса, онда бұл оған міндетті түрде жарамсыз болады.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені елтіріледі:

Ибраһим келіп: «Исмайл қайда?», - деп сұрады. Оның әйелі: «Ол аң аулауға кетті», - деді де оған: «Тамақ ішіп жеуге біздің үйде тоқтағың келе ме?», - деп сұрады. Ибраһим: «Сендер не ішіп-жейсіңдер?», - деп сұрады. Ол: «Біз ет жеп су ішеміз», - деді. Сонда Ибраһим: «Иә Аллаһ, олардың асы мен суына игілік бер!», - деді.

Ибн Аббастың айтуы бойынша Абуль-Қасым, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Ибраһимнің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын дұғасы игілікті болды.

Ары қарай Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

Ибраһим: «Сенің күйеуің келген кезде оған менен сәлем айт және есігінің табалдырығын

мықтасын, де», - деді. Исмайл оралысымен: «Маған біреу келді ме?», - деп сұрады. Әйелі: «Иә бізге нұрлы жүзді қарт келді», - деді де оған мақтаулар айтып: «Ол менен сен туралы сұрады да, мен қойған сұрақтарына жуап бердім, сосын ол менен тұрмысымыз жайлы сұрағанда, мен жағдайымыз жақсы», - дедім. Исмайл: «Ол саған ақыл айтты ма?», - деп сұрады. Сонда ол: «Иә ол саған сәлем жолдап, есігіңнің табалдырығын бекітуіңді нұсқады», - деді. Исмайл: «Ол келген менің әкем, ал табалдырық сенсің, сондай-ақ ол маған сенімен айырылыспауды нұсқады», - деді. Осыдан кейін Ибраһим Аллаһтың қалаған уақыты аралығында оларды көрмеді де, сосын бір күні оларға келіп Исмайлдың Замзамның жанындағы үлкен ағаштың жанында жебелерін үшкірлеп отырғанын көрді. Ибраһимді көрісімен ол орнынан тұрып оған қарай жүрді де, олар әке баласымен, ал бала әкесімен қалай амандасатын болса, солай көрісіп амандасты. Сосын Ибраһим: «Иә Исмайл, мен Аллаһтан бір өмір алдым», - деді. Исмайл: «Раббыңның өмірін орында», - деді. Ол: «Сен маған көмектесесің бе?», - деді. Исмайл: «Мен саған көмектесемін», - деді. Сонда Ибраһим: «Рсында, Аллаһ маған осы жерден үй салуымды бұйырды», - деп, жанындағылардың бәрінен жоғары тұрған төбені көрсетті. Сонда олар Үйдің ірге тасын қалап Исмайл тас - тасып, ал Ибраһим сала бастады. Қабырғалары

көтерілген кезде, Исмайл алып келіп біл тасты Ибраһим үшін қойды, ал ол болса оның үстіне шығып салуын жалғастыра берді¹¹⁵³, ал Исмайл болса тасын таси берді және олар: «Раббымыз бізден қабыл ал, расында, Сен – Естуші, Білушісің»¹¹⁵⁴, - деп айтып отырды.

Бұл хадистің тағы бір нұсқасында Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені елтіріледі:

Расында, Ибраһим Исмайлмен және Исмайлдың шешесімен сапарға шықты, сонда олармен бірге бір торсық су болды. Олар Меккеге жеткенше Исмайлдың шешесі сол торсықтан су ішіп отырды ал баласы үшін оның мол сүті болды. Ол жерде Ибраһим оны үлкен ағаштың астында қалдырды да, өзі жанұясына кетті. Ал Исмайлдың шешесі болса оның артынан жүріп отырып олар Кадқа жеткенде: «Иә Ибраһим сен бізді кімге қалдырдың?», - деп сұрағады. Сонда ол: «Аллаһқа», - деп жауап берді. Исмайлдың шешесі сонда: «Мен Аллаһтың Қамқаорлығына келісемін», - деді. Сонда ол торсықтағы суды ішкенше, баласына сүт болды да, ал суы біткен кезде: «Барып көре қояйншы, бәлкім біреуді көріп қаламын», - деді.

Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деді:

¹¹⁵³ Бұл жерде Ибраһимнің тұрған жері (макам Ибраһим) – Қағба мен зәмзәмнің арасында тұрған адамның ізі бар тас жайлы айтылып тұр.

¹¹⁵⁴ «Бақара» сүресі, 127 аят.

Сосын ол ас-Сафа төбешігінен көтеріліп біреуді көрем бе, деген үмітпен (жан-жаққа) қарай бастады да, бірақ ешкімді таба аламады. Төбеден түсіп жазыққа жеткенде аль-Маруа төбешігіне жүгере жөнелді, содан кейін ол бұл жолын бірнеше рет қайталап: «Баланың не істеп жатқанын барып көрейінші!», - деп, балаға келсе, оның жағдайы өлер алдындағы соңғы қырылын шығарып жатқан сияқты көрініп, оны қатты тоғандырып жіберді. Сосын ол (тағы да): «Барып қарайыншы бәлкім біреуді байқап қалармын», - деп, тағы да ас-Сафа төбешігіне көтеріліп жан-жаққа қарап ешкімді таба алмады. Солай осының бәрін жеті рет қайталағанша жалғасты да, сосын: «Барып қарайыншы ұлым не істеп жатыр», - деп айтуы мұң еді, кенеттен бір дауыс естіді де: «Егер сенде игілік болса көмкетес!», - деді. Сөйтсе ол Жебірейіл екен, оған сәлем болсын, ол тобығымен жерді ұрып сол жерден су аға жөнелді, ал Исмайлдың шешесі өзінің торсығына суды уысымен толтыра бастады. **Ары қарай бұл хадисті аль-Бухари соңына дейін келтіреді. (Бұл хадистің барлық нұсқасын аль-Бухари келтіреді).**

1868. Хабар бойынша, Са'ид бин Зайд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Трюфельдер¹¹⁵⁵ мәннә¹¹⁵⁶ секілді, ал оның бөлетін сұйықтығы көзге шипа саналады. **Аль-Бухари, Муслим.**

371 ТАРАУ

Аллаһтан кешірім сұрау жайында.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Өзіңнің әрі мұмин ер, әйелдердің күнәлерінің жарылқануын тіле!» **«Мухаммад» сүресі, 19 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Аллаһтан жарылқау тіле, негізінен Аллаһ жарылқаушы, мейірімді» **«Ниса» сүресі, 106 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ, тәубені қабыл етуші» **«Насыр» сүресі, 3 аят.**

¹¹⁵⁵ Трюфель – саңырауқұлақтың ерекше бір түрі.

¹¹⁵⁶ Бұл жерде яһудилерге көктен түсірілген мәннә жайлы айтылып тұр. Сондай-ақ мәннә, деп нығметтер жайлы да айтылуы мүмкін, бұл жағдайда хадистің мағынасы былай болады: «Трюфельдер Аллаһтың нығметтерінен болады...», ал бәрін білуші бір Аллаһ қана.

Аллаһ Тағала айтты:

«(Мухаммад) «Сендерге бұларыңнан да жақсы нәрседен хабар берейін бе?¹¹⁵⁷», - де. Сондай тақуалар үшін Аллаһтың қасында астарынан өзендер ағатын, онда мәңгі тұратын бақшалар, сондай-ақ тап-таза жұбайлар әрі Аллаһтың ризалығы бар. Аллаһ құлдарын толық көруші. Сондай: «Раббымыз! Иман келтірдік, күнәмізді жарылқа да от азабынан сақта», дегендер. Олар сабыр етушілер, шыншылдар, бой ұсынушылар, Аллаһ жолында мал сарып етушілер. (таң намазын оқушылар)».

«Аль-Имран, 15-17 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

«Біреу бір жамандық істесе немесе өзіне зұлымдық қылса да, содан кейін Аллаһтан жарылқау тілесе, Аллаһты – Жарылқаушы, Мейірімді табар еді.» **«Ниса» сүресі, 110 аят.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінде Аллаһ, сен олардың ішінде¹¹⁵⁸ болғанда, оларға азап етпес әрі олар жарылқау тілегенде де Аллаһ, оларды азаптамайды» **«Әнфал» сүресі, 33 аят.**

¹¹⁵⁷ Яғни, бұл дүниенің қызығынан да жақсырағын..

¹¹⁵⁸ Меккелік көпқұдайшылдар.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ал олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, Аллаһты естеріне алып, күнәлерінің жарылқануын тілейді. Күнәлерді Аллаһтан басқа кім жарылқайды. Сондай-ақ олар істеген істерінен біле тұра қасарыспайды. Міне солардың сыйлықтары Раббылары тарапынан жарылқау және астарынан өзендер ағатын жұмақтар. Олар онда мәңгі қалады. Амал істеушілердің сыйлықтары нендей жақсы»
«Аль-Имран» сүресі, 135-136 аяттар.

Бұл тарауға қатысты Құран аяттары көп.

1869. Хабар бойынша, аль-Агар аль-Музани, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, менің жүрегімнің оранған¹¹⁵⁹ кездері болады, сондай-ақ расында, мен

¹¹⁵⁹ Әдетте Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әрдайым Аллаһты есіне алып, Одан сұрап дұға жасап отыратын, ал егер оны бұл ісінен бір нәрсе алаңдататын болса, онда ол бұны күнә санайтын да онысы үшін кешірім сұрайтын. Сонымен «оранған» сөзінің мағынасы, ол жоғарыда айтылған істермен айналыспайтын, не болмаса әдеттегіден аз айналысатын кездері жайлы айтылып тұр.

Аллаһтан күніне жүз реттен кешірім сұраймын.
Муслим.

1870. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтың атымен ант етемін, расында, мен Аллаһтан күніне жетпістен артық рет кешірім сұрап тәубе етемін. **Аль-Бухари.**

1871. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, егер сендер күнә жасамайтын болсаңдар, Аллаһ Тағала сендерді міндетті түрде құртып сендердің орындарыңа күнә жасап, ал артынан Аллаһ Тағаладан кешірім сұрайтын және оларды Өзі кешіріп отыратын адамдар әкелер еді¹¹⁶⁰. **Муслим.**

¹¹⁶⁰ Әрине бұны күнәләр жасауға ұмтылдыру, деп түсінуге болмайды. Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, бұл айтқандарының мағынасы, ол адамдардың Аллаһтан кешірім сұраудың қажеттілігі мен Аллаһ Тағаланың кешіргенді жақсы көретіндігіне көңіл аудартқысы келгендігі.

1872. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Біздің есебіміз бойынша Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, адамдармен кездесуінің бірінде, әдетте жүз реттен: «Раббым, мені кешіріп тәубемді қабыл ал, расында, Сен – тәубені Қабылалушы, Мейірімдісің!» /Рабби-ғфир ли уа туб 'аләййа, инна-кә Анта-т-Таууабу-р-Рахиму!/, - деп жүз реттен айтатын. **Бұл хадисті Абу-Дауд пен ат-Тирмизи «Жақсы хадис», деп келтіреді.**

1873. Хабар бойынша, Ибн Аббас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Кімде-кім Аллаһтан әрдайым кешірім сұрайтын болса, Аллаһ оған кез-келген қиын жағдайдан құтылу жолын көрсетеді, сондай-ақ оған кез-келген қайғыны жеңілдетеді және оған күтпеген жерінен ризық жібереді. **Абу-Дауд.**

1874. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

«Өзінен басқа құдай болмаған Тірі, толық Меңгеріптұрушы Аллаһтан кешірім сұрап Оған

тәубе келтіремін» /Астағфиру-Ллаһа-лләзи лә иләһа иллә хуа-ль-Хаййа-ль-Қаййума уа атубу иләй-һи/¹¹⁶¹, - деген адамға ол соғыс алаңынан қашса да, оның күнәләрі кешіріледі. **Бұл хадисті Абу Дауд, ат-Тирмизи және аль-Хаким: «аль-Бухари мен Муслимнің шарттарын қанағаттандыратын сенімді хадис», - деп келтіреді.**

1875. Хабар бойынша, Шаддада бин Ауса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһтан сұрап жасаған дұғалардың мырзасы (**патшасы**) болып¹¹⁶², Аллаһ құлының мына сөздері жатады: «Иә Аллаһ, Сен – Раббымсың, Сенен басқа құдай жоқ; Сен мені жараттың, ал мен – Сенің құлыңмын, мен Саған берген уәдеме күшім жеткенше бекем боламын¹¹⁶³. Өзім жасаған зұлымдықтан Өзіңе сыйынамын, Сенің маған жасаған рахымшылығыңды мойындаймын, сондай-ақ жасаған күнәләрімді мойындаймын, кешір мені,

¹¹⁶¹ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №250 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

¹¹⁶² Яғни, Аллаһтан кешірім сұраудың ең жақсы түрі.

¹¹⁶³ Бұл дегеніміз, Саған деген сенімді одан ары қарай жалғастырып, Өзіңе ықыласты түрде құлшылық етемін.

өйткені, расында, Сенен басқа ешкім күнәләрдә кешірмейді!» /Аллаһумма, Анта Рабби, лә иләһа иллә Анта, халәқта-ни уа ана 'абду-кә, уа ана 'алә 'аһди-кә уа уа'ди-кә ма-стата'ту. А'узу би-кә мин шарри ма сана'ту, абу'у лә-кә би-ни'мати-кә 'аләйһа, уа абу'у би-занби, фа-ғфир ли, фа-инна-һу лә йағфиру-з-зунуба иллә Анта!/¹¹⁶⁴. Осы сөздерді күндіз, айтқандарына толығымен иланып айтса, соғын сол күннің кешіне дейін өлсе, онда Жәннәт тұрғындарының қатарында болады, сондай-ақ бұл сөздерді кешке, айтқандарына толығымен иланып айтса, момын сол түннің таңына дейін өлсе, онда Жәннәт тұрғындарының қатарында болады. **Аль-Бухари.**

1876. Хабар бойынша, Саубан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Намазды оқып болысымен, Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Аллаһтан үш рет кешірім сұрап, сосын үш рет: «Иә Аллаһ, Сен –Сәлемсің¹¹⁶⁵ (Бейбітсің), және Сенен – сәлем (бейбітшілік) және Сен тәбәрәксің, иә ұлылық және

¹¹⁶⁴ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №79 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

¹¹⁶⁵ «Саләм» сөзі арабтың үш әріптен құралған «с-л-м» түбірінен тұрады, ол сөздің мағыналарының бірі «бейбіт; пәк», болып табылады. Сонымен Аллаһтың «Саләм» есімі, барлық кемшіліктен және Оның бүкіл ұлылығы мен кәмілдігіне сәйкес келмейтін сипатарынан пәк дегенді білдіреді.

жомарттық Иесі!» /Анта-с-Саләму ва мин-кә-с-салә-му, табаракта, йа За-ль-джаләли уа-ль-икрами!/¹¹⁶⁶, - деп айтатын. Бұл хадисті жеткізушілердің бірі ал-Аузаъидан: «Аллаһтан кешірімді қалай сұрау керек?», - деп сұрағанда, ол: «Аллаһтан кешірім сұраймын, Аллаһтан кешірім сұраймын, деп айт» /Астағфиру-Ллаһа, астағфиру-Ллаһа/, - деді. **Муслим.**

1877. Хабар бойынша, Аиша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Қайтыс болар алдында Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын жиі: «Аллаһқа мақтау және Оған мадақ, Аллаһтан кешірім сұрап Оған тәбе келтіремін!» /Субхана-Ллаһи уа би-хамди-һи, астағфиру-Ллаһа уа атубу иләй-һи!/ **аль-Бухари, Муслим.**

1878. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: «Иә Адам баласы, расынды, Менен сұрауыңды және Менен үміттенуіңді тоқтатпайынша, Мен сенің жасаған күнәләріңнің аз-көбіне қарамай кешіріп

¹¹⁶⁶ Араб әріптерімен «Мұсылман қорғаны» кітабінің №66 дұғасында келтірілген – **аударушыдан.**

отырамын! Иә Адам баласы, егер сен күнә жасап, ал ол күнәләрің аспандағы бұлтарға ('анан ас-сама) жететін болса, ал сосын Менен кешірім сұрасаң, онда Мен сені кешіремін! Иә Адам баласы, егер сен Маған көлемі бүкіл жерді жауып тұратын күнә жасап, бірақ Маған, Менен басқа ешкімге құлшылық етпей¹¹⁶⁷ келетін болсаң, онда Мен саған міндетті түрде, сол күнәләріңнің бәрін жабатын кешірім сыйлаймын!» **Бұл хадисті ат-Тирмизи «Жақсы сенімді хадис», - деп келтіреді.**

«'Анан ас-сама», дегенді асапанға қарағанда көз жететін жер желінеді, сондай-ақ бұлттар, деп те айтылады.

1879. Хабар бойынша, Ибн Омар, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Иә әйелдер, садақа беріп Аллаһтан көбірек кешірім сұраңдар, әйткені, расында, Тозақ тұрғындарының көпшілігі сендерден болатындығын көрдім!», - деді. Әйелдердің бірі: «Неліктен Отта көп болатындар біз боламыз?», - деп сұрады. Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сендер адамдарды көп қарғап күйеулеріңе қатысты рахметсіздік танытасыңдар, ал ақылы жетіспейтіндер мен

¹¹⁶⁷ Яғни, таухидтен мықты ұстанып.

өзінің құлшылығын толығымен орындай алмайтындардың ішінен, ешкімнің сендерден артық саналыны санасынан көбірек айыра алатындығын байқаған емеспін!», - деді. Ол әйел: «Әйелдердің ақылының кемдігі мен олардың діндегі кәмілсіздігіне не нұсқайды?», - деп сұрады. Сонда ол: «Екі әйелдің куәсі бір еркекке тең келетіндігі және әйелдердің бірнеше күн қатарынан құлшылық етпегендігінде¹¹⁶⁸», - деді. **Муслим.**

372 ТАРАУ

**Аллаһ Тағаланың имандыларға
(мүминдерге) не дайындап қойғандығы
жайында.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Сөзсіз тақуалар бақшаларда және бастауларда болады. Жәннәтқа имандықпен кіріңдер! Олардың жүректеріндегі кекті шығардық, туыс болып, тақтардың үстінде бір-біріне қарсы отырды. Жәннәтта олар шаршамайды да одан шығарылмайды.»
«Хыжыр» сүресі, 45-48 аяттар.

Аллаһ Тағала айтты:

¹¹⁶⁸ Яғни, әйелдердің етеккірі келген кезде намаз оқымайтындығы.

«Әй құлдарым бүгін сендерге қауіп-қатер жоқ, әрі қайғырмайсыңдар. Олар сондай иман келтіріп бой ұсынушылар. Жәннәтқа кіріңдер. Сендер де жұбайларың да шаттыққа бөленесіңдер. Оларға алтыннан табақтар, кеселер ұсынылады. Сондай-ақ онда көңілдері қызығатын, көздері қуанатын нәрселер бар. Сонда онда мәңгі қаласыңдар. Міне осы сендердің малдарыңмен мұрагер болған Жәннәт. Онда сендерге жемістер көп одан жейсіңдер» **«Зухруф» сүресі, 68-73 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады; Бақшаларда, бұлақтарда, Жұқа қалың жібектер киініп ерсілі-қарсылы отырады. Осы сияқты, сондай-ақ оларды бота көз хұрлармен үйлендіреміз. Ол жерде бейбіт түрде әр түрлі жемісті сұрай алады. Ол жерде дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім таппайды. Аллаһ оларды тозақтың азабынан сақтаған. Раббыңнан кеңшілік, міне осы зор қол жеткендік» **«Дұхан» сүресі, 51-57 аяттар.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Негізінен ізгілер, әрине нығмет ішінде болады. Олар дивандардың үстінде (Аллаһтың нығметтеріне) қарайды. Олардың бақытқа бөленгендіктерін шырайларынан танысың. Олар мөрленген ішімдіктен сусындатылады. Оның сарқыны жұпар аңқиды. Жарысушылар

осыған жарыссын. Оның қоры «Тәсним» бастауынан. Ол бастаудан Аллаһқа жақын болғандар ішеді» **«Мутаффифун» сүресі, 22-28 аяттар.**

1880. Хабар бойынша, Жәбір, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәт тұрғындары ішіп-жейтін болады, бірақ әжеттенбейтін де, сіңбірмейтін де болады, ал жегендері мускустің жұпар иісі секілді кекірікпен бөлінетін болады, сондай-ақ оларға Аллаһты мақтау мен мадақтау тыныс алу секілді сіңірілетін¹¹⁶⁹ болады. **Муслим.**

1881. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Аллаһ Тағала айтты: «Менің тақуа құлдарым үшін Мен, оны көз көрмеген, ол туралы құлақ естімеген және ол туралы жүрек те сезінбеген нәрсе дайындап қойдым». Егер қаласаңдар былай деп айтылған аятты оқыңдар: «Ешкім қылмысы (амалы) жаққандықтан өздеріне көмес

¹¹⁶⁹ Яғни, осы дүниеде адамға тыныс алу қандай табиғи құбылыс болса, Жәннәтта Аллаһты мақтап, дәріптеу де сондай табиғи жеңіл құбылыс болады.

сақтулы қуанышты білмейді¹¹⁷⁰» **Аль-Бухари, Муслим.**

1882. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірінші топ болып Жәннәтқа кіретіндер (жарық түндегі) толған ай секілді болады, Сосын олардың артынан ергендер кіреді, сонда олар көктегі ең жарық планетадай болады. Олар не зәр шығарушы, не іш босатушы, не сіңбіруші болмайды, тарақтары алтыннан болады, терлері мускустай жұпар иісті болады, хош иісті бөлмерінде игілікті ағаш алоэ (мүңкіп) жанатын болады, олардың әйелдері үлкен көзді хор қыздары болады, түрлері жағынан олар ұқсас болады, өйткені бейнелерімен олар әкелері Адамға ұқсас болады, сондай-ақ олардың бойлары алпыс білек болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бұл хадистің аль-Бухари мен Муслим келтірген тағы бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі:

¹¹⁷⁰ «Сәжде» сүресі, 17 аят.

...онда олардың ыдыстары алтыннан болады, терлері мускус секілді жұпар иісті болады, олардың әрқайсысында екі әйелден болады, сонда олардың сүйек милары (жілік майлары) әдеміліктерінен аяқтарының терілерінен көрініп тұрады. Олардың арасында не келіспеушілік, не жеккөрушілік болмайды, жүректері бір жүрек секілді болып таң ертең кешке Аллаһты дәріптеумен болады.

1883. Хабар бойынша, аль-Мугира бин Шу'ба, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Бірде Мұса өзінің Раббынан: «Жәннәт тұрғындарынан кім ең төменгі орында болады?», - деп сұрағанда, Ол: «Ол (адам) Жәннәт тұрғындарының бәрі Жәннәтқа кіргізілгеннен кейін келеді, де оған: «Жәннәтқа кір!», - делінеді. Сонда ол: «Иә Раббым, адамдардың бәрі Жәннәтқа кіріп өздеріне дайындалған орындарды алғаннан кейін, мен қалай кірмекпін?», - дейді. Оған: «Егер саған жердегі патшалардың бірінің патшалығындай жер берілсе, сен соған риза болар ма едің?», - делінгенде, ол: «Мен риза боламын, иә Раббым!», - дейді. Сонда Аллаһ: «Саған соншасы және соншасы және соншасы және соншасы беріледі», - деп бесінші ретінде ол

адам: «Иә Раббым, ризамын!», - дейді. Сонда Аллаһ: «Саған осы және осының он есесі беріледі және саған жаныңның қалағаны және көзіңнің қуантқанының бәрі беріледі», - дейді. Ол адам: «Иә Раббым, ризамын мен!», - деп айтады. Муса, (сәлем болсын оған): «Раббым, олардың қайсысы ең биік дәрежеде болады?», - деп сұрады. Ол: «Олар Мен өзім таңдап алғым келгендер және Өзімнің қолыммен құрметтегендер болады, сондай-ақ бұны Мен бәрінен құпия ұстадым, оны ешбір көз көрмеген, сондай-ақ ешбір құлақ естімеген, сондай-ақ оны ешбір адамның жүрегі сезбеген». **Муслим.**

1884. Хабар бойынша, Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, мен Отқа түскендердің қайсысы одан ең соңғы шығатындығын және Жәннәт тұрғындарының қайсысы онда ең соңғы болып кіретіндігін білемін. Бір адам оттан еңбектеп шығады да, оған Ұлы да Құдіретті Аллаһ: «Бар да Жәннәтқа кір», - дейді. Сонда ол Жәннәтқа келіп, ол оған толы көрініп: «Иә Раббым, мен оны толық күйінде таптым», - дейді. Сонда Ұлы Аллаһ Тағала оған тағы да: «Бар да Жәннәтқа кір!», - дейді. Сонда ол Жәннәтқа келіп, ол оған тағы да толы көрініп, қайтадан оралып: «Иә

Раббым, мен оны толған күйінде таптым!», - дейді. Сонда Ұлы Аллаһ Тағала оған: «Бар да Жәннәтқа кір, сондай-ақ, расында, онда саған осы дүниеге ұқсасы (не: ...әлемдердің онына ұқсасы) және соның оны беріледі», - дейді. Сонда адам: «Сен патшалардың Патшасы болсаң да мені мысқылдап тұрсың ба?», - дейді.

Ибн Масъуд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

Сонда Мен Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Сонда ол адам Жәннәт тұрғындарының ішінде ең төменгі дәрежеде болады», - деп, айтқанда, оның кеңінен күліп аузын ашқаны соншама, оның азу тістерін көрдім. **Аль-Бухари, Муслим.**

1885. Хабар бойынша, Абу Муса, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәтта мұминнің биіктігі аспанға алпыс милге көтерілген, бүтін қуыс маржаннан салынған шатыры болады, сондай-ақ онда мұминмен бірге, оларды ол айналып өтетін, ал олар оны көрмейтін оның жанұясының мүшелері болады¹¹⁷¹. **Аль-Бухари, Муслим.**

Бір милдің ұзындығы алты мың білек.

¹¹⁷¹ Олардың бір-бірін көрмейтіндігі, не шатырдың көлемінің үлкендігінен, не олар бір-бірінен бір нәрсемен бөлінгендігінен.

1886. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәтта сондай тал бар, ол талдың бір шетінен екінші шетінде дайындалған сәйгүлігімен аттылы жүз жылда да шауып өте алмайды. **Аль-Бухари; Муслим.**

«Сахихтердің» екуінде де осы хадистің және бір нұсқасында, Абу Хурайраның жеткізуімен, Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқаны келтіріледі:

...сонда оның көлеңкесінде шапқан аттылы, оның көлеңкесін жүз жылдың ішінде кесіп өте алмайды.

1887. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде Аллаһтың елшісі, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: «Расында, Жәннәт тұрғындарының бірінің екіншілерінен (орын) айырмашылығынан, олар өздерінің үстінде тұрақтарға, сендер алыста шығыста не батыста жарқыраған планетаға қалай қарайтын болсаңдар, олар да солай қарайтын болады», - деді. Сонда адамдар: «Иә Аллаһтың елшісі, ол

жерлер, жәй адам жете алмайтын, пайғамбарлардың орны болады ма?», - деп сұрағанда, Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. «Иә, бірақ жаным қолында Болғанның атымен ант етемін, ол жерлер Аллаһқа және пайғамбарларға иман келтіргендер үшін де арналған!», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1888. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәттағы пияздай жер, күннің шығатынының (бататынының) бәрінен артық! **Аль-Бухари, Муслим.**

1889. Хабар бойынша, Анас, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәтта оның тұрғындарының әр жұма сайын баратын базарлары бар, сонда олардың беттері мен киімдеріне солтүстік самал желі соғып тұрады да, одан олар одан да әдемі әрі сүйкімді болып оралады, ал сосын олар, олар да бұрынғыдан әдемірек және сүйкімдірек болатын, өздерінің жақындарына оралғанда, жақындары: «Аллаһтың атымен ант

етеміз, сендер бұрынғыдан да әдемірек болып кетіпсіңдер!», - дейтін болады, ал олар болса оларға: «Біз де Аллаһтың атымен ант етеміз, бізден кейін сендер де, одан да жақсы әрі әдемірек болып кетіпсіңдер!», - дейтін болады.

Муслим.

1890. Хабар бойынша, Сахл бин Са'д, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәт тұрғындары өздерінен жоғарыдағы (тұрақтарда) орналасқандарға, сендер асапандағы планетаға қалай қарайтын болсаңдар, солай қарайтын болады. **Аль-Бухари, Муслим.**

1891. Хабар бойынша, Сахл бин Са'д, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде мен Жәннәтті суреттеп жатқан Пайғамбардың, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанында болдым, сонда ол онысын аяқтап: «Жәннәтта ол жайлы көз көрмеген және құлақ естімеген, сондай-ақ адамның жүрегі сезбеген нәрселер бар», - деп, мына аятты оқыды: «Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып),

Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізде тиісті орынға жұмсайды. Ешкім қылмысы (амалы) жаққандықтан өздеріне көмес сақтаулы қуанышты білмейді¹¹⁷²». **Аль-Бухари.**

1892. Хабар бойынша, Абу Хурайра мен Абу Са'ид, оларға Аллаһтың ризашылығы болсын, олар Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәт тұрғындары Жәннәтқа кіргеннен кейін жаршы былай деп айғалайды: «Расында, сендер өлмей мәңгі өмір сүресіндер, сондай-ақ, расында, ешқашан ауырмайтын дендерің сау болады, сондай-ақ, расында, ешқашан қартаймайтын жас боласындар, сондай-ақ расында, сендерге ешқандай жамандық келмейтін рахат күйде боласындар!» **Муслим.**

1893. Хабар бойынша, Абу Хурайра, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Жәннәттағы ең төменгі орында болған адамға: «Қалағыныңды айт!», - делінгенде ол адам өзінің қалағанын қайталап

¹¹⁷² «Сәжде» сүресі, 17 аят.

айтады ды, одан: «Сен өзіңнің барлық қалағыңды айттың ба?», - делінеді. Ол: «Иә», - дейді. Сонда оған: «Саған қалағаның және оған қосымша тағы соншасы беріледі», - делінеді.
Муслим.

1894. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Расында, Ұлы Аллаһ Тағала Жәннәт тұрғындары-на: «Иә Жәннәт тұрғындары», - деп сөйлейді де олар: «Біз мұндамыз, иә Раббымыз, және саған қызмет етуге дайынбыз, ал барлық игілік Сенің қолыңда», - дейді. Ол олардан: «Сендер ризасыңдар ма?», - дейді де, олар. «Біз неге риза болмаймыз, Сен бізге жаратқандарыңның ешқайсысына бермегеніңді бердің!», - дейді. Сонда Ол: «Расында, Мен сендерге бұдан да жақсысын беремін!», - дейді. Олар: «Иә Раббымыз, бұдан жақсы не (бар)?», - деп сұрайды. Сонда Ол: «Мен сендерге Өзімнің рахы-мымды түсіремін және осыдан кейін сендерге ешқа-шан ашуланбаймын!», - дейді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1895. Хабар бойынша, Абу Са'ид аль-Худри, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

Бірде толық айлы түнде біз Аллаһтың елшісімен, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын бірге болған кезімізде, ол толық айға қарады да, сосын: «Расында, сендер Раббыларыңды мына айды көргендей өз көздеріңмен көресіңдер, сондай-ақ Оған қарауда ешқайсысың ренжітілмейсіңдер!¹¹⁷³», - деді. **Аль-Бухари, Муслим.**

1896. Хабар бойынша, Сухайб, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

Жәннәт тұрғындары Жәннәтқа кірген кездерінде Мейірімді Аллаһ Тағала: «Сендерге тағы бір нәрсе беруімді қалайсыңдар ма?», - деп сұрайды. Олар: «Сен біздің жүзімізді ағарттың емес пе?¹¹⁷⁴ Сен бізді Жәннәтқа кіргізіп Оттан құтқардың емес пе?!», - дейді. Осыдан кейін Аллаһ пердені¹¹⁷⁵ алады да,

¹¹⁷³ Яғни, Аллаһқа қарау еш бір қиындық туғызбайды және Аллаһ Тағаланы әркім анық көреді.

¹¹⁷⁴ Бұл жерде, Ахиретте Жәннәтқа кірушілердің жүзі ағарып, ал Тозаққа кіретіндердің жүздері қараятындығы жайлы айтылып жатыр, ал Құранда бұл жайлы былай делінеді: «Қияметте кей беттер ағарып, кей беттер қараяды...» **«Аль-Имран» сүресі, 106 аят**

¹¹⁷⁵ Адамдар мен Аллаһтың арасындағы, адамдарға Аллаһ Тағаланы көруге тосқауыл болатын перде.

сонда Оның барлық бергендерінің ішіндегі олар үшін ең қымбаты Олардың Раббыларына қарауы болады. **Муслим.**

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің имандары себепті Раббылары, оларды астарынан өзендер ағатын Нағым жәннәтінің жолына салады. Олардың ондағы дұғалары: «Иә Аллаһ! Пәксің!» әрі олардың ондағы амандасулары: «Сәлем» және олардың дұғаларының соңы: «Барлық мақтау әлемдердің Раббы, Аллаһқа тән!», - деу болады» **«Юнус» сүресі, 9-10 аяттар.**

Осыған Бағыттаған Аллаһқа мадақ, егер Аллаһ бізге жолды нұсқамаса, біз өзіміз жол таба алмас едік! Иә Аллаһ, Ибраһимге және оның ұрпақтарына игілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және Мұхаммадтың ұрпақтарына да игілік ет! Иә Аллаһ, Ибраһимді және оның ұрпақтарын берекелегеніңдей, Мұхаммадты және Мұхаммадтың ұрпақтарын да берекеле! Шын мәнінде Сен мадаққа Лайық Жоғарысың!

Мен еңбегімді (хижра жыл есебі бойынша) алты жүз жетпісінші жылдың он төртінші Рамаданында дүйсенбі күні аяқтадым.

*Бұл кітап Аллаһ Тағаланың жәрдемімен және Оның тамаша ықпалымен аяқталды, сондай-ақ біздің мырзамыз сауатсыз пайғамбар Мухаммадқа және оны жанұясы мен оның барлық сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. **Йахйя ан-Науауи***

Ан-Науауи жайлы қысқаша мағлұмат.

Имам Мухйид-дин Абу Закария Йахйя бин Шариф бин Мурри бин Хасан бин Хусайн бин Мухаммад бин Джумаъа бин Хизам ан-Науауи 631 жылдың мухаррам айының бірінші, не екінші он күндігінде Сирияда туылған. Бала кезінен оны әкесі білімге деген сүйіспеншілікпен тәрбиелейді де, 649 жылы Дамаскке оқуға апарды. Онда ол алдымен діни ғылымдарды оқып, сосын өзі Ашрафийа медресесінде дәріс бере бастайды. Имам ан-Науауи екі рет қажылық жасаған, ал қысқа өмірінің соңында өзінің еліне келген және Иерусалим мен аль-Халилге (Хеврон) зиярат жасаған. 676 жылдың раджаб айында ауырып өзінің елінде қайтыс болады және сонда жерленген.

Имам ан-Науауи адамдардың арасында білімге деген құштарлығымен, діндарлығымен ерекшеленген және бүкіл өмірін білім ізденуге және Аллаһқа құлшылық етуге арнаған.

Ол «Тақуалардың бақтарынан» басқа алпыстан астам аяқталған және аяқталмаған

еңбектер жазып қалдырған. Олардың ішінде аль-Бухари мен Муслимнің «Сахихтарына» түсініктемелерді, Абу Дәудтың «Сунанына» түсініктемесін, «Қырық хадис» және де басқаларын ерекше атап өтуге болады. Имам ан-Науауи шафи мазхабын ұстанған.

Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад Аллаһтың құлы әрі елшісі, деп куәлік беремін. Ұлы Аллаһтан, осы кітапты құрастырушы ан-Науауидің, оның ата-аналарының, оның ұстаздарының және осы кітапті сіздің қолыңызға жеткізуге үлесін қосқан әр-бір мұсылманның, сондай-ақ бүкіл мұсылманның күнәлерін кешіріп, Өзінің Жәннәтіна кіргізуін және Өзінің Тозағы мен қабір азабынан құтқаруын сұраймын. Соңғы Пайғамбар Мухаммадқа, оның жанұясы мен сахабаларына және оның артынан ерген Қияметке дейінгі бүкіл үмметіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Аударушыдан

МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ Құпия болсын, жария болсын - әрдайым және кез келген уақытта, барлық

амалында және сөзінде адал (ықыласты) болу
және ізгі ниетті ұстану жайлы

2 ТАРАУ Тәубе жайлы

3 ТАРАУ Сабыр (шыдамдылық) жайлы

4 ТАРАУ Шыншылдық (сыддық) жайлы

5 ТАРАУ Бақылаушылық (байқаушылық)
жайлы

6 ТАРАУ Тақуалық (Құдайдан қорқушылық)

7 ТАРАУ Терең сенім және тәуекел ету жайлы

8 ТАРАУ Туралық жайлы (истикама

9 ТАРАУ Аллаһтың жаратуда ұлылығы жайлы,
бұл дүниенің кетпелігі жайлы, мәңгілік өмірдегі
күтіліп тұрған азаптар және екі өмірдің басқа да
мәселелері жайлы, жанның болашаққа көп
үміттенуіне болмайтындығы және рухты
тәрбиелеп оған туралықты ұстауға бейімдеу
жайлы

10 ТАРАУ Игілікке асығу және игілікке
қарағандарды оған мүлтіксіз және бар
ынтасымен талпынуға шақыру жайлы

11 ТАРАУ Ынталық жайлы

12 ТАРАУ Әсіресе өмірдің соңында көп сауапты
істер жасау жайында

13 ТАРАУ Игілікке апаратын жолдың көптігі жайлы

14 ТАРАУ Құлшылықтағы біріңғайлық жайлы

15 ТАРАУ Ізгілікті амалдарды әрдайым жасау және бұндай істерде бастық көрсетпеу жайлы

16 ТАРАУ Сүннәтті әрдайым ұстану және оның әдебі жайлы

17 ТАРАУ Аллаһтың әміріне бой ұсынудың міндеттілігі жайлы және осыған шақырып жатқан және жақсылыққа талаптандырып, шариғаттың рұқсат етпеген нәрселерінен тоқтатқан адамдарға не айту керектігі жайлы

18 ТАРАУ Жаңалақ енгізу мен жаңалақ ойлап табуға (бидғат) рұқсаттың жоқтығы жайлы

19 ТАРАУ Жақсы немесе жаман (әдет)-ғұрыптың басын бастағандар жайлы

20 ТАРАУ Игілік көрсету мен жақсылыққа, не болмаса жамандыққа шақыру жайлы

21 ТАРАУ Бір-біріне көмек көрсету жайлы, тауықтылық және тақуалық жайлы

22 ТАРАУ Насихат жайлы

23 ТАРАУ Сауабты істерге ынталандыру және күнәлі істерден тыйу жайлы

24 ТАРАУ Өздері сауабты істерге шақырып және күнәлі істерден тыйып, бірақ сөздері мен амалдарының арасында айырмашылығы барларға қатты азап бары

25 ТАРАУ Сеніп тапсырылған затты қайтару жайлы. (аманатты орындау

26 ТАРАУ Әділсіздікті тыйу және хақысыз алынған нәрсені қайтару жайлы.

27 ТАРАУ Мұсылмандардың тәуелсіздігін құрметтеу, олардың хақыларын түсіндіру және оларға аяушылық, рахымшылық көрсету жайлы

28 ТАРАУ Мұсылмандардың кемшілігін жасыру және олар туралы қажетінсіз мағлұматтарды тарату

29 ТАРАУ Мұсылмандардың қажетін қанағаттандыру жайлы

30 ТАРАУ Қолдау (болысу) жайлы

31 ТАРАУ Адамдарды татуластырудың міндеттілігі жайлы

32 ТАРАУ Әлсіз, кедей және оларды көбі танымайтын мұсылмандардың абыройы жайлы

33 ТАРАУ Жетімдермен, қыздармен, басқа да әлсіз жарлы және шарасыздармен мейірімді

пейілде болу, оларға аяушылық, жұмсақтық танытып және де оларды мойындап, игілік көрсету жайлы

34 ТАРАУ Әйелдерге жақсы қарым-қатынас көрсету жайлы.

35 ТАРАУ Еркектің әйелге хақысы жайлы

36 ТАРАУ Өзінің қарамағындағы асырап жатқан адамдарына қаржы жұмсау жайлы

37 ТАРАУ Өзінің жақсы көрген нәрсесінен беру

38 ТАРАУ Мұсылманның өзінің әйеліне, кәмілетке жеткен балаларына және үй ішіндегі барлық асырап отырған адамдарына, Аллаһқа бағынуды әмір етуінің міндеттілігі және оларға Аллаһтың әміріне қарсы келуге тыйым салу, оларды тәрбиелеу және де харам нәрселерді жасаудан ұстау жайлы

39 ТАРАУ Көрші хақысы жайлы және соған байланысты үкімдер жайлы

40 ТАРАУ Ата-ананы құрметтеу және жақсы қарым-қатынаста болу және туысқандық байланысты үзбеу жайлы

41 ТАРАУ Ата-анаға құрметсіздік көрсетуге рұқсат жоқтығы және туысқандық қатынасты үзуге рұқсат жоқтығы жайлы..

42 ТАРАУ Әкенің, ананың, туысқандардың, жұбайдың (осылардың бәрінің) достарына және одан да басқа сыйлауға лайықты адамдарға құрмет көрсету

43 ТАРАУ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, жанұясына құрмет көрсету жайлы және олардың абыройларын түсіндіру

44 ТАРАУ Ілім иелеріне, қарт кісілерге және басқа да абыройлары бар адамдарды құрметтеу және де оларды басқалардан ерекшелеп жоғары орындарды ұсыну жайлы және олардың жайын түсіндіру

45 ТАРАУ Игілікке жетіскендермен барысып-көрісіп тұру, олармен жақындасу, сөйлесу, оларға деген сүйіспеншілік, олармен кездесуге талпыну және олардың Аллаһтан сұрап жасаған дұғасына іліну жайлы және де құрметті жерлерді зиярат ету жайлы

46 ТАРАУ Аллаһ үшін жақсы көрудің дәрежесі жайлы және оған талпындыру және ол жайлы жақсы көрген адамыңа хабарлау және хабарлағанда не айту керектігі жайлы

47 ТАРАУ Аллаһ Тағаланың құлын жақсы көргенінің белгілері жайлы және сондай

белгілері бар мінезді тәрбиелеу және соған құлшыну жайлы.

48 ТАРАУ Тақуаларға, әлсіздерге және кедейлерге жәбір көрсетудің қатерлігі жайлы

49 ТАРАУ Адамдарды тек қана сыртқы көріністерімен ғана тұжырымдап, ал ішкі жандүниесінің жайын Аллаһ Тағалаға тапсыру жайлы

50 ТАРАУ Қорқыныш жайлы

51 ТАРАУ Үміт жайлы

52 ТАРАУ Үміттің дәрежесі жайлы

53 ТАРАУ Қорқыныш пен үмітті біріктіру жайлы

54 ТАРАУ Аллаһ Тағаладан қорқып жылаудың және Оған ұмтылудың дәрежесі жайлы

55 ТАРАУ Бұл дүниеден бас тартудың дәрежесі, аз нәрсеге қанағат етуге ұмтылдыру және кедейліктің дәрежесі жайлы

56 ТАРАУ Аштықтың, қатаң өмірдің, аста, суда, киімде және басқа да барлық адамның жанына қуаныш әкелетін істерде азға қанағат етудің, және де нәпсінің артынан еруден бас тартудың мәртебесі жайлы

57 ТАРАУ Күй талғамаушылық, қарапайымдылық, тамаққа және басқа да

жаратуларда орташылдықты ұстану және қатты мәжбүрлік болмаса адамдардан сұрамау жайлы

58 ТАРАУ Адамға өзі сұрамай және оны алуға ұмтылмай келген нәрсені алуға болатындығы

59 ТАРАУ Ешкімнен сұрамай өз еңбегімен табыс тауып өмір сүруге ұмтылдыру және сыйлық алуға ұмтылмау жайлы.

60 ТАРАУ Жомарттық, кең пейілділік және Аллаһ Тағаланың уәдесінің ақиқаттығына сеніп, сауабты істерге қаржы жұмсау жайында

61 ТАРАУ Қаттылық және сараңдылық жайлы

62 ТАРАУ Жоғары бағалау және жұбаныш жайлы

63 ТАРАУ Мәңгілік өмірге арналған істерде жарысу және өзімен игілік әкелетін істерді көбейтуге талпыну жайлы

64 ТАРАУ Байлығын дұрыс жолмен тауып және оны өзіне бұйырған жеріне дұрыс жұмсайтын, мырзалы байдың дәрежесі жайлы

65 ТАРАУ Өлімді әрдайым есте сақтау және болашаққа көп үміт артпау жайлы

66 ТАРАУ Ер кісілерге мазарды зиярат етудің тиімділігі және ол жерге келген адамның не айту керектігі жайлы

67 ТАРАУ Қиыншылыққа душар болғаннан (өзіне) өлім тілемеу, бірақта діннен шығып кетуден қорқып өлім тілегеннің зияны жоқтығы жайлы

68 ТАРАУ Ізгілік және күмәнді нәрселерден бас тарту жайлы

69 ТАРАУ Адамдардың арасында бұзақылық көбейгенде және өнегеліктің төмендеген уақытында не болмаса харам, күмәнді істерге арбалудан және тағы басқаларынан діні үшін қорқып бөлектенудің тиімділігі жайлы.

70 ТАРАУ Адамдармен араласқанның, олардың жұма және басқа да жамағатпен оқылатын намаздарға және білім беретін және Аллаһты еске алатын мерекелерге және жиналыстарға қатысуы, аурулардан көңіл сұрау, жерлеу рәсімдеріне қатынасу, оларыдың ішіндегі мұқтаждарға көмектесу, олардың ішіндегі қараңғыларына тура жолды көрсету және адамдардың мүддесіне қатысты басқа да жақсы амалдарды орындау, дұрыс жолға шақырып, бұрыс жолдан қайтаратын адамдардың өздерінің басқа адамдарға

жамандық көрсетпеулері және оларға жасалған әділетсіздікте шыдаудың дәрежесі жайлы

71 ТАРАУ Мойындаушылық және адамдарға қатысты жұмсақтық көрсету жайлы

72 ТАРАУ Көкіректік пен даңққұмарлыққа рұқсаттың жоқтығы жайлы

73 ТАРАУ Көркем мінезділік жайлы

74 ТАРАУ Жуастық, сабырлық және мейірбандық жайлы.

75 ТАРАУ Кешірімділік және надандардан (білместерден) алшақтау жайлы

76 ТАРАУ (Қолайсыздыққа), реніштерге төзу

77 ТАРАУ Аллаһтың шегінен шығушыларға ашулану және Аллаһ Тағаланың дінінде көмек көрсету

78 ТАРАУ Биліктегілерге өзінің қарамағындағы адамдарға байланысты жұмсақ, мейірбан, оларға қарасулары және оларды алдамау, тым қатал болмау, оларға және олардың ісіне байыпсыздық көрсетпеуі жайлы

79 ТАРАУ Әділ әмірші жайлы

80 ТАРАУ Күнәсіз істерде әміршілерге бағынудың міндеттілігі және күнәлі істерде әміршілерге бағынбаудың міндеттілігі жайлы

81 ТАРАУ Егер адам тағайындалған не болмаса солай істеудің қажеттілігі болмаса (не мәжбүр болмаса), билікке таласуға рұқсаттың жоқтығы және әмір болудан бас тартудың үстемдігі жайлы

82 ТАРАУ Әміршілерге, қазыларға және басқа да биліктегі адамдарға жақсы уәзір таңдуларына талпындыру және оларды жаман достар мен жаман насихаттардан сақатндыру жайлы

83 ТАРАУ Әміршінің, қазының және басқа да билікке қатысы бар қызметке өзін ұсынып соған ұмтылғандарды не болмаса соны қалағандарды тағайындауға рұқсаттың жоқтығы жайлы

ӘДЕП ЖАЙЛЫ КІТАП

84 ТАРАУ Ұялшақтық және оның дәрежесі мен мұндай қасиетті қабылдауға ұмтылдыру жайлы

85 ТАРАУ Сыр сақтау жайлы

86 ТАРАУ Шартты бұзбау және уәдені орындау

87 ТАРАУ Адамға дағды болған игілікті істерді мүмкіндігінше әрдайым орындау жайлы

88 ТАРАУ Кездескенде игілікті сөздерді айту мен көңілді күйде болу жайлы

89 ТАРАУ Егер сұхбаттасушы адамың түсінбесе, онда оған анық сөйлеп және айтқаныңды қайталау жайлы

90 ТАРАУ Әңгімесінде тыйым салынбаған сөздері жоқ сөйлеушінің бірі, екіншісінің сөздерін мұқият тыңдау және білімі бар насихат айтушы адамның, тыңдаушылардан тыныштық сақтап тыңдауларын талап етуі жайлы

91 ТАРАУ Насихатта орташалықты ұстану жайлы

92 ТАРАУ Абыройлық пен сыпайылық жайлы

93 ТАРАУ Намаз оқу үшін, білім алу үшін шақыру және осыған ұқсас құлшылық етуді абыроймен және сабырлы (асықпай) орындау жайлы

94 ТАРАУ Қонаққа сый-құрмет көрсету жайлы

95 ТАРАУ Қуанышты хабар жеткізу мен құттықтаудың керектігі жайлы

96 ТАРАУ Жолдастарыңмен қоштасу және онымен ол сапарға аттанып қоштасқанда не болмаса басқа жағдайларда оған кеңес беру және ол үшін Аллаһтан сұрап дұға жасау және оның да сен үшін Аллаһтан сұрап дұға жасауы жайлы

97 ТАРАУ Игілік сұрау (истихара) және кеңес сұрау жайлы...

98 ТАРАУ Мерекелерге барудың дұрыстығы, ауру адамдардың көңілін сұрау, Хажге барудың, әскери жорықтарға барудың, жерлеу рәсімне және басқа да рәсімдерге қатысудың және де құлшылық еткен жердің көбейуі үшін онда барғанда бір жолмен барып, ал одан қайтқанда басқа жолмен келудің артықшылығы жайлы

99 ТАРАУ Барлық жақсы амалдарды орындағанда оң жақтан бастауға көңіл бөлу жайында, мысалыға, дәрет алғанда, ғұсыл құйынғанда, таяммум алғанда, аяқ киім шалбар (басқа да) киімдерді кигенде, мешітке кіргенде, тіс тазалағышты қолданғанда, көзді сүрмемен бояғанда, тырнақ алағанда, мұртты басқанда, қолтықтың астын тазалағанда, бастағы шашты қырғанда, намаздан кейін сәлем бергенде, тамақ-су ішкенде, қол алысқанда, Қара тасты ұстағанда, әжетханадан шыққанда, бір нәрсені алғанда, бергенде және де осыған ұқсас істерді істегенде (оң жақтан бастау жайында). Ал бұдан өзге қарама-қарсы жағдайларда сол жақтан бастауға көңіл бөлу жайында, мысалыға, сіңбіргенде, түкіргенде, әжетханаға кіргенде және мешіттен шыққанда (сол аяқпен бастап шығу), аяқ киім шалбар, т.б. киімдерді шешкенде (сол жақтан бастап шешу), ұятты

жерлерін жуғанда, таза емес нәрселерді ұстағанда және осыған ұқсас істерді істегенде (сол қолмен) істеу жайлы

ТАМАҚ ІШУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ КІТАП.

100 ТАРАУ Тамақ ішуді Аллаһтың атмен (бисми-Ллаһи) деп бастау және тамақ ішіп болған соң Аллаһқа мақтау (шүкірліктер) айту жайлы

101 ТАРАУ Тамақты жамандамай, оны мақтаудың керектігі жайлы

102 ТАРАУ Ораза ұстаушыға егер ол аузын ашпаса не айту керектігі жайлы

103 ТАРАУ Тамаққа шақырылған адам, егерде онымен бірге тағы біреу келген болса не деу керектігі жайлы

104 ТАРАУ Жанында отырған адамның қалай жеу керектігі және дұрыс жей алмайтын адамға үйретіп көмектесу

105 ТАРАУ Көпшілік арасында тамақ жеп отырған адамның құрманы екіден не болмаса басқа тамақты екіден алып жеуді, тек қана сондағы адамдардың рұқсатымен ғана жасауға болатындығы жайлы

106 ТАРАУ Тамақ жеп, бірақ тоймайтын адамға не деп, не істеу керектігі жайлы

107 ТАРАУ Тамақты шетінен бастап жеу және ортасынан жеуге рұқсаттың жоқтығы жайлы

108 ТАРАУ Шынтаққа сүйеніп тамақ ішудің жақсы еместігі жайлы

109 ТАРАУ Тамақты үш саусақпен жеп оны жалаудың дұрыстығы, ал оны жаламай сүртудің жақсы еместігі жайлы және ыдыстағы (тамақты) жалап жеп қою, жерге түскен тамақты көтеріп жеу және де саусақтарды жалаған соң оны білекке, өкшеге сүруге болатындығы жайлы

110 ТАРАУ Тамаққа көп қол созылғанының жақсы екендігі жайлы

111 ТАРАУ Су ішу жайлы және су ішкен уақытта ыдысты ауыздан алып үш рет демалғанның жақсы екендігі, және ыдысты ауыздан алмай демалғанның дұрыс еместігі және де ыдысты, беру суды бірінші ішіп болған адамнан соң оның оң жағына қарай беру керектігі жайлы

112 ТАРАУ Шанаштың не болмаса басқа ыдыстардың тікелей аузынан ішудің жақсы еместігі жайлы және жақсы емес дегеннің толығымен рұқсат емеске жатпайтындығы жайлы

113 ТАРАУ Суға үрлеудің жақсы еместігі жайлы

114 ТАРАУ Тұрып ішуге болатындығы, бырақ отырып ішкеннің жақсырақ екендігі жайлы

115 ТАРАУ Су үлестіруші адамның өзі суды соңынан ішуі жайлы

116 ТАРАУ Тікелей өзеннен не болмаса тағы (осыған ұқсас) жерлерден ыдыссыз қолдың көмегінсіз ішуге болатындығы сияқты кез келген алтын мен күмістен басқа таза ыдыстардан ішуге болатындығы жайлы және алтын мен күмістен жасалған ыдыстардан ішіп-жеуге дәрет алуға және басқа да істерде қолдануға болмайтындығы жайлы

КИИМ КІТАБИ

117 ТАРАУ Ақ түсті киім кигеннің дұрысырақ екендігі және қызыл, жасыл, сары, қара түсті киімді киуге болатындығы, сондай-ақ киімнің матасы мақтадан, шаштан, жүннен, зығырдан және т.б. жібектен басқаның бәрінен болса киуге болатындығы

118 ТАРАУ Көйлек кигеннің жақсы екендігі

119 ТАРАУ Көйлектің, жеңінің, изардың және сәлденің ұштарының ұзындығы, сондай-ақ осылардың бәрін көкіретіктен ұзартуға тыйым салынатындығы және басқа себептермен де олай істеудің дұрыс еместігі

120 ТАРАУ Бой ұсыну мақсатында тым қымбат киімдерден бас тарту жайында

121 ТАРАУ Киім кигенде мүмкіншілігі болса тым адамдар күлетіндей нашар киінбеу жайында, әрине егер оның әрекеті осыған мұқтаж болғандықтан не болмаса Шарифаттың басқа да рұқсат етілген амалдарының ішіндегі бір мақсаттарға жетуімен байланысты болмаса

122 ТАРАУ Еркектерге жібектен киім киуге, оған отыруға, оған сүйеніге болмайтындығы және әйелдерге жібектен киім киуге рұқсат екендігі

123 ТАРАУ Қотырмен ауыратындарға жібек киім киуге болатындығы жайлы

124 ТАРАУ Жолбарыстың терсін төсекке жабуға және онымен жабылған ердің үстіне отыруға болмайтындығы жайлы

125 ТАРАУ Адам жаңа киім кигенде не деу керектігі жайында

126 ТАРАУ Киім кигенде оң жақтан бастау еректігі жайлы

ҚАЛАЙ ҰЙҚТАУ КЕРЕКТІГІ ЖАЙЛЫ КІТАП

127 ТАРАУ Қалай ұйықтап, қалай жату керектігі жайлы

128 ТАРАУ Егер көрінбеуге тиісті (аурат) жерлері көрініп қалу қаупі болмаса шалқайып аяқты-аяққа қойып ұйықтауға болатындығы және аяқтарды айқастырып оны қолмен құшақтап отыруға болатындығы жайында

129 ТАРАУ Жиналыста өзін-өзі ұстаудың әдебі және сұхбаттасушы адамман өзін қалай ұстау керектігі

130 ТАРАУ Түс көру мен соған қатысы бар жайлар

СӘЛЕМДЕСУ ТУРАЛЫ КІТАП

131 ТАРАУ Сәлемдесудің қасиеті және оны таратудың міндеттілігі жайында

132 ТАРАУ Сәлемді қалай беру керектігі

133 ТАРАУ Сәлемдесудің ережелері жайлы

134 ТАРАУ Бірнеше рет кезіккен адммен ол бір жерге кіріп шыққанда не болмаса олардың арасын бір ағаш не басқа бір кедергі бөлгенде онымен жаңадан сәлемдесудің дұрыстығы жайында

135 ТАРАУ Өз үйіне кіргенде сәлем айтып (кірудің) керектігі жайлы

136 ТАРАУ Балаларға сәлем беру жайлы

137 ТАРАУ Ер кісіге әйелін және өзінің туыстарының ішіндегі әйелдірге қалай сәлем беруі керектігі жайында және де бөтен әйелді не бірнеше әйедерге арада жаман пиғыл тумас үшін қалай сәлемдесу керектігі және әйел адамға да еркісілермен қалай сәлемдесуі керектігі

138 ТАРАУ Имансызға бірінші сәлем беру біз үшін рұқсат еместігі және олардың сәлеміне қалай жауап беру керектігі, сондай-ақ ішінде мұсылмандар да, имансыздар да бар көпшілікке сәлем бергеннің дұрыстығы жайлы

139 ТАРАУ Жиындардан кетушіге не болмаса өзінің сұхбаттасып жатқан адамымен қоштасқанда сәлем сөздерін айту жайында

140 ТАРАУ Кіруге қалай рұқсат сұрау керектігі

141 ТАРАУ Егер кіруге рұқсат сұраушы адамнан: «Бұл кім?», - деп сұраса, ол: «Пәленшемін», - деп өз атын не болмаса бәрі білетін лақап атын айтуы керектігі жайында, сондай сұрақ қойғанда: «Менмін», - деп, не болмаса осыған ұқсас сөздерді айтудың дұрыс еместігі жайлы

142 ТАРАУ Адам түшкіріп, Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтса, оған игілік тілеу керектігі және егер де ол Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтпаса,

онда оған игілік тілеудің дұрыс еместігі жайында, сондай-ақ түшкірген адамға игілікті қалай тілеу керектігі

143 ТАРАУ Кездескенде амандасып қол алысу керектігі, жақсы көңіл-күй таныту, тақуа адамның қолын сүйу және өзіңнің балаңды оны жақсы көріп айналғанның белгісі ретінде сүйудің және сапардан келген адамды құшақтап қарсы алудың дұрыстығы жайлы

АУЫРҒАННЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАУ, СОНДАЙ-АҚ МӘЙІТТИ ШЫҒАРЫП САЛУ, ОҒАН ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚУ, ОНЫ ЖЕРЛЕГЕНДЕ ЖАНЫНДА БОЛУ ЖӘНЕ ЖАРЛЕП БОЛҒАН СОҢ ҚАБІРИНІҢ ЖАНЫНДА БОЛА ТҰРУ ЖАЙЫНДАҒЫ КІТАП.

144 ТАРАУ Ауырғанның көңлін сұрап бару жайлы

145 ТАРАУ Ауырған адам үшін Аллһтан қалай дұға сұрау жайлы

146 ТАРАУ Ауырған адамның жанұясынан оның халін біліп тұру жайында

147 ТАРАУ Сауығудан күдерін үзген адам үшін не деу керектігі жайында

148 ТАРАУ Науқастанып жатқан адамның жанұясының мүшелеріне және оған қызмет

етушілерге, оған жақсы-қарым қатынас танытып және оның көрсеткен ауырпашылықтарына шыдамдық таныту керектігін айту жайында, сондай-ақ бұның түрлі қылмыстарының салдарынан өлім жазасы кесілгендіктен, өлім аузында тұрған адамадар үшін де қатысы барлығы

149 ТАРАУ Егер науқастанған адам: «Ауырсынамын», «Жаныма батты», «мен қатты ауырып жатырмын», - деген сияқты сөздерді шыдамсыздықтан, не болмса наразылықтан айтып жатпаса, онда оны айтуға болатындығы және онда тұрған ештеңенің жоқтығы

150 ТАРАУ Өлім аузындағы адамға: «Аллаһтан басқа құдай жоқ» /Лә илаһа илла-Плаһу/, - деген сөздерді айтуды есіне салу жайында

151 ТАРАУ Мәйіттің көзін жапқаннан кейін не деу керектігі жайында

152 ТАРАУ Мәйіттің жанында тұрған адамға не деу керектігі және жақыны өлген адамға не деу керектігі жайлы

153 ТАРАУ Өлген адамның артынан қатты дауыстамай және жоқтамай жылауға болатындығы жайлы

154 ТАРАУ Мәйіттің түрінің өзгергендігі туралы мағлұматты таратудан өзін-өзі ұстау жайлы

155 ТАРАУ Мәйітке дұға айту, оны шығарып салу, оны жерлегенде болу және жерлеу рәсімдеріне әйел баласына қатынасудың жақсы еместігі

156 ТАРАУ Жаназа намазына көп адамның қатысқанының жақсы екендігі және оларды үш және одан да көп қатарға тұрғызу керектігі жайында....

157 ТАРАУ Жаназа намазында не оқу керектігі жайлы

158 ТАРАУ Табытты тезірек алып жүргеннің жақсырақ екендігі жайлы

159 ТАРАУ Кенеттен өліп оның өлімінде күмән тумағанша ұстай тұрғаннан басқа жағдайларда, қайтқан адамның қарыздарын тезірек өтеп оны тезірек жерлеуге дайындау жайлы

160 ТАРАУ Қабір басында насихат айту жайлы

161 ТАРАУ Жерлеп болған соң мәйіт үшін Аллаһтан сұрап дұға жасау және оның қабірінің басында оның күнәлерінң кешірілуін сұрап дұға жасау және Құран оқу үшін отыра тұру жайлы

162 ТАРАУ Қайтқан адам үшін садақа тарату және Аллаһтан ол үшін дұға жасау жайында

163 ТАРАУ Адамдардың қаза болған адамды мақтаулары туралы

164 ТАРАУ Жас балалары қайтқандардың артықшылығы жайлы

165 ТАРАУ Әділетсіз (залым) адамдардың қабірінің не олардың қаза болған жерлерінің жанынан өтіп бара жатып жылау және үрей сезіну және Аллаһқа деген тәуелділікті сезіну және бұған мән бермеушілерді ескерту жайлы

САПАРДАҒЫ ӘДЕПТЕР ЖАЙЛЫ КІТАП.

166 ТАРАУ Сапарға бейсенбі күні күннің басында (таң ертең) аттанғанның жақсы екендігі

167 ТАРАУ Серік іздеу және оларға арасынан біреуін (үлкенін) оған бағыну үшін басшы етіп тағайындау жайлы

168 ТАРАУ Сапарда жүргенде және сапарда дем алғанда және түнемекке тоқтағанда және ұйықтағанда не ұстану керктігі, сондай-ақ түнде жылжудың, сондай-ақ мініс малдарына аяушылық таныту және де егер мініс малы көтере алса артынан біреуді отырғызуға болатындығы және малдың хұқығымен санаспайтын адамдарға не бұйыру керектігі жайлы

169 ТАРАУ Серікке көмек көрсету жайлы

170 ТАРАУ Сапарға аттанбақшы болған ниетпен көлікке отырған адамға не деу керектігі жайында

171 ТАРАУ Жолаушыға тауға көтерілгенде «Аллаһу акбар!», деп, ал төмен түскенде «Сабхуна-Ллаһи!», деген сөздерді айтуы және «Аллаһу акбар!», деген сөзді тым қатты айтуға болмайтындығы жайлы

172 ТАРАУ Аллаһқа сапарда жалбарыну жайлы

173 ТАРАУ Адамнан, не басқа бір нәрседен қорыққан адамға, Аллаһқа қалай жалбарыну керектігі жайлы

174 ТАРАУ Қайсы бір үйде тоқтаған адамға не деу керектігі жайлы

175 ТАРАУ Жолаушы өзіне керектің бәрін орындаған соң тезірек үйіне оралуы жайлы

176 ТАРАУ Үйге күндіз оралу керектігі және түнде оралудың жақсы еместігі жайлы

177 ТАРАУ Оралғанда және өзінің қаласын көргенде не деу керектігі жайында

178 ТАРАУ Оралған адамға жақын жердегі мешітке кіріп намаз оқудың жақсы екендігі жайлы

179 ТАРАУ Әйел баласына жалғыз сапарға шығуға рұқсаттың жоқтығы жайында

ҚАСИЕТТЕР КІТАБИ

180 ТАРАУ Құран оқудың қасиеті жайлы

181 ТАРАУ Құранды әрдайым оқу керектігі және оны ұмытудан сақтану керектігі жайлы

182 ТАРАУ Құранды әдемі дауыспен оқудың жақсы екендігі және жақсы оқитын адамдардан Құранды оқуларын сұрау жайлы

183 ТАРАУ Бөлек сүрелер мен аяттарды оқуға талпындыру жайлы

184 ТАРАУ Құранды бірге оқуға жиналудың жақсылығы жайлы

185 ТАРАУ Дәрет алудың қасиеттері жайлы

186 ТАРАУ Азанның қасиеттері жайлы

187 ТАРАУ Намаздың қасиеттері жайлы

188 ТАРАУ Таң және екінді намаздарының қасиеттері

189 ТАРАУ Мешітке жайау барудің қасиеттері

190 ТАРАУ Намазды күтудің қасиеттері жайлы

191 ТАРАУ Жамағатпен оқылған намаздың қасиеттері жайлы

192 ТАРАУ Жамағатпен оқылатын таң және құтпан намаздарына талпындыру жайлы

193 ТАРАУ Парыз намаздарын әрдайым орындауға бұйыру және бұл намаздардан бас тартуға тыйым салу, сондай-ақ бұл намаздарды орындамағандарға үлкен қатердің бар екендігі жайлы

194 ТАРАУ Бірінші саптың қасиеті және бірінші сапты толтырып бір-бірімен (иық тіресіп) тығыз тұру керектігі жайлы

195 ТАРАУ Парыз намаздарының алдында және одан кейін оқылатын бекітілген қосымша намаздардың (сүннет намаздары) қасиеттері және олардың сандарының ең көбі, азы және орташасы қанша болуы керектігі

196 ТАРАУ Аллаһтың елшісінің, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, әдетте таң ертең екі ракат қосымша намаз оқитындығы жайлы

197 ТАРАУ Таң намазының парызының алдындағы оқылатын екі ракат намазды жеңілдету, сондай-ақ сол екі ракатта не оқылатындығы және қай уақытта оқылатындығы жайлы

198 ТАРАУ Қосымша оқылған екі ракат таң намазынан кейін оң бүйірінде жата тұру керектігі, сондай-ақ адам түнде намаз

оқығандығына, не оқымағандығына қарамастан осыған (оң бүйіріне жата тұруға) талпыдыру жайлы

199 ТАРАУ Бесін намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы жайлы

200 ТАРАУ Екінді (аср) намазына дейін қандай қосымша намаз оқылатындығы жайында

201 ТАРАУ Ақшам (мағриб)намазынан кейін және оның алдында қандай намаздар оқылатындығы

202 ТАРАУ Құтпан (ъиша) намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы

203 ТАРАУ Жұма намазының алдында және одан кейін қандай намаздар оқылатындығы жайлы

204 ТАРАУ Барлық бекітілген және басқа да қосымша намаздарды үйде орындаудың жақсырақтығы, сондай-ақ парыз намазынан кейін қосымша намазды орындау үшін басқа жерге тұру керектігі, не болмаса парыз намазды қосымша намаздан сөйлеу арқылы бөлу керектігі

205 ТАРАУ Үтір намазын оқуға талпындыру және бұл намазды орындаудың сөссіз Сүннетке жататындығын түсіндіру сондай-ақ бұл намаз қай уақытта орындаудың жақсырақ екендігі жайлы

206 ТАРАУ Таң ертеңгі қосымша намаздың (духа) қасиеті, оның ракат санының қаншасы көп, аз және орташа саны қанша болатындығы, сондай-ақ оны әрдайым орындауға ұмтылдыру жайлы

207 ТАРАУ Қосымша таң ертеңгі намазды (духа намазын) күн найза бойына көтерілгеннен сәске түске дейін оқуға болатындығы, сондай-ақ ол намазды күннің көзі қыза түскен уақытта оқығанның жақсырақ екендігі жайлы

208 ТАРАУ Мешітке сәлем намазын оқуға талпындыру, сондай-ақ мешітке кірген адам қай уақытта кіргеніне қарамастан мешітке сәлем намазы болсын, не парыз намаздарының бірі болсын, не қосымша намаз болсын екі ракат намаз оқып болған соң ғана отыру керектігі

209 ТАРАУ Дәрет алып болған соң екі ракат намаз оқығанның жақсы екендігі жайлы

210 ТАРАУ Жұманың қасиеті, жұма намазына қатынасудың парыз екендігі және жұма намазына ғұсыл құйынып келудің парыз

екендігі, сондай-ақ ол намазға иіс май жағып ертерек келудің жақсырақ екендігі, сондай-ақ жұмада қандай дұғалар айту керектігі және бұл күні Пайғамбарға, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын қалай салауат айту керектігі, сондай-ақ қай уақытта дұғаға жауап берілетіндігі, сондай-ақ жұма намазынан кейін Аллаһты көбірек еске алып зікір ету керектігі

211 ТАРАУ Аллаһтың жәрдем жасағаны анық болған уақытта, не болмаса апаттан аман сақтап қалғанын анық сезген кезде, Аллаһқа алғыс /не:...ризашылық/ ретінде сәжде жасау жайлы

212 ТАРАУ Түнгі намазды оқығанның қасиеттері

213 ТАРАУ Рамадан кезінде қосымша түнгі намаздарды оқу жайында

214 ТАРАУ Қадір түнінде намаз оқудың қасиеті және оның Рамаданның қай түні болу мүмкіндігі көбірек екендігі жайлы түсінік

215 ТАРАУ Тіс тазалағышты (мисуак) қолдану және табиғатынан айқын нәрселер жайлы

216 ТАРАУ Зекеттің парыз екендігін растау жайлы, оның және оған қатысы бар заттардың қасиеттерін түсіндіру жайлы

217 ТАРАУ Рамадан айында ораза ұстаудың парыз екендігі және ораза мен оған қатысы бардың қасиеттері жайлы

218 ТАРАУ Рамадан айында, әсіресе ол айдың соңғы он күнінде жомарттық таныту, Шарифаттың бүкіл қолдаған амалдарын көбірек жасау және игі істерді көбірек істеу жайлы

219 ТАРАУ Бастаған оразасын ұстаушылардан басқа не болмаса әрдайым бейсенбі дүйсенбі күндері ораза ұстауды әдет қылушылардан басқа ешкімге шағбанның бірінші жартысынан кейін Рамаданды ораза ұстап қарсы алуға болмайтындығы жайында

220 ТАРАУ Жаңа туған айды көргенде не деу керектігі жайлы

221 ТАРАУ Тамақ ішуді және ауыз бекітуді таң арайланғанша созудың қасиеттері жайлы

222 ТАРАУ Ауыз ашуға мүмкіншілігінше ертерек кірісудің қасиеті және ауызды немен ашудың және ауыз ашқан соң қандай дұға айту керектігі жайында

223 ТАРАУ Ораза ұстаушыға өзінің тілін және басқа да дене мүшелерін бағынбаушылықтан тыйу, сондай-ақ барлық балағат және осыған ұқсас істерден бас тарту жайлы

224 ТАРАУ Оразаға байланысты кейбір сұрақтар

225 ТАРАУ Мухаррам мен Шағбан және қасиетті айларда ораза ұстаудың қасиеттерін түсіндіру жайлы

226 ТАРАУ Зуль-хиджа айының алғашқы он күнінде ораза ұстаудың қасиеті жайлы

227 ТАРАУ Арафа күні және «ашура» мен «тасуға» күндері ораза ұстағанның қасиеттері жайлы

228 ТАРАУ Шаууаль айының алты күнінде ораза ұстағанның жақсылығы жайлы

229 ТАРАУ Дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстағанның жақсылығы жайлы

230 ТАРАУ Әр айда үш күннен ораза ұстаудың жақсылығы жайлы

231 ТАРАУ Ораза ұстаушы адамға ауызын ашуға тамақ бергеннің жақсылығы, ораза ұстаушының жанында басқа біреудің тамақ жегенінің ораза ұстаушыға тиетін жақсылығы және тамақ берушіге айтылатын дұға жайлы

ҮЗДІКСІЗ МЕШІТТЕ БОЛУ ТУРАЛЫ КІТАП

232 ТАРАУ Үздіксіз мешітте болудың қасиеті жайлы

ҚАЖЫЛЫҚ КІТАБИ

233 ТАРАУ Қажылықтың парыз екендігі және оның қасиеті жайлы

ЖИХАД КІТАБИ

234 ТАРАУ Жихадтың қасиеті жайлы

235 ТАРАУ О дүниеде шахидтердің дәрежесіне жететін адамдар жайлы, сондай-ақ ондай адамдардың шахидтерден өзгешелігі жерлегенде жуып жаназа намазы оқылатындығы жайлы

236 ТАРАУ Құл босатудың (азат етудің) қасиеті жайлы

237 ТАРАУ Құлға жақсылық көрсетудің қасиеті жайлы

238 ТАРАУ Аллаһтың сондай-ақ қожайындарының хақысын орындайтын құлдың қасиеті жайлы

239 ТАРАУ Тыныш емес уақытта, ал дәллірек айтсақ тәртіпсіздік, фитна қаптаған уақытта және осыған ұқсас уақыттарда құлшылық етудің қасиеті жайлы

240 ТАРАУ Сауда жасаушы, алушы және беруші адмның кеңшілік жасағанның қасиеті, сондай-ақ қарызды төлеп оны талап еткенде

кеңшілік көрсетудің қасиеті, сондай-ақ көбірек таразылу және көбірек өлшеудің жақсылығы, сондай-ақ таразылығында кемітуге тыйым салнығандығы, сондай-ақ мүмкіншілігі бар адамның қарыз өтеушіге қарыз өтеу уақытын созу және оны кешірудің қасиеті жайлы

БІЛІМ КІТАБИ

241 ТАРАУ Білімнің қасиеті жайында

**АЛЛАҒТЫ ҰЛЫҚТАУ МЕН ОҒАН
РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРУ ЖАЙЛЫ КІТАП**

242 ТАРАУ Аллаһты ұлықтап Оған ризышылық (шүкірлік етідің) білдірудің қасиеті жайлы

ПАЙҒАМБАРҒА, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ИГІЛІК ТІЛЕУ ЖАЙЛЫ КІТАП.

243 ТАРАУ Аллаһтың елшісіне, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, игілік тілеуді (салауат айтудың) қасиеті жайында

АЛЛАҒТЫ ЕСКЕ АЛУ СӨЗДЕРІ ЖАЙЛЫ

244 ТАРАУ Аллаһты еске алудың қасиеті және еске алуға талпындыру жайында

245 ТАРАУ Аллаһты тұрып, отырып, жатып, сондай-ақ дәретсіз және ғұсылсыз және де қайыз (етеккір) уақытында, Құран оқымай, еске алу жайында, өйткені Құранды ғұсылсыз жүніп

жағдайда және қайыз уақытында оқуға
болмайды

246 ТАРАУ Ұйықтар алдында және жатар
алдында не деу керектігі жайында

247 ТАРАУ Аллаһты еске алатын
жиылыстардың қасиеті және олардан себепсіз
кетіп қалуға болмайтындығы жайында

248 ТАРАУ Аллаһты таң ертең және кешке еске
алу жайлы...

249 ТАРАУ Ұйықтар алдында не деу керектігі
жайлы

**АЛЛАҒТАН ДҰҒА ЖАСАП СҰРАУ ЖАЙЛЫ
КІТАП**

250 ТАРАУ Аллаһтан дұға жасап сұраудың
қасиеті жайлы

251 ТАРАУ Жаныңда жоқ басқа біреуге дұға
жасаудың қасиеті жайында

252 ТАРАУ Аллаһқа дұға жасап сұрауға
байланысты кейбір мәселелер жайында

253 ТАРАУ Аллаһқа жақын (әулие)
адамдардың кереметтері және олардың
қасиеттері

**ТҮЙІМ САЛЫНҒАН АМАЛДАР ЖАЙЛЫ
КІТАП**

254 ТАРАУ Ғайбат (жаман) сөздерді айтуға болмайтындығы және тілге ие болу керектігі жайлы

255 ТАРАУ Ғайбат (жаман) сөздерді тыңдауға болмайтындығы, сондай-ақ мұндай сөздерді естіген адамға ондай сөздерді тоқтатып өзінің келіспейтіндігін білдіру керектігі, ал егер олай істей алмаса не болмаса оның сөздері тыңдаусыз қалады, деп ойласа, онда ондай жиылыстардан кету керектігі жайында

256 ТАРАУ Ғайбат (жаман) сөздерің қайсысын (не болмаса қай кезде) айтуға болтындығы.

257 ТАРАУ Бір адамның сөздерін екінші адамға олардың арасына от салу үшін жеткізіп өсек айтуға болмайтындығы жайында.

258 ТАРАУ Кесірлі істер мен соған ұқсас істердің адамдар арасында тарайтындығынан қорққан істің басқасында, адамдардың сөздері мен мен әңгімелерін өкімет басшыларына жеткізуге болмайтындығы жайлы

259 ТАРАУ Екіжүзділікті айыптау

260 ТАРАУ Өтірікшілікке тыйым

261 ТАРАУ Өтірікті қандай жағдайда айтуға болатындығы жайында

262 ТАРАУ Адамның айтып жатқаны жайлы, не әңгімесі жайлы дұрысын біліп алу жайында

263 ТАРАУ Өтірік куәлік беруге қатаң тыйым жайлы

264 ТАРАУ Адамға, не оның мініп жүрген малына қарғыс айтуға болмайтындығы жайында

265 ТАРАУ Олардың атын атамай күнәлі істерді жасаушыларға қарғыс айтуға болатындығы

266 ТАРАУ Мұсылмандарды хақысыз сөгуге болмайтындығы жайында

267 ТАРАУ Шарифаттық көз қарас бойынша пайда әкелмейтін болса және хақысыз өлген адамды жамандауға болмайтындығы жайлы

268 ТАРАУ Біреуді ренжітуге болмайтындығы жайлы

269 ТАРАУ Бір-біріне жеккөрушілік танытуға, қарым-қатынасты үзуге және бір-біріне сырт көрсетуге болмайтындығы жайында

270 ТАРАУ Көреалмаушылық көрсетуге болмайтындығы жайында..

271 ТАРАУ Аңдуға және адамның қалауынсыз оның әңгімесін құпия тыңдауға болмайтындығы жайында

272 ТАРАУ Мұсылмандар жайлы жаман ойлауға болмайтындығы жайында (әрине олай істеуге мәжбүрлемесе

273 ТАРАУ Мұсылмандарға менсінбеушілік көрсетуге болмайтындығы жайында

274 ТАРАУ Ашықтан-ашық мұсылмандарды табалауға тыйым екендігі жайында

275 ТАРАУ Шариғат бойынша расталған адамның тегін қорлауға болмайтындығы жайлы

276 ТАРАУ Алаяқтық пен өтірік айтуға рұқсаттың жоқтығы жайлы.

277 ТАРАУ Опасыздыққа тыйым жайында

278 ТАРАУ Сыйлықпен және осыған ұқсас басқа да істермен міндетсінуге болмайтындығы жайлы

279 ТАРАУ Тәкәппарлық пен қуғын көрсетуге тыйым жайлы

280 ТАРАУ Мұсылманға өзінің бауырын үш күннен артық мерзімге тастап кетуіне болмайтындығы жайлы, тек оған себеп - хабарласпаған бауырының Исламға түрлі жаңалықтар енгізумен, не болмаса осындай пасық істермен шұғылданғаны белгілі болмаса

281 ТАРАУ Егер оған мәжбүр болмаса, онда екі адамға үшінші адамның көзінше сыбырласуға, яғни сөйлескенде ол естімейтіндей етіп сөйлесуге болмайтындығы жайында. Сондай-ақ бұған екеудің түсініксіз тілде сөйлесуі жатады

282 ТАРАУ Заңды негіз болмаса құлды, жануарды, әйелді және баланы қинауға болмайтындығы, ал заңды негіз болғанның өзінде шектен шықпау керектігі жайлы

283 ТАРАУ Кез-келген мақұлықты, керек десеңіз іс құмырсқа не болмаса сол сияқты жәндіктерге қатысты болса да оларды отпен азаптауға болмайтындығы жайлы

284 ТАРАУ Бай адамға, заңды берешегін талап етіп жатқан иесіне қайтаруды, созуға болмайтындығы жайлы

285 ТАРАУ Сыйлық бермекші болып, ол сыйлық балаларына арналған болса да, бірақ ол силықты әлі сыйламаған болса, онда оны беруден бас тартпағанның жақсы екендігі жайлы, сондай-ақ садақа, зекет және сол сияқты құрбан ретінде берілген затты садақа берілген адамнан сатып алудың жақсы еместігі жайлы, сондай-ақ оны садақа берілген адам басқа адамға беріп, одан кейін оны сатып алғанның зияны жоқтығы жайлы

286 ТАРАУ Жетімнің дүниесін шашуға (жеуге)
болмайтындығы жайында

287 ТАРАУ Өсімқорлыққа қатаң тыйым жайлы

288 ТАРАУ Көрер-көзге амал жасауға тыйым
екендігі жайлы

289 ТАРАУ Нені көрер-көзге жасалды, деп
есептеуге болатындығы және нені олай деп
ойлауға болмайтындығы жайлы

290 ТАРАУ Шарифаттың үкімі (не нұсқауы)
болмаса бөгде әйел мен әдемі жігітке (тесіліп)
қарауға болмайтындығы жайлы

291 ТАРАУ Бөгде әйелмен оңаша қалуға
болмайтындығы жайлы..

292 ТАРАУ Әйел мен еркекке киімде болсын,
тұрыс-жүрісте болсын және де басқа да істерде
де болсын бір-біріне еліктеуге болмайтындығы
жайлы

293 ТАРАУ Шайтанға және имансыздарға
еліктеуге болмайтындығы жайлы

294 ТАРАУ Әйел баласына да, ер адамға да
шашын қара түске бояуға болмайтындығы
жайлы

295 ТАРАУ «Казаъ» (шашты жартылай қыру)
жасауға болмайтындығы және ер кісілерге

шашты толығымен қырып тастауға болатындығы, ал әйелдерге олай істеуге болмайтындығы жайлы

296 ТАРАУ Шашқа басқа шашты қосып ұзартуға, денеге (инемен) сурет салуға және тісті егеуге болмайтындығы жайлы

297 ТАРАУ Сақалдан, бастан жене басқа да жерлерден ақ түскен шашты жұлуға болмайтындығы, сондай-ақ жас өспірімге сақалы шыға бастаған кезде оны жұлуға болмайтындығы жайлы

298 ТАРАУ Оң қолмен ұятты жерлерін жуу жағымсыз іс екендігі және оған дәлелді себеп болмаса оң қолмен ұятты жерлерін ұстауға болмайтындығы жайлы

299 ТАРАУ Аяқ киімді бір аяққа ғана киіп жүруге және дәлелді себепсіз аяқ киімді тұрып киуге болмайтындығы жайлы

300 ТАРАУ Ұяқтар кезде не болмаса басқа да жағдайларда жанып тұрған отты, ол қай жерде жанғанына қарамастан май шамда не басқа жерлерде болсын қалдыруға болмайтындығы

301 ТАРАУ Көлгірсуге (такяллюф) тыйым екендігі жайында, ал дәлірек айтатын болсақ пайдасы жоқ айтуға ауыр сөздерді сөйлеуге, не

болмаса жасауға ауыр істерді жасауға
болмайтындығы жайлы..

302 ТАРАУ Өлген адамның артынан айғайлап жылауға, өзін беттен ұруға, үстіндегі киімін жұлуға, шашын жұлуға, сондай-ақ қыруға және өзіне қарғыс айтып, опат тілеуге болмайтындығы жайлы..

303 ТАРАУ Көріпкелдерге (куххан), жұлдызбен бал ашушыларға, сондай-ақ жәй бал ашушылар мен құммен, майда таспен, арпамен және басқа да заттармен бал ашушыларға баруға болмайтындығы жайлы

304 ТАРАУ Құстың ұшуымен бал ашуға тыйым екендігі жайында

305 ТАРАУ Кілемге, не тасқа, не киімге, не дирхемге, не динарға, не жастыққа не басқа да заттарға тірі жанды бейнелеуге болмайтындығы, сондай-ақ тірі жанда қабырғаға, төбеге, пердеге, сәлдеге, киімге және осы сияқты заттарға салуға болмайтындығы, сондай-ақ бейнелерді өшіру керектігі..

306 ТАРАУ Аң аулағанға не болмаса үйді қорғағанға болмаса, ит ұстауға болмайтындығы жайында

307 ТАРАУ Түйенің және басқа да малдың мойнына қоңырау тағудың жақсы емес екендігі, сондай-ақ жолға ит пен қоңырау алып шыққанның жақсы емес екендігі жайлы..

308 ТАРАУ Тезек жейтін түйеге мінудің жақсы еместігі, ал егер де олар таза жем жесе оның етін жеуге де және мінуге де болатындығы жайлы

309 ТАРАУ Мешітте түкіруге болмайтындығы, егер де онда түкірік көрсең алып тасту керектігі және мешітті кір (қоқыстан) тазарту керектігі жайлы

310 ТАРАУ Мешітте таласудың, дауыс көтерудің, жоқ іздеудің, сатудың, бір нәрсені жалға берудің не осыған ұқсас басқа да істермен айналысудың жақсы емес екендігі жайлы

311 ТАРАУ Сарымсақ, жуа, пияз және осыған ұқсас сасық иісті тағамды жеген адам егер аса қажет болмаса ол жеген затының иісі кетпейінше мешітке кіруіне болмайтындығы жайлы

312 ТАРАУ Имам жұмада құтпа айтып жатқанда аяқты көтеріп оны қолмен құшақтап отыруға болмайтындығы, өйткені олай отыру адамға ұйқысын келтіріп, соның әсерінен құтпадағы

кейбір сөздерді ұқпай, сондай-ақ дәретінің бұзылуы мүмкін екендігі жайлы..

313 ТАРАУ Зуль хиджжа айының бірінші он күні кірісімен құрбан шалмақшы болған адамға құрбанын шалмайынша тырнағын алуға және шашын кесуге болмайтындығы жайлы

314 ТАРАУ Жаратылыстың мысалыға: Пайғамбардың, Қағбаның, періштелердің, көктің, әруақтың, өмірдің, ата-бабалардың, басшының рахымының, пәленшенің мазарының не сенімділіктің атымен ант беруге қатал тыйым екендігі жайлы

315 ТАРАУ Біле тұра өтірік ант беруге болмайтындығы жайлы

316 ТАРАУ Бір нәрсені орындауға ант беріп, ал сосын артынан басқа істің одан жақсырақ екендігін көрген сол жақсырақты орындап, ал антының борышын өтеуі жайлы

317 ТАРАУ Бос анттың күнәсәнің жоқтығы және оның ақысын өтеудің керегінің жоқтығы жайлы, ал бос ант деп, адамның тілінен абайсызда шығып кеткен: «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін!», не болмаса «Иә, Аллаһтың атымен ант етемін!», - деген сияқты сөздер жатады

318 ТАРАУ Шындықты айтса да саудада ант бермегеннің жақсырақ екендігі жайлы

319 ТАРАУ Аллаһ үшін Жәннәттан басқаны сұраудың жақсы еместігі және Аллаһ Тағала үшін сұрағанның және Ол үшін сұрап өтінгеннің бетін қайтармау жайлы

320 ТАРАУ Әмәршіні және басқа да биліктегі адамдарды «шахиншах» деп атауға болмайтындығы, өйткені ол «патшалардың патшасы» (малику-ль-мулюк), деген мағынаны білдіреді, ал олай тек Оған мадақ болсын, Аллаһ Тағаланы ғана атауға болады

321 ТАРАУ Дінсізді және дінге жаңалық енгізушіні «Мырзамыз», деп, немесе осыған ұқсас сөздермен атуға болмайтындығы жайлы

322 ТАРАУ Безгегті ұрсуға болмайтындығы жайлы

323 ТАРАУ Желді ұрсуға болмайтындығы және ол көтерілгенде не деу керектігі жайлы

324 ТАРАУ Өтешті ұрсуға болмайтындығы жайлы

325 ТАРАУ Адамаға: «Пәленше жұлдыздың арқасында жаңбыр жауды», деп айтуға болмайтындығы жайлы

326 ТАРАУ Мұсылманға «Иә кәпір (имансыз)!», деп айтуға болмайтындығы жайлы

327 ТАРАУ Әдепсіздік пен жаман (ұятсыз) сөздерге тыйым жайлы

328 ТАРАУ Қарапайым және осыған ұқсас жәй адамдармен сөйлескенде белгілі бір шектен шықпау, маңғазданып сөйлемей, тым шешендік танытып көне сөзерді қолданып жақсы сөз тіркестерін іздестірмей (қумау) жайлы

329 ТАРАУ «Мен жаманмын», деп айтудың жақсы еместігі жайлы

330 ТАРАУ Жүзімді «кәрм» деп атау жақсы еместігі жайлы

331 ТАРАУ Егер шарифаттың рұқсат еткен жағдайлары мысалыға үйлену үшін болмаса, онда еркекке әйелдің әдеміліктерін суреттеуге болмайтындығы жайлы

332 ТАРАУ «Иә Аллаһ қаласаң, мені кешір», - деген сияқты сөздерді айтуға болмайтындығы жайлы, өйткені адам өзінің (Аллаһтан сұраған) етініштерінде табанды болуы керек

333 ТАРАУ «Аллаһ және пәленше қалағандай», - деп айтудың жақсы еместігі жайлы

334 ТАРАУ Соңғы намаздан кейін сөйлесудің жақсы еместігі жайлы

335 ТАРАУ Әйелге күйеуімен төсекке жатпауға Шарифаттың үкімінен сәйкес сылтау болмаса бас тартыға болмайтындығы жайлы

336 ТАРАУ Күйеуінің жанында оның рұқсатынсыз ораза ұстауға болмайтындығы жайлы

337 ТАРАУ Имамның артында намаз оқып жатқан адамның имамнан бұрын рукуғтан кейін және сәждеден кейін басын көтеруге болмайтындығы жайлы

338 ТАРАУ Намаз уақытында қолды белге қоюдың жақсы еместігі жайлы

339 ТАРАУ Тамақ беріліп ал адам оны жеуді қалап тұрған кезде және үлкен не кіші дәрет сындырғысы келіп тұрған адамға сол уақытта намаз оқығанының жақсы еместігі жайлы

340 ТАРАУ Намаз кезінде көкке қарауға болмайтындығы жайлы

341 ТАРАУ Намаз уақытында себепсіз бұрылуға болмайтындығы жайлы

342 ТАРАУ Намазды молаға (мазарға) қарап оқуға болмайтындығы жайлы

343 ТАРАУ Намаз оқушының алдынан өтуге болмайтындығы жайлы

344 ТАРАУ Қамат айтылған соң имамның артында тұрушыларға қосымша намазды оқуды бастау ол сүннет бойынша оқиын деп жатыр ма әлде жоқпа бәрібір жақсы емес екендігі жайлы

345 ТАРАУ Жұманы оразаға және басқа түндердің арсы-нан жұма түнін намаз оқуға бөлудің жақсы еместігі жайлы

346 ТАРАУ Екі не болмаса одан да көп күн оразаның арасында тамақ-су ішпей үздіксіз (уисаль) ораза ұстауға болмайтындығы жайлы

347 ТАРАУ Қабірге отыруға болмайтындығы

348 ТАРАУ Қабірді гипспен қаптауға және оның үстіне құрылыс салуға болмайтындығы жайлы

349 ТАРАУ Құлға өзінің қожайынынан қашуға болмайтындығы жайлы

350 ТАРАУ Құран мен Сүннеттің үкімінен сай жазаның кешірілуін өтінуге болмайтындығы

351 ТАРАУ Адамдар жүретін жолдың бойында, олар дем алатын көлеңкелерде, судың қайнар көзінде және сол сияқты жерлерде дәрет сындыруға (әжеттенуге) болмайтындығы жайлы...

352 ТАРАУ Түрғын суға дәрет сындыруға және сол сияқты істер жасауға болмайтындығы жайлы

353 ТАРАУ Сыйлық беру тұрғысында әкенің бір балаға басқа балалардың алдына көп көңіл бөлуінің дұрыс еместігі жайында

354 ТАРАУ Төрт ай он күнге созылатын күйеуі өлгеннен кейін қара тұтынатын күндер болмаса, онда үш күннен артық қара тұтынуға болмайтындығы жайлы

355 ТАРАУ Көшпенді(нің затын) отырықшыға сатуға болмайтындығы, керуендерді қарсы (алып затын қалаға кіргізбестен сатып алуға), (діндегі) бауырының судасын бұзуға және егер оған өзі рұқсат бермесе (діндегі бауырының) құдалығынан кейін құда түсуге болмайтындығы жайлы

356 ТАРАУ Шарифаттың рұқсат еткен нәрседерінен басқаға қаржы ақша жаратуға бомайтындығы.

357 ТАРАУ Шын болсын ойнап болсын қылышты қынабысыз беруге болмағандай мұсылманға қару және сол секілді заттарды қаратуға (оқтауға) болмайтындығы жайлы

358 ТАРАУ Оған дәлелді себеп болмаса азан айтылған соң мешіттен намазды оқымай кетпеу керектігі жайлы

359 ТАРАУ Оған дәлелді себеп болмаса сыйға берілген райханнан бас тартуға болмайтындығы жайлы

360 ТАРАУ Егер адам мақтағанды көтере алмайтын болса онда оны, оның көзінше мақтаудың керегі жоқтығы, ал егер ол мақтағанды көтере алса олай істеуге болатындығы жайында

361 ТАРАУ Оба індеті басталған жерден қашып кетудің және ондай жерге барғанның жақсы еместігі жайлы

362 ТАРАУ Сиқырға (бақсылыққа) қатаң тыйым екендігі жайында

363 ТАРАУ Егер Құран қағаздары жаудың қолына түсу қаупі болса, онда көпірлердің еліне Құран қағаздарымен баруға болмайтындығы жайында

364 ТАРАУ Алтыннан, күмістен жасалған ыдыстардан ішуге, жеуге дәрет алуға және басқа да істерде қолдануға болмайтындығы жайында

365 ТАРАУ Еркекке запыранмен боялған киімді киуге болмайтындығы жайында

366 ТАРАУ Күні бойы қараңғы түскенше сөйлемей жүруге болмайтындығы жайлы

367 ТАРАУ Адамға өзінің шығу тегеін басқа адаммен байланыстыруға және бас бостандығын алған құлға - өзінің қамқоршысын (маулясын) басқа адам (бас бостандығын берді) деп айтуға болмайтындығы

368 ТАРАУ Ұлы Аллаһ Тағала мен Оның елшісінің тыйым салған нәрселерін орындаудан сақтану жайында

369 ТАРАУ Тыйым салынған нәрсені орындаушыға не айтып, не жасау керектігі жайында

ТҮРЛІ ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР КЕЛТІРІЛГЕН КІТАП

370 ТАРАУ Түрлі қызықты оқиғалар келтірілген (хадистер)

371 ТАРАУ Аллаһтан кешірім сұрау жайлы

372 ТАРАУ Аллаһ Тағаланың имандыларға (мүминдерге) не дайындап қойғандығы жайында

МАЗМҰНЫ

Эл. нұсқасы: **Islamic.kz**

